

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

ӘОЖ 811.512.122'37

Қолжазба құқығында

ЖАҢАБЕКОВА АЙМАН ӘБДІЛДӘҚЫЗЫ

Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы

Филология ғылымдарының докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

10.02.02 – қазақ тілі

Ғылыми кеңесші
филол.ғ.д., профессор
З.Қ.Ахметжанова

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 «УАҚЫТ» ҰҒЫМЫНЫҢ АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМАСЫ ...	15
1.1 Философиядағы уақыт пен кеңістік ұғымдарының танымдық жүйесі	15
1.2 Қазақ дүниетанымындағы уақыт ұғымының ғарыштық негіздері	28
1.3 Уақыттың түрлері	39
2 «УАҚЫТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ	51
2.1 Адамның жас кезеңдерін білдіретін атаулардағы уақыт семантикасының тілдік сипаты	51
2.2 Мал атауларындағы жас ерекшелігіне байланысты семантика	79
2.3 Тамақ атауларының мағыналық құрамындағы уақыт ұғымының тілдік сипаты	88
2.4 Уақыт ұғымының өсімдік атауларындағы тілдік көрінісі	102
2.5 Аспан денелері – шақ атауларын қалыптастырушы негізгі меже	108
2.6 Салт-дәстүр атауларының мағыналық құрамындағы уақыт ұғымының тілдік сипаты	142
3 «УАҚЫТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ	153
3.1 Қазақ тіліндегі шақ категориясын жіктеу ұстанымдары	153
3.2 Өткен шақтың жүйелі-құрылымдық парадигмасы және өткен шақ тұлғаларының тілдік функциялары.....	165
3.3 Келер шақтың жүйелі-құрылымдық парадигмасы және келер шақ тұлғаларының тілдік функциялары.....	191
3.4 Осы шақтың жүйелі-құрылымдық парадигмасы және осы шақ тұлғаларының тілдік функциялары.....	197
3.5 Қазақ тіліндегі грамматикалық шақ категориясының зерттелу тарихындағы функционалдылық нышандары	207
4 «УАҚЫТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ	221
4.1 Функционалды грамматиканың метатілі	221
4.2 Грамматикалық және семантикалық категориялардың айырым белгілері	255
4.3 Темпоралдық категориясының жалпы сипаттамасы	263
4.3 Темпоралдық қатынастардың түрлері.....	273
4.4 Темпоралдылық макроөрісінің мағыналық құрылымы	281
4.5 Темпоралдық өрісінің аспектуалдық, модальдылық, шақтық локалдылық, таксис категорияларымен семантикалық тоғысымы	304
ҚОРЫТЫНДЫ	327
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	336

КІРІСПЕ

Тіл білімінің бүгінгі даму сатысында тілді антропоэзектік парадигмада қарастыру грамматикада да өз көрінісін табуда. Жалпы антропоэзектілік мәселесі тіл білімінде екі бағытта қарастырылады: бірі – адам факторының тілдегі көрінісі тұрғысынан зерттелсе, екінші бағыт – адам тілді қалай қолданады деген мәселені ұстанады. Бұл екі бағыттың біріншісі қазіргі кезде әр қырынан жан-жақты көбірек зерттелген. Ал екінші бағыт соңғы кездері ғана зерттеу нысанына іліге бастады.

Тілдің өзара бір-бірімен тығыз байланысты танымдық және коммуникативтік қызметін антропоэзектілік бағытта қарастырғанда бұл екеуінің диалектикалық бірлігі ашыла түседі. Тілдің қызметі, алдымен қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы, адам ойының материалдық көрінісі болғандықтан, тілдің аталған екі қызметі де әлемді, дүниені танушы белсенді субъект, сол дүниенің тілдік бейнесін жасаушы басты тұлға – адамға бағытталады. Адам дүние-болмысты танып қана қоймайды, танылған заттар мен құбылыстарды тіл болмысына енгізеді. Бірақ бұдан ақиқат дүниенің барлығы тілден көрініс табады деп түсінбеу керек. Адам қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды алдымен түйсік арқылы қабылдағаннан кейін санада қорытып барып, осы сана қызметі арқылы тілде бейнелейді. Сондықтан әр халықтың ұлттық санада қалыптасқан стереотиптер жүйесі ғаламның тілдік бейнесін жасайды.

Ғаламның тілдік бейнесі қазіргі лингвистикалық зерттеулерде алдымен лексикологиялық, фразеологиялық жүйеде когнитивті лингвистика тұрғысынан қарастырылып, жүйелі түрде зерттеліп жүр. Ал осы когнитивтік таныммен біте қайнасып жатқан грамматикадағы танымдық жүйе тілімізде соңғы кездері ғана зерттеле бастады.

Таным – ой қызметінің жемісі. Адам ой қызметі арқылы болмысты танып-біледі. Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас та ой қызметінің негізінде жүзеге асады. Сондықтан ой қызметі мен тіл қызметі тығыз бірлікте тұрады. Тілдің лексикасы ғана емес, грамматикалық жүйесі де адам ойының материалдық болмысы. Яғни адамның ақиқат дүниені тануы – адам санасындағы идеалды болмыс болса, оның материалдық тұлғасы – тіл.

Болмысты тану үдерісінде адам санасында ұғымдық категориялар қалыптасады. Ұғымдық категория – болмыстың адам санасындағы бейнесі. Дүние, болмыс адамзат баласына ортақ болғандықтан, жиынтық ұғымдар да барлық халықта бірдей, бірақ таным нәтижесінде қалыптасқан жалпы ұғымдық категориялар әр тілде өз жүйелік, құрылымдық заңдылықтарына сай тұлғаланады. Яғни дүниенің концептуалды бейнесі жалпы халыққа ортақ ұғымдардың көрінісі болса, ғаламның тілдік бейнесі әр халық тілінде өзінше бейнеленеді.

Тіл ғылымында мұндай табиғи универсалийлер *ұғымдық категория* терминімен аталып, логикалық және тілдік категорияның арақатынасы, байланысы тұрғысынан қаралады. *Ұғымдық категория* терминін алғаш ғылыми айналымға түсірген – О.Есперсен. В.Фон Гумбольдт «универсалды категория» деп атаса, Г.Пауль «психологиялық категория» деп көрсетеді. Ұғымдық

категорияның нақты да дәйекті анықтамасын алғашқы болып берген И.И.Мещанинов ұғымдық категорияны адам ойының тілдік көрінісі деп атайды.

Ұғымдық категориялар – ойлау мен тілді байланыстырушы дәнекер, олар логикалық және психологиялық категориялар мен тілдік материалды байланыстырушы қызмет атқарады. Ұғымдық ой мазмұны түрлі тілдік мағыналар арқылы көрініс табады, нәтижесінде ұғымдық категориялар мен тілдік функциялар өзара байланыста бола отырып, ұғымдық-тілдік бірлікті құрайды.

Барлық халыққа ортақ ұғымдық категорияларды әмбебап (универсальная) категориялар деп те атайды. Адамзат баласына ортақ әмбебап категориялар туралы ойлар сонау Аристотель еңбектерінде де көрініс тапқан және ойшыл әмбебап категорияның онға жуық түрін атайды. Осындай жалпыадамзаттық мәндегі негізгі әмбебап категориялардың бірі – *уақыт* ұғымы.

Уақыт түрлерінің бірі – тілдік уақыт тілдің барлық деңгейінде көрініс тапқан. *Уақыт* ұғымын тілдік зерттеулерде әрбір деңгей бойынша жеке дара да, немесе тұтас функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан да қарастыруға болады. Алайда зерттеудің бұл аталған екі аспектісі бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені лексика, сондай-ақ грамматикадағы *уақыт* ұғымын білдіретін тілдік бірліктерге ортақ нәрсе – олардың семантикасы болып табылады. Диссертациялық жұмыс қазіргі тіл білімінің даму бағытындағы антропоэзектік және функционалды грамматика саласының зерттеу әдісі бойынша қарастырылып, *уақыт* ұғымының тілдік парадигмасын анықтауға арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Антропоэзектік парадигма адамзаттық құндылықтардың тілдік бейнесі ретінде тілді зерттеудің қайсыбір саласында, қайсыбір бағытында болсын тілден көрініс тауып отырады. Орыс тіл білімінде грамматикадағы антропоэзектік бағыттар В.Ю.Апресян, Г.А.Золотова, Н.Н.Болдырев, Е.С.Кубрякова т.б. ғалымдар еңбектерінде орын алса, қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, С.Исаев т.б. ғалымдар еңбектерінде тілдік бірліктерді қолданудағы адам факторының рөлі ескеріліп отырған, яғни адам тілді қалай қолданады деген мәселеге мән бергендігін байқауға болады. Бұл мәселе О.Жұбаеваның зерттеу еңбектерінде ғылыми тұрғыдан арнайы қарастырылуда.

Тіл адамзатқа қызмет ететіндіктен, тілдің кез келген деңгейінде адамның рөлі, адамзаттық факторлар, адамның мақсаты, адамның дүниетанымы – осының бәрі міндетті түрде ескеріледі. Адам – тіл дамуының қозғаушы күші, яғни тіл – тек ауызекі сөйлесудің, қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, тіл адамның ішкі дүниесінің, дүниетанымының, ұлттық болмысының, аялық білімінің, көркемдік әлемінің, менталитетінің, талап-талғамының көрінісі. Сондықтан осы адамзаттық құндылықтардың барлығы да тілдік бірліктерге салынған тілдік, мәдени, тарихи ақпараттар ретінде кодқа салынған және оларды ашу тілді зерттеудің антропоэзектік бағытымен тығыз байланысты.

Антропоэзектіліктің негізінде адам факторы жатады. Адам қоғамда биологиялық, әлеуметтік, қоғамдық, тарихи, мәдени т.б. тұлға ретінде белгілі бір

уақыт пен кеңістікте өмір сүреді. Уақыттан тыс тұратын материалдық дүние жоқ. Антропоэзектік парадигмада *уақыт* ұғымы мына тұрғыдан көрініс табады. *Біріншіден*, уақыт – адам санасынан тыс шынайы (реалды) уақыт ретінде материяның өмір сүру шарттарының бірі. Бірақ шынайы уақытты тану адамның сана қызметінің нәтижесі болып табылады, яғни адам уақытты қалай таниды, қалай түсінеді – мұны адамдардың уақыт туралы философиялық пайымдауларынан, ежелгі дүниетанымдық көзқарастарынан көруге болады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде де *уақыт* ұғымының халықтық танымдық жүйесі бар. Қазақ дүниетанымында *уақыт* ұғымы аспан денелерінің қозғалысымен байланысты қалыптасқан. (Біздің жұмысымыздың бірінші тарауында *уақыт* ұғымы адами-танымдық (философиялық) және ұлттық-дүниетанымдық тұрғыдан қарастырылады).

Уақыт – әмбебап категория, сол себепті де уақыт тілдік уақыт шеңберінде ғана қаралмайды. Дүниеде уақыт пен кеңістіктен тыс тұратын нәрсе жоқ. Осы тұрғыдан уақытты мифтік уақыт, экологиялық уақыт, биологиялық уақыт, әлеуметтік уақыт, психологиялық уақыт т.б. түрінде әр қырынан танып-білуге болады. (Уақыттың аталған түрлері туралы мәселе біздің жұмысымыздың бірінші тарауының үшінші тараушасында қарастырылады).

Екіншіден, *уақыт* ұғымының адам санасына сіңген, қабылданған таным-түсініктері тілде қалай көрініс табады деген мәселенің зерттеу нысаны болуы біздің жұмысымыздың антропоэзектік мәнін аша түседі. Яғни адам танымындағы *уақыт* ұғымы тілдің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі лексика-семантикалық топтарда әртүрлі семантикалық құрылымдарда көрініс тауып отырады және шақты білдіретін тілдік бірліктерде ғана емес, адамның жас кезеңдерін білдіретін атауларда, тіпті тамақ, өсімдік, салт-дәстүр атауларының мағыналық құрамында да болады.

Үшіншіден, адам осы сана арқылы қорытқан *уақыт* ұғымын коммуникативтік мақсатта қолданады, және қарым-қатынас, яғни сөйлеу кезінде адам міндетті түрде қандай да бір коммуникативтік уақыт ішінде тұрады. Себебі адам коммуникативтік актіде *уақыт* ұғымын мақсатты түрде қолданбаса да, сөйленім (сөйленіс) міндетті түрде шақтық қатынасты білдіреді. Бұл сөйлеу жүйесінде болатын предикативтілікпен байланысты. Предикативтілік теориясы бойынша сөйлеуде міндетті түрде болатын мағыналар – модальдылық (рай), темпоралдық (шақ), персоналдық (жақ) мағыналар. Демек, адам санадағы *уақыт* ұғымын лексика-фразеологиялық жүйемен ғана шектемейді, санада жинақталған уақыт туралы аялық білімді белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай қолданады. Коммуникация кезінде адам *уақыт* ұғымын, шақтық семантиканы беруде бір ғана тілдік құралдың семантикалық функциясымен шектелмейді, адам санасындағы *уақыт* ұғымы туралы жинақталған мағыналар тілдің әр деңгейінде көрініс табады. Адам сөйлеу кезінде *уақыт* ұғымын беруде осы жинақ функциялардың барлығына иек артады, яғни бір сөйленімде *уақыт* семантикасын білдіретін лексикалық бірліктер, фразеологиялық тіркестер, грамматикалық формалар, синтаксистік бірліктер – осының бәрі ортақ семантикалық функция атқарып, тұтас сөйленімнің уақытқа

қатысты қырын білдіреді. Бұдан *уақыт* ұғымын білдіретін тілдік құралдарды коммуникативтік мақсатқа сай қолдануда да адамның, адамның аялық білімінің, сөйлемді ұйымдастыру қабілетінің, тілдік шеберлігінің маңызы зор екендігін көреміз.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігін көрсететін екінші бір мәселе – зерттеу жұмысының қазақ тіл білімінде теориялық тұрғыдан толық қалыптасып, тілдік жүйеге түспеген жана бағыттардың бірі функционалды грамматиканың зерттеу бағытына сай жазылғандығы.

Функционалды грамматика мәселелері жалпы, орыс, қазақ тіл білімінде А.В.Бондарко, Г.А.Золотова, М.А.Шелякин, Н.А.Козинцева, С.М.Полянский Р.Якобсон, И.Я.Харитонов, Т.Г.Акимова, Н.В.Берницкая, Е.И.Панин, З.Қ.Ахметжанова, С.Құнанбаева, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев, Қ.Рысалды, М.Б.Нұртазина, Н.Шаймердинова, Г.А.Медетова, Г.Шайрахметова, А.Салқынбай, Л.Дүйсембекова, Б.Қапалбеков, М.Жолшаева, С.Құлманов Г.Тураева т.б. ғалымдар еңбектерінде арнайы қарастырылған. Бұл мәселе қазақ тіл білімінде алдымен қазақ және орыс, шет тілдерін салғастырмалы тұрғыдан көбірек қарастырылған болса, ал таза қазақ тілінің материалдары негізінде соңғы кездері ғана қолға алынды. Функционалды грамматиканы зерттеу А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 2000 жылдардан бері іргелі тақырыптар қатарында зерттеліп келе жатыр.

Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мәселелері көбінесе А.В.Бондарко салған ленинградтық мектептің ғылыми бағытын басшылыққа алады. «Мағынадан тұлғаға қарай» зерттеу бағыты бойынша «мағыналық өріс» концепциясын ұстанатын бұл функционалды грамматиканы кейде *ономасиологиялық грамматика* деп те атайды. Біз диссертациялық жұмыста грамматикалық ономасиологияның зерттеу әдісін басшылыққа алып, жекелеген тілдік бірліктерді талдауда семасиологиялық бағытты да қатар ұстанып отырдық.

Сонымен қатар грамматикалық уақыт қазақ тіл білімінде етістіктің шақ категориясы тұрғысынан құрылымдық (семасиологиялық) бағытта біраз зерттеліп, грамматикалық формалары, мағыналық топтары айқындалғанмен, бұл мәселеде де пікір қайшылығы жоқ емес. Дәстүрлі грамматикада шақ категориясы белгілі бір шектеулі аяда ғана құрылымдық тұрғыдан түр-түрге бөлініп жіктелгені болмаса, әрбір шақ көрсеткішінің бүкіл тіл жүйесіндегі мағыналық мүмкіндіктері толық анықталмаған. Бұл семасиологиялық бағыттағы функционалды зерттеулердің мақсатына жатады.

Қазақ тілін үйренушілер мен қазақ тілін коммуникативтік мақсатқа сай қолданамын деушілер *уақыт* ұғымы сияқты тілдік семантиканың парадигмалық жүйесін білуі қажет. Осындай практикалық қажеттілікті өтей алуы да зерттеу жұмысының өзектілігін дәйектей түсетін тұстардың бірі.

Уақыттың тілдік парадигма құрай алуы оның адамзаттық құндылық ретіндегі әмбебап құбылыс болуымен де байланысты. Ғылым салаларында, тілдік деңгейлердің барлығында дерлік *уақыт* ұғымы белгілі бір дәрежеде көрініс тауып отырады.

«Парадигма» ұғымы тілде тар мағынада алғанда, грамматикалық категориялардың оппозициялық қатары сияқты категориялық жиынтықты білдіріп, көбінесе, морфология саласында қарастырылып, тұрақталған. Синтаксисте де сөйлеу варианттары синтаксистік парадигма ретінде қаралады. Тілде бірдей сөзжасамдық ұядан тарайтын сөздерді де сөзжасамдық парадигмада қарауға болатындығы айтылады. Ал кең мағынада бұл ұғым ортақ құбылысты, ұғымды сипаттайтын, яғни бір жиынтық ретінде қаралатын жалпы «жүйе» дегенді білдіреді. Біздің жұмысымызда тақырыптың *парадигма* терминімен (ұғымы) байланысты алынуының екі себебі бар. Біріншіден, *парадигма* – бірдей және өзара қарсы мәндегі тілдік бірліктер жиынтығы десек, *уақыт* ұғымы – лексикалық, грамматикалық, функционалды-семантикалық деңгейлердің барлығына қатысты ортақ ұғым, ал олардың қарсы мәндері – әрқайсысына тән ерекшелігі, яғни *уақыт* ұғымын әр қырынан сипаттауы болып табылады. Екіншіден, *парадигма* ұғымы тіл білімінде «ая», «бағыт», «кеңістік» сияқты мәндерде де қолданылып жүр (антропоэзектік парадигма). Бұл жағынан жұмыс тақырыбының «тілдік парадигма» терминімен аталуы оның тіл жүйесіндегі мағыналық құрамында *уақыт* семантикасы бар лексика-грамматикалық деңгей бірліктерін мейлінше қамтып, жүйелі түрде қарастырылуымен байланысты алынып отыр. *Уақыт* ұғымының осындай жиынтық парадигмада қарастырылуы да зерттеу жұмысының өзектілігін арттыра түседі деп ойлаймыз.

Зерттеудің негізгі нысаны. Қазақ тіліндегі *уақыт* ұғымының тілдік көрінісі.

Зерттеудің пәні. Қазақ тіліндегі мағыналық құрамында *уақыт* семантикасы бар лексикалық және грамматикалық бірліктер жиынтығының лексика-семантикалық және функционалды-грамматикалық заңдылықтары.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі *уақыт* ұғымының тілдік жүйесін құрайтын барлық лексикалық, грамматикалық бірліктерді анықтап және айқындалған тілдік бірліктерді тұтас бір парадигма ретінде көрсету, олардың осы парадигмалық жүйені қалыптастырудағы лексика-семантикалық және функционалды-грамматикалық ерекшеліктері мен заңдылықтарын ашу. Бұл мақсатты орындау үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- әлемдік философия іліміндегі әмбебап *уақыт* категориясы туралы материалистік және идеалистік бағыттар бойынша жасалған ғылыми ой-пайымдаулар арқылы *уақыт* ұғымының философиялық негіздемесін ашып көрсету;
- *уақыт* ұғымының қазақ дүниетанымындағы тарихи-мәдени кодын ашу;
- *уақыт* ұғымын әр қырынан танумен байланысты қалыптасқан түрлерін көрсету;

- *уақыт* ұғымын білдіретін әртүрлі темпоралдық (тақырыптық) топ бірліктерінің мағыналық құрылымындағы *уақыт* семантикасын семдік талдаулар негізінде айқындап, әрбір тақырыптық топтағы уақыттың есептеу нүктелерін анықтау;

- етістіктің шақ категориясының жіктемелік белгілерін, жіктеу ұстанымдарын және әрбір шақ көрсеткішінің функционалды мағыналарын анықтап, саралап көрсету;

- функционалды грамматиканың метатіліне, негізгі ұғымдарына жүйелі түрде сипаттама беру;

- функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясының мағыналық топтарын айқындап, олардың әрқайсысының семантикалық ерекшеліктерін көрсету;

- функционалды-семантикалық темпоралдылық өрісінің құрылымын (өріс орталығы мен шеткері аймағын – перифериялық тілдік құралдарын) анықтау;

- темпоралдылық категориясының басқа семантикалық (модальдылық, аспектуалдылық, шақтық локалдылық, таксис т.б) категориялармен тілдік жүйедегі және категориялық жағдаяттардағы астас қолданысын тілдік деректер арқылы дәйектеу;

- мағыналық құрамында *уақыт* семантикасы бар лексика, грамматика деңгей бірліктерін ортақ ұғымға біріккен тұтас бір парадигма ретінде көрсету және әр деңгейдегі тілдік бірліктердің уақыт семантикасын берудегі лексика-семантикалық және функционалды-грамматикалық ерекшеліктерін ашу.

Зерттеу жұмысының материалдары мен дереккөздері. *Уақыт* ұғымының қазақ тіліндегі тілдік парадигмасын анықтау барысындағы теориялық мәселелер нақты тілдік деректермен тиянақталған. Мысалдар (5000-ға жуық) қазақ тіліндегі көркем шығармалардан (Ә.Найманбаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Әуезов, І.Жансүгіров, І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, М.Мағауин, М.Мақатаев, О.Бөкеев, Ж.Нәжімеденов т.б.), тарихи жырлардан (Қыз Жібек, Ер Қосай, Алпамыс т.б.), ақын-жыраулар шығармаларынан (Ығылман Шөреков, Үмбетей Тілеулы, Қашаған Күржіманұлы т.б.), газет-журналдардан («Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Қазақ әдебиеті» т.б) алынды. Сондай-ақ «Көне түркі сөздігі», М.Қашқаридың «Диван лұғат ит түрк сөздігі», «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі», «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», Т.Жанұзактың бір томдық «Қазақ тілі сөздігі», «Синонимдер сөздігі», «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» және салалық т.б. сөздіктер және жоғарғы оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулықтары, «Қазақ грамматикалары» (1967, 2002), монографиялар пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеу, негізінен, синхронды тұрғыдағы *сипаттамалы* әдіспен жазылған. Кез келген сөз мағынасының қазіргі қалпы болуымен бірге, оның тарихи даму жолы болады. Сондықтан жұмыста *тарихи-салыстырмалы* әдіс те пайдаланылды. Тақырыптық топтар бойынша сөздердің мағыналық құрамындағы *уақыт* семасын көрсетуде *компоненттік* талдау әдісі, адамның жас кезеңдеріне байланысты атаулардың дамып-қалыптасуы мен мағыналық құрылымын анықтауда *уәждемелік* талдау әдісі қолданылды. Ал, жалпы алғанда, әмбебап *уақыт* категориясының қазақ тіліндегі тілдік көрінісін үш парадигмаға біріктіріп қарастыруға *кешенді-интегративтік* әдіс негіз болды.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысына жалпы тіл біліміндегі, түркі, қазақ тілдеріндегі дәстүрлі грамматика, функционалды грамматика, лексикология, сонымен қатар философия, мәдениеттану салаларына қатысты ғылыми теориялар басшылыққа алынды. Нақты айтқанда, *уақыт* ұғымының философиялық негіздемесін ашуда әйгілі ғалымдар Аристотель, Лейбниц, А.Эйнштейн, И.Ньютонның және Г.Рейхенбах, Н.Трубников, А.Анисов, Я.Аскин, қазақ философтары Ә.Тұрғынбаев, С.Мырзалы, Ә.Нысанбаев, Қ.Әбішев т.б. ғалымдар жасаған ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар негізге алынды; қазақ дүниетанымындағы *уақыт* ұғымының ғарыштық негіздерін айқындауда философ, мәдениеттанушы ғалымдар А.Наурызбаева, Т.Ғабитов, Б.Ибраев т.б. ғалымдардың Аспанға табыну, Тәңіршілдік туралы пікірлері әдіснамалық негіз болды. *Уақыт* ұғымын лексика-семантикалық парадигмада қарастыруда В.Г.Гак, И.А.Стернин, В.Ю.Апресян, И.В.Кобозева, М.Оразов, Е.Жанпейісов, К.Хұсайын, Б.Қалиев, Н.Уәлидің ғылыми тұжырымдарына сүйендік. Дәстүрлі грамматикадағы етістіктің шақ категориясы мен функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы туралы талдауларымызды орыс ғалымдары О.Есперсен, В.Матезиус, И.И.Мещанинов (ұғымдық категория); А.В.Бондарко (функционалды-семантикалық өріс); В.П.Даниленко (ономасиологиялық грамматика); Н.А.Козинцева, С.М.Полянский (таксис), Д.Г.Тумашева (етістік); қазақ ғалымдары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Ж.Түймебаев (шақ), С.Исаев (грамматикалық категория); З.Қ.Ахметжанова, С.С.Құнанбаева, Қ.Рысалды (функционалды грамматика) т.б. ғалымдар еңбектеріндегі ғылыми қағидалар негізге алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен нәтижелері:

- зерттеу жұмысында алғаш рет тілдік *уақыт* ұғымының негізінде жатқан әмбебап *уақыт* категориясының танымдық жүйесі антропоэзектік парадигма тұрғысынан қарастырылып, дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі *уақыт* ұғымының ғарыштық (космологиялық) сипатта қалыптасқандығы номадтардың (көшпелілер) өмір сүру формалары мен наным-сенімі, дүниетанымы, мифтер мен аңыздар арқылы дәйектелді және *уақыт* ұғымы тілдік тұрғыдан ғана емес, басқа да ғылым салаларында әр қырынан интерпретацияланатындығы биологиялық, экологиялық, әлеуметтік, мифтік т.б. *уақыт* түрлері бойынша сипатталып, жүйеленіп берілді;

- алғаш рет лексикалық *уақыт* ұғымының тақырыптық топтардағы (адам, мал, өсімдік, тамақ, шақ атаулары) мағыналық құрылымы айқындалды және әрбір тақырыптық топ бірліктерінің *уақыт* ұғымын беруде меже ететін, уәж болатын өзіне тән есептеу нүктелері болатындығы нақты тілдік деректер арқылы дәлелденді;

- зерттеу жұмысында өз тарапымыздан грамматикалық шақ жіктемесіне негіз болған ұстанымдарды анықтап, әрбір шақ түріне осы ұстанымдар бойынша талдау жасадық; соның нәтижесінде *векторлық, модальдық, аспектілік, құрамдық, контекстік, интегративті* ұстанымдардың шақты ішкі мағыналық топқа бөлуге, терминологиялық аталымына негіз болғандығы шақтың әрбір мағыналық тобының, грамматикалық көрсеткіштерінің семантикалық-формальдық ерекшеліктері арқылы

дәйектелді және векторлық ұстанымның шақтың үлкен макротоптарын жіктеудегі негізгі уәждік белгі екендігі айқындалды;

- әрбір грамматикалық шақ көрсеткішінің шақ жіктемесіндегі орны айқындалып, алғаш рет олардың функционалды мағыналары «формадан мағынаға қарай» зерттелетін функционалды-грамматикалық сипаттама бойынша векторлық, модальдық, аспектілік ұстанымдар негізінде жіктеліп берілді;

- зерттеу жұмысында қазақ тіл білімінде функционалды бағыттың ертеден-ақ көрініс тапқандығы және қазіргі функционалды грамматика теориясымен сабақтастығы грамматикалық шақ категориясының зерттелу тарихындағы ғылыми тұжырымдар, нақты тілдік фактілер мен талдаулар негізінде дәйектелді;

- семантикалық категорияларға талдау жасаудың метатілі болып табылатын функционалды грамматика теориясы мен негізгі ұғымдары алғаш рет көрнекі сызбалар мен кестелерге түсіріліп жүйелі түрде, сипатталып берілді; мазмұн және тұрпат межелері тұрғысынан грамматикалық және семантикалық категориялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары нақты көрсетіліп, грамматикалық категориялардың функционалды-семантикалық өрістердің негізгі семантикалық бірлігі екендігі олардың семантикалық мүмкіндіктері арқылы дәлелденді;

- темпоралдылық категориясының сөйлеу сәтіне қатысты мағыналық топтары айқындалып, олардың әрқайсысының семантикалық ерекшеліктеріне сипаттама берілді;

- темпоралдылық функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан *осы шақ, өткен шақ, келер шақ* микроөрістері бойынша қарастырылып, ортақ семантикалық функцияға біріккен лексика-грамматикалық тілдік құралдар жүйесінен тұратындығы анықталды және олардың әрқайсысының мағыналық құрылымына талдау жасалды;

- темпоралдылық категориясының функционалды-семантикалық аспектуалдылық, модальдық, шақтық локалдылық, таксис категорияларымен ажырағысыз байланыстылығы айқындалып, тілдік жүйедегі және категориялық жағдаяттардағы астастығы тілдік деректер арқылы дәйектелді;

- әмбебап *уақыт* ұғымының қазақ тілінде үш парадигма (лексика-семантикалық, грамматикалық, функционалды-семантикалық) түрінде көрініс табатындығы және олардың бір-біріне парадигмалық қатынасы барлығына ортақ *уақыт* семантикасы арқылы жүзеге асатындығы, сөйтіп, қазақ тіліндегі *уақыт* ұғымының тілдік парадигмасын құрайтындығы кешенді-интегративтік әдіс арқылы негізделді.

Зерттеудің теориялық маңызы. Зерттеу жұмысындағы *уақыт* ұғымының бірнеше тілдік парадигмада қарастырылуы әмбебап ұғымдық категорияларды кешенді-интегративтік әдісті қолдану арқылы зерттеуге болатындығын толық дәлелдеп отыр. Интегративтік әдістің зерттеу жұмысына негіз болуы қазақ тіл білімінде универсалды категорияларды зерттеудегі жаңа ғылыми бағыттың негізінің қалануына септігін тигізеді. Сонымен қатар зерттеу жұмысында *уақыт* ұғымының жүйелі-үйлестіруші (системно-интегрирующий) әдіс арқылы үш түрлі тілдік парадигмада (лексика-семантикалық, грамматикалық, функционалды-

семантикалық) қарастырылуы функционалды грамматиканың теориялық бағытын, метатілін айқындай түседі.

Зерттеу барысынан алынған ғылыми нәтижелер (шақ жіктемесіне негіз болған ұстанымдардың айқындалуы, «есептеу нүкте» (точка отсчета) теориясының қолданылуы т.б.) қазақ тіл білімінің метатілін толықтыруға мүмкіндік береді.

Грамматикалық шақ жіктемесіндегі ұстанымдардың анықталуы түрліше топтастырылып жүрген шақтың мағыналық топтарын жүйелеуге септігін тигізеді. Құрылымдық шақ пен семантикалық шақ категорияларының айырым белгілерінің көрсетілуі тілдегі грамматикалық және функционалды-семантикалық категория ұғымдарын теориялық жағынан толықтырады, әрі қазақ тіл біліміндегі функционалды бағыттың дамуына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Зерттеу жұмысы, тұтастай алғанда, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылатын арнайы семинардың ғылыми негізі бола алады.

Жұмыс нәтижелерін «Қазақ тілінің лексикологиясы», «Қазақ тілінің морфологиясы», «Қазақ тілінің семантикасы», «Функционалды грамматика» атты пәндер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Сонымен қатар, ұсынылған дефинициялар мен жинақталған тілдік бірліктер түсіндірме сөздіктер құрастыруда нақты дәйек болады деп ойлаймыз.

Зерттеу жұмысындағы универсалды категорияларды зерттеудегі осы аталған кешенді-интегративтік және жүйелі-үйлестіруші әдістерді басқа да ұғымдық категорияларды (мысалы: кеңістік, сапа, сан т.б.) зерттеу барысында метадологиялық негіз ретінде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- *уақыт* ұғымының лингвистикалық сипаты оның философиялық, физикалық тұжырымдамаларымен тығыз байланысты; уақыттың осы ғылым салаларындағы бір өлшемділігі, бір бағыттылығы, қайта оралмаушылығы туралы тұжырымдамалары тілдік категория болып табылатын темпоралдылық семантикасында да көрініс тапқан; Ньютонның *абсолютті уақыт*, Лейбниц пен Эйнштейннің *қатыстық уақыт* теориялары тілдегі темпоралдылық категориясын семантикалық топтарға жіктеуге негіз болған;

- қазақ халқының *уақыт* ұғымы туралы таным-түсініктері көбінесе шығыс философиясымен байланысты: шығыс философиясы батыс философиясы туындатқан «субъект-объект» схемасымен қозғалмайды, яғни қазақ халқының (түркілер, көшпелілер) о басқы дүние, әлем туралы ойлары еуропалық «адам» контексінде (антропоцентристік) өрбімейді. Көшпелілер өмірінің басым бөлігі кеңістікті игерумен байланысты болғандықтан, олардың өмір туралы дүниетанымы *космоспен* біте қайнасып жатқан;

- *уақыт* семантикасының мағыналық құрылымы тақырыптық топтардың барлығында бірдей емес: негізгі тектік семантикасы *уақыт* ұғымын білдіру болғандықтан, шақ атауларының мағыналық құрамында *уақыт* семасы – архисема (жалпылауыш сема), «адам» және «мал» тақырыптық топтарында – дифференциалды сема (даралауыш сема), ал тағам, өсімдік, салт-дәстүр

атауларының мағыналық құрамында – потенциалды (қосымша немесе астарлы сема) сема ретінде көрініс табады. Әрбір тақырыптық топта уақыт семантикасы әртүрлі есептеу нүктелері бойынша айқындалады;

- қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы бірнеше ұстаным (векторлық, модальдық, аспектілік, құрамдық, кешенді, қатынастық, контекстік) бойынша жіктелген, атап айтқанда, шақтың үлкен макротоптарын *өткен шақ, осы шақ, келер шақ* деп бөлуге – векторлық ұстаным, ал жекелеген ішкі субкатегорияларын жіктеп шығаруға, көбінесе – модальдық, екінші орында – аспектілік мағына (ұстаным) негіз болған;

- шақ категориясын функционалды бағытта зерттеу – бүгінгі күннің ғана жемісі емес, қазақ ғалымдарының ғасырлар бойғы ғылыми зерттеулерінің нәтижесі; қазақ тілінің грамматикасын жазумен айналысқан ғалымдар еңбектерінде ұғымдық категориялардың көрініс табуы – адамзаттық таныммен, ойлау әрекетімен байланысты заңды құбылыс;

- грамматикалық және семантикалық категориялар мазмұн межесі, яғни тектік ұғымды (родовое понятие) білдіруі жағынан бірдей, тектес болып келеді; ал тұрпат межесі жағынан грамматикалық категориялардың (синтагмадағы) құрылымы жалғыз, шектеулі болса, семантикалық категориялар, бірнеше тілдік құралдар кешенінен тұратындықтан, құрылымдық жағынан күрделі болып келеді. Семантикалық категориялар – синтагмалық қатынастағы бірнеше тілдік құралдардың топтамасы болса, грамматикалық категориялар – парадигмалық қатынастағы грамматикалық формалар жүйесі болып табылады;

- етістіктің шақ категориясы мен семантикалық темпоралдылық категориясының екеуінің де мазмұн межесі – қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіру, айырмашылық – олардың тұрпат межелерінде; шақтың тұрпат межесі – грамматикалық шақ көрсеткіштері болса, темпоралдылықтың тұрпат межесі – қимылдың өту мерзімін білдіретін әр деңгейге жататын тілдік құралдар болып табылады;

- етістіктің грамматикалық шақ категориясы темпоралдылық функционалды-семантикалық өрісінің орталық мағыналық компоненті (ядро) болып табылады, өрістің шеткері аймағын (перифериясын) лексикалық (үстеу сөздер), синтаксистік (тіркестер, сөйлем, контекст), жанама грамматикалық формалар (шартты рай, қалау рай, бұйрық рай тұлғалары, көсемше т.б.) құрайды;

- тіл жүйесінде шақ тұлғалары етістіктің шақ категориясының грамматикалық парадигмасында тұрып, грамматикалық оппозиция құрайды және сол категорияның тілдік ортасында орналасады. Ал сөйлеудегі темпоралдылық категориясы грамматикалық категориялардан кең ұғымдағы семантикалық категория ретінде өзі сипаттас функционалды-семантикалық категориялармен астасып, сөйлеу ортасын жасайды. Темпоралдылық етістіктің шақ категориясына орталықтанғандықтан, әсіресе, етістік, яғни предикативті негізді семантикалық категориялармен (модальдылық, аспектуалдылық, шақтық локалдылық, таксис) тығыз байланысты болып келеді.

- қазақ тілінде *уақыт* ұғымы тілдің кез келген деңгейінде көрініс тапқандықтан, бірнеше парадигманы жасайды және әр парадигманың өзіндік тілдік ерекшелігі болады: лексика-семантикалық парадигмада *уақыт* ұғымы тақырыптық топ бірліктерінің мағыналық құрамында әртүрлі формада көрініс табу арқылы мүмкіндігінше, нақтыланады; грамматикалық парадигмада *уақыт* ұғымы мейлінше жалпыланып, абстракты формада көрінеді, ал функционалды-семантикалық парадигмада темпоралдық мағына контексте, мәтінге, коммуникативтік жағдаятқа байланысты болып келеді.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері «А.Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2003), «С.Аманжолов және қазақ филологиясы мен этнологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2003), «Қазақ тіл біліміндегі функционалды бағыт» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2004), «Академик Рәбиға Сыздық және тіл білімі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2004), «Тілтанудағы тұлға» атты ғылыми-практикалық конференцияда (Қарағанды, 2005), «Тіл және менталдылық» атты XII Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), «Профессор Фатима Мұсабекова және тіл білімі мен әдістеме мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), «Түркі әлемі: тіл, тарих, мәдениет интеграциясы» халықаралық симпозиумда (Алматы, 2009), Сүлейман Демирел атындағы университет ұйымдастырған «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), «XXI ғасыр университеттері: инновациялар және жаңа технологиялар» атты халықаралық ғылыми конференцияда (Алматы, 2009), «Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі» атты ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), «Этнос және тіл» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), Профессор Әділ Ермековтің туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференцияда (Шымкент, 2009), «Қазақ тілін функционалды бағытта зерттеу және оқытудың инновациялық технологиялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2010), «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы – әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар контексінде» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Ақтау, 2010), «Қазіргі білім берудегі ізгілендіру үдерістері және жаңаша оқытудың өзекті мәселелері» атты ғылыми-теориялық конференцияда (Шымкент, 2010), «Түркі тілдерінің грамматикасы: қазіргі ахуалы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2010), Ташкент мемлекеттік заң

институтында өткен «Тіл воситалари ердамида касбий махоратни шаклантириш-комиллик сифатларини ривожлантирувчи омил» (Формирование профессиональной компетенции средствами языка – актуальное направление гармоничного развития личности) атты республикалық семинарда (Ташкент, 2010), «Научное творчество XXI века» атты халықаралық конференцияда (Красноярк, 2010), «Филологические науки: современность и перспективы II Бишевские чтения» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Башқортстан республиксы, Стерлитамак қаласы) баяндалды және зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының «Хабарларында», «Тілтаным», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Ұлағат» журналдарында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Хабаршысында» Сүлейман Демирел атындағы университет «Хабаршысында», «Қайнар» университетінің «Хабаршысында», Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «Хабаршысында», Қырғызстандағы «Известия вузов» (Бишкек, 2010) журналында мақала түрінде және «Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері» (Алматы, 2007), «Тілтанымдық зерттеулер» (Алматы, 2009) атты ғылыми жинақтарда жарық көрді.

Жұмыстың жалпы мазмұны бойынша Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан Республикаларындағы ғылыми басылымдарда және ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі 6 басылымда – барлығы 40-тан астам мақала көлемінде жарияланды.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Лингвистикалық жұма» атты ғылыми семинарда (14 мамыр, 2010; № 9 хаттама) баяндама жасалды және жұмыс қолжазбасы осы институттың Грамматика бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде (15 шілде, 2010; № 15 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспе, төрт тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 «УАҚЫТ» ҰҒЫМЫНЫҢ АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМАСЫ

1.1 Философиядағы уақыт пен кеңістік ұғымдарының танымдық жүйесі

Уақыт категориясын философиялық, физикалық, және лингвистикалық аспектіден қарастыруға болады. Мұның философиялық және физикалық аспектілері біртұтас болып келеді, ал лингвистикалық аспектісі осы екеуіне бағынады, бірақ өзіндік ерекшеліктері бар. Т.И.Дешериеваның айтуынша, уақыттың лингвистикалық аспектісі дегеніміз – уақыттың физикалық және философиялық аспектілерінің мәнін білдіру амалдарының барлық жиынтығы [1, 11 б.].

Осы жерде *уақыт* ұғымының лингвистикалық аспектісін қарастырмас бұрын, оның философиялық және физикалық тұжырымдамаларына тоқталу қажеттігі туындайды.

Уақыт дегеніміз не? Бұл сұрақ адамдарды ежелден-ақ қызықтырған. Уақыт туралы ойлар ежелгі антикалық философиядан бастау алады. *Уақыт* ұғымы антикалық философияда мифологиялық тұрғыдан емес, жүйелі түрде, танымдық, физикалық, табиғи, тарихи т.б. аспектілерде сарапқа салынып, ғылыми деңгейде қарастырылды. Уақыттың тылсым табиғатын ашуға, оның мән-мазмұнын танып-білуге ұмтылушылық ірі ойшыл-философтардың адамзат қоғамын, оның тіршілік ету кеңістігін, өмір сүру уақытын, материалдық болмысын тануға деген қызығушылығы еді. Яғни адамның қоғамдық санадағы уақыт туралы ой-толғамдары, таным-түсініктері адам уақытты қалай түсінеді, оны қалай сезінеді деген сұрауға жауап іздеу негізінде қалыптасқан. Сол себепті уақыттың объективтілігі дегенді субъективтіліктен (адам танымынан) тыс қарастыра алмаймыз, осы тұрғыдан зерттеу жұмысымыздың *антропоөзектік* мазмұны ашыла түспек.

Уақыт көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат емес, оны тек ой арқылы ғана түсіне аламыз. Бір қарағанда қарапайым тұрмыста уақыттың мәнін түсіну оп-оңай көрінгенмен, оның физикалық, философиялық мәнін ұғыну өте күрделі мәселе, академик А.Е.Ферсман уақытты ең оңай және ең күрделі ұғым десе, Гераклит «заттардың ішіндегі ең соңғы және ең алғашқысы», «оның өз ішінде мәні бар, ол өзі бар да, жоқ нәрсе» дейді. Б.э.д. төрт жүз жыл бұрын «бізді қоршаған табиғат ішіндегі белгісіздердің белгісізі ол – уақыт. Уақыт деген не, оны қалай басқаруға болады, бұны ешкім білген емес», - деген ежелгі грек философы Аристотельдің уақыт туралы ойлары бойынша, уақыт қозғалыспен тығыз байланысты, бірақ оған тең емес. Уақыт қозғалыс санын көрсетеді [2, 70-95 б.].

«Қозғалыс – материяның аса маңызды атрибуты, өмір сүруінің тәсілі» [3]. Себебі бізді қоршаған дүниеде абсолютті түрде қатып-семіп қалған, өзгермейтін нәрсе жоқ. Барлық нәрсе, бәрі де қозғалыста болады және бір формадан екінші формаға ауысып отырады. «Барлық материалдық объектілерде элементарлық бөлшектердің, атомдар мен молекулалардың

қозғалысы болып жатады, әрбір объект өзін қоршаған ортамен өзара әрекеттес болады, ал бұл өзара әрекет белгілі бір формадағы қозғалысты қамтиды. Кез келген дене, Жермен салыстырғанда тыныштықта тұратын дене де, Галактиканың басқа жұлдыздарына қатысты тұрғыдан алғанда, Жермен бірге Күнді айнала қозғалады; ал басқа жұлдыздар системасына қатысты тұрғыдан алғанда Галактика да қозғалады т.т. Абсолюттік тепе-теңдік, тыныштық пен қозғалыссыздық еш жерде жоқ, тыныштық пен теңдік атаулының бәрі салыстырмалы, олар қозғалыстың белгілі бір күйін көрсетеді» [4, 95-96 б.]. Қозғалыс дегеніміз – кез келген өзгеріс, материя қозғалысы абсолютті шындық, ал кез келген тыныштық салыстырмалы (абсолютті емес), яғни оның тыныштық қалпының өзі қозғалыс сәттерінің бірі болып табылады.

Дүниеде қозғалыссыз материя болмайды, сол секілді қозғалыстың өзі материясыз болмайды. Материя – адамның санасынан тыс, тәуелсіз өмір сүретін және санада бейнеленетін объективтік шындық. ...Материя сансыз көп нақты формаларда, түрліше объектілер мен системаларда өмір сүреді, уақыт жағынан мәңгі қозғалыста болады. Материя барлық өзгерісті таратушы, дүниедегі барлық процестердің субстанциялық негізі болып табылады. Әлемде материядан тыс жатқан нәрсе жоқ. Әлемнің материалдық бірлігін мойындау философияның негізгі принципі болып табылады.

Қозғалыс материяның қасиеттерін, құрылымдық жиынтығын және оның өмір сүру сипатын айқындайды. Материяның қандай да болсын өзгеру процесі, қозғалысы, дамуы әрқашанда кеңістік пен уақыт ішінде болады. Айналамыздағы заттардың бәрі (біреулері жақында, енді біреулері қашықта) әйтеуір бір кеңістікте жатады. Сол сияқты барлық құбылыстар мен оқиғалар белгілі бір уақыт ішінде бірі ерте, бірі кеш өтіп жатады.

Қозғалыс – бүкіл болмыстағы дүниенің өмір сүру тәсілі болса, кеңістік пен уақыт – қозғалыстағы дүниенің формасы. Яғни материяның тіршілік ету тәсілі қозғалыс болған болса, онда қозғалыс өзін кеңістік пен уақыт формасында айқындайды. Кеңістік пен уақытты қозғалыстың көріну формалары десе болады. Уақыт пен кеңістік материяның өмір сүруінің формасы болуымен қатар, материядан тысқары кеңістік пен уақыт та болмайды, сол сияқты материясыз кеңістік пен уақыт та болмайды. «Әрбір құбылыс белгілі бір орында және белгілі бір уақытта өтеді. Бірақ кеңістікте уақыттан тыс немесе белгілі бір уақытта кеңістіктен тыс құбылыс бола алмайды» [5, 642 б.].

Материя кеңістікте шексіз, уақыт жағынан мәңгі. Яғни материяның аяқталатын не таусылатын шегі жоқ. Материя – бүкіл тіршіліктің субстанциялық формасы болса, қозғалыс – материяның тіршілік ету көзі. Ал материя қозғалысы міндетті түрде белгілі бір кеңістік пен уақытта өтеді.

Материя өмір сүруінің формалары:

кеңістік
материя → қозғалыс →
уақыт

Ешбір материалдық объектінің тек кеңістікте өмір сүріп, уақытта болмауы, немесе уақытта болып, кеңістікте болмауы мүмкін емес. Барлық уақытта және барлық жерде кез келген дене кеңістікте қалай өмір сүрсе, уақытта да солай өмір сүреді. Бұл уақыт пен кеңістіктің тығыз байланысты ұғымдар екенін көрсетеді. Олай болса, кеңістік те, уақыт та – материяның өмір сүру формасы және бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Сол себепті де ғылыми әдебиеттерде, философиялық зерттеу еңбектерінде т.б әдебиеттерде *уақыт* пен *кеңістік* ұғымы көбінесе бірге қарастырылады.

Материалистік философия кеңістік пен уақытты адамдардың ойлауынан тыс, материяның объективтік формалары деп қарастырады әрі олардың бір-бірінен бөлінбестей бірлікте екенін мойындайды. Уақыт пен кеңістік материяның өмір сүруінің формасы ретінде мынадай **ортақ сипаттарға** ие: *кеңістік пен уақыт, біріншіден, объективті, санадан тыс, оған тәуелсіз өмір сүреді. Екіншіден, материя мәңгі өмір сүретіндіктен, бұлар да мәңгілік. Үшіншіден, уақыт пен кеңістіктің шегі де шеті де жоқ* [4, 101 б.]. Алайда уақыт пен кеңістік материяның өмір сүру формасы болғанмен, олар оның өмір сүруінің әртүрлі формалары. Сол себепті олар ортақ қасиеттері бола тұра, бір-бірінен мына қасиеттері арқылы ерекшеленеді: уақыт – *бір өлшемді*, бір бағытты болса, кеңістік – *үш өлшемді* (ұзындық, ен, биіктік) болады.

Кеңістік өлшемдері:

→ ұзындық
кеңістік → ен
→ биіктік

Бұл өлшем тек заттық формаға ғана емес, процестерге де тән.

Уақыт өлшемі: → → → → → → → → → →

Уақыттың **бір өлшемді** болатыны мынадан көрінеді: *барлық оқиғалар жалғыз бағытта – өткеннен қазіргіге, қазірден болашаққа қарай гана өтеді.* Және ол адамдар санасынан тыс, объективті сипатта болады. Кеңістікте денелерді оңнан солға, солдан оңға, жоғарыдан төмен, төменнен жоғарыға қарай жылжытуға болса, ал уақытты кейін бұрып, болашақтан өткенге қарай жылжытуға болмайды. **Уақыт кері қайтпайды.** Оның кеңістіктен маңызды бір айырмашылығы осында.

Уақыт ешқашан өзіне өзі қайта оралмайды, өзін-өзі қайталамайды. Яғни оның бұрынғы өткен бөлігі қайта оралып келмейді. Уақыттың кері қайтпаушылығы – оның осы бір өлшемдігінен шығады. Кеңістікте қайта оралушылық бола береді. Мысалы, біз күнде үйден шығып, кешке қайта ораламыз.

Жалпы алғанда, философиялық зерттеулерде уақыт пен кеңістік тақырыбында сөз болып, талдауға түсетін негізгі мәселелер мыналар: біріншіден, жоғарыда айтылып кеткен уақыт пен кеңістіктің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары, яғни кеңістіктің үш, уақыттың бір өлшемдігі, уақыттың қайтып оралмайтындығы. Бұлар уақыт пен кеңістіктің негізгі *айырым белгілері* болып табылады. Сонымен қатар философияда бұл

ұғымдардың ақиқат өмірге, материалдық заттарға, санаға қатысы туралы мәселелерде философтар мен мен жаратылыстану мамандарының пікірлері бір жерден шыға бермейді. Әсіресе, мұндай пікірталастар, көзқарастар уақыт пен кеңістіктің мынадай өлшемдеріне қарай пайда болған:

- 1) уақыт пен кеңістіктің материяға (ақиқат дүниеге) қатысына қарай;
- 2) уақыт пен кеңістіктің санаға қатысына қарай (объективті, субъективті).

Кеңістік пен уақытты түсінуде диалектикалық материализм мен метафизикалық материализм ағымдарында елеулі өзгешеліктер бар.

Диалектикалық материализмде кеңістік пен уақыт материяның ажырамас бөлігі ретінде оларды материямен бірлікте қарастырады. Ал **метафизикалық материализм** кеңістік пен уақыттың объективті шындық екенін мойындай отырып, оларды материяға тәуелсіз деп санайды.

Кесте 1 – Уақыт пен кеңістік ұғымдарының диалектикалық және метафизикалық материализмдегі айырмашылығы

Уақыт пен Кеңістік	Диалектикалық материализмде	Материямен бірлікте
	Метафизикалық материализмде	Материядан тыс

Кеңістік пен уақыттың қозғалушы материямен байланысы туралы түсініктерді жасауға орыс математигі Н.И.Лобачевский үлкен үлес қосты. Ол кеңістік қасиеттерінің өзгермейтінін, қашан да және қай жерде болсын бірдей нәрсе емес екенін, қайта материяның қасиеттеріне, материялық денелерде болатын физикалық процестерге байланысты өзгертіп отыратынын дәлелдеп берді.

Кеңістік пен уақыттың материямен және бір-бірімен байланысы жөніндегі қағида қазіргі ғылымдағы жетекші идеялардың біріне айналған. «Кеңістік пен уақыттың бір-бірімен және материямен байланысын еске алмай, жарықтың жылдамдығына жақын жылдамдықпен жүретін физикалық процестерді ұғынуға болмайды. Кеңістік пен уақыттың қасиеттері материяға тәуелді екенін тек физика деректері ғана емес, басқа ғылымдардың да, атап айтқанда, биологияның да деректері көрсетіп отыр» [4, 104 б.].

Философ ғалым Серік Мырзалы кеңістік пен уақыттың табиғаты жөнінде ерте кезден бастап екі көзқарас қалыптасқандығын айтады. Олар: **субстанциализм** – кеңістік пен уақытты дүниенің алғашқы формалары ретінде қарайды және **релятивизм** (салыстырмалы) – кеңістік пен уақыт қозғалып жатқан неше түрлі материалдық объектілердің формалары, соған бағынышты [6, 425 б.].

Кесте 2 – Уақыт пен кеңістік туралы философиядағы субстанциализм және релятивизм ағымдарының айырмашылығы

Субс- танциа- лизм	Кеңістік пен уақыт – дүниенің алғашқы формалары	Кеңістікті бос қуыспен теңестіріп, уақытты біркелкілікпен түсіндіреді	Демокрит, Эпикур, Ньютон т.б.
Реляти- визм	Кеңістік пен уақыт – қозғалып жатқан неше түрлі материалдық объектілердің формалары, соған бағынышты	Кеңістік – дүниедегі заттардың алатын орны, ал уақыт – қозғалыстың саны, мөлшері	Аристотель, Эмпедокл, Декарт, М.Фарадей, Дж. Максвелл, Лейбниц т.б.

В.Н.Ярскаяның көрсетуінше, «релятивті» термині «абсолютті» терминіне қарама-қарсы «салыстырмалы» деген мағынаны білдіреді [7, 101 б.].

Кеңістік пен уақытты дүниенің алғашқы формалары ретінде қараушылар кеңістікті бос қуыспен теңестіріп, уақытты біркелкілікпен түсіндіреді. Бұл атомдық көзқарастың негізін салған көне грек философы Демокрит болды. Ол өзінің атомистік ілімінде дүниенің алғашқы негізін құрайтын екі бастаманы мойындайды: оның бірі көзге көрінбейтін әрі қарай бөлінбейтін ұсақ бөлшектер – *атомдар және ғарыштағы бос кеңістік*. Атомдар сол бос кеңістікте құлдырап келе жатып, бір-бірімен соқтығысып, табиғаттың заттарын тударады. Яғни кеңістік – субстанциялық негіздердің бірі. Егер дүниедегі атомдар бір сәтте жоғалып кетсе, Дүние құрымайды – кеңістік алғашқы негіздердің бірі болып қала береді. Бұл кеңістік пен уақытты материядан тыс деп танушылық болып табылады, яғни материя құрыса да, уақыт пен кеңістік өз алдына және бір-біріне тәуелсіз өмір сүреді деген тұжырымға саяды.

Идеалист философтардың көзқарастары бойынша, кеңістік пен уақыт, біріншіден, кеңістік бос қуыс, уақыт барлық жерде біркелкі, екіншіден, олар материя мен қозғалысқа тәуелсіз, дүниенің бастапқы бастамаларының бірі, материя құрығанмен уақыт пен кеңістік өз беттерінше өмір сүре береді.

XIX, XX жылдардағы жаратылыстану (физика) ғылымдары да уақыт пен кеңістіктің объективтілігін айта отырып, оларды бір-бірінен бөлек, дербес, материя мен қозғалысқа мүлде тәуелсіз нәрсе деп қарастырды.

Классикалық механиканың негізін салған Ньютон да кеңістік пен уақыттың объективтілігін мойындағанмен, олар қозғалушы материяға тәуелсіз өмір сүреді, мүлдем өзгермейді, және бір-бірімен байланысы жоқ абсолют деп санады. Ньютон гравитация (тарту) заңдарын ашу негізінде алыстан әрекет ету теориясын жасады. Оның теориясы бойынша, дүниежүзілік тарту күші ғарышта

сол сәтте тікелей шексіз тарап, объектілерге өз әсерін тигізеді. Сондықтан уақыт ғарышта барлық жерде біркелкі [6]. Ньютонның «абсолют кеңістік», «абсолют уақыт» деген түсініктері ғылымда XX ғасырдың басына дейін сақталып келді. Ертедегі натурфилософтардың (Демокрит, Эпикур) атомдық көзқарасына сәйкес жаратылыстану зерттеушілері XX ғасырға дейін кеңістікті бос қуыспен теңестіріп, оны абсолютті, барлық жерде әрдайым бірдей, және қозғалмайды деп санады. Ал уақыт шексіз әлемнің барлық жерінде бірдей, біркелкі өтеді деп түсіндірді. Сөйтіп XX ғасырға дейін кеңістік пен уақыт жөнінде **субстанциялық көзқарас** басым болды.

Алайда жоғарыдағы айтылған көзқарастарға қарсы күмәнданған сол заманның ірі ойшылы Эмпедокл бос кеңістік идеясына қарсы шығады. Аристотель бос қуыс жоқ, кеңістік – дүниедегі заттардың алатын орны, ал уақыт – қозғалыстың саны, мөлшері дейді. Жаңа дәуірде Декарт «бос қуыстық» идеясына қарсы шығып, кеңістіктің заттармен толы екені жөніндегі идеясын ұсынады. Лейбниц те осы пікірді қолдайды. Физиктер М.Фарадей мен Дж.Максвелл тартылу күшінің қашықтықпен қатар **жылдамдыққа** да байланысты екендігін айта отырып, тікелей тарамайды деген пікірге келеді. Ал күштің тарауы сол сәтте емес, белгілі бір шектелген жылдамдықпен жүреді [6].

Сөйтіп, ғарыштағы күштердің жылдамдығының шектелгендігі Ньютонның алыстан әрекет ету теориясына үлкен соққы жасап, А.Эйнштейннің ғылыми жаңалықтарын ашуға алғышарттар жасады. Бұл теория жайлы Эйнштейннің **салыстырмалық теориясының** (1916) негіздеріне физикалық тұрғыдан талдау жасаған Ғ.Мырзағалиев былай деп жазады: «Эйнштейн теориясы кеңістік пен уақыт жөніндегі түсініктерді сапалы жаңа бір белеске көтеріп, олардың қасиеттері жөніндегі ғасырлар бойы қалыптасқан көзқарасты негізінен өзгертті. ... Эйнштейн теориясы бойынша ерекше есептеу системасы жоқ, олардың бәрі өзара эквивалент, сол себепті абсолюттік уақыт, абсолюттік кеңістік, ал осыған сай кейбір абсолюттік орын, қозғалыс деген сияқты тағы да басқа ұғымдар жоққа шықты. Бір инерциялық санау системасынан екіншісіне көшкенде, Лоренц түрленулерінің көрсетуі бойынша, тек қана кеңістік координаталары емес, **уақыт та түрленеді**, олардың мәні әр системада әртүрлі болып шығады. Сондықтан уақыт пен кеңістіктің координаталары бір-бірімен өзара тығыз байланысып жатыр. Бұрын классикалық физикада олардың арасында ешқандай байланыс болмай, есептеу системалары бір-бірінен тек кеңістік координаталары арқылы ерекшеленіп, ал уақыт болса, қозғалысқа тәуелді болмағандықтан, барлық системаларда бірдей болып келсе, Эйнштейн теориясы бойынша есептеу системалары өзара тек кеңістік координаталар жөнінен ғана емес, уақыттары жөнінен де ерекшеленеді» [8, 56 б.].

Ғ.Мырзағалиев уақыт пен кеңістіктің Эйнштейн теориясына дейінгі және Эйнштейн теориясының негізіндегі физикалық түрленуіне талдау жасайды. Ғалымның пікірінше, **Эйнштейн теориясына дейінгі кеңістік үш өлшемді:**

$$x=x^1, y=x^2, z=x^3$$

Ал Эйнштейн теориясы бойынша бұған x^4 шамасы қосылады:

$$x^4=ct$$

$$\text{Яғни } J=x^1+x^2+x^3+x^4$$

Бұл төрт өлшемді кеңістіктің үш осі (x^1, x^2, x^3) – бұрынғы әдеттенген (Эйнштейн теориясына дейінгі) кеңістік остеріне тең болса, төртінші осі (x^4) – кеңістіктің уақытқа пропорционал екенін көрсетеді, бұл уақыт пен кеңістіктің тығыз байланысты екендігінің белгісі [8, 57 б.].

Кесте 3 – Уақыт пен кеңістіктің Эйнштейн теориясына дейінгі және Эйнштейн теориясының негізіндегі физикалық түрленуі

Эйнштейн теориясына дейінгі кеңістік	Үш өлшемді (ұзындық, ен, биіктік)	$x=x^1, y=x^2, z=x^3$
Эйнштейн теориясынан кейінгі	Төрт өлшемді (ұзындық, ен, биіктік, уақыт)	$x^4=ct$ $J=x^1+x^2+x^3+x^4$

Сонымен қатар Эйнштейн теориясының негізінде жатқан Лоренц түрленулері бір төрт өлшемді координаталар системасынан екінші бір төрт өлшемді координаталар системасына көшуді сипаттайды.

Классикалық физикада оқиғалар аралығындағы уақыт мерзімдері есептеулер системасына тәуелді болмай тұрақты болып келсе, Эйнштейн теориясында уақыт мерзімдері әртүрлі системада әрбасқа болып шығады. А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясы бойынша, «макробөлшектердің кеңістіктегі қозғалысы сәуленің жылдамдығына (секундына 300000 км) жақындаған сайын, оның массасы шексіз ұлғая беретіндігін және ол бөлшектің тұрқының да қысқара түсетіндігін дәлелдейді. Яғни дененің кеңістіктегі қозғалысы шапшаңдаған сайын, оның кеңістік сипаты да өзгереді, ол денедегі уақыттың да ағымы баяулай түседі. Қозғалыстың өзгеруі кеңістікті де, уақытты да өзгертеді» [9, 271 б.].

Сонымен, Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы классикалық физикадағы уақыт пен кеңістіктің арасында ешқандай байланыс жоқ, есептеу системалары бір-бірінен тек кеңістік координаталары арқылы ерекшеленіп, ал уақыт болса, қозғалысқа тәуелді болмағандықтан, барлық системаларда бірдей болып келеді деген теорияны түбегейлі өзгертті. Осы теорияның нәтижесінде **кеңістік пен уақыт бір-бірімен тығыз бірлікте, сонымен қатар материяның өмір сүруінің формасы ретінде қозғалыспен, материямен байланысты қарастырылатын болды.** Салыстырмалылық теориясының әсерінен **уақыт материяның төртінші өлшемі (алғашқы үш өлшем: ұзындық, ен, және биіктік – кеңістіктің сипаттамасы) деп танылды.** Сөйтіп бұл теория диалектикалық материализмнің негізін қалады.

Уақыт пен кеңістік туралы ендігі бір назар аударарлық мәселе – олардың белгілі философ Канттың түсіндіруіндегідей, санада ғана өмір сүретін бір нәрсе ме, әлде адам санасынан тыс ақиқат өмірдегі бар нәрсе ме деген мәселе. Осыдан

уақыт пен кеңістіктің **объективтілігі мен субъективтілігі** жөніндегі көзқарастар келіп шығады. Яғни уақыт пен кеңістік адам санасының ғана жемісі ме, әлде адам санасынан тыс өмір сүре ме деген сұрақтар айналасында ғалымдар пікірлері екіге айырылады.

Идеалист философтар уақыттың объективтік шындық екенін мойындамауға тырысты, уақыт дегеніміз – санамыз тудырған нәрсе деп дәлелдеуге, немесе уақыт сыры білінбейтін нәрсе деп түсіндірді.

Неміс философы И.Кант кеңістік пен уақытты адамдардың сырттан алған әсерлерін қабылдаудың априорлық (тәжірибеге дейінгі) сезімдік формасы ретінде қараған. Және осы теориясын дәлелдеуге тырысқан. Яғни кеңістік пен уақыт – оның ойынша, субъективтік формалар. И.Кант бүкіл ойшылдардың мыңдаған жылдар бойы иланып келген құбылыстардың уақыттық және кеңістіктік сипаттамалары біздің санамыздан тыс өмір сүреді, өз-өзінен бар нәрсе екендігі туралы көзқарасқа күмән келтіреді. Ол заттардың объективті өмір сүретініне күмәнданбайды, алайда санадан тыс кеңістік те, уақыт та жоқ деп есептеді. Канттың тұжырымдауынша, «кеңістік пен уақыт туралы біздің пікірлеріміз тәжірибеден алынған жоқ, демек, олардың сыртқы қайнар көзі сыртқы заттарда емес, біздің ақылымызда. Кеңістік пен уақыт туралы көзқарас біздің ақылымызға барлық пайымдауға дейінгі, барлық тәжірибеге дейінгі «пайымдаудың формасы» ретінде тән, ешқандай тәжірибе осы формаларсыз мүмкін емес, барлық тәжірибеде біз оларды пайдаланамыз. Кеңістік пен уақыт – бұл біз онсыз заттарды көре алмайтындай көзілдірік тәрізді. Жасыл көзілдірік барлығын да жасыл етіп көрсетеді. Кеңістік пен уақыттың көзілдірігі барлығын да кеңістік пен уақытта өмір сүретін етіп көрсетеді. Бірақ бұл көзілдірік біздің санамызға тән, онсыз кеңістік те, уақыт та жоқ» [10, 176 б.].

Декарт уақыт субъективтену арқылы танылатын, ой қызметінің нәтижесі, ойлаудың өлшем бірлігі дейді. Ағылшын философы Джон Эллис Мак-Таггарттың тұжырымдауынша да, уақыт тек біздің санамызда өмір сүреді. Ал шын нақтылықтың өзінде ешқандай уақыт жоқ [10, 178 б.].

Гегельдің философиясында кеңістік пен уақыт абсолюттік идея тудырған мән, олар абсолюттік идея дамуының белгілі бір сатысында пайда болады, онда да алдымен кеңістік, сонан соң ғана уақыт пайда болады. Осындай көзқарастағы субъективтік идеализм өкілдері кеңістік пен уақытты жеке адам санасының мазмұнына тәуелді деп қарады. Э.Мах үшін кеңістік пен уақыт біздің түйсіктеріміз қатарының тәртіпке келтірілген жүйесі ғана.

Сөйтіп, идеалист философтар кеңістік пен уақыттың объективтік шындық екенін сонымен қатар материяға тәуелділігін жоққа шығарып, оларды жеке адам санасының формасы ретінде қарастырады. Адам санасынан тыс уақыт пен кеңістік жоқ, олар ішкі сезім сияқты өзіміздің аңдауымыз, кеңістік – сыртқы сезімнің, уақыт – ішкі сезімнің априорлық формалары (Кант). «Уақыт дегеніміз – санамыз тудырған нәрсе немесе сыры білінбейтін нәрсе» деп түсіндірді [11, 7 б.].

Кесте 4 – Уақыт пен кеңістіктің объективтілігі мен субъективтілігі жөніндегі көзқарастар

Субъективтік идеализм	Адам санасынан тыс уақыт пен кеңістік жоқ, олар ішкі сезім сияқты өзіміздің аңдауымыз, кеңістік – сыртқы сезімнің, уақыт – ішкі сезімнің априорлық формалары	Гегель, Кант, Декарт, Джон Эллис Мак-Таггарт, Беркли, Юм, Э.Мах т.б.
Материалистік философия	Кеңістік пен уақыт – адамдардың ойлауынан тыс, материяның объективтік формалары	К.Маркс, Ф.Энгельс, А.Бергсон, Лейбниц т.б.

«Адамның дүниетанымы дамыған сайын уақыт пен кеңістіктің объективтік шындық екендігі жайлы терең де дәл мәліметтер берілуде» [9, 271 б.]. А.Бергсон уақытты адам санасы арқылы танылатын, бірақ санаға тәуелсіз объективті процесс деп көрсетеді. Лейбниц уақытты танудың субъективті және субстанциялизм бағыттарына қарсы шыға отырып, **объективті уақыт** туралы концепциясын дамытады. Оның түсінуінше, қозғалыстан, материядан тыс уақыт жоқ, сондықтан Ньютон танымындағы абсолютті уақыт деген ұғым жоқ.

Материалистік философия кеңістік пен уақытты адамдардың ойлауынан тыс, материяның объективтік формалары деп атаған. Материализм уақыт пен кеңістіктің объективтік, материалдық сипатын атап көрсетеді. Материалистік философия өкілдері К.Маркс пен Ф.Энгельс материя, қозғалыс, кеңістік пен уақыт бірінен бірі бөлінбейтін бірлікте екендігін мойындайды. Бұл теория қазіргі заман философиясында ғана емес, физика ғылымында да дәлелденіп отыр.

Уақыттың өзгеруімен байланысты адам да, адамның тұрмыс-тіршілігі де өзгеріп отырады. Ақиқат (реалды) уақыт өткеннен келешекке қарай тоқтаусыз бір бағытта жүріп отырады. Уақыт шеңберінде адамдар дүниеге келіп, соның ағымымен жылдан жылға жастан жас қосып, нәрестелік кезеңнен қарттыққа дейін өмір сүріп, ақырында өмірден озады.

Адам ешқашан уақыт ағымын тоқтата алмайды. Уақыт объективті, ол ешкімнің ықпалымен жүрмейді, ештеңенің ықпалына көнбейді. Сондықтан да ғалымдар объективті уақытты тоқтаусыз, қайтарымызсыз уақыт деп атайды. Бұл **уақыттың объективтілігі** туралы материалистік философияның негізгі тұжырымдамасы. *Материалистік ілім бойынша, дүние-материя қозғалысқа негізделеді де, қозғалыс тек кеңістік пен уақытта тұрады.*

Уақыт ұғымын **физикалық** және **философиялық** аспектіден қарастыруға болады. Физикалық уақыт уақыт өлшеміне байланысты мәселелерді қарастырса, философия уақытты танымдық тұрғыдан қарастырады. «Уақыттың физикалық аспектісі адам санасына тәуелсіз нақты өмірде бар уақыт пен

материяның арасалмағы проблемасын білдіреді. Уақыттың философиялық тұжырымдамасы бұл ұғымды түрліше түсіндіреді»[12, 133 б.]. Бірақ, физикалық және философиялық уақыт ұғымдары екі басқа құбылыс емес, олар – сол бір уақыт ұғымының екі қыры, екі аспектісі.

Физиктер үшін тек объективті уақыт қана тіршілік етеді, ал философтардың пікірінше, біздің түйсінетін уақытымыз физикалық уақытқа қарағанда әлдеқайда тереңірек, маңыздырақ негіз болып табылады. Осы сияқты И.Ньютон шынайы, яғни математикалық уақытқа қарағанда күнделікті тіршілігімізде орын алған жыл, ай, апта күн, сағат және тағы басқаларын қарапайым не жалған уақытқа жатқызады. Ғалымның пікірінше, тек **математикалық уақыт** қана қатаң ғылыми формаға ие. Ал қарапайым, шындыққа жанаспайтын уақыт өз мәнін жойған, сондықтан оған ғылыми мазмұн сай емес. Ғалым ойына жүгінсек, уақыт, кеңістік, орын және қозғалыс – қоғамдық ұғымдар. Сонымен қатар аталмыш ұғымдарды сезім арқылы түйсінуге болады [13, 30-32 б.].

Математикалық (физикалық) уақыт біздің зерттеуімізде **абсолютті және қатыстық (относительное)** уақыт түрлерін ажырату үшін қажет (Бұл мәселеге біз кейінгі тарауларда арнайы тоқталамыз). Жаратылыстанымда абсолютті уақыт, абсолютті кеңістік терминін енгізген И.Ньютон адам санасынан тыс, объективті уақытты абсолют уақыт деп атайды. Оның ойынша абсолютті, математикалық уақыт қана еш нәрсеге тәуелсіз, өз болмысымен бірқалыпты өтіп жатқан уақыт, ал қатыстық уақыт – өзгермелі, сезім арқылы түйсінуге болатын, қандай да бір қозғалыс арқылы танылатын ішкі уақыт және күн, ай, жыл деп аталатын қарапайым өмірде математикалық уақыт орнына қолданылатын созылыңқылық өлшемі.

Ньютон абсолютті уақыттың мынадай белгілерін көрсетеді:

- 1) абсолютті уақыт шынайы, абсолютті қозғалысты білдіреді;
- 2) абсолютті уақыт әрқашан дәл және өзгеріссіз; математикалық теңдеулерде тұрақты, сонымен қатар ол өзгермелі болып табылатын қатыстық уақытпен үнемі сәйкес келе бермейді;
- 3) абсолютті уақытты сезім арқылы тану мүмкін емес, оны қатыстық уақыт арқылы ғана танып-білуге болады.

Ньютон абсолютті уақыт дегеніміз – әлемнің, болмыстың өзі, ал қатыстық уақыт – әлемді ойша тану дейді. Абсолютті, ақиқат уақытты Құдай жаратқан және мәңгілік, адамның уақыт туралы білімі тұтас абсолютті уақыттың кейбір қырлары ғана, ал шын уақытты бақылау, ұстау мүмкін емес, біз оны қатыстық уақыт арқылы ғана елестете аламыз. Қатыстық уақыт өз мәніндегі ақиқат, шын уақыт емес, абсолютті уақыттың нышандары ғана. Ғалымның бұл пайымдауларына жүгінсек, абсолютті уақыт тек қатыстық уақыт арқылы ғана танылады, өйткені қатыстық уақытты сезінуге болады және ол – созылыңқылық өлшемі. Ньютон уақытты кеңістік, материя, қозғалыс ұғымдарынан бөлек қарастырады, оны қозғалысқа тәуелсіз алғашқы бастамалардың бірі деп таниды.

Ньютонның бұл көзқарасы жоғарыда атап көрсеткен уақытты дүниеден, болмыстан бөлек қарастыратын субстанциялизм бағытына сәйкес келеді.

Лейбниц қозғалысқа, материяға тәуелсіз абсолют уақыт, абсолют кеңістік деген ұғымдар жоқ, қозғалыссыз және қозғалатын заттарсыз уақыт пен кеңістік жоқ деген тұжырымға келеді, сонымен қатар ақиқат уақытты қатыстық тұрғыдан түсіну керек, кеңістік – заттар мен құбылыстардың орналасу реті болса, уақыт – сол заттар мен оқиғалардың өзгерісі. Лейбниц осылайша Ньютонның абсолютті уақыт ұғымына қарсы **қатыстық (относительный) уақыт** концепциясын ұсынады. Оның пайымдауынша, уақыт – екінші бір қозғалыспен салыстырылмайтын, өлшенбейтін қозғалыстың ішкі формасы. Қозғалыс пен материалдық денелерсіз уақытты бар деу, оны абсолют уақыт, ақиқат уақыт деп санау қате, онда ол тек абстракция болар еді дейді.

Ньютон қатыстық уақыт ұғымын жоққа шығармайды, бірақ оның қателігі - дейді Н.Н.Трубников - математикалық уақытты ғана шын уақыт деп, ал қатыстық уақытты ақиқат уақыт ретінде танымауында [14, 18 б.]. Д.В.Никуллиннің пайымдауынша, «уақыт созылыңқылық арқылы көрінеді, және ол абсолютті, өзгермейді, біркелкі, басы мен аяғы жоқ, мәңгілік өмір сүреді» [15, 139-141 б.].

Абсолютті және қатыстық уақыт туралы жоғарыдағы пайымдаулар уақыттың лингвистикалық аспектісінде де көрініс табады. Абсолютті уақыт (грамматикалық шақ) А.В.Бондарко зерттеулерінде бір ғана қимылдың сөйлеу сәтіне қатысына қарай анықталса, қатыстық шақ екінші бір қимылдың өту мерзіміне байланысты анықталады. Бұған біз кейінгі тарауларда арнайы тоқталамыз. Яғни лингвистикалық пайымдауларлардың да негізінде осындай танымдық (философиялық, физикалық) өзектер жатыр.

Уақыт категориясын зерттеуші ғалымдардың бұл категория туралы ойлары үнемі бір жерден шыға бермейді. Г.Рейхенбактың пікірінше, **физикалық уақыт** қана нағыз шын, ақиқат уақыт, **философиялық уақыт** уақыттың өзі емес, уақыт туралы ойлар ғана болып табылады. Оның ойынша, уақыт тек физика ғылымының мәселесі. Уақыт мәселесін тек физикалық әдіс-тәсілдер арқылы шешуге болады [16, 35-41 б.].

Н.Н.Трубников Рейхенбахтың уақытты тек физика ғылымы ғана дәл анықтай алады деген пікірлерін сынға алып, жоғарыда берілген уақыт сипаттамаларын физиканың қатысынсыз-ақ байқауға болатынын айтады [14, 18 б.].

Н.Н.Трубников уақытты физикалық аспектіден ғана түсіну жеткіліксіз, физикалық уақыт адамның әлеуметтік, танымдық түсініктерімен санаспайды, физикалық уақыт санадан тыс жүріп отырады. Уақытты бұл тұрғыдан түсіну деген сөз адамның уақыт туралы таным-түсінігінің барлығын жоққа шығарады, бұл жағдайда адам уақыт ағымында тұрғанмен, ол жансыз тасқа айналады, мұндайда адамда уақыт туралы елес те болмайды, уақыт ағымын, оның жылдамдығын да біле алмайды. Тіпті адам өзінің жасын да білмеген болар еді, адам туу, өлім, тарих, мәдениет туралы да білмейтін тас сияқты күйге түсер еді

дейді [14, 22 б.]. Ғалымның пікірінше, өмір де, тарих, мәдениет, болмыс та – барлығы уақытан тыс тұра алмайды. Адамның тууы, қайтыс болуы, өсімдіктің құлақтанып шығуы, солуы бәрі де – бар болу және жоғалудан тұрады, мәңгілік нәрсе жоқ, және ол міндетті түрде уақыт ағымында тұрады, өйткені өмір қозғалысқа негізделген. Ал мұндай адамзат баласы үшін маңызды болып табылатын уақыт категориясын физикалық шамамен ғана шектеу жеткіліксіз. Адамның адамдығы да сол уақыт ағымында бола отырып, оны сезіну, түсіну [14, 22 б.].

Заттар мен құбылыстар объективті тұрғыдан қазіргі уақытта ғана нақты бар болады, оның өткендегісі мен келешегі объективті уақытта тұрмайды, қазіргі уақыт қана бар уақыт, ал өткен уақыт пен келешек уақыт қазіргі тұрғысынан жоқ уақыт болып есептеледі, яғни уақыт туралы ұғым санада осы тұрғыдан қалыптасады, бірақ бұл өткен уақыт пен келешек уақыт мүлде жоқ деген сөз емес. Өткен уақыт пен келер уақыт қазіргі уақыт тұрғысынан жоқ болғанмен, олар туралы ұғым бар. Ұғым болмаса, өткен уақыт та, келер уақыт та болмаған болар еді. Ал ұғым жоқтан пайда болмайды, яғни болмыс өткен мен келешек туралы ақпараттарды да қамтиды [17, 17 б.].

«Адамдардың уақыт ағымына (іс-әрекетке) ықпал етуі тұрғысынан өткен уақыт пен келер уақыттың айрымашылықтары бар. Келер уақытқа қатысты алдағы болатын іс-әрекетке адамдардың еріктілігі, қалауы болады. Алдағы іс-әрекетті саналы түрде ұйымдастыруға болады, іс-әрекет жоспарланады, сарапқа салынады, өзгертіледі, істеледі не істелмейді т.б. Ал өткен уақытты, өткенде болған оқиғаны ешқашан өзгерте алмайсың. Қазақта «болған іс болды», «амал жоқ», «өкінгенмен не пайда», «өткен іс өтті», «өткенді қайтара алмайсың» деген сияқты тіркестер *уақыт* ұғымының қайтарымысыздығын көрсететін бірден-бір тілдік қолданыстар болып табылады. [17, 25 б.].

Қазақ дүниетанымында уақыт пен кеңістіктің өлшемі *заман* ұғымының айналасында өрбиді. Қазақ дүниетанымында *заман* ұғымы *дүние* концептісімен бірдей қабылданады. Мәселен, *бұл заман* деген тіркес қазіргі дүниені, осы өмірді білдірсе, *бір заман*, *баяғы заман*, *атам заман*, *бағзы заман* деген тіркестер ежелгі дүние, ертедегі тіршілік дегенге саяды. *Заман* ұғымының философиялық болмысы туралы жазған отандық философ Д.С.Раевтың пайымдауынша, қазақ дүниетанымындағы *заман* ұғымы олардың өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік уақыт пен кеңістік өлшемін білдірген, басқаша айтқанда, заман адам баласының бір ұрпағы көлеміндегі әлеуметтік кеңістік пен әлеуметтік уақыттың тұтастығын бейнелеген. Сондықтан қазақ лексикасында заман үш шаққа бөлініп, *өткен заман*, *осы заман*, *келер заман* деген сөз тіркестері болған. Бұқар жырау «қилы заман» десе, Шортанбай өткенді аңсап «зарзаман» деген. «Зарзаман» ағымының өкілдері бұрынғы төл мәдениет үлгілерін дәріптеді. Отаршылдық әрекеттің күшейе беруі халық наразылығын туғызды. Бұл өлең-жырларда тұйыққа тіреліп, қол-аяғы кісенделіп, бодандыққа түсе бастаған елдің тағдыры мен болашағы туралы толғаулар көрініс тапқан. Осы ағымның көрнекті өкілі Шортанбай:

*Заман қайтып озалсын?
Адам қайтып қуансын?
Жандарал болды ұлығың,
Майыр қалды сыйлығың
Айырылмастай дерт болды,
Нашарға қылған зорлығың... деп зар айтса, Мұрат ақын:
Еділді тартып алғаны
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны
Ойындағысының болғаны, - деп жырлайды.*

М.Әуезов «зарзаман» туралы былай деп жазады: «Сыртқы өмірдің осы сияқты себептерінен қазақтың ойына уайым араласқан, көңілі жабығып, сөзінен, өлеңінен, әнінен бұрынғы билік, еркелік, еркіндіктің бәрі де арыла бастап, оның орнын арман, зар-шер, қайғы басқан» [18].

Ақын-жыраулар тілін зерттеген Г.Абылова қазақ дүниетанымында әмбебеп *уақыт* ұғымының «заман» контекстінде айқын көрініс табатындығын когнитивті қырынан қарастыра отырып былай деп жазады: «Заман» концептісінің қазақ халқы үшін жағымды бағалауынан гөрі жағымсыз бағалауы басымдау екенін байқауға болады... Ақын-жыраулардың бейнелі-поэтикалық дүниетанымында «заман» концептісі аумалы-төкпелі кезеңнің, қазақ халқының ұзаққа созылған жаугершілік өмірін танытатын тілдік категория болып табылады» [19].

Діни нанымда «ақырзаман» деген түсінік бар. Ауыз әдебиетінде «ақырзаман» ұғымы адамның күйзеліске ұшырауы, тығырыққа тірелуі деп түсіндіріледі:

*Ақырзаман адамы аласа туады,
Аласа туса да таласа туады,
Құлық-сұмдық ойлай туады,
Жамандыққа бойлай туады
Итере салсаң жығыла кетеді.
Итсе бозаға тоймайды,
Боқтап түгіңді қоймайды (Ыбыраев Ш. Эпос әлемі).*

«Ақырзаман» адам баласының және бүкіл әлемнің ең соңғы тағдыры туралы ерте замандардан бері қалыптасқан түсінік (ҚӘТС). Бұл діни наным бойынша, жер бетінде имансыздық пен зұлымдық ниеттің басым күш алуы ақырзаманды, яғни адамзат ұрпағының түгелдей апатқа ұшырау сәтін жақындатады-мыс. «Ақырзаман» туралы мұндай түсінік дүниедегі ірі діндердің (ислам, христиан, иудей т.б.) бәрінде де бар. Сондықтан ақырзаман ұғымын **діни (теологиялық) уақыт** тұрғысынан да қарастыруға болады.

Мұның бәрі *заман* ұғымының әлеуметтік уақыт пен әлеуметтік кеңістікке қатыстылығына дәлел [20, 16-31 б.].

Қорыта келгенде, жоғарыдағы *өткен заман, осы заман, келер заман* ұғымдары қазіргі тіліміздегі *өткен шақ, келер шақ, осы шақ* түрлеріне сараланатын құрылымдық жүйедегі грамматикалық шақ категориясының қалыптасуына негіз болған. Уақытты мұндай үш кезеңдік тұрғыдан сипаттайтын тілдік дәстүр қазақ тілінде ғана емес, бүкіл әлем тілдерінде осы жүйеде қалыптасқан. Бұл уақыт пен кеңістікке қатысты, сонымен қатар басқа да ұғымдық категориялардың барлық халық дүниетанымында бірдей болғандығын білдіреді. Бірақ мұндай жалпыхалықтық, адамзаттық дүниетаным бірдей болғанмен, оны танып білуде әр ұлттың өзін басқа ұлттан дараландыратын өзіндік дүниетанымдық ерекшеліктері болады.

1.2 Қазақ дүниетанымындағы «уақыт» ұғымының ғарыштық негіздері

Дүниетанымдық тұрғыдан батыс философиясы мен шығыс философиясының өзіндік ерекшеліктері бар. Батыста философия ғылыми танымға, парасатты білімдер жүйесіне, нақты ғылымдарға тікелей сүйенсе, шығыс философиясында сезімдік-бейнелі таным, жеке индивидуалды түсініктер басым. Шығыста дүние туралы түсініктер алғашында аңыз-әңгімелер, мифтер түрінде таралды, адамды табиғаттан тыс, бөле-жара қарамады. Адам өзін табиғатқа, әлемге тәуелдімін де санады. Адам мен табиғат, табиғат пен Құдай мәселелері бір-бірімен үйлестіріле қарастырылды. Адам мен дүниені қатар қойды. Адамның болмысын дүниеден, әлемнен іздеді. «Ертедегі ойшылдар кең, шексіз әлемді тұтас тірі жанға, Үлкен адамға баласа, адамның өзін кең дүниемен теңестіреді. Осы ұқсастық арқылы дүниені жасаушы тұтас бір алып күш іздестіріледі. Тұтас бір алып күш дүниенің бүкіл құрамына таралды, ал бүкіл әлем бір тұтастыққа сияды деген наным-сенім туындады. «Бәрі де біртұтас» деген болжам-тоқтам Жасампаз күшті іздестіруге және тұтас нәрсенің қарама-қарсы жақтарын қарастыруға әкеп соқты. Дүние мен адам қарым-қатынасы туралы мифологиялық діни көзқарас пен білімнің элементтері бір-бірімен тоғысып, содан түрлі түсініктер сабақтасып жатты» [21, 61 б.].

Қазақ тіл білімінде ұлттық дүниетанымның ғарыштық сипаты туралы мәселелер философия, мәдениеттану салалары бойынша жазылған ғылыми еңбектерде айтылып жүр. Дегенмен, қазақ Космосының моделін зерттеу ісі енді-енді қолға алынып жатыр десек болады. Бұлардың ішінде тілге тиек ететін маңызды жұмыстар қатарына Г.Гачевтің «Қазақ космосына саяхат», Ж.Каракузова мен М.Хасановтың «Қазақ мәдениетінің космосы», А.Галиевтің «Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы» атты сүбелі ізденістерін жатқызуға болады [22, 92 б.].

Белгілі отандық философ А.Наурызбаева қазақ тілінің дүниетанымдық негізінде еуропалық антропоцентристік бағыт нышандарынан гөрі, әлемді «өзімдікі және өзгенікі» моделі бойынша біртұтас (адам-әлем-табиғат) деп қабылдайтын ғарыштық (космостық, космогониялық) таным жатқандығын айтады. «Разговор о концепте гуманизма в его антропологическом модуле для

традиционной казахской культуры не уместен, ибо в ее ментальной составляющей господствует парадигма целостности мира и человека. Созерцательность как доминирующая форма мировосприятия не центрирует «Я» познающего, а живет в модусе «Я – Ты в мире Единого» [23, 22 б.].

«Егер батыстық мәдениет үшін ғарыш пен табиғат адамдық мақсатқа сәйкес әрекеттің объектісі және сол себептен тұлғадан тыс тұрса, онда ол көшпелілер үшін әрекеттенуші тұлға болып табылады. Ғарыш суық әрі шексіз кеңістік емес, адамдық дүниенің мәңгілік кепілі ретінде түсініледі. Адам ғарыштың бір бөлігі болғандықтан, ол қоршаған ортаның түрлі қасиеттері, кескін-келбеті, болмысы туралы ой толғамай, бейтарап қала алмайды. Ғасырлар бойы сұрыпталған халық даналығында **барша ғалам біреу** ғана деп есептеледі, ал **адамдар – тұтас табиғаттың құрамдас бөлігі** деп танылады» [24, 60 б.].

«Шығыс философиясы батыс философиясы туындатқан «субъект-объект» схемасымен қозғалмайды, оған «адам мен әлем» байланысы маңыздырақ және ол жерде табиғат өзіндік қасиетке ие болады» [25, 462 б.].

Қазақ халқының (түркілер, көшпелілер) о басқы дүние, әлем туралы ойлары еуропалық «адам» контексінде (антропоцентристік) өрбімейді. Көшпелілер үшін адам – табиғаттың бір бөлшегі ғана. Өйткені, табиғат – түркілер үшін абсолюттік және мәңгілік дүние бастауы, бірден-бір ақиқат болды. Адамдарға алғашында табиғат заңдарына мойынсұнып, қалтқызыз бағыну қажет сияқты көрінді.

Кесте 5 – Батыс және Шығыс халықтарының дүниетанымдық негіздері

Батыс	«Адам» контексі	«Мен»	Ғарыш пен табиғат адамға қызмет етеді	«Субъект-объект»
Шығыс	«Ғарыш» контексі	«Адам- Әлем- Табиғат»	Адам – ғарыштың, табиғаттың бір бөлшегі	«Өзімдікі және өзгенікі»

Көшпелілер өмірінің басым бөлігі кеңістікті игерумен байланысты болғандықтан, олардың өмір туралы дүниетанымы космоспен біте қайнасып жатқан. Олар өздерін ерекше тіршілік иесі ретінде әлемнен бөліп қарамаған. Әлемді шеңбер түріндегі жалпақ кеңістік ретінде, яғни ғарышты дөңгелек әлем бейнесінде қабылдаған. Шексіз әлемді халық даналығы нұрлы аспан бейнесі және оған пара-пар келе алатын адам бейнесі арқылы жеңе білді, және адам өмірі шексіз деп түсінді. Жан ұшып аспанға барады, ол мәңгілік деп қабылданды. Қазақ киіз үйіндегі шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол іспеттес. Жоғарыдан төмен қарағанда киіз үйдің шаңырағы – күн, ал уық-керегелері оның сәулелеріне ұқсас. Халық санасындағы фәни дүниеден нұр жауып тұрған аспанға ұмтылу идеясы киіз үй құрылысынан да көрініс тапқан.

«Әлемді түрік тайпалары шексіздік ұғымында түсінген және ол өз құрылымы жағынан көшпелілердің отауы – киіз үйге ұқсас. Жеті қабат Жер бар делінеді, онда Көк Төбе орналасқан, Көк Төбеде Көк Терек өсіп тұр, ал ол Көк күмбезді тіреп тұр. Бұл киіз үйдің кереге, уық, және шаңырағымен ұқсас келеді» [26, 71 б.]. Қазақтың әлем туралы түсінігінде Көктеректің тамырлары жер астына орналасқан. Бұл әлемдік ағаш күш-қуат пен нәрді төменгі дүниеден алады. Өзі ортаңғы дүниеде бой түзеп, биіктігі аспанға дейін жетеді. Қазақ ертегілерінде ертегі қаһармандары алып бәйтерекке өрмелеп, Аспан денелеріне жете алатын болған. Алып бәйтерек-әлемдік ағаш Жер мен Аспанды байланыстырушы қызмет атқарған, яғни жоғарғы және орта дүниені төменгі дүниемен байланыстырған. Және бұл Әлемдік ағаш **әлемнің тік бағытты құрылымын** білдіреді. Әлемдік ағашты тік бағыт бойынша төменгі, ортаңғы, жоғарғы бөліктерге бөлшектеуге болады, олар – *тамыр, бағаны, ұшар бұтағы*. Олар дүниенің үш бөлігі (Жер асты, Жер беті, Аспан) ретінде түсініледі [27, 40-50 б.].

Түркілер түсінігінде «Көктәңірі – адам – жер» – біртұтас құбылыс, яғни Адам – Жер мен Көктің қосындысы. Осы түсінікпен байланысты түркілер түсінігінде әлем үш бөліктен тұрады: жоғарғы әлем (Көк, аспан), ортаңғы әлем (Жер), төменгі әлем (Жерасты). Қазақтарда осындай модельдің болғандығына мына бір аңыз дәлел: «Көктің өз тұрғындары бар, олар адамдар, олардың белбеулері мойнында оралған, біз жердің ортасында тұрамыз және белбеуіміз денеміздің ортасында тұрады. Өз күні, айы мен жұлдыздары бар жерасты адамдары белбеулерін аяғында ұстайды» [28, 99 б.].

Сол сияқты Орхон-Енисей жазбаларында: «Жоғарыда көк аспан, ал астында қара жер жаратылған кезде, олардың ортасында адам баласы жаратылды. Адам балаларының үстіне патша болып менің бабаларым Бумын қаған мен Естеми қаған отырды. Патшалыққа отырған соң олар мемлекетті қорғады және түрік елінің заңдарын жасады» делінеді.

Сонымен **жоғарғы, орта, төмен моделі** көшпелілер үшін әлемнің үш бөлігі ретінде қабылданды. Мұндай киелі үштік қатынасты қазақтар дененің үш бөлігімен де байланыстырады. Мысалы, бас – күн (бұл киіз үйдің шаңырағына сәйкес келеді), кеуде – күн сәулесі (бұл киіз үйдің уықтары), аяқ – жер (кереге).

Кесте 6 – Көшпелілер дүниетанымындағы әлемнің үш бөлігі

Жоғарғы әлем	Бас	Аспан	Тәңір және аспан адамдары	Күн	Киіз үйдің шаңырағы
Ортаңғы әлем	Кеуде	Адам (жер)	Адамдар тұрағы	Күн сәулесі	Киіз үйдің уықтары
Төменгі әлем	Аяқ	Жер (жерасты)	Жерасты құдайы және өлім	Жер	Кереге

Жоғарғы әлемде Тәңір (Аспан) және аспан адамдары жүреді. Орта әлем – адамдар тұрағы (Жер), бұнда су ағады, осыдан екіжақты табыну пайда болады. Орта әлем Жоғарғы әлемге тәуелді, сондықтан Жер-Су бүтіндей Тәңірге тәуелді. Көшпелілердің дүниетанымында бұл екі әлем ерлі-зайыптылардай бір-бірінен айырылмайды, Тәңір – әрқашан еркек бейнесінде түсініліп, аспан-әке аталған және тік, жоғарыға қарай бағытталған еркектік бастау. Ал Жер-Су – көлденең бағытта аналық бастау болып танылған. Жердің анамен теңестірілуі оның жеміс беру қабілетімен байланысты болған [29, 375 б.]. Өлген соң адамдардың жаны Орта әлемде қырық күн болады да, содан соң Төменгі әлемге кеткен.

Көшпелілердің түсінігінде табиғат та, адам да, оның тарихы да мәңгілік. Тарихи түсінігі осы мәңгілік өлмейтін тарих ішіндегі **қозғалысқа** негізделген. Көшпелілердің өмір салты да кеңістікте жайылым жер үшін үнемі қозғалып жүрумен байланысты болған. Шығыстан батысқа, оңтүстіктен солтүстікке қарай дала бойымен қозғалған.

Көшпелілер әлемді Әлемдік ағаш, Әлемдік тау, Әлемдік өзенмен байланыстырған. Мысалы, Жоғарғы әлем ағаштың ұшымен, таудың шыңымен, өзеннің бастауымен, ал Төменгі әлем ағаштың тамырымен, өзеннің сағасымен байланыстырылады. Әлемдік ағаш пен Әлемдік тау бейнелері көбінесе бірлікте қаралады. Әлемдік су көшпенді өмір салты сияқты **дүниенің қозғалысын** білдіреді.

Көшпенді үшін жер шеңбер тәрізді домалақ болып түсінілді. Аспанды да көшпенділер жоғарыдан төңкеріліп тұрған домалақ **шеңбер** түрінде қабылдаған. Киіз үй кеңістігінің де дәл аспан әлемі сияқты жоғарыдан төменге қарай төңкеріліп жатуы да олардың арасындағы микроәлем мен макроәлемнің ғаламдық сабақтастықтығында жатыр. Көшпелілер осы шеңбер ішінде даланың ғарыштық кеңістігімен айналып қозғалып отырды. Олардың қозғалысы кеңістікке бағытталған.

Дөңгелек олар үшін неғұрлым жетілген форма болып, шеңбер бойынша қозғалу да неғұрлым жетілген өмір салты ретінде қабылданды. Кеңістікті ғана емес, уақытты да көшпелілер мәңгілік шексіздік деп түсінді. Дөңгелек дегеніміз – бір нүктенің сыртынан екінші нүктенің айналуы. Мысалы, Ай Жерді, Жер Күнді, Күн Галактика осін айналып жүреді. Шеңбер мен нүкте қайталау заңы бойынша спираль жасайды. *Уақыт* ұғымын көшпелілер түзу сызық түрінде емес, шексіз спираль бейнесінде түсінген. Яғни көшпелілер түсінігіндегі *уақыттың спираль бойындағы ағымы кеңістіктегі қозғалысты бейнелейді*.

Сонымен, көшпелілердің дүниетанымын екі бағытта қарастыруға болады: Бірі – **әлемнің тік бағытты құрылымы**, екіншісі – **көлбеу құрылымы**. Оның *біріншісі* – Жерасты-Жер-Аспан (мұны кейде Жер-Адам-Аспан деп те айтады) құрылымы, екіншісі – кеңістікпен (қозғалыспен) байланысты.

Көшпелі өмір салты тек қазақ халқына ғана тән дәстүр емес, әлем халықтарының бастапқы өмір сүру салты десек те, көшпелілік салтын сақтап қалған қазақтар үшін көшпелілік тек мал шаруашылығымен ғана байланысты

емес, ол әлеуметтік кеңістікті ұлғайтып, жаңа территорияны игерумен қатысты. Бірақ, қазақтардың көшпелі тұрмысы басқыншылық мақсатты көздемеген. Көшпелі қазақ малдың соңында ығып жүре бермеген. Олардың әлеуметтік кеңістігі тұрақты болған, қыста қыстауға, жазда жайлауға көшкен, олар жайдан жай көше бермеген, олардың өмір сүруінің негізгі тірегі – малы болғандықтан, малының жайына қарай қозғалған. Табиғат жағдайларына бейімделе отырып, көшпелілер шаруашылықтың тиімді тәсілдерін қолдана білген.

Көшпелілердің өмір салты кеңістіктен өз малына қолайлы жайылымдық жерлер іздеумен байланысты болғандықтан, олар үшін *кеңістік* ұғымы ерекше сипатқа ие. «Кеңістік пен уақыт антикалық натуралистік доктриналарда – дүние жаратылысының бастауы ретінде көрінеді (Демокриттік бос кеңістігі), теософиялық әлемдерде кеңістік – Құдайдың сезім тұрағы ретінде түсініледі; Канттық түсініктегі трансценденталдық жүйеде кеңістік пен уақыт – жай қабылдаудың априорлық формасы дәрежесіне дейін көтеріледі; диалектикалық материализмде кеңістік пен уақыт – материяның жалпылама өмір сүру формасы ретінде қарастырылады, ал қазақтардың дәстүрлі дүниетанымында кеңістік пен уақыт – болмыстың құрамдас бөлімі ретінде алынады» [30, 10 б.].

Көшпелілердің ұлттық дүниетанымында уақыт пен кеңістік ажырытылмай, біртұтас ұғым ретінде қаралды. Өйткені көшпелілер кеңістікте еркін орналасу мен еркін қозғалуды, яғни белгілі бір территорияда мәңгілік тұрақтап қалмауды көздеген. Олар үшін кеңістіктің тар не кең болуы маңызды емес, олар кеңістікті жайылылығы мен тиімді, қолайлылығына қарай таңдаған. Сөйтіп, өз қажеттіліктеріне қарай кеңістікте көшіп-қонып, үнемі қозғалыста, жолда болған. Соған орай көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үйлерді ойлап тапқан.

Көшпелілер кеңістікті жайылымдық жер үшін ғана қажет етпеген. Олар ата-бабаларының мекен еткен жерлерін қатты бағалаған. «Ата қоныс» ұғымы – көшпелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындау. Ата қоныстың әрбір тауы, өзен-көлі халық санасында киелі жерлер деп есептелген. Сонымен қатар әлемді біртұтас, адам табиғаттың бір бөлшегі деп түсінген олар кеңістікті шексіздік мәнінде ұққан, шексіз кеңістіктегі уақыт та шексіз, адам өмірі де, яғни жан, рух ешқашан өлмейді. Шексіз кеңістік аясындағы қозғалысты өмір сүрудің кепілі ретінде қараған, сондықтан бір жерде тұрақтамаған. Өзін әлемнен, табиғаттан бөліп қарамағандықтан, онымен үнемі бірге болуға тырысқан. Киіз үйдің жоғарғы жағынан көк аспанды көріп отыру үшін **шаңырақ жабуын (түндік)** ашпалы-жаппалы етіп жасаған. Дала, табиғат, аспанды тұтас макроәлем ретінде танығандықтан, баспанасы-киіз үйді де сол әлемге ұқсатып жасаған. Әлем туралы үштік ұғым киіз үй құрылымында да көрініс тапқан.

Ғасырлар бойғы эволюция барысында қазақ әрқашан табиғатқа қайта оралып отырды. Қоршаған табиғат – оған бағыныштылыққа орай діни сезім тудыратын бастапқы нәрсе. Малшы-көшпелінің табиғатқа толық бағыныштылығы құдыретті, тылсым күштерді қастерлеуге, әулиелендіруге

әкелді. Көшпелілер барлық қайғы-қасіретті пәле-жаланы, ауру-сырқауды көктің жазалаушы күшімен ұштастырды және барлық үмітін де Көк Тәңірімен байланыстырды.

Азиялық көшпелілердің табынушылық өмірінде **Аспан құдайының** (көктің) рөлі мен маңызы ерекше болды. Бұл діни наным «Тәңіршілдік» (Тенгрианство) деп аталады.

Кесте 7 – Көшпелілердің діни дүниетанымы

Тәңір-шілдік дүниетаным →	Тәңіршілдік табиғатпен мақұлдады, табиғаттың жалғастырушысы танылды. →	адамның бірлігін адам – ретінде	Аспан әлеміне табыну (ғарыштық) → Аспан әлемінің қимыл-қозғалысын бақылауға әкелді.	Уақыт пен кеңістікке қатысты білімдерден → атаулары қалыптасты.
---------------------------	--	---------------------------------	---	---

Табиғатты Құдай деңгейіне көтеру көне мифтер мен ежелгі діндердің дүниетанымдық ерекшелігі болды. Көк Тәңірі – түріктердің басты Құдайы, оның рақымымен елді билеген қағандар «Аспанда туған және Күнмен, Аймен нұрланған» деп аталған. «Аспанда туғандар» жерге түсетін, жерде оларға қаған мәртебесі берілетін, олар жоғарғы билікті алып, билеушілерге айналатын. Қаған болу үшін оларды Аспан (Тәңір) басқарады деу жеткілікті негіз болып табылатын» [29, 371 б.]. Руна жазуында: «Аспан өзінің (аспан) биігінен менің әкем Елтеріс қаған мен шешем Елбегі қатынды басқарып, оларды (халыққа билеуші етіп) көтерді» дейтін жолдар бар [31, 37 б.].

Түрік жазуларында түріктердің барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Арабтар Орта Азияны жаулап алғанға дейін қазақтар Тәңірге (аспанға) табынды. Қазақтардың бұрыннан қалыптасқан Тәңірге табыну салты ислам идеясымен сабақтасып, халықтың наным-сеніміндегі Тәңірі – Алла ұғымымен бірігіп, бір ғана құдыреттің барлығын танытады. Көктәңірілік сенімнің негіздері тасқа қашалып жазылған сан ғасырларға жеткен Орхон-Енисей ескерткіштерінде шынайы көрініс тапқан.

Орхон-Енисей ескерткіштерінің мәтінінде басынан аяғына дейін Тәңіршілдік туралы айтылады. Төмсеннің ең алғаш оқыған сөзінің өзі осы Құдай, аспан мағынасындағы «tangri» сөзі болған. Бұл жазу үлгісі халқымыздың дүниетанымы мен мәдениетін, тарихын танып білуде маңызды рөл атқарады. Түріктер тауларды пір тұтқан және олар биік шынды (Хан тәңірі және Тянь-Шань) Тәңірі тауы деп атаған.

Қазақ халқының ежелгі дүниетанымында өлген соң оның жаны аспанға ұшады, денесі жерге көміледі, жан өлмейді, Тәңіріге қайта қайтады (қайта туады) деп түсініліп, адам өмірі ереше дәріптеледі. Осы дүниетаныммен байланысты қазақта өлген адамды *қайтыс болды, өмірден қайтты* деп айтады.

Бұл ислам дінінде де адам өмірінің шексіздігімен сипатталады. Фәниден бақиға өту, бұл дүниеден кету дегеніміз – жанның бір формадан екінші формаға ауысуы, оның нұрға айналуы. Түркілер танымында ажал түсінігі жоқ, олар өздерін Көк Тәңірінің үкімін орындаушысымыз деп есептеген. Өлімнен қорықпағандықтан таңғажайып ерліктер жасаған. Халық елдік пен ерлік үшін үлгі көрсеткен тұлғаларды «Тәңірі», «Күн» деп атайтын болған. Күлтегін жазуларында түркі қағаны «Тәңірідей, тәңіріден жаралған» деп суреттеледі.

Белгілі философ Ж.Алтаев мұндай көнетүркілік дүниетанымының тіпті Ежелгі грек философиясына да тікелей әсерін тигізгендігін атап көрсетеді [32, 6 б.].

Түрік халықтарының мәдениетінде Аспанмен қатар оның **шырақтары** да Құдай деңгейіндегі құдыретті, қасиетті құбылыс деп танылған. Ертегілердегі Күнсұлу, Күн астындағы Күнекей қыз бейнелері, сонымен қатар Арыс өзенінің бойындағы Алтынтөбедегі «алтынбастылардың» кескіндері, Саймалы-Таш, Тамғалы, Ешкіөлмес аңғарларындағы басы күн тәрізді құдайлар мен адамдардың петроглифтік суреттерінің табылуы **Күн** мен Адамның тығыз байланысын көрсетеді. Қазақстан Республикасының елтаңбасында да Алтын адамның бас киімінде нұрын шашып тұрған күн бейнеленеді.

Сондай-ақ көшпенділер үшін Айдың да маңызы зор болған. **Ай** көне түрік мәдениетінде Күннің орынбасары, әйел құдайы ретінде танылған. Ш.Уәлиханов зерттеулерінде қазақ халқының Айды Құдай тұтқандығы туралы айтылады. Қазақтар әр ай сайынғы Айдың жаңарып отыратынын байқаған. Айдың тууына қарай алдағы айдың жайлы-жайсыздығын болжаған. Мұсылмандықта Ай діни таңба қызметін атқарған. Мұсылмандар зираттарына Ай белгісін қоюдың мәні – ол әруақтар дүниесімен жалғастыратын белгі болып саналған.

Ай – қазақ дүниетанымында әдемілік пен сұлулықтың символы. «Толған айдай», «туған айдай толықсу» тіркестері пісіп жетіліп тұрған сұлу қызды сипаттауға арналған қолданыстар болып қалыптасқан. Әсіресе, қазақ эпостарында Қыз Жібек, Гүлбаршын т.б. сұлу қыз бейнелерінде осындай қолданыстар жиі кездеседі.

Күн мен Ай сияқты көшпелілер дүниетанымында **Жұлдыздардың** орны да айрықша болған. Жұлдыздар тұрақтылық пен тәртіптің символы болған. Қазақтар жұлдыздар жердегі адамдардың тағдырына әсер етеді деп сенген. Жұлдыз аққанда жер бетіндегі адам өмірі аяқталды, бір адам өмірден қайтты деп түсінген. Қазақтарда жұлдызға қатысты «жұлдызы жанған» деп бақытты, жолы болған адамды айтады. Қазақ алақанына салып аялаған баласын «күнім», «айым», «жұлдызым» деп еркелеткен.

«Оғызнаме» эпосында Оғыз қаған өз балаларының атын Көк, Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп қойған. Күн, Ай, жұлдыздар түріктердің түсінігі бойынша, Көк тәңірінің ең жақын қолдаушылары болған және олардың сәулесі адам үшін нұр деп есептелген [26, 70 б.].

Аспанды Құдай деп қастерлеу тек түрік халықтарының мәдениетінің еншісі емес. «Шумерлер мен ертедегі түріктер сияқты қытайлар да аспанды аса

күдірет тұтқан және өз елін «Аспан астындағы империя» деп атаған. Осы құдыретті табиғи-ғарыштық күштердің орталығында «мінсіз ақылды адам» тұр. ...Конфуцийлік ілім бойынша, қоғамдық құрылым бүкіл ғарыш сияқты тұрақты және аспан әмірімен әр нәрсе өзінің белгілі орнын алады» [26, 37 б.]. Қытай тілінде «аспан» (тэнь) деген термин космостың үштігін – «аспанды, жерді, адамды», сондай-ақ космостың тұтас бір бөлімі «табиғатты» білдіреді [21, 61 б.].

Мұндай космостық дүниетаным ежелгі грек мәдениетінде де көрініс тапқан. «Мифологиялық грек мәдениетінің негізгі ерекшелігі – оның синкреттік тұтастығы. Бұл мифологиялық санада субъект пен объект, ұғым мен бейне, адам мен табиғат бір-бірінен бөлінбеген, олардың арасында үйлесімділік бар (кейінірек грек философиясында ол макрокосмос пен микрокосмостың гармониялық тұтастығы идеясы болып қалыптасты). Грек мифологиясының тағы бір өзіндік көрінісі ондағы табиғатты Құдай деңгейіне көтеріп, оларды адамға жақындатуымен байланысты» [26, 38 б.].

Кейбір еңбектерде шаман – тәңірлік діннің абызы деп көрсетіліп, тәңіршілдік мен шаманизм (бақсылық) екеуі бір нәрсе делінеді. Кейбір зерттеушілер бақсылық дінге жатпайды, себебі онда Құдай туралы түсінік жоқ, ол адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімдікке сүйене отырып, магиялық әрекет жасау дейді. Белгілі отандық философ Т.Ғабитов: «Көк Тәңірі бақсы сияқты рухтарды (аруақтарды) пайдаланбайды, дұғалап сиқырламайды, ол тек аспан еркін ғана хабарлайды», - деп шамандық пен Тәңіршілдік екі басқа дүние деген тұжырым жасайды [24, 226 б.]. Ш.Уәлихановтың пікірінше, шаманизм ырымшылдық пен сенім-нанымның адамның виртуалдық (тылсымдық) дүниесіне әсер етудің ерекше бір дәстүрі болып табылады.

Тәңіршілдік адамның табиғатпен бірлігін мақұлдады, адам – табиғаттың жалғастырушысы ретінде танылды. Тәңіршілдік көшпелілер дүниетанымның негізін құрайды және тәңіршілдік дүниетаным (ғарыштық) бізге аңыздық сюжеттер, мифтер, ертегілер, архетиптер, халық бейнесі арқылы жетті.

Халқымыздың қоғамдық ой-санасының, дүниетанымның, ұлттық болмысы **мифтерден** бастау алады. Халықтың наным-сенімі, «әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен бірге туып, бірге жасасқан мифтің қоғамдық сипаты оның осы дүниетанымдық қызметінен көрінеді. Сондықтан миф тіршілік, жаратылыс туралы концептуалды ақпараттардан тұрады.

Мифология – адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. Мифтер барлық халықта болды, кейін келе мифология дінге, одан философияға ұласты. Қазақ арасында сақталған мифтерде көшпелі өмір салтына негізделген көріністер жалпы дүниеге, оның ішінде аспан денелерінің қасиеттері мен қимыл-қозғалыстарына негізделген. Көшіп-қонған ел үнемі қозғалыс үстіндегі аспан денелері ретінде танылған.

Қазақ мифтерінде аспан денелерінің бір кезде адам болғандығы, және олардың қазірде де сол адамдардың іс-әрекетін қайталап жүргендіктері туралы ақпараттар беріледі. Мысалы, *Жетіқарақшы жұлдыздары Арқан*

жұлдыздары арқылы Темірқазыққа арқандалған Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздарын ұрлап алу мақсатында әр түн сайын торуылдап жүреді екен. Енді ұрламақ болғанда, таң атып кетіп, күндіз ұрылар жасырынып үлгіреді. Солтүстік полюс бағытында жақын орналасқандықтан Темірқазық жұлдызы әрқашан бір орнында тұрады да, қалған жұлдыздар жердің өз осін айналуына байланысты қозалыста жүреді. Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздары Темірқазықты жақындау жерден, ал Жетіқарақшы алысырақтан айналады».

Сондай-ақ тағы бір миф бойынша, Ай мен Күн асқан сұлу қыздар екен, бір-бірінің сұлулығын қызғанып, Күн Айдың бетін тырнап алыпты, содан Айдың бетінде дақ қалып қойыпты. Осы оқиғадан кейін олар бірге жүрмейтін болыпты, бірі күндіз, екіншісі түнде ғана шығады екен.

Тағы бір мифте: Жігіт бейнесіндегі Ай жердегі жетім қызға ғашық болыпты. Жетім қызды өгей шешесі түнде су әкелуге жұмсайды. Қыз суға барса, ғажайып бір сұлу жігітті көреді. Сөйтсе ол су бетіне шағылысқан Айдың бейнесі екен дейді. Қыз Айға жалынып, өзін алып кетуді сұрайды. Содан Ай бетіндегі қолына шелек ұстаған қыздың бейнесі осы мифтен көрініс тапқан.

Бұл айтылған мифтердің барлығында да аспан денелері бір кезде адам болған деген түсінік қалыптастырады. «Мифтер, ертегілер, аңыздар көшпенді қоғамның іргетасы тұрған әлеуметтік тәртіптердің, дәстүрлердің сақтаушысы және сақшысы рөлін атқарады» [33, 192 б.].

Аспан әлеміне табыну көшпелілер өмірінде маңызды рөл атқарды, халық оған табынып қана қойған жоқ, Аспан құдыретін өздерінің тұрмыс-тіршілігіне де пайдаланды, Аспан әлемінің (Жоғарғы әлем) қимыл-қозғалыстарын танымдық-ақпараттық құрал ретінде ұстанып, мұқият бақылай отырып, уақыт пен кеңістікке қатысты білімдер алды. Халықтық дүниетанымда дүние дегеніміз – заттар мен құбылыстардың біріктірілген жинағы емес, **дүние – біртұтас, яғни дүние адаммен іштей қосылған.** Халықтық дүниетаным ғарышты жат күш ретінде емес, қайта өзіне етене жақын табиғилық шарт түрінде қабылдайды. Шексіз кеңістікте өзімен-өзі және табиғатпен жеке қалған адам онымен ортақ тіл табыса алған, Темірқазықты бағдар алып, жолынан адаспаған, жұлдыздарға қарап кеңістік пен уақытты болжай білген.

Ұлы даланы олар тіршілік көзі, ал сол далада еркін қозғалу, жол жүру, көш олар үшін өте құнды болған. Жол жүру, көшіп қону әрекетінде олар үнемі табиғатты игеріп отырған. Олар жыл маусымдарымен санаса отырып, өздерінің мекен-жайларын белгілеп отырған. Табиғатпен тіл табысу арқылы, яғни табиғат құбылыстарын меңгерген сайын өмір сүру мүмкіндіктерінің молаятынын түсіне білген. Өмір сүру әрекетінде олардың уақыт пен кеңістікке қатысты таным-түсініктері де тұлғаланып отырған. Басқа халықтардан ерекшелігі көшпелілер кеңістікті өмір сүру кілті ретінде таныған, осы орайда көшпелі өзін қоршаған ортаны әлемдік кеңістікпен бірлікте қарастырып, сол кеңістікті уақыт заңдылықтарына бағындыра білген. Бүкіл ғұмырын табиғат аясында өткізген көшпелілер үшін даладағы негізгі мекен – Көк пен Жер арасындағы байтақ

кеңістік болғандықтан, өздерін қоршаған кеңістікке қатысты уақыт межесін циклдік тұрғыда *өмір мен өлім, күн мен түн, қыс пен жаз т.б* арасындағы сабақтастықты зерттейтін өлшем ретінде қабылдаған. Табиғат құбылыстарын еркін меңгергендіктен, астрологиясыз-ақ жұлдыздарды айырған, метрологиясыз-ақ ауарайын пайымдап, математикасыз-ақ уақыт өлшемдерін, қашықтық өлшемдерін тани білген. Мал соңында жүрген әрбір қазақ еркін далада сағат тілінсіз-ақ таңның атысы мен күннің батысын, жаңа ай ауысуын, күн мен түннің теңелетін кезін, сол сияқты ауарайының сан алуан құбылыстарын, күннің суытатынын, судың таситынын, жаңбырдың жауатынын т.б. алдын ала болжап, алдын алып отырған.

Көшпелі аспан денелерінің орналасуын жақсы білген. Көктемгі күн мен түннің теңелетін Наурыз мейрамының алдындағы бес күнде жоғарғы күшке бағыттап, бақсылардың жәрдемімен тасаттықтар жасап, құрбандықтар шалып отырған.

Тіпті қазіргі қазіргі қазақ күнтізбесінде де уақытты табиғи тұрғыдан түсіну көрініс тапқан. «Шілде айы жылдың ыстық айы ретінде белгілі болса, желтоқсан оған мүлде қарама-қарсы, ал бұлардың мағынасы аптап пен қарлы боранды білдіреді. Көк шығыр – көкек (құстардың оралу уақыты), молшылық – мамыр (жаңару кезеңі), жаңбырлы – тамыз, қазан – шөптің таусылуы (дәнді дақылдар мен жеміс-жидекті жинап алу кезеңі), қаңтар – күннің қысқарылуы, қаңтарылуы, үсік жүретін – қыркүйек айларының атауы жайлы да осыны айтуға болады» [10, 104 б.]. Енді бір еңбектерде: «Көкек – құстың оралып келу мезгілі; мамыр – тірі жандардың семіріп, түлейтін кезі; отамалы – малдың тоятын уақыты; қыркүйек – күйек байлайтын кез; қазан – шөп бітіп, жер қараятын кез; қаңтар – күннің қаңтарылатын кезі» [24, 140 б.].

Шексіз далада мал бағу, түнде жиі жолға шығу төрт құбыланы анық аңғаруды, жұлдызды аспан астында сезімталдықпен бағдарлауды талап етті. Табиғат құбылыстарын мұқият бақылаудың нәтижесінде халық санасында кемелденген астрономиялық, метеорологиялық, жалпы жаратылыстанулық білімдер жүйесі қалыптасты. Мұнымен халық арасында зор беделі бар адамдар шұғылданды.

Жұлдызды аспанды жақсы білген халық дүниенің белдігі, компасы ретінде Темірқазықты алды. Жетіқарақшы түнде мал баққандар үшін аспан сағатының рөлін атқарды. Темірқазықтың солтүстікте орналасып, оның қозғалмайтынын қазақтар жақсы білген. Ал қалған жұлдыздардың барлығы қыдырма жұлдыз аталған. Темірқазыққа бағдар алып, қазақтар негізгі жолдан ауытқымаған. Сондай-ақ түнгі уақыт пен бағытты Үркер жұлдызының көрінуіне қарай анықтаған. Өйткені Үркер жұлдыздарының аспандағы орны айқын байқалған, екіншіден, үнемі шығыстан батысқа қарай қозғалған.

«Астрономиялық және метеорологиялық бақылауларда есепшілер үшін Үркер жұлдызының маңызы зор болды. («Үркер жерге түспей жер қызбайды»). Жыл және күнтізбе осы Үркер жұлдызына байланысты құрастырылды» [26, 93 б.].

Қазақтар ғаламшарларды жақсы білген. Венераны – Шолпан, Меркурийді – Кіші Шолпан, Марсты – Қызыл жұлдыз, Юпитерді – Есекқырған (Сары жұлдыз) деп атаған. Юпитердің орналасуы бойынша қысқы мезгілде ауа-райын болжай алған: егер Юпитер шығыстан көрініп, жоғары көтерілсе, күн суытады, ал төмен түссе, ауа-райы жылы болады [34].

Ауа-райының жайлы-жайсыздығын айдың тууы мен күннің батуына, жұлдыздардың түр-түсіне қарай болжаған. Түнгі уақытта Темірқазық, Шолпан, Есекқырған, Сүмбіле, Құс жолының шығуына қарай қай мезгіл болғандығын айырған.

Шаруашылық қызметтің өсуі циклдік күнтізбеге көшуге мәжбүр етті. Оның құрамына *жеті күндік апта, төрт апталық ай, он екі айлық жыл және он екі жылдық мүшел циклдары* кірді.

Он екі айдан тұратын жылдық цикл белгілі бір шокжұлдыздарға сай құрылды. Одан әрі уақытты онан әрі түсіну он екі жылдық (*тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз*) циклге алып келді. Және бұл жылдардың өзінің халық түсінігінде өзіндік танымдық ерекшеліктері болды, мәселен, жылан жылы жұт болады, жылқы және қой жылдары молшылық болады деп есептеді.

Циклдер арасындағы аралық жылдар ерекше маңызға ие болады, мұны қазақтар *мүшел жас* деп атайды (13, 25, 37, 49, 61...). Халқымыздың дәстүрлі танымында мүшел жас әрбір адам үшін сыни, қауіпті кезең.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті көршілес және туыс тілдерден де уақыттық түсініктерді қабылдаған. Мысалы, наурыз және шілде айлары парсы тілінен енгендігі айтылады [24, 140 б.].

М.С.Мұқанов шаңырақтың киіз үйдегі өзіндік сағат рөлін атқарғандығын жазады [35, 28 б.]. Түндікке жарық түскен кезде әйелдер сауынға шыққан, күн сәулесі ұйықтар орынның ортасына тоқталғанда түс мезгілі, түскі тамақ уақыт болған т.б. Бұдан уақыт мөлшерін белгілеудің дінгек нүктесі киіз үй екенін, оның өнбойы екенін байқаймыз.

Қазақтың ата-тегіндегі *уақыт* ұғымы бейнелі, эмоционалды сипатқа ие. Олар уақыт пен кеңістік өлшемдерін болмыс, яғни белгілі бір құбылыстар мен табиғат заңдылықтарына сәйкес салыстыру, орайластыру, байланыстыру, яғни уақыт пен кеңістік өлшемдерін шендестіріп елестету арқылы жасады. Мысалы, «ат шаптырым жер» дегені шамамен отыз шақырым жер, осы сияқты «қозы көш» дегені шамамен он бес шақырым жер. Мұндай халықтық өлшемдерді көшпелілер ойлау, логикалық тұрғыдан өлшеу, парықтай алу, табиғи сезімталдық қабілеттерінің арқасында ойлап тапты. Сөйтіп, мал шаруашылығына негізделген көшпелілік өмір салты олардың халық күнтізбесінде, уақыт пен кеңістік өлшемдерінде көрініс тауып отырды. Секунд, минут, сағат сияқты сызықтық өлшемдердің орнына қазақтар: «ет асым», «сүт пісірім», «бие сауым». «Киіз үйдің уықтарының саны – 45, 60, 67, 90, 120. Бұлардың барлығы 360-қа қалдықсыз бөлінеді. Мысалы, үйдің уық саны 72 болсын, онда екі уықтың арасы 5 градусқа тең ($360:72=5$). Шамамен күн

сәулесі үш уықтың арасын 40 минутта жүріп өтеді. Бұл бие сауым уақыт» т.б. өлшемдерді қолданған [36, 22-23 б.]. Айталық, «сүт пісірім уақыт» шамамен жиырма-отыз минуттық уақыт өлшемін білдіреді. Ал «екі сүт пісірім уақыт» осының екі еселендігі, яғни қырық-алпыс минуттың аралығы. Сол сияқты «ет қайнатым уақыт» т.б. Уақыт өлшемдерінің сүтке, етке қатысты алынуының да себептері қазақтардың мал шаруашылығын күнкөріс қылып, малдан алынатын тағамдарды дайындауға кеткен уақыт ұзақтықтарын, ет пен сүтті пісіруге кеткен уақыт, сондай-ақ қымыз ашытуға, шай қайнатуға кеткен уақыт ұзақтықтарын өлшем бірлік ретінде пайдалануымен байланысты.

Сонымен, шексіз далада мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халық өздерін табиғаттың, әлемнің бөлшегі ретінде қарап, онымен тіл табыса отырып, табиғат құбылыстарын мұқият бақылаудың нәтижесінде дамыған уақыттық сезімдерге ие болған, сөйтіп халық арасында уақыт пен кеңістіктің халықтық білімдер жүйесі қалыптасқан.

1.3 Уақыттың түрлері

Уақыт адамзат дүниесінің (материяның) өмір сүру формаларының бірі болғандықтан, дүниедегі барлық болмыс, заттар мен құбылыстар уақыт пен кеңістікте тұрады. Сондықтан адамзат тіршілігіне уақыттың қатыспайтын жері жоқ. Яғни, кез келген материя қозғалысы кеңістік пен уақытты тудырып отыратындықтан, адамзаттың өмір сүруі: жанды тіршілік иесі ретіндегі биологиялық болмысы, оның өмір сүру ортасы, қоғамдық әлеуметтік, тарихи болмысы міндеті түрде белгілі бір кеңістікте және уақыт ағымында тұрады.

Қазіргі кезде кеңістік пен уақыттың философиялық, тарихи, әлеуметтік, физикалық, математикалық, географиялық, биологиялық, экологиялық, психологиялық, әлеуметтік уақыт түрлері әр ғылым саласында өз алдына дербес зерттеле бастады.

Кеңістік пен уақыттың жоғарғы тарауларда сөз болған физикалық, философиялық сипаттамаларынан басқа ғылыми еңбектерде, философия, мәдениеттану салалары бойынша жазылған зерттеулерде т.б. уақыт идеясының ақиқат дүниедегі уақыт ағымдары туралы ой-толғамдардан басқа да қырлары қарастырылып жүр. Олар уақыттың календарлық жүйесі, адамның жас мөлшерімен байланысты физиологиялық уақыт мәселесі, өмірде болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер (адам өміріндегі және қоғамдағы уақытпен байланысты әлеуметтік мәселелер), оқиғалардың тарихи мерзімдері, яғни тарихты құраушы адамзаттық құндылықтар – осының бәрі біз қарастырып отырған *уақыт* ұғымының, уақыт идеясының әртүрлі қырлары, аспектілері болып табылады.

Уақыттың төменде *биологиялық, экологиялық, психологиялық, тарихи, мифтік, әлеуметтік* т.б. түрлерінің ұғымдық мазмұнына қысқаша сипаттама берілген. Бұл уақыт түрлері адамға қатыстылығы жағынанан бәрі бірдей емес. Мәселен, биологиялық уақыт – жанды тіршілік иесі ретіндегі адамзаттың өмір сүру уақыты болса, психологиялық уақыт, негізінен алғанда, тек адамдарға тән,

ал әлеуметтік уақыт – адамның қоғамдық-әлеуметтік тұлға ретіндегі уақыты. Бірақ бұдан басқа уақыт түрлері адам факторынан тыс тұрады деп түсінбеу керек. Себебі, олардың барлығы адамға қызмет етеді, адамның сана қызметі арқылы танылады. Зерттеу жұмысының *антропоэзектік* мәні де осындай танымдық ақпараттарда жатыр.

Биологиялық уақыт. Биологиялық уақыт – жанды тіршілік иелерінің уақыты. Биологиялық уақыттың табиғи негізіне адам мен жалпы тіршілік иелеріндегі өмір фазаларының тұйық түрде алмасуы жатады. Жалпы тіршілік циклы туу, өсу, ержету, гүлдену, қартаю, өлу кезеңдерінен тұрады. Биологиялық уақыт пен кеңістік әртүрлі тіршілік формаларының кеңістік пен уақыттың шеңберіндегі өмір сүру ерекшеліктерін, өсімдік пен жануарлар әлеміндегі түрлердің ауысуын т.б. сипатайды. Мысалы, иттің өмірінің ұзақтығы 20 жылға жуық болса, қарғаның өмірі 300 жылға дейін созылады. Дүниедегі ең ұзақ өмір сүретін қолтырауындар өзгерместен, сонау динозаврлар өмір сүрген уақыттан бері келе жатыр. Адамның биологиялық өмір сүру ұзақтығына әлеуметтік факторлардың да әсері бар.

Биологиялық (физиологиялық) уақыттың физикалық уақыттан ерекшелігі сол, физикалық уақыт – сыртқы уақыт болса, биологиялық уақыт – ішкі уақыт болып табылады. Ғылыми еңбектерде ішкі уақытты «организмдегі сағат», «биологиялық сағат» деп қолданып жүр [37, 193 б.]. *Биологиялық сағат* ұғымы ғылыми әдебиеттерде ми қызметімен байланысты қарастырылады.

Биологиялық уақыт та организмнің өмір сүруінің әр сатысында соған сәйкес өзгеріп отырады. Адамның жас кезінде организмдегі «сағат» айнала қоршаған уақыттан гөрі тезірек өтеді де, психологиялық тұрғыдан келгенде, адам өмірі баяу өтіп жатқан тәрізді болады. Кәрілік келіп, организм қартайған кезде оның «сағаты» қоршаған ортадағы уақыт ритмінен қалыңқырап, психологиялық тұрғыдан алғанда, өмірдің зымырап тез өтіп бара жатқанындай әсер тигізеді. Биологиялық уақыт мәселесі алдағы тарауларда лексикалық уақыт бөлімінде адамның, малдың жас ерекшелігімен байланысты кеңінен қарастырылады.

Жыл мезгілдеріне байланысты ұғымдарды А.Сейдімбек «**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ УАҚЫТ**» деп атайды. Экологиялық уақыт бойынша жыл мезгілдері *жаз, күз, қыс, көктем* болып сараланады. Осы жыл мезгілдерімен байланысты қазақ тілінде мынадай тілдік қолданыстар бар: *көктем шыға, күз түсе, жаздың соңына қарай, көк қылтия, көк шыға, қар бекіген кезде, шілдеде, өліарада т.б.* Ал табиғат құбылыстарымен байланысты іс-шаралар мынадай уақыттық ұғымдарды тудырған: *ел жайлауға көшерде, малды көктеуге шығарарда, күзекке көшіп қонарда, қыстауға қайтар кезде т.б.* Экологиялық уақыт өлшемі болып табылатын тәулік кезеңдері атаулары Н.Уәлиев еңбектерінде кеңінен қарастырылған [38, 642-648 б.]. Олар: *таң, таң атқанда, таң құланиектене, таң бозарып атқанда, таң сімірі, ереуіл таң, көгалаң таң, рауан таң, сабах, сахар, құлқын сәрі, памдат уақытында, сәскемәл, сәске, ерте сәске, ұлы сәске, қан сәске, сиыр түс, қозы түс, түс әлеті, талма түс, талмау түс, таңдай тал*

түс, шалқар түс, талықсыған тал түс, түс қия, бесін, айна бесін, қожжа бесін, екінді, намаздыгер, іңір, іңір қараңғысы, намазшам, құптан мезгіл, марқа туған, түннің бір ұйқысында, түннің екі ұйқысында, түн жарымда, түн ортасы ауған кез, жеті түнде, таңға бір ұйқы қалғанда, таң қараңғысы т.б. Тәулік кезеңдері атауларын арнайы қарастырған Л.Асқар «тәулік» лексика-семантикалық өрісінің *таң, түс, кеш, түн* атты көпшоғырлы концептілік қабаттан тұратындығын айтады [39, 5 б.]. Экологиялық уақытты біз жұмыстың екінші тарауында шақ атауларына қатысты арнайы тоқталамыз.

Генеалогиялық уақытқа адамдардың шыққан тегі, ру шежіресі меже болып отырады. Әдетте, генеалогиялық уақыт межесін «жеті ата», «ұлы баба», «баба», «ата», «әке», «бала», «немере», «шөбере», «немене», «шөпшек», «туажат» т.б. туыстық атаулармен түсіндіруге болады. Генеалогиялық деректер неғұрлым байырғы болған сайын, соғұрлым уақыт межесі көмескіленіп, болжалдық сипат алады. Көшпелі қоғамда генеалогиялық уақыт көп жағдайда кеңістікпен шектесіп жатқан, мысалы: *Арқада Сағынайдың асы болғанда, Жетісуға даңқы жайылған Медеубайдың тұсында, Маңғыстаудың Жетіқайқысы серілік құрған заманда т.б.*

Жағдаяттық (ситуациялық) уақыт межесі ел есінде қалған белгілі бір оқиғалармен немесе шаруашылық ыңғайымен, өмір салтымен сабақтасып жатады. Мысалы, *Ақтабан шұбырынды кезінде, Ақ тышқан жылғы жұтта, Абылайды хан көтергенде, Аңырайқайда қалмақтар қирай жеңілгенде т.б.* Бұл тіркестердегі уақыт халық жадында қалған оқиғалармен байланысты анықталады. Яғни уақыт межесін жағдаяттар (ситуациялар), оқиғалар көрсетеді. Жағдаяттық уақыт межесі қазақ тіліндегі ұлттық дүниетанымдық қолданыстардан да айқын көрінеді. Мысалы: *жылқы күзерде, күзем жүнінің қырқымында, бие байларда, қозы жамыратқанда, ел орынға отыра, қан сонарға шығарда, баланы бесікке саларда, балаға тоқымқағар жасағанда, сірге жиярда, биенің бас сауымында т. б.* Жағдаяттық уақыт межелері тікелей өмірде болған оқиғалармен, шаруашылық ыңғайымен, салт-дәстүрмен орайласып жатады.

Жағдаяттық уақыт межесі кейбір ситуация арқылы уақыттың мөлшерін де білдіре алады. Мысалы, *шай қайнатым уақыт, ет асым уақыт, бие сауым уақыт, көз шырымын алғанша, ат ерттегенше, қой терісін сыпырғанша, оңсолын танығанша, ақ сақалды, сары тіс болғанша, аузымды ашқанша, аузымды жиып алғанша т.б.* тіркестер уақыттың ұзақтығын не қысқалығын білдіреді. Жағдаяттық уақытты білдіретін тілдік бірліктер зерттеу жұмысында салт-дәстүр атаулары, шақ атауларына арналған тақырыптарда сөз болады.

Уақыт – тарихтың, өмір тылсымының өлшемі. Оның өзіндік бастамасы, өрбу шегі, және ақыры болады. Уақыт кешегі, бүгінгі, ертеңінің үзілмес жалғасы, уақыттың бұл үш өлшемі бір-бірінен ажырағысыз тығыз бірлікте тұрады. **Тарихи уақытта** уақыт межесі календарлық есеп, жыл қайыру, мүшел есебі арқылы пайымдалады. Әдетте, тарихи уақыт межесі *күн, түн, тәулік, апта, ай, тоқсан, жыл, мүшел, гасыр, заман, дәуір* сияқты ұғымдар арқылы

анықталады. Мысалы, *өткен заманда, есте жоқ ескі заманда, ежелгі дәуірде, ХХ ғасырда, мың тоғыз жүз он жетінші жылдың қазан айында т.б.*

Кеңістік категориясына қарағанда уақыт категориясы тарихи процестермен тығыз байланысты. «Өткен дәуір, яғни аталар дәуірі, ол – алтын ғасыр, ол – өмірдің айнымас эталоны, үлгісі» [40, 148 б.]. «По Дильтею, смысл человеческого существования заключается в его историчности, а значит временности. Время делает человека историчным, то есть историчность заложена в самой структуре человеческой жизни через его временность» [41, с. 120].

«Өткен ешқашан оралмайды» деген уақыт өлшемі тарихи уақытқа жат нәрсе, өйткені тарихтың өзі өткенмен өлшенеді. Олай болса, уақыттың оралмастығы физикалық уақыттың өлшемі. Тарихи уақыт – санадағы уақыт, «жақсылықтың бәрі өткенде қалды, сондықтан адамдар әрбір ісін, ойын өткеннің таразысымен өлшеп, соның көзімен қарап, өзін сонымен бірлікке жеткізуге тырысуы керек» [40, 149 б.].

Психологиялық уақыт, негізінен алғанда, тек адамдарға тән. Ол адамның дүниені адами қабылдау мүмкіндіктерімен, және оның іс-әрекетімен тығыз байланысты. Мысалы, бір іспен қызу айналысып жатқан адам уақыттың қалай тез өтіп кеткенін білмей қалады, немесе бір істі қолға алған адамның іс жоспары бойынша белгілі бір уақыт мөлшері жеткіліксіз, ол адам үшін әрбір уақыт санаулы. Бұған керісінше, еш нәрсемен айналыспай бос отырған адам үшін уақыт мүлде өтпей қоюы мүмкін. Сол сияқты, белгілі бір ауыр жағдайда қалған адамға сол бір қас қағым сәт жылдай сезінілуі мүмкін, немесе біреуді, бірнәрсені күткен жағдайда да сол уақыт өтіп болмайды.

Психологиялық тұрғыдан уақыттың қайта оралушылығы бола береді. Мұндай уақытқа қатысты психологиялық сезім көбінесе адамның бейсаналық, транспсихикалық ахуалдарында болады. Мысалы, егер сіз жас кезіңізде болған жерге қайта оралып, алғашқы махаббат оянған қайыңның жанында тұрсаңыз, өзіңіздің көңіл-күйіңізге байланысты сол балауса кезіңізге қайта оралғандай боласыз. Олай болса, психологиялық тұрғыдан уақыттың қайта оралғандай әсері адам өміріндегі жан дүниесінде терең із қалдырған бейнелі оқиғалармен байланысты.

Мәдениет – адамзат тарихын адамдық ететін, оның жалғастығы мен мұрагерлік құпиясын ашатын күш. **Этномәдени уақыт** жылнамамен өлшенбейді. Өйткені мәдениет сатылы қозғалысқа жатады, оның пайда болу, өркендеу, даму, құлдырау, жойылу, жаңа мәдениетке орын беріп, ығысуы не қайта жаңғыру кезеңдері болады.

Мәдениеттанушы Т.Ғабитов этномәдени уақыттың мынадай түрлерін көрсетеді: **мифологиялық уақыт, архетиптік уақыт, өркениеттік уақыт, дәстүрлік уақыт, инновациялық уақыт** [26].

Мифтік уақыт – қайталанбайтын, өте ертедегі айырықша бір мезгіл. Өйткені миф – барлық тіршіліктің бастауы. Халқымыздың дүниетанымы, ұлттық болмысы ең алдымен мифтерде көрініс табады. Мифтік уақыт бізді

қоршаған ортаның, дүниенің жаратылған, басы басталған және маңызды істердің жүзеге асқан уақыты болып табылады. Яғни мифтік уақыт қайталанбайтын, өте ертеде болған, мезгіл атаулының басы, барлық нәрсенің жаратылу уақыты. Салыстырмалы зерттеулерге қарағанда ең көне мифтер аспан денелерімен байланысты болып келеді делінеді. Миф тудырған ата-бабаларымыз аспан денелерін бір кезде адам болған деп түсінген. Мысалы, Күн сәулесінің өткірлігі оның мінезінің тік, өжеттігімен, ал Ай сәулесінің әлсіздігі оның жұмсақ мінезімен байланысты түсіндірген. Мифологиялық уақыттың басты ерекшелігі болашақ бейнесін түсінуге ұмтылу болды.

Кеңістік пен уақыт – материяның өмір сүру формасы десек, соның ішінде адамның өмір сүруі физикалық уақытпен шектелмейді. Адам қоғамдық-әлеуметтік тұлға ретінде міндетті түрде әлеуметтік кеңістік пен **әлеуметтік уақытты** қалыптастырады. Адамдар физикалық кеңістік пен уақытты игеріп, дамыта келе, оның әлеуметтік формаларын жасайды. Ол формалар үнемі өзгеріп отырады, өйткені адамның әр замандағы уақыт пен кеңістігі әртүрлі. Мысалы, алғашқы қауымдағы әлеуметтік уақыт пен кеңістік адамның жаяу жүргендегі бір күндік жолының шеңберіне (20-30 шақырым) тең болды. Жылқыны көлік ретінде пайдалана бастағаннан бастап, әлеуметтік кеңістік анағұрлым кеңейді, мәшинелердің келуімен байланысты әлеуметтік кеңістік мыңдаған шақырымға өсті. Сондай-ақ Орта ғасырларда өмір сүрген бабаларымыздың уақыты баяу өтті. Бұл қоғам өміріндегі өзгерістердің баяу өтуімен байланысты болды. Көп уақытқа дейін бабалар жасаған кәсіп, күнкөріс сол күйінде олардың төртінші, бесінші ұрпақтарында да қайтalandы. Олар үшін қалыптасқан дәстүрлі қатынастарды қайталап отыру оң нәрсе болып көрінді.

Ал кейін Жаңа дәуір дүниеге келген кезде, қоғамда орасан зор өзгерістер болды, бұл өзгерістер әлеуметтік уақыт пен кеңістікті де өзгертті. Солардың бәрін игеруге енді адамның уақыты жете алмай қалып жататын болды, сондықтан әлеуметтік уақыт тез қарқынды өте бастады. Біздің заманымызда әлеуметтік өмір ырғағы әлдеқайда шапшаңдап отыр, ал өзгерістің баяу өтуіне үйренген адамдар көп жағдайда жаңа дәуірдің ағымына бейімделе алмай жатады. Олай болса, қозғалыс – физикалық уақыттың ғана емес, әлеуметтік уақыттың да қозғаушы күші болып табылады. Яғни оқиғалар арқылы уақыттың әлеуметтік болмысы анықталады.

Әлеуметтік кеңістік және уақыт дегеніміз – адамдардың осы ұғымдар туралы ойлары, басқаша айтқанда, таным-түсінігі, дүниетанымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы көшпенділік тұрмыстан бастау алады. Көшпелілер үшін әлеуметтік уақыт – осы дүниедегі уақытша кеңістік, уақытша өмір сүру кеңістігі. Көшпелілер дүниетанымындағы әлеуметтік уақыт жалған, шектелген. Мұны халық тіліндегі «фәни уақыт», «жалған уақыт», «бақи дүние уақыты» сияқты қолданыстардан көруге болады.

Уақыт туралы ұғым барлық халықта бірдей қалыптаспаған, бұл әрбір халықтың тарихи-әлеуметтік, мәдени дамуымен, тұрмыс-тіршілігімен

байланысты. Мысалы, Н.Н.Трубников *хиваро* деп аталатын үнді тайпасының осы кездерге дейін жылдық күнтізбені білмейтінін айтады. «Жыл өзгерісінің белгісі ретінде хиваролардың тіршілік ету салтына еш қатысы жоқ пальмалардың бірінің гүлдеу кезеңі алынады. Ал жылдың басқа кезеңдері бірінен бірі ерекшеленбейді, әрі бір ғана мезгіл ретінде есептеледі. Күннің жаздық және қыстық мезгілдегі айналу осі хиваролардың тұрмыс-тіршілігіне өзгеріс әкелмейді, сондықтан оларда айлық күнтізбе ғана бар. Бұл айлық күнтізбеде онға жуық кезең есепке алынады. Хиваролар адам өмірінің мөлшері туралы да сандық есепке жүгінбейді, жас адамның тууымен, баланың қимыл-әрекеті, емшектегі кезі, жыныстық жетілу кезеңі, некеге тұру, балалы болу, немерелі болу кезеңдерімен өлшенеді» [14, 28 б.].

Көшпелілердің уақыт туралы таным-түсінігі аспан денелерінің қозғалысына негізделді. Көшпелілер іргелес халықтарға қарағанда дамыған уақыттық сезімге ие болды. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов былай деп жазады: «Далалық ортаның тұрғыны-қазақ өзінің ахлихаттық қасиеті, ақыл-ойы, қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр. ... Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек, немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар» [29, 52 б.].

Әлеуметтік уақыт пен кеңістік тұтастығы көшпелілер қоғамына тән құндылықтардың бірі. Көшпелілердің кеңістік пен уақытқа қатысты дәстүрлі түсінігінің ешкімге ұқсамайтын өзіндік бет-бедері бар. Тұтастай алғанда, әлеуметтік уақыт – адамзат қоғамының даму, қалыптасу, тіршілік ету уақыты, адамдардың қоғамдық болмысының уақыты. В.П.Яковлев әлеуметтік уақытты үшке бөліп көрсетеді: *жеке адам уақыты, ұрпақ уақыты, адамзат қоғамы уақыты* [42, 6 б.]. Сонымен қатар ғалым әлеуметтік уақытты құрайтын мынадай әлеуметтік субъектілерді атайды: *адам, отбасы, әлеуметтік-таптық топ, аумақтық қауымдастық*.

Ғылыми әдебиеттерде уақыт пен кеңістікті үш салаға бөліп қарастырады:

- 1) реалды уақыт пен кеңістік;
- 2) концептуалды уақыт пен кеңістік;
- 3) перцептуалды уақыт пен кеңістік [43, 14 б.].

Шынайы (реалды) уақыт – объективті болып жатқан құбылыс, нақты уақытты адам тоқтата алмайды. Ол өткеннен болашаққа қарай бағытталып, тоқтаусыз жүріп отырады. Нақтылы уақыт пен кеңістік шексіз. Шынайы уақыт – объективті, санадан тыс уақыт, сонымен қатар шынайы уақытты физикалық уақыт деп ұғынуға болады. Шынайы уақыт – қозғалыстағы материяның өмір сүру формасы болып табылатын уақыт. Шынайы уақытты Ньютонның абсолютті уақыт теориясымен шатастырмау керек. Өйткені реалды уақыт Канттың көрсеткеніндей, «бос кеңістік» теориясымен үйлеспейді. Канттың тұжырымдауынша, материалды денелер жоғалып кетсе, кеңістік жоғалмайды,

уақыт та біркелкі өте береді. Бұл теория Платон мен Ньютонның «кеңістік пен уақыт қозғалысқа тәуелсіз» деп қарайтын тұжырымдамаларымен сәйкес. Ал Аристотель, Лейбниц, Эйнштейн теориялармен біте қайнасып жатқан материалистік философия өз бетінше өмір сүретін, материядан тыс уақыт пен кеңістік жоқ деп есептейді. Ал кейбір ғалымдар уақыт пен кеңістіктің материя мен қозғалысқа тәуелділігі барлық материалдық объектілерге қатысты емес деп санайды. Уақыттың қозғалысқа тәуелділігі кейінгі қозғалыстардың негізінде жатқан «бастапқы, әуелгі» реалды процестерге қатысты. Фома Аквинскийдің «время является мерой лишь первого движения, под которым понималось движение небесных сфер. А все остальные движения зависят от первого» - деуі реалды уақытты барлық материя қозғалысының уақыты емес, реалды уақыт әуелгі (фундаментальный) қозғалыстың өлшемі ретінде материяның өмір сүру формасы, ал басқа қозғалыстар «әуелгі» қозғалысқа тәуелді дегенге саяды. Бұдан реалды уақыт туралы философия мен физика ғылымдарында әртүрлі көзқарастар бар екендігін көруге болады.

Ал **концептуалды уақыт** – дегеніміз табиғат, аспан денелері, қоршаған орта туралы біздің санамызда жинақталған ұғымдар. Яғни шынайы уақыт пен кеңістіктің санамыздағы үлгісі болып табылады. Адамдар шынайы уақыт белгілері арқылы *уақыт* ұғымын танып-біледі. Уақыт ағымының белгілерін санада қабылдап, қорытып, ұғымдық уақытты қалыптастырады. Және ол ұғымдар әмбебаптанып, жалпыхалықтық сипатқа ие болады. Айталық, әр халықтың *календары, жыл санау, жыл қайыруы* көпшілік қабылдаған, түсінікті, ортақ болып келеді.

Әдебиеттерде уақыттың, жоғарыда аталғандардан басқа, **тұлғалық уақыт, ғарыштық уақыт, белдеулік уақыт** сияқты түрлері де көрсетіліп жүр. Ал физикалық уақыт пен философиялық уақыт ұғымдары туралы жоғарғы тақырыптарда сөз болды.

Перцептуалды уақыт дегеніміз – адамдардың уақытты қабылдауы, уақыт туралы сезімдері. Шынайы уақыт объективті, ол адамдардың уақыт туралы таным-түсінігіне, уақыттық сезімдерге тәуелсіз, ал перцептуалды уақыт бұған керісінше, субъективті уақыт, ол шынайы уақыттың санадағы бейнесі, сондықтан шынайы уақытқа тәуелді. Перцептуалды уақыт адамдардың сезім-түсініктерінің, психологиялық сәттерінің өзгеріп отыруымен байланысты. Мысалы, көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы осының айғағы [44, 29 б.]. Перцептуалды уақыттың біздің ішкі дүниемізбен тығыз байланысты болып келуі кейбір философтардың кез келген шынайы уақытты жоққа шығаруға әкелген болатын. Айталық, Кант «уақыт дегеніміз санада ғана өмір сүреді, ол сезімдік форма» дейді. Алайда бұл пікір философия тарихында сынға ұшырап, перцептуалды уақыттың – реалды уақыттың санадағы көрінісі, бейнесі екендігі дәлелденіп отыр. Бұл жайлы А.М.Мостепаненко былай дейді: «Наше перцептуальное время несомненно является отражением реального времени» [37, 13 б.].

«Под перцептуальным временем понимают отражение реального времени в чувственном восприятии субъекта. Тогда как концептуальное время – это наши знания, представления, которые оказываются более или менее адекватным отображением реального времени» [45, с. 79].

Перцептуалды уақыт әрқашан шынайы уақытпен сәйкес келе бермеуі де мүмкін. Бұл адамның қабылдауымен байланысты, бұл жағынан перцептуалды уақыт психологиялық уақытпен ұштасып жатады. Мысалы, асыққанда уақыттың өтпей қоюы, немесе түс көргендегі уақыттық сезімдер, немесе өткенді еске түсіру сияқты көріністер перцептуалды уақыттың кейбір жағдайларда адамның қабылдауымен байланысты шынайы уақытты тура бейнелей бермейтіндігін көрсетеді. Алайда перцептуалды уақыт негізінен реалды уақытты бейнелейді және қалыпты жағдайда сәйкес келіп отырады. Мұндай болмаған жағдайда перцептуалды уақыт пен шынайы уақыттың мәні де болмас еді. Тілдік уақыт та перцептуалды уақытқа жатады.

Тілдік уақыт – объективті, шынайы уақыттың бейнесі болғандықтан, іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысын білдіретін санадағы уақыт. Е.В.Тарасованың көрсетуінше, «уақыт туралы сезімдеріміз, өткенді, қазіргіні, болашақты сезінуіміз» перцептуалды уақытпен байланысты. Бұл ретте барлық тілдік уақыт «қатыстық» (относительное время) уақытқа жатады.

Тіл білімінде жалпы тілдік уақыт туралы мәселеде, ең алдымен, ойға оралатыны – етістік тұлғалары арқылы берілетін, қимыл-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысты болып жатқанын не болып өткенін немесе алда болатынын білдіретін **грамматикалық уақыт (шақ)**. Қазақ тілінде етістік тұлғалары парадигмалық байланысқа құрылып, тектік ұғымында уақыт мағынасын, түрлік ұғымда бір-бірімен қайшы мағыналарда тұрып, етістіктің грамматикалық категориясын құрайды. Бұл категория *етістіктің грамматикалық шақ категориясы* деп аталады. Грамматикалық деңгейде бұл категория қазақ тіліндегі синонимдес «уақыт» сөзінің орнында қолданылып, тұрақтанған, соған орай «грамматикалық уақыт категориясы», «өткен уақыт», «келер уақыт», «осы уақыт» деген қолданыстар жоқ. Бірақ орыс тіліндегі «грамматическое время», «лексическое время», «художественное время», «синтаксическое время» т.б. уақыт түрлерінің қазақ тіліндегі баламасы әрдайым «шақ» сөзімен қолданыла бермейді. Грамматикалық, синтаксистік, морфологиялық сөздері көбінесе «шақ» сөзімен жиірек тіркесіп қолданылса, «лексикалық» сөзін «шақ» сөзімен тіркестіргеннен гөрі «уақыт» сөзімен тіркестіріп (лексикалық уақыт) қолданған ыңғайлы. Көркем шығармалардағы уақыт да «көркем шақ» дегеннен гөрі «көркем уақыт» түрінде көбірек қолданылып жүр.

Грамматикалық уақыт (шақ) дегініміз – реалды қозғалыстың, іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатынасын білдіретін уақыттық мағынаның етістік тұлғаларына бекітілген мағыналық және тұрпаттық жиынтығы, тілде мұны грамматикалық категория (етістіктің шақ категориясы) деп атайды. *Уақыт* ұғымы барлық халықта, яғни жалпы адамзатқа ортақ болғандықтан болар, барлық тілде шақ категориясы үш түрде кездеседі: *өткен шақ, келер шақ, осы шақ*. Ал бірақ осы

үлкен макротоптардың ішкі жіктемелеріне келгенде әр тілдің құрылымдық ерекшелігіне қарай шақ түрлері, классификациясы бірдей емес, тіпті бір тілдің өз ішінде-ақ жекелеген авторлардың, зерттеушілердің шақты топтастыруында алшақтықтар бар. Грамматикалық шақты классификациялау мәселесін біз алдағы тарауларда арнайы қарастырамыз.

Грамматикалық уақыт шынайы уақыттың өзі емес, оның бейнесі, және ол бейне, яғни уақыттық мағына сөйлеу кезіндегі сөйлеу сәтімен (сөйлеу нүктесімен) өлшенбейді. Уақыттық мағына етістіктің шақ формаларына бекітілген мағыналар, сондықтан грамматикалық шақ формаларының мағыналарындағы сөйлеу сәті грамматикалық есептеу нүктесі бойынша анықталады. Мысалы, *-ар, -ер, -р* жұрнағының бекітілген грамматикалық мағынасы келер шақты, оның ішінде болжалды келер шақты білдіру, *-ды, -ді* жұрнағының грамматикалық жүйедегі грамматикалық мағынасы өткен шақты білдіру, осы сияқты басқа да грамматикалық шақ формаларының мағынасы тұрақты, яғни грамматикалық уақыт жүйедегі абстракцияланған, грамматикаланған уақыт болып табылады. Етістіктің шақ категориясы жалпы тіл білімінде жақсы зерттелген, оның ішінде қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, Ы.Маманов, Т.Қордабаев, Ж.Түймебаев т.б. ғалымдар арнайы қарастырған.

«**Лексикалық уақыт**» зерттеу жұмыстарында белгілі бір уақыт кесіндісін білдіретін лексика-семантикалық топтар, тақырыптық топтар көлемінде қарастырылады. Тәулік кезеңдері атауларын ұлттық нақышта тереңірек қарастырған ғалым Н.Уәли 1984 жылы жазған мақаласында *таң, сахар, сәске, түс әлеті, талма, бесін* т.б. сөздерінің лексика-семантикалық ерекшелігі мен ұлттық, этнографиялық мазмұнын ашып көрсетеді [46].

Ж.Ахмедова қазақ тіліндегі уақытты білдіретін халықтық өлшем бірліктерді сөз және сөз тіркестері деңгейінде алып, олардың сөйлеудегі жұмсалымын, қолданылу деңгейін (жиі, сирек) зерттеп, бес тақырыптық топқа жіктейді: аспан денелері (Жетіқарақшы, Сүмбіле, Ай, Шолпан т.б.), тағам және дене мүшелері (ет асым, сүт пісірім, шай қайнатым; көз, қас, ауыз), мал шаруашылығы, діни атаулар, жыл және тәулік кезеңдері [47]. Л.Асқар тәулік кезеңдері атауларын семантикалық, концептілік тұрғыдан қарастырып, осы лексика-семантикалық өрісті төрт концепт (таң, түс, кеш, түн) төңірегіне біріктіреді [39].

С.Самураттың диссертациялық жұмысында *уақыт* ұғымы лексика деңгейінде орыс және қазақ тілінің материалдары бойынша салғастырыла қарастырылады. Біз осы жоғарыда келтірілген зерттеуші ғалымдар еңбектерін басшылыққа ала отырып, лексикалық уақыт мәселесін зерттеу жұмысымыздың екінші тараушасында арнайы қарастыратын боламыз.

Тілде көбінесе грамматикалық категорияларға негізделіп келетін **семантикалық уақыт** деген ұғым бар. Бұл ұғым әдетте «темпоральность» терминімен аталып, функционалды-семантикалық өріс теориясы бойынша

қарастырылады. Барлық халыққа ортақ әмбебап ұғымдық категорияларды «функционалды-семантикалық өріс теориясы» бойынша зерттеп, оны үлкен мектепке айналдырған орыс ғалымы А.В.Бондарко етістіктің шақ категориясы негізінде жататын функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясын семантикалық функцияларына сәйкес семантикалық уақыт («семантическое время») деп атайды.

Семантикалық (функционалды-семантикалық) уақыт, яғни темпоралдылық – уақытқа қатысты семантикалық функциялары ортақ әр деңгейге жататын тілдік құралдардың топтамасы. Функционалды грамматиканың А.В.Бондарко салған функционалды ағымы (мектебі) бойынша семантикалық уақыт мазмұн межесі жағынан функционалды семантикалық темпоралдылық категориясы болса, екінші жағынан, тұрпат межесі бойынша, функционалды-семантикалық өріс құрайды. Семантикалық категория туралы сөз болғанда мағыналық топтар, субкатегориялар, мағыналық қатынастар, басқа өрістермен, категориялармен болатын мағыналық байланыстар тұрғысынан сипатталады. Ал өріс мәселесі категорияны құрап тұрған әр деңгейлі тілдік құралдар, өрістің өзек тұлғалары мен шеткері аймақтары (перифериялық компоненттері) бойынша қарастырылады. (Функционалды грамматика теориясы зерттеу жұмысымыздың үшінші тараушасында баяндалады).

Темпоралдылық категориясының негізгі өзек компоненті – етістіктің грамматикалық шақ категориясы болып табылады. Темпоралдылық категориясы қарастырылғанда ең алдымен тілдік жүйедегі грамматикалық шақ категориясы айқындалады. Содан соң осы тілдік құралдың айналасындағы өрістің перифериялық компоненттері іздестіріледі. Бұл семантикалық категориялық мағынаны білдіруге грамматикалық формалармен бірге, тілдің басқа да деңгейлерінде жатқан тілдік бірліктер қатысады. Ол тілдік бірлік тілдің лексика деңгейінде, не синтаксис деңгейінде де болуы мүмкін. Олай болса, функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы біздің жоғарыда санамалап көрсеткен тілдік уақыт деңгейлерінің барлығын қамтиды. Функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы біздің төртінші тараушамызда арнайы қарастырылады.

Сөйлеумен байланысты мәтін деңгейінде де уақыттың өзіндік құрылымдық ерекшеліктері бар. Сөйлеу бірліктері болып табылатын функционалды-семантикалық өрістер «айтылым», «сөйленім» (высказывание) деңгейінде өмір сүрсе, сөйлеудің ең үлкен бірлігі – мәтіндер қазіргі кезде «мәтін лингвистикасы (лингвистика текста)» тұрғысынан арнайы қарастырылады. Мәтін лингвистикасы бірнеше стильді қамтиды. Осы тұрғыдан ақпараттық, публицистикалық, көркем мәтіндерге т.б. ажырайды. Ал бірақ уақытқа қатысты мәселелер негізінен көркем мәтіндерді нысан етеді. Осы орайда тілде «көркем уақыт» (художественное время) деген термин қалыптасқан.

Көркем уақыт мәселесі қазақ тіл білімінде С.Құнанбаеваның докторлық диссертациясында қарастырылды. Онда ғалым қазақ мәтіндеріндегі

темпоралдық қатынастар мәселесіне арнайы тоқталады. Орыс тіл білімінде З.Я.Тураева «Категория времени. Время грамматическое и время художественное» атты еңбегінде шынайы (реалды) уақыт пен көркем уақыттың ерекшеліктерін салыстырып көрсетеді:

Шынайы уақытқа бірөлшемділік тән, яғни шынайы уақыттағы қозғалыс белгілі бір есептеу нүктеден санағандағы бір бағытта ғана жүретін уақыт, уақыт созылықлығы бір ғана уақыт өсінде (континуумында) өтеді, бұл кез келген физикалық қозғалыстың, іс-әрекеттің төртінші өлшемі (Үш өлшем кеңістік өлшемдері болып табылады) және шынайы уақытқа бір координата жеткілікті. Бұл жағынан шынайы уақытты геометриялық сызық түрінде көрсетуге болады:

Шынайы (реалды) уақыттың бірөлшемділігі:

→ → → → → → → →

Ал көркем уақыт бірөлшемді болуы да немесе көпөлшемді болуы да мүмкін. Бірөлшемді уақыт көркем мәтінді бір есептеу нүктесі бойынша баяндау кезінде болады. Яғни автор белгілі бір сөйлеу сәтін есептеу нүктесі етіп сүйенеді де, осы бағам бойынша оқиғаны сол есептеу нүктесінен келешекке қарай бағыттайды, оқиғаларға қайта айналып соқпайды, өткен уақыт туралы айтпайды, шегіністер жасамайды.

Көркем уақыт көпөлшемді болуы да мүмкін, мұндай баяндауда есептеу нүктесі бірнешеу болады, соған орай көркем шығармадағы оқиғалар желісі де әртүрлі кеңістікте, әртүрлі уақытта жүреді, оқиға өткеннен келешекке қарай ғана емес, өткенді еске түсіру сипатында да, өткен мен бүгінгі оқиғаны салыстыру сипатында да бола береді. Олай болса, көпөлшемді уақыт көпоқиғалы (многометражный) көркем мәтіндерге тән болып келеді.

Көркем уақыттың көпөлшемділігі:

→ ← → ← → ← → ←

Көркем уақыт пен шынайы уақыттың екінші бір ерекшелігі олардың шектілік және шексіздік сипатымен байланысты. Көбінесе реалды, физикалық уақыт мәңгілік, тоқтаусыз жүріп отырады деп есептеледі, бірақ философиялық зерттеулерде шынайы уақыттың да белгілі бір фаза, кезеңдерден тұратындығы айтылады. Мәселен, объективті уақыт шексіз, бірақ осы уақыттың бір бөлшегі болып табылатын жеке индивидуалды уақыттарда шектілік бар. Олай болса, реалды уақыт та шектелген (прерывный) және шексіз (непрерывный) уақыттың бірлігінен тұрады.

Көркем уақытты да осы тұрғыда әрі шексіз, әрі шекті уақыт деуге болады, шексіз уақыт болатыны көркем уақыт жекелеген оқиғалардың өту кезеңдерінен тұратын біртұтас оқиғалар ағымы ретінде құрылады. Ал уақыттың шектілігі көркем мәтіннің жекелеген эпизод, фаза, оқиғаларға тарамдалған кезінде жүреді.

Шынайы уақыт пен көркем уақыттың тағы бір айырмашылығы қозғалысқа қатысты. Шынайы, объективті уақыт үнемі қозғалыста болады, философиялық

тұжырымдама бойынша, қозғалыстағы материясыз кеңістік пен уақыт жоқ. Физикалық уақыт жоғалып кетпейді, ал көркем уақытты тоқтатуға болады.

Шынайы, объективті уақыт қайтарымсыз, ол қайтып оралмайды, ол бір бағытта өткеннен болашаққа қарай қозғалады. Ал көркем уақыт өткеннен болашаққа қарай ғана емес, ол кері бағытқа қарай да қозғалуы, жылжуы мүмкін (еске алу, қиялдау т.б). Бұл тұрғыдан шынайы уақыт бір бағытты, көркем уақыт көпбағытты болып табылады.

Бұл салыстырылып отырған уақыт түрлері реттілік сипаты бойынша да ерекшеленеді. Шынайы уақыт белгілі бір сызықтық уақыт бойына орналасқан тұрақты уақыт болып табылады. Шынайы уақыт бойынша оқиғалардың қазір болып жатқанын, болып өткенін, не алда болатынын ажыратуға болады. Ал көркем уақытта есептеу нүктелері көп болғандықтан, оқиғалар ретті қозғалыс жасамайды, көркем мәтін уақыт жағынан еркін орналасқан. Сонымен, шынайы уақыт пен көркем уақыттың айырмашылығын мына кестеден нақты көруге болады:

Кесте 8 – Шынайы (реалды) уақыт пен көркем уақыттың айырмашылықтары

Шынайы уақыт	Бірөлшемді	Есептеу нүктесі біреу ғана	Өткеннен болашаққа қарай қозғалады	Үнемі қозғалыста болады	Қайтып оралмайды	Тұрақты уақыт
Көркем уақыт	Көпөлшемді	Есептеу нүктесі бірнешеу	Кері бағытта да қозғала береді	Көркем уақытты тоқтатуға болады	Қайтып оралушылық бола береді	Еркін уақыт

Біз жоғарыда тілдік уақыт мәселесін жалпы уақыт түрлеріне қатысты қысқаша ғана сөз етіп отырмыз. Ал тілдік уақыттың жекелеген түрлеріне (тілдік уақыт) алдағы тараушаларда орын берілген.

2 «УАҚЫТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ

2.1 Адамның жас ерекшелігін білдіретін атаулардағы уақыт семантикасының тілдік сипаты

Жалпы тіл білімінде, соның ішінде қазақ тілінде уақыттық мағыналардың грамматикаланып етістіктің шақ формалары арқылы берілетіні белгілі. Тілдік жүйені тілдік және сөйлеу жүйесі деп бөлер болсақ, етістіктің шақ формалары айтылым кезіндегі есептеу нүктесі бойынша өлшеніп, жүйелі қолданыла келе, тұрақталып қимылдың өту мерзімін білдіретін тілдік бірліктер болып қалыптасқан. Шақ формаларының есептеу нүктесі олардың білдіретін тұрақты мағыналары болып табылады. Мысалы, *-ды, -ді* жедел өткен шақ, *-а, -е, -й* келер шақ т.б. Яғни тілдік жүйедегі шақтық мағыналардың есептеу нүктесі сөйлеу сәтімен өлшенбейді. Сөйлеу сәті – айтылым кезіндегі өлшем бірлік. Ал етістіктің шақ формалары (әрбір шақ тұлғасы) осы айтылым кезіндегі сөйлеу сәтіне негізделіп, шақтық мағына білдіруші құрал ретінде қалыптасқан тілдік формалар болып табылады.

Уақыт ұғымы тілдік материалдарда грамматикалық тұрғыдан көбінесе, «шақ» терминімен байланысты болып, осы тұрғыдан қарастырылса (Грамматикалық шақ мәселесі, оның зерттелуі, шақ түрлері, оны жіктеудегі қиындықтар т.б. біздің зерттеу жұмысымыздың келесі тараушаларында қарастырылады), ал тілдің басқа салаларынан көрінетін шақтық мағыналар лексикада «шақ атаулары» делінеді.

Шақтың қай түрі болмасын – грамматикалық шақтың болсын, лексикалық шақтың болсын, бәрінің басын біріктіріп тұрған ортақ нәрсе – *уақыт* ұғымы. Осы орайда *уақыт* ұғымының құрамындағы тілдік мағыналарды тілдің барлық деңгейінен кездестіреміз. Грамматикада – қимылдың өту мерзімін білдіретін тұлғалар, лексикада – уақыт семасы бар түрлі тақырыптық топтар. Уақыт, жалпы философиялық тұрғыдан, материя өмір сүруінің бір формасы болғандықтан, кез келген қозғалыс уақыт пен кеңістікте өтеді десек, осымен байланысты *уақыт* ұғымы тілдің барлық деңгейінде әр қырынан көрініс тауып жатады. Біз зерттеу жұмысымызда уақыт архисемасын грамматикалық шақ пен лексикалық уақыттың ортақ семасы ретінде ұстанып, жалпы *уақыт* ұғымының лексика және грамматика деңгейіндегі тілдік сипатына жеке-жеке тоқталамыз.

Уақыт ұғымын тілдің лексика деңгейінде әртүрлі тақырыптық топтар бойынша бөліп қарастыруға болады. Қазақ тілінде *уақыт* ұғымы лексикада көбінесе уақытты, шақтық мағынаны білдіретін аспан денелерінің қозғалысымен, кәсіппен (мал шаруашылығымен) байланысты (сүт пісірім уақыт, ет асым уақыт) болып келеді. Уақыт категориясын қазақ тіліндегі халықтық өлшем атауларымен байланысты қарастырған Ж.Ш.Ахмедова өлшемдік ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін, олардың сөйлеудегі қолданысын, қолданылу дәрежесін, басқа да лексика-семантикалық топтарға байланысын сөз ете келе, қазақ халқының мал шаруашылығына негізделген

көшпелі өмір сүру салтының олардың тіршілік ету барысында қолданған уақыт өлшемдерінде айқын көрініс табатындығын атап көрсетеді. Мысалы, мал шаруашылығымен байланысты: *бие байлар кез* - бие сауу уағы, мамыр айы; *мал өргенде* – малды жайлауға айдайтын кез, таңғы уақыт (шамамен таңғы 5-6 ның кезі); *күзем шағы* – қойды қырқатын кез, тамыз айы. Көшпелілік өмір салты халықтық өлшемдерде тек мал шаруашылығымен ғана байланысты болып қоймай, осы мал бағу тіршілігін ашық аспан астында өткізіп, табиғаттың тылсым күштерін игеріп отырған, аспанды Тәңірі тұтқан көшпелілердің ғарыштық түсініктерімен де байланысты көрініс табады. Ж.Ш.Ахмедова аспан денелерінің қозғалысына негізделген уақыттық ұғымды білдіретін мынадай тіркестерге («Шолпан туғанда», «Үркер жерге түспей жер қызбайды») талдау жасап, қазақ тіліндегі *уақыт* ұғымын бес шағын тақырыптық топтарға бөліп көрсетеді: 1) аспан денелеріне негізделген; 2) тағам атаулары (ет, сүт, шай) мен дене мүшелеріне (көз, қас, ауыз) негізделген; 3) мал шаруашылығына; 4) діни наным-сенімдерге (екінді мезгілі, бесін, ауыз ашарда т.б.); 5) жыл мезгілдері мен тәулік кезеңдеріне (сәске, ымырт, іңір қараңғысы) негізделген уақыт атаулары [47].

Сонымен қатар адамның жас мөлшерінде, малдың жас өлшемін білдіретін атауларда, тағам атауларында, өсімдік атауларында да т.б. уақыт семасы бар. С.Самураттың «Орыс және қазақ тіліндегі лексика-семантикалық топтардағы уақыт ұғымының берілуі» атты кандидаттық диссертациясында (орыс тілінде жазылған) жоғарыда аталған адамның, малдың жасымен байланысты, сондай-ақ тағам, өсімдік атаулары, діни, салт-дәстүрге негізделген *уақыт* ұғымының тілдік сипаты орыс және қазақ тілі материалдары негізінде салғастырыла қарастырылады [48]. Зерттеушінің бұл еңбегіне (әсіресе, зерттеушінің жеке ғылыми жаңалығының, нәтижелерінің бірі болып табылатын тілдік-эксперименттік мәліметтеріне) біз әрбір тақырыптық топты қарастыру кезінде арнайы тоқталып отырамыз.

Бұл тақырыптық топтардағы уақыт семасы *уақыт* ұғымын философиялық тұрғыдан қарастырған тақырыпшаларымызда сөз болған *қатыстық уақытқа* жатады. Яғни физикалық уақыттан басқа уақыттың барлығы, соның ішінде тілдік уақыт қатыстық уақыт болып табылады. Жалпы алғанда, уақыт белгілі бір есептеу нүктесі бойынша өлшенеді. Бірақ бұл есептеу нүкте лексика мен грамматикада, тіпті лексика-семантикалық топтардың өз ішінде де бірдей емес. Мысалы, айтудағы семантикалық шақтың есептеу нүктесі сөйлеу сәті болса, грамматикалық тілдік жүйедегі есептеу нүкте грамматикалық формалардың өз ішінде, шақ формаларының білдіретін мағыналары болып табылады. Сол сияқты лексикалық шақтық мағыналар да бір ғана есептеу нүктесі бойынша өлшенбейді. Мысалы, адамның жасы туумен, өмірге келу уақытымен өлшенеді. Бұл мәселені біз мағыналық құрамында уақыт семасы бар тақырыптық топтарды жеке дара қарастыру кезінде кеңінен сөз ететін боламыз.

1. *Уақыт* ұғымы ең алдымен «адам» тақырыптық тобындағы **адамның жас мөлшерімен байланысты қалыптасқан кезеңдік атауларда** көрініс

табады. Мысалы: *сәбилік, балалық, жасөспірімдік, жастық, кәмілеттік, ересектік, балиғаттық, азаматтық, қарттық, кәрілік*. Мұндай уақытты тілде «тұлғалық уақыт» (индивидуалды уақыт) деп атайды. *Тұлғалық уақыт* адамның дүниеге келу уақытымен байланысты өлшенеді, яғни есептеу нүктесі де адамның дүниеге келген сәті болып табылады. Тұлғалық уақыттың соңы, соңғы сәті адамның дүниеден кетуі, қайтыс болуымен аяқталады. Философиялық тұрғыдан алғанда, адамның өмір сүру уақыты физикалық уақытпен ұқсас болып келеді. Физикалық уақыт белгілері болып табылатын бірбағыттылық, оралмаушылық, өткеннен болашаққа қарай жүретін сызықтық бағыт адамға да тән. Индивидтің өмір сүру уақыты оның дүниеге келу сәтінен басталып, дүниеден қайту, қайтыс болғанға дейінгі кезеңдерді қамтиды. Яғни уақыттық кезең туудан өлімге қарай бағытталады. Физикалық уақыттың кері қайтпайтыны сияқты адам да өлгеннен кейін, қайта дүниеге келмейді немесе адам ешқашан өткен уақытын қайтара алмайды. Жастық шақ ешқашан қайтып оралмайды. Қазақ тілінде адам өмірінің қайтып оралмаушылығы туралы мынадай фразеологиялық тіркестер қалыптасқан: *қайран жастық шақ, қайран жиырма бес, өкінгенмен не пайда, өткен іс өтті, өткенді қайтара алмайсың, жалған дүние, адам дүниеге қонақ* т.б.

Адам өзі өмір сүрген адамзаттық қоғамда дүниеге келгеннен бастап (туу сәтінен бастап), бір бағытта сызық бойымен уақыт ағымында өмір сүреді. Бұл өмірден қайтқанға дейін осы уақыт ағымына ілесе отырып, шартты түрде алынған уақыт кезеңдерін басынан кешіреді (сәбилік, балалық, жасөспірімдік, қарттық т.б.). Уақыт кезеңдерінің әрбірінде адамның физиологиялық, психикалық, физикалық ерекшеліктері, адамзат қоғамында алатын орны, атқаратын қызметі болады. Адамның жас ерекшелігін этнографиялық тұрғыдан зерттеген Н.Шаханова мынадай уақыт кезеңдерін атайды:

1. Сәбилік және ерте балалық шақ (туғаннан бастап 3 жасқа дейін). Бұл кезеңді іштей екіге бөліп көрсетеді: а) туғаннан қарын шашын алғанға дейін, яғни баланы қырқынан шығарғанға дейінгі кезең; ә) қырқынан шыққан күннен бастап 3-4 жасқа дейінгі аралық;
2. Балалық шақтың бірінші кезеңі (3тен -7жасқа дейін);
3. Балалық шақтың екінші кезеңі (7 мен 12 жас аралығы);
4. Жыныстық жетілу кезеңі (ербалаларла 12-15, қызбалаларда 11-13 жас аралығы);
5. Кәмелеттік жас (ербалаларда 15, қызбалаларда 13 жас);
6. Жас некелік кезең (25-30 жасқа дейін);
7. Ересектік кезең (45-50 жасқа дейін);
8. Кәрілік (55-60 жастан жоғары) [49, 139-147 б.].

Н.Шаханова жоғарыда көрсеткен адамның жас кезеңдерін «адамның әлеуметтік жас кезеңдері» деп атайды. Өйткені, бұл кезеңдік жіктеме бір ғана адамның емес, барлық адам баласының жасымен байланысты алынған. Яғни мұндай кезеңдік жіктеме әлеуметтік-топтық сипатқа ие. Ал биологиялық жас – жеке адамның, индивидтің жылмен өлшегендегі жасы [49, 149 б.].

Түркі ортағасыр ескерткіштеріндегі адамның жасымен байланысты кезеңдік атауларды зерттеген Т.Сұлтановтың айтуы бойынша жас кезеңдері жетіге бөлінген: емчек бала (1,5 жасқа дейін); кичик бала (7-8 жасқа дейін); бозбала (15-16 жасқа дейін); иаш йигит (16-17) жас; йигит (20-дан 40 жасқа дейін); йигит ағасы (шамамен 50 жасқа дейін); карт не аксакал (50 жастан жоғары) [50, 73 б.].

Адамның жас ерекшеліктерімен байланысты кезеңдестіру мәселесін зерттеген С.Қасиманов адам өмірін *төрт кезеңге* бөліп қарастырады: *дәурен жас – 25 жас; елагасы – 50 жас; аталық жас – 75 жасқа дейін; қарттық жас немесе таусыншақ жас – 75 жас және одан жоғары.*

Он екі жылдық цикл бойынша адам өмірі *8 циклдан* тұрады (13, 25, 37, 49, 61, 73, 85, 97). Бұл мүшел жастарды былайша топтастыруға болады: *балалық мүшел – 13 жас; жігіттік мүшел – 25 – 37 жас; ағалық мүшел – 49 – 61 жас; аталық мүшел – 73 жас; кәрілік мүшел – 85 – 97 жас.*

Осы мүшелдерге сәйкес, балалық шақ *алты* кезеңдік ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді: *нәресте шақ – 2 жасқа дейін; сәби шақ – 7 жасқа дейін; бөбек шақ – 8-9 жас; жеткіншек шақ – 10-12 жас; жасөспірім шақ 13-15 жас; ересек шақ 15-16 жас.*

Жігіттік мүшел кезеңдік ерекшеліктер бойынша *төрт* шаққа бөлінеді: *бозбалалық шақ, албырт шақ, ағалық шақ, кісілік шақ.*

Ағалық мүшел 49-61 жас аралығын қамтиды, *беске* топтастыруға болады: *ер ағасы болған шақ; ел ағасы болған шақ; отағасы; қосағасы; атасақал аузына біткен шақ* [51, 93 б.].

Жоғарыдағыдай жас кезеңдеріне сәйкес келетін адамның нақты жасымен есептегендегі санақтың дәлме-дәл болып келуі шартты болып келеді. Осымен байланысты түсіндірме сөздіктерде осы аталған жас кезеңдеріне берілген дефиниция да сандық тұрғыдан нақты көрсетілмей, көбінесе сипаттама түрінде берілген. Мысалы, қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде «балалық» сөзі «кәмелетке толмаған балғын шақ» делінсе, «кәрілік» сөзі «қарттық, жасы асқандық» болып анықталған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (2, 661) де «балалық» сөзі «кәмелетке толмаған балғын шақ» болып он томдықтағыдан өзгеріссіз беріледі. «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» (2005) «балалық, жастық, сәбилік» сөздеріне «жас кез, балғын шақ» деп түсіндірме берілген. Сондай-ақ Т.Жанұзақовтың редакторлығымен шыққан бір томдық сөздікте «сәбилік» сөзі «буыны бекімеген бүлдіршін кез, бөбектік», ал «ересектік» сөзі «өсіп ер жеткендік, мосқалдық» болып түсіндірілген. Мұндай жалпылама сипаттама орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде де кездеседі. «Малый академический словарьда» «детство» сөзі «детский возраст, детские годы» (I, 396), Д.Н.Ушаков сөздігінде «молодость» сөзіне «юный возраст, возраст от отрочества до зрелых лет» (II, 249), «отрочество» сөзіне «переходный возраст между детством и юностью» (II, 980), «юность» сөзі «юные годы» (IV, 1447) болып түсіндірілген. Жоғарыда аталған сөздіктерден жас кезеңдеріне сандық (жылдық есеп бойынша) тұрғыдан дәл көрсетіп анықтама берген Вл. Дальдің

сөздігі. Сөздікте «младенчество» сөзіне «адамның 7 жасқа дейінгі уақыт кезеңі» делінсе, «старчество» 70 жастан кейінгі өмір сүру кезеңі» делінеді (III, 317).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде жас кезеңдеріне байланысты атаулар, жоғарыда көрсетілгендей, синонимдер арқылы, сипаттама беру арқылы түсіндірілгені болмаса, сандық жас мөлшері бойынша көрсетілмеген. Бұл жағдайды, шамамен болса да, алдағы сөздік жасау жұмыстарында ескерілуі қажет деп санаймыз.

2. «Адам» тақырыптық тобындағы *уақыт* ұғымымен байланысты сөздердің келесі тобы – **адам жасымен байланысты қалыптасқан атаулар**. Олар кезеңдік атаулармен мағыналық жағынан жақын, сөзжасамдық тұрғыдан түбірлес болып келеді. Мысалы: *сәби (сәбилік), бала (балалық), ересек (ересектік), кәрі (кәрілік), жас (жастық), жігіт (жігіттік), бозбала (бозбалалық), жасөспірім (жасөспірімдік)* т.б. Бірақ адам атаулары жас кезеңдеріне қарағанда көбірек.

Мысалы, *шарана, шақа, бөпе, бөбек, сәби, нәресте, емшек баласы, бүлдіршін, балдырған, балақай, балақан, бала, ересек бала, балғын, жеткіншек, балауса, бозбала, қыршын, жасөспірім, жас ұлан, ұлан, естияр, жас, жас жігіт, жігіт, ересек, дүр жігіт, ер түлегі, жігіт ағасы, есейген, қырма сақал, егде, отағасы, қарасақал, кексе, сары қарын, можа, мосқал, кәрі, қария, ақсақал, ебей, кейуана, көк сақал, қақса, қақсал, жасамыс, қартамыс, қартаң, кемпір, шал, ата, әже, қарт* т.б.

Біз диссертациялық жұмысымызда лексикалық уақыт ұғымын екі зерттеу әдісі бойынша қарастырамыз: бірі – *семдік талдаулар* (компонентті анализ); екіншісі – *уәждемелік талдаулар* (мотивационный анализ).

Қазіргі тіл тұрғысынан сөздерді «атау», «аталым» тұрғысынан қарастырып, олардың аталымжасамдық үдерісін зерттеуде «уәж», «уәжділік», «уәждеме» сияқты тілдік тәсілдер бойынша талдауларға айрықша назар аударылуда.

Атау сөздерді уәжділік сипаты бойынша қарастыру дегеніміз не? Оның лексикадағы мағыналық талдаулардан ерекшелігі қандай деген мәселеге келсек, бұл тілді зерттеудің семасиологиялық және ономасиологиялық бағыттарымен байланысты. Семасиологиялық бағыт бойынша тілдік құралдар формадан, яғни тілдік таңбадан мағынаға қарай зерттелсе, ономасиологиялық бағыт бойынша, бұл керісінше, мағынадан тілдік құралға қарай зерттеледі.

«Ономасиология жалпы алғанда есімдер туралы ғылым, ол ең алдымен атаулар табиғаты және оның онтологиялық болмысы жайында ғылым ретінде қалыптасқан. Ономасиологияның зерттеу нысаны негізінен заттың атауы және жалқы есімдер болып табылады. Уақыт өте келе ономасиология туралы ұғымда маңызды өзгерістер болды, соған сәйкес ономасиологияның зерттеу саласы біртіндеп кеңейе бастады» [52, 7 б.].

Ал енді уәждемелік (мотивационный анализ) талдау осы екі бағыттың қай түріне жатады? Лексикологияда сөздер лексика-семантикалық топтарға жіктеліп, ол сөздердің түрлі мағыналары, яғни тура мағына, ауыспалы мағына,

контекстік сияқты мағыналары талданса, уәждемелік талдауда тілдік құрал негізге алынғанмен, оның жасалым үдерісі, яғни сол сөзді жасауға негіз болған өзек мағыналар мен тұлғалар көрсетіліп, аталымның сөзжасамдық, аталымжасамдық үдерістеріне назар аударылады. Бұл жағынан ол сөздің тілдік құрал болып қалыптасқанға дейінгі кезеңді нысан етіп алады. Яғни уәж аталымның (сөздің, атаудың) алдында тұрады:

уәж → аталымжасам (үдеріс) → аталым.

«Ономасиологиялық тәсілдің объектіні семасиологиялық тұрғыдан қарастырудың өзгешелігі семантикалық талдау мағына анықтауға, ашуға, ол жайында констатация жасауға бағытталса, ономасиологиялық талдау ең алдымен ақиқат дүниенің қандай үзігі қандай тілдік таңба арқылы белгіленіп тұр, «не» нәрсе «немен» белгіленіп тұр, бұл тілдік таңба экстралингвистикалық дүниенің қай денотатына қатысты деген бағытта жүзеге асады. Сондықтан ономасиологиялық талдауда белгілі бір лексикалық бірліктің нендей лексикалық мағынаны білдіретіндігін айқындау емес, аталмыш лексикологиялық бірлік ақиқат өмірдегі объектілердің қайсысын атап тұр деген сауалдың жауабын қарастырады» [53, 19-20 б.].

Қазақ тіл білімінде уәжділік теориясына қатысты ономасиологиялық бағыттағы жұмыстар арнайы түрде (уәж терминіне) соңғы кездері ғана зерттеле бастады. Бұған дәлел осы терминнің өзі 1998 жылы жарық көрген «Тіл білімі» сөздігінде қазақшаланбай «мотивация», «мотивема», «мотивология» терминдерімен берілуі. Ал қазақ тіл білімінде осы ұғымдарды атауда «уәж» терминін ұсынған ғалым – Н.Уәли.

Е.Жанпейісов қазақ тілінің этномәдени лексикасын ономасиологиялық бағытта қарастырды [54].

К.Хұсайынның қазақ тіліндегі дыбысбейнелеуіш сөздерді зерттеген еңбегі номинативтік процестегі дыбысбейнелеуіштік құбылыстың мәнін фоносемантикалық уәж арқылы анықтауға арналған [55]. Р.Шойбеков зергерлік атаулардың жасалымын, уәждік белгілерін көрсетеді [56].

Б.Қалиевтің «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» [57], Г.Ұйықбаеваның «Өсімдіктердің халықтық атаулары» [58] еңбектерінде қарастырылса, Б.Қасым уәжділікті күрделі атаулар арқылы негіздейді [59], Ұ.Әділбаева қазақ тіліндегі өсімдік атауларын уәжділік тұрғысынан қарастырады [60]. Р.Панзарбекова қазақ тіліндегі жануарлар атауларының [53], Оқа Ардақ киіз үйге қатысты атаулардың уәжділігі мәселесін зерттейді [52]. Қ.Айдарбек кандидаттық диссертациясында кәсіп иесі атауларын [61], докторлық диссертациясында қазақ терминологиясын ономасиологиялық бағытта қарастырса [62], Ә.Алмауытованың кандидаттық диссертациясында қазақ тіліндегі киім-кешек атаулары ономасиологиялық бағытта зерттеледі [63]. Уәжділік мәселесі салғастырмалы тіл білімі бойынша да жақсы зерттелген. У.Мұсабекова қазақ және орыс тілі антропонимдерінің уәжділігін салғастыра зерттеген [64]. Демек, сөз, атау, аталым мәселесі уәждемелік талдауларға негізделеді.

Енді осы мәселені төменде жекелеген тілдік фактілер (адамның жас ерекшеліктеріне қатысты атаулар) тұрғысынан сөз етеміз.

«**Шарана**» сөзінің қазақ тілінің онтомдық түсіндірме сөздіктегі бірінші мағынасы – төлді, нәрестені қоршап тұратын жұқа қабыршақ, шырыш, екінші ауыс мағынасы – нәресте, сәби делініп түсіндіріледі. Демек, бұл сөздің «бала» мәніндегі ауыс мағынасы оның бірінші мағынасының мағыналық дамуынан пайда болған. «Шарана» сөзінің құрамындағы «шар» түбірі «қоршап тұратын дөңгелек, шеңбер мәндерімен байланысты, «ана» сөзі түбірге қосылып, шардың анаға (ұрғашы малға, әйел тегіне) қатысты екендігін айқындап тұр. Ауыс мағынадағы «шарана» сөзі қазақ тілінде балалық шақ атауларының ішіндегі ең жас адам атауы болып табылады, себебі бұл сөздің уәждемесінің өзі жаңа туған бала дегенге саяды. Мысалы: *Ал өзімді 20 күндік шарана кезімнен бауырына басып, асырап өсірген шешем – Сәлима* («Қазақст. әйелдері»). Қазақ «шаранасы кеппеген», шаранасынан тазармаған» деп жаңа туған нәрестені атайды. Мысалы: *Бауырындағы – шаранасы кеппестен шырқырап қалған шөбере* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

«**Шақа**» сөзі түсіндірме сөздікте «жаңа туған нәресте, жас сәби, жүні жетілмеген балапан, төл» деп түсіндіріледі. Демек, бұл сөз тек адам атауы ғана емес, жас, жетілмеген құс балапаны мен малдың төліне да қатысты қолданылатынын көреміз. Бұл сөз қазіргі кезде «бала-шаға» сөзінің құрамындағы «шаға» сөзімен тарихи түбірлес сөздер болып табылады. Себебі, *шаға-шақа* сөздері «кұлыншақ, жеткіншек» сияқты сөздер құрамында кездесетін *-шақ, -шек* жұрнақтарымен сабақтас. Бұл жұрнақтар фонетикалық варианттар болып табылады. Профессор Қ.Жұбанов кішірейту мағынасын білдіретін зат есімнің *-ша, -ше* қосымшасының шығу төркінін *бала-шаға* сөзінің құрамындағы «шаға» сөзімен байланыстырады [65].

Шақа сөзі қазіргі тілімізде актив лексикадан гөрі пассив лексикаға айнала бастаған, оның орнына *шақалақ* сөзі жиі қолданылады: - *О, қаным, мен сені шақалақ күніңнен білем* (Т.Бердияров, Солдат.).

Сондай-ақ *шақа* сөзі анықтауыштық мәндегі *қызыл шақа* сөзінің құрамында кездеседі. Т.Жанұзақовтың бір томдық түсіндірме сөздігінде «қып-қызыл, әлі өсіп жетілмеген, жап-жас» деген анықтама берілген. Мысалы, *Үшеуі үйде қалған қызыл шақа баласын емін-еркін бір иіскеді зой* (Д.Исабеков, Тіршілік). *Жұмыртқалардан көзін ашпаған қызыл шақа балапандар шығады* (Ө.Бірмағамбетов, Қаз. географиясы.). Он томдық түсіндірме сөздікте: а) Жұмыртқадан жаңа шыққан балапан; ә) Жаңа туған нәресте, жас төл. Яғни он томдық сөздікте бұл сөзге заттық мәнде алынып түсініктеме берілсе, бір томдықта балапан, нәресте, төлдің барлығына ортақ белгісі ретінде алынып, сындық тұрғыдан түсіндірілген. Жаңа басылымдағы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «қызыл шақа» сөзі құс балапанының жас кезеңімен байланысты атау ретінде сандық тұрғыдан нақтыланып, былайша түсініктеме жасалған: Құс балапанының жұмыртқаны жарып шыққаннан кейінгі 15-20 күн аралығындағы кезі (ҚӘТС, IX). Мысалы: *Балапандық өмірдің өзі қызыл шақа, ақ үрпек, қара*

қанат, көк қауырсын, қанаты қатқан деп аталатын бес кезеңге бөлінді емес пе? Кейде балапандық дәуірді сары уыз деп атайды (С.Қасиманов, Алтай аңыздары). Демек, *қызыл шақа* сөзі – құстың, малдың, адамның жас кезеңдерімен байланысты атаулардың ішіндегі жарық дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы күндері, шамамен туғаннан бастап жиырма шақты күн аралығы. Бұл сөз кезеңдік тұрғыдан жоғарыда сөз болған *шарана* сөзімен шамалас.

Адамның жас кезеңдерімен байланысты «қызыл» сөзімен тіркесетін тағы бір атау «қызыл қарын» тіркесі. Сөздіктерде бұл тіркес *жас бала, сары (сар) бала* сөздерімен де тіркесіп отыратындығы көрсетіледі. Анықтамасы: Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, сәби. Мысалы, *Қара, қызыл қарындардың ісін! – деп, қарқылдап күліп, Амангелді Әлжанның иығынан қағып қалды* (М.Жұмағұлов, Қыран.). *Жоқ, сендер де жан екеніңді білдіріп, тіршілік қылып, қызыл қарын сар баланың қамын етесіздер ме?* (Ж.Аймауытов, Шығ).

«Қызыл қарын» тіркесінің құрамындағы *қызыл* сөзі «қызыл шақа» сөзімен мағыналық жағынан жас кезеңдері тұрғысынан дәлме-дәл келмегенмен, олардың екеуіне де ортақ балалық шақ кезеңінің құрамында, «жас, буыны қатпаған» деген семаларды беру үшін қызмет етіп тұр. *Қызыл* сөзіне түсіндірме сөздікте «қан түсті, қырмызы» деп сындық мағына беріледі. Ал *қырмызы* сөзінің ашық қызыл түсті білдіретіні көрсетіледі. Енді осы *қырмызы* сөзінің ауыс мағынасында «өте сұлу, әдемі (жас)» деген мағынасы бар. Мысалы, *Шеткі үйден әдемі киініп, тамылжи төгіліп қырмызы қыздар шықты* (Д.Досжанов, Жібек.). *Қылыштың жүзіндегі қылшылдаған қырмызы қызыл жігіт еді-ау бір кезде* (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.). Бірінші мысалды *қырмызы* сөзі жеке тұрып, «жас, әдемі, сұлу» мағыналарын білдірсе, екінші мысалды бұл сөз *қызыл* сөзімен қабаттаса қолданылып, «қылшылдаған, жас, сұлу» мағыналарын беру үшін жұмсалып тұр. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: *қызыл* сөзі жалпы алғанда, жас кезеңдерін беруде «балалық, жастық шақпен байланысты атауларға қатысты, сонымен қатар, әдеміліктің, сұлулықтың символы ретінде жиі қолданылады. Ал *қызыл* сөзінің бұл мәндері адамның, төлдің, құс балапанының дүниеге келген кездегі денесінің бөртпе тәрізді қызарып тұруымен байланысты уәжделген деуге болады.

Бөбек сөзі түсіндірме сөздікте «жас нәресте, сәби» болып анықталған. Бұл сөз дыбыстық құрамы жағынан «бала» мағыналық өрісіндегі *бөпе* сөзімен сабақтас. Сондай-ақ «бөбек» сөзінің «кішкентай, бөлшек, бөлік» деген мағыналары бар екендігі мынадай сөздерден көрінеді: *бөбежапырақ* – қосалқы жапырақ. Мысалы: *Көптеген өсімдіктің нағыз жапырағының түбінен өсіп шыққан қосалқы бөбежапырақтары көбінесе қосарланып орналасады* (Т.Мұсақұлов, Өсімдік. анат.). *Бөбешік* – адамның көмекейіндегі кішкене тіл; құлақтың төменгі жағындағы кішкене жұмсақ шеміршек. Мысалы: *Сол жақ құлағының төменгі бөбешігін сырға жырса керек, қойға салған еңдей шұнтыып тұр* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы.). (ҚТТС, II, 392 б.). Біздің ойымызша, «бөбек» сөзінің бастапқы түбірі «бөбе» жоғарыда аталған «бөбежапырақ»,

«бөбешік» сөздерінің құрамындағы «бөбе» түбірімен мәндес, ал -к қосымшасы зат есім тудыратын жұрнақ болып, кейін бұл сөз әбден кірігіп, түбір, қосымшаға ажыратылмай қолданылатын болған. Олай болса, «бөбе» тарихи түбірі қазіргі «бөпе» сөзінің фонетикалық варианты: бөбе – бөпе (б – п ауысуы). Сонымен қатар, «бөбек» сөзінің құрамындағы «к» қосымшасын еркелету, кішірейту мәнін үстейтін зат есімнің рең мәнін тудыратын қосымшалармен сабақтастыруға болады. Мәселен, *бөпеш, бөпеш, бөпеш, бөпеш, бөбек*.

«**Бөпе**» сөзіне түсіндірме сөздікте «жас бала, нәресте, сәби» деген анықтама берілген. Бұл сөзге берілген дифиницияның «жас бала» делінуі тегін емес, яғни «бөпе» жай бала емес, оның жас екендігімен сипатталады. Жоғарыда өсімдік жапырағымен, сондай-ақ ауыз, құлақ мүшелерінің кішкентай бөліктерінің «кішкентай», «бөлшектік» мағыналарды білдіруі аталған «бөбе, бөпе» сөздерінің осы «жас, кішкентай» деген семаларының ортақтығынан деп ойлаймыз.

Жоғарыдағы адам атаулары ішінде «балақан», және «балақай» сөздерін синоним сөздер ретінде қарауға болады. Бұл сөздердің түбірлері бірдей де, қосымшалары әрбасқа. Зат есімнің рең мәнін тудыратын *-қан, -қай* жұрнақтары өзара синоним қосымшалар, олар зат есім сөздің түбіріне жалғанып, еркелету, кішірейту, жақсы көру мәнін білдіретін атауыш сөздер туғызады. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде «балақан» сөзінің мағынасы «балақай» сөзіне сілтеніп, мынадай түсіндірме жасалады: а) назар аударту үшін, үлкендердің кішілерге айтатын қаратпа сөзі; ә) экспр. Біреуді өзінен кіші санау, еркелету мәнінде қолданатын сөз. Ал бұлай бір сөз мағынасының екінші бір сөзге сілтенуі – ол сөздердің мағыналық жағынан вариант сөздер екендігінің белгісі. Сонымен, *-қан, -қай* жұрнақтары «бала» сөзіне еркелету, кішірейту мәнін үстеп, негізінен қаратпа сөз ретінде қолданылады.

Жоғарыда аталған адам атауларының ішінде өсімдік атауларына қатысты «балауса», «балдырған» сөздерін атауға болады. Он томдық түсіндірме сөздікте «балауса» сөзі: а) Жас шалғын, әлі пісіп жетпеген өсімдік; ә) ауыс мағынасы: жасөспірім, балғын (адам) делінеді. Он бес томдық сөздікте «балаусалану» етістігіне «табиғаттың жаңа пісіп, көгеріп, көктеп келе жатуы» деген дифиниция берілген (ҚӘТС, II, 669 б.). Яғни адам тақырыптық тобындағы «балауса» сөзінің бастапқы мағынасы – «жас, жаңа шыққан шөп» болып, оның «жасөспірім, балғын» мағыналары «балауса» сөзінің тура мағынасының дамуынан пайда болған деуге болады. «Балауса» сөзінің «жас, кішкентай» мағыналарын білдіруі осымен мағыналас «бала» сөзімен де байланысты сияқты. Бір жағынан олар тарихи түбірлес сөздер болса, екінші жағынан мағыналық жағынан да мәндес болып келеді. (Екі сөздің де (ауыс) мағыналық құрылымында «жас, кішкентай» семалары бар. Сондай-ақ, «балауса» сөзі стилдік тұрғыдан «балау» вариантында да қолданылады. Мысалы: *Жапырақ, балау қызғалдақ, Құлпырды жұтып жаңбырды. Көбелек, ара бал іздеп, Гүлден гүлге қаңғырды* (С.Сейфуллин, Өлеңд.). *Бетегесі бырдай боп, Майсасыры дырдай боп, Тарлаулары балдайын, Балауы жая-жалдайын, Ойы түрлі*

кілемдей, Солқылдап қыры кілеңдей Салқын самал дала үшін (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы).

«**Балдырған**» сөзінің түсіндірме сөздіктегі тура (терминдік) мағынасы: шатыршагүлділер тұқымдасына жататын, сабағы қырлы, іші қуыс, жапырақтары үш қырлы, қауырсын тәрізді тілімденген көпжылдық және екі жылдық шөптесін өсімдіктер туысы (ҚӘТС, II, 680 б.). Ауыс мағынасы: жасөспірім, жеткіншек. Мұндай ауыс мағына «балдырған» сөзімен төркіндес «балғын» сөзінің құрамында да кездеседі. «Балғын» сөзі тура мағынасында өсімдік атауы (жыңғылдар тұқымдасына жататын бұта) болса, ауыс мағыналарында «әлі өсіп жетілмеген, балауса (өсімдік), сондай-ақ «жас, балауса» мағыналарын білдіреді. Демек, «балауса», «балғын», «балдырған» сөздерінің өсімдік атауы болып, ал «жас, жасөспірім» мағыналары олардың мағыналық дамуынан пайда болуының уәждемесі – өсімдіктің тіршілік иесі, тірі организм ретіндегі көктеу, өркен жаю әрекетімен сабақтастығында жатқан сияқты. Сонымен қатар *балауса, балдырған, балғын* атауларының құрамындағы ауыс мағыналарының «жас, жасөспірім» болып метафоралануын аталған өсімдіктердің сыртқы пішінімен да сабақтастыруға болады. Оларға берілген дефинициялардағы «жапырағы», «сабағы бар» деген семалар баланың өсіп-жетілген кезеңін бейнелейді, яғни тамағын алып жейтін жағдайға жеткен, өз аяғымен жүре алатын, тілі шыққан т.б. жас кезеңін білдіреді. Бұл өсімдік атауларындағы ауыс мағыналар адамның сәбилік, нәрестелік шағын сипаттамайды. Өйткені баланың жаңа туған кезі жоғарыда сөз болған дененің қызарып тұруымен, яғни түске қатысты уәждемесе, сонымен қатар аталған өсімдік атауларының құрамындағы ауыс мағыналардың «жастық шақты» сипаттауы бұл өсімдіктердің әдемілігімен, көгеріп тұруымен т.б қасиеттеріне байланысты болуы мүмкін.

«**Емшек баласы**» тіркесінің құрамы анық, уәждемесі айқын. Яғни емшек сүтімен қоректенетін, емшек еметін бала, сәби дегенді білдіреді. Шамамен алғанда туғаннан бір, бір жарым жасқа дейінгі бала. Бұрынғы кездері баланы үш-төрт жасқа дейін емізе берген, бірақ бұл жасқа дейін бала тек емшек сүтімен ғана қоректенбеген, баланы ауру-сырқаудан аман жүрсін деп, әрі «ана сүтін бойына сіңірген бала мейірімді болады» деген түсінікпен баланы емшектен ерте айырмаған.

«**Бозбала**» – бойдақ жас жігіт, жігіт-желең, жасөспірім (ҚТТС, II, 325 б.). Бұл сөз «боз» және «бала» сөздерінің тіркесуінен жасалған. Бұл сөздің құрамындағы «боз» сөзі бала сөзіне жігіттік, жасөспірімдік шақты білдіретін мағыналық реңк қосып тұр. Яғни «бозбала» жас бала емес, немесе балдырған, жеткіншек, сәби т.б. емес, баланың жігіт боп қалған кезеңін білдіретін адам атауы болып табылады. «Боз» сөзі он томдық түсіндірме сөздікте сын есім болып (ақшыл қылаң түс) реестрде беріледі де, осы сөздік мақала ішінде оның өсімдік атауы екендігі де көрсетіледі. Алайда сөздік жасаушылар оларды полисемия ретінде көрсетіп, реестрге жеке шығармаған. Жаңа басылымдағы «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде» аталған жағдайлар дер кезінде

түзетіліп, зат есім өсімдік атауы мен сын есім түр-түс атауы омоним ретінде бөлініп, дербес реестрлік қатарда орналастырылған. Сын есім «боз» сөзінің ауыс мағынасында «жасөспірім, бозбала» мағыналары көрсетіледі: *Абзал атам, анам менің өз халқым! Аяқталды баяғы жас боз қалпым, Көрген күнім - бастан кешкен өз күнің, Өткен түнім – өз басыңнан озған түн* (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

Жергілікті тілде «бозбала» сөзінің орнына «бозбас» деп қолдану да кездеседі. Мысалы, *Жігіттің бозбас күнінде сұлу қызы құрғыр кісіні отқа да, суға да түсірмей ме?* (С.Сейфуллин, Шығ.). «Боз» сөзінің мағыналық құрылымында жетімсіздік, босандық, өсіп жетілмегендікті білдіретін сема бар екендігін мына мысалдардан көруге болады: *Жеңбесіне қоя ма қырсық сені, Босаң біткен боз кемік жілік болсаң* (Айтыс). *Олардың көріп отырған қай сұлу қыз елдегі өзі бірге өсіп, біте қайнасқан боз тұмсық баланы менсіне қояды?* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Мысалдардан көріп отырғанымыздай, «боз» сөзі әлі пісіп-жетілмеген, жігіттік шаққа жетпеген жас кезеңін көрсетіп отыр. Демек, «бозбала» сөзінің жасөспірімдік, жігіттік шақты білдіруі оның құрамындағы «боз» сөзінің мағыналық реңкімен байланысты деп ойлаймыз. *Боз* сөзі сондай-ақ аралық түсті білдіреді: ақшыл қылаң түс, ақшыл көк түс. Яғни ақ та емес, қара да емес, көк те емес, екеуінің аралығындағы түс. *Боз* сөзінің құрамындағы осы аралық сема жас кезеңдерін сипаттауда негізге алынған. Яғни жігіт те емес, бала да емес, өтпелі кезеңде тұрған адам. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «бозбала» сөзіне мынадай анықтама беріледі: Он үш пен кәмелет жасы аралығындағы жас жігіт, жасөспірім, жеткіншек (ҚӘТС, III, 407 б.). Түсіндірме сөздіктің жаңа басылымындағы «бозбала» сөзіне берілген дефиниция онтомдықтағы анықтамадан адам атауының жас шамасын нақтырақ көрсетуімен ерекшеленеді. Сонда «бозбала» он үш пен он сегіз жас аралығындағы жасөспірім бала, жеткіншек деген анықтаманы біз қолдаймыз. Осы сияқты басқа да жас кезеңдерін білдіретін адам атауларының түсіндірме сөздіктерде шамамен болса да нақтырақ берілгені дұрыс.

«**Бүлдіршін**» сөзінің он томдық түсіндірме сөздікте «жас буын, жеткіншек» мағынасы ғана көрсетіледі. Оның мал атауы ретіндегі мағынасы аталған сөздікке енбеген. Т.Жанұзақовтың бір томдық сөздігінде және он бес томдық сөздікте бұл сөздің «үш жасқа шығар қайымаған түйе» деген мағынасы беріледі. Сонымен қатар, он томдық сөздікте бұл сөздің адам атауы болатын мағынасы ауыс мағынасында «жас буын, жеткіншек» делініп анықталады. Яғни жас шамасы көрсетілмейді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «сәби шақтан өтіп, жасөспірім шаққа жетпеген кішкентай бала» деген анықтама беріледі. Демек, дефиниция беруде бұрынғы сөздікке қарағанда алға жылжушылық бар деуге болады. Бұл түсіндірме бойынша «бүлдіршін» – бөпе, сәби шақтан өткен, бірақ әлі ересек, жасөспірім шаққа жетпеген балалық шақтың ортаңғы бөлігі. Бұл сөздің дефинициясын әлі де сандық тұрғыдан нақтылар болсақ, бұл сөздің көбінесе балабақша балалары мен бастауыш сынып оқушыларына қатысты қолданылатынын есепке алып, шамамен 2-2,5-жастан 7 жас аралығындағы

балалар деуге болады. Қазіргі кезде балаларға берілетін жеңілдіктердің 7 жаспен шектеліп отыруы да осымен байланысты.

Енді «бүлдіршін» сөзінің уәждемесіне тоқталар болсақ, біздің ойымызша, бұл сөз алдымен мал атауы болған, яғни «үш жасқа шығар қайымаған ұрғашы түйе» (келеге түспеген жас түйе). Қайымаған, келеге түспеген жас түйе әлі он екісінен бір гүлі ашылмаған жас қыздай әдемі, уыздай жас, сүйкімді болса керек, тілімізде «бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді» деген мақалда айтылғандай, әлі оң-солын танымаған, бейкүнә, ақ пен қараны ажырата алмайтын, көңілі пәк, таза баланы «бүлдіршін» деп атау осы мал атауы болатын «бүлдіршін» сөзінің мағыналық дамуынан туып, алдымен полисемиялық құрылымда болып, кейін келе омонимдік жікке ажыраған сияқты. Яғни бұл жердегі «бүлдіршін» сөзінің уәждік моделі: *мал атауы* → *адам атауы*.

«**Жеткіншек**» сөзі түсіндірме сөздікте «жас өспірім, жас жігіт» болып анықталған. «Жеткіншектік» – жасөспірімдік, жігіттік. Көріп отырғанымыздай, бұл сөздің түсіндірме сөздіктердегі анықтамасының «жігіттік» деп гендерлік тұрғыдан көрсетілгендігі қаншалықты дұрыс? Біздің ойымызша, «жеткіншек» сөзіне жігіттік деген анықтаманың берілуі дәл дефиниция емес. *Жеткіншектік шақ* жеті жастан, яғни бүлдіршіндік кезеңнен кейінгі, өсіп-жетіліп келе жатқан, бірақ әлі есейіп, тоқтамаған, яғни ержетпеген, немесе бойжетпеген жігіттік, бозбалалық шаққа дейінгі, шамамен алғанда, 13 жасқа дейінгі кезең. Және бұл сөз тек ер балаларға ғана емес, қыз балаларға да қатысты деп ойлаймыз. Жаңа басылымдағы он бес томдық сөздікте осы сөзге берілген түсіндірме бұрынғы сөздіктің ізімен өзгертілмей беріліпті. Бұл енді алдағы уақытта ескерілуі тиіс. «Жеткіншек» сөзін жеті жаспен байланыстыратын мына мысалға назар аударалық: *Қаңғырғанның ұлы деп, Серікті ұрар қақ басқа! Жеті жасар жеткіншек Жеделдеп елін таппас па! Жек көрген балаң Ер Төстік, Жылатып достық айтпас па!* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Алайда «жеткіншек» сөзі сияқты басқа да жас кезеңдері атауларының қолданыста әртүрлі жас кезеңдеріне қатысты жұмсала беретіндігі байқалады. Мына мысалда «жеткіншек» сөзі жігіт болған, ересек адамдарға қатысты қолданылған: *Қазіргі жеткіншек інілердің көпшілігі дене бітімі сымбатты, кең жауырынды, кесек тұлғалы сияқты көрінеді бізге* (С.Байжанов, Жастық.).

«Жеткіншек» сөзінің гендерлік сипаты, яғни сөздіктегі берілген түсіндірмесі бойынша ауызша эксперимент жасағанымызда екі түрлі пікір болды. Бір топ бұл сөзде гендерлік сипат жоқ, ұлға да, қыз балаға да қатысты қолданылады дегенді айтса, екінші топ бұл сөздің сөздікте берілген дефинициясының дұрыстығын, яғни көбінесе ер балаларға қатысты қолданылатынын баса көрсетті. Осыған қарап, аталған атаудың белгілі бір стильдік мақсатта қолданылатынын байқауға болады. Яғни тілұстарман сөйлеу мақсатына, коммуникативтік жағдаятқа қарай бұл атауды жалпы балаларды атау үшін де қолдануы мүмкін, немесе даралап, ер балаларға қатысты қолдануы да мүмкін деген пікірге келдік.

«Жасөспірім» сөзі он томдық сөздікте бөлек «жас» сын есімінің сөздік ұясында беріліп, «ер жетіп, есейіп қалған қыз-бозбала» деп анықталса, он бес томдық сөздікте орфографиялық ережелерге сәйкес бұл сөз біріктіріліп, реестрге шығарылып, «10-15 жас аралығындағы жеткіншек» деген дефиниция берілген. Жаңа сөздіктегі жас мөлшерін нақтырақ беруге ұмтылу үдерісі қуантарлық жайт. Жоғарыдағы С.Қасимановтың «жасөспірім шақты» «жеткіншектік» кезеңнен кейін қойып, 13-15 жас аралығы деген деректерін біз қуаттаймыз. Біз жоғарыда «жеткіншек» атауының 7-13 жасқа дейінгі бала деген тұжырымдарымызды ұстана отырып, «жасөспірім» деген атаудың жеткіншектік шақтан кейінгі, яғни 13 жастан кейінгі жігіттік, бойжеткендік шаққа дейінгі кезеңдегі адам атауы деп білеміз. Сонда бұл 13 пен 15-16 жас, тіпті қазіргі кәмелеттік жас тұрғысынан алғанда 17-18 жасқа дейінгі кезең десе де болады. Жоғарыдағы С.Қасимановтың жіктемесінде 15-16 жас «ересек шақ» деп аталады.

«Жасөспірім» сөзі жасалуы жағынан бірігу (сөзқосым) жолымен жасалған күрделі сөз. Түбірі – «жас», екінші компоненті – «өспірім» сөзі. *Жас* сөзінің сындық мағынасы түсінікті, ал екінші компоненттің түбірі «өс» етістігі. Ал құрамындағы *-ім* қосымшасы *қайтарым, алым, жазылым, түрленім, құрылым, айтылым* сияқты сөздер құрамындағы зат есім тудыратын жұрнақ. Ал *-пір* тұлғасының қазіргі тіл тұрғысынан мағынасы айқын емес. Жоғарыдағы *-ім* жұрнағы жалғанып жасалған зат есім сөздердің негізінен етістіктен зат есім тудыратынын ескерсек, *-пір* тұлғасын көнерген етістік формасы болар деген болжам жасаймыз. Жалпы алғанда, «жасөспірім» сөзінің құрамындағы екі сөздің мағыналық реңктері арқылы уәжденгенін көруге болады, оның бірі – «жас» сөзінің семантикалық реңкі болса, екіншісі – «өсіп келе жатқан» деген мәндегі «өс» етістігінің мағынасы.

Жоғарыда берілген адамның жас кезеңдерімен байланысты атаулардан «егде», «естияр», «ересек», «есейген» сөздерін бір мағыналық өріс бойынша бірге қарастыруға болады. Бұл сөздердің барлығындағы мағыналық ортақтық – үлкею, өсу, ес жию мағыналарымен байланысты. Бұлардың ішінде «егде», «естияр», «ересек» сөздері қазіргі тілімізде сын есім сөз табының құрамында қарастырылып, қолданыста үнемі заттанып (*Екеуі ақылдаса келе, ауылда естиярлар бар ғой, біздің үй көшіріп әкелетінімізді айтар десті* (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен) отырса, «есейген» сөзі – алдыңғы үш сөзге қарағанда сөйлеуде анықтауыштық қатынаста қолданылғанмен, әлі толық сындық дәрежеге (сын есім сөз дәрежесіне) жетпеген, бірақ біртіндеп атауыштық сипат алып келе жатқан сөз.

Жоғарыда аталған төрт сөздің ішінде «егде» сөзі жас шамасы жағынан «ересек», «естияр» сөздеріне қарағанда орта жасқа келген, немесе орта жастан асқан үлкен, жасы ұлғайған кісіге қатысты айтылады. Он томдық түсіндірме сөздікте бұл сөзге «жасы келген, ұлғайған (кісі, адам) деген анықтама берілген. Осы сөзге қатысты тілімізде «егделеу», «егделену», «егделендір», «егдеру», «егдею» сияқты етістіктер мен «егде тарту» тіркесі бар.

«Естияр», «ересек», «есейген» сөздерінің шығу төркіні бір. «Есею» етістігінің «ересею» вариантының бар екендігін ескерсек (*Оның қасында үш бауыры Мақан, Заркен, Сара және тұр. Олардың бәрі ересейін, өсіп кетіпті* (Ә.Нұршайықов, Батыр.), «ересек» сөзінің құрамындағы «ересе» сөзі о баста «ересею» етістігі болып, «ю» дыбысы түсіп қалып заттық, сындық мәнді атау сөз (ересек) жасалған. Он томдық сөздікте «ересей» етістігі стильдік белгісі бойынша сөйлеу тілі деп көрсетілсе, он бес томдық сөздікте әрі сөйлеу, әрі жергілікті ерекшелік түрінде беріледі. Мысалы, *Ересейін қалған баланы көтерген бойында Мырзахан да қуанышқа бөленіп, айналып толғанады* (К.Оразалин, Ақ жаз.). Демек, «ересек» сөзі «есею» етістігінің варианты «ересею» етістігінен жасалған деуге болады.

«Есейген» сөзінің құрамы «есей» етістігі мен *-ген* есімше тұлғасының жалғануы арқылы жасалған, бірақ әлі тұрақтала қоймаған. «Естияр» сөзіне синонимдес сөз. Тілімізде «сақтаған», «тоқтаған» сияқты сөздердің тіпті адам атаулары дәрежесіне дейін жеткендігін ескерсек, бұл сияқты есімше формалы етістіктердің лексикаланып, конверсия арқылы сөзжасамдық бірліктерге айналуы заңды құбылыс.

«Естияр» сөзі түсіндірме сөздікте «ес білетін, ересек, ер жеткен» болып анықталған. Яғни ақылы кірген, оң-солын танитын, сана-сезімі толық дамыған ересек адам. Осы сөздің мағынасы туралы сауалнама жүргізгенімізде екі түрлі пікір болды, *бірінші пікір*: оң-солын таныған, ақыл тоқтатқан, шамамен 30 жастағы немес одан асқан адамға қатысты айтылады. *Екінші пікір*: балаға қатысты, яғни бір баланың жасын екінші баламен салыстырғанда айтылады. *Үшінші пікір*: жасы орта жасқа келген не одан асқан, егде, үлкен кісілерге қатысты қолданылады.

Естияр сөзі қолданыста жас мөлшерін үнемі дәл көрсете бермейді. Ол баланың екінші біреумен салыстырғанда жасы үлкендігін көрсету үшін де қолданылады. Мысалы, *Ибаш та келісіп тұрған жоқ, Жаңылдан екі жас үлкендігі бар, естияр болудың орнына шолжың өскен* (Т.Ахтанов, Боран). Сондай-ақ егде, үлкен кісілерге қатысты да айтылуы мүмкін. Мысалы, *Ауылдың естияр адамдары қотан іргесіндегі құдық басына жиналған* (Ә.Көшімов, Лашын.). Демек, бұдан шығатын қорытынды: *естияр* сөзінің негізгі айырушы семасы адамның жас мөлшерін дәл көрсетпейді, оның доминант мағынасы ақыл тоқтату, оң-солын тану семасына байланысты, сол себепті қолданыста да ол әртүрлі жағдайларға қарай икемделіп тұрады. Яғни адам жасын салыстыру кезінде балаға қатысты қолданылуы да, сонымен қатар, қарт, кәрі кісілерге қатысты айтылуы да мүмкін.

«Жігіт» сөзіне түсіндірме сөздікте «ер жеткен, кәмелетке толған ер-азамат, бозбала» деген анықтама берілген. Біз жоғарыда «бозбала» сөзін талдау кезінде он бес томдық жаңа сөздіктегі «он үш пен кәмелеттік жасқа жетпеген» бала деген дефиницияны қолдайтынымызды айтқанбыз. Біздің ойымызша, жігіттік шақ – осы кәмелеттік жастан (18-ден жоғары қарай) жігіт ағасы болған шаққа дейінгі кезең.

«Жігіт ағасы» деген тіркеске он томдық түсіндірме сөздікте «бозбала шақтан өткен есейген кез» деген анықтама беріледі, яғни нақты сандық тұрғыдан көрсетілмеген. Біздіңше, «жігіт ағасы болған шақ» – оң-солын таныған, есейген, бір іске маманданған, тұрақты жұмысы бар, бала-шағасы бар, үйленген, ақыл тоқтатқан, күш-қуаты бойында тұрған нағыз дер шағында тұрған орта жасқа жетпеген, шамамен 30 – 45-тердегі ер адам. Ал тіркестің уәждемесі «аға» сөзімен байланысты болып, жас жігіт емес, жігіттің үлкені, бозбала жігіт емес, есейген жігіт деген мағыналарды білдіреді.

«Сары қарын» - орта жастағы кексе әйел (ҚӘТС, 9 т.). Осы атаудан туындайтын тілімізде «сары қарындық» тіркесі «орта жасқа келушілік, кекселік» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Тентек пенен сақилар, Мүсәпір мен пақырлар, Және қалмай келінті, Сары қарын қатындар* (Батырлар жыры). Ал «сары қарын тарту» – егделену, жасы келу. Демек, бұл атаулардың барлығына ортақ мағына адам жасының ұлғаюымен, нақтырақ айтқанда, әйел адамның егде тартып, кекселенуімен байланысты. «Сары қарын» атауының жасы ұлғайып, егде тарта бастаған әйелге қатысты алынуының себебі, уәжі не деген сұрақ туындайды. Біріншіден, кәрі малдың етінің сап-сары болып тұруы – адамның жасының ұлғайғандығын көрсету үшін уәждік қызмет атқарса, екіншіден, жас ұлғая келе әйел адамның дене пішіні жайылып, май басуы, яғни қатпар-қатпар қарын пайда болуы «қарын» сыңарының уәжделуіне түрткі болған.

«Ақсақал» сөзіне он томдық түсіндірме сөздікте а) тар. Революциядан бұрынғы қазақ ауылының ру басы, билік иесі; ә) Жасы үлкен құрметті адам делінсе, он бес томдық сөздікте а) Жасы үлкен, құрметті ер адам, қария; ә) Байырғы қазақ қоғамында ел тағдырын шешуге араласқан жасы үлкен, ықпалды ер адам делінеді. Екі сөздіктегі дефинициялар негізінен бірдей. Ал енді бұл сөздің үлкен, қарт кісіге қатысты «ақсақал» атауының уәждемесіне келсек, бұл сөздің «ақ» және «сақал» сөздерінің тіркесуі арқылы жасалғандығы айқын көрінеді. «Ақ» сөзінің негізгі мағынасы түр-түспен байланысты екендігі белгілі. Сонымен қатар түсіндірме сөздіктердегі «ақ» сөзінің семантикалық өрісі ретінде мынадай дефиниция берілген: Шаштың, сақал-мұрттың бозаң тартқан талшықтары. Мысалы: *Анасының жастықты жауып жатқан қара шаштарының арасында Марат қазір бір тал ақты да ұшыратты* (Ж.Жұмаханов, Жазылм. Кітап).

Тілімізде «ақ бас» сөзі «сақал-шашына ақ кірген, қартайған, жасы келген» деген мағыналарды білдіреді, сондай-ақ қазақ тілінде «ақ кіру», «ақ түсу» тіркестері жасы келіп, қартая бастау сияқты мағыналарды білдіруде жиі қолданылады. Демек, «ақ» сөзінің мағыналық өрісінде қарттық, кәрілікпен байланысты сема бар. Айталық, қазақта түшкірген адамға «аққас» дейді. Мұның вариант қолданысы - «сау бол». Осындағы «аққас» сөзінің түпкі мәні – «сақал-мұрттың, қас пен шашың аппақ қудай болып қартайғанша өмір сүр» дегенді білдіреді. Шаштың, сақал-мұрттың ағарып, ақ түсе бастауы шамамен 40-тың о жақ бұл жағында басталса, ал толығымен аппақ қудай болып ағарып

кетуі орта есеппен 60-тың ар жақ бер жағында болады. Сонда «ақсақал» сөзінің жасы келген, қарт адамға қатысты аталымдық сипат алуы осы «ақ» сөзінің семантикасымен байланысты дейміз.

Осы сөздің құрамындағы сөзжасамдық екінші компонент «сақал» сөзі де қазақ халқының ұлттық менталитетінің бір көрінісі болатын лингвомәдени бірлік болып табылады. Себебі, байырғы қазақ қоғамында «сақал қою», «сақал өсіру» дәстүрінің жас ерекшелігімен байланысты өзіндік дәстүрлі тәртібі болған. Яғни жас жігіт белуарына дейін өсіріп, сақал қоймаған, басқалай айтқанда, адамның жас шамасына қарай қойылған, өсірілген сақалдың ұзындығы мен күзелімі әртүрлі болған. Жігіттік шақта негізінен мұрт қойылса, жігіт ағасы болып, есейген шақта сақал қоюды бастаған. Бірақ бұл кезеңде сақалды күзеп, жас шамасына қарай өзіндік қалыпта ұстаған. Жас ұлғая келе, сақалды жіберіп, тіпті көп жасаған қарт кісілердің сақал ұзындығы белуарына дейін жеткен. Демек, «сақал» сөзінің мағыналық құрамында да жас кезеңдерімен, яғни уақытқа қатысты сема бар. Сонымен, «сақал» сөзі орта жастан асқан, жасы ұлғайған кісілерге қатысты уәжделсе, «ақсақал» сөзінің құрамындағы «ақ» сөзі адамның жас шамасының одан әрі ұлғая түскендігін, қарттық, қариялық шаққа қатыстылығын көрсетеді. Олай болса, «ақсақал» сөзі – құрамындағы екі сөздің де семантикалық сипаты бойынша уәжделген деуге болады. Сонымен қатар, бұл сөздің гендерлік тұрғыдан ер адамға қатысты қолданылуы «сақал» сөзінің семантикасымен байланысты. «Ақсақал» сөзінің, сонымен қатар, мынадай коннотативті мағыналары бар: ақылды, ұлттың салт-дәстүрін білетін, әртүрлі дау-дамайды шешуге қабілетті, мәселенің оң-солын таразылай алатын, ақылмен шешетін, бағыт-бағдар, нұсқау беріп отыртын үлкен кісі. *Ақсақал* сөзінің осы потенциалды семасымен байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында «Ақсақалдар алқасы» деген әлеуметтік құрылым болған. Олардың қоғамдық-әлеуметтік қызметінің жоғарылығы соншалық, олар билікке, саяси мәселелерге араласып отырған.

«Ақсақал» сөзімен мағыналас, жас шамасын білдіруі жағынан шамалас тілімізде «шал», «қарт», «қария» сөздері бар.

Қарт, қартамыс, қария сөздері – түбірлес сөздер. *Қарт, қария* сөздері қазіргі тіл тұрғысынан түбір мен қосымшаға ажыратылмайды. Бұл сөздер о баста сындық мәнді білдіргенмен, қазіргі тілімізде сын мәнінен гөрі заттық мәнге көше бастаған. Яғни бұл сөздерді түсіндірме сөздіктерде омонимдік қатарда беруге болады. Ал *қартамыс* сөзі *қарт* және *-мыс* тұлғасының жалғануы арқылы жасалған туынды сөз екендігі байқалады. Бұл *болмыс, жазмыш* сияқты сөздердің құрамындағы *-мыс/мыш* тұлғасымен сабақтас. Құрамындағы *-а* формасы *қартай, қартаю* етістігінің құрамындағы *-ай, -ей, -й* тұлғасының қалдық формасы. Бұл *қартамыс* сөзінің мағыналық құрылымында жетімсіздік семасы бар, ол құрамындағы *-мыш* тұлғасының мағыналық реңкінен туындаған. Бұл реңк *-мыш* тұлғасының *айтыптымыс, жазыптымыс* сияқты сөздердегі белгісіздік семасымен байланысты.

«Қартамыс» сөзіне он томдық түсіндірме сөздікте «мосқал тартқан, кәрі» деген анықтама беріледі. Қартамыстау – мосқалдау, егделеу. Мысалы, *Қартамыстау бір әйел ауыр сумкасын мағына ұстата берді* («Лен жас»). Мысалдағы *қартамыс* сөзі әйелдің қарт, қария не кәрі кісі деген мағынада қолданылмаған. Бұл жердегі мағынасы егделеу, жасы үлкен кісі туралы айтылып тұр. Яғни *қартамыс* сөзінің құрамындағы *-мыс* тұлғасы жалғанған сөзіне жетімсіздік мағына үстеп, соның нәтижесінде аталған сөз де *қария*, *қарт* сөздеріне қарағанда жас шамасы жағынан қарттық пен қариялыққа жетпеген адам жасын білдіретін сияқты. Бұған қоса бұл сөз көптеген өзімен түбірлес сөздердегі деффиницияларда «мосқал», мосқалдану, мосқал тарту сөзімен түсіндіріледі. *Мосқал* сөзі түсіндірме сөздікте «жасы келген, жасамыс, қартамыс» болып анықталған. Демек, *мосқалдық* пен *қартамыстық* синоним, бірін-бірі анықтайды. Бірақ түсіндірме сөздіктерде аталған *қартамыс*, *мосқал* сөздерін *қартаю*, *қарт*, *кәрі* сөздерімен ашқан дұрыс емес, бұл сема осы сөздерге берілген мысалдарда да айқын аңғарылады. Мысалы, *Бөрібаев қырықтың ішіне мол кірген, мосқал кісі екен* (С.Омаров, Өмір). Яғни «қартамыс» атауы жас шамасын білдіруі жағынан кәрілікке жетпеген, бірақ жас емес, жасы ұлғайып, мосқал тартып қалған орта жастан асқан адам. Нақтырақ айтқанда, орта жастан асқан, бірақ қарттыққа жетпеген өтпелі кезенді білдіреді, бұл осы сөздің құрамындағы *-мыс (мыш)* жұрнағы үстейтін жетімсіздік мағынамен сабақтасады.

Ал жоғарыда аталған *қарт*, *қария*, *қартамыс* сөздерін түбірлес сөздер ретінде қарайтын болсақ, олардың барлығын бірдей *қарт* сөзінен тарайды деп айта алмаймыз, бұл *қария* сөзінің түбірімен байланысты. Бұл сөздің «кәрия» варианты бары белгілі. Бірақ *кәрт* варианты жоқ та, «қартамыс» сөзінің – кәртәміс», «кәртәміш» варианттары бар. Сонда *кәрия* мен *қария*, сондай-ақ *қартаю* мен *кәртею* сөздерін вариант ретінде қарайтын болсақ, *қар* мен *кәр* тұлғасы, *қарт* пен *кәрт* тұлғаларының арасында тарихи сабақтастық бар деуге болады.

Қартаю етістігінің «қару» вариантының бар екенін ескерсек (*Атты арығанда көр, жігітті қарығанда көр* (Мақал); *Тоқсанға жасы жетпей қарымас, Тәңірі өзіңе берсе, Менменсіп жүрген ер жігіт* (Алдаспан), аталған сөздердің бастапқы қалпы *қар (қары)* тұлғасы болу керек деп болжам жасаймыз. Сонымен қатар, *қартаю* етістігінің «қары талу» тіркесінің мағынасына қатыстылығын көруге болады. Қары талу – қолынан күші кету деген мағынаны білдіреді. Бұл оның дифференциалды семасы. Ал бұл тіркестің мағынасында «бойдан қуат кету, жасы келу» сияқты мағыналық реңктері бар. Жасы келу мағынасы – аталған «қары талу» тіркесінің потенциалды мағынасы.

Екінші жағынан *қару (қары)* етістігі *қажу (қажы)* етістігімен де байланысты болуы мүмкін. *Қажу* сөзінің мағыналық құрылымында да «шаршау, күш-қуаты кету, қартаю» сияқты семалар бар. Олай болса, «қария» сөзі де сөзжасамдық тізбектегі *қарт*, *қартамыс* сөздерімен түбірлес, сонда бұл үш сөздің де түптұлғасы *қар* тұлғасы екендігі анық. Ал *қария* сөзінің

құрамындағы *-ия* тұлғасы *жария* сияқты сөздердің құрамындағы сөзжасамдық қосымша.

Қария сөзіне түсіндірме сөздікте мынадай анықтама берілген: көрген-білгені мол, жасаған қарт. Ал «ақсақал» сөзіне берілген дифиницияда екі мағынасы көрсетіледі, бірі: а) жасы үлкен, құрметті ер адам, қария; ә) байырғы қазақ қоғамында ел тағдырын шешуге араласқан жасы үлкен, ықпалды ер адам делінеді. Яғни *қария* сөзіне берілген дифиницияда адамның көп жасағандығы мен көпті көргендігі, кәрілігі басым айтылса, «ақсақал» сөзінің дифинициясында ел тағдырын шешуге араласқан, ықпалды, жасы үлкен ер адам деген сема басым беріліп, бұл сөз адам жасының кәрілігін айырықша көрсетпейді. Демек, *ақсақал*, *қария* сөздері адамның кәрілік жас кезеңінде тұрған адам атауы болғанмен, олардың арасында адамның қоғамдық-әлеуметтік деңгейін, дәрежесін көрсететін ұлттық-танымдық ерекшелік бар. Соңғы кездері осы сөздердің әлеуметтік мәні туралы бұқаралық ақпарат құралдары мен телеарналарда дау-дамай, пікір-таластар өткізіліп жүр. Мұның өзі қазіргі тіл тұрғысынан аталған сөздердің қоғамда әлеуметтік мәнге ие болып келе жатқандығын көрсетеді.

«Ақсақал» сөзі сонымен қатар ер адамға қатысты айтылатын сөзқолданыс болса, ал қария «сөзі» гендерлік жікке бөлінбейді. Осы сөздермен мағыналас тілімізде «шал» деген сөз бар. Онтондық түсіндірме сөздікте «жасы 60-70-тен асқан ер адам, қарт, қария деген дефиниция берілген. Сонда жоғарыда «қария» сөзіне көп жасаған, көпті көрген деген мағына берілсе, *шал* сөзіне сандық және гендерлік сипаттама жасалған. Біздіңше, «шал» сөзі, біріншіден, қарапайым сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Мысалы: *Қойшы, шал, қозышы бала, түйеші, жылқышы да осы жақтан шығады* (М.Әуезов, Абай). *Кемпір-шал* біздің қолымызда (Ауызекі). Екіншіден, бұл сөз гендерлік мәнді басым көрсететін сөз. Мағынасы: жасы келген ер адам. Үшіншіден, некелік қатынасты білдіреді: *Шалың қайда, ертіп келмедің бе?* (Ауызекі). Демек, *шал* сөзі *ақсақал*, *қария* сөздеріне қарағанда үлкен қоғамдық-әлеуметтік мәнге ие емес.

«Ақсақал» сөзімен тұлғалас тілімізде адамның жас шамасын білдіретін «қырма сақал», «қара сақал» тіркестері бар. Біз жоғарды сақал қою тәртібінің адамның жас мөлшеріне байланысты екендігін айтқан болатынбыз. Бұл сөздер *сақал* сөзінің семантикасына байланысты ер адамға қатысты айтылады. *Қырма сақал* – тіркестің құрамындағы бірінші компонентте «қырыну, сақалды ұзын қылып өсірмеу, күзеу» сияқты семалар бар. Осы жағынан алғанда бұл кезеңдегі ер адам шамамен қырықтан асқан орта жастан аспаған ер адам. Онтондық түсіндірме сөздікте: *қырықтан асып, жасы ұлғая бастаған* деген дефиниция берілген. Мысалы, *Көп болды сені көрмегелі, Шекті жылдам жылдар сапар, Баяғыдай көрме мені, Болдым, міне, қырма сақал* (Қ.Бекхожин, Ардагер).

«Қарасақал» сөзі онтондық түсіндірме сөздікте берілмейді, онбестондық сөздікте: орта жастан асқан, егде тарта бастаған адам, ер азамат.

Бұл сөз де *ақсақал*, *қырма сақал* сөздерімен жасалуы жағынан бірдей, мағыналық жағынан ажыратушы сема сөздің бірінші компонентімен

байланысты. Яғни «қара» сөзі қара шаш, қара көз сияқты тіркестердегі *қара* сөзіндегі жас, сұлу мәндерімен сабақтас. *Ақсақал* сөзінің құрамындағы *ақ* сөзі *сақал* сөзіне кәрілік, қартаңдық семасын үстесе, *қарасақал* сөзінің құрамындағы *қара* сөзі *сақал* сөзіне керісінше, сақал қойған адамның жасын жасартып тұр. Яғни *ақсақал* сөзінде жасы үлкендік, қартаңдық семалары болса, *қарасақал* атауы адамның жас мөлшері жағынан сақал-шашының ағармаған, әлі қарттыққа жетпеген шағын білдіреді. Бірақ бұл сөз «қырма сақал» тіркесі сияқты баяндау, сипаттау стилінде болмаса, қаратпа сөз мәнінде, атауыштық мәнде мүлде қолданылмайды. Қырма сақал болған жастан өткеннен кейін, адам жасы мосқал тарта келе, сақал өсірген, бірақ сақалдың түсі жас ерекшелігіне қарай аппақ кудай болып ағаруға жетпеген. Бұл кезең орта жастан асып, мосқал тартқан уақыт, шамамен 50-60 жас. Мысалы: *Қырық жастан өткен соң қырық беске, Жастықта өткен істер түседі еске. Кісі деп «қарасақал» сонда айтады, Қаласың қалжың сөзден есер-есне* (К.Әзірбаев, Танд. шығ.). Кенен Әзірбаевтың бұл өлең жолдарында қарасақал болған шақ 45-тен кейін деп көрсетіледі. *Қарасақал* сөзі ақсақал сөзі сияқты әлеуметтік мәнге ие, яғни оның коннотативті мағыналық құрылымында мынадай семалар бар: ақсақал сияқты істің мән-жайын жақсы білетін, билікке араласу мүмкіндігі бар, ақылды, ұлттың салт-дәстүрін білетін, әртүрлі дау-дамайды шешуге қабілетті, мәселенің оң-солын таразылай алатын, ақылмен шешетін, бағыт-бағдар, нұсқау беріп отыратын, сонымен қатар, *ақсақалдан айырмашылығы* - сол іске тек нұсқау беріп қана қоймай, соны нақты іске асыратын, ұйымдастыруға қабілетті адам.

Сонымен, жоғарыда сөз болған адам атауларына жасаған талдауларымызды қорытындылай келе, ат қою үдерісінде мынадай уәждік өлшемдердің негізге алынғандығын байқадық:

а) адамның сыртқы пішінін білдіретін белгілер: сақал, түс (қызыл қарын, қызыл шақа);

ә) физикалық әлеуеті: күш-қуаты кету, күш-қуаты бойында тұру, өз бетінше әрекет жасау не жасай алмау т.б.

б) ойлау қабілеті: ақыл-ес, сана-сезім (естияр, есейген, егде);

в) әлеуметтік орны: ақсақал, жігіт, қарасақал т.б.

Ал сөз болған адам атауларының барлығына тән ерекшелік олардың барлығының мағыналық құрылымында уақыт семасы дифференциалды сема ретінде айқын көрініс табады. Сонымен қатар бұл атаулардың құрамында коннотативті сема міндетті түрде болады. Мысалы, кішкентай балалар туралы сөз болғанда жақсы көру, махаббат, еркелету, қамқорлық сезімдері туса, үлкен адамдарға сыйлау, құрметтеу сезімдері туындайды. Осы орайда адам атауларының мағыналық құрылымындағы жақсы көру, сый-құрметпен байланысты семалар коннотативті мағыналар ретінде көрініс табады.

Адамның жас кезеңдерін білдіретін атаулардың ішінде көбірек кездесетіні адамның сәбилік, балалық шағымен байланысты адам атаулары. Бұл атаулар адамның туғаннан бастап есейіп, ересек болғанға дейінгі кезеңдерді қамтиды. Жоғарыдағы жас кезеңдерін топтастырған зерттеушілер еңбегіне жүгінсек,

сәбилік кезең – туғаннан 3-4 жас, кейде 7 жасқа дейінгі жас аралығы болса, *балалық* шақ – 7 жастан 13 жасқа, 15 жасқа дейінгі кезең.

Адам баласы уақыт ағымында өмір сүре отырып, белгілі бір жас кезеңдерінде тұлға ретінде қалыптасып, қоғамдық-әлеуметтік мәнге ие болады. Қайсыбір халықтың болмасын өзінің дүниетанымдық, ділдік, діни, физиологиялық ерекшеліктеріне қарай жас кезеңдерінің де өзіне тән ұлттық колориттері болады. Қазақ мәдениетіндегі жас кезеңдерімен байланысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, әртүрлі ырымдар мен тыйым салулардың т.б. өзіндік тәрбиелік, дидактикалық маңызы зор. Әсіресе, адам үшін балалық шақ жарық дүниенің басы, өсіп-жетілу, қалыптасу кезеңі болғандықтан, балалық шақтағы кезеңдік атаулар да, жас атаулары да басқа жас кезеңдеріне қарағанда анағұрлым көп.

Қазақ халқы өзінің өмір сүру салтында баланы қатты құрметтеген, балаға өмірлерінің жалғасы ретінде қараған. Ұлт тіліндегі «балалы үй базар, баласыз үй мазар» дейтін мақалдың баланың жоқтығын мазарға, яғни өлімге, мән-мағынасыз өмірге теңеуінде де үлкен мән бар. Қыз бала туылса, «қыздың жолы жіңішке» деп, туғаннан бастап мәпелеп, ауыр жұмыс істетпей, болашақ ана болуға дайындаған. Әдептілікке, іскерлікке (тігін тігу, кесте тоқу т.б) баулыған. Ұл бала туылса, мұрагер, шаруашылығының, шаңырағының иесі ретінде ат шаптырып, балуан күрестіріп, ұлан-асыр той жасаған. Ұл балаға қыз балаға қарағанда қаталдау қараған. Шымыр, төзімді, батыл боп өсуіне жағдай жасаған. Қазақтың «ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деуі де осындай гендерлік тәрбиемен байланысты. Бала тәрбиесіне отбасының барлық мүшесі ат салысқан. Аңыз-ертегілерді, өлең-жырларды тыңдатып, баланың бойына сіңіріп отырған. Бала көпті көрген ата-әжелерінің өсиеттерін тындап өсетін болған.

Сондай-ақ қазақ халқының өмір сүру салтында баланың әрбір жас кезеңімен байланысты тәрбие беру, еңбекке баулу, шешім қабылдау т.б. әрекеттердің түрі де әртүрлі болған, яғни бала тәрбиесінде жүйелілік болған. Бұл жағынан алғанда қазақтар баланың физиологиялық, психологиялық жетілу мүмкіндіктерін де ескергендігі байқалады. Мәселен, қазақ мәдениетінде қырық күнге дейінгі уақыт – бала үшін қатерлі, нәзік уақыт. Бұл кезеңде үш киелі сан бар: олар 3, 7, 40. Мұндағы «үш» саны – кіндіктің түсуімен, «жеті» саны – бесікке салу ғұрпымен, «қырық» саны – ит көйлекті тастап, алғашқы шашын, тырнағын алу рәсімімен сипатталады. Бала қырқынан шыққанша бала жатқан бөлмеге кіріп, балаға қарауға, сүюге, баланы алып шығуға тыйым салынған. Қырқынан шыққаннан кейін барып балаға құтты болсын айтып келуге рұқсат етілген, қырық қадам ұзатып, қырық үйге қыдыртып, барған үйінен сый-сияпат алатын болған. Қырқынан шығару жаңа дүниеге келген баланың алғашқы мерекесі, қызықшылығы болып есептелген. Қазақтар мұны «шілдехана» тойы деп атаған. Яғни баланы «қырқынан шығару» рәсімі баланың дүниеге келген күнінен бастап санағандағы қырқыншы күн. Яғни бұл рәсімнің уақытқа қатысты есептеу нүктесі баланың туу сәтімен өлшенеді.

Бала жүруге талпынған шағында, шамамен 1 - 1, 5 жас аралығында, «тұсаукесер» рәсімін жасаған. Осы кезеңде шаш қою рәсіміне қарай ұл балаға айдар қалдырып, қыз балаға тұлым қалдырған.

3-7 жаста ұл баланы сүндетке отырғызып, айдар шашын қырқып тастаған, ал қыз балалардың шашын өсіретін болған. Қазақ мәдениетінде шілдеханадан кейінгі үлкен той сүндетке отырғызғанда жасалатын «сүндеттой» (ұл тойы) болған. Бұл тойдың ұл бала үшін үлкен маңызы болған. Себебі бұл, біріншіден, діни тұрғыдан мұсылман болу рәсімімен сипатталса, екіншіден, той үстінде жасалатын әдет-ғұрыптармен байланысты. Яғни той үстінде сүндетке отырғызылған баланың нағашы жұрты балаға арнап ат әкелетін болған. Елдің алдында, атты сән-салтанатымен, жөн-жоралғысы, сый-сияпатымен алып келіп, нағашы жұртынан ең беделді адам баланы атқа мінгізген. «Сүндеттой» адам өміріндегі ең үлкен тойдың бірі болған. Осы күннен бастап, ұл бала мұсылман болып, сонымен қатар атқа мінуге баулынған. Этнограф ғалым Х.Кустанаевтың айтуынша, қазақтар атқа мінуді балаға ерте жастан бастап үйреткен [66, 39 б.]. Тіпті 7-8 жастағы балалар атжарыстарға қатысып, бәйге алатын болған. Атқа мінуді үйренген баланы бос жүріске салғызып қоймай, әрі қарай еңбекке баулыған. Ер балалар ат үстінде жүріп, мал қайыру, қозы бағу сияқты жұмыстарды атқарған. Ал 5-6 жасар қыз балалар қуыршаққа арнап көйлек-көншек тігіп, іскерлікті бала күнінен бастап игере бастайтын болған.

Қазақ халқының дүниетанымында балалық шақ 13 жасқа дейінгі уақыт, ал 13-ке келген баланы «он үште отау иесі» деп санап, баланың оң-солын танып, есейіп, жігіт болған шағы деп есептеген. Бөлек отау құрып, үйлендіріп, үйлі-жайлы қылған. Осы кезеңде ұл баланы «бозбала», «жігіт», қыз баланы «бойжеткен» деп атай бастаған. «Бойжеткен» деген сөздің уәждемесі бұл сөздің сыртқы формасынан-ақ айқын байқалады. Бой, яғни дене-бітімі жетіліп, толысқан, «күйеуге шығуға дайын», «тұрмыс құратын уақыты келген» қыз деген мағынаны білдіреді. Қысқасы, қазақ дәстүрінде 12-15 жастағы ұл-баланың үйлі-жайлы болып, жеке шаруашылықпен айналысуға құқы болған. Осы жас кезеңіне дейін баланың сана-сезімінің пісіп-жетілуіне қазақтар үлкен мән берген. 3-4 жастан атқа отыруға баулынған бала ерте бастан үй шаруашылығымен айналысып, мал-жанды жайғап, үйдің отағасы атқаратын жұмыстарға қолғабыс тигізген. Ауыл ақсақалдары балаларды дау-дамай сияқты әлеуметтік мәселелерге, ақындар айтысы т.б. жиын-тойларға қатыстырып отырған (М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбайдың оқудан келген Абайды үлкен кісілердің мәслихатына әдейі қатыстыруы да осындай тәрбиелік мәнге ие: *«Әкесінің бағанағы кешке күткен кісілері осы үлкендер болды. Абайдың бала күнінен сезетін бір жайы: мұндай кісілермен, әсіресе, дәл осы төрт-бес кісімен бас қосу ел ішінде басталатын бір үлкен істің, оқшау істің белгісі болатын. Бұрын ондай сөздеріне Абай араласып та, тыңдап та көрмеген. Бүгін бірінші рет әдейі алғызып отыр. Бір ойдан Абай өзіме бірдеме айтпақ па екен деп те ойлады. Бірақ ешнәрсенің қисынын таба алмады»* (М.Әуезов, Абай жолы). Әсіресе, хан-сұлтандар ертеңгі билік иесі ретінде

мұрагерлерінің озық ойлы, жүйрік, жан-жақты, білімді, саналы боп өсуіне көп мән берген. Олардың балалары қолжетер жердегі барлық ілім-біліммен сусындап, әскери, шаруашылық, қолөнер, аңшылық т.б. кәсіптерді меңгеруге жаттықтырылған. Бұл тек қазақ халқында ғана емес, басқа әлем халықтарының мәдениетінде де бар.

Жастайынан еңбекке баулынған, әр нәрсені көріп, миына тоқып өскен бала ерте есейген. 12-15 жастан үйлі-жайлы, балалы-шағалы болып, өз алдына шаңырақ көтерген. Дәстүрлі қазақ қоғамында қыздың тұрмыс құрып, ұлдың үйленіп шаңырақ көтеруі парыз саналған. Және осы дәстүрдің іске асып, орындалып отыруын ата-ана, ауыл үлкендері қатты қадағалаған. Атастыру, құда түсу рәсімдерін жасау арқылы бұл істің орындалуын жеңілдетіп отырған. Демек, дәстүрлі қазақ қоғамында бала тәрбиесіндегі адамның жас кезеңдеріне қарайғы әрбір тәрбиелік, моральдық әрекеттер уақытылы, **жүйелі** түрде жүргізіліп отырған. Және бала тәрбиесіне өте үлкен мән берілген.

Балалық шақтың басқа кезеңдік атауларға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар, біріншіден, балалық шақ – адамның жарық дүниеге келген күннен бастап саналатын алғашқы қадамы, ең пәк, бейкүнә шағы. Екіншіден, биологиялық-физиологиялық тұрғыдан өсіп-жетілу кезеңі. Үшіншіден, бұл кезең адам өмірінің ең ұзаққа созылатын шағы. Осымен байланысты балалық шақтағы адам атаулары да, кезеңдік жас атаулары да көптеп кездеседі. Балалық шақтың сәбилік шақ, балалық шақтың бірінші кезеңі, балалық шақтың екінші кезеңі болып бөлінуі де осындай балалық шақтың кезеңдік ерекшеліктерімен байланысты.

Қазақ тілінде адамның сәбилік шағын білдіретін бірнеше адам атаулары қалыптасқан. Олар: *бөбек, нәресте, бөпе, сәби, бүлдіршін, балдырған, бала*. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде осы аталған атауларларға берілген түсіндірмелер аталған сөздердің семантикасын толық ашып бере алмайды. Өйткені, түсіндірме сөздіктегі мұндай сөздерге берілген анықтамалар синоним сөздермен түсіндіріліп, бірін-бірі қайталап отырады. Айталық,

«Шақа» - жаңа туған нәресте, жас сәби (X, 98);

«Бөбек» - жас нәресте, сәби (II, 392);

«Сәби» - жас нәресте, бүлдіршін, бөбек (VIII, 226);

«Нәресте» - жас бала, сәби (VII, 333);

«Бөпе» - жас бала, нәресте, сәби (II, 421);

«Бүлдіршін» - жас буын жеткіншек (II, 567);

«Балдырған» - жасөспірім, жеткіншек (II, 82).

Осы берілген атаулардың ішінде «бүлдіршін» мен «балдырған» сөздері алдыңғыларына қарағанда бөлектеу түсіндірілген, яғни бұл атаулардың жасөспірім, жеткіншек, жас буын деп аталуына қарағанда, бұл екі атау *шақа, бөбек, сәби, нәресте, бөпе* сөздеріне қарағанда жас шамасы жағынан ересегірек, сәбиліктен гөрі балалық шақ кезеңінің (балалық шақтың бірінші кезеңі) құрамына кіретін сияқты. Ал жоғарыдағы бес сөз семантикалық жағынан бір-біріне өте жуық. Сол себепті де түсіндірме сөздіктерде олардың аражігі нақты

ажыратылып көрсетілмеген. Біздің ойымызша, түсіндірме сөздіктегі бұл сөздерге берілген дефинициялардың айқын болмауы олардың лексикалық мағыналарының құрылымдық жағынан толық ашылмауына байланысты.

Сөздің мағыналық құрамына жасалатын мұндай талдау тіл ғылымында *компонентті талдау* (семдік, семалық) деп аталады. «Физикадағы молекулалардың атомдардан, олар өз ішінде электрон, нейтрон сықылды ұсақ бөлшектерден тұратыны секілді сөздің лексикалық мағынасының құрылымы да макрокомпоненттермен қатар, микрокомпоненттерден тұрады» [67, 105 б.]. Осы сөз мағынасының құрамындағы микрокомпонентті ғалымдар түрліше (семантикалық маркер, дифференциалды белгі, семантикалық белгі, сема т.б.) атаған. Соның ішінде «сема» термині тілші-ғалымдар тарапынан қолдау тапқан. И.А.Стернин семаны сөздің нақты белгілерін бейнелейтін бөлшек, микрокомпонент деп атайды [68, 44 б.].

Қазақ тіл білімінде бұл мәселені алғаш көтерген М.Оразов сөздерді семалық бөліктерге ажырату арқылы етістіктің лексика-семантикалық топтарын анықтайды, ал орыс тіл білімінде Л.М.Васильев [69], А.М.Кузнецов [70], Э.В.Кузнецовалардың [71] еңбектерінде орын алған.

Қазақ тіл білімінде сөздің лексикалық мағынасының құрылымын зерттеген Ғ.Хасанов: «Компонентті талдау дегеніміз – тіл бірліктерінің мазмұндық жағын құрылымдық мағына көлемінде зерттеу және мағынаны минималды, яғни кіші мағыналық бөлшектерге бөлу», - дейді [67, 107 б.].

Тіл білімінде сөздің мағыналық құрылымын (макро және микрокомпоненттерін) ғалымдар түрліше жіктейді. Мәселен, В.Г.Гак семаның үш түрін көрсетеді: **архисема, дифференциалды сема, потенциалды сема немесе салыстырмалы сема** [72, 15 б.]. Бұдан басқа архисеманы – «ядерлы сема» (Васильев), «идентификациялаушы» (Гайсина), «инвариантты» (Комарова), «интегралды сема» (Д.Н.Шмелев), «гиперсема» (М.Никитин), ал дифференциалды семаны – «индивидуалды», «диагностикалық» (Арнольд), перифериялы (Васильев), «гипосема» (М.Никитин) т.б. деп әр ғалым өзінше атайды.

Өзбек ғалымы Н.Кучкартаев семаларды үшке бөледі: идентификациялаушы сема; дифференциялаушы сема; қосымша сема [73, 29 б.].

М.Оразов архисеманы – жалпылаушы сема деп атап, оның бірнеше сөздерге ортақ сема болып, сөздерді бір лексика-семантикалық топқа топтастырып тұратынын, ал дифференциалды семаны – ажыратушы сема деп атап, оның жеке сөздердің өзіне тән болып, оны сол лексика-семантикалық топтың басқа мүшелерінен ажырттып тұратын, сөздердің жеке дербестігін қамтамасыз етіп тұратын сема деген қағиданы қолдайтынын айтады [74, 185 б.].

Ғ.Хасановтың көрсетуінше, әр ғалым өзінше атау бергенімен, семантикалық кіші компоненттердің міндеті мен қызметі бір, сол себепті әр атаудың өзіндік ерекшелігі мүлде жоқ деуге болады [67, 129 б.]. Алайда Ғ.Хасанов өз зерттеуінде И.А.Стерниннің типологиясын басшылыққа алып,

архисеманы – интегралды сема деп атап, интегралды семаны – салыстырмалы барлық сөздердің ортақ семасы, ал архисеманы – жеке сөздің лексикалық мағынасының ортақ семасы ретінде қолданатынын айтады [67, 129 б.].

Біздің ойымызша, архисема дегеніміз – бірнеше сөздің мағыналық құрылымында болатын және сол сөздерді біріктіретін компонент, сонда архисема мен интегралды семаны бір сема ретінде тану қажет. Біз зерттеу жұмысымызда сөздердің мағыналық құрамындағы уақыт семасының семантикалық құрылымын айқындауда В.Г.Гактың *архисема, дифференциалды сема, потенциалды сема* бөлген типологиясын басшылыққа аламыз. Осы типология бойынша қазақ және орыс тіліндегі лексика-семантикалық топтардағы *уақыт* ұғымының тілдік көрінісін салғастыра зерттеген С.Самурат диссертациялық жұмысында адамның жас кезеңдерін білдіретін атаулардың (сегіз сөз), эксперимент нәтижесіне сүйене отырып, мынадай семантикалық ерекшеліктерін көрсеткен.

Шақа – архисема – «адам»

дифференциалды сема: «туғаннан 1 айға дейінгі аралық»;

дифференциалды сема: «терісі қызыл түсті»;

потенциалды сема: «дәрменсіз»;

потенциалды сема: «жақсы көру, махаббат сезімдерін туғызатын».

Бөбек – архисема – «адам»

дифференциалды сема: «туғаннан 3-5 айға дейінгі аралық»;

потенциалды сема: «дәрменсіз»;

потенциалды сема: «жақсы көру, махаббат сезімдерін туғызатын»;

потенциалды сема: «жаялыққа оңай оралатын»;

потенциалды сема: «тері түсі қалыпты жағдайдағы (қызыл емес)».

Нәресте – архисема – «адам»

дифференциалды сема: «туғаннан 6 айға дейінгі аралық»;

дифференциалды сема: «дыбысты, түсті айыратын»;

потенциалды сема: «белгілі бір мөлшерде саналы әрекет жасауға қабілетті»;

потенциалды сема: «ата-анасын тани бастаған»;

потенциалды сема: «қорғансыз»;

потенциалды сема: «жақсы көру сезімін туғызатын».

Бөпе – архисема – «адам»

дифференциалды сема: «туғаннан 10 күн өткеннен бастап 1 жасқа дейінгі аралық»;

дифференциалды сема: «әртүрлі дыбыс шығаратын (уілдейтін)»;

дифференциалды сема: «қоршаған ортаға жауап қайтаратын»;

потенциалды сема: «денесін қозғалта алатын»;

потенциалды сема: «жылжи алатын, еңбектей алатын»;
потенциалды сема: «жақсы көру сезімін туғызатын».

Сәби – архисема – «адам»

дифференциалды сема: «6 айдан 3 жасқа дейінгі аралық»;

дифференциалды сема: «сөйлей бастаған»;

дифференциалды сема: «қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай алатын»;

потенциалды сема: «жаман ниет, арам ойы жоқ, кіршіксіз таза»;

потенциалды сема: «қоршаған әлем туралы аз білетін»;

потенциалды сема: «жағымды сезімдер» туғызатын».

Бүлдіршін – архисема – «адам»

дифференциалды сема: «1,5 жастан 2,5 жасқа дейінгі аралық»;

дифференциалды сема: «физикалық жағынан белсенді»;

потенциалды сема: «сөйлей, жүре бастаған»;

потенциалды сема: «барлық тісі шыққан»;

потенциалды сема: «әр нәрсеге қызыққыш»;

потенциалды сема: «жағымды сезімдер туғызатын».

Балдырған архисема – «адам»

дифференциалды сема: «3 жастан 12 жасқа дейінгі аралық»;

дифференциалды сема: «қоршаған ортаға бағдар жасай алатын»;

дифференциалды сема: «іс-әрекеттің, әртүрлі жағдайлардың себеп-салдарын толық ажырата алмайтын»;

потенциалды сема: «білуге құмар»;

потенциалды сема: «ойлаптапқыш»;

потенциалды сема: «өз бетінше әрекет жасай алатын»;

потенциалды сема: «жағымды әсер туғызатын».

Бала – архисема – «адам»

дифференциалды сема: «туғаннан 13 жасқа дейінгі аралық»;

потенциалды сема: «физикалық өсу мен тамақ ішу, сөйлеу, түсіну, қимыл-әрекет жасау т.б. барлық өмірлік қажеттіктерді меңгеру, қалыптасу кезеңінде тұрған» [48, 55 б.].

Біз жоғарыда осы аталған адам атауларының түсіндірме сөздіктердегі дефиницияларының синонимдер арқылы және сипаттама түрінде қысқа беріліп отырғандығын, сонымен қатар жас кезеңдері мен белгілі бір жас кезеңінде тұрған адам атауларына берілген түсіндірмелердің нақты сандық тұрғыдан көрсетілмей, жалпылама берілгендігін айтқан болатынбыз. Түсіндірме сөздіктің жаңа редакциямен шығу қарсаңында біз сөздіктің негізгі тілдік материалы болып табылатын осындай дефиниция берудегі ғылым жетістіктерін тәжірибеге енгізуіміз қажет. Түсіндірме беруде сөздің семантикалық құрылымын ашу үшін сол сөздің семдік мағыналарын жинақтап бергенде ғана сөздің лексикалық мағынасының жан-жақты, талапқа сай, түсінікті, қабылдауға жеңіл болып шығатыны анық. Осы мақсатта біз жоғарыдағы семдік талдау жасалған

сөздердің түсіндірме сөздікте берілуге қажетті мағыналарын сараптай отырып, мынадай дефиницияларды ұсынамыз:

ШАҚА з а т. *Дене терісі қызарып, түлеп, ыстықтық сияқты бөртiп қалыпты жағдайға келмеген, шашы, тырнағы алынбаған, еталмаған, тек ана сүтімен қоректенетін, сыртқы ортаға жауап бермейтін, түсті, дыбысты айырмайтын туғаннан қырық күнге дейінгі жаңа туған бала, нәресте.*

БӨПЕ з а т. *Үілдеп, күліп, аяқ-қолын қозғалтып қоршаған орта әсеріне жауап қайтаратын, отыру, еңбектеу, жылжу, аунау әрекеттерін жасай бастаған, ана сүтімен қоректенетін, томпақ, сүйкімді 2 айдан (немесе баланың қырқынан шыққаннан) 1 жасқа дейінгі бала.*

Мұндай дефиницияларды жоғарыда көрсеткен басқа да сөздер бойынша беруге болады. Бір ескертетін нәрсе, аталған адам атауларына дефиниция беруде, бұл сөздердің арасында, әсіресе, *шақа, бөпе, нәресте, сәби* сөздерінің есептеу нүктелері көбінесе туғаннан басталып отыратындықтан, олардың аражігін нақты ажыратып көрсету мүмкін емес. Сонымен қатар, бұл сөздер қолданылу мақсатымен де байланысты стильдік тұрғыдан құбылып қолданыла береді. Айталық, «бала» сөзі аталған сөздердің (шақа, нәресте, бөпе т.б) барлығының орнын аламастыра алса, «шақа» сөзі «бүлдіршін», не «балдырған» сөздерінің орнына, сирек жағдайда болмаса, негізінен қолданылмайды.

Қазақ халқы мал бағу мүмкіндігіне қарай да адамның жас шамасын межелеген. Мысалы, *қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы*. Он жасқа толған баланы қозы бағуға жарады деп есептеп, осы жас кезеңін *қозы жасы* деп атаған. *Қой жасы* – он бес пен жиырма бесің арасы. Он бес жасқа толған бала қозы бағудан қой бағуға ауысады. Бұл кезеңде бала ер жетті, есейді, бас-көз болатын уақытқа жетті деген сенімге ие болады. Жиырма беске келген жігіт тепсе темір үзетін күштің иесі саналып, ақ қар, көк мұзда, аптап ыстықта жылқы бағуға жарады деп есептеліп, осы жас кезеңін *жылқы жасы* деп атаған. Осы тәрізді қазақ тілінде *патша жасы* деген де ұғым бар. Әдетте, қырық жасты *патша жасы* деп атайды, бұл жаста адам билік айтып, ел басқаруға жарады деп есептелген. Алпыс жасты *пайғамбар жасы* дейді [75, 191 б.].

3. Уақыт семасы бар адамның жас шамасын білдіретін агентивті зат есімдердің келесі *бір тобы туыстық атаулар* болып табылады. Туыстық атауларда индивидуалды уақыт олардың негізгі дифференциалды мағынасы емес, негізгі сема туыстық мағына да, ал адамның жасын білдіруші сема екінші немесе үшінші дифференциалды семаға ие болады. Мұндай *сөздер: ата, әже, әке, ана, аға, апа, іні, қарындас, немере, шөбере т.б.*

Туыстық атаулар қазақ тілінде, түркі тілдері бойынша және қазақ, орыс, ағылшын тілдерімен салғастырмалы тұрғыдан біршама зерттелген. Орыс тіл Л.А.Покровская түркі тілдерінде туыстық атауларды зерттесе [76], О.Н.Трубачев славян тілдеріндегі туыстық терминдерді [77], Л.О.Жолдасбекова қазақ сөйленістеріндегі туыстық атауларды [78], М.Ш.Сарыбаева ағылшын, орыс, қазақ тілдеріндегі туыстық атауларды салғастыра қарастырған [79]. Туыстық атауларды зерттеген бұл зерттеу еңбектерінің барлығында да туыстық

атаулардың адамның жасымен байланысты екендігі айтылады. Мысалы, М.Ш.Сарыбаева туыстық атауларды жеті макропараметр (критерий) бойынша топтастырады. Сол макропараметрлердің бірі адамның жасына қатысты алынып, ол өз ішінде екі медиопараметрлерге ажыратылып көрсетіледі.

Бұл топтағы зат есімдердің ерекшелігі адам жасына (уақытқа) қатысты семаның созылықтық өлшеміне негізделмейтіндігінде, яғни жас мөлшері адамның туу сәтімен өлшенбей, осымен сәйкес есептеу нүктесі де басқа болады. Мұндай зат есімдерде адамның индивидуалды уақытының есептеу нүктесі сол адамның туу сәтімен емес, екінші бір адамның тууымен байланысты анықталады. Мысалы, «әже» деп немересі дүниеге келген жасы шамамен 38-ден жоғары жастағы әйел адамға айтылады. Яғни әже болу әркімге әрбасқа уақытта келеді. Ерте тұрмыс құрған адам немерелі болғаннан бастап ертерек әже болса, кейбір адамдарға әже болу мәртебесі 50 жастың шамасында ғана тиюі мүмкін. Сондай-ақ, «ана» болу да балалы болумен байланысты әркімге әрқалай келеді, шамамен 18-19 жастан 50-ге дейінгі аралықты қамтиды. Олай болса, туыстық атаулардағы адамның жасымен байланысты уақыт семасы екіншілік, яғни екінші бір адамдардың туу сәтін меже етеді, сол тұрғыдан анықталады. Осы орайда туыстық атаулардағы «уақыт» (жас) семасын анықтаудағы өлшем созылықтық өлшемі емес, туыстық қатынастар болып табылады. Туыстық сема бірінші дифференциалды сема болады да, туыстық атаулардың жас шамасымен байланысты (уақыттық) мағыналары екіншілік семаға жатады. Мысалы:

Әже – архисема «адам»;

дифференциалды сема: «әйел тегі»;

дифференциалды сема: «немересі бар»;

дифференциалды сема: жасы 38 және одан жоғары;

потенциалды семалар: «дүниеге бала әкелуге қабілеті төмендеген», «физикалық және қоғамдық белсенділігі бәсеңсіген», «айналасы, туған-туысы, балаларына сыйлы, құрметті кісі».

Жоғарыдағы «әже» сөзіндегі (туыстық атау) «уақыт» семасы осы әже болған адамның өзінің туу сәті емес, екінші бір адамның (немересінің) туу сәті бойынша анықталады, яғни уақыттық мағынаның есептеу нүктесі (точка отсчета) ретінде екінші бір адамның тууы алынып, уақыт осы әрекетке қатысты болып тұрады. Демек, бұл жерде де тілдік *лексикалық уақыт* ұғымының екінші бір нәрсеге қатысты анықталатынына, яғни абсолютті емес, қатыстық уақыт екендігіне көз жеткіземіз.

4. Уақыт семасы бар адамның жас шамасын білдіретін агентивті зат есімдердің *келесі бір тобы* есімдерден зат есім тудыратын *-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес* жұрнағы жалғанып жасалған белгілі бір уақыт кезеңімен, ситуациямен байланысты қатарластық семасын білдіретін туынды сөздер болып табылады. Мысалы: *замандас, тұстас, дәуірлес* сөздері уақыт жағынан қатар өмір сүру кезеңін білдірсе, *құрдас* сөзінің есептеу нүктесі туған жылмен өлшеніп, бір жылы туылған адамдарға қатысты айтылады. Ал *айлас* сөзі жүкті

әйелдердің босанатын айы шамалас, мезгілі бір, шамалас уақытын білдіреді. *Қанжығалас* сөзі жорықтас, майдандас, сонымен қатар қатарлас, теңдес, тұстас деген де мағыналарда қолданылады.

5. Бұл жоғарыда аталған туыстық атаулар мен уақытқа қатысты қатарластық семасын білдіретін сөздердегі уақыт (адамның жасын білдіретін мағына) семасы бұл сөздердің дифференциалды семаларының құрамына кіреді, сонымен қатар «уақыт» семасының потенциалды сема болып келетін сөздер тобы да бар. Мысалы, **кәсіп иесі атаулары**; адамның тұрақ-жайын білдіретін *-лық, -лік* қосымшасы жалғанып жасалған сөздер (алматылық, семейлік т.б.) т.б. Орыс және қазақ тілдеріндегі кәсіп иесі атауларының сөзжасамдық ерекшеліктерін зерттеген З.А.Өмірзақова кәсіп иесі атауларының құрамында мынадай дифференциалды семалар бар екенін атап көрсетеді: «кәсіби шеберлік», «білім», «қабілет», «орын», «жасау» [80, 6-7 б.]. Сонымен қатар кәсіп иесі атауларының мағыналық құрылымында «адамның жасына (уақытқа) қатысты қосымша (потенциалды) сема да бар. Бұл сема белгілі бір мамандық иелерінің жас шамасы жағынан 18-ден жоғары болуы. Айталық, *ұшқыш* – жас шамасы жағынан жоғарғы оқу орнын бітіріп, тәжірибеден өткен орта есеппен алғанда 30-50 жас аралығындағы маман, *тігінші* – кәсіби мамандық алған, тәжірибелі, көзі көретін, қолынан іс тігу келетін жас шамасы шамамен 23-50 жастағы шебер (көбінесе әйел адам).

6. Сонымен қатар уақытқа қатысты потенциалды сема адамның **тұрақ-жайын** білдіретін «алматылық, семейлік» сияқты сөздердің мағыналық құрамында да бар. Мұны сөйлеу тіліндегі мынадай диалогтан байқауға болады:
- *Үйге алматылықтар келіп жатыр ма?*

- *Жоқ, олар қазір Алматыда тұрмайды, семейлік болып кеткен.*

Бұл ауызекі тілдегі мысалдардан адамдардың тұрақ-жайының уақытқа қатысты семасы аңғарылып тұр. Яғни бұл адамдардың алмытылық не семейлік болуы белгілі бір уақыт аралығын қамтиды.

Сонымен, қорыта келгенде, «адам» лексика-семантикалық тобындағы «уақыт» семасының берілуі негізінен «тұлғалық» уақытқа қатысты. Бұл тұлғалық уақыттардағы есептеу нүктесі әртүрлі: біріншіден, *адамның өзінің туу сәті*, бұл есептеу нүктесі бойынша адамның жас шамасымен байланысты кезеңдік атаулар және осы кезеңдердегі адамға берілетін атаулар анықталады; екіншіден, есептеу нүктесі адамның өз туу сәтімен емес, *екінші бір туыстық қатынастағы адамның туу сәтімен өлшенеді*, бұл есептеу нүктесі арқылы туыстық атаулардың мағыналық құрамындағы уақыт семасы анықталады; үшіншіден, есептеу нүктесі ретінде *бір уақыт кезеңінде тұрған, яғни бір жылда немесе бір дәуірде өмір сүрген адамдар уақыты* алынады, бұл уақыт бірнеше (көп) адамның қатысуымен айқындалады, төртіншіден, уақыттық сема сөздің потенциалды семасының құрамында тұрады да, есептеу нүктесін белгілі бір уақыт ағымында көрсету мүмкін болмайды, мұндайда уақыттық мағына *имплицитті түрде* беріледі, бесіншіден, есептеу нүктесі *адам өміріндегі белгілі бір құбылыстың басталуымен* байланысты болып келеді.

2.2 Мал атауларындағы жас ерекшелігіне байланысты семантика

Қазақ халқы ертеден мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір салтын басынан кешіргендіктен, қазақ үшін оның малы күн-көрісі, байлығы, ішіп-жемі, тұрмыстық қажеттіктерді өтеуші, көлігі, киімі, төсеніші, барлық жөн-жоралғының негізгі қызметін атқарды. Алыс-беріс, қыз алу, қыз беру, есе, қайтарым, қарыз, өтем, дау-дамай т.б. негізінен малмен есептелді. Қазақ халқы үшін мал шаруашылығының маңызы мен мәні өте жоғары болды. Басқа халықтарға қарағанда мал шаруашылығын негізгі тіршілік көзі ретінде айналысқан қазақ халқы малдың барлық қыр-сырын жақсы меңгерді, олардың дүниеге келу сәтінен бастап, әртүрлі қызмет атқаруына, тегіне, жасына, мінез-кұлқына қарай түрліше атау беріп отырды. В.В.Радловтың «Малға тәуелділігін қазақтар әр қас қағым сәтте сезініп отырады. Сондықтан өздерінің барлық әдет-ғұрып, салт-санасын малмен байланыстырып отырды» деуі де осыдан [81].

Тілдік уақыт лексикалық уақыт тұрғысынан «мал» тақырыптық тобына жататын сөздер құрамында да көрініс табады. Көптеген тілдерде мал атаулары негізінен үш типтік құрылымда: **аталық, аналық, және төлмен** байланысты болып келеді. Мысалы: *айғыр, бие, құлын; бұқа, сиыр, бұзау; қошқар, қой, қозы; теке, ешкі, лақ* т.б. Бұл мал атауларының семдік құрылымындағы дифференциалды семалар олардың *жынысы мен жасына* байланысты ажыратылады. Ал есептеу нүктесі төлдің туу сәтімен өлшенеді.

Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауларын түркі тілдері материалдарымен салыстыра зерттеген Р.Панзарбекова: «Мал атауларының ішінде енесінің бауырынан шықпаған кездегі «құлын», «бота», «қозы», «лақ» тәрізді атаулар, аздаған айырмашылықтар мен ауытқуларды еске алмағанда, негізінен жалпытүркілік сипатта, яғни басты мағыналары ортақ болып келеді. Ал енесінің бауырынан шығып, жыныстық жағынан жетіле бастаған кездегі төлдің жас, жыныс ерекшеліктерін білдіретін атаулардың мағыналық семантикалық айырымдары көбейе түседі де, түркіаралық немесе жеке тілдік сипатқа ие болады» - деп жазады [53, 8 б.]. Мысалы, түркі тілдерінде жылқы төлінің жас ерекшелігіне қарай аталатын атаулардың бірі – *жабағы*, қарақалпақша *жабағи* «бір жастағы жылқы төлі», ноғайша *janаш* «жаңа туған құлын», татарша *жабаға* «бір жастан асқан жылқы төлі», туваша *чава* «бір жастан асқан», түркіменше *janaғы* «жаңа туған құлын». «Жабағы» сөзінің жалпытүркілік басты мағынасы – алты айдан бір жасқа дейінгі жылқы төлі. «Алғашқы қар басқан», «бірінші түлем жүнін тастаған» деген семантикалық элементтер осы ұғымға кіреді. Ал қалған мағыналары – жаңа туған құлын», «екі жастағы» дегендер – жекелеген тілдерге тән, кейіннен пайда болған айырымдар [53, 8 б.].

Р. Панзарбекова диссертациялық жұмысында төрт түлік төлдерінің атауларын төрт мағыналық топқа бөліп қарайды:

- а) енесінің бауырынан шыққан кезі;
- а) жыныстық жағынан жетілген кезі;
- б) алғашқы төлдеген кезі;

в) бірнеше төлдеген кезі.

Бірінші топқа *құлын, бота, бұзау, қозы, лақ* атауларын жатқызып, бұл сөздердің этимологиясына байланысты әрқилы, әртүрлі бағытта айтылған пікір қайшылықтарының зерттеулерде жиі ұшырасатынын, түркі тілдері бойынша бұл атаулардағы уәжді айқындаудың өте күрделі екендігін айтады. Дегенмен, зерттеуші аталған сөздерді этимологиялық, уәждемелік тұрғыдан қарастырып, *құлын* сөзі «жаңадан өсіп келе жатқан жануардың төлі», «жер бетіне қылтиып шыққан көк» тәрізді түбірлес негіздермен мағыналас деген пікір айтады. Ал *бота, бұзау* сөздерінің этимологиялық негізі «туу» деген жалпылауыш семантикаға ие **бор*= деген түптұлғаға саяды. Түркі тілдеріндегі «қозы» монғол тілдеріндегі *хурга(н), хурьга(н)*, тұнғыс-манжұр тілдеріндегі *Һурул, Һуркан* сөздерінің өзара гомогендік байланысты екенін және бұлардың барлығы «тұқым», «ұрпақ», «жас бала», «төл» деген семантикаға ие *quri (хуры)* деген жалпыалтайлық түптұлғаға саятынын байқауға болады. Сондай-ақ түркі тілдеріндегі «лақ» сөзінің түп төркіні **огул* «бала» деген сөзге саятыны еш дау туғызбайды [53, 14 б.].

Мал атауларының ішінде қазақ халқы үшін тұрмыстық, күн-көріс қажеттіліктері үшін орасан зор маңызға ие болғаны **ЖЫЛҚЫ** малы екендігі белгілі. «Қазақтар үшін жылқы малдың асыл тастай көркі, барлық сұлулық атаулының жиынтығы. ...Жылқыға деген қазақтардың ықыласы тіпті олардың аталуынан-ақ көрініп тұр» [81]. Мысалы: *байтал, арғымақ, жабағы, тай, құнан, дөнежін, бесті, дөнен, бедеу*. А.М.Щербак «жылқы» сөзін «табын» сөзімен байланыстырады. Ғалымның көрсетуінше, М.Қашқари сөздігінде йылқы – «тұяқты мал» [82, 41 б.], аудармада – «үйірде жүретін жануар». А.М.Щербак жылқы сөзінің семантикалық дамуын былай көрсетеді: үйір→үйірде жүретін жануар→үйірмен жүретін жылқы → жылқы [83, 84 б.]. «М.Қашқаридың «Диван лұғат ит түрк» сөздігінде төрт түлік мал ішіндегі ең көп ұшырайтын сөздер жылқыға, оның *жасына, жынысына, түріне, мінезі мен қимылына және де басқа ерекшеліктеріне байланысты айтылатын атаулар мен сөздер және сөз тіркестері екен», - деп жазады Б.С.Токтағұл «Жылқының жас мөлшеріне байланысты атаулар ерекшелігі» атты мақаласында [84, 456 б.]. Осы мақалада «йылқы» сөзінің Қашқари сөздігінде «тұяқты мал» сөзімен қатар, қолға үйретілген малдың жалпы атауы ретінде кездесетіні айтылады. Мысалы:*

йылки йарин атланур
утлаб анин атланур
баклар самуз атланур
савнуб укур исришур.

Көктемді сипаттаған бұл мысал орысша аудармада: «животные чувствует себя привольно, набирая мясо. Потом правители сядут верхом на жирных лошадей. Стадо радуется (признакам весны), игриво кусают друг друга» [85, 284 б.].

Көне түркі сөздігінің авторлары «мал» мағынасы осы «йылқы» сөзінің ауыспалы мағынасы деп көрсетеді [86]. Кейбір зерттеушілер «йылқы» сөзінің

мал мағынасы бұл сөздің ауыспалы мағынасы емес, табиғи мағынасы дегенді айтады. Б.С.Токтағұлдың пікірінше, «жылқы сөзінің түбірі «жыл» «йығ» бір жерге жинау деген мағынаны білдірген (тарығ йығды, қарасын йығдым), *-ыл* өздік етіс тұлғасы, *-қы* сын есім, субстантивтеніп барып «жылқы» жалпы ұғымның атауы болған [84, 458 б.]. Жылқының жас мөлшерімен және жынысына қарай сараланатын мал атауларының қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіндегі анықтамалары мынадай:

Байтал – екі мен төрт жас аралығындағы құлындамаған жас ұрғашы жылқы (ҚТТС, II, 42 б.).

Жабағы – алты ай мен бір жас аралығындағы жылқы төлі (ҚТТС, III, 477б.).

Тай – бір жастан асқан, екі жасқа әлі толмаған жылқы төлі (ҚТТС, VIII, 535б.).

Дөнен – төрт жасар еркек жылқы (ҚТТС, III, 165 б.).

Дөнежін – төрт жасар ұрғашы ірі қара (ҚТТС, III, 165 б.).

Құнан – екі жасқа толып, үшке аяқ басқан еркек жылқы малы (ҚТТС, VI). «Ал жылқы төлінің екі жастағы не үш жасқа қараған ұрғашысы *-жын (jin)* тұлғасы арқылы беріледі. Бұл атаудың жалпы түркі тілдеріне ортақ интеграциялаушы семантикалық элементі «жылқының екі-үш жас аралығындағы төлі». Ал дифференциялаушы семантикалық элемент бұл атаудың мағыналық құрылымында жыныстық белгіні (еркек, ұрғашы) білдіретін семаның болуы» [53, 9 б.].

Мал атауларында жоғарыда көрсеткен *дөнен*, *құнан*, *дөнежін*, *құнажын* деген атаулар тек қана жылқы малына ғана қатысты емес, бұл атаулар басқа да мал атауларының жасын білдіруде қолданыла береді. Мысалы, *құнан қой*, *дөнен қой*. А.М.Щербактың пікірінше, малдың жасын білдіретін бұл атаулардың құрамындағы *ғу*, *до* монғол тіліндегі сандық ұғымды білдіретін сөздер болып табылады. Сондықтан «*ғұнан*» сөзі үш жасар (мал), «*донон*» сөзі төрт жасар (мал) дегенді білдіреді [83, 94 б.]. Демек, аталған сөздердің жылқы малы мен қой атауларына екеуіне бірдей қолданыла алуы бұл атаулардың сандық ұғымды, яғни жас мөлшерін білдіруімен байланысты болып отыр. Сонымен қатар, *құнан*, *құнажын*, *дөнен*, *дөнежін* терминдері түркі-монғол, тұңғыс-манжұр тілдеріне негізінен ортақ болып келгенмен, олардың семантикалық құрылымында елеулі айырмашылықтар бар. Мәселен, бұл сөздер түркі тілдерінде үш-төрт жастағы төрт түліктің төлдеріне қатысты қолданылса, монғол, тұңғыс-манжұр тілдерінде үй жануарларына ғана емес, ірі жабайы жануарлардың жасы мен жынысын білдіру үшін де қолданылады. Моңғолша *гуна(н)* «үш жастағы өгізше», сонымен қатар «үш жасар жолбарыс» [53, 10 б.].

Қазақ тілінде **сиыр** малына қатысты атаулар да туу сәтімен өлшенгендегі жас мөлшері мен жынысына қатысты пайда болған. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде ірі қара атауларына мынадай анықтамалар берілген:

Тана – бір жас пен екі жас аралығындағы сиыр малы, тайынша (ҚТТС, VIII, 582 б.);

Өгізше – бір жарым, екі жастағы жас өгіз, піштірілген тайынша (ҚТТС, VII, 509 б.);

Торпақ – сиыр малының алты айдан асқан бір жасқа дейінгі бұзауы (ҚТТС, IX, 211 б.);

Баспақ – алты айдан асқан бір жасқа дейінгі есейген бұзау, торпақ (ҚТТС II, 130 б.);

Бұзау – сиырдың алты айға толмаған жас төлі (ҚТТС, II, 484 б.) және т.б.

Ешкі малының жас мөлшеріне байланысты:

Туша – бір жасар ұрғашы ешкі, өткен жылғы лақ (ҚТТС, IX, 259 б.);

Шыбыш – бір мен екі жас аралығындағы ұрғашы ешкі (ҚТТС, X, 306 б.);

Серкеш – ешкінің бір мен екі жас аралығындағы тарттырылған еркегі (ҚТТС, VIII, 277 б.);

Теке – ешкі малының екі жастан асқан піштірілмеген еркегі (ҚТТС, IX, 1016.);

Лақ – ешкінің алты айға дейінгі төлі (ҚТТС, VII, 47 б.).

Қой малының жас мөлшерімен байланысты мынадай атаулар қалыптасқан:

Саулық – үш жасар ұрғашы қой (ҚТТС, VIII, 213 б.);

Тұсақ – бір жас пен екі жас аралығындағы ұрғашы қой (ҚТТС, IX, 289 б.);

Тоқты – қойдың алты айдан асқан төлі (ҚТТС, IX, 174 б.);

Ісек – екі жасқа келген еркек қой (ҚТТС, X, 448 б.);

Марқа – есейген, ересек тартқан, марқайған қозы (ҚТТС, VII, 134 б.).

Сонымен қатар қазақ тілінде қойдың жасымен байланысты мынадай аталымдық тіркестер қалыптасқан: *ісек қой* - екі жасар қой, *құнан қой* - үш жасар қой, *дөнен қой* - төрт жасар қой.

Түйе атауларының қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде мына түрлері аталады: *бура* - айыр түйенің келеге түсетін еркегі; аталық түйе (ҚТТС II,), *бота* - түйенің жылға толмаған жас төлі (ҚТТС, II,), *буыршын* - аруана мен үлектен туған төрт жасар жас бура; інген бұзар (ҚТТС, II,), *тайлақ* - түйенің бір жастан екі жасқа дейінгі төлі (ҚТТС, VIII) т.б.

Қазақ тіліндегі түйе атауларын монғол тілімен салыстырып қарастырған А.Жақыпов «Түйе атауларының түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде аталымдық тіркестер арқылы жасалған көптеген түйе атауларын атайды: *Атан* – күш көлігі ретінде пайдалану және бордақылау үшін ақта етілген (піштірілген) бес жастағы және одан да сақа қос өркешті түйе; *атаниша* – 3-4 жастағы ақта етілген айыр түйе; *бесті атан* – бес-алты жас аралығындағы ақта етілген айыр түйе; *будан атан* – дромедар мен бактериан түр аралық тұқымынан тараған, ақта етілген, бүкіл болмысымен қос өркешті түйеге ауған буданның күш-көлігі ретінде пайдаланылатын бес жасар сегізінші ұрпағы; *дөнен атан* – төрт жастағы қос өркешті ақта етілген еркек түйе; *дөнен шығар атан* – үш-төрт жас аралығындағы ақта етілген айыр, яғни қос өркешті түйе; *жампөз атан* – ақта етілген айыр түйенің бес жастан басталатын атауы; *жарбай атан* – ең азғын будан делінетін жарбай бурасынан тараған, ақта етілген, бес жастан асқан түйе; *құнан атан* – үш жасқа толған айыр өркеш түйенің ақтасы; *құнан шығар*

атанша – екі жас пен үш жас аралығындағы ақта етілген қос өркешті түйе; *құр атан* – ұзақ уақыт күш көлігі ретінде пайдаланылмай, өзінше жайылымда, бағымда болған ақта етілген бес жастан асқан айыр түйе; *соқыр атан* – түрліше себептермен бір көзі көрмей немесе ағып кетіп, содан соқыр атанған бес жасар және одан да асқан, ақта етілген айыр түйе; *бота* - түйенің бір жасқа дейінгі төлі; *ботақан* – түйе төлінің 1-2 айлық кезіне дейінгі отықпаған күніне дейінгі аталуы; отықпаған бота; *жалпылдақ* – ерте туған бота; *кенже жетім бота* – мерзімінен кеш туған әрі жетім қалған бота; *қаракемік бота* – туғанына 5-6 ай болған, өздігінен жайыла бастаған, отыққан бота; *қызыл шақа бота* – түрліше себептермен мерзімінен бұрын туылған, жұмыртқадан шыққан балапандай жүнсіз не өте тықыр жүнді болып туған бота; *нар бота* – аруана мен бура, айыр інген мен үлектің жыныстық қатынасынан туылған бірінші буданның бір жасқа дейінгі атауы; *сүт бота* – уызынан сүтке жарыған, әлі отықпаған жас бота; *бесті бура* – бес жасқа толған, келеге түсетін еркек айыр түйе (бұл буралардың ең мықты шағы); *буыршын* – айыр түйелердің 3-4 жас аралығындағы буралыққа қойылған, жетіле қоймаған еркек түйе; *бураша* – төрт жастағы еркегі; жас бура төрт жастан асқан жарамдылары (бұлар 7-8 ұрғашы түйені қайытуға толық жарайды); *тайлақ* – бір және екі жас аралығындағы түйе төлінің жалпы атауы; *тайлақша* – бір жарым жастан асқан, екі жасқа әлі толмаған тайлақтардың атауы; *аруана тайлақ* – таза аруана нәсілді бура мен таза аруанадан туған жалғыз өркеш (дромедар) түйе төлінің екі жастағы атауы; *нар тайлақ* – көбіне жалғыз өркеш боп туған, бір-екі жас аралығындағы будан боталардың жалпы атауы; *інген* – боталаған, боталауға тиісті және көп боталап қартайған, бес жастан асқан ұрғашы айыр түйенің жалпы атауы; *бұзбаша* (бүлдіршін, боздақ, өндірі) – құнан шығар інген бұзбашалардың жас жағына (2-3 жас аралығындағы) байланысты; *дөнежін түйе* – төрт жастағы барлық ұрғаш – дөнен шығар інген, *дөнежін шығар інген* – үш-төрт жас аралығындағы ұрғашы айыр түйенің нақты атауы; *жампоз інген* – бес жастан асқан таза нәсілді ұрғашы айыр түйенің ең таңдаулысы; *қайымалы* (қаймалы, қаюмалы, қаймал) – үш-төрт жас аралығындағы боталамаған ұрғашы түйелердің барлық түрлерінің атауы; *құнан шығар інген* (інгенше) – екі-үш жас аралығындағы ұрғашы айыр түйе; *құнан інген* (құнажын, құнажын мая, құнажын қоспақ) – үш жасқа толған үш жасар айыр түйе; *тұмса түйе* – тұңғыш боталайтын немесе тұңғыш боталаған үш-төрт жастағы түйе (*тұмса* сөзі өзге де бірінші рет туатын ұрғашы малға айтыла береді); *інгенше* – төрт-бес жас аралығындағы ұрғашы айыр түйе (демек, інгенше – інгеннен кіші ұрғашы түйе деген сөз); *кейуана* – жалғыз өркешті көп боталаған мақтаулы ұрғашы түйе тұқымының құрметтелген кәрісі; *қарабайыр түйе* (аруана) – қазақ аруанасы, 40 жастан асқан кәрі түйе; *үлек* (*лөк*) – аруана нәсілді төрт жастан асқан, ақта етілмеген, таза асыл тұқымды жалғыз өркеш еркек түйе; *кезнар* – бес жастағы қара нар; *бір қырыққан түйе* – тістері бір қайтара түгел шығып, әбден жетілген, толысқан тоғыз жасар түйе (бір қырыққан інген деп те аталады т.с.с.); *кексе түйе* – көп жасаған, талай пайдаланылған түйелердің ортақ атауы (мұның ұрғашыларын *кексе інген*

дейтіндер де кездеседі); *құнан түйе* - үш жастағы, ақта етілген еркек түйелердің жалпы атауы; *тоқыраған түйе* – күш-қуаты мен дене мүшелерінің жетілуі әбден толыққан соң, жасы 15-20-ға жуықтағанда тоқырау кезеңі басталған түйе жасының жалпы атауы; *сақа түйе* – 10 жастан асқан ірі түйелердің жалпы атауы. *Шау түйе* – жасы жетіп әбден қартайғандықтан міністен де, жүк көтеруден де қалып, бірте-бірте тұлға пішіні кішірейе бастаған кәрі түйе [87, 59-60 б.].

Ш.Жанәбілов «Қазақша мал атаулары» атты жұмысында қазақ тіліндегі мал атауларынан 344 жылқы атауын, 193 түйе атауын, 81 сиыр атауын, 110 қой атауын, 44 ешкі атауын атап, олардың әрқайсысының жыныстық және жас ерекшелігіне қарайғы ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, **жылқы атаулары жас кезеңдеріне қарай былай аталады:**

Тоқтаған бие (жасамыс бие). Бұл атауда екі мағына бар, біріншісі биенің айғырдан шығып кеткенін көрсетсе, екіншісі биенің орта жастан асқандығын көрсетеді.

Құлын. Биенің жас төлі. Жаңа туған құлынды «құлан мүшелі құлын», «арғымақ денелі құлын», «қаз мойын құлын» деп те атаймыз.

Жабағы. Жас құлынды алты айға толған соң, күзде жабағы деп атайды. Мұның бұлай деп аталуы құлын кезіндегі түгі күзге қарай өсіп, тығызданып, жабысу (ұйысу) салдарынан жабағыланады.

Тай бие. Бір жасында құлындаған бие. Қыс ішінде туған ұрғашы құлын мен телі құлындардың сауылмай жіберілген ірілері (күйлі, семіздері) айғырдан шығып, бір жасында құлындайтындары болады.

Буаз құнажын байтал. Айғырдан бір жасында шығып, екі жасында құлындайтыны.

Буаз дөнежін бие. Айғырдан екі жасында шығып, үш жасында құлындайтын бие.

Бесті бие. Айғырдан төрт жасында шығып, бес жасында құлындаған бие.

Кәртамыс бие. Құлынды биенің он бірден он төрт жас аралығындағысы.

Кәрі бие. Құлынды биенің он бестен он жеті жас аралығындағысы.

Лақса бие. Құлындап жүрген биенің он сегіз, он тоғыз, жиырма жасқа келгені.

Жасаған бие. Жиырма жастан асқан құлынды бие. Мұның асыл тұқымдылары тіс бедерін жоймайды, 40 жасқа дейін жасайды.

Сары қарын бие. Биенің қарны «сары» деген мағынаны білдірмейді, оның сегіз-тоғыз жастағы екендігін білдіреді.

Құнажын байтал. Екі жастан асқаны

Дөнежін шығар. Үш жастағы байтал.

Дөнежін байтал. Үш жастан асқаны.

Түйенің жасына қарай аталуы:

Буыршын. Піштірілмеген түйенің төрт жасында буралыққа жарайтыны.

Құнанша. Екі жастан асқан түйе.

Нарбота. Аруанадан туған төл, бота.

Бота. Ингеннен жаңа туған төл.

Тайлақ. Бір жастағы түйе.

Сиырдың жынысы мен жасына қарайғы аталуы:

Ақ тамақ. Сиырдың бір жастан үш жасқа жетпеген ұрғашысы.

Қашар. Сиырдың бір жастағы ұрғашысы.

Тайынша (тана). Сиырдың бір жастағы еркек, ұрғашысына бірдей қолданылатын ортақ атау.

Торпақ. Сиыр төлінің бір жасқа келгенге дейінгі еркек, ұрғашысының ортақ аты.

Баспақ. Сиыр төлінің (еркек, ұрғашысының) алты айға толғанға дейінгі аты.

Құжбан бұқа. Сиырға шағылысар сәтте өзін сабырлы ұстайтын, аталығы жағынан әбден жетілген, жеті жасар үлкен бұқа.

Азбан бұқа. Алты-жеті жасында күш-көлік үшін пайдаланылатын бұқа.

Қойдың жынысы мен жасына байланысты аталуы:

Қозы. Қойдың жаңа туған жас төлі.

Қауқа қозы. Қойдың мерзімінен бұрын қыс ішінде төлдеген қозысы.

Күн тимес қозы. Мерзімінен кеш туған, кепе қозы.

Сарыаяқ марқа. Бұл атау, біріншіден, тамыз, қыркүйек айларында туған қозыны білдірсе, екіншіден, оның көкек, мамыр айларындағы туған қозыдан бұрын есейіп, өсіп, жетіліп піскен семізі, жеті-сегіз айға толған ірісі, үлкені деген мағынаны білдіреді.

Қозылы тұсақ. Қозысы бар ұрғашы тоқтының екі жастан асқаны.

Қозылы тоқты. Ұрғашы тоқтының қошқарға шағылысып кетіп, бір жасында қоздағаны.

Тоқтылы қой. Сәуір, мамыр айларындағы қойдың қозысы алты айға (қыркүйекте) толғаны.

Шар саулық. Орта жастағы қой.

Кенже тоқты. Кенже туған қозының алты айдан асқаны.

Қысыр саулық. Екі жастағы қойдың қошқарға шағылыспай қалғаны.

Тұсақ. Ұрғашы тоқтының екі жастағысы.

Тұмса тұсақ. Ұрғашы тоқтының екі жасқа толып, қошқарға шағылысса да қоздамағаны.

Исек қошқар. Үш жасар еркек қойдың піштірілмегені.

Қошқар. Қойдың жыныстық қуаты жетілген еркегі. 4-5 айлығында еркек қозының жыныстық қуаты жетіле бастайды. Қошқар қоюға белгіленген еркек тоқтылар іріктеліп, бір жасарында ерекше күтімге салынады. 1,5 жасында саулыққа қосады.

Азбан. Алты-жеті жасқа келген, піштіріп жіберген қой.

Исек. Еркек қой немесе қошқардың үш жастағы піштіріп жіберілгені.

Тоқты. Алты айға толған, еркек, ұрғашы қозыларға ортақ ат.

Тоқтаған қой. Қошқарға тоқтап, қашып кеткен қойды және он екі жасқа келген қойдың қошқарға шағылысқанда қоздамайтындығы. Қой он екі-ақ жас жасайды.

Ешкі тұқымының атаулары:

Лақ. Алты айға дейінгі ешкінің төлі.

Лақ теке. Бұл атау туғанына 6 ай болған еркек лақтың тарттырылмай жіберілгеніне қойылған ат.

Шыбышық. Ерте туған ұрғашы лақтың бір жастан асқаны.

Шыбыша. Бір жастан бір-екі ай кішілігі бар, текеге шағылыспай қалған ұрғашы қой.

Серкешік. Еркек ешкінің бір жастан асқанда тарттырылғаны.

Туша. Бұл атау ұрғашы ешкінің екі жастан асқан кезіндегі лақтағанын білдіреді.

Шыбыш. Алты айлығында текеге шағылысып, бір жасқа толған уақытында лақтаған ешкінің атауы.

Серке. Алты-жеті жастағы ешкінің тарттырылған еркегі.

Лақты туша. Ешкінің екі жастан сәл асып барып лақтағаны.

Лақты тушашық. Бір жарым жастағы ешкінің лақтағаны.

Лақты шыбыш. Лақтың алты айында текеге тоқтап, бір жасында лақтағаны.

Лақты шыбышық. Алты айға толмаған лақтың текеге шағылысып кетіп, бір жасқа толмай лақтағаны.

Сақа ешкі. Лақтап жүрген үлкен ірі ешкі [88, 17-62 б.].

Мал шаруашылығына қатысты атаулардың этнолингвистикалық табиғатын қой және ешкі атаулары бойынша қарастырған Б.К.Тлепин бұл атауларға семантикалық тұрғыдан топтастырып, оларды зоотехникалық сипатына қарай он бір топқа жіктейді: *жасы* мен *жынысына* қарай; *терісі* мен *жүнінің сапасына* қарай; олардан *сүт өнімдерін алу* және *төлдерін емізу ерекшеліктеріне* қарай; *қимыл-қозғалысы* мен *дыбыс шығару ерекшеліктерін* қарай. Осы жіктемелердің ішінде бізге қажеттісі *жынысы* мен *жасына* қарайғы мал атаулары төмендегіше берілген: *қозы, сарыаяқ, марқа, күйек қозы, қошақан, тоқты, ұрғашы тоқты, еркек тоқты, ісек (қой), тұсақ, құнан қой, дөнен қой, лақ, шыбыш, теке, текешік, серке, серкешік, бас серке.* Автор зерттеу жұмысында аталған мал атауларындағы *жынысы* мен *жасына* қарайғы ерекшелік барлық түркі тілдерінде бірдей екендігін айтады [89].

А.М.Щербак мал атауларының тақырыптық топтарын салыстыра отырып, жас шамасына қарай бөлуде көбінесе олардың сипаттамалы тұрғыдан, яғни сөздер тіркесі арқылы ажыратылатынын, сонымен қатар кейбір грамматикалық формалардың (інген, інгенше – інгеннен жас жағынан кіші, төрт-бес жастағы ұрғашы түйе; атан, атанша – атаннан жас жағынан кіші) жалғануы арқылы жасалатынын атап көрсетеді [83, 154-157 б.].

Мал атаулары қазақ тілінде жекелеген түрлері бойынша да, жалпы мал атаулары бойынша да зерттеліп келеді. Және олар қазақ тілінің түсіндірме

сөздіктерінде мүмкіндігінше қамтылған. Алайда, мал атаулары қазіргі кезде кәсіби лексикаға айналып бара жатыр. Бұл – мал шаруашылығымен айналысатын өңірлерде, мал ұстайтын адамдар болмаса, қалың көпшілік, әсіресе, жастар мал атауларын толық біле бермейді деген сөз. Біз, әрине, біз «жастар қой мен ешкіні, сиыр мен жылқыны ажырата алмайды» деп айтудан аулақпыз. Бірақ, төрт түліктің төліне келгенде, қазақ баласының мал шаруашылығымен айналысқан ата кәсібіне қатысты терминдердің, атаулардың барлығын біледі деп айта алмаймыз. Мектеп оқулықтары т.б., жоғарғы оқу орнына арналған оқулықтарда, басқа да ғылыми-көпшілік әдебиеттерде мал атаулары туралы ақпарат негізінен төрт түліктің өз атауы мен олардың туған кездегі төлінің (бота, құлын, лақ, қозы, бұзау) атаулары бойынша ғана беріліп отырады. Бір жағынан қазіргі кездері мал шаруашылығымен ауылды жерде ғана айналысатын болғандықтан, екінші жағынан ақпараттық жағы жетіспей жатқандықтан, қала жастарының мал төлінің аталған атауларынан басқа атауларын жаппай біле бермейтініне көз жеткізуге болады.

Қазақ және орыс тілінің материалдары негізінде С.Самурат мал атауларының жасына қарайғы айырым-белгілеріне эксперименттік тұрғыдан зерттеу жасайды. Эксперимент 20 мал атауы бойынша жасалады: *байтал, жабағы, тай, құлын, дөнен, тана, торпақ, баспақ, бұзау, лақ, серкеш, туша, шыбыш, тоқты, марқа, тұсақ, саулық, тайлақ, бота, буыршын*. Эксперимент 2000 жылы 23-35 жас аралығындағы қазақ тілді, жоғарғы білімі бар 15 адамның сұрақ-жауапқа негізделген аялық білімдері бойынша сарапқа салынған. Зерттеу нәтижесінде автор информанттар тарапынан байқалған мынадай тілдік құбылыстарды көрсетеді:

1) информанттардың ешбірі мал атауларының түріне қатысты қате пікір білдірмеген;

2) информанттар малдың жынысына қарайғы атауларын екі жағдайда (тұсақты – 8-9 айлық еркек қой деп анықтайды) ғана болмаса, негізінен дұрыс көрсетеді;

3) информанттар мал атауларының жас ерекшеліктерін нақты көрсете алмайды, 20 пайызы ғана жас шамасын жобамен көрсете алған.

Басқа жағдайларда информанттар мал атауларының жасын мүлде көрсетпеген, көрсеткен күнде де оның жас не кәрі мал екенін ғана атайды; кейбірінде мал атауларының жас шамасы араласып кетіп отырады, әсіресе, автор *буыршын, серкеш, туша, марқа* сөздерінің жас шамасын көрсету информанттарға қиындық келтіргендігін, сонымен қатар автор орыс және қазақ тілдеріндегі мал атауларын салыстыру нәтижелері бойынша, мал атауларының жас ерекшеліктеріне қарайғы бөлінісі орыс тіліне қарағанда әлдеқайда көп екенін, орыс тіліндегі жас шамасына қарайғы мал атауларының көбінесе сөзжасамдық жүйемен (коза-козленок, верблюд-верблюжонок) жасалатынын айтады [48, 68 б.].

Сонымен, қорыта келгенде, қазақ тіліндегі мал атауларының семантикалық мағынасында *уақыт* ұғымы *малдың жасына қатысты* көрініс табады. Бұл тек

қазақ тіліне ғана емес, жалпы түркі тілдеріне тән құбылыс. Мал атауларының семантикалық құрылымындағы малдың жасын білдіретін *уақыт* ұғымының есептеу нүктесі, адамның жас кезеңдері сияқты, *төлдің туу сәтіне* қатысты анықталады. Ал жалпы алғанда, мал атауларының семдік құрылымындағы дифференциалды семалар олардың *жынысы мен жасына* байланысты ажыратылады. Яғни мал атауларының мағыналық құрылымындағы жас және жыныс ерекшелігі олардың атау болып қалыптасуындағы негізгі уәждемелік белгі болып табылады.

2.3 Тамақ атауларының мағыналық құрамындағы уақыт ұғымының тілдік сипаты

«Ас адамның арқауы» демекші, тіршілік иелерінің барлығы сыртқы ортамен қарым-қатынас жасай отырып, өзіне қажетті қоректік заттарды бойына сіңіріп, өсіп-өніп, тамыр жайып жататындығы белгілі. Тіршілік иелерінің ішінде сана-сезімі дамыған адамзат баласы үшін тамақ тек қоректік зат қана емес, әрбір халықтың дүниетанымдық, мәдени ерекшеліктерін көрсететін қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар құндылықтардың бірі. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, биологиялық тұлға ретінде ана сүтімен сусындап, өмірінің әрбір кезеңінде тәбет, денсаулық т.б. ағза қажеттілігіне қарай қоректеніп, ағза қажетін өтеп отырады. Өмірінің соңында дейін өмір сүру шарты болып табылатын қоректік заттарды ішіп-жем үшін ғана пайдаланбай, өмір сүру үрдісіндегі ұлтық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланысты тағам түрлеріне де ерекше мәртебе беріп, қадір-қасиетін асырып отырған. Тағамды тұтынудың қазіргі кезде а) тұрмыстық және ә) дәстүрлі жүйесі бар.

а) Тағамды тұтынудың тұрмыстық жүйесі. Тұрмыстық жүйе деп отырғанымыз – биологиялық тұлғаның күнделікті тамақтану режімі, ас ішу, тамақтану тәртібі. Белгілі бір уақыт кезеңдеріне қарай адамның ас ішу тәртібі қалыптасып, *таңғы ас, түскі ас, кешкі ас* сияқты тілдік бірліктер пайда болған. Яғни адамның ас қабылдау үрдісінде де белгілі бір тәртіп, жүйе бар. Бұл ас ішу тәртібі белгілі бір уақыт кесіндісімен байланысты болған. Бірлі-жарым себептермен ас ішу тәртібі арагідік өзгеріп отырғанмен, негізінен таңғы ас ішу қазіргі уақыт бойынша 7-10 кезінде, түскі ас 12-14 сағатта, кешкі ас 18-21сағаттың аралығын қамтиды. Ас қабылдаудың бұл үш кезеңі тек уақыт кесіндісімен ғана емес, қабылдайтын астың түрімен де байланысты. Мәселен, таңғы ас сүт тағамдары (сүт, сүзбе, қаймақ, ірімшік, сары май), нан, жұмыртқа т.б. құрғақ тағамдарды қолданумен ерекшеленсе, түскі аста қуатты, ет, сорпа сияқты күшті тағамдар пайдаланылады. Ал кешкі астың жеңіл, сіңімді болуы шарт. Демек, адамзат баласы материяның бөлшегі ретінде үнемі қозғалыста бола отырып, белгілі бір кеңістікте, белгілі бір уақыт ағымында өмір сүреді. Ал уақыт пен кеңістік материяның өмір сүруінің шарты болғандықтан, өмірдегі кез келген зат пен құбылыс, қимыл-қозғалыс уақытқа тәуелді. Тіпті біз зерттеу нысанына алып отырған тамақтану тәртібі де уақыт кезеңдерімен сабақтасып

жатқандықтан, тілдік бірлік ретінде қалыптасқан тағам атауларында да уақытқа қатысты сема бар. Мысалы,

Таңғы ас – архисема – тамақ (тағам)

дифференциалды сема: ұйықтап тұрғаннан кейін қабылданады; күн шыға, ертеңгілік 7-10 сағат аралығын қамтиды; көбінесе сүт тағамдары болып келеді.

потенциалды сема: құрғақ, жеңіл, тойымды.

Түскі ас – архисема – тамақ (тағам).

дифференциалды сема: тәуліктің орта тұсында; күн тас төбеге келген кезде, шамамен 12-14 сағат аралығын қамтиды; көбінесе сұйық ет тағамдары болып келеді.

потенциалды сема: күшті, қуатты.

Кешкі ас – архисема – тамақ (тағам).

дифференциалды сема: күн батқанда, шамамен 18-21 сағат аралығын қамтиды; көбінесе сүт, дәнді дақыл, ет тағамдары болып келеді;

потенциалды сема: жеңіл, сіңімді.

Жоғарыда аталған үш мезгілдік тамақтану рәсіміндегі зерттеу жұмысымызға нысан болып отырған *уақыт* ұғымы күнделікті тіршілік көзі ретіндегі қарапайым өмір сүру дағдысын көрсететін тұрмыстық деңгейде көрініс табады. Қазіргі қолданыста бұл тұрмыстық тамақтану жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің ішінде универб атау ретінде толық қалыптасқаны – «түстік» сөзі *түстік ас* деген мағынаны білдіреді.

ә) **Тағамды тұтынудың дәстүрлі жүйесі.** Сонымен қатар, дәстүрлі мәдениетті, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынасты білдіретін, әр халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен байланысты тартылатын дәстүрлі тағамдардың мағыналық құрылымында да уақытқа қатысты сема айқын байқалады. Қайсыбір халықтың болмасын дәстүрлі мәдениетіндегі атаулы күндердің барлығы белгілі бір тағам түрлерімен байланысты болып келеді. Яғни әрбір халық үшін әрбір кәделі ас өзіндік ұлттық, мәдени мәнге ие.

Қазақ – қонақжай халық. Қонақжайлылық – қазаққа ата-бабаларымыздан келе жатқан қанға сіңген қасиет. Ал қонақжайлылық неден көрінеді? Қазақ үшін қонақжайлылықтың ең бірінші белгісі «дастархан» ұғымымен тығыз байланысты. *Дастархан* сөзі – жалаң «жайма», «тамақ қоюға арналған мата, төсеніш» мәнінде ғана емес, оның арғы мәнінде қазақ халқының ұлттық болмысын көрсететін дүниетанымдық, мәдени кодтар жатыр. Қазақтың ұлттық болмысындағы қонақжайлылық мынадан көрінеді: қазақ – қонақ шақырғыш, қандай да болмасын сый-сияпатты дәм татқызу рәсімімен ұштастырып отыратын халық. Қазақта «жиған-тергенің тойыңа шашылсын» деген аталы сөз бар. Қазақ дәмдісі мен шұрайлысын қонағына сақтап, күндегі істеген тамағынан «қонақаяқ» (артық ас) асты есептеп барып ас қамдаған. Күннің қай уағында болмасын қазақ қонақ асын (қонағасын) қамдап отырған, мал ұстап, шұғыл түрде келген қонағына арнап қазан көтерген. Қыстық сүрін (қазы,

кепкен жылқы еті т.б.) үнемі қорда ұстаған. Дастархан мәзіріне қажетті заттардың бәрін қамдастырып отырған. Қазақ үйге келген қонақты дәм татқызбай жібермеген. Келген қонақ ең құрығында нан ауыз тиюге міндетті болған. Қайсыбір ұлттық дәстүрімізді дастархан мәзірінсіз елестету мүмкін емес. Баланы бесікке салу, шілдеhana, тұсаукесер, сүндеттой, үйлену тойы т.б. ұлттық салт-дәстүрлеріміздің бәрінде дастархан жаю, ас тарту рәсімдерінің өзіндік ерекшеліктері болған. Шілдеhanaда мәйсөк беру, құдаласу кезінде құйрық-бауыр жегізу, некеге тұрған екі жасқа неке суын ішкізу сияқты дәстүрлі әдет-ғұрыптары болған.

Қазақта жерлеу рәсімімен байланысты қайтыс болған адамның *жетісі*, *қырқы*, қыркын бергенше әр бейсенбі-жұма сайын берілетін *құдайы тамақ*, *жүзін беру*, *құдайы беру*, *ас беру* сияқты салт-дәстүрлерінің барлығында ірі қара, қой сойылып, тамақ тартылған. Ал басқа рәсімдердің барлығы осы ас беру үстінде (тамақтың алдында, не соңында т.б.) жасалған. Қысқасы, қазақ қуанышты да, қайғыны да дастархан үстінде отырып бөліскен. Шығыс халықтарының мәдени-этнографиялық зерттеу жасаған С.А.Арутюнов «шығыс халықтары үшін «тамақ» адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бейнелейтін тұрмыстық мәдени құбылыс болып табылады» дейді [90, 3 б.]. Этнограф Н.Шаханованың айтуынша, қазақтардағы ас берудің дәстүрлі жүйесі қоғамдағы культтік-ритуалдық жағдайлармен тығыз байланысты. Ас берудегі ритуалды әрекеттер жүйесі адамзат қоғамының ерте кезеңдерінен басталады [49, 70 б.].

Демек, қай халықта болмасын ас беру рәсімінің қалыптасқан дәстүрлі жүйесі бар. Және бұл жүйе уақытқа тәуелді. Мәселен, *қалжа* – бала туған әйелдің құрметіне арнайы сойылатын мал. Яғни бұл тағам нәрестенің жарық дүниеге келуімен байланысты жасалатын сый-сияпат болған. Бұл рәсім бала дүниеге келісімен жасалған. Қазақ дәстүрінде жас босанған әйел денесенің тез шырауы және емшек сүтінің маңызды әрі мол болуы үшін арнайы мал сойып, жас анаға жас сорпа ішкізген. «Ана аман-есен босанған соң әл жиып, белі беку үшін сорпалауға сойған қойды «қалжа» деп атайды. Д.Қатранұлы «қалжа» сөзінің уәждемесіне байланысты «қалжыраған адамға сойылған мал» болғандықтан осылай аталған деген пікір айтады [75, 191 б.]. Яғни тоғыз ай тоғыз күн бойы шаранасын арқалаған әйелдің босану құрметіне, біріншіден, құдайға шүкіршілік жасап, құрбандық шалуы болса, екіншіден, жас босанған әйелдің тез оңалуы үшін сойылады. Және бұл астан құтты болсын айтып келген ауыл әйелдері міндетті түрде дәм татқан. Қазақта «Еркек олжадан, қатын қалжадан дәмелі» деген мақал осымен байланысты. Қысқасы, *қалжа* атауы кез келген мал сою әрекетімен байланысты емес. Бұл атау баланың дүниеге келуі және әйелдің босану жағдаятына байланысты актуалданады. Бұл сөздегі *уақыт* семасының есептеу нүктесі де осы туу, дүниеге келу, әйелдің босану сәтімен өлшенеді, яғни, *қалжа* жүкті әйел босанғаннан кейін жасалатын кәделі ас болып табылады.

Қалжа – архисема – тамақ

дифференциалды сема – жас босанған әйелге арнап сойылған малдың етінен дайындалған кәделі ас;
потенциалды сема – әйел босанғаннан кейін жасалады;
потенциалды семалар – құдайға шүкіршілік жасап, құрбандық шалу мақсатын көздейді;
потенциалды семалар – жас босанған әйелдің тез оңалуы үшін сойылады;
потенциалды семалар – жас босанған әйелдің емшек сүтінің мол болуы үшін жас сорпа ішкізеді.

Сондай-ақ *«тоқымқағар»* – алыс сапарға шығар алдында берілетін ас. «Жол жүріп бара жатқан немесе жолда жүрген жолаушыға сәт-сапар тілеп берілетін қонақасы, кәделі ас» (ҚТТС). Сапарға шығатын адам не оның жақындары «сапар оң болсын» деген тілеумен құдайы ас беріп, жолға шығар алдында үлкендердің батасын алатын болған. Яғни «тоқымқағар» ырымы алыс сапарға шығатын адамның шамамен жолға шығар күнінен бір, не бірнеше күн бұрын, не жолға шығар алдында жасалған. Бұл сөздегі уақытқа қатысты сема да адамның жолға шығу, алыс сапарға аттану мезгілінен бұрынғы, соның алдындағы уақытқа қатысты актуалданып, бұл жоралғыдағы *уақыт* семасының есептеу нүктесі адамның алыс сапарға аттану әрекетімен байланысты анықталады. Қарапайым тілмен айтқанда, «тоқымқағар» ырымы белгілі бір жағдаятқа қатысты, яғни адамның алыс сапарға аттану әрекетіне тәуелді болады. Кейбір әдебиеттерде «тоқымқағар» ата-анасының баласы алғаш алыс сапарға аттанғанда жасалатын жоралғы» деп көрсетіледі. Мысалы, *Мына Шоқанжанның тоқымқағарын өзім істейін деп әдейі мына аға-аталарын шақыртып алдым, баталарын берсін* (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Тоқымқағар – архисема – тамақ

дифференциалды сема – қонақасы, кәделі ас, құдайы тамақ;
дифференциалды сема – адамның алыс сапарға аттануымен байланысты жасалатын ырым;
потенциалды сема – сапарға шығатын адамның жолға шығар алдында не аттанып кеткеннен кейін жасалады;
потенциалды семалар – алыс жолға шыққан не шығатын адамға сәтті сапар тілеу, яғни жолының жеңіл болып, аман-есен оралуына тілектестік нышанымен жасалады;
потенциалды семалар – әдетте жеті (құдайы) нан таратылып, қан шығарылады (құрбандық жасалады).

Марқұм болған адамның «жетісін», қырқын», «жүзін» өткізгенде елді, қайтыс болған адамның жақындарын, туыс, жора-жолдас, көрші-қоланды т.б. жиып, ас беру дәстүрге айналған. Ал бұл атаулы күндер марқұм болған адамның қайтыс болған күнінен бастап санағандағы жеті, қырық, жүз күн өткеннен кейінгі уақыт. Қазақ тілінің он томдық сөздігінде: «жетісі» – өлген адамның артынан жеті күннен кейін берілетін ас (ҚТТС, IV, 118 б.), «қырқы» –

өлген адамның қайтыс болғанына қырық күн толуына байланысты берілетін құдайы ас (ҚТТС, VII, 3 б.). Жоғарыда аталған қайтыс болған адамның артынан жасалатын рәсімдер атауларының (жетісі, қырқы, жүзі, жылы) семантикалық құрылымында уақыттық ұғым потенциалды сема ретінде көрініс табады. Бұл аталған сөздердегі *уақыт* ұғымын, біріншіден, салт-дәстүр атаулары ретінде, екінші жағынан осы салт-дәстүрге қатысты берілетін тағам атауы ретінде де көрсетуге болады. Яғни бұл рәсімдер адамның қайтыс болған күнінен бастап санағандағы жетінші, қырқыншы, жүзінші күндерге сәйкес келеді, демек, бұл рәсімдер адам қайтыс болғаннан кейін белгілі бір уақыт кезеңдерінде іске асырылған. Олай болса, бұл сөздердегі уақыттық семаның есептеу нүктесі адамның қайтыс болған күнімен өлшенеді, сол тұрғыдан анықталады дейміз.

Жетісі – архисема – тамақ

дифференциалды сема – қайтыс болған адамның артынан берілетін ас;

потенциалды – қайтыс болған күннен жеті күн өткеннен кейін беріледі;

потенциалды сема – қайтыс болған адамның жақындары, туыс, жора-жолдас, көрші-қолаң т.б. жиналады;

потенциалды сема – негізінен ірі мал (сиыр, жылқы) сойылады;

потенциалды семалар – бір Алланың ризашылығы үшін аруақтарға, өлген адамның рухына бағышталып құран оқылады;

Қырқы – архисема – тамақ

дифференциалды сема – қайтыс болған адамның артынан берілетін ас;

потенциалды сема – қайтыс болған күннен қырық күн өткеннен кейін беріледі;

потенциалды сема – қайтыс болған адамның жақындары, туыс, жора-жолдас, көрші-қолаң т.б. жиналады;

потенциалды сема – негізінен ірі мал (сиыр, жылқы) сойылады;

потенциалды семалар – бір Алланың ризашылығы үшін аруақтарға, өлген адамның рухына бағышталып құран оқылады;

Сонымен қатар мұсылмандардың рамазан айында ұсталатын отыз күн ораза ұстау дәстүрі де уақытпен өлшегендегі «ай календары бойынша, тоғызыншы ай есебіне тура келетін уақыт (ҚТТС, VII, 446 б.). Демек, ораза ұстау салты да жылдың не айдың кез келген уақыты емес, белгілі бір уақыттық есеп бойынша белгіленіп отырған.

«Ислам дініне сенетін халықтар мұсылман күнтізбесі бойынша Рамазан айының бірінші күнінен бастап сәресін ішіп, ауыз бекітеді, яғни ораза ұстауды бастайды. 30 күн ораза ұстағаннан кейін Шаууал айының бірінші күні Ораза айт мерекесін тойлайды. Ораза айттың (Шаууалдың) бірінші күнінен бастап есептегенде 68 күн өткеннен кейін, Зұлқажжа айының оныншы күні Құрбан айт мерекесін өткізеді» [91]. Ораза ұстау кезіндегі сәресі және ауызашардың да арнайы ішілетін дәстүрлі тағамдары бар. Ораза сумен немесе құрмамен

ашылады. Сәресінде күні бойғы ашығуды қалыпты жағдайда ұстап тұратын қуатты, құнарлы тағамдар ішіледі. Оразаның соңғы күні оразаайттан, сондай-ақ құрбанайттан бір күн бұрын «арапа» болады. Қазақтың дәстүрі бойынша «Арапа» күні әр үйде бауырсақ, шелпек пісіріліп, иіс шығарылылады. Майға піскен жеті нан (шелпек) Құран оқылатын құдайы тамақ дастарханына қойылады немесе ыстықтай таратылып жіберіледі. Жай күндері жеті нан пісіру салты көбінесе қасиетті бейсенбі күнгі екінті уақытынан жұма күннің екінті уақытына дейін созылады. Діни тұрғыдан алғанда, бұл уақыт – тілек-ниеттер қабыл болатын уақыт. Қазақтар осы мезгілде құдайға құлшылық жасаудың белгісі ретінде шелпек салып, құран бағыштайды. Құрбанайтта шамасы келетін адамдардың уақ малдан бастап ірі қараға дейін құрбандық шалу парыз саналады.

«Арапа» сөзінің семантикалық құрылымындағы уақыттық мағына Құрбанайттың келу мерзіміне қарай актуалданады. Осымен байланысты «арапа» сөзінің мағыналық құрылымындағы уақыт семасының есептеу нүктесі осы Құрбанайт болатын күнмен байланысты, яғни Құрбанайттан бір күн бұрынғы уақыт – «арапа» жасалатын күн.

Сондай-ақ, қазақ тілінде мағыналық құрамында уақыт семасы бар мынадай тағам атаулары бар: *шек, қонақасы, ұша, ерулік, бастанғы, соғым, сыбаға, сарқыт, борша, өлітірі, шашу, ас, асар, үме, наурыз, тоқымқағар, мезіреті, місе, қолүздік* т.б.

«Шек – марқұмның өз үйінің ғана еске түсіруі үшін өліге берген қонақасы, бір мал сойып, дос-тумасын жинап еске түсірмек үшін дәм беруі. Кейде қойды жіліктеп мүшесімен шикідей таратады; *қонақасы* – үйге арнайы, немесе жолы түсіп соққан, ілік-жілік, жора-жолдас, таныс, тіпті қаймана жолаушыға да «құдайы қонақ» деп ас береді, арнап мал сояды. Қонақасы сөзінің екі мағынасы бар: біріншісі үйге арнайы не жолаушылап келе жатқан адамдарға арнайы сойылған малдың етінен жасалған тағам; екінші мағынасы – қайтыс болған адамды жерлеу, жетісі, қырқы сияқты діни рәсімдерді өткізерден бір күн бұрынғы алыстан келген қонақтарға арнап берілетін кәделі ас. Бұл «қонақасы» сөзіндегі уақыттық мағына қонақ келу, қонақ күту жағдаятына қатысты анықталады, яғни қонақасы үйге қонақ келген жағдайда беріледі, және бұл сөздің семантикалық құрылымындағы уақыттық семаның есептеу нүктесі де осы қонақтың келу әрекетін меже етеді.

Қонақасы – архисема – тамақ

дифференциалды сема – асылған малдың еті;

потенциалды сема сема – қонақ келгенде

тартылады;

потенциалды сема – көбінесе кешке қарай беріледі (бұл жерде алыстан келген түнемел қонақтар туралы айтылып тұр);

Ұша – дәм таттырған үйдің қонақасысын қайтару үшін берілетін ас («Біреудің жаясын жесең, ұшанды әзірле»). Ұша біреудің үйіне қонақасыға барғаннан кейін беріледі. Қазақ дәстүрінде адам мен адамның араласып, таныс-

біліс болуы, сыйласуы дастархан мәзірін жасау, яғни бір-бірін қонаққа шақыру рәсімі арқылы жүзеге асқан. Біреудің қонақасына барған адам, барған жерінде үй иесін, не дастархан басында отырған адамдардың бәрін «табалдырық көрсету», «шаңырақ көрсету» мақсатында қонаққа шақырып кетуді дәстүрге айналдырған. Жоғарыдағы «біреудің жаясын жесең, ұшанды әзірле» деген мақал қазақ үшін ішкен-жеген асының қарымын қайтару мәнінде айтылмаған. Қазақ дастарханға, тамақ беру рәсіміне ішкен-жегенін ақтау мәнінде емес, «сыйға сый, сыраға бал» дегендей, сый-құрметтің түрі ретінде қараған. Сонымен, «ұша» – біреудің қонақасына барып келгеннен кейін жасалатын рәсім, ал бұл сөздің семантикалық құрылымындағы уақыт семасының есептеу нүктесі «қонақасыға» барған күннен кейінгі уақыт болып есептеледі.

Ұша – архисема – тамақ

дифференциалды сема – дәм таттырған үйдің қонақасысын қайтару үшін берілетін ас;

потенциалды сема – біреудің үйіне қонақасыға барғаннан кейін жасалады;

потенциалды семалар – сый-құрметтің, рахмет айту нышанын білдіру үшін берілетін қонақасы;

потенциалды семалар – үйінен дәм таттыру, табалдырық көрсету, аралас-құралас болу мақсатын көздейді.

Ерулік – жаңадан көшіп келгендерге тұрғын адамдардың сыйлап беретін сыбағасы, қонақасы. Пісі асты табағымен көтеріп апарып береді. *Ерулік беру* – қонаққа шақырып, үйін, от жаққан жерін көрсету. *Атамыз қазақтың үйіне іргелес қонған кісіні сыйлап ерулік беретін ежелгі әдеті* (Ш.Құмарова, Қос шынар). «Ерулік» сөзінің семантикалық құрамындағы *уақыт* семасы көшу, көшіп келу, көшіп бару сияқты іс-әрекеттермен байланысты актуалданады, есептеу нүктесі де осы көшу әрекетін меже етеді.

Ерулік – архисема – тамақ

дифференциалды сема – жаңадан көшіп келгендерге тұрғын адамдардың сыйлап беретін сыбағасы, қонақасы;

потенциалды сема – көшіп келгеннен кейін жасалады;

потенциалды семалар – сый-құрметтің нышанын білдіру үшін беріледі;

потенциалды семалар – үйінен дәм таттыру, табалдырық көрсету, аралас-құралас болу мақсатын көздейді.

Бастанғы – дұрысы бас танығы, үйге бас болғанын таныту, ауыл үлкендері ас-тойға, жиынға кеткен кезін аңдыған жастар, бойжеткен қызы бар үйге жиналып, «бастанғы» жасатады. Осы қонақасы арқылы қыздың қонақжайлығы, қолы ашықтығын сынасады. Демек, «бастанғы» рәсімі үй иелерінің үйден басқа жаққа кету әрекетінен кейін жасалады. Сондықтан, бұл сөздегі уақыттық семаның есептеу нүктесі де үй иелерінің кеткеннен кейінгі уақытпен байланысты анықталады. Бұл сөздің түпкі мәні «өз бетінше әрекет ету» деген мағынада. «Сайып келгенде, қызы қонақ күтуді үйренсін, құрбы-

құрдастарымен емін-еркін бірге болып, ашылсын деген оймен қыздың шешесі әдейі қыдырып кетеді. *Бастанғы* сөзінің «бас таны» немесе «бас танығы» деп аталуының өзі осы салттың мәнін аша түседі» [75, 192 б.].

Бастанғы – архисема – тамақ

дифференциалды сема – бойжеткен қыздың ата-анасының басшылығынсыз, өз бетінше пісірген тамағы, жайған дастарханы, қонақасы;

потенциалды сема – үй иелері кеткеннен кейін жасалады;

потенциалды сема – бойжеткен қыздың үйінде жасалады;

потенциалды семалар – ата-ана қыздары қонақ күтуді үйренсін, құрбы-құрдастарымен емін-еркін бірге болып, ашылсын деген мақсатты көздейді;

потенциалды семалар – бойжеткен қыздың қонақжайлығы сынға түседі.

Соғым – қысқа арнап семірткен ірі қараның еті. Әдетте, соғым жылқының етінен жасалады, кейде соғым ретінде түйе малы да, сиыр малы да сойыла беретін болған, негізінен ірі мал сояды. Соғым – тілшеленіп, тұздалған немесе суық жерде қатырылып сақталатын бір қысқа арналған ет (жылқының еті).

Қазақтар жылқының етін күн суықта ерекше тәбетті ашып, ішті қыздырып, қуат беретіндіктен, көбінесе қыста, суық мезгілде жеген. Осымен байланысты *соғым* сөзінің семантикалық құрылымындағы *уақыт* семасының есептеу нүктесі де суық түскеннен кейінгі уақытты меже етеді. Яғни, *соғым* сөзін айтқанда, бірден қысқа қарай сойылатын мал еті деп түсінеміз. Уақыт семасы бұл сөздің потенциалды семасы ретінде көрініс табады. Сонымен, *соғым* қысқы уақытқа арналып сойылған ірі мал еті дегенді білдіреді.

Соғым – архисема – тамақ

дифференциалды сема – жылқы малының еті;

потенциалды сема – **қысқа қарай сойылады;**

потенциалды семалар – дәмді, тұздалған, қазы-қарта аралас,

денені қыздыратын, күш-қуаты мол, емдік қасиеті бар, кепкен, ащы, ұзақ пісетін, сүрленген мол ет.

Сыбаға – «қадірменді, сыйлы адамға арнайы сақтаған соғым еті; мүше (бас, жамбас, ортан жілік, асық жілік, кәрі жілік, жауырын, тоқпан жілік): *Сыбаға әкелген қадірлес абысын-ажын, бәйбіше-келін Ұлжан аулын басып жатқан болу керек* (М.Әуезов, Абай).

Сарқыт – қонақтан, үлкен кісілерден қалған тамақ (ҚТТС, VIII, 180 б.); қонақасыға мал сойған күні асылады. Жас отау иесінің дәмдеп пісірген асына, бас табаққа ырза болған үлкендер, табақты кері қайтарғанда, еті туралмаған асық жілік, не тоқпан жілікті табақта қалдырып, сарқыт қайырады. *Абай атасының дастарханында үлкендердің сарқытын ішсін, Мұқтарды ала бар, деді Дінасыл* (К.Оразалин, Абай).

Сарқыт сөзінің семантикалық құрамындағы *уақыт* семасының есептеу нүктесі қонақ келу, қонақасын беру рәсіміне негізделеді. Одан арғы өлшем

келген қонақтардың ас ішіп болу әрекеті. Демек, *сарқыт* үлкен кісілердің ас ішіп болу әрекетінен кейін ғана актуалданады.

Сарқыт – архисема – тамақ

дифференциалды сема – үлкен кісілер, келген қонақтардан қайтқан бас табақтағы қалған ас.

потенциалды сема – шақырылған қонақтарға ас тартылғаннан кейінгі іс-әрекет нәтижесі;

потенциалды семалар – сол адамдардай болсын деген ырым.

Өлтірі – қалыңдықтың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі кәде, құдайы мал (ҚТТС, VII, 540 б.); күйеу жақтан «өлтірісін еледік» деп әкелінетін тірі мал: **Өлтірі**, *әдетте, қалыңмалдан кейін келеді* (С.Жүнісов, Ақан сері). «Өлтірі» қалыңмалдан кейін әкелінеді. Яғни бұл сөздің актуалдануы, біріншіден, құда түсу рәсімімен байланысты болса, екіншіден, қалың мал беру рәсімі жасалғаннан кейінгі уақытты меже етеді. Ал қазіргі кезде қалың малы мен өлтірісін құдаласу рәсімінің үстінде жасай береді. *Өлтіріге* әкелінген мал аруақтарға арналып берілген мал болғандықтан, қазанға тұтастай салынған. Және бұл еттен қалыңдық ауыз тимеген. Қалыңдық бұл еттен жеген жағдайда, ауруға ұшырайды деген наным болған [49, 96 б.].

Өлтірі – архисема – құдайы мал (қой);

дифференциалды сема – қалыңдықтың үрім-бұтағындағы өмірден озған адамдардың аруағы риза болсын деген мақсатта беріледі т.б.;

потенциалды сема – құда түсу рәсімінде беріледі;

потенциалды сема – күйеу жағы әкеледі;

потенциалды семалар – дифференциалды сема – қалың малдан кейін беріледі;

Асар – белгілі бір жұмысты істеуге көпшілікті шақыру әдеті, көмек, жәрдем. Қазақ халқы қандай да болмасын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғының барлығын дастархан мәзірімен сабақтастырып отырған. Тіпті қыз беру, қыз алу салты сияқты кәделі рәсімдерді былай қойғанда, бір мәселені шешу, бірлесіп істеу үшін елден көмек, жәрдем сұрау әрекеттерін де ас беру, қазан көтеру дәстүрімен ұштастырған. Қазақ үйіне келіп, қолғабыс берген адамдарға ерекше ықылас-пейіл танытқан. Жәрдем беруге, асарға келген адамдарға арнап мал сойып, қазан көтерген. Еңбек қызу жүріп, өнімді істелу үшін жәрдем берушілердің тамағы тоқ, көңілдері жай болуы қажет саналып, күшті, қуатты тағамдар дайындап, дастархан мәзіріне ерекше мән берген. Демек, *асар* – белгілі бір жұмысты істеуге жәрдем, көмек сұрау жағдаятына байланысты актуалданатын жоралғы. Бұл сөздің семантикалық құрылымындағы *уақыт* семасы да осы көмекке шақыру әрекетін меже етеді.

Үме – шөп шабу науқаны кезінде ел жиып, мол шөп алу. Үмеге барушылар шабылған шөптен өз үлесін алатын болған, екіншіден, үме қыз-бозбаланың, әнші-жыршының жиналатын жері болған. Осыған орай «үмеге келген үндемей қалмайды» деген мақал туған. Әдеттегідей «үме» жасау салты да ас қамдау,

дастархан мәзірінсіз өтпеген. (*Үмеге жиналған колхозшыларға ас дайындалып жатыр* (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Наурызкөже – мұсылман жұртының жаңа жыл басында беретін, жаңа жылдың келу құрметіне арналып істелетін мерекелі дәстүрлі тағам (ҚТТС, VII, 328 б.); қыстағы соғымға сойылған жылқының шекесін сақтап, осы наурыз көжеге салып қайнатады: *Наурыз мейрамы күні еңбектеген жас, еңкейген кәрі жаңа жылдың келуімен бір-бірін құттықтап, үйді-үйге кіріп: «Амансың ба, ұлысың оң болсын, ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын!» деп наурыз көже ішіп, ойын-сауықпен өткізген* («Қаз. әдеб.») [135]. Наурыз – қазақтар үшін киелі мереке, ұлыстың ұлы күні. «Наурыз халқымызда жылдың бірінші айы саналған. Ал, жалпы, парсы күнтізбесінде «наурыз» ай аты емес, бір ғана күн, жаңа жылдың бірінші күні. Парсы тілінде *нав* – *жаңа*, *руз* – *күн* деген мағынаны білдіреді. Дегенмен, *наурыз* парсы сөзі болғанмен, қазақ тұрмысына ерте замандарда кірігіп кеткен. Оны қазақ тайпалары біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан бастап тойлай бастаған. Сөйтіп, келе-келе ол халықтық мейрамға айналған» [92, 16-18 б.]. Бұл күні жаман қылықтар жасалынбауы тиіс, тіпті бұл күні адамдар жыл бойғы өкпе-наздарын, реніштерін кешірісіп, жаңа жылды жарқын көңілмен қарсы алуға ниеттенген. Бұл мерекенің міндетті элементтерінің бірі бірлесіп ас ішу, тайқазанның асылуы болған. Бұл күні тайқазанға асылған еттен басқа, жеті түрлі тағамның қоспасынан дайындалған *Наурызкөже* пісіріледі. О бастағы түсінік бойынша, наурызкөжеден дәм татқан кісі Көктегі жеті даналықтың дариясынан да сусындайтын секілді. Сол себепті наурызкөжені үйме-үйді аралап жүріп ішкен. Наурызкөженің жеті түрлі тағамнан жасалуы қазақ дүниетанымындағы «жеті қазына», «жеті дария», «жеті нан» сияқты киелі «жеті» санымен сабақтасып жатыр.

Бұл тағам қазақтар үшін тек бірігіп ас ішу ғана емес, молшылықты қамтамасыз етуге бағытталған тілек, яғни бұл тағамның символдық мәні, біріншіден, бірлік, ынтымақты көздеу болса, екіншіден, молшылық болсын, ақ көп болсын, мал-жан аман болсын деген тілек-ниеттен туған.

Қазақ үшін малы тіршілік көзі болғандықтан, оның еті мен сүті негізгі қорегі ретінде ерекше бағаланған. «Ақ мол болу» деген сөз малының амандығы, малы аман болса, жаны аман. Қазақтың сәлемдескенде «мал-жан аман ба» деуі де осы тұрмыстық, күнкөріс қамымен байланысты. Наурызкөженің негізгі маңызды элементінің *ағарған* (айран, қатық, құрт) болуы да түрлі тағам түрлерін (ет, дән) осы ағарғанның айналасына жинақтауы, «ақты» өзек тағам ретінде көрсетуі тәрізді. «Наурызкөже» жоғарыда аталған басқа да дәстүрлі тағам түрлері сияқты, уақыттық мағынаға ие, өйткені ол күнделікті ішілетін, кез келген күні жасалатын тағам емес, яғни бұл тағам Наурыз мейрамының келуімен байланысты актуалданады. Осы тұрғыдан есептеу нүктесі (точка отсчета) Наурыздың келуі – күн мен түннің теңелетін Ұлыстың ұлы күні болып табылады. Бұл күн наурыз айының 22 жұлдызына сәйкес келеді. Яғни наурызкөже осы Ұлыстың ұлы күні жасалады, уақыттық жағынан осы күнге

катысты болып тұрады. Жаңа жылдың бұл күні «Аспаннан нұр жауған күнге» сәйкес Ұлыстың ұлы күні деп аталған. Этнограф-ғалым Д.Қатранұлы «Наурызнама» атты мақаласында былай деп жазады: «Евфрат пен Тигр өзендерінің ортасына Аспаннан алты күн бойы Нұр жауып, жетінші күні (Күн мен Түн теңелетін сәтте) Нұрдың жер-жаһанамға жайылғанын өз көзімен көргенін әлемге паш еткен ғалым Әбу Райхан әл-Бируни болатын. Қызыр түн – 22 наурыз, таңғы сағат 03.00: (Ғаламның жаратылуына негіз болып 6 күн бойына Көктен жауған Нұрдың жер-жаһанамға жетінші күні тараған таң. Көк күмбезінен Нұрдың жаууына өз құдыретін білдіруді дұрыс деп тауып, барша ғаламды жаратуға Алланың қалауы мұрындық болған. Сонымен, Күллі ғаламның жаратылуының бірінші себебі – Алла. Алланың Бұ дүниеге сыйлаған сыйы – Нұр. ...Күн сәулесі жер шарының шығыс бөлігінен таңғы сағат 6-да себездеп атқан кезде біздің өмірімізде бұл сәт 21 наурыздың түні, 22 наурыздың таңғы сағат 00.03-ке тұспа-тұс келген. Сондықтан да қазақ халқы жаңа жылды 22 наурыздың таңғы 03.00-де қарсы алған. Ата-бабамыздың нанымы бойынша көктен жауған Нұр жерге Қызыр баба кейпінде түскен» [92, 16-18 б.].

Наурызкөже – архисема – тағам

дифференциалды сема – жеті түрлі тағамның қоспасынан жасалады (негізгі арқауы айран, езілген құрт, сүт, қатық сияқты ағарған түрлері);

потенциалды сема – наурыз айының 22 күні жасалады;

потенциалды сема – символдық мәні: көпшілікпен келесі жаңа жылға молшылықпен жетейік деген мақсат.

«Қазақтар бұл күні наурыз көжеден басқа «ұйқыашар», «белкөтерер» деген тағам түрлерін де дайындаған. Уызға пісірілген соғымның сүрі етін «ұйқыашар» деп атаған. Әдетте, бұл асты ауыл бойжеткендері бозбалаларға арнап дайындайды. «Ұйқыашар жыл басының бірінші сый тағамы саналған. «Белкөтерер» дегеніміз – сиырдың қос шекесі салынған сыбағалы табақ. Мұндай табақ ауыл қарттарына тартылады» [93].

Қымыз – жылқы сүтінен жасалатын ежелден келе жатқан дәстүрлі сусын; *шұбат* – түйе сүтінен жасалатын сусын; және бұл сусындардың дайындалу тәсіліне қарай, яғни ашу дәрежесіне қарай, *қымыз*: әлсіз (5-6 сағ); орташа (1 тәулік); күшті (1 тәулік), *шұбат*: әлсіз (1 тәулік); орташа (2 тәулік); күшті (3 тәулік) болып бөлінеді.

Жыл мезгілдеріне қарай *жаздық қымыз*, *күздік қымыз*, *қыстық қымыз* болады. Жаз ортасында дайындалған қымыз шөптің толық шығып, әбден құнары бойында тұрған кезінде отыққан биенің сүтінен жасалған қымыз да сапсары, қою болып келеді, сондықтан бұл кездегі қымызды «*сары қымыз*» деп атайды. Бұл қымыздың емдік қызметі де жоғары болады. *Түнемел қымыз* – бұрынғы қымыз қалдығы бар ыдысқа құйылып, екі тәулік қойылып, ашытылатын қымыз. *Саумал* – көбінесе балалар мен қарт адамдарға емдік үшін берілетін жаңа сауылған сүтпен араластырылған әлі аши қоймаған тұщы қымыз. Үш күн тұрған қымызды *құнан қымыз* деп атаған, және бұл той-

томалақтарда берілетін болған. Төрт күн тұрып, ашытылған қымызды *дөнен қымыз* деп атаған. Бес күндік қымыз – *бесті қымыз*, ал әбден ашуы жетіп, быжып кеткен қымыз – *асау* делінген.

Жылқы шаруашылығымен байланысты тағам атауларын тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу жасаған А.Тоқтабаева қазақтар үшін қымыздың сусын ғана емес, күнделікті қолданылатын тамақ қызметін атқаратындығын атап көрсетеді. Және осы еңбекте қазақ тілінде қымыздың қырықтан аса атауы бар екенін айтады: *саумал қымыз* – жас қымыз; ашытылмаған қымыз; *құнан қымыз* – екі күн тұрған қымыз; *дөнен қымыз* – үш күн тұрған қымыз; *бесті қымыз* – төрт күн тұрған қымыз [94, 11 б.].

М.Жүрсінова мен С.Бизақов зерттеулерінде тағам атауларының он томдық түсіндірме сөздіктегі берілу мәселесі туралы былай деп жазады: «Сөздікшілер қымыздың баптап даярлау уақытына қарай аталатын мынадай түрлерін анықтап берген: *Уыз қымыз* – ең алғашқы ашытылған қою қымыз. *Саумал* – әлі аши қоймаған бие сүті. *Тай қымыз* – қатты ашымаған жұмсақ қымыз. *Дөнен қымыз* – төртінші тәулікке ауысқан қымыз. *Түнемел қымыз* – ашығаннан кейінгі екінші тәулікке ауысқан қымыз. *Құнан қымыз* – сауылғаннан кейінгі үшінші тәулікке ауысқан қымыз. *Сары қымыз* – жақсы пісіліп, әбден бабына келген, үйірілген қымыз. *Бесті қымыз* – бесінші тәулікке ауысқан қымыз [95, 75-84 б.].

К.Хұсайын қазақ тіліндегі шаруашылықпен байланысты лингвокультурема ретінде қымыздың аталған түрлерінің (тай қымыз, дөнен қымыз, құнан қымыз) мән-маңызына, олардың мағыналық құрамындағы *уақыт* семантикасының тілдік сипаты мен қымыз атауларының аталымдық уәждемесіне талдау жасайды. Ғалымның пікірінше, көшпелілер ұзақ уақыт бойында қымызды тағам ретінде қолдана отырып, бұл тағамның емдік қасиетін ғана біліп қоймаған, қымыздың дайындау, сақтау ұзақтығына қарай, сапалық өзгерістерге түсетінін де жақсы аңғарған. Сонымен қатар көшпелілер қымыздың тұру, дайындау ұзақтығына қарай түрліше ат берген, бір қызығы, олар қымыз түрлеріне ат беруде өздеріне жақын келетін халықтық өлшемдерді ұтымды қолданған. Бұл халықтық өлшемдердің, әрине, ең алдымен мал шаруашылығымен байланысты болып келуі заңды. Осы орайда малдың жасымен байланысты атауларды алып, олардың құрамындағы уақыттық өлшемдер бойынша өздеріне ет жақын тағамына (сусын) атау берген [96, 39 б.]. Мысалы, *дөнен*, *құнан*, *бесті* сияқты атаулар негізінен жылқының жасымен байланысты атаулар болса, осы атаулардың қойдың жасымен байланысты да қолданылатынын жоғарыда айтқан болатынбыз. Мысалы, *құнан қой*, *дөнен қой*. Яғни «құнан қой» қойдың үш жасын көрсетсе, «дөнен қой» қойдың жасының төрт жаста екендігін көрсетеді. Осы сияқты қымыз атауларына да *құнан қымыз*, *дөнен қымыз*, *бесті қымыз* деген атау берген. Қазақ халқы бір бұл ғана емес, өзінің өмір сүру дағдысында осындай халықтық өлшемдерді бейнелі түрде ұлттық болмыс-бітімімізге сай етіп, керемет көрегендікпен, ой қызметінің керемет ұтқырлығы арқылы шебер сомдаған. Халықтық өлшемдерді өзіне етене жақын ұғымдарға сәйкестендіріп, талғампаздықпен қолданған.

Аталған қымыз түрлеріне семдік талдау жасағанда, олардың семантикалық құрылымы төмендегіше сипатталады:

Құнан қымыз – архисема – тағам

дифференциалды сема – жылқының сүтінен дайындалады;

дифференциалды сема – сусын ретінде ішіледі;

потенциалды сема – **үш күн** тұрған қымыз;

потенциалды семалар – дәмі қышқыл, шөлді қандырады, тәбетті ашады, тамақ сіңіреді, емдік қасиеті бар т.б.

Дөнен қымыз – архисема – тағам

дифференциалды сема – жылқының сүтінен дайындалады;

дифференциалды сема – сусын ретінде ішіледі;

потенциалды сема – **төрт күн** тұрған қымыз;

потенциалды семалар – дәмі құнан қымызға қарағанда ащылау, шөлді қандырады, тәбетті ашады, тамақ сіңіреді, емдік қасиеті бар т.б.

Бесті қымыз – архисема – тағам

дифференциалды сема – жылқының сүтінен дайындалады;

дифференциалды сема – сусын ретінде ішіледі;

потенциалды сема – **бес күн** тұрған қымыз;

потенциалды семалар – дәмі дөнен қымызға қарағанда ащы, қышқыл, шөлді қандырады, тәбетті ашады, тамақ сіңіреді, емдік қасиеті бар т.б.

Аталған үш түрлі қымыз, көріп отырғанымыздай, дайындалу, яғни ашытылу мерзіміне қарай түрліше аталады, және бұл қымыз атауларындағы сандық өлшем, *уақыт* ұғымы қазақ тіліндегі малдың төлінің жасына қарай қойылатын атаулардағы сандық өлшем тұрғысынан сипатталған. Олар, біріншіден, дайындалу уақытының ұзақтығына қарай бір-бірінен ерекшеленсе, екіншіден, осы ашу мерзіміне сәйкес, қымыздың дәмі де, ашыңқылық, қышқылдық дәрежесі де әртүрлі болады. Қымыздың дәміне қарап оның қанша күн тұрған қымыз екендігін, яғни түнемел, дөнен не құнан қымыз екендігін айырған.

Қазақ тілінің этномәдени лексикасы туралы зерттеулерінде Е.Жанпейісов жоғарыда аталғандардан басқа «*қысырдың қымызы*» деген түрін қосады [54, 244 б.]. Бұл қымыз – қысыр қалған биенің сүтінен дайындалған қымыз. А.М.Щербак «буаз емес», «төлсіз қалған» деген мәндегі «қысыр» сөзін (кісір) монғол жазба тіліндегі *kewzer* (бесплодная), *kewи* (n), *kewken* (дитя) сөздерімен салыстырады, ал *zer* – монғол тіліндегі «жоқтықты» білдіретін аффикс, түркі тілдеріндегі *-сыз/сіз* қосымшасымен сәйкес қаралады [83].

«Күзде бие ағытылған соң қалған қымызды «*сірге жияр қымызы*» деп атайды. Бұл қымыздан ағайын-туыс, жақын-жекжат түгел дәм татқан болуы қажет. Келесі бие байлағанға дейін осы дәм татқан барлығымыз аман-есен болып, тағы да түгел бас қосайық деген ырым, жоралғысын жасаған болады [75, 189 б.]. Қазақ тіліндегі дәстүрлі тағам атауларын егжей-тегжейлі зерттеген

этнограф-ғалым Д.Қатранұлы қымыздың дайындау ерекшелігі мен сақталу мерзіміне байланысты түрліше аталатындығын айтады [97].

Демек, тағам түрлерінің де уақытқа қатысты әртүрлі аталымдық сипатқа ие болатындығын көруге болады. Ю.Н.Барминцевтің жылқы шаруашылығы туралы зерттеу жұмысында қымызды дайындау технологиясы мен оны дайындауға кететін уақытына қарайғы ішкі бөліністері туралы айтылады [98, 138 б.].

Қазақтың дәстүрлі тағамдарының бірі «уыз» сөзінде де уақыт семасы айқын көрінеді. Бұл тағам кез келген уақытта болатын, кез келген уақытта ішілетін тұрақты ас емес, уыз – жаңа туған сиырдың алғашқы сүтінен дайындалған сұйық тағам. Мұны қазақта *уызкөже* деп те атайды. Қазақтар сиыр туғаннан үш күн өткеннен кейін сиырдың алғашқы сүтін жинап, мол етіп көже пісірген. Бұл асқа үй іші ғана емес, туған-туыс, көрші-қолаң да шақырылған. Уыздың түсі сарғыш, қоймалжың, құрамы дәруменге бай, құнарлы ас саналған. Уыздан алдымен үй іші дәм татып, содан кейін барып келген адамдарға таратқан [99, 198 б.]. *Уыз* сөзі басқа түркі тілдерінде де кездеседі: түрік «agiz», ұйғыр «огуз», хакас «соо», алтай «уурак сут» [49, 122 б.].

Уыз – архисема – тағам

дифференциалды сема – сиырдың сүтінен дайындалады;
дифференциалды сема – жас бұзаулаған сиырдың сүтінен жасалады;

потенциалды сема – сиыр бұзаулағаннан кейін жасалады;
потенциалды семалар – құнарлы, дәруменге бай, түсі сарғыш, қоймалжың.

Уыз сөзінің семантикалық құрамындағы *уақыт* семасы сиырдың тууымен байланысты актуалданады, есептеу нүктесі де осы сиырдың бұзаулау әрекетін меже етеді, яғни уызкөже – сиыр туғаннан кейін ғана жасалатын тағам түрі.

«Қолүздік» – қандай да бір іске көмектескендерге үйдегі бәйбішенің беретін жасаған мезіреті. Бұл жоралғы, әдетте, мал сойып берген кісіге берілетін сыбағалы ет, оған төстің етегі немесе қуырдақтық ет сияқты кәдеге жүрмейтін мүшелер жатады. Бұл сөздің мағыналық құрамындағы уақыт семасы мал сою, біреудің малын сойып беру сияқты жағдаяттарға байланысты актуалданады. Есептеу нүктесі де осы мал сою әрекетін, осыдан кейінгі уақытты меже етеді.

Жоғарыда аталған тағам атауларынан басқа *уақыт* ұғымын сипаттайтын мынадай атаулар бар: *күземшай* (күзем алынып болғаннан кейін беріледі); *айрылысқазан* (көрші болып келген не ағайын-туыс қоныс аударар кезде жасалады); *етқаптар* (ет сүрленіп болған кезде көктем айларының бас кезінде беріледі); *қапқағар* (сүрі еттің әбден таусылған шағындағы қап түбінде қалған бір асым етті, келесі соғым да мол болсын деген мақсатта, көршілерімен бөлісіп жеу рәсімі); *жарысқазан* (екіқабат әйелдің толғағы жиілей бастағанда, тез босансын деген тілекпен, тез пісетін тағам ретінде қуырдақ қуыру рәсімі);

құрсақтой (келіннің жүкті болғанына шүкіршілік жасап, енесінің көрші әйелдерді шақырып, «Ұмай анаға» сыйынып, қонақасы беруі); *нәзір* (қандай да бір жаңа іс бастап, кірісерде «ісім онды болсын» деген мақсатта мал сойылып, құран оқылатын құдайы тамақ); *қымызмұрындық* (алғашқы жаздық қымыз); *сыралқы* (аңшының әкелген аң етінен берілетін үлес, немесе аң етінен тамақ жасап, қонақасы беру); *жерікасы* (жүкті әйелге арнап сойылатын мал еті: жерікасы табағына жамбас, асықты жілік, төс, ұлтабар сияқты мүшелерді толтырып салып, үстіне жаңа пышақ қойған, ұлтабар, төс сияқты мүшелер жүкті әйел ұл тусын деген мақсатта салынған); *тасаттық* (құрғақшылық болып, жаңбыр жаумай қойған жағдайда судың жағасында құрбан шалып, жаңбыр жауғызуын сұрап, Құдайға құлшылық жасау, әдетте көктем айларында жасалады) т.б.

Ғылыми әдебиеттерде қазақ халқының тағаммен, аспен сабақтасатын салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының негізінен құрбандық шалу әрекетімен байланысты екендігі айтылады [49, 136 б.]. Көшпелілер түсінігінде құрбандық шалу О дүние мен Бұ дүниенің, Төменгі әлем мен Жоғарғы әлемнің, Тірілер әлемі мен Өлілер әлемінің арасын байланыстырушы дәнекер қызметін атқарады. Осымен байланысты көшпелілік өмірден бүгінге дейін жалғасып келе жатқан бұл дәстүр қазақтың қуанышында да, қайғысында да көрініс тауып отырған. Қазақ тек қайтыс болу сияқты қайғылы жағдайларда ғана емес, қуаныш пен қызықшалыққа да мал сойып, қан шығаруды әдетке, дәстүрге айналдырған. Ал бұл сонау Тәңіршілдік заманынан келе жатқан «құрбандық шалса, Тәңір сұрағанымызды береді» деген наным-сеніммен байланысты болса керек.

Сонымен, қорыта келгенде, *уақыт* семантикасы тағам атауларының да мағыналық құрамында бар. Мұндай сөздерде уақыттың есептеу нүктесі мына өлшемдермен анықталады: *тағамды дайындауға кеткен уақыт* (дөнен қымыз, құнан қымыз, бесті қымыз, саумал) және тағамды қабылдау, қолдану уақыты: *жыл мезгілдері* (соғым, наурызкөже), сонымен қатар *адам өміріндегі нақты бір оқиғалармен байланысты күндер* (*сапарға шығу әрекетімен байланысты* – тоқымқағар, жоляяқ; *әйелдің босану әрекетіне байланысты* – қалжа, жарысқазан, құрсақтой, жерікасы т.б.; *діни тұрғыдан, құрбандық шалу, құдайы тамақ беру рәсіміне байланысты* – Оразаайт, Құрбанайт, Арапа, тасаттық, шек, өлтірі; *адамның қайтыс болуымен байланысты* – жетісі, қырқы, ас беру; *көші-қон әрекетіне байланысты* – ерулік, айырылысқазан т.б.; *қонақ күту рәсіміне байланысты* – қонақасы, ұша, бастанғы, сарқыт; *жәрдем, көмек көрсету әрекетімен байланысты* – асар, үме, қолүздік т.б.).

2.4 Уақыт ұғымының өсімдік атауларындағы тілдік көрінісі

Өсімдік атауларындағы *уақыт* семантикасы адам атаулары мен мал атауларындағы уақыт семантикасындай айқын болмаса да, имплицитті түрде, көбінесе, потенциалды семалар қатарында тұрады. Қазақ тіліндегі өсімдік

атауларын зерттеп, сөздік құрастырған Б.Қалиев өсімдік атауларының сөздіктерге толық еніп бітпегендігін айтады [100, 6 б.].

Өсімдік атаулары тілдік қырынан П.П.Поляков, Р.А.Айдарова, Е.В.Никитина, Е.Рамазанов, О.Қисықова, Б.Қалиев, Т.Марсакова, Л.В.Дмитриев, К.Досмұхамедова, Т.У.Жолтаева, Ш.Б.Сейітова еңбектерінде қарастырылған. П.П.Поляков қазақ тіліндегі ботаникалық терминдердің 1946 жылы шыққан орысша-қазақша сөздіктегі берілу мәселесіне тоқталып, ондағы кейбір өсімдік атауларының түсіндірмелері дұрыс берілмегендігін, кейбір өсімдіктердің қазақша атауларының еңбегендігін атап көрсетеді [101, 98-99 б.].

Р.А.Айдарова, Е.В.Никитиналардың пікірінше, Қырғызстандағы ерте көктемде шығатын өсімдіктердің шығу уақытын анықтау үшін өсімдіктердің ішкі құрылысын (тамыр, жапырақ, гүл т.б), көктеу уақытын, ұрықтану процесін т.б. жақсы білу қажет. Зерттеу жұмысында күнтізбелік көктем уақыты наурыз, көкек, мамыр айлары болып саналғанмен, өсімдіктер үшін **биологиялық уақыттың** маңызы зор екендігі айтылады. Яғни бір өсімдік территориялық орналасуына қарай әртүрлі уақытта гүл жарады. Мысалы, жазық жерде өсетін «кракус», «лапыз» (безвременник) (элекшөп), «шөңгебас» (рогоглавник) өсімдігі ақпан айының аяғында гүл жарса, таулы жерлерде әртүрлі биіктігіне қарай наурыз айының басынан көкек айының басына дейін гүл жара береді. «Шөпжияр» (иксиолирион) жазықта көкек аяның аяғы мен мамырдың басында гүл жарса, таулы аймақтарда мамыр айының ішінде гүлдейді.

Сөйтіп, биологиялық уақыт та орналасқан жеріне қарай әртүрлі (ақпаннан маусым айына дейін) болып келеді [102].

Қазақ тіл білімінде өсімдік атауларына терминологиялық тұрғыдан зерттеу жасаған Е.Рамазанов ауылшаруашылық және биологиялық сөздіктер мен мақалаларға сүйене отырып, ботаникалық терминдердің қалыптасуы мен олардың терминологиялық сөздіктердегі берілу жайын сөз етеді. Автор қазақ тіліндегі өсімдік атауларына тектік (родовое) және түрлік (видовое) тұрғыдан атау беріп, бұл орайда өсімдіктердің халықтық және ғылыми атауларын негізге алу қажеттігін алға тартады [103, 34-38 б.].

Бұдан кейінгі өсімдік атаулары туралы ғылыми еңбек – Ө.Қисықовтың екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» өсімдік атауларының берілуі туралы жазған мақаласы. Автор мақаласында қазақ тіліндегі өсімдіктердің халықтық атауларының өте көп екендігін, бірақ сол атаулардың дұрыс қолданылмай, бір жүйеге түспей жүргендігін, әсіресе, түсіндірме сөздікте берілген өсімдік атауларының тілдік сипаттамасы толық ашылмай жатқандығын атап көрсетеді. Ө.Қисықов екі томдық сөздіктің бірінші томында берілген 140 өсімдік атауының түсіндірмесін бергенде олардың ішкі морфологиялық ерекшеліктерін және қай өсімдік туысының ішінде қаралатынын ашып көрсету қажет деген ұсыныс жасайды. Сонымен қатар автор еңбегінде өсімдік атауларының латынша аттарын береді [104, 89 б.].

А.Шамшатова кандидаттық диссертациясында 1300-ден аса қазақ тіліндегі дәнді дақыл атауларымен байланысты кәсіби лексиканы зерттеп, оларды жалпы халықтық тілде кеңінен қолданылатын (*арпа, бидай, тары, және т.б.*), екінші тобын халық тілінде сирек кездесетін сөздерге (*байдербіс, көксағал, қойаяқ, мақсым және т.б.*) ажыратып қарастырады [105, 9 б.].

А.Тажмуратов қазақ тіліндегі техникалық өсімдік атаулары бойынша кандидаттық диссертация қорғайды. Диссертацияда *мақта, қызылша, қант қызылшасы, жем қызылшасы, темекі* т.б. сияқты мақта, темекі, қызылша шаруашылығымен байланысты терминдер қарастырылған. Автор техникалық өсімдіктердің пайда болу тарихын зерттей келе, бұл терминдердің түркі тілдерінің барлығында дерлік кездесетінін, осымен байланысты мұндай атаулардың негізінен жалпытүркілік сөздер қатарында тұратындығын айтады. Сонымен қатар зерттеуші техникалық өсімдіктер атауларының ішінде басқа тілден енген сөздер де бар екендігін атап көрсетеді [106, 16-17 б.].

Өсімдіктерді уақытпен байланысты аталымдық сипатын қарастырған орыс зерттеушісі В.А.Фролова орыс тілі говорлары негізінде өсімдік атауларының олардың жас шамасымен байланысты түрліше аталатындығын айтады. Мысалы, көктемде – «репейник» (лат.*acritium lappa*) (шоңайна) деп аталатын өсімдік жаздың бас кезінде – «лопух» деп аталса, жаздың соңында – «собачник» деп аталады. Сондай-ақ «полевой хвощ» (лат.) деп аталатын өсімдікті көктемгі уақытта – «пестюшка» деп атаса, жазға қарай бұл өсімдік – «полевой хвощ» немесе жай ғана «хвощ» деп аталады [107, 129-139 б.].

Өсімдік атауларын қазақ тілінде ең көп зерттеген, осы мәселе бойынша көптеген мақала, екі монография, терминологиялық сөздіктер шығарған қазақ ғалымы – Б.Қалиев. Ғалымның еңбектерінде өсімдік атауларының морфологиялық құрылымы қарастырылып, оларға жіктеме жасалады; лексика-грамматикалық сипаттама беріледі. Өсімдік атауларының функционалдық ерекшеліктері мен фонетикалық варианттары айқындалады; семантикалық деривацияның жалпы мәселелері, олардың түсіндірме сөздіктегі берілу жайы, түсіндірме, орфографиялық ерекшеліктері т.б. зерттеледі. Сонымен қатар өсімдік атауларының мына белгілері бойынша: ішкі сипаты (пішіні, түсі, биіктігі), дәмі, иісі, белгілі мақсаттарға жарамдылық немесе жарамсыздығы, сонымен қатар автор өсімдік атауларының **уақытқа қатысты да уәжделетінін** атап көрсетеді. «Өсімдік атауларының бірқатары уақыт белгісі (гүлдеу уақыты, жеміс салу уақыты т.б.) бойынша уәжделеді. Мұндай атаулар саны 17. Мысалы, *наурызгүл/ наурызшешек/наурызек* көктеу, гүл жару уақытымен байланысты аталған. Бұл гүл ерте көктемде наурыз айының соңына қарай (21 наурыздан 22 көкек аралығында) көктеп шығады. Ал «*намазшамгүл*» (немесе *ымыртгүл*) өсімдігі күн батқаннан кейін, кешкі уақытта ғана гүл ашады. Сол сияқты *түнсұлу* немесе *түнсұлуғүл* (*түн гүлі* немесе *түнсәуле*) өсімдігі тек түнгі мезгілде ғана гүл жаратындықтан осылай аталған. *Мамыргүл* мамыр айында, *мизамшөп* қыркүйек (мизам) айында, *көктемшөп* көктем айында, *қысышылшөп*

(зимоллюбка) қысқы мезгілде шығып, гүл жаруымен байланысты уәжелген [100, 60 б.].

«мизамшөп» – архисема – өсімдік

дифференциалды сема – түйешырмауық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік;

потенциалды сема – қыркүйек (мизам) айында жел арқылы тозаңданады;

потенциалды семалар – биіктігі 14-60 кейде 120 см.; тамыр сабағы қысқа, кіндік тәрізді қосалқы тамырларымен бірігіп өседі; сабағы түзу, не өрмелегіш, сыртын қысқа түк басқан т.б.

«көктемшөп» – архисема – өсімдік

дифференциалды сема – орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік;

потенциалды сема – көктем айында шығады;

потенциалды семалар – құмдақ далалы жерлерде, жол бойларында өседі; сабағы тік, жапырақыз болады; биіктігі 3-10 см. т.б.

Ғалым еңбектерінде қазақ тіліндегі өсімдік атауларының синонимдік, омонимдік, варианттылық, дублеттік сипаттары қарастырылып, соның ішінде кейбір өсімдіктердің **уақыт кезеңдеріне қарай түрліше аталатындығы** айтылады. Айталық, қазақ тілінде «репейник» өсімдігін көктемгі уақытта – «түйежапырақ» деп атаса, осы өсімдіктің әбден жетілген кезі-күзгі уақыттағы атауы – *шоңайна*. Осы сияқты енді шығып келе жатқан «шандра» өсімдігін – «бұйражапырақ» деп атаса, кейін жапырақ жайғаннан кейін – «сорғыш» деп атайды. Енді бой көтерген жас қамысты – «кұрақ» дейді [100, 22-23 б.].

«түйежапырақ» (репейник) – архисема – өсімдік

дифференциалды сема – күрделігүлділер тұқымдасына жататын екіжылдық ірі жапырақты өсімдік;

потенциалды сема – **көктемгі уақыт**;

потенциалды сема – жапырақтары тарбиып, ірі-ірі болып тұрады;

потенциалды семалар – жаңа шыққан, жас өсімдік.

«шоңайна» (репейник) – архисема – өсімдік

дифференциалды сема – күрделігүлділер тұқымдасына жататын екіжылдық ірі жапырақты өсімдік;

потенциалды сема – **күзгі уақыт**;

потенциалды сема – сабағы, бұтақтары, гүлі толық өсіп, басындағы бүрлі тікені пісіп жетіледі;

потенциалды семалар – әбден өсіп жетілген өсімдік.

«бұйражапырақ» (шандра) – архисема – өсімдік

дифференциалды сема – еріндігүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық кейде көпжылдық өсімдік;

потенциалды сема – **көктемгі уақыт**;

потенциалды семалар – жаңа шығып келе жатқан, жас өсімдік.

потенциалды семалар – жапырақтары бұйраланып шығады.

«сорғыш» (шандра) – архисема – өсімдік

дифференциалды сема – еріндігүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық кейде көпжылдық өсімдік;

потенциалды сема – **күзге қарай;**

потенциалды семалар – әбден өсіп жетілген өсімдік.

потенциалды семалар – бұйра жапырақтары жоқ.

Жоғарыдағы екі өсімдіктің енді көктеп келе жатқан ерте көктемдегі атаулары «түйежапырақ», «бұйражапырақ» болып аталуы олардың сол уақыттағы пішінімен байланысты уәждеделген. *Түйежапырақ* көктеп шығарда алдымен жапырақтары тарбиып, ірі-ірі болып тұрады. Жапырақтарының осы пішініне байланысты «түйе» малының ірілігіне ұқсатылып қойылған. Екінші сөздің «бұйражапырақ» аталуы да жапырақтарының көктеу кезіндегі пішінімен, яғни бұйраланып шығуымен байланысты уәждеделген. Сол сияқты бұл атауларының өсіп жетілген шағындағы «сорғыш», «шоңайна» атауларының да өзіндік уәждік белгілері бар.

Б.Қалиев өсімдік атауларына зерттеу жүргізу нәтижесінде олардың семантикалық құрылымын анықтаудың теориялық та, практикалық жағынан да маңызды екендігін атап көрсетеді. Сондықтан өсімдік атауларын түсіндіруде олардың мынадай дифференциалды семаларының көрсетілуі қажеттігін айтады: 1) өсімдіктің типі (ағаш, шөп, гүл, жеміс, көкөніс т.б. 2) сыртқы пішіні (биіктігі, көлемі, формасы т.б.) және өсімдіктің түсі; 3) басқа өсімдіктерден негізгі айырмашылығы (үй өсімдігі/жабайы, біржылдық/көпжылдық, улы, жарықсүйгіш т.б.); 4) өсетін жері (бақшалық, егістік т.б.); 5) ауылшарушылықтық қызметі (тағамдық, жемдік, жемістік т.б. [100, 138 б.].

Қазақ тіліндегі көкөніс өсірумен байланысты кәсіби лексика мәселесі А.Айғабыловтың кандидаттық диссертациясында жақсы зерттелген. Зерттеу жұмысында ғалым көкөніс терминдерінің жасалуы мен оларды топтастыру мәселесін қарастырып, қауын шаруашылығы атауларын жиі қолданылатын (қауын, қарбыз, әнгелек, торлама) және жалпы халықтық тілде жоқ, қолданылу аясы тар атауларға (ағұрық, басыпалды, болболды, күләбі, патсайы, шытырлақ т.б.) бөледі [108].

Л.В.Дмитриев түркі тілдеріндегі бір мағыналы өсімдік атауларын фонематика, фонология, лексика, семантика, сөзжасамдық т.б. қырынан алтай тілдерімен салыстырып зерттейді [109, 13-24 б.].

Г.И.Ұйықбаева өсімдік атаулары бойынша жазылған кандидаттық диссертациясында ономазиология мен уәждеме теориясын, өсімдік атауларының ғылыми және халықтық атауларының арасындағы айырмашылықтарды, сонымен қатар халықтық өсімдік атауларының уәжділігін қарастырады. Өсімдік атауларының уәждемесін анықтауды мақсат еткен зерттеуші олардың негізінен түр-түспен (қараөрік), көлем (майдашөп), дәм (ащылау алқа), өсетін жері (сужұлдыз), тұрмыстағы (жөке ағаш), медицинадағы

(бүйрекшай) қолданылуымен байланысты және басқа да сипаттары бойынша уәжделетіндігін айтады [58, 70-88 б.].

А.Жаримбетов мақаласында орыс тіліндегі өсімдік атауларындағы түркілік элементтердің тарихы мен этимологиясын қарастырады [110, 54-59 б.].

Ш.Б.Сейітова өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық табиғатына зерттеу жасайды. Зерттеу жұмысында өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің тақырыптық және лексика-семантикалық топтары анықталады. Сонымен қатар олардың тілдік табиғаты, құрамдық, құрылымдық, лексика-грамматикалық моделдері, варианттылық, стилистикалық ерекшеліктері, ұлттық менталитеттің көрінісі т.б. мәселелер қарастырылады [111, 22 б.].

Т.У.Жолтаева қазақ тіліндегі өсімдік атауларын Қазақстанның орыстілді жазушылар шығармалары бойынша қарастырады. Автордың тұжырымдауынша, шығармалар тілінде кездескен қазақша өсімдік атауларының саны 60-тай. Орман-тоғай атаулары (жыңғыл, тоғай, шұбарағаш); тал (арша, жиде, қарағаш, сексеуіл, көксұлтан, сарыағаш, тұт т.б.); шілік, бұта (жүзген, ырғай, жантақ, қызылша, қурай, рауаш, сағыз, тал, теріскен, шенгел, ши т.б.); дала шөптері (алабота, балғын, бетеге, баялыш, жуа, жусан, ебелек, еркек, изен, қаңбақ, қанжапырақ, қояншөп, құрақ, самырсын, селеу т.б.); гүл атаулары (сарыкөз, отгүлжер); үй өсімдіктері; наркотикалық өсімдіктер (апиын, көкнар т.б.) [112, 94 б.]. Бұл жұмыста өсімдік атауларының уақытқа қатысты қыры қарастырылмаған.

Ұ.Әділбаева «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі» атты диссертациясында өсімдік атаулары дыбыстық уәж, морфологиялық уәж, лексика-семантикалық уәж бойынша талданып, сонымен қатар жартылай уәжді, толық уәжді, абсолютті уәжді және уәжсіз (бейуәжді) атауларға бөлініп қарастырылады. Бұл жұмыста «наурызек» өсімдік атауы мен құс атауының аталымдық уәждемесі, құстың наурыз айында ұшып келуімен, өсімдіктің наурыз айында өсіп шығуымен байланысты екендігі айтылады [60, 18 б.].

Уақыт ұғымы адам, мал атауларының барлығының ішкі мағыналық құрылымында дифференциалды сема ретінде жаппай көрініс тапса, өсімдік атауларында бұл сема барлық өсімдік атауының мағыналық құрылымында бола бермейді. Адам және мал атауларында *уақыт* семасының жаппай көрініс табуы олардың жанды тіршілік иесі ретіндегі жас ерекшеліктерімен байланысты. Яғни адам тұлғалық уақыт арқылы белгілі бір жас кезеңдерінде тұрады, уақыт өтуіне қарай, өткеннен болашаққа жылжи отырып, сәбилік кезеңнен кәрілік кезең аралығында өмір сүреді. Жас ерекшелігіне қарай малдың төлдері де түрліше аталады. Яғни аталымдық тұрғыдан мал атауларының уәждік белгісінің бірі төлдің жасымен байланысты. Ал өсімдік атауларындағы *уақыт* ұғымы адам, мал атауларына қарағанда әлсіз, өсімдік атауларының барлығының бірдей семантикалық құрылымында кездесе бермейді. Сол себепті, біз зерттеу

жұмысымызда өсімдік атауларының құрамында *уақыт* семасы көрінетін түрлерін ғана сөз еттік.

Жоғарыда сөз болған *уақыт* ұғымы көрініс табатын өсімдік атаулары туралы жазған мәліметтерімізді сараптай келе, мынадай қорытынды тұжырым жасаймыз: өсімдік атауларының ішінде уақытқа қатысты уәжделетін атаулар бар. Олар, біріншіден, *өсімдіктің шығу, гүл жару мерзіміне қарай*, яғни *тәулік кезеңдеріне қарай* (кешкі, түнгі мезгіл т.б.), сонымен қатар *жыл мезгілдеріне қарай* (көктем, күз т.б.) аталымдық сипат алса, екіншіден, *өсімдіктің бастапқы көктеу және соңғы пісіп-жетілген кезеңдеріне қарай* түрліше аталып отырады. Өсімдік атауларының олардың жас шамасымен, яғни көктеу (көктемгі мезгілдегі пішіні) және пісіп-жетілген (күзгі пішіні) кездегі пішінімен байланысты түрліше аталалуы орыс тіліне де тән құбылыс. Кейбір өсімдіктер *территориялық орналасуына қарай (жазық не таулы жерде өсуіне қарай)* әртүрлі уақытта гүл жарады, осымен байланысты олардың аталымында да өзгешеліктер болады.

2.5 Аспан денелері – шақ атауларын қалыптастырушы негізгі меже

Қазіргі тіліміздің лексикалық қабатын құрайтын шақ атаулары негізінен Аспан денелерінің қозғалысына негізделген. Бұл көшпелі халықтың жоғарыда сөз болған ғарыштық таным-түсінігімен байланысты. Арабтар Орта Азияны жаулап алғанға дейін қазақтар Тәңірге (аспанға) табынды. Азиялық көшпенділердің табынушылық өмірінде Аспан құдайының (көктің) рөлі мен маңызы ерекше болды. Халық елдік пен ерлік үшін үлгі көрсеткен тұлғаларды «Тәңірі», «Күн» деп атайтын болған. Яғни Аспанды Құдай деңгейіне көтеру осы Тәңіршілдік дүниетаныммен сабақтасады. Аспанды құдай деп қастерлеу тек түрік халықтарының мәдениетінің еншісі емес. Шумерлер мен ертедегі түріктер сияқты қытайлар да аспанды аса құдірет тұтқан.

Аспан денелері – *күн, ай, жұлдыздар* – *уақыт* ұғымдарын жасауда негізгі танымдық ақпарат көзі болған. Көшпелі халық осы аспан денелерін мұқият бақылап, олармен тіл табыса отырып, уақыттық ұғымдарды қалыптастырған.

а) Күнге қатысты шақ атаулары. Аспан денелерінің ішінде, әсіресе, адам үшін Күннің маңызы ерекше болған. Күн – жарықтың, өмірдің, тіршіліктің символы, сондықтан Күннің шығуы мен батуына дейінгі аралық Күннің аспандағы орналасу тәртібіне қарай белгіленген. Күннің аспанға көтеріліп шығуымен оның батып көрінбей кетуіне орай осы аралық «бір күн» деп аталған. Бұл тәуліктің жартысы болып есептелген. Күн тәуліктің жарық бөлігі – күндіз баласындағы мезгілді ажыратудың бірден бір құралы болды. *Қойдың төбетөбеге күннің жылысына жадырап, көсіле жайылғанын көріп, көңілі мажыраған қойшы ақ шарбы бұлттан жылт еткен күнге қай уақ болды екен деп, сығырайған көзін қадай қойды* (І.Жансүгіров, Шығ.). Күннің аспандағы орналасуымен байланысты тәулік кезеңдерінің атаулары пайда болған.

Қазіргі кезде тәулік кезеңдерін сағат тілімен өлшеу дағдыға айналып бара жатыр. Н.Уәли «Бір күн, бір түн» мақаласында сағаттың тұрмыста қолданыла

бастағанынына көп уақыт бола қоймағандығын, сағат тілінің сыртылына дейін де, тіпті одан да көп бұрын тәулік шақтарының халық тілінде бірнеше шаққа бөлінетінгендігін, олардың өзіне тиесілі атаулары болғандығын айтады. Осы мақалада «сағат» сөзінің о баста тіліміздегі «сәт» сөзінің варианты екендігі көрсетіледі: «Тілімізде *сағат* деген сөздің өзі *қалта сағат, қол сағат, қабырға сағаттардың* тұрмысымызға бауыр басуынан көп бұрын қолданылған деуге болады. Халқымыздың байырғы жыр мұрасының бірі – «Қыз Жібекте»: «*Пұл жібердім қалаға бисағат күні, құдая*» дейді. Сөзбе-сөз айтсақ: мұндағы би-бей-сағат – «сағатсыз (сәтсіз)» деген сөз. Бұған қарағанда сағат әуелде «уақытты көрсететін құралдың» атауы емес, «сәт» деген мағынаны білдіретін сөз екендігін байқаймыз. «Шақ» сөзімен мағыналас «сәт» атауы – бастапқыда «сағаттың» дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі (тілімізде араб тілінен енген кейбір сөздердегі *g, h, x* дыбыстары сөз басында, дауыстылардың аралығында көмескіленіп, айтылмауынан сөздің жуан тұрқы өзгеріп, жіңішке сапаға көшеді: хакім – әкім, ғылым – ілім, һауа – әуе т.б.). Қолданыла келе, *сағат, сәт* варианттары қызмет бөлісті: сағат – «мезгілді көрсететін құралдың» атына айналды да, «сәт» сөзі шақпен синонимдік қатар түзді» [46, 13-14 б.].

Сағат сөзі сияқты «тәулік» сөзінің де басқа тілден (парсы «тавлик») енгендігі белгілі.

Тәулік сөзі қазақ тіліне еңбестен бұрын бұл сөз халық тілінде қалай аталды деген сұрау туындайды. Н.Уәлидің жоғарыда аталған мақаласында осы сөздің қазақ тіліндегі бастапқы лексикалық варианты «қонақ» сөзі екендігі айтылып, бұл пікір мынадай этимологиялық деректер арқылы дәйектеледі: «шор тілінде чатті қонақ чурдулар – (олар) жеті тәулік жүрді [113, 536 б.], сары ұйғыр тілінде «қонақ, қонуқ – сутки» [114, 58 б.], якут тілінде «хонук – сутки, суточный» [115, 497 б.], монғол тілінде «хоног – сутки» [116]. Тәулік мағынасын білдіретін сөз қазақ тілінде де сақталған. Халық календарында байырғы қазақ есепшілері (халық астрономдары) қолданатын «бес қонақ» деген арнаулы термин бар. Осындағы «қонақ» сөзі мейман деген мағынаны білдіреді деуге болмайды. Бұл жерде, жоғарыда айтылған салыстырма дерекке сүйене отырып, «бес қонақ» сөзінің «бес тәулік» деген ұғымды аңғартатынын байқаймыз [46, 13-14 б.].

«Бесқонақ» сөзінің мағыналық құрамындағы этномәдени ақпарат төмендегідей:

Қазақ есепшілері күнтізбе жасауда алдымен аспаннан көрінген бір жұлдызды белгілеп, сол жұлдыздың қимыл-қозғалысын жіті бақылап отырған. Жұлдыз орнын ауыстырып, жылжып отырған. Есепші белгілеген күннен бастап күн өткен сайын қалтаға бір құмалақтан салып отырған. Бір жылда ол жұлдыз орнына келген. Құмалақ саны 364 болып шыққан. Осы құмалақ санына қарай бір жылда 364 күн бар деп есептелген және осы санды 12 айға бөлген. Бөлгенде қалып қойған санды келесі айға қоса салған. Бір жылда бір айдан екінші айға қосылып отырған қалдық сан жыл санау есебіне қосылмай арада есепке кірмей қалып қойған. Осы қалдық санға сәйкес келетін бес күнді халық тілінде «бес

күн», «бес қонақ», «балақ күн» деп атайтын болға [117]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл сөзге: 1. Байырғы қазақ күнтізбесінде қолданылып келген, жыл айларынан тыс алынатын бес күн; 2. Амал, көктемнің аяқ шенінде өтетін бес-жеті күндік жаңбырлы салқын кез, - деген анықтама берілген. Мысалы: *Бесқонақ үнемі жыл аяғында қосылып отырған (ҚҰЭ). Қазақ есепшілері бір жылды алты ай жаз, алты ай қысқа бөлген. Әрбір айда отыз күн болған. Жыл аяғында он екі айдың есебіне кірмей қалған бес күнді «бесқонақ» деп атаған («Ана тілі»).*

«Бесқонақ» сөзіне Л.Будагов сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «Бесқонақ – бірінші апрель мен бесінші апрельдің аралығындағы суық. Бес қонақ өтпей, қыстаудан жайлауға көшпейді, қысқы киімді тастамайды» [118, 172 б.].

Қазақтың халық календарын арнайы зерттеген ғалым М.Ысқақовтың көрсетуінше, «бесқонақ» – жай жылдары 4 марттан 8 мартқа дейін де, кібісе жылдары 3 марттан 8 мартқа дейінгі 5 күн [119, 244 б.].

Қазақ тілінде уақыт семантикасы **тәулік кезеңдері** атауларында жақсы көрініс тапқан. Тәулік кезеңдері қазақ тілінде басқа тілдердегідей күннің аспандағы жерден қарағандағы орналасуымен, көрінісімен байланысты анықталады. Тәулік кезеңдері атауларын арнайы зерттеген Л.Асқар қазақ тілінде 67 атау бар екендігін, ал осы мағынаны беретін тіркестер (түс ауа, күн еңкейген кез, таң сыз берген кез, торғай шырылдағанда т.б.) санының өте көп екендігін айтады. Л.Асқардың жіктемесі бойынша, тәулік кезеңдерінің есептеу нүктесі мына белгілер бойынша айқындалады: 1) табиғи құбылыстармен байланысты; 2) адам әрекеті; 3) мал шаруашылығымен байланысты; 4) діни рәсімдер; 5) жануарлар әлемімен байланысты [20].

Зерттеуші жоғарыдағы жіктемені уақыт семасын білдіретін тіркестерге де қатысты алғандығы байқалады. Ал универбтенген тәулік кезеңдері атаулары негізінен күннің аспан кеңістігіндегі жерден қарағандағы орналасуы бойынша, яғни күннің шығуынан бастап, күннің батуына дейінгі айналу өсі бойынша анықталады. Сондай-ақ тәулік кезеңдері адамға да қатысты. Өйткені, күн мен түнді айыратын да, күннің аспандағы орналасу ретін бақылайтын да – адам. Күннің аспанға шығып көтерілгенінен бастап адам оны көзбен көріп бақылай алады. Ал күн аспаннан кеткенде түн басталады. Қазақ тілінде күннің көтеріліп аспанда орналасуымен байланысты тәуліктің күннің аспандағы көрінуіне орай жарық уақыт «күн» деп аталған. Яғни бұл сөздер омонимдік қатарда тұрады: бірі аспан денесі, екіншісі «день» мағынасындағы *күн* дегенді білдіреді. Мұндай құбылыс финугор тілдерінде де бар. Мысалы, венгер тілінде *нар* сөзі қазақ тіліндегідей омоним болатын «день» және «солнце» деген мағыналарды білдіреді [121, 173 б.].

Сонымен, күннің аспан әлеміндегі орналасу реті бойынша тәулік кезеңдерін білдіретін мынадай атаулар (универб) қалыптасқан: *сәрі, арай, таңертеңгілік, күн, кеугім, сахар, сам, сәске, сәскелік, түскілік, түс, кештік, кеш, кешкілік, ымырт, ақшам, іңір, бесін* т.б.

Қазақ тілінде тәулік кезеңдерін К.Оразбекұлы [122] былай топтастырады:

Кесте 9 – К.Оразбекұлының тәулік кезеңдерін сағат тілі бойынша белгілеуі

Тәуліктің бірінші жартысы	Тәуліктің екінші жартысы
Сағат 1 – түн ортасы	Сағат 13 – шаңқай түс
Сағат 2 – жеті қараңғы түн	Сағат 14 – түс ауа
Сағат 3 – тәтті ұйқы кез	Сағат 15 - бесін
Сағат 4 – жұлдыз жамырай	Сағат 16 - екінді
Сағат 5 – құлқын сәрі (құлан иектегенде)	Сағат 17 - бейуақыт
Сағат 6 – бозала таң	Сағат 18 – ақшам жамырай
Сағат 7 – таң сәрі	Сағат 19 – қызыл іңір
Сағат 8 – таң ата (таңертең)	Сағат 20 – ымырт (үйіріле)
Сағат 9 – кіші сәске	Сағат 21- кешқұрым (кеш)
Сағат 10 - сәске	Сағат 22 – ел жата
Сағат 11 – сәске түс (ұлы сәске)	Сағат 23 – түн қараңғысы
Сағат 12 – тал түс (түс)	Сағат 24 – түн ортасы

Бірақ, біздің ойымызша, тәулік кезеңдері атауларын сағат тілімен дәл көрсету мүмкін емес, өйткені олар жыл мезгілдерімен байланысты да өзгеріп отырады. Мысалы, жаздықүні таң ерте атады, қыста кеш, қыста күн ерте батады, жазда кеш батады, яғни күннің жыл мезгілдеріне қарай ерте не кеш шығуы немесе батуы сағатпен өлшегенде ауысып отырады. Сондықтан жоғарыдағыдай тәулік кезеңдерін абсолютті түрде сағат тілімен өлшеуге болмайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін түсіндірме сөздіктерге жүгінелік: «Ымырт» сөзі – он томдық түсіндірме сөздікте «күн батқаннан оның қызылы тарағанға дейінгі аралық, ақшам мезгілі; ақшам – «іңір, апақ-сапақ кез; іңір – «күн батып, қараңғы түсе бастаған кез» делініп анықталған. Осы сөздердің барлығы да мезгілдік тұрғыдан шартты түрде алынған түсіндірмелер, өйткені, айталық, «іңір» күн батып, қараңғы түсе бастаған кез, ал бұл уақыт сағат тілімен өлшегенде қыс, жаз мезгілдерінде әртүрлі уақытқа сәйкес келеді. Қыста «іңір» 6-7-де, ал жазда 9-10-дарда түседі. Демек, тәулік кезеңдерінің есептеу нүктесі сағат тілімен емес, күннің аспандағы орналасуы және оны адамның қабылдауы бойынша анықталады. Мысалы:

Сәрі – таң бозарып келе жатқан алагеуім кез (ҚТТС). Бұл уақыт аспанда әлі күн көрінбеген кез, бірақ адам айнала жарық бола бастағаннан күн шығуға жақын қалғанын аңғарады. Бұл сөз қазіргі тілімізде көбінесе «таң сәрі» құрылымында, «таң» сөзімен тіркесіп қолданылады. «Сәрі» сөзін Н.Уәли аталған еңбегінде тәулік кезеңдерінің атауы болатын «сахар» сөзімен байланыстырады, яғни *сахар-сәр-сәрі* болып дыбыстық өзгеріске түскен. «Сахар» – араб сөзі, таң шапағы, жарық түскенге дейінгі шақ дегенді білдіреді.

Аталған *сәрі*, *сахар* сөздері о бастан-ақ екі мағынада қолданылғандығы байқалады: а) «таң ерте» деген мағынаны білдіріп, тәулік кезеңін білдіру үшін жұмсалған, яғни уақытты сипаттаған. Мысалы: *Сары атанға сахарда жүк арттырдың* (Алпамыс). ә) діни салтқа байланысты «таңертеңгі тамақ» мағынасында қолданылған. *Сәрі (сахар)* сөзі тілімізде «құлқын сәрі» тіркесінің құрамында қолданылатыны белгілі, бұл тіркес «таң ерте» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Құлқын сәріден қыстауға барып, қыстыгүні несін жейді* (М.Әуезов, Шығ.). Бұл мысалда аталған тіркес ауыспалы мағынада қолданылып, күні бұрын, ерте деген мағынаны білдіреді.

Сәрі (сахар) сөзінің тамақ мәнін білдіруі аталған «құлқын сәрі» тіркесінің құрамындағы «құлқын» сөзімен байланысты. «Құлқын» сөзі арабша – *халқум*, ортағасырлық әдебиетте – *хулқум* «кеңірдек» дегенді білдіреді. Кеңірдек адам ағзасында ас қорыту мүшелерінің бірі болғандықтан, яғни ішілген тамақтың осы ас қорыту мүшесі арқылы өтетіндіктен, бұл сөздің ауыспалы мағынасы «тамақ» сөзі болуы заңды. Тілімізде «кеңірдегі кең» (ашкөз, ашқарақ), «құлқыны жаман» (тойымсыз, қанағатсыз), «құлқыны құрыды» (өзегі талды) тіркестерінің болуы осы *құлқын*, *кеңірдек* сөздерінің *тамақ* сөзімен астарластығын байқатады. Сонда «құлқын сәрі» *тамақ сахары* (сәрі) дегенді білдірген. Ораза ұстаған адамдар таңертеңгі тамағын осы «құлқын сәріден» ішкен. Ал тіл қолданысында, көбінесе, қария адамдар тілінде «сәрі» сөзі таңертеңгі тамақ мағынасында да қолданыла береді.

Сахар сөзі он томдық түсіндірме сөздікте берілген. Мағынасы – таң алды мезгілі, алакөбең кез. Мысалы: *Өзі қалаға аттанатын түні сахарда Қаратай мен Шабанбайдың қалтарыста сыбырласып отырғанын байқап қалып еді* (А. Жүнісов, Өмір.). *Көпке дейін көз іліп, көз шырымын алмасам да сахар алдындағы тәтті ұйқы меңдеді білем, көп ұзамай тыншу таптым* (О. Бөкеев, Үркер).

Таң – күн шығар алдындағы мезгіл (ҚТТС, 8). Қазақ тілінде таңның атуына байланысты қалыптасқан тіркестер өте көп. Мысалы: *таң алдында, таң қараңғысында, таң атпай, таң біліне, таң қалықтамай, таң атқанда, таң атарда, таң ата, таң құлан иектегенде, таң бозара, таң бозарып атқанда, таң бозалаң тартқанда, таң бозамықтана, тауық шақыра, таң сыз бере, таң сызат бере, таң қылаң бере, таң азара, таң азаннан, таң жаңадан қылаңдап келе жатқанда, таң атар-атпастан, таң сарғая, таң атар алдында, таң сібірлей, таң сәріде т.б.*

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «**қозы-таң**» атауы берілген, мағынасы: жаздыгүнгі қысқа таң делінген. Мысалы: *Бұлт десем жазып жүрген таңертең бой, Таңды тұрткен ботадай тау екен зой: Айдың сүттей нұрына тойып алып, Ұйықтайтын қозы-таңдар бар екен зой!* (Ө.Нұрғалиев, Нөсерден кейін).

Таң мезетін сипатайтын халық тілінде жоғарыда аталғандардан басқа да небір бейнелі сөздер мен тіркестерді кездестіруге болады. Ғалым Н.Уәли қазіргі тіл қолданысында жоқ мынадай тіркестерді атайды:

Таң сімірі: *Төбеден жұлдыз ауғанда, таң сімірі жауғанда* (Төрехан батыр);

Ереуіл таң: *Шолпан жұлдыз батқанда, пәленің алды қайтқанда, Ереуіл таңдар атқанда, қызара келіп күн шықты* (Ер Қосай);

Көгалаң таң: *Желіндіріп ту байлап. Ерлерім тұрды ат сайлап, көгалаң таң болғанда* (Қашаған Күржіманұлы);

Рауан таң: *Рауан таң біліне, жемісті сайдың бойына бастап келді ол енді* (Құбығұл);

Ерен-параңда жерг. *Ертең таң ерте* (С.Аманжолов, Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері) [46, 13-14 б.]. Л.Асқар осы сөздің қырғыз тіліндегі таң алдындағы уақытты білдіретін «үрүң-бараң» сөзін М.Қашқари сөздігіндегі жас балалардың тырнағына түсетін ақ дақ дегенді білдіретін «үрүң» сөзімен байланысы бар болса керек деген пікір айтады [39, 16 б.].

Таң намазының діни атауы «памдат» (бамдат) намазы деп аталады. **Памдат намазы.** Таң атып келе жатқанда, күн шыға қоймаған кезде оқылатын намаз. *Пайғамбар Құда имам боп, Оқыды памдат намазын. Күн шашырап шыққанда, Есітті дабыл ауазын* (Бабалар сөзі). *Ол кеште қонып сонда жатады енді, Таң атып, бамдат қа азан айтады енді. Таң намазын қауым болып оқып алып, Үш күн, үш түн тынбай жол тартады екен* (Бабалар сөзі).

Күн шыққанан күннің арқан бойы көтерілген, яғни сәскеге дейінгі мезгіл таң мезгілінің құрамында қаралады. Тәулік кезеңдерін зерттеген Л.Асқар тәулікті төрт концепті бойынша қарастырады: *таң, түс, кеш, түн*. Зерттеуші «түс» концептінің өз алдына, бесін сияқты түс ауғаннан кейінгі шақ атауларын «кеш» концептісінің құрамында, таң қараңғысынан күн шыққанға дейінгі аралықты «таң» концептісінің құрамында қарастырып, халықтық өлшемдерге негізделген Күннің көтерілу, жерден көріну тәртібіне қарай пайда болған шақ атауларының (өлшемдерін) сөзжасамдық ұясын көрсетеді.

Жерден көкжиекке қараған адам-бақылаушы өзіне етене таныс заттардың ұзындықтарын өлшем бірлік ретінде алып, уақытты сол өлшем бірліктер бойынша сипаттаған. Алайда қазақ тілінде шақ атауларының түсіндірмесін беруде жоғарыда аталған өлшемдер үнемі негізге алына бермейді. Мысалы, күннің арқан бойы және құрық бойы көтерілген шағы «сәске» мезгілін сипаттауда ғана айтылған. Ал қалған өлшемдерді шақ атаулары бойынша кездестірмедік. «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» күн сөзінің ұясында күннің арқан бойы, найза бойы, тұсау бойы, қазық бойы көтерілуі сиыстырылып, жақша ішінде беріліп, «ұясынан шыққан күннің жерден ұзау мөлшері» деп түсіндірілген. Бұған қарап қазақ тіліндегі халықтық шақ атауларының (өлшемдерінің) арасындағы ұзындық, соған сәйкес мезгілдік айырмашылықтар толық ажыратылмағандығын байқауға болады. Қалай болғанда да бұл атаулардың арасында айырмашылық болуы тиіс. Айырмашылық болмаған болса, халық тілінде мұндай атаулар болмаған да болар еді. Яғни жерден есептегендегі қазықтың, найзаның, құрықтың, таяқтың

т.б ұзындықтары, биіктіктері әртүрлі, соған сәйкес олардың уақытты білдіруі жағынан да кезеңдік ерекшеліктері бар.

Сәске - күн арқан бойы көтерілген кез. Н.Уәлидің мақаласында бұл сөзге «күн ұясынан құрық бойы көтерілген шақ» және «ерте сәске» делінеді. Бұдан автордың «сәске» мен «ерте сәске» тіркесін лексикалық синоним ретінде қарағанын байқаймыз. «*Ерте сәске*» тіркесі он томдық түсіндірме сөздікте берілмеген. Біздіңше, бұл тіркес, құрамынан айқын көрініп тұрғандай, сәскенің басталған мезеті. Ал «сәске» сөзі – аталған тіркестің жалпы атауы, яғни сәскенің барлық құрамдас бөліктерінің, сәске кезеңдерінің жиынтық атауы. *Ерте сәске шағы болса да, халық жапыр-жұпыр, сеңдей соғылысады* (М.Әуезов, Индия.).

Бұл уақытта (сәске) күн ұясынан көтеріліп қыза бастайды. Мысалы: *Байына жаман қатын қас қылады, Мінезі – ерте жатып, кеш тұрады. Шалабына балалары жаздай қанбай, Сәскеде күнде жамырап ешкі-лағы* (Ақмолла, Шығ.). *Шомылуға қолайлы уақыт сәске мен намаздыгер (екінді). Тал түсте, күн қызып тұрғанда суға түспе. Тамақтың соңынан тоқ қарынға суға түспе. Қызып я терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуыңды басып, теріңді кептір* (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Сәске мезгілінің өзін халық бірнеше шаққа бөлген, яғни қайбір істің басталуы, ортасы, аяғы бар болуы секілді, уақыттың да басталуы, ортасы, аяғы бар. Ол аяқталғанда екінші бір уақыт кезеңіне қарай өтеді. Мысалы, ерте таң (кұлқын сәрі – таң атпай), ортаңғы бөлігі (таң ата), соңы (таңертең). Осы жүйеде халықтық шақ атауларының да әрбір уақыт бөлігінің өз ішінде осындай ішкі бөлінісі болуы мүмкін. Мысалы, сәске мезгілінің өзінде «сәске түс», «ерте сәске», «ұлы сәске», «қан сәске» сияқты атаулары бар. «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» *сәске* сөзінің ұясында *сәске түс, сиыр сәске, ұлы сәске* тіркестері көрсетілген.

Сәске түс тіркесі он томдық түсіндірме сөздікте «сәске» сөзінің ұясында «шаңқай түс мезгілі» деп түсіндірілсе, «түс» сөзінің ұясында «күн арқан бойы көтерілген шақ» деген анықтама беріледі. Бұл екінші дефиниция «сәске» сөзінің өзіне берілген дефинициямен бірдей. Сөйтіп, күннің арқан бойы көтерілген шағы мен шаңқай түс мезгілінің арасындағы айырмашылық түсініксіз болып қалған. Демек, қазақ тілінде уақытқа қатысты халықтық өлшемдер мен шақ атаулары қазіргі кезде дұрыс танылмай жатыр, оның көрінісін жоғарыда айтып отырған түсіндірме сөздіктегі берілуінен-ақ байқауға болады.

«Сәске» таң мен түс мезгілінің арасындағы уақытты білдіреді. Ал «сәске» сөзінің «түс» сөзімен тіркесуіне қарағанда «сәске түс» тіркесі түске жақын уақытты, яғни түске таманғы, түс мезгілінің басқы кезеңін білдірсе керек. Жоғарыдағы түсіндірме сөздіктегі «шаңқай түс мезгілі» деген дефиниция дәл емес, өйткені қазақ тілінде «шаңқай түс», «тал түс» деген ұғымдар бар. Ал «түс» сөзінің «сәске» сөзіне тіркесуінде мән бар, біздіңше, бұл Күннің дәл төбеге келген кезі емес, яғни шаңқай түс емес, дұрысы тал түске дейінгі уақыт

болуы керек. Мысалы: *Күн сәске түске көтеріліп қалды* («Қаз. әдеб.») деген мысалдағы «сәске түс» сөзінің «көтеріліп қалды» аналитикалық етістігімен келуі де тегін емес. Бұл жерде «сәске түс» шаңқай түс болған болса, онда мысалда «Күн көтерілді» болуы керек еді. Мына мысалдағы «қалды» көмекші етістігі іс-әрекеттің толық іске аспандығын, яғни Күннің толық көтерілмегендігін, көтерілуге жақын қалғанын білдіреді. Екіншіден, қазақ тілінде *шаңқай түс* мезгілін білдіретін «тал түс», шаңқай түс» т.б. атаулар бар. Демек, халық тіліндегі «сәске түс» тіркесінің белгілі бір уақыт кесіндісін білдіру үшін алынған тіркес екендігі дау тудырмайды. Мысалы: *Бұлар бұл секілді сөзбен келе жатқанда сәске түс болып, жолшыбай ағаштарды аралап, бір көлдің жағасынан өтті* (М.Дулатов, Шығ.). *Күн сәске түс. Маң дала. Мәруә колхоздың ноқталы сары атанын мініп шыққан. Күнге қарсы жүріп келеді. Атан аяғын баспайды* (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). *Қымыз ішкен бәйгеге тілін қосар, Болар-болмас сөздерге құлақ тосар. Сәске түсте кездескен мылжыңбайдан Кеш болып, күн батқанда әрең босар* (Ақмолла, Күндер мен түндер: Шығ.)

Сиыр сәске тіркесі он томдық түсіндірме сөздікте «күн арқан бойы көтерілген кез» болып анықталған. Бұл анықтама да жоғарыдағыдай «сәске» сөзіне берілген анықтамамен бірдей. Бұдан «сәске» мен «сиыр сәске» бірдей уақыт кезеңін білдіреді деген ұғым туындайды.

Сейсімет төсегіне күн шығар алдында гана жатқан-ды. Содан сиыр сәскеде Мәруә әрең оятып алды (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). **Сиыр сәскеге** шейін ұялмай ұйықтап тұрған звено-бастыққа басқа орақшылар да сондай көзбен қарады (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). *Таң сыз бергенде гана басын жастыққа қисайтқан Ахметше сиыр сәскеде тұрып, үлкен үйінде шай ішіп отырды* (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

Н.Уәли «сиыр сәске» тіркесін «ұлы сәске», «қан сәске» тіркестерінің жергілікті атауы, көбінесе еліміздің батыс аймағында қолданылған дейді. Бұл уақыт кезеңінің төрт түлік малмен байланысты айтылуы негізсіз емес. М.Ысқақовтың «Халық календары» кітабында «сиыр сәске» тіркесіне ұқсас басқа түркі тілдеріндегі деректер келтіріледі: «Ұлықбектің келтірген мағлұматына қарағанда кейбір түркі халықтары, мәселен, ұйғырлар тәулікті он екіге бөліп, әр үлесін «чағ» деп атаған. Чағтың ұзақтығы екі сағат болды. Ұйғырлар кешкі чағ, ут (сиыр) чағ, барыс чағ, т.с.с. деген. Монғолдар да тәулікті он екіге бөліп, бөліктерді «цағ» деп атаған. Оларда «хулугун цағ» (тышқан шақ), хукар цағ (сиыр шақ), барыс цағ т.с.с. болған» деген қызықты дерек келтіре отырып: Бірақ бұл цағтарды абыздар ғана білген. Байырғы қазақ календарында тышқан шағы, сиыр шағы, барыс шағы т.с.с.болғандығы немесе болмағандығы жөнінде әлі нақтылы мағлұмат жоқ. Оларды жұлдызшылар мен есепшілер ғана біліп, ұмыт болуы мүмкін» дейді. Осы пікірге орай Н.Уәли аталған мақаласында М.Ысқақовтың түркі-монғолдарда қолданылған он екі шақ туралы қызықты дерегінің қазақ тіліндегі «сиыр түсі» деген атауды *ут* (сиыр) шағымен байланысты қарауға түрткі болатын тәрізді деген ой айтады.

Ұлы сәске. Күн әжептәуір көтерілген (түс мезгіліне таянған) кез; тал түске жақындаған мезгіл (ҚТТС, IX, 477 б.). Бұл уақыт кезеңінің түске дейінгі уақыт екендігін мына мысалдан байқауға болады: *Ұлы сәске кезінде-ақ күн шақырая түсіп, жер бетіне мол қызуын төкті* (С. Алдабергенов, Алға.). Мысалдағы күннің шақырая түсіп, мол қызуын төгуі әдетте түс мезгіліне тән. Алайда мысалда «әлі түс болмай жатып» деген ой мазмұны беріліп тұр.

«Ұлы сәске» атауының құрамындағы ұлы сөзі уақыт кезеңдерін білдіретін басқа да сөздермен тіркесіп қолданылып, *нағыз, ең* деген мәндерді білдіріп, тіркескен сөзінің уақыттық семантикасына сол мезгілдің шарықтау шегі, ең жоғарғы сатысы деген реңк үстейді. Мысалы, тілімізде «ұлы» сөзі тіркесетін уақыт атауы болатын мынадай тіркестер бар: *ұлы түс, ұлы бесін т.б.* Мұндағы «ұлы түс» – тал түс, шаңқай түс дегендерді білдірсе, «ұлы бесін» он томдық түсіндірме сөздікте «бесін намазын оқитын уақыт, түс ауған кез» делініп түсіндіріледі. Ал осы сөздіктегі «бесін» сөзінің түсіндірмесі «түс ауып, күн еңкейген кез» делінеді. Сонда «бесін» мен «ұлы бесіннің» арасында қандай мағыналық айырмашылық бар деген сұрау туындайды. Демек, бұл сөздікте «ұлы бесін» тіркесінің мағынасы дәл берілмеген деуге болады.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «ұлы бесін» сөзіне мынадай түсіндірме беріледі: а) Күннің қақ маңдайға келген кезі; ә) Бесін намазын оқитын уақыт, күн маңдайдан енді ауған кез.

«Ұлы бесіннен» басқа бесін уақытын сипаттайтын, бесіннің аяқталар сәтін білдіретін «кіші бесін» деген тіркес бар.

Демек, *ұлы бесін, ұлы түс* тіркестерінің лексикалық мағынасы сияқты «ұлы сәске» тіркесі де сәске уақытының ең жоғарғы сатысын көрсету үшін алынған тілдік бірлік болып табылады.

Ұлы сәске кезінде Күнікейдің сілекейі қызыл жастығына шұбырып, оймақтай аузы әнтек ашылып, ұйықтап жатқанда, құлағының түбін шыбын жыбыршытты (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ұлы сәске болғанда Жасаған жақсы жол беріп, Жол бергенде мол беріп, Ойламаған бақ беріп, Қырғызды тәңірім қақ бөліп* (Үмбетей Тілеұлы // Алдаспан). *Онан кейін екеуі Майдандасып жүрісті, неше харба қылысты. Ұлы сәске уақыттан Кешке дейін ұрысты* (Бабалар сөзі // Діни дастан).

Ұлы сәске тіркесінің «сиыр сәске», «қан сәске» сияқты лексикалық синонимдері бары жоғарыда айтылды.

«**Қан сәске**» тіркесіне он томдық түсіндірме сөздікте «ұлы үлкен сәске, күн түске таяу кез» деген түсіндірме берілген. Бұл тіркестің мағынасының «ұлы», «үлкен» сөздерімен ашылуы тегін емес. Яғни қайсібір заттың не құбылыстың үлкені, нағыз өзі, нағыз қайнаған кезі деген мағына «қан» сөзінің негізгі семантикалық реңкі болып табылады. Мысалы: *қан базар, қан жайлау, қан майдан, қан жирен, қан сонар т.б.* сөздердің құрамындағы «қан» сөзі «ұлы» сөзі сияқты тіркескен сөздеріне нағыз, дәл, анық деген мәндерді үстеп тұр: *қан базар* – ығы-жығы боп қайнаған, нағыз үлкен базар. Яғни базардың халықтың көп жиналып, сауда-саттықтың қызған шағы. *Қан майдан* – соғыстың нағыз

қайнаған жері, қиян-кескі ұрыс, қызу айқас, тартыс. *Қан жайлау* – көп ауыл, қалың ел жайлайтын көлемі кең, үлкен жайлау. *Қан сонар* – жаңа жауған көбік, соны қардан соң із жақсы көрінетін кез. Демек, *қан сәске* тіркесі осы аталған тілдік бірліктер сияқты сәске уақытының нағыз қызған, шарықтау шегіне жеткен уағы, сәскенің тап орта шені деуге болады. «Қан» сөзінің тіркескен сөздеріне жамайтын жоғарыда көрсетілген «нағыз, анық, дәл» сияқты мағынасын уәждемелік тұрғыдан талдайтын болсақ, бұл «қан» сөзінің тіліміздегі «қанық» сөзінің қысқарған варианты екенін байқауға болады. «Қанық» сын есімінің он томдық түсіндірме сөздікте 1) Мән-жайға әбден жетік, емін-еркін білетін; 2) Кемеліне келген, бабына жеткен деген екі мағынасы көрсетілген.

Демек, жоғарыда аталған тіркестер құрамының бірінші компоненті болатын «қан» сөзі осы «қанық» сөзінің мағыналық қырлары болып табылатын анық, айқын, әбден бабына келген, кемеліне келген сияқты мағыналарының дамуы негізінде жасалған тілдік бірлік болып табылады.

Осы мағынаны білдіретін «қан сәске» тіркесінің тіл қолданысында мынадай стильдік варианттары бар.

Нағыз сәске. *Айтқан түн тұрлауы жоқ өтіп кетті, Сұлуды қан жұттырып, қайғылы етті. Мал өріп, нағыз сәске болған кезде, Қайтадан үйге кіріп жапты есікті* (Б. Майлин, Шығ.).

Сондай-ақ, *қан сәске* мен *ұлы сәске* тіркесін уақыт кезеңдерін білдіру жағынан синоним ретінде тануға болады. Осы жерде айта кететін жайт жоғарыда сөз болған «сиыр сәске» тіркесінің «ұлы сәске», «қан сәске» сөздері білдіретін уақыт кезеңін дәл білдіре алу-алмауымен байланысты. Біздің ойымызша, «сиыр сәске» «ұлы (қан) сәскеден» кейінгі сәскенің аяқ шені, түске таянған уақыт, мағынасы жағынан жоғарыда сөз болған «сәске түс» дегенмен сәйкес келетін тәрізді.

«Сәске» сөзі көркем шығармаларда «кер сәске», «ақ сәске», «сары сәске» сияқты белгілі бір стильдік мақсатта құбылып қолданыла береді. Мысалы:

Кер сәске. *Сондай болсын, дейтін жұрт, Шешесін шын баққан ұл Бір кемпірдің аузында Баққан ұлдың тапқаны – Кер-сәскеде кемпірдің Кері сөйлеп жатқаны. Пейілдер – пеш Ана үшін, шәйі төсек қап-қалың, одан жұмсақ бола алмас алақаны мақтаның!* (Ж.Нәжімеденов, Өлеңд.).

Ақ сәске. *Жіп керілген, жұрт қоршап, апат орны – сол аула Ұшырады деседі ақ сәскеде тонауға* (Ж.Нәжімеденов, Өлеңд.)

Сары сәске. *Әбекеңнің, туасы, үкіжанар ештеңесі жоқ, түн түгілі сары сәскенің өзінде көп нәрсеге көзі жете бермейді, бірақ сонау көз ұшындағы Тасқұдықтың бұйра жалдарына дейін, Бабата өңірінің Сабалақ пен Әбекеңе құрар қақпаны шамалы* (А.Сүлейменов, Бесін.).

Бірінші мысалдағы «кер сәске» тіркесіндегі «кер» компоненті мәтін мазмұнындағы кемпірдің кері сөйлеу әрекетін сомдай түсу үшін әдейі алынған дауыссыз дыбыстарды қайталай қолдану – аллитерацияға негізделген көркемдік тәсіл болып табылады. Екінші мысалдағы «ақ сәске» тіркесіндегі «ақ»

компоненті бұл мәтін ішінде шақтық мағынаны білдіруде «ұлы сәске», «сиыр сәске» тіркестері сияқты уақыт кесіндісін білдіріп тұрған жоқ. Бұл жерде «ақ сәске» сөзі тапа-тал түсте, күндіз-ақ, күн жарықта деген сияқты тәуліктің бір жартысын бөліп жармай, жалпылай атау үшін қолданылған. Сонымен қатар, екінші жағынан сәске мезгілінің тап ортасын, нағыз қызған шағын білдіруі де мүмкін. Олай дейтін себебіміз, «ақ» сөзі тіркескен сөздеріне нағыз өзі, мықтысы, күштісі сияқты экспрессивті мағына үстейді. Мысалы: ақ жамбы – таза күміс құймасы; ақ боран – алай-түлей түтеген боран; ақ алмас – жүзі мұқалмайтын, суарылған өткір қылыш; ақ найза – көбесі асыл болаттан, алмастан соғылған найза; ақ семсер – сапалы, өткір қылыш (ҚӘТС, 1т.) т.б.

Үшінші мысалдағы «сары сәске» тіркесі де «ақ сәске» сияқты уақыт кезеңін, яғни сәске мезгілін дәл көрсету, айырықша атау үшін емес, жалпы күндізгі уақытты, оның ішінде тал түс, жап-жарық уақытты білдіру үшін қолданылған. Ал, жалпы алғанда, «сары» сөзі де «ұлы», «қан» сөздері сияқты тіркес құрамында нағыз, дәл, күштісі, мықтысы деген сияқты сапалық реңк жамайды. Мысалы: *сары қол* – қалың әскер, көп жауынгер; *сары (сар) алтын* – жалт-жұлт еткен, қоспасыз таза алтын; *сары аяз* – қақаған суық, қатты аяз; *сары (сар) дала* – ұшы-қиыры жоқ, шетсіз-шексіз, кең дала, мидай жазық т.б. Сонымен, зат есімдердің алдында анықтауыштық қатынаста тіркесіп қолданылаты «сары» сөзінің мынадай полисемиялық мағыналары бар: а) заттың, нәрсенің көптігін, мөлшерін білдіру үшін жұмсалады (*сары қол*); ә) заттың, нәрсенің сапасының жоғарылығын, сапалылығын аңғарту үшін жұмсалады (*сары алтын*); б) құбылыстың, іс-әрекеттің қарқынының күштілігін көрсету үшін жұмсалады (*сары аяз*); г) заттың, нәрсенің көлемінің үлкендігін, шексіздігін көрсету үшін жұмсалады (*сары дала*); д) адамның жасының ұлғайғандығын көрсету үшін жұмсалады (*сары қарын* - жасы келген, егде, мосқал әйел; *сары тіс* - біраз жасқа келген, жасамыс) т.б. контекстік, экспрессивті, коннотативті мағыналары бар (шексіз). Біз «сары» сын есімінің мағыналық мүмкіндіктерінің бәрін қамтып отырған жоқпыз, әзірше өзіміз нысанға алып отырған «сары сәске» тіркесіне қатысты мағыналық реңктерін ғана алдық.

Тілімізде «сәске» сөзіне *-лық/лік* сын есім тудырушы жұрнағы жалғанып жасалған «сәскелік» сөзі бар, ең алдымен бұл сөз «сәскедегі», «сәске кезіне тән», «сәске кезіне дейінгі» сияқты сындық мағыналарды білдіріп, кейін үнемі қолданыла келе тұрақтанып, конверсия жолымен уақытты білдіретін заттық мәнді тілдік бірлік болып қалыптасқан. Мысалы, *сәскелік жер* (таң ата шыққаннан сәскеге, сәске уақытына дейін жететін жер, демек жақын жер) тіркесіндегі «сәскелік» сөзі анықтауыштық қатынаста тұрып, сын есім болса, дәл осы сөз «сәскелік мезгіл, «сәскелік тамақ» сөзінің құрамында да сындық мәнде, анықтауыштық қатынаста қолданылған, алайда біртіндеп аталған сөзжасамдық теория бойынша заттанып, қазіргі тілімізде, тіпті он томдық түсіндірме сөздіктегі дефинициясы бойынша да зат есім деп көрсетілген: бірінші мағынасы: «күн жоғары көтеріліп қалған кез. Мысалы: *Күзем болатын.*

Күн сәскелікке иек артқанда ауыл алдындағы төбе басында тоғызқұмалақ ойнап қайтқан бетім еді (Ж. Аяшев, Алақан.). *Қартқожа кеш оянды. Күн сәскеліктен асып кетіпті. Жылқы келген* (Ж.Аймауытов, Қартқожа); «сәскелік» сөзінің екінші мағынасында «сәске кезінде берілетін тамақ» делініп берілген. Мысалы: *Бір ауыл — сәскелік, бір ауыл — түстік, бір ауыл — кештік,— деп, көл-көсір қонақасы беретін* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тамақ мәніндегі «сәскелік» сөзінің құрамындағы уақыттық мағынаның есептеу нүктесі тәулік ішіндегі сәске мезгілі болуы, яғни Күннің сәскелікке келуі, күннің арқан бойы көтерілуі.

Сонымен қатар, «сәскелік» сөзінің жоғарыда берілген уақытқа, тамаққа қатысты мағыналарынан басқа да мағыналары бар, бірақ олар он томдық түсіндірме сөздікте көрсетілмеген. Солардың бірі «сәскелік» сөзінің мекендік мағынаны білдіруі. «Сәскелік» сөзінің бұл мағынасы да алдымен сындық мағынада қолданылып, кейін заттық мәнге көшкен. Мысалы: *Күн шығыс сәскелік жақта көгеріп, зеңгір тартып, Көкшетаудың басы көрінеді* (С. Сейфуллин, Әңгім.). Бұл сөйлемде белгілі бір заттың, нәрсенің (таудың) сәске болатын мезгілдегі Күннің аспандағы орналасуы, Күннің Жерде тұрған адамға көрінетін тұсында көрінуі дегенді білдіреді, яғни сәске мезгіліндегі Күннің көрінетін, тұратын жерінен Көкшетаудың басының, таудың биіктігінің сол тұста тұруы. Бұл сындық мағына осылай қолданыла келе заттық мәнді уақыт атауына айналған. Мысалы: *Ай сәскелікке келген кезде, бозбалалар қысыр әңгімеге кірісті* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сонымен қатар «сәскелік» сөзі сәске мезгілі болған кездегі Күннің аспандағы орналасу тәртібіне қарай әлемнің төрт бұрышын атау үшін де қолданылады. Яғни бұл жерде сәске мезгілінің Күннің әлі тас төбеге келмеген, күннің арқан бойы көтерілген кезі, сонымен қатар Күн ғаламшарының Жердің Шығыс жағынан көтерілетінін ескерсек, «сәскелік» сөзінің әлемнің шығыс бөлігі деген мағынаны білдіруі уәжсіз емес. Мысалы: *Қараған сайын көз шалымы тарылып, көкжиек жақындай түсті. Ол жүзін сәскелікке беріп отырған. Жаңа ғана құла жолақтанып, шұбыра құбылған аспанның бұл тұсы кенет, қарауыта кеп қата қалды* (Ж.Нәжімеденов, Даңқ). *Сәскелікте, Атырау жақта шоғыр-шоғыр түтін көрінеді* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Бұл мысалдарда «сәскелік» сөзі күншығыс жақ, күншығыс беткей деген мағыналарда қолданылған. *Сәскелік* сөзінің кеңістік пен уақытқа қатысты семантикалық даму заңдылықтарын жоғарыдағы мағыналары бойынша мына модельде көрсетуге болады: **кеңістік → уақыт**.

Яғни Күннің аспан әлеміне арқан бойы көтерілуі ең алдымен кеңістікті сипаттаса, осы кеңістік мән - Күннің аспандағы орналасуы (Күннің арқан бойы көтерілуі) - белгілі бір уақыттық халықтық өлшем ретінде қалыптасып, күн қыза бастаған, таң мен түс мезгілінің арасындағы уақытты білдіретін болған. Сөйтіп кеңістіктік мәнің мағыналық дамуынан уақыт, шақтық мағына жасалған.

«Сәскелік» сөзі қолданыста жоғарыда аталған мағыналардан басқа да қосымша мағыналарды білдіреді. Айталық, мына мақалда (Түстік өмірің болса,

сәскелік әрекет ет) «сәскелік» сөзі уақыт атауы болып табылатын «түстік» сөзімен келіп, «бір күн өмір сүретін болсаң да, сол бір күн үшін тірлік қыл, тіршілігіңді жаса деген мағынаны беру үшін жұмсалған.

Сонымен, «сәске» мезгілі, біріншіден, күн аспаннан тас төбеден емес, жартылай көтерілген кезі, екіншіден, бұл халықтық таным бойынша *арқанның ұзындығындай* шаманы білдіретін тұрмыстық өлшем-бірлікке негізделген.

Түс мезгіліне қатысты тұрақты тіркестердің бірі «**түс әлеті**» деп көрсетеді Н.Уәли. Ғалымның көрсетуінше, бұл сөз арабтың «халет» сөзінің дыбыстық ықшамдалған түрі. *Халет* сөзі тіліміздегі «мағлұм-мағлұмат, жамиғ-жамиғат» варианттас сөздері сияқты «хал» және «халет» түрінде қолданылған. *Хал* сөзі орта ғасыр әдебиеттерінде «хал-жағдай, көңіл-күй», әрі «заман», «уақыт», «шақ», «кез» деген мағынада жұмсалған [123]. *Халет-қалет* сөзінің кейбір еңбектерде «өтірік, жаңсақ» түрінде қате түсіндіріліп жүргенін атай келе, Н.Уәли «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан тілдік дерек келтіре отырып, ондағы *халет* сөзінің өтірік, жаңсақ мағынасында емес, хал-жағдай мағынасында қолданылып тұрғанын айтады. Мысалы: *Торғайды бұл жеңешең ұстап алған, Сөзімде өтірік қалет жоқты жалған. Өзіңе тірі болса, берер едім, Торғайың әлдеқашан өліп қалған* (Қозы Көрпеш Баян сұлу). Осы сияқты М.Әуезовтің «Абай жолы» романында *халет* сөзі осы уақыт, шақ мағынасында қолданылған. Мысалы: *Осы күйінде, барлық пен жоқтың арасындай бір халетте азғантай уақыт жатты да Абай ойы өшіп, сөніп жоққа батты* (М.Әуезов, Абай жолы). Сөйтіп *халет* сөзінің уақыт, шақ деген мағыналарды білдіруімен байланысты қазіргі тіл қолданысымызға «әлет» түрінде еніп, «түс» шақ атауымен тіркесіп «**түс әлеті**» болып айтылатын болған. Мысалы: *Қарт қабырғадағы кәрі сағатқа қарады. Түс әлеті әлі болмапты* (З.Иманжанов, Дала.).

Әлет сөзі мезгіл, мерзім, уақыт мағынасында ақын-жыраулар шығармаларында қолданылған, мысалы: *Жіп байлап сирағымнан көкке ұшырып, Қолменен уқалайды ұмар-жұмар Әлетке өлетұғын жақындадым, Деп қорқам бүйте берсе белім сынар* (Кете Жүсіп, Өлеңд.).

Түске қатысты уақытты білдіретін тағы бір көне атау – «түсі-мәлі» сөзі. «**Түсі-мәлі**» сөзі ақын-жыраулар шығармаларында жиі қолданылып, түскі шақ, түс кезі деген мағынаны білдіреді. Мұндағы сөздің құрамындағы көне сыңары «мәлі» сөзі арабтың «маһал» сөзінің дыбыстық ықшамдалған түрі [46, 13-14 б.].

Адамзат әлемі пайда болғаннан-ақ тәулікті Күн мен Айдың ауысуына байланысты күндіз және түн деп екіге бөлетіні белгілі. Қазақта осы екі тәулік кезеңі «**күндіз баласы (күн баласы)**» және «**түн баласы**» деп жинақ мәнде жиі айтылады. Ал күндіз баласын түске дейін және түстен кейін деп бөлу көптеген халықта кездеседі деуге болады. Осы екі шақтың дәл ортасы қазақ тілінде «**тал түс**» деп аталады. Аспанды пір тұтқан халық дүниетанымында Күн осы кезде өзінің шарықтау шегіне жетіп, көктің ең жоғарғы нүктесіне шығады. Халық тілінде осы тал түске байланысты айтылатын басқа да халықтық атаулар бар. Олар: *шаңқай түс* және *анық түс*.

«**Анық түс**», аты айтып тұрғандай, нағыз түс болған шақ, яғни ерте түс емес, күннің тас төбеге келіп, тал түс болған кез. Мысалы: *Бір күн, бір түн өтеді, сәске мезгіл болғанда, анық түске толғанда* (Қашаған).

«**Шаңқай түс**» атауы тілімізде тал түстің синонимі ретінде көрсетілдеді. Он томдық түсіндірме сөздікте «шаңқай» сын есімі «шаңқан» сөзіне сілтенген, яғни екі сөз вариант деген сөз. «Шаңқан» сөзі ақ сүттей, аппақ деген мағыналарды білдіреді. Мысалы: *Қырмызы сал екі жолдасымен аққудай шаңқан боз арғымақпен алда кетіп барады* (К.Әзірбаев, Аңыз.). Осы сөзбен түбірлес *шаңқию, шаңқаяу, шаңқандану* етістіктерінің мағыналары – «аппақ болып көріну, ағару». Демек, *шаңқай, шаңқан* сөздерінің мағынасы «аппақ» сөзімен сабақтас деуге болады. Ал «шаңқай түс» тіркесінің құрамындағы *шаңқан* сөзі *түс* сөзіне осы аппақ сөзінің ашық, жарық сияқты қосымша семалары негізінде тіркесіп, күннің ең жарық кезі, әрі қарай күннің шақырайып түскен, қызған шағы деген сияқты мағыналық реңк үстеген. Сонымен қатар күн дәл төбеге келген кезде көлеңке шығыстан да, батыстан да түспеген, көлеңке көрінбейтін мезгілде көзін ашқан адамның көзі күнге шағылысып, шаңқияп көзді тұмандандырып жіберетіндей жарық болған. Күннің шақырайып тас төбеден түскен кездегі аппақ ашық, шаңқан **түс** (цвет) «шаңқай түс» аталымының жасалуына негіз, уәж болған. Содан барып күннің қызған, тас төбеге келген кезін *шаңқай түс* деп атайтын болған деп болжамдаймыз. Ал *шаңқай, шаңқан, шақыраю, шаңқию, шақшию, шағылысу* сөздері түбірлес сөздер болып табылады.

Е.Тұрсынов «шаңқай түс» атауын «шаңқы» деп алып, «шаң» күннің ең жоғары көтерілген шағы, «шаңырақ» дегендегі бас буын үйдің ең биік төбесі деген мағынаны береді дей келе, көне түркі тіліндегі «шаңью» сөзімен түбірлес дегенді айтады. М.Дүйсенов «шаңью» сөзі хундер билеушісінің аты болған, биік, кең деген мағыналарды білдіреді дейді [124, 242 б.].

Тәулік кезеңдері атауларын зерттеген Л.Асқар оларды құрылымдық жағынан екі сыңарлы және үш сыңарлы деп екіге жіктейді. Екі сыңарлы фразеологизмдер: *талма түс, талмау түс, тал түс, шаңқай түс, анық түс, шалқар түс, қозы түс, сиыр түс, шалшық түс, жалған түс, ұлы түс, түс әлеті, сәске түс.*

Үш сыңарлы фразеологизмдер: *таңдай тал түс, тапия тал түс, талықсыған тал түс, тапа тал түс, тапай тал түс, тападай тал түс, тайдай тал түс, таңдай тал түс, шаңқай тал түс, талма тал түс.*

Бұл аталғандарға қоса осы түскі уақытты білдіретін «*күн тас төбеге келгенде*», *көлеңке бауырга кіргенде*» сияқты тілдік бейнелі қолданыстар бар екенін айтады. Сонымен қатар осы еңбекте автор түс мезгіліне қатысты тіркестерді жинақтай келе, олардың бәріне ортақ сипат деп төрт белгіні атайды. Ол белгілер: *толық түс болмаған кез* (сәске түс, сиыр түс); *күн төбеге келген кез* (тапа тал түс); *күн қатты ысыған кез* (шаңқай түс); *күндізгі сағат 13 00 шамасы* (ұлы түс) [39, 19 б.].

Түс мезгілінің бастапқы, ортаңғы және соңғы бөліктеріне қатысты аталған тіркестердің барлығы осы аталған төрт белгі төңірегіне топталады. Демек, *сиыр түс* пен *сәске түс* түс мезгілінің бастапқы бөлігін, тал түске дейінгі уақытты білдірсе, *тал түс* пен *шаңқай түс* және *ұлы түс* түс мезгіліндегі Күннің тас төбеге келіп, қызған шағын білдіреді. Бұл жағынан бұл үш атау да түс мезгілінің ортаңғы бөлігін құраса, ал түстің соңғы бөлігі қазақ тілінде «түс ауа», «түс қынды», «түс қиды» сияқты тіркестер арқылы беріледі. Күннің түстен ауған сәтін халық тілінде «**түс қынды**», «**түс қиды**», «**түс қисая**» сияқты шақ атауларымен атаған. Яғни бұл уақыт тал түс пен бесіннің (бесін – түстен кейінгі шақ) аралығындағы сәт. Мысалы: *Ойлағандай, түс қия берген кезде көрші ауылдан қайтқан қауыммен тағы бір хабар әкелді* (М.Әуезов, Абай жолы). *Әуелі түс қисайса бесін еді, Жігіттер дәрия көрсе шешінеді. Әріптес, сен білмесең мен айтайын, Тоғызыншы жылға кірген мешін еді* (Қара өлең).

Н.Уәли жоғарыда аталған фразеологизмдердің қолданысына мынадай тілдік деректерді келтіреді: **талма түс**: *Арада неше қоныпты, талма түстің шағында, мидай жапан далада* (Додан батыр); **талмау түс** (ДС); **шалқар түс**: *Келіп ек шалқар түсте үлкен суга, Жұбай айтты: «жатпайық, тағы өтелік»* (Арқалық); **талықсыған тал түс**: *Талықсыған тал түсте өзім қашып барайын* (Қыз Жібек).

Халықтық шақ атауларының бәрі бірдей аспан денелерінің қозғалысы бойынша ғана уәжделмеген. Мал шаруашылығын күнкөріс қылған көшпелі халық шақ өлшемдерін ғана емес, шақ атауларын да, яғни мезгіл атауларын да малмен, мал өсіру кәсібіне байланысты ұғымдармен байланыстырған. Оған дәлел уақыт, шақ атауларындағы малдың атымен байланысты атаулардың болуы. Мәселен, біз жоғарыда «**сиыр сәске**», «**сиыр түс**» тіркестерін келтірген болатынбыз. Сол сияқты халық танымында «қозы түс» деген де шақ атауы болған.

«**Қозы түс**» сөзінің түстің бастапқы бөлігі, яғни ерте түс екендігін мына өлең жолдарынан байқауға болады:

Бәрін де қойшы...қозы түс өтті аяулы.

Тал түс те кетті, бесін міне таянды.

Мына жалғанда не қалар дейсің баянды?

Кезекпе-кезек бәрі де жылжып таяр-ды (М.Мақатаев, Өлең.).

«**Сиыр сәске**» тіркесінің құрамындағы «**сиыр**» сөзі «**сиыр түс**» тіркесінің құрамында да қолданылады. Бұл «**сиыр түс**» тіркесі ерте сәскеден кейінгі түс болуға таянған шақ. «**Сиыр түс**» пен «**сиыр сәске**» екеуі де түске дейінгі уақытты білдіруі мүмкін.

Мысалы: Күн сиыр түс болғанда қарасы мың жарымдай қойды қаптатып айдап келе жатқан жастау қойшы көлденең кезікті (І. Жансүгіров, Шығ.). *Қатты қимылымен қалжыраңқырап қалған Кәмеш, сиыр түсі кезінде белін жазып дем алуға отырған* (С. Ғаббасов, Ана жүрегі). *Жайылған атын алдырып, Үстіне тұрман ер салып, Сиыр түсі болғанда, Сағыздан өтіп заң салды* (БҒылман Шөреков).

«Шалшық түс» тіркесі Б.Қинаятұлының тәулік атауларына берген тізімінде түске жақын және сиыр түс атауларының ортасында берілгенін айта келе, Л.Асқар шалшық түс атауының шығу негізі а) жердегі шалшық суларға күн тік түсетін, судан күннің көзі көрінетін кез; немесе ә) шалшық сулар буланып, кебе бастайтын кез деген пікір айтады [39, 17 б.].

«Жалған түс» атауы, аты айтып тұрғандай, түс бола қоймаған шақты білдіреді. Бұл атау қырғыз тілінде де «жалған түш» түрінде кездеседі. Және қырғыз тілінде бұл мезгілдің шамамен тал түске бір-екі сағат қалған кез екендігі айтылады.

Түс мезгіліне қатысты тілімізде *-лық*, *-лік* қосымшасы жалғанып жасалған «түстік» сөзі бар. Бұл сөз де жоғарыда сөз болған «сәскелік» сөзі сияқты алдымен зат есімдерге тіркесіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалған. Мысалы, *түстік жер* – көлікпен жарты күнде жететін қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.

Түскі асқа - түстік жердегі келеді.

Кешкі асқа - кештік жердегі келеді (Мақал).

Сол сияқты бұл сөз «түстік тамақ (ас)» тіркесінің құрамында да қолданылған. Мысалы: *Бақшада түстік астың алдында сәскелік беріледі* (М. Мағауин, Бір ата.). Алайда бұл тіркес біртіндеп лексикаланып, «тамақ», «ас» сөздерінің қатысынсыз-ақ «түс мезгілінде ішетін ас» деген ұғымда жеке қолданылатын болған. Яғни «түстік» сөзі түскі ас сөзімен мағыналас келіп, универб лексикалық бірлікке айналған. Мысалы: *Түстік қылуға бесін болды, кештікке әлі ерте* (С. Шарипов, Бекболат). *Бір ауыл — сәскелік, бір ауыл — түстік, бір ауыл — кештік - деп, көл-көсір қонақасы беретін* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Түскі ас ішу рәсіміне байланысты бұл сөз уақыттық мағынада да қолданылады. Мысалы: *Түстік кезінде жігіттер слесарьлық шеберханаға жиналды* (М. Хайрутдинов, Алғашқы.). Бұл жерде «түстік» сөзі түскі астың уақытында деген мағынаны білдіреді.

Түстік сөзінің омонимі солтүстік бағытқа қарама-қарсы жатқан төрт құбыланың бірі – оңтүстік мағынасын білдіретін «түстік» сөзі. *Әлгінде Астана қаласының түстік шығысына, ұлы жолдың оң жиегіне, ілгеріден қарағай, шырша, сәмбі ұйлығып өскен көгалды тұсқа ойып салған Қызылжар қарашаңырағына келіп түскен* («Егемен Қазақстан»). *Сібірдің түстік жағын шегін қалпымен Қытай басып, Ресейді үріккен қойдай ығыстырды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Түстік» сөзінің оңтүстік беткейді білдіруінде мән бар. Айталық, «түстік» сөзі солтүстік мағынасында қолданылмайды, бұған қарағанда алдымен «түстік» сөзі оңтүстік беткейді атауда қолданылып, солтүстік сөзі осыған қарама-қарсы беткейді атау үшін алынған болу керек. Солтүстікті «теріскей» (терістік) деп атау да осы қарсы мәнді білдіру үшін қойылған.

Түс ауғаннан кейінгі, түстен кейінгі шақ-тәулік кезеңі халық тілінде «бесін» деп аталады. Түсіндірме сөздікте: түс ауып, күн еңкейген кез

(ҚТТС, II, 281 б.). Бұл атау қазіргі кезде көп қолданылмағанмен, діни түсініктерге қатысты тәулік кезеңдерін білдіретін сөздердің ішінде «бесін» сөзі тіркесіп айтылатын атаулар көп [39, 19 б.].

Бесін сөзі қазақ тіліне, жалпы түркі тілдеріне парсы тілінен енген. Парсы тілінде «пишин» түс мезгілі дегенді, ал *намаз пишин* бесін намазы дегенді білдіреді [125, 102 б.]. *Бесін* сөзі қырғыз тілінде *қырғыз бешим, сарт бешим* түрінде кездеседі. *Бесін* сөзі көне жырларда «махал» сөзімен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *Жақындап суға келгенде, Бесін махал болғанда, Базарбайдың Төлеген Бір шұбалған шаңға жолықты* («Қыз Жібек»). *Махал* сөзі *сәске* сөзімен де тіркесіп қолданылған: *Сәске маһал болғанда, қыз іздеген Төлеген көшкен бір елге жолықты* (Қыз Жібек). Қырғыз тілінде *махал* сөзі *маал* түрінде айтылып, «кез», «шақ» деген мағыналарды білдіреді [126, 507 б.]. Н.Уәли «махал» сөзінің кейбір тұрақты тіркестер құрамында дыбыстық өзгеріске ұшырап «мәл» (Жасы мәлден өтті – белгілі бір кезден, шақтан өтті) түрінде айтылатынын айтады. Мысалы: *Жасыңда анық сұңқар болғаныңыз, Дариядай жігіт күнде толғаныңыз. Сыпырып жас кезіңде ілсеңдағы, Тұғырға мәлден өтіп қонғаныңыз* (Мұсабек Байзақұлы, Манат қыздың хаты). Демек *бесін маһал, сәске маһал* сөздерінің құрамындағы *маһал* сөзі «кез», «шақ», «уақыт» деген мағыналарды білдіріп, тәулік атауларымен тіркесіп жиі қолданылатын болған.

Бесін атауының түстен кейінгі шақты білдіретінін мына мысалдар дәйектей түседі: *Ауылдан мен шыққанда бесін еді, Ақ боз ат астымдағы есінеді. Есіме сен түскенде, беу, қарағым, Белбеуім белімдегі шешіледі* (Қара өлең). Аттың есінеуі күндізгі түс ауа, бесін кезіндегі ұйқының қысуын көрсетсе, мына мысал бесіннің түстен кейінгі мезгіл екендігін білдіреді: *Бәрінде қойшы... Қозы түс өтті аяулы Тал-түс те кетті, бесін де міне таяды* (М.Мақатаев, Шығ.).

Халықтық шақ атауларының қалыптасуына, пайда болуына діннің де әсері болған. Ислам дінінің талаптары бойынша оқылатын бес уақыт намаз, яғни намаз оқылатын тәулік кезеңдері намаз атауларымен байланысты уәжделіп, тіпті бірдей дыбыстық құрылымда айтылатын болған. Мысалы: бесін – бесін намазы.

Бесін намазы. Түстен кейін оқылатын намаз. *Ешенсейіттің мешіті жағынан бесін намазына азан шақырылып жатыр* (Қ. Жұмаділов, Соңғы көш). *Әр намаздың өзіне лайықты мерзімі бар. Бесін намазы, тал түстен ауған кезден басталып, қайсыбір заттың көлеңкесі екі есе ұзарғанға дейін. Екінді намазы, бесін намазы аяқталғаннан басталып күн батқанға дейін. Ақшам намазы, күн батқан кезден ымырт түскенге дейін. Құптан намазы, ымырт үйірілгеннен таң бозара бастағанға дейін»* (Егемен Қазақстан). Мысалдан көріп отырғанымыздай, бесін намазы түс ауғаннан бастап, қайсыбір заттың көлеңкесі екі есе ұзарғанға дейінгі уақытты қамтыса, осымен сәйкес бесін уақыты да осы аралықты білдіреді.

Бесін уақыты да басқа тәулік атаулары сияқты *басталу, ортаңғы* және *аяқталу* кезеңдерінен тұрады. Осындай уақыт ағымына қатысты бесін бірнеше кезеңдік аталымдарға ие болған. Н.Уәли бұрын сөздіктерде берілмей жүрген «айна бесін», «қожа бесін» атауларының мағыналарын ашып көрсетеді. Ғалымның көрсетуінше, *айна бесін* «ұлы бесінмен» мағыналас. Мысалы: *Әлде өтірік, әлде рас, мен жоқ едім қасында, Айна бесін болғанда, батырың елге құлады* («Ер Қосай»). **«Қожа бесін»** атауы он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бірге жазылып, «күннің маңдай тұсқа келген шағы» деген анықтама беріледі. Мысалы: *Қожабесін болғанда, гашық жармен кезігіп* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Л.Асқар тәулік кезеңдері атауларын зерттеуде бесін мезгіліне қатысты қазақ тілінде мынадай түрлерін атап көрсетеді: *ұлы бесін, кіші бесін, құлама бесін, қатын бесін* [39, 19 б.].

Қазіргі баспасөз тілінде **«сары бесін»** сөзін кездестірдік. Мысалы: *Шер-азаның өзі: «Алпыс – тал түс, - деп жиі айтатын. Тал түстен кейін сары бесін келмеуші ме еді. Ендеше, жетпіс жердің түбі емес, сол айтқан сары бесін.* «Сары» сөзінің полисемиялық мағыналарының бірі – адамның жасының ұлғайғандығын көрсету (сары қарын – жасы келген, егде, мосқал әйел; сары тіс – біраз жасқа келген, жасамыс) болса, соңғы мысалдағы «сары бесін» тіркесі стильдік мақсат бойынша кәрілікті білдіру үшін емес, жасы келген, мосқалдықты, егделікті білдіру үшін қолданылған.

«Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» аталған *бесін* атауларының дефинициясын негізге ала отырып, бесін түрлеріне төмендегіше талдау жасаймыз:

Ұлы бесін. *Бесін намазын оқитын уақыт, түс ауған кез және түс жаңа ауып бара жатқан кез* делініп екі вариантта берілген. *Дәл қазіргідей кеш батып бара жатқан уақыт емес, күн ауған ұлы бесін кезі еді* (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.). *Аттарын шалдырады отқа қойып, Тамақтанып алды олар әбден тойып. Түс қайтып, ұлы бесін болған шақта, Жау жеңіпті елді тым қырып, жойып* (Батырлар жыры). «Ұлы бесін» сөзінің бесін мезгілінің аяқ шені емес, күн төбеден ауған, күннің ортаңғы бөлігі екенін бірінші мысалдан көруге болады. Яғни кешке қарайғы уақыт емес, күннің енді төбеден ауған шағы, күннің қызуы қайтпаған кез. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: Күннің қақ маңдайға келген кезі – деген анықтама берілген.

Кіші бесін – *намаздігер мен ұлы бесін аралығы және күн төбеден ауып кешкірген кез* делініп екі вариантта берілген. **Кіші бесін** *кезінде әйелдер шөлдедік деген соң, өзен бойындағы бір ауылға бұрылды* (Ж. Аймауытов, Шығ.).

Кіші бесіннің бесін мезгілінің ортаңғы бөлігі екенін мына мысалдан көруге болады. Мысалы: **Кіші бесін** *ауып бара жатқан соң, екі шал аттарынан түсе-түсе қалды да, топырақпен тәйем соғып, намазға отырды* (З.Ақышев, Ақбел.). Мысалдағы екі шалдың асығыс намазға отыра кетуі, осы бесін намазы оқылатын уақыттың өтіп бара жатқанын көрсетеді.

Құлама бесін. Күн еңкейген кез. **Құлама бесін** *кезінде олар да келіп*

қалар (М. Әуезов, Таңд. шығ.). «Құлама бесін» – бесін мезгілінің соңғы бөлігі. Бесін мезгілі күн төбеден ауғаннан күн еңкейгенге дейінгі уақытты қамтыса, соның аяқ шені күн еңкейген шақ - құлама бесін мезгілі болып табылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «күн еңкейген кез, бесіннің аяққы кезі» деген түсіндірме беріледі. Бұдан түсіндірме сөздіктің жаңа басылымында шақ атауларын беруде нақтылық бар екендігін көруге болады.

Қатын бесін [бесіндік]. Бесін мезгілінен сәл-пәл өткен мезгіл. *Күн қатын бесін еді* (І. Жансүгіров, Шығ.). *Қыстың қысқа күні қатын бесіндікке барып қалған* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

Бесіннің соңғы бөлігі, аяқ шені жоғарыдағы уақыт атауларынан басқа да тіркестер арқылы беріледі. **Бесін ауа:** *Бесін ауа – үйдегі ыдыстың бәрі кузовқа салынды. Кабинаға көк сұр Елеместің өзі кеп отырды* (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты). **Бесін еңкейе:** *Бұлар бесін еңкейе, ойынға қаһарлап, үйлеріне қайтқан болатын* (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш).

Бесін сөзіне жоғарыда сөз болған «сәскелік», «түстік» сөздері сияқты *-лық, -лік* қосымшасы жалғанып, уақытты білдіретін «бесіндік» сөзі жасалған.

Бесіндік – бесін мезгілі, сол уақыт аралығы. *Машина үлкен жолға түсіп жүріп кетті. Күн еңкейіп бесіндікке барған кезде бұлар теңіз жағалауына жетті* (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн.). *Түс қайтты, бесіндікке еңкейді күн, Алда тұр – ірі қимыл, тағы ауыр түн!* (Қ. Жұмалиев, Қырда.).

Бұл мысалдарда «бесіндік» сөзі бесін мезгілін ғана емес, бесін кезіндегі Күннің аспандағы орналасқан тұсын да көрсетеді. Мұны мына мысал дәйектей түседі: *Тау-тасты нұрға көміп, мақтанған сұлу ай, таңның ажарымен жолда ауырған жолаушыдай бесіндікте шалқалап, өңі қашып ескіріп, естен шығып барады* (І. Жансүгіров, Әңгім.). Соңғы мысалда Айдың аспандағы орналасу, көріну тәртібі Күннің бесіндікке келген кездегі орналасу ретіне сәйкес алынған.

Бесін ауып, күн батуға таянған шақ – **екінді**. Бұл шақ атауы да «бесін» сияқты дінмен байланысты, яғни екінді намазының уақытына қатысты уәждепген. Екінді намазы бесін намазы аяқталғаннан басталып күн батқанға дейінгі аралықты қамтиды. «Күн батуға тақалған кезде оқылатын намаз; күнделікті оқылатын бес намаздың үшіншісі» (ҚТТС, 3). **Екінді намазы күн батуға бір-екі сағат қалғанда басталады да, күн батуға дейін созылады** (А.Құрманғалиев, Ислам діні.). Яғни, *екінді* уақыты бесіннен кейінгі ақшамға дейінгі кешкі уақыт, басқа шақ атауларына қарағанда қысқа мерзімді қамтиды. Соған сәйкес екінді уақытының бесін, сәске мезгілдері атауларындай (ұлы сәске, кіші бесін т.б) өз ішінде микроөрістерге жіктелмейді. Көбінесе тіл қолданысында екі кештің ортасында, апақ-сапақта деген мағынадағы «екінді мен ақшамның» арасында» деген тіркес құрамында жиі жұмсалады. Мысалы: – *Оны білмейміз. Мейманасы асқан да әбден. Әскер семьясын осынша басынганы! – Сисенбай күйіп, кіжсініп сөйледі. Түлен түртіп жүр зой. Халықтың дәулеті қоя ма есіртпей? Есірді деген – осы. Екінді мен ақшамның арасында біреудің қатынын сабап, Өзіме қатын болмадың дейтін шығар. Қатын деген ортақ...*(Ж.Нәжімеденов). *Екінді мен ақшам арасында не жұмыс*

(Ә.Сәрсенбаев, Толқында). *Сақал бүкіл өкпесіне жиналған ауаны бір-ақ шығарды, – уһ! Екінді мен ақшамда... қайдан ғана кез болдың өзің?*(Ж.Нәжімеденов). Л.Асқар «екінді мен ақшам арасы» тіркесінің екі мезгіл аралығының жеке бір атауға арқау болғандығын ерекше тіркес ретінде атап көрсетеді.

«Екінді» сөзі «сәскелік» сөзі сияқты осы мезгілдегі аспандағы Күннің орналасқан тұсын білдіретін мекендік мағынаны да білдіреді. Бұл мағына он томдық түсіндіме сөздікте көрсетілген: аспан күмбезінің батыс жақ шеті, көкжиекке таяу жері. Мысалы: *Күн екіндіден еңкейіп, ұясына кіруге ме, кірмеуге ме деп екі ойлы болғандай батыста қызарып қалған тәрізді* (І.Жансүгіров, Шығ.). *Екіндіге қарай еңкейген күн желкемді шыжғырып барады* (О. Сәрсенбаев, Таңбалы.). «Екінді» сөзінің бұл мекендік мағынасы *екіндік, екінділік* сөзінің сөйлеу вариатына жатады. Өйткені «екінді» сөзіне қарағанда «екінділік» сөзінің мекендік мағынасы басым. Соған орай бұл сөз «күн екіндікке келгенде», «күн екінділікке таянғанда» сияқты т.б. мекендік мәндегі тіркестер құрамында жиі жұмсалады. Мысалы: *Жазатырдан елең-алаңда шыққан қос атты күн екіндікке таянғанда — Аршаты ауылына келіп түсті* (О. Бөкеев, Қамшыгер). *Шешек атқан қызыл гүлдер аспаннан науат нұр тілегендей екінділіктен еңкейіп бара жатқан күнге қауыз ашады* (С. Омаров, Өмір.). Ал «екінді» сөзінде мекендік мағынадан гөрі шақтық мағына доминанттық қызмет атқарады. Сол себепті «екінді» сөзінің мекендік мағынасы – оның дифференциалды мағынасы емес, потенциалды мағыналарының бірі.

Шақ атауларының мағыналық иерархиясында мекен мен мезгілге қатысты мағыналар жарыса қолданылып отырады. Уақытты анықтау ең алдымен Күннің аспандағы орналасуына негізделгендіктен, кеңістіктік мән алғашқы және уәждік бірлік болып табылады. Күннің аспандағы орналасуы бойынша метафораланып жасалған халықтық шақ атаулары екіншілік дамыған мағынаға жатады. Шақ атауларының мекендік мағынасы көбінесе оларға жалғанатын *-лық, -лік* қосымшалары жалғануы арқылы беріледі. Мысалы: *сәскелік, екінділік*. Ал *сәске, екінді* атаулары жеке жұмсалғанда бұл сөздердің мағыналық иерархиясында уақыт семасы дифференциалды сема ретінде көрінеді, семантикалық моделі: **уақыт** → **кеңістік**; *-лық -лік* қосымшасы жалғанғанда мекендік мағына доминант болады.

Халық тілінде екіндімен жарыса қолданылатын сөздің бірі **намаздыгер** - күн еңкейіп, ұясына кіруге таянған кез. Шомылуға қолайлы уақыт *сәске* мен *намаздыгер* (екінді). *Тал түсте, күн қызып тұрғанда суға түспе. Тамақтан соң тоқ қарынға суға түспе. Қызып я терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуыңды басып, теріңді кептір* (Досмұхамедұлы). Н.Уәли намаздыгер мезгілінің Шу бойында «дігер намаз шағында» деп те қолданылатынын айтады [46, 13-14 б.].

Күн батқаннан кейінгі мезгіл – іңір, ымырт, ақшам, намазшам.

Іңір – күн батып, қараңғы түсе бастаған кез. Іңір мезгілінің өзі «қызыл (қоңыр) іңір» және «іңір қараңғысы» деп екі шаққа бөлінеді. Мысалы: *Бейуақ. Беймаза шақ, абыр-сабыр. Қызыл іңір шекпенін жамылса қыр, Қырға шығып*

қызықтап қайтқан гажан! Қылығы б а л жас құрбы табылса бір (М.Мақатаев, Шығ.). *Түсте толқын тулап ед Ойнақтаған тайлақтай. Кешке толқын тынып тұр* **Қоңыр іңір** бейуақтай (М. Жұмабаев, Шығ.).

«Қызыл іңір» – іңір мезгілінің бастапқы кезеңі де, іңір қараңғысы – соңғы бөлігі. Қызыл іңір деп аталуына күннің батқаннан кейінгі күн сәулесінің әсерінен кешкі қараңғылықтың қою қараңғылыққа енбей, әлі де қызарып, қоңыр тартып тұруы себеп болған. Алайда түсіндірме сөздіктерде «қызыл іңір» атауына «ымырт түсіп, қас қарайған кез» деген анықтама берілген. Яғни іңірдің аталған екі бөлігінің мағыналық айырмашылықтары нақты көрсетілмейді. Ал іңір қараңғысы – күн батқаннан кейінгі оның қызылы әбден тарқаған кезі. **Іңір қараңғысы**. Күн батып қараңғы түсе бастаған кез, қас қарайған уақыт. *Түтеген боранға іңір қараңғысы қосылып, күндізгі түнектен де бетер қараңғылық басты* (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). *Түнерген ымырт қараңғысын ай сәулесі жеңіп бозарта бастады* (Б.Майлин, Шығ.).

-лық, -лік қосымшасы жоғарыда сөз болған «сәске», «бесін», «түс» сияқты шақ атауларына жалғанып, тамаққа, мекенге қатысты мағыналарда қолданылса, «іңір» сөзіне бұл қосымша жалғанбайды. Бірақ кешкі ас мәнінде тіркес арқылы берілгендігін мына мысалдардан көруге болады. Мысалы: *Үй адамдары іңір асын ішуге отырды* (С.Мұқанов, Саяхаттар). *Әйел іңір асын ыңғайлауға ас үй жаққа шығып кетті* (Е.Мырзахметов, Өмір.). *Іңір шайын құйып отырып, манағы, қолтығына сабын қысқан әйел «шірік» күйеуінің бетіне жалтақ-жалтақ қарай берді* (Ж.Нәжімеденов).

Ымырт – күн батқаннан оның қызылы тарқағанға дейінгі аралық, ақшам мезгілі (ҚТТС, X). Қазақ тілінде «ымырт» атауына қатысты «ымырт үйірілді», «ымырт түсті», «ымырт жабылды» тіркестері бар. Олар қараңғылық түсті, көз байланды деп түсіндіріледі.

Ақшам атауының он томдық түсіндірме сөздікте екі мағынасы көрсетілген: 1. Іңір, апақ-сапақ кез. 2. діни. Күн батып, ымырт түскен кезде оқилатын намаз. Жалпы алғанда, түсіндірме сөздіктердегі *ымырт, іңір, ақшам* сөздеріне берілген дефиницияларға қарағанда бұл сөздердің мезгілдік жағынан жақын, тіпті бір мезгілдің өзін сипаттай беретін шақ атаулары екендігі байқалады. Қазақ тілінде бұл сөзге қатысты «ақшам батты», «ақшам жамырады», «ақшам үйірілді» тіркестері қалыптасқан. Мысалы: *Қазақ үшін қайғылы күн боп саналатын желтоқсанның он жетісі халыққа тағы да қасірет әкелді. Ақшам жамыраған шақта Алматының көшесінде көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, академик Зәки Ахметовті шетелдің есік пен төрдей мәшинесі қағып кетті* (Түркістан). *Кеш мезгіл шам жағылып, ақшам батты* *Қайғысы бұрынғыдан болды қатты* (Ә. Найманбаев). *Петька ақшам үйіріле үйдің астын асықпай жүріп тексеріп, радиоқабылдағышты орнататын жерді де тапты* (Ә. Шәріпов, Қапаста.).

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде бұл сөздің уәждемесі мен этимологиясы туралы мынадай мәлімет беріледі: «Күн батысымен жер беті бірден қараңғы болып кетпейді. Белгілі бір уақытқа дейін ондағы-мұндағы

көрініп тұратын жарық кеш немесе ақ кеш тәрізді кеш болады. Талдап отырған «ақшам» сөзі екі түбірден құралған біріккен сөз болар. Бірінші компоненті түркі тілдерінде кездесетін *ақ* сөзі болса, екінші компоненті – иран тілдерінде кездесетін *шам* (кеш) деген сөз» [127]. Л.Рүстемов *ақшам* сөзін шығу тегіне қарап қазақ-парсы сөзіне жатқызады. *Шам* сөзінің кеш, кешке, кешкі ас деген мағынада қолданылатыны айтылады.

Шам сөзінің *сам* варианты бар екендігін көне жырлардан кездестіреміз. Мысалы: *Ақ сам батпай, түн шықпас, ажал жетпей жан шықпас* (Бұқар жырау). Ал қазіргі тіл қолданысында, көркем әдебиеттерде *ақшам* сөзі «ақ сам» вариантында сирек қолданылады. Бұл сөз (ақ сам) қазіргі кезде бірігіп жазылып, негізінен *ақшам* болып айтылып кеткен. Ал құрамындағы *шам* сөзінің «сам» варианты түсіндірме сөздікте реестрлік қатарда беріліп, оның араб тілінен енген сөз екендігі көрсетіледі. Кешкі шам жағылар кез; ымырт, алагеуім, бейуақ болып түсіндірілген. Мысалы: *Тоқан алакеуімде, біреуді біреу көрер шақта, сам біліне қайта көтерілген* (Қ.Құттыбаев, Оның ұрпағы).

Сонымен қатар «сам жамырады» тіркесінің құрамында жиі қолданылады. Мысалы: *Енді болмаса жылайтын еді, аяқ астынан дір етіп ұшқан бозторғай көңілін бөліп, жасын тоқтатуға себеп болды. Ол кезде күн батып, сам жамырай бастап еді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Сам жамырап ел орынға отырған кезде, орыстар бастығының ақырып қалған даусымен қаздай шұбырып, асудың тар аузына қарай арқандай созылды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Кегі кеткен жандайын әлдекімге, Іш өртеніп, қайнайды қан бойдағы. Сам жамырап, келеді құлап іңір, Мен ойлаймын ананы-мынаны бір* (М.Мақатаев, Өмір-өзен).

«Сам жамырады» фразеологизмі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «шам жамырады» тіркесімен сиыстырылып берілген. «Ақшам болып қас қарайды, қараңғылық түсті, сонымен қатар ымырт түсіп, қараңғы қоюлана бастады, қара көлеңкеленді» деп түсіндірілген. Яғни оның «шам жамырады» варианты да тілдік қолданыста бар. Мысалы: *Кенжекең шананы әзірлеп болып, ауыздағы Қаржау шалдың үйінде күтімде тұрған аттарына кетіп, шам жамырағанда оралды* (Д.Әбілев, Арман.).

Сам сөзіне қатысты «сам жабылды», «сам батты» фразеологизмдері де бар. Мысалы: *Күн батып сам жабыла түн болады, Көр тышқан қазған жері ін болады. Әріптес, өз атыңды енді білдім, Айтыңыз әкең аты кім болады?* (Қара өлең). Демек, жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: *шам-сам* сөздері вариант (ш-с); білдіретін мағыналары бірдей болғандықтан жарыса қолданылған, алайда көркем шығармаларда «сам» варианты жиі кездеседі. Ал бұл вариант сөздердің «ақ» сөзімен бірігіп, универб лексикаға өту кезінде «ақшам» варианты доминанттық сипатқа ие болған. Ал «ақ сам» түрінде көне жырларда кездеседі.

Ақшам мезгілі – намаздігер, яғни екіндіден кейінгі тәулік кезеңі. Намаздігер күн батуға таянған шақ болса, ақшам күн батқаннан кейінгі ымырт үйірілгенге дейінгі уақыт. Мысалы: *Мандатыңды мықтап алып, намаздыгер,*

ақшам кезінде қара жолмен сарлатып келе жатасың (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күн батып, *ақшам* өтіп, уақыт жетті, Аяусыз қосып берді қу жендетті. Шаш ал десе, бас алған екі дінсіз, Патшаның сарайына келіп жетті (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бірінші мысал ақшам мезгілінің намаздігерден кейінгі тәулік кезеңі екенін көрсетсе, екінші мысал ақшамның күн батқаннан кейінгі уақыт екенін дәйектейді.

Бес уақыт намаздың төртінші рет оқылатын ретіне сәйкес осы мезгілдегі намаз атауы «ақшам намазы» деп аталған. **Ақшам намазы** - кешке, күн батқан бойдан ымырт түскенге дейін оқылатын намаз. Мысалы: *Әр намаздың өзіне лайықты мерзімі бар. Бесін намазы, тал түстен ауған кезден басталып, қайсыбір заттың көлеңкесі екі есе ұзарғанға дейін. Екінді намазы, бесін намазы аяқталғаннан басталып күн батқанға дейін. Ақшам намазы, күн батқан кезден ымырт түскенге дейін. Құптан намазы, ымырт үйірілгеннен таң бозара бастағанға дейін* (Егемен Қазақстан).

Ақшам намазы діни салт бойынша «намазшам» деп аталады; кешкі намаз оқылатын кез, ақшам (ҚТТС, VII). Яғни кешкі намаз дегенді білдіреді. Ескі жырларда намазшамның «намаз ақшам» вариантында қолданылғанын кездестіреміз. Мысалы: *Қазанның сырлы қаласын, Намаздігер өткенше, **Намаз ақшам** жеткенше, Түсірермін жүзіңе* (Қобыланды).

Намазшамның күн батқаннан кейінгі шақ және құптаннның алдындағы уақыт екенін мына мысалдан көруге болады: *Кешке дейін құс салып, **Намазшамда** қайттым* (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). ***Намазшам** болды күн батты, Құптанның болды уақыты* (Алпамыс). ***Намазшамнан** өткенде, Құптан мезгіл жеткенде Құлағына батырдың Бір дауыс кеп шулайды* (Батырлар жыры).

Намазшамнан кейінгі ел ұйқыға жатар шақ – **құптан** мезгілі он томдық түсіндірме сөздікте берілмепті. Он бес томдық сөздікте «ел жататын мезгіл» делініп, сөзтізбеге қосылған. Бұл мезгілдің ұйықтайтын мезгіл екендігі батырлар жырында да айтылады. Мысалы: *Күн қызылы батқанда, Ауылдың алды жатқанда Қарлығаны іздеп ауылдан, Шығып еді таң ата, Үйге түсті Бурылмен, **Құптан** ауыл ел жата* (Батырлар жыры). Парсы тілінде «құптан» сөзі екі мағынада жұмсалады: 1. Ұйықтау, жату. 2. Бес уақыт намаздың ең соңғысы [128, 118 б.].

Діни салт бойынша намазшамнан кейінгі бес уақыт намаздың соңғысы **құптан намазы**. «Құптан» сөзі алдымен бес уақыт намаздың соңғысының атауы ретінде қолданылып, кейін осы намаз оқылатын уақыт шақ атауына айналған. Н.Уәли құптан намазының еліміздің Атырау аймағында «жасиық намаз» деп те айтылатынын айтады [46, 13-14 б.].

Құптан намазы ымырт үйірілгеннен таң бозара бастағанға дейін оқылады. Яғни намазшам мен таң намазының аралығында оқылатын намаз. Көркем әдебиеттерден, баспасөз материалдарынан, тіпті көне жырлардан басқа шақ атауларына қарағанда «құптан мезгілі» туралы мысалдарды сирек кездестірдік, ал тіркестер жоқтың қасы. Бұған қарағанда «құптан» сөзі шақ атауы ретінде

«бесін (ұлы бесін, қожа бесін, айна бесін, құлама бесін, қатын бесін)», «сәске (қан сәске, ұлы сәске, кіші сәске, сиыр сәске)» сияқты шақ атауларына қарағанда кезеңдік тұрғыдан жіктелмейді. Бұдан шығатын қорытынды: *құптан* шақ атауының басқа шақ атауларына қарағанда семантикалық өрісі тарлау. Оның бірнеше себептері болуы мүмкін. Біздің ойымызша, бұл шақ атауына сәйкес келетін тәулік кезеңдері, айталық, «түн» сөзі құптан сөзінің семантикалық дамуына мүмкіндік бермеген, яғни бұл кезеңді сипаттауда «түн» лексемасы доминанттық қызмет атқарған. «Түн» сөзіне қатысты жасалған фразеологизмдер діни атау ретіндегі құптан сөзін ығыстыра бастаған. Осыған сәйкес *түн* сөзіне шоғырланған тіркестер (түн жарымда, түн ортасы ауған кез, түннің бір ұйқысында, түннің екі ұйқысында, жеті қараңғы түнде, түн ішінде т.б.) тәуліктің екінші жартысы – түн баласын толық сипаттайтын болған.

Сонымен, байырғы кезден-ақ ислам діни енген бойда бес уақыт намаз атауы мезгілді білдіру мақсатында қолданылған. Яғни бес уақыт намаз атауы алдымен діни ұғымда қолданылып, сол уақыт кезеңдері ассоциацияланып, шақ атауларына да айналған. Сөйтіп, екі мағынада қатар жұмсала берген. Бұл жерде де халқымыздың қайсібір ұғымды болмасын атауда өзіне етене жақын күнделікті қолданылатын тұрмыстық заттар мен құбылыстарды уәждеме ретінде ұстанғандығын байқаймыз.

Жоғарыда айтып кеткен «түн» сөзіне қатысты тіркестер тәуліктің екінші жартысы, Күннің батып, оның орнына Айдың көтерілген шағын сипаттау барысында туған фразеологизмедер болып табылады. Жалпы символдық тұрғыдан алғанда, «түн» – кәріліктің, өлімнің, қорқыныш пен үрейдің, жамандықтың, ұрлықтың т.б. жаман күштердің символы. Ал «күн» – керісінше жарықтың, өмірдің, қуаныштың, жастықтың, жақсылықтың, тіршіліктің символы. Бірі – күннің көкке өрлеп әлемге жарық шашуы, екіншісі – күннің ұясына батып, жерді қараңғылық басуы. Мұндай дүниетанымдық түсінік қазақ халқының, көшпелілердің ғана емес, әлемдік санада осылай қалыптасқан.

Түн – тәуліктің кешкі уақыттан таңертеңгілікке дейінгі аралығы, қараңғы бөлігі (ҚТТС, VIII). «Түн» сөзінің этимологиясына байланысты ғалымдар түрліше пікір айтады. Е.Жанпейісов аспаннның солтүстік жағы қараңғылықпен байланысты *түн* деп аталған деген пікір айтса [54, 32 б.], Н.Уәли монғол тіліндегі «сөни», «сөнебе» сөздерімен байланыстырады: Көне монғол тілінде сөни - «түн», сөнебе - «сөнді» деген мағыналарды білдіреді. Қазіргі монғол тілінде шөне – «түн». Бұған қарағанда, *сөн*, *түн* сөздерінің түбірі бір тәрізді. Ал сөз басындағы *с*, *ш*, *т* сәйкестігі дыбыстардың кездейсоқ алмасуы емес. Түркі тілдерінде *с*, *ш*, *ч* дыбыстарының т-ға алмасуының мынадай мысалы бар: ұйғырша, татарша «сычқан – мышь», түрік, азербайжан, түрікменше – «сычан», қырғызша «чычқан», қазақша – «тышқан» (Түркі тілдері тарихи фонетика материалдары бойынша) [46, 13-14 б.]. Қазақ грамматикасында «түн» сөзінің ескі түркі ескерткіштерінде кездесетін «закрывать», «преграждать» мағынасындағы *tu* етістігінің мағыналық дамуынан туындаған есім сөз болуы мүмкін деген пікір айтылады [129].

Н.Уәли аталған мақаласында түн сипатына қарай жоғарыда аталған тіркестерден басқа *«марқа туған»* деген тіркестің Л.Будагов еңбегінде айтылатынын көрсетеді. Сонымен қатар түннің бөліктерге бөлінуі жайлы былай деп жазады: «Ел ұйқыға жатқаннан кейін, шамамен екі сағат өткен кез *түннің бір ұйқысында* делінсе, бұдан кейінгі екі сағат *түннің екі ұйқысында* (Л.Будагов бойынша) деп аталады. *Түн жарымда, түн ортасы ауған кез, жеті түнде* тәрізді қолданыстар түннің осы айтылған мезгіліне қатысты деуге болады. Ал *таңға бір ұйқы қалғанда* деген тіркес түннің ең соңғы бөлігін білдіреді. Бұл шақтар, әдетте, Жетіқарақшы жұлдызының қозғалысына қарап ажыратылады. *Түн ұйқысын төрт бөлді* деген фразеологизм түннің осындай төрт бөлігіне орайлас айтылған деуге болады. Ал түннің таңға ұласар шағы *таң қараңғысы деп* аталады [38, 642-648 б.].

Демек, бұл айтылғандардан ғалымның түн баласын төртке бөліп көрсеткенін байқаймыз. Олар: 1) ел ұйқыға жатқанда;

2) түннің бір ұйқысында;

3) түннің екі ұйқысында;

4) таңға бір ұйқы қалғанда.

Түн баласын қақ ортасын есептеу нүктесі етіп ала отырып, түн жарымына (түн ортасына) дейінгі және түн жарымынан (түн ортасынан) кейінгі бөліктерге, сондай-ақ түн мезгілін тұтас сипаттайтын тілдік бірліктер деп бөлеміз.

а) түннің қақ ортасын сипаттайтын тілдік бірліктер: *түн жарымда, түн ортасында.*

ә) түннің орта шенінен (түн жарымнан) кейінгі уақытты сипаттайтын тілдік бірліктер: *түн ауа, түн жарымы ауа, түн ортасынан ауа т.б.*

б) түн мезгілін тұтас сипаттайтын тілдік бірліктер: *түнімен, түні бойы, түн ұзын, түн баласында т.б.*

в) бейтарап уақытты сипаттайтын тілдік бірліктер: *түн ішінде.*

Тілімізде елдің шырт ұйқыға кеткен шағын сипаттайтын «жеті» сөзімен тіркесіп қолданылатын «жеті түнде», «жеті қараңғы түнде», «жеті түн ішінде» деген тіркестер бар.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «жеті қараңғы түнде» деген тіркес төмендегіше түсіндірілген: *көзге түрткісіз қараңғы түннің соңғы бөлігі* (ҚӘТС, IX). Н.Уәли *түн жарымда, түн ортасы ауған кез, жеті түнде* сияқты тіркестер түннің екі ұйқысындағы мезгілге қатысты деп көрсетеді. Сонымен қатар бұл шақтардың, әдетте Жетіқарақшы жұлдызының қозғалысына қарап ажыратылатынын айтады [46, 13-14 б.]. Демек, жоғарыда аталған «жеті түн (жеті қараңғы түн)» тіркесінің осы Жетіқарақшы жұлдызының орналасуымен байланысты алынғандығы анық. Яғни бұл тіркестің аталымдық уәждемесі Жетіқарақшының аспан әлеміндегі белгілі бір орналасу, көріну тәртібіне қатысты. «Жеті түн» мезгілі осы жеті жұлдыздың түннің белгілі бір уағындағы анық көрінетін кезі болуы мүмкін.

Түн баласындағы мезгілдік ұғымдар «қараңғы», «қараңғылық» сөздері арқылы да беріледі. Мысалы: *түн қараңғылығы* – түн іші, түн мезеті; *ымырт қараңғысы* – күн батып қараңғы түсе бастаған кез, қас қарайған уақыт; *ай қараңғысы* – ай көрінбейтін түнгі мезгіл; *таң қараңғысы* – таң атар кез, таң алды т.б.

Түнге қарайғы қараңғы түсумен байланысты тілімізде «*қас қарайды*» тіркесі бар. Мағынасы: *кеш батты, ымырт жабылды*. Мұндағы «қас» сөзі маңай дегенді білдіреді.

Сонымен, Күннің аспан әлеміндегі орналасу тәртібіне байланысты атаулар қазақ тілінде шақ атаулары ретінде қалыптасқан. Бір күн мен бір түн ішіндегі бұл атауларды *тәулік кезеңдері атаулары* деп те атайды. Бұл атаулар уәждемелік тұрғыдан мынадай белгілерге негізделіп жасалғандығы байқалады:

- а) Күннің аспандағы орналасу тәртібі;
- ә) Жердегі бақылаушының (адамның) қабылдау, бағалауыштық сезімі;
- б) көлеңкенің түсуі (көрінуі, көрінбеуі, ұзаруы, қысқаруы);
- в) адамның қабылдауындағы (көз қызметі) Күннің жарық беру деңгейі, түсі (ақ, ашық, қара, күңгірт т.б.);
- г) жағдайға қатысты (намаз).

ә) **Айға қатысты шақ атаулары.** Тәулік кезеңдерінен басқа уақыттық ұғымды беруде айдың да атқаратын рөлі үлкен. Азиялық өркениетті, сондай-ақ көшпелілер үшін де Айдың маңызы зор болған. Ай көне түрік мәдениетінде Күннің орынбасары, әйел құдайы ретінде танылған. Ш.Уәлиханов зерттеулерінде қазақ халқының Айды құдай тұтқандығы туралы айтылады. Соған орай Айға байланысты қалыптасқан наным-сенімдер де көп болған. Жаңа ай туып, орағы шалқалай жатса, өзіне жайлы, шаруаға жайсыз болады, ал орағы жамбастай я тік боп келсе, өзіне жайсыз, шаруаға жайлы болады деп жорыған. *Айға қарама, Айды қолыңмен көрсетпе, Ай тоғамында көшпе, Ай тоғамында сапарға шықпа, Ай тоғамында жаңа үй тікпе* т.б. тыйым сөздер болған.

Қазақтар әр ай сайынғы Айдың жаңарып отыратынын байқаған. Айдың қимыл-қозғалысына орай айтылған санау жүйесі болған. Туған айды «жаңа ай», өткен айды «ескі ай» деп атаған. «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп сыйынып, бата қылатын болған.

Ай жаңасы – туған айдың бірінен онына дейін ай жаңасы, ал айдың жиырмасынан отызына дейін ай қараңғысы. *Ай жаңасы болғанда аспан жарық болар жарқырап* (Қаз. ертегі.).

Жаңа ай – Ай туғаннан бастап толғанға дейінгі кезең (ҚӘТС, I, 132 б.).

«Жаңа ай» деп айдың алғашқы күнін ғана айтпаған, «**жаңа айдың бір жаңасы**», «**жаңа айдың екі (үш, төрт, бес т.б.) жаңасы**» деп санап, әр айдың он бес күні жаңа ай болып есептелген. Мұндай санақ жүйесі «ескі айға» да қатысты қолданылған. Мысалы:

Ескі ай – Ай толғаннан бастап, туғанға дейінгі кезең. «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» (Тілек).

Ескі айдың он төрт (он үш, он екі) жаңасы – Ай толғаннан бастап қайта

туғанға дейінгі кезең (ҚӘТС, I, 132 б.).

Ал осы жаңа айдың он төрт күн өтіп, қайта туар алдындағы он бесінші күнді, жаңа ай мен ескі айдың ортасын *толған ай* деп атаған.

Толған ай – Айдың он төрт күні өтіп, он бесінші күні толысуы (ҚӘТС, 132 б.).

Бұдан басқа айдың басталуы мен аяқталуына орай: *ай басы, айдың бас күні, ай ортасы, айдың орта шені, ай орталап қалды, ай ақыры, айдың ақырға күні, айдың бітуі* т.б. сияқты тілдік қолданыстар болған.

Ай қараңғысы – әр айдың жиырмасынан кейінгі ай жарығының азайып, көмескіленген кезі. *Айдың бүгін нешесі, Ай қараңғы кешесі, Падишадан кем емес, Ер Төлеген мүшесі* (Қыз Жібек).

Ескі ай бітіп, жаңа ай басталған кезде Ай бір-екі күн көрінбейді. Айдың көрінбейтін осы шамасын «өлі ара» деп атаған.

«Өлара» – ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мезгіл, уақыт (ҚТТС).

Сондай-ақ, «өліара – Ескі мен Жаңа, Қыс пен Жаз, Көне жыл мен Жаңа жыл, Өткен уақыт пен Келер уақыттың жік-жапарындағы ұзын-ырғасы мен бас-аяғы алты-жеті-ақ күнге созылған аумалы-төкпелі мезгіл, ауыспалы-өтпелі мерзім. Қазақ есепшілерінің әрқайсысын 28, 29, 30 күннен бір жылды 12 айға топтағанда, жыл санатына қоспағанымен, «он үшінші ай» есебінде жыл санағына кірген алты күнді парсылар «фэнджи», сотистік күнтізбеде «эпагаменай» (шолақ ай) деп білген. Ежелгі наным бойынша, Жақсылық пен Жамандықтың жан алысып, жан беріскен шайқасы жыл санатына қосылмай қалған. Дәл осы уақыт қазіргі 15-21 наурыз аралығының жігіне дөппе-дөп келген.

Ата-бабаларымыздың Өліараны не күн не ай санатына, яғни уақыттың есебіне қоспауының бірден-бір себебі, әлемдік мифологиялық таным бойынша, Жаратылыс жаратылмай тұрып, Уақыт пен Кеңістіктен тыс Жаратушының Бұ дүниені алты күнде жаратып, жетінші күні демін алған оқиғадан сақталған белгі болса керек. Шын мәнінде Өліара уақыты осы құбылыстан қалған тәрізді. Расында, сол байырғы кезең қазіргі күн санауымыздағы наурыздың 15-і мен 21-і арасындағы 6 күндік беймезгіл шаққа сай келеді. Осынау жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер», «өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар», «қара қатқак, аш өзек» жыл мезгілін халқымыз – «Өліара» деп айырған.

Өліара – Ескі жыл мен Жаңа жылдың, Көне ғұмыр мен Жаңа ғұмырдың, Тозған әлем мен Жаңа әлемнің, Өлім мен Өмірдің, «О дүние мен Бұ дүниенің», Жарық пен Қараңғының арасын «қияметтің қыл көпіріндей» жалғаған шақ» [92, 16-18 б.].

Айдың түнгі аспандағы қимыл-қозғалысына қарай айтылатын тілімізде мынадай тілдік қолданыстар бар:

- жаңа айдың көрінуіне орай: *Ай туды, Ай көрінді;*

- Айдың жалпы түнге қарай шығуына орай: *Ай отырып қалды, Ай отырып туды, Ай кешігіп туды, Ай қараңғы;*

- Айдың аспанда тұрған шақты сипаттайтын: *Айлы түн, Ай жарық, Ай сүттей жарық;*

- Айдың он бес жаңасына жақындауына орай: *Ай толайын деп қалды, Айдың қызыл толымы, Ай толды, Айдың қара толуы, Ай қайта бастады;*

- Айдың соңғы кезін сипаттайтын: *Ай кішірейді, Ай кішірейіп қалды;*

- Айдың жер жиегінен төмен түсуіне орай: *Ай батты;*

- Айдың туып келе жатуына орай: *Ай саңы, Ай саң берді;*

- Айдың Жермен тұстас келуіне орай: *Ай тұтылды, Ай қораланып туды, Ай құлақтанып туды т.б.* [130, 636 б.].

Ай мен Үркердің тоғысуына орай жасалған жыл уақытын айға бөлуді «тоғыс есебі» деп атайды. Тоғыс есебі – уақыт есебінің Үркер шоқжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесі, яғни Үркерге негізделген күнтізбе.

Тоғыс – Айдың Үркермен екі рет тоғысу аралығындағы уақыт. Яғни Айдың Үркерді басып өтуі «тоғысу», «тоғыс» немесе «тоғаяу» деп аталады. Тоғыс кезінде аспан сферасында Үркердің айқын алты жұлдызы Айдың арғы жағында, тасада қалады да жердегі бақылаушыға көрінбейді. Ай ақырын жылжып өткеннен кейін тоғыс аяқталып, Үркер көрінеді. Ай мен Үркер жыл ішінде 13 рет қана тоғыса алады, яғни бір жылда 13 тоғыс айы болады.

Тоғысу үнемі тақ санға келе бермейді, 4 тоғыс, 6 тоғыс болуы мүмкін, бірақ оларды қалыптасқан дәстүр бойынша, тақ санға келтіріп, 5 тоғыс, 7 тоғыс деп айта береді. Сондықтан тоғыс есебінде жұп сандар кездеспейді [131, 78 б.].

«Ай тоғамы» үш күнге созылады. Бірінші күнін – *тоғам*, екінші күнін – *ауыл үй қонды*, үшінші күнін – *өріп шықты* дейді [130, 632 б.].

Тілімізде аспан денелерінен басқа табиғат құбылыстары мен шаруашылық жағдайына байланысты қалыптасқан шақ атаулары да бар.

а) табиғат құбылыстарына қатысты шақ атаулары.

«Құралайдың салқыны» – мамыр айының екінші жартысында басталып, он шақты күнге созылатын дауылды қара суық, жауынды-шашынды мезгіл. М.Ысқақов «Қазақтың байырғы календары» еңбегінде бұл амалдың мамырдың 23-нен басталатынын айтады. Бұл кезде киіктер лағын өргізетін болған. Осымен байланысты осы уақыт аралығы «Құралай» немесе «Құралайдың салқыны» деп аталатын болған. Мысалы: - *Көресің бе, Жақан, жел батыстан соғып тұр. Бұл Құралай салқыны деген амал. Бүгін киіктер лағын өргізеді, - деді Хасен Жақанға* («Қаз әдеб»).

Құралайдың салқыны – архисема – *шақ*

дифференциалды сема: *он шақты күнге созылатын дауылды қара суық, жауынды-шашынды мезгіл;*

дифференциалды сема: *көктемнің аяқ шенінде болады;*

дифференциалды сема: *негізінен мамыр айына тура келеді; мамырдың 23-нен басталады;*

потенциалды сема: *бұл кезде киіктер лағын өргізеді;*

потенциалды сема: *жаз ыстығының алдындағы соңғы салқын.*

Құралай атауымен байланысты шақ атауының енді бірін халқымыз «құралайдың суығы (құралайдың айы)» деп атаған. Жоғарыдағы «құралайдың салқыны» көктемнің соңғы шеніне сәйкес келсе, «құралайдың суығы» жыл мезгілінің суық кезі желтоқсанның аяғы мен қаңтардың алғашқы жартысына сәйкес келеді. Бұл кезде киік төлдейді. Киіктің төлдеу кезеңімен байланыстырып, осы кезеңдегі ауарайының өзгерісін халық шақ атауына айналдырған.

Құралайдың суығы – архисема – шақ

дифференциалды сема: *желтоқсанның аяғы мен қаңтардың алғашқы жартысында болатын суық мезгіл;*

дифференциалды сема: *қыс мезгілінің орта шенінде болады;*

потенциалды сема: *бұл кезде киік төлдейді.*

Көктем айындағы тағы бір ауа райының өзгерісіне байланысты қалыптасқан шақ атауы «көк қарғаның суығы» деп аталады. Бұл суық сәуір айының 20-ларына сәйкес келеді. Бұл кезеңде қыстың сызы кетпей, қар жаууы мүмкін. Соған орай бұл кезеңді кейде «көк қарғаның қары», «тырна қары», «науірзек қары», дегелек қары», «құс қанаты», «құс қанаты қары» деп те атаған [130, 634 б.]

Көк қарғаның суығы – архисема – шақ

дифференциалды сема: *көктем мезгілінде болады;*

дифференциалды сема: *негізінен сәуір айына тура келеді;*

дифференциалды сема: *бұл суық сәуір айының 20-ларында болады;*

потенциалды сема: *көктемнің соңғы суығы, соңғы жауған қар.*

Оңтүстік қазақтарында «көк қарға» келмей қой қырықпау салты бар. Ертегілерде «пәлен кісі көк қарға келмей ешкісін қырқып, көк қарға суығында қырып алыпты» деп келетін сюжеттер кездеседі [130, 635 б.]

Қазанның қара дауылы – архисема – шақ

дифференциалды сема: *жел тұрып, күн суытатын кез, 5-7 күндік амал;*

дифференциалды сема: *күз мезгілінде болады;*

дифференциалды сема: *негізінен қазан айына тура келеді;*

потенциалды сема: *жаз ыстығынан кейінгі алғашқы суықтың басталуы т.б.*

Осы дауылда ағаш жапырақтары түгел түсіп, көкті үсік шалып, қырау түсіп, қысқы суықтың нышаны байқалады. Ағаш жапырақтарының түсуіне орай тілімізде «қазан жапырақ» тіркесі қалыптасқан. Күз айында үсік шалған көгерісті қазан айымен орайластырып, «қазан ұрды» дейді. Қазан ұрып қуарған жерге түскен бірінші қарды «қарашаның қары» деп атайды.

Қар жауып, суық түсе бастаған кезді **боқырау** уағы деп атаған. Мысалы: Сонда 4-ші октябрьде **боқырау** жәрмеңкесінде Қостанай шаһарында қазақтарға бас қосуға рұқсат берілмегені туралы сөз қозғалды (М.Дулатов,

Шығ.). *Тіпті, былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан, кеткен болатын* (М.Әуезов, Абай жолы).

Көктемнің аяқ шенінде өтетін бес-жеті күндік жаңбырлы салқын кезді «бесқонақ» деп атаған. Мысалы: *Бесқонақтың бес күні өткен соң, дүние жсынынан айрылған бақсыдай жым-жырт бола қалды* (Ә.Кекілбаев).

в) Шаруашылыққа қатысты шақ атаулары қазақ тілінде негізінен мал шаруашылығымен байланысты пайда болған. Ата кәсібі, күнкөріс көзі малын қазақ көзінің қарашығындай сақтап, бағып-қаққан. Малдың басын көбейту негізгі мақсаты болған. Өйткені алдындағы малы күнкөрісі, бала-шағасының ішсе – сусыны, жесе – тамағы, кесе – киімі, одан арғысы баспанасы – киіз үйінің негізгі жабыны, жатса – көрпесі, отырса – төсеніші болған. Байлығы малымен есептелген. Сондықтан қазақ малды өз мұқтажына, қажетіне жарату мақсатын көздей отырып, ауарайы, табиғат құбылыстарына қарай малды төлдету, семірту, жүнін қырқу, терісін алу сияқты әрекеттерді науқан-науқанымен жүргізген. Сөйтіп, мал ұстаудың да өзіндік түрлі әдіс-тәсілдері болған. Осы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген адамдар малын қыстың суығынан, басқа да табиғат апаттарынан аман-есен алып шыққан. Шаруашылығымен байланысты әрбір науқанды сол уақытқа сәйкес келетін ай аттарына орайластырып атайтын болған. Мысалы, көктемгі төл алу кезеңін «қой қоздату науқаны» деп атаған.

Қой қоздату науқаны – архисема – шақ

дифференциалды сема: *төл алу кезеңі, қойдың жаппай төлдеу уақыты;*

дифференциалды сема: *көктем мезгіліне сәйкес келеді;*

дифференциалды сема: *наурыз айының аяқ шені мен сәуір айының іші;*

потенциалды сема: *мал төлдету, мал басын көбейту мақсатын көздейді.*

Бұл атау тілімізде «мал төлдету науқаны», «қой төлдету науқаны» түрінде де айтыла береді. Мысалы: *Көктемдегі қызу жұмыстың бірі – мал төлдету* («Қаз. әдеб.»). **Қой төлдету науқанында** көп қой қозысын әлсіз туады (Е.Наурызбаев, Төл аурулары).

«Күйек айы» – қошқар мен текеге күйек байлайтын шағы, «қыркүйек» ай аты осы шаруашылық жағдайына байланысты берілген атау болу керек. Күйек – қашырып жібермеу үшін қошқар мен текенің беліне кесе көлденең байлап қоятын киіз [130, 287 б.]. Мұны мынадай *этномәдени ақпараттар* арқылы түсіндіруге болады. Малшы-шопандар қой ерте қашып, көктем шықпай, күн жылынбай төлдеп қоймау үшін қошқар мен текеге күйек байлап қоятын болған. Халық тілінде осыған орай: «Батыстан Үркер туады, қошқар басын көтереді, күйек байлап қояды» деген сөз орамдары кездеседі. Үркердің тууы осы тамыз, қыркүйек айларына сәйкес келеді. Қазақ есепшілері Үркердің қимыл-қозғалысына қарап, жылдың қай мезгілі болғанын ажыратқан. Үркер батпай тұрған уақытты қыс мезгілі («Үркерлі айдың бәрі қыс»), Үркер іргеге (жерге)

жақындаса, көктемнің шығу белгісі деп қараған («Үркер жатқанша, жамбасқа келген соң, жаз болмай несі қалды»), Үркер көрінбей кеткен мезгіл жаз мезгіліне сәйкес келген. Үркер жерге түскен соң қырық күн аял қылады, бұл уақытты қазақ «қырық күн шілде» деп атаған. Шілде шыққаннан кейін Үркер қайта туған. Осы мезгіл күйек байлау науқанына (күйек айы) сәйкес келген.

Қазанның соңғы он күні мен қараша айының алғашқы жиырма күні аралығында қошқар мен текеге байланған киізді алып тастаған. Мұны «күйек алу» деп те атайды [130, 634 б.]. Осы кезеңде күйекке түскен қой-ешкілер көктемде төлдеп, суыққа ұрынбайтын болған. Ал «күйек алу» науқанынан бұрын қашқан қой-ешкі мезгілінен бұрын (қыстыгүні, күн жылынбай) төлдеп, суыққа ұрынып қалатын болған. Ерте туған төлді «арамза» деп атаған.

Күйек айы – архисема – шақ

дифференциалды сема: *қошқар мен текенің күйек байлайтын шағы;*

дифференциалды сема: *күз мезгіліне, қыркүйек айына сәйкес келеді;*

потенциалды сема: *қой-ешкіні уақтылы төлдету мақсатын көздейді.*

Күйек алу – архисема – шақ

дифференциалды сема: *қошқар мен текеден күйек алатын шақ;*

дифференциалды сема: *қазанның соңғы он күні мен қараша айының алғашқы жиырма күні аралығы;*

потенциалды сема: *мал төлдету, мал басын көбейту мақсатын көздейді.*

Тілімізде осы науқан атауына байланысты *күйек алу, күйек байлау, күйекке түсу, күйек қайыру* т.б. фразеологизмдер қалыптасқан. Мысалы:

Күйек алу: қойды ұрықтандыру, саулық қойларға қошқар салу. *Таңқақ шопан төлді көп алу сырлары жайында, күйек алу науқаны жайлы айтып келеді* (С. Байжанов, Сыр.). *Енді буылдыр күз таянып келеді. Қозы болса енесінен ажыратылды. Күйек алатын кез таяу* («Қаз. әдеб.»).

Күйекке түсті: қой қашты. *Қойдың ұрғашы төлі 1,5 жасында күйекке түседі* (М. Ермеков, Тарту). *Жаңа отардың күйі шетінен жадау, күйекке түсірер қоңы жоқ* (Дала қырандары).

Күйекпен байланысты тілімізде басқа да атаулар бар. «Бірнеше мыңдап топтанып жүретін ақбөкендер үйірінде маталу мерзімі жақындаған уақытта үлкен өзгеріс туады. Желтоқсан айында олар жеке-жеке шағын топтарға бөлінеді. Бұл «теке бұрқылдақ» амалының таянғанын білдіреді. Ол кезде текелер бір-бірінен аналық үйірлерін бөліп алу үшін сүзісіп, қырқысады. Соның салдарынан олардың әлсіздері қатардан шығып қалады. Мұндай текелерді халық «сасай қалысы» деп атайды. Қантар айында күйек қайырудан кейін текелер ұсақ-ұсақ топтарға бөлініп, ұрғашысынан бөлек жүреді» [132, 24 б.].

Осы күйектің алдындағы жануарлардың әрекетімен байланысты тілімізде «теке сүмбіле» деп аталатын шақ атауы да бар.

Теке сүмбіле. Тамыз айының екінші жартысы. *Қазақтар бұл айдың соңғы жартысын теке сүмбіле деп атаған* (ҚСЭ). Біздіңше, бұл шақ атауының «теке» сөзіне тіркес айтылуы жоғарыдағы «теке бұрқылдақ» атауымен сабақтас, яғни күзгі күйек алдындағы еркек малдардың іс-әрекет өзгерісіне байланысты сияқты.

Қой қырқатын науқанды «күзем айы» деп атаған. Мысалы: *Күз келіп күзем болғанын, Байқамай қалды ешкім де. Жанна жүр ойлап жол қамын, Кетем деп енді үш күнде* (А. Тоқмағамбетов, Өмір.). *Досай ауылы үлкен қоңыр таудың бетегелі төскейінде. Елдің егін-тегінді жиып алып күзем ала бастаған уағы* (І.Жансүгіров. ШЫҒ).

Күзем айы – архисема – *шақ*

дифференциалды сема: *қой жүнін қырқатын науқан, қырықтық;*

дифференциалды сема: *көктем және күз мезгілдеріне сәйкес келеді;*

потенциалды сема: *малдың жүнін күнкөріс қажетіне жарату мақсатын көздейді.*

Күзем айын «күзек айы» деп те атайды. Жазда жайлауды, қыста қыстауды жайлаған қазақ күз айында да малына қолайлы жерде болған. Мұны күздеу (күзеу) деп атаған. Демек, күзем айының атауы бір жағынан «күзе» - жүн қырқу әрекетімен байланысты уәждемесе, екінші жағынан күз мезгіліне де қатысты болу керек.

Алайда күзем айы күзгі уақытқа қатысты болғанмен, қой қырқыны, қырықтық науқаны тек күзде ғана емес, көктем уағында да жүргізілген. Қой қырқынының осы екі мезгіліне орай халқымыз көктемгі қырқудан алынатын жүнді - *жабағы*, күзгі қырқудан алынатын жүнді - *күзем* деп атаған. Көктемгі *жабағы жүн* ұйысып жататындықтан оны жылы киімнің астарына салған. *Күзем жүн* жіп-шуға, өрмекке, киіз басуға пайдаланылады [133, 115 б.]. Күзем жүннен киізден басқа байпақ, қалпақ сияқты бұйымдар жасаған. Тірі қылшықтары шығып кетеді деп күзем жүннен көрпе жасамаған. Тірі жүнді қылшықтары көрпе тысына шықпас үшін күзем жүнді тай қазанға қарып алатын болған. Күзем жүннен негізінен киіз басылған. Мысалы: *Ауыл күзем алып, киіз бастырысып жатыр* (Д.Әбілев, Ақын.).

Қозы күземі лаң сүмбіле туған соң алынатын болған.

Лаң сүмбіле – тамыз айының бірінші жартысы. *Тамылжыған қырық күн шілде ауылын артқа салған шаң еді, қазір лаң сүмбіле өтіп, үлкен сүмбіле де туып қалған шығар-ау* (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Ал тамыз айының екінші жартысын «*үлкен сүмбіле*» деп атаған.

Күзем айында осы қой қырқыны науқанының сәттілігін тілеп халқымыз «тулақ шашу» ырымын жасаған. Тулақ – үстіне жүн сабау үшін, немесе төсеніш

үшін жүні алынбай қатырылған шикі тері (ҚТТС). Тулақ – тері, қайыс, сірі, мал терісі (Ж.Бабалықұлы).

Тулақ шашу: күзем алғанда шашылатын шашу. «**Тулақ шашу** – тулаққа жүн сабап алған соң, тулақ үстіне құрт шашу ырымы» (Б.Бұқатұлы, Монғолиядағы қазақтардың тілі).

Қараөзек – көктемнің бас кезі. Бұл кез қысқы соғым таусылып, аққа ауыз жарымайтын мезгіл болған. Яғни малдың суалған, арыған шағы. Бұл уақытта арық малды жеуге татымайды деп соймайтын болған. Бұл шақ атауының «қараөзек» аталуының өзі де адам үшін тамақтың (ағарғанның, қызылдың) тапшылығымен, ал мал үшін көкке ауыз жарымаған кезеңмен байланысты. Бұл кезеңді халық «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы» деп атаған. Мысалы: «*Жуан созылып, жіңішке үзілер*» көктемгі **қараөзек шаққа әрең ілінген малға март айында кенет түскен қатты суық сор боп тиді** («Қаз. әдеб.»).

Қараөзек (шақ) – архисема – шақ

дифференциалды сема: *қысқы соғым таусылып, аққа ауыз жарымайтын мезгіл; малдың суалған, арыған шағы;*

дифференциалды сема: *көктем мезгіліне сәйкес келеді;*

дифференциалды сема: *көктемнің бас кезі;*

потенциалды сема: *малдың да, жанның да жүдеп, күш-қуаты кетіп, әлсірейтін шағы.*

Қараөзек шақты «көкөзек» (көкқарын) шақ деп де атаған. Мысалы: *Ертедегілер жазда жадырап, қымызды сіміріп, қыдырудан сасық кеңірдек болса да, көктемде көк ала шыбын көзіне үймелеп, көк өзек - көк қарын шақ та көрген* (Ақ желкен).

Қазақ тілінде уақытқа қатысты ұғымдарды **шақ атаулары** және уақытқа қатысты **өлшем атаулары** деп бөліп қарастырған жөн. Өйткені, мезгіл атаулары мен өлшем атауларының өзіндік айырмашылықтары бар. Мысалы шақ атауларына жоғарыда сөз болған талдауларымыздағы тәулік кезеңдері атаулары сияқты тілдік бірліктер жатса, өлшем атауларына: *сүтпісірім уақыт* – сүтті пісіруге кететіндей уақытты білдіретін халықтық өлшем, *шайқайнатым уақыт* – шай қайнатуға кететіндей уақытты білдіретін халықтық өлшем, *қазанқайнам уақыт* – қазанның қайнау уақытына сәйкес уақыт ұзақтығын білдіретін халықтық өлшем; *сиыр сауым уақыт* – сиыр сауып біткенге дейінгі уақыт, шамамен 15-20 минут; *бие сауым уақыт* – биені саууға кететін уақыт мөлшері сияқты өлшемдер жатады. Қазақ тілінде мұндай өлшемдер уақытқа ғана қатысты емес, кеңістікке қатысты да көптеп кездеседі. Мысалы: *қозы көген (көгеніндей) жер, қозықайырым жер, қозы көш жер* – жақын жер; *атшаптырым жер* – шамамен 2-3 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем т.б. Кеңістік өлшемдерінен атқа қатысты өлшемдердің ұзақ қашықтықты, ал қой төліне (қозы) қатысты өлшемдердің қысқа қашықтықты қамтуы олардың жүру жылдамдығына, жүру мүмкіндігіне байланысты деуге болады.

Сонымен, жоғарыдағы шақ атауларына жасаған талдауларымызды қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдар шығарамыз:

- қазақ тіліндегі шақ атауларының қалыптасуы көшпелілік өмір салтын басынан кешірген дәстүрлі қазақ қоғамының ғарышты Құдай деңгейіне көтеріп, Аспан әлеміне табынған ұлттық Тәңіршілдік дүниетаныммен тығыз байланысты. Көшпелілердің өмір туралы дүниетанымы Аспан әлемімен біте қайнасып жатқандықтан олар Аспан құдыретін өздерінің тұрмыс-тіршілігіне пайдаланған. Аспан әлемінің қимыл-қозғалысын мұқият бақылай отырып, уақытқа қатысты білімдер жүйесін жасаған;

- қазақ тіліндегі *уақыт* ұғымын сипаттайтын шақ атаулары Аспан денелері – Күн, Ай, Жұлдыздардың қимыл-қозғалысына негізделген. Әсіресе, Күн – әлемге жарық шашушы ғаламшар болғандықтан болар, тәуліктің бір бөлігі-күндіз баласы Күннің көк жүзіне көтеріліп, көрінбей батып кеткенге дейінгі аралықты сипаттайтын тәулік кезеңдері атауларының қалыптасуына негіз болған. Бұл орайда зерттеу жұмысымызда тәулік кезеңдерінің есептеу нүктесі сағат тілімен емес, Күннің аспандағы орналасуы және оны адамның (жердегі бақылаушы) қабылдауы бойынша анықталатынына көз жеткіздік;

- тәулік кезеңдерін атауда діни ұғымдардың да ықпалы болған. Ислам діні енген бойда бес уақыт намаз атауы алдымен діни ұғымда қолданылып, сол уақыт кезеңдері ассоциацияланып, шақ атауларына да айналған;

- зерттеу барысында тәулік кезеңдерін сипаттайтын негізгі шақ атауларының универб атаулар екендігін, ал әрбір тәулік кезеңінің ішкі бөліктерін сипаттауда тіркестердің жиі қолданылатынын, яғни әрбір тәулік кезеңінің *бастапқы, ортаңғы, соңғы* бөліктерін атайтын қолданыстар бар екенін түсіндірме сөздік және көркем шығармалардан жиналған материалдар бойынша дәйектедік және халық тілінде тәулік кезеңдерін атауда стильдік мақсатта қолданылған небір бейнелі тіркестер бар екендігіне ақын-жыраулар шығармаларындағы тілдік қолданыстар арқылы көз жеткіздік. Сонымен қатар, түсіндірме сөздіктердегі шақ атауларына берілген түсіндірмелердің (дефинициялардың) нақтылайтын, толықтыратын тұстары бар екендігін байқадық;

- шақ атауларын жасайтын синтетикалық сөзжасамдық тұлға ретінде *-лық, -лік* жұрнағының сөзжасамдық қызметін атап көрсетуге болады;

- уақыт кезеңдерін білдіретін атаулардың есептеу нүктесі, ең алдымен, аспан денелерінің қозғалысына негізделсе, сонымен қатар олар салыстырмалы өлшемдер бойынша да анықтала береді. Яғни сағат тілі де уақыт кезеңдерін анықтаудың шартты есептеу нүктелерінің бірі;

- жалпы алғанда, қазақ тілінде тәулік кезеңдері атауларының есептеу нүктесі, Күннің Аспандағы қозғалысын бақылаушы адамның қабылдауындағы, Күннің Аспан Әлеміндегі қозғалыс жүйесі болып табылады;

- қазақ тілі уақыт кезеңдерімен байланысты универб атаулар мен *уақыт* ұғымын білдіретін тіркестерге бай тіл.

- қазақ тіліндегі шақ атауларының қалыптасуына ауарайы мен шаруашылық жағдайы да әсер еткен;

- халқымыз өзіне етене жақын күнделікті қолданылатын тұрмыстық заттар мен құбылыстарды шақ атауларын жасауда да өлшем бірлік, шақтық меже ретінде қолданған.

2.6 Салт-дәстүр атауларының мағыналық құрамындағы уақыт ұғымының тілдік сипаты

Уақыт семантикасы көрініс табатын тағы бір назар аударарлық маңызды топ – «салт-дәстүр» тақырыптық тобы. Қоғамдағы өмір сүру салтымызды сипаттайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміздің барлығы белгілі бір кеңістік пен уақытта өтеді және бұл уақыт объективті уақыт қана емес, сонымен қатар мәдени тұрғыдан кодталған, белгілі бір тәртіпке негізделген жүйелі уақыт, яғни салт-дәстүрлердегі уақыт семантикасы бірінен кейін бірі өтіп жатқан тұрмыстық уақыт қана емес, этномәдени кодқа салынған ішкі уақыт болып табылады. Осымен байланысты бұл этномәдени уақытта созылыңқылық сипат жоқ, бұл уақыт объективті уақыт тұрғысынан шектеулі уақыт, өйткені қай халықтың болмасын өмір сүру салтында дәстүрлі іс-әрекеттер өне бойы жүріп жатпайды, ол белгілі бір жағдайларға байланысты туындап отырады. Этномәдени уақыт қоғамдағы қандай да бір қалыптасқан, дәстүрге айналған әрекеттер жиынтығына негізделеді. Бұл дәстүрлі әрекеттер жеке индивидуалды уақыттар есебінен де болып жатады. Мысалы, жекелеген адамдардың дүниеге келуі, қыздардың тұрмыс құруы т.б. Индивидуалды уақыт бір ғана адамның басында болатын жағдай емес, ол жалпыға ортақ, яғни атаулы күндер әркімнің басында болады, айналып келгенде, осы жеке адамдардағы атаулы уақыттар адамдардың барлығына ортақ дәстүрлі уақытты құрайды, сөйтіп әр ұлттың, этностың белгілі бір уақыт шеңберінде болып жататын дәстүрлі іс-әрекеттер жиынтығы қалыптасады.

Дәстүрлі этномәдени уақытты шектеулі уақыт дейтін себебіміз – оның белгілі бір оқиғалармен байланысты болып, соған орай туындап отыратын бас-аяғы бар уақыт болуымен байланысты. Яғни кез келген атаулы күн белгілі бір уақытқа бекітіледі, ол уақыт жағынан әртүрлі, бірі қысқа, бірі ұзақ бола береді. Қарапайым тілмен айтқанда, отыз күн ойын, қырық күн той жасалуы да немесе ол атаулы күннің бір күн не бірнеше сағатқа ғана созылуы мүмкін.

Дәстүрлі уақыт белгілі оқиға, атаулы күн қарсаңында не соңынан немесе оқиға болып жатқанда актуалданады. Мысалы, қазақтың салт-дәстүріндегі «тыштырма» – сәбиді бесікке салар кезде жасалатын ырым, «ерулік» жаңадан – көшіп келгендерге ауылдастардың, туыстардың не көршілердің сыбағалы тамағы (жаңа орынға көшіп келгеннен кейін жасалады), «сүйінші» – қуанышты хабар жеткізген адамға берілетін сый-сияпат, жоралғы (қуанышты хабар жеткізілгеннен кейін жасалады). Аталған салт-дәстүрлерді тілдік тұрғыдан сипаттайтын «тыштырма», «ерулік», «сүйінші» сөздерінің семантикалық құрылымында *уақыт* семасы айқын көрініс тапқан. Архисемалары – салт-

дәстүр, дифференциалды семасы – олардың этномәдени бірлік ретіндегі мағынасы (не үшін, не мақсатпен, қалай жасалатыны туралы мағлұмат) болса, екінші потенциалды семасы – осы салт-дәстүрлердің қай уақытта іске, жүзеге асатынын, орындалатынын білдіретін *уақыт* семантикасы. Нақтырақ көрсетсек:

Ерулік – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *жаңадан көшіп келгендерге сый-сияпат көрсету мақсатында көрші-қолаңның беретін тартуы (үйеме табақ ет);*

потенциалды сема: *үй маңына жаңа көршінің қоныс теуіп, көшіп келгеннен кейін жасалады;*

потенциалды сема – *көшіп келген адамдардың жаңа жерге тез үйренісіп, сіңісіп кетсін деген мақсатты көздейді.*

Сүйінші – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *қуанышты хабар жеткізген адамға берілетін сый-сияпат, жоралғы;*

потенциалды сема: *қуанышты хабар жеткізілгеннен кейін жасалады;*

потенциалды сема – *қуанышты хабар алған адамның ризашылығын білдіруі.*

Осы тұрғыдан салт-дәстүр тақырыптық тобындағы сөздерден көрінетін *уақыт* семантикасы біздің зерттеу жұмысымызға нысан етіліп отыр.

Қазақтың салт-дәстүріне қатысты фразеологиялық тіркестерді қарастырған Р.Шойбековтің пікірлерінде олардың уақытқа қатысты актуалданып отыратындығы айтылады: «Қазақ халқының тұрмысында құда болу салты айырықша орын алғандығы белгілі. Әдетте, ата-бабаларымыз қызды бесіктегі кезінен немесе бой жете бастаған кезде атастырған. Егер екі жақ балаларын бесік жасынан бастап атастырса, ұлдың ата-анасы қыздың бесігін кертіп белгі салады. Бұл ғұрыптың халық арасында *«бесіккертті»*, *«бесіккертпе»* деп аталатындығы белгілі. Өсе келе ол қыз *«бесіккертпе қыз»* деп аталған. Егер қыз бой жете бастаған кезде атастырылса, оның құлағына жігіт жағы сырға тағады. Бұл рәсім *«сырға салу»*, *«сырға тағу»* деген атаумен байланысты. ...Бала тұрақтамай жүрген ата-аналар қыздың құлағын кейде 3 жасқа дейін де тесе берген. Тіпті мұндай жағдайда ер балалардың да құлағына сырға тағу жайы кездеседі (қас күштердің бетін қайтарамыз деген түсінікпен). Бала ер жеткенде оның ата-анасы ауыл-аймағын шақырып той жасап, сол той үстінде бозбала жігіттің құлағынан сырғасын алады. Қазақта осы тойды *«сырға той»* деп атайды. ...Күйеу жігіт жағының мал немесе жамбы, ақша түрінде сыйлық апару кәдесі алғашында құда түсу рәсімін білдіретін атаулармен аталып, *«бата аяқ»*, *«тана тағар»*, *«құлақ моншақ»* секілді салттық сөздер пайда болған. Ертеде *«құлақ моншақ»* деп сырғаны айтқан. Күйеу жағынан сәукелеге деп берілетін қалыңмалдан тыс төлем қыз жасауының (сәукеле және оның әшекей бұйымдары) атымен *«бас жақсы»* деп аталған. Салт бойынша сәукеленің құны (бас жақсы) төленіп, күйеу ұрын келіп кеткен соң, қыз жасауы дайындала

бастайды» [134, 36-37 б.]. Ғалымның жоғарыда атаған этнофразеологизмдері қандай да бір салт-дәстүрлеріміздің орындалу, іске асуына уақыт семантикасының тікелей қатысатынын көрсетеді. Айталық,

«Бесіккертпе» – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *екі жақтың ұл мен қыздарын атастыру мақсатында қыз баланың бесігіне кертіп белгі салатын ырым;*

потенциалды сема: *атастырылған ұл мен қыздың бесікте жатқан, яғни бесік жасы – сәби кезінде жасалады;*

потенциалды сема: *екі жақ ұл мен қызын атастырғаннан кейін жасалады;*

потенциалды сема – *атастыру белгісі болып табылады.*

Бұл салт та уақыт жағынан баланың бесік жасында болуына және атастыру рәсімі жасалғаннан кейінгі уақытқа қатысты.

«Он томдық түсіндірме сөздікте» бұл атау тіркес түрінде беріліп, оның отқа табыну дәуірінен қалған ырым екені айтылады. Қандай ырым екені түсіндірілмейді. Он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл тіркес біріктіріліп, оған мынадай дифиниция беріледі: Бесіктегі бала шошынып ұйықтай алмаған кезде я болмаса жаңа бесікке баланы бөлемей тұрып арқалығын қыздырған темірмен бірнеше жерден күйдіріп, қаритын ырым (ҚӘТС, III, 297 б.). Демек, *бесіккертпенің* бірнеше мақсатты көздеп жасалуы мүмкін. *Бесіккертпенің* атастыру салтына байланысты атау екенін тіліміздегі мынадай ұғымдардың, атаулардың болуымен түсіндіруге болады: **Бесіккертті күйеу.** Бесікте жатқанда атастырылған күйеу. *Қайнағаның үйіне келген жігіт сол үйдегі бикештің бесіккертті күйеуі екен, бағана іңір қараңғысында шұнақ қыздың өзі келіп, айтып кетті* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). **Бесіккертпе құда.** Бесік құда. *Жамалдың колхозда тұратын ата-анасы Жамалды Тіспай байдың кіші ұлы Кенжесұлға жөргектегі кезінде бесіккертпе құда түскен-ді* (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Соңғы түсіндірме сөздікте «бесіккертпе» сөзінің осы мағынасы берілуі тиіс еді.

Сырға салу – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *атастыру белгісі ретінде жігіт*

жағының қыздың құлағына сырға тағып жасайтын жоралғысы;

дифференциалды сема: *қызға құда түсу рәсімінің үстінде жасалады;*

потенциалды сема – *бойжеткен шағында жасалады;*

потенциалды сема – *атастыру белгісі болып табылады.*

Қазіргі кезде «сырға салу» салты құдалықтың үстінде де жасала беретін болған. Демек, «сырға салу» салтының уақытқа қатысты екі есептеу нүктесі бар, оның біріншісі: қыздың бойжеткен шағы, екіншісі құда түсерден бұрынғы уақыт, олай болса, «сырға салу» салты қыздың бойжеткен кезі мен құда түсерден бұрынғы уақытқа қатысты актуалданады.

Сырғатой – архисема – салт-дәстүр

дифференциалды сема: *тіл-көзден аман болсын деген мақсатта баланың құлағына тағылған сырғаны алу кезінде жасалатын ырым;*

потенциалды сема: *бала ат жалын тартып мінер жасқа келгенде жасалған;*

потенциалды сема: *балаға тағылған сырғаны алғаннан кейін жасалған;*

потенциалды сема – *бала тоқтасы деген мақсатты көздейді.*

«Сырғатой» салтының уақытқа қатысты есептеу нүктесі – бала құлағына тағылған сырғаның алынған кезі, екіншісі, бала жасының есейіп ат жалын тартып мінер жасқа жетуі. Бұл жерден де қатыстық уақыттың нышандарын көруге болады. Яғни «сырғатойдың» өту мерзімі, уақыты жоғарыдағы есептеу нүктесі ретінде алынып отырған – сырғаның алыну және баланың есею әрекеттеріне қатысты.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде Наурыз мейрамы маңызды орын алады. Бұл мейрам тек қазақ халқының емес, барлық түркі халықтарына ортақ мереке. Күн мен түн теңелетін бұл күні ертеректе «жастар асау тайыншаны ұстап әкеліп, үстіне қуыршақ байлаған. Содан оны таң алдында қорадан үркітіп шығарып, ит қосып төңіректі азан-қазан шуға бөлеген. Ұйқыларынан оянған жұрт тайынша үстіндегі қуыршақты жаңа жылдың белгісі деп қабылдаған» [135, 22-24 б.]. А.Жылқыбаеваның жұмысында да «бие байлар», «дүкен майлау», «жұрт майлар», «сірке жияр», «тоқым қағар» сияқты салт-дәстүрлер қарастырылған [93].

Е.Жанпейісов «Қазақ тілінің этномәдени лексикасы» атты еңбегінде *ерулік, сонар, салбұрын, қара, тұл, жоқтау, сеп, ас, тоғыз, ілу, кит, ұрын/урын, көкпар, айттыру, атастыру, қалың, қалың мал, шоқ беру, қалжа, бастанғы, кесек тас, тас ату, тас алу* сияқты этномәдени семантикаға ие тілдік бірліктерге талдау жасайды. Ғалым бұл сөздерді былай түсіндіреді:

«Ерулік» – сый (ішкізіп-жегізу мәніндегі), тарту; «сонар» – алғашқыда бұл сөз «жаңа түскен күздік қар, алғашқы қар, аңшылық» деген мағыналармен байланысты шыққан; салбұрын – алыс жерге, ұзақ уақытқа аңға шығу; «тұл» – түркі тілдерінің көпшілігінде негізінен «жесір», «жетім» мағынасында қолданылған; «жоқтау» – дауыс шығарып жылау деген мағыналарды білдіретін жерлеу рәсімімен байланысты термин, түркі тілдерінде «қайғы», «жерлеу рәсімі», «қара жамылу»; «сеп» – қаралы киім, бұл сөз қазақ тілінде «жәрдем», «көмек», «жетек», «түрткі» т.б. мағыналарды білдіреді; «ас» – қайтыс болған адамды еске алу құрметіне берілетін тамақ; «тоғыз» – сыйлық, не өтем ретінде беріледі; «ілу» және «кит» сөздері үйлену салтымен байланысты, «ілу» – қалыңның негізгі құны; «кит» – қалыңдық жағынан берілетін сыйлық; «ұрын» – күйеу жігіттің қалыңдық ауылына жариялы түрде, сән-салтанатымен ұрын келуі; «айттыру» – құда түсу, қыздың келісімін алу сияқты мағыналарды білдіреді; «атастыру» сөзін де – құда түсу деп түсінуге болады [54, 47-118 б.].

Енді ғалымның жоғарыда берген этномәдени бірліктеріндегі уақыт ұғымының тілдік сипатына талдау жасап көрелік. *Ерулік* сөзінің семдік құрылымы жоғарыда көрсетілді. Е.Жанпейісов «ерулік» сөзінің этимологиясы туралы көптеген ғалымдар пікірін келтіре отырып, бұл сөздің алғашында «орын, жайлы қоныс, тұрақ, еркіндік» мағыналарында қолданылғандығын, ал «сыйтамақ» ретіндегі мағынасы кейін пайда болған деген пікір айтады. Ғалымның тұжырымдауынша, бұл атаудың түбірі «еру» сөзі, басқа көне түркі тілінде *erig* – тұрақ, қоныс, аялдама сияқты мағыналарды білдіреді. Бұл мәнде «еру» сөзі қазақ тілінде де кездеседі. Мысалы: «Еру елдің ерулігі бар», «Ер еруде бала мінезді» т.б. Ал «еру» сөзінің бастапқы формасы «ерік», «ерігу» сөздері болуы да мүмкін [54, 48 б.].

Жоғарыда аталған «сонар», «тұл», «салбұрын», «сеп» сияқты атаулардың семдік құрылымында *уақыт* семасы бола тұра, бұл тақырып салт-дәстүр атауларымен байланысты болғандықтан, архисемалары осы ұғымды беретін этномәдени бірліктерді ғана таңдап аламыз.

Жоқтау – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақындарының қайғылы зары, өлеңге құрылған жыры;*
потенциалды сема: *әдетте, қайтыс болған адамның жақындарына көңіл айтып келген кезде – көрісу кезінде айтылады;*

потенциалды сема: *кісі қайтыс болғаннан кейін айтылады;*

потенциалды сема: *кісі қайтыс болғаннан бастап, жерлегенге дейін, жетісін, қырқын беру рәсімдерінің үстінде айтылады;*

потенциалды сема – *іштегі қайғы-зарды сыртқа шығару;*

потенциалды сема – *артында жоқтаушысы бар екендігін білдіру*

«Жоқтау» рәсіміндегі *уақыт* ұғымы жоғарыда көрсетілген әрекеттерге қатысты. Олар: кісінің қайтыс болуы, көңіл айту кезі және қайтыс болған адамның артынан берілетін, жасалатын рәсімдер (жетісі, қырқы, жерлеу).

«Жоқтау» атауының сөзжасамдық уәждемесі анық, түбірі – «жоқ» сөзі, *-та* – етістік тудырушы жұрнақ, *-у* – қимыл атау формасы, алғашқыда қимыл атауы ретінде қолданылып, кейін тұрақтанып, субстантивтеніп, дерексіз заттық атауға айналған. Е.Жанпейісов бұл сөздің «жылау» мағынасында кейбір түркі тілдерінде (құмық, татар, түркімен) «*жасла*» (йасла, йаслат) сөзі қолданылатынын айтады. Бұл рәсім қазақ тілінде «дауыс шығару», «дауыс салу», «дауыс айту», «дауыс қылу», «ат қою» сияқты атаулармен сабақтас. «Жоқтау» сөзінің бұл аталған атаулардан өзгешелігі, біріншіден, рәсім атауы ретінде қалыптасуы, екіншіден, әдеби жанр ретіндегі функциясы, үшіншіден, универб дәрежесіне жетуі т.б.

Ілу – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *құдандалы адамдардың бірінші кездескенде бір-біріне сыйға тартатын, құрмет үшін беретін заттары, тарту;*

потенциалды сема: *құда түсу рәсімінің үстінде жасалады;*
потенциалды сема – *бір-біріне сый-құрмет көрсету нышанымен беріледі.*

Е.Жанпейісов «ілу» сөзінің М.Әуезов шығармаларында қалыңның негізгі құны, қалыңмал басы ретінде қолданылғанын (Мысалы: *Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді* (М.Әуезов, Шығ.), сонымен қатар «ілу» атауының монғол тіліндегі а) бесік (колыбель, люлька), ә) сом алтын, сом күміс мағыналарын білдіретін «өлгий» сөзімен байланысты болуы мүмкін деген пікір айтады [54, 80 б.]. Бұл тұжырымды негізге алсақ, «ілу» деп алдымен сый, тарту ретінде берілетін бесік жамбыны атаған. Кейін құдандалы адамдардың бір-біріне беретін басқа да сыйлы заттары осылай аталатын болған.

Киіт – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *құда-құдағиларға киім-кешек түрінде берілетін сыйлық;*

потенциалды сема: *құда шақыру, құда түсу рәсімдерінің үстінде беріледі;*

потенциалды сема: *киіт кигізу құда шақыру рәсімінің аяқ шенінде, қайтар алдында жасалады;*

потенциалды сема – *бір-біріне сый-құрмет көрсету нышанымен беріледі.*

«Киіт» сөзі қазіргі тіл қолданысында сөйлеу тілінде көбінесе «кит» тұлғасында айтылады: *кит кигізді, кит әкелді, кит берді* т.б. Бұл сөздің бастапқы түбірі «ки» етістігі, осы етістік түбірінен жасалған «киім» сөзі киілетін зат ретінде заттық атауға ие болса, осы сияқты сыйға тартылатын, құдалыққа келген адамдарға берілетін киім ретінде «киіт» атауына ие болған. Мысалы, *«киіт киіп, мініт мініп қайтты»* дегендегі «миніт» сөзі тарту ретінде мінгізілген, берілген ат дегенді білдіреді.

Тоғыз – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *құдандалы не туыс адамдардың бір-бірінің үйіндегі той-томалаққа, өлген-жеткенге апаратын тоғыз түрлі тартуы;*

потенциалды сема: *белгілі бір жағдайларға байланысты, яғни жақын адамының үйінде той болғанда не кісісі қайтыс болғанда апарылады;*

потенциалды сема – *жақындығын, сый-құрметін білдіру мақсатында жиын-тойға көмек болсын деген нышанда жасалады.*

Тоғыз саны – киелі сандардың бірі. Қазақ халқында ғана емес бұл санмен байланысты мәдени бірліктер басқа түркі тілдерінде де бар. І.Кеңесбаев «жеті», «үш», «тоғыз», «қырық» сандарына байланысты жазған мақаласында «тоғыз» санына қатысты көптеген этнографиялық оралымдар туралы мәлімет береді [136]. Қазақ тілінде бұл санға қатысты мынадай этнографиялық бірліктер бар:

бір тоғыз, екі тоғыз, түйе басы тоғыз, жамбы бастатқан тоғыз, тоғыз кесу, тоғыз апару, тоғыз әкелу т.б. Бұрынғы кезде дәстүрлі қазақ қоғамында «тоғыз» жоғарыда аталған жағдайларға байланысты ғана жасалмаған. Бәйгеге де тоғыз тігетін болған, сонымен бірге өтем, құн ретінде де берілген. Және тоғыз түрлі заттың (мата, мал, алтын, күміс т.б.) ішіндегі ең құндысы, бағалысы «тоғыз басы» деп аталған. «*Тоғыз басы*» көбінесі малдан – түйе, сом күміс, матадан – масаты, барқыт сияқты қымбат маталар болған. Демек, қазақ халқындағы, қазақ мәдениетіндегі «тоғыз беру», «тоғыз атау» салты белгілі бір оқиғаларға қатысты болған. Ал қандай да болмасын оқиға, іс-әрекет уақыт ішінде өтеді. Сондықтан бұл этномәдени бірліктің мағыналық құрылымында *уақыт* семасы міндетті түрде көрініс табады. Яғни «тоғыз» кез келген уақытта, кез келген кезде жасалмайды, оның актуалданып, қолданысқа енуі белгілі бір этномәдени уақытқа тәуелді. Е.Жанпейісов «тоғыздың» М.Әуезов шығармаларында бірнеше мағынада қолданылғандығын айтады. Олар:

а) бәйгеге тігілетін зат ретінде. Мысалы: *Тойғұлының асында бәйге тікті Тоғыз қыз аргын берген жетімінен* (Сара Тастанбекова);

ә) жерлеу рәсіміне қатысты берілетін зат. Мысалы: *Підиясының өзі талай тоғыз болып саналады. Бас тоғызы түйе, екінші тоғызы жылқы, аяғы қой, ешкі тоғыздары және ішіккілем сияқты тоғыздар еді* (М.Әуезов, Шығ.);

б) құн, өтем ретінде берілетін зат: *Оразбай пәлеге тоймас қалпымен енді тағы асқындай түсіп айып тіледі. Айтқазы өз аузынан өз жағына екі тоғыз айып атады* (М.Әуезов, Шығ.) [54, 76 б.]. «Тоғыз» санына қатысты салт-дәстүрлер басқа түркі тілдерінде де тұрақты түрде сыйлық, тарту, өтем сияқты мағыналарда қолданылады. Мысалы, монғолдарда ханға арнайы берілетін сыйлық тоғыз түрлі болған, татарларда қалыңдыққа берілетін сыйлық та тоғыз түрден тұратын болған т.б.

Ұрын келу – архисема – салт-дәстүр

дифференциалды сема: *күйеу жігіттің айттырған қыздың аулына жеңгелеріне сый-сияпат алып, жасырын келуі;*

потенциалды сема: *күйеу жігіт пен қалыңдық атастырылғаннан кейін, қыздың қалыңмалы төленгеннен кейін болады;*

потенциалды сема: *үйлену, қыз ұзату салтының алдында болады.*

потенциалды сема – *күйеу жігіттің айттырылған қызбен жақын танысу мақсатында жасалады.*

Біз «ұрын келу» атауының бірінші дифференциалды семасын он томдық түсіндірме сөздіктегі дифинициясы бойынша беріп отырмыз. Н.Ильминский еңбегінде де «ұрын» сөзінің жасырын, құпия деген мағыналарды білдіретіні, ал «ұрын келу» тіркесі жасырын келу мағынасын білдіретіні айтылады [137, 75 б.]. Осы атауға қатысты қазақ тілінде басқа да пікірлер бар. Айталық, Е.Жанпейісов жалпы бұл салттың қазақтың дәстүрлі мәдениетінде жасырын түрде болмағанын, яғни жариялы, ашық өткізілгенін айтады. Бұл атаудың мағынасын жасырын келу әрекетімен байланыстыратын ғалымдар оның «ұрлық» сөзімен түбірлес дегенді айтады. Ал «ұрын келу» атауын күйеу

жігіттің қалыңдық аулына жариялы түрде, сән-салтанатымен келуі деген мағынасын дұрыс деп көрсетушілер оны «ұрық, ұрпақ» сөздерімен сабақтастырады. Мысалы осы мағынада қазақ тілінде мынадай фразеологизмдер қалыптасқан: «ұлын ұрымға, қызын қырымға қондырды», «ұлың өссе ұрымға, қызың өссе қырымға» т.б.

Академик Ә.Қайдар *ур ~ ұр ~ өр* түбірінен қазақ тілінде *ұрпақ, ұрық, үрім, ұрғашы, өрен, үрім-бұтақ* сөздері жасалғанын көрсетеді [138]. Е.Жанпейісов «ұрын келу» атауын осы аталған сөздермен мағыналас деп тауып, туыстасу, қан араласу мағынасында пайда болған деген тұжырым жасайды [54, 88 б.].

Ал «ұрын келу» атауының семантикалық құрылымындағы *уақыт* семасы бірнеше есептеу нүктесі бойынша актуалданады, бірінші қыз бен жігіттің атастырылуы, екіншісі қыздың қалыңмалы төленуі. Яғни ұрын келу салты осы аталған іс-әрекеттерге қатысты, бұл жерде де уақыттың қатыстылығы келіп шығады.

Айттыру – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *күні бұрын құда түсу, атастыру салты;*

потенциалды сема: *қыз бойжеткенен кейін жасалады;*

потенциалды сема: *үйлену, қыз ұзату салттарынан бұрын жасалады.*

Бұл атау, тұлғалық құрылымынан анық көрініп тұрғандай, етістіктен жасалған: түбірі – *айт* етістігі, *-тыр* – өзгелік етіс формасы, *-у* – қимыл атауы. Сөзжасамдық тұрғыдан етістік түбіріне жалғанған *-тыр* – етіс тұлғасы алғашында форма тудырушы қызметте жұмсалған, яғни «біреуге айтқызу» мағынасын білдірген, кейін конверсия тәсілі арқылы тұтасып, түбір мен қосымшаға ажыратылмай қолданылатын болған. *-у* тұлғасы жалғанып, қимылдың атауы ретінде (айттыруға барды) қолданылып, кейін этномәдени ұғым атауы ретінде қалыптасқан. Бұған дәлел, «айттыру» сөзін етістік, яғни қимыл атауы мәнінде де, дерексіз зат (ұғым) атауы ретінде де тануға болады. Яғни «айттыру» сөзін түсіндірме сөздіктерде сөзтізбеде (реестрде) омонимдік қатарда беріп, бірінің тұсына зат есім, бірінің тұсына қимыл есімі деген белгі қоюға болады. Н.К. Дмитриев тарихи тұрғыдан «айт» етістігін *-ай* мен *-т* қосымшасына ажыратып, *-т* тұлғасын өзгелік етіс жұрнағы дегенді айтады [139].

Салт-дәстүрлер атауларындағы *уақыт* семантикасы (бұл жерде олардың қай уақытта өту мерзімімен байданысты) бір қарағанда сөз деңгейінде байқала, аңғарыла бермеуі де мүмкін. Бұл сөздердегі *уақыт* семантикасын оларға берілген семдік талдаулардан, сөздік дефиницияларынан көруге болады, сонымен қатар коммуникативтік жағдаяттарда сөйлеу тілінде көрініс табады.

Салт-дәстүр атауларын олады өткізу рәсімімен байланысты мынадай топтарға жіктеуге болады:

1. Адамның әлеуметтік **жас кезендерімен** байланысты салт-дәстүр атаулары. Бұл топқа мынадай атаулар енеді: *шілдехана, қырқынан шығару,*

үзеңгіден өткізу, тұсау кесер, ашамай, сүндетке отырғызу т.б. Салт-дәстүрлердің бұл тобы қазіргі уақытта белсенді түрде қолданысқа енген. Кеңестік дәуірде бұл салт-дәстүрлердің көпшілігіне шектеу қойылуымен байланысты бұл атаулар да пассив лексикаға айналып бара жатқан болатын. Қазіргі кезде олар актив лексика қатарына өтуде. Бұл топтағы сөздердегі *уақыт* семантикасының есептеу нүктесі адамның жас кезеңдері болып табылады. Мысалы, «сүндетке отырғызу» салты адамның 5-9 жас аралығында жасалады, «қырқынан шығару» дәстүрі нәрестенің туған күнінен бастап санағанда қырық күн өткеннен кейін жасалады. Бұл сөздердегі *уақыт* семантикасы адамның жас ерекшелігімен байланысты.

XIX-XX ғасыр бас кезіндегі қазақтардың жылқы шарушылығы тақырыбында тарихи тұрғыдан диссертациялық жұмыс жазған А.Тоқтабаев Алтай және Тарбағатай қазақтарындағы «үзеңгіден өткізу», «ашамай» дәстүрлері болғандығын айтады. «**Үзеңгіден өткізу**» рәсімі бойынша, туғанына қырық күн толған баланы жаялыққа мықтап орап, ат үстінде отырған батырдың, жыраудың т.б. құрметті адамдардың (сол адамдардың қадір-қасиеті дарысын деген мақсатпен) оң жақ үзеңгісінен өткізетін болған. Сонымен қатар ұл бала үш жасқа келгенде атқа ертоқым салып, баланы отырғызатын болған, ат үстінде отырған балаға ауыл ақсақалдары ақ жол тілеп, бата берген. Бұл рәсім «**ашамай**» деп аталған. Бұл ұл баланың атқа алғаш отыру құрметіне жасалған [94, 19 б.]. Ал, жалпы алғанда, «ашамай» – алды-арты сүйемелі биіктеу келген екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған балаға арналған ер деген мағынаны білдіреді, түсіндірме сөздіктерде де осы түрде берілген. Мысалы: *Балаларды буыны қатысымен ашамай ерттеп, атқа отырғызып қояды. Сонан соң аттың құлағында солар ойнамағанда, кім ойнасын* (Н.Баяндин, Құм асты.). Демек, *ашамай* – балаларға арналған ертоқымның аты, ертоқым түрі, ал баланың алғаш атқа мініп, ертоқымға отыруына орай жасалатын қуанышты ырымның «ашамай» аталуы кездейсоқ емес.

2. Салт-дәстүрлер атауларының келесі тобында *уақыт* семантикасы адам өміріндегі жаңа бір **әлеуметтік жағдайлармен**, бір әлеуметтік топтан екінші бір әлеуметтік топқа өтуімен байланысты болып келеді. Мысалы, үйлену салтына қатысты рәсімдердің барлығы адамның некеге тұру уақытымен байланысты жасалады. Мысалы, «*шашу*» (келін түскенде құрт, ірімшік, кәмпит, күміс ақшаны құрмет тұтып шашу ырымы) – үйлену тойының (келін түсіру) тойының басында, қалыңдықтың күйеу жігіттің үйіне алғаш келген кезінде жасалады. «*Құда түсу*» – біреудің қызын баласына айттыра бару. Бұл тіркес құрамында «үйлену тойының алдында жасалатын жоралғы» деген дифференциалдық сема бар. «*Өлтірі*» – қалыңдықтың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі кәде, құдайы мал. Бұл кәде де үйлену тойынан біразырақ уақыт бұрын жасалады. Бұл сөздердегі *уақыт* семантикасы адамның әлеуметтік жағдайларымен байланысты.

3. Үшінші топқа тұрмыстық, **шаруашылық жағдайларымен** байланысты салт-дәстүрлердің атаулары жатады. Мысалы, «сабантой» – егін салып немесе астықты жинап алған соң өткізілетін той-мереке, қызық-думан.

Сабантой – архисема – *салт-дәстүр*

дифференциалды сема: *диқандардың жиып-терген астыққа құран бағыштап, ат шаптырып, балуан күрестіріп ұлан-асыр той жасауы;*

потенциалды сема: *егін салып немесе астықты жинап алған соң өткізіледі;*

потенциалды сема: *күз мезгілінде жасалады;*

потенциалды сема – *жыл бойғы еткен еңбектерінің еш*

болмағандығын, зая кетпегендігін білдіру мақсатында жасалады

Мысалы: *Әдеті Дағыстанның болған салты, Жылында егіннен соң барлық халқы, Жиналып бір тамаша өткізеді, «Сабантой» аталатын мұның аты (И.Байзақов, Құралай.).*

«Сабантой» атауының семантикалық құрылымындағы *уақыт* семасы, әдеттегідей, қатыстық уақыт болып табылады, біріншіден, ол күз мезгілінің түсуіне, екіншіден, астықтың жиналу әрекетіне, науқан уағына қатысты.

Діни салт-дәстүрлердегі уақыт семантикасы. *Уақыт* ұғымы қандай да бір әрекетті белгілі бір бірізділікпен орындауда ғана емес, салт-дәстүрдің қандай да бір ішкі факторларға қатысына қарай да тілден көрініс тауып жатады. Осымен байланысты діни салт-дәстүрлер атауларын мынадай топтарға жіктеуге болады.

1. Есептеу нүктесі **діни рәсімді**, әрекетті орындау уақыты болатын діни салт-дәстүрлер атауы. Бұл топқа мынадай сөздер жатады: *таң намазы, бесін, екінті, жашыйық намаз, тарауық, пітір, тасаттық, ораза, жарпазан, айттық, айт, азан* және т.б. Бұл сөздердің семантикалық құрылымында белгілі бір есептеу нүктесі бар *уақыт* семасы бар. Мысалы, «таң намазы» – шығыстағы көкжиектен таң рауанданғаннан басталып, күннің шығуына аз-ақ қалғанға дейінгі уақыт, бұл сөзде «таңға дейінгі уақытты» білдіретін *уақыт* семасы көрініс тапқан. «Бесін» (бесін намаз) – күн дәл төбемізден біраз ауғаннан басталады да, жер бетіндегі тік тұрған әрбір заттың көлеңкесі өз бойынан бір немесе екі есе ұзарғанға дейін жалғасады. «Екінті» (екінті намаз) – бесін уақытының аяқталуынан басталып, күн ұясына кіргенге (батқанға) дейінгі уақыт. «Ақшам» (ақшам намаз) – күн батқаннан кейін басталып, күн ұясына кіргеннен кейінгі батыстағы қызыл ала шапақ сөнгенге дейін жалғасады. «Жашыйық» (жашыйық намаз) – ақшам намазының уақыты біткеннен басталып, таңғы намаздың уақыты келгенге дейінгі аралықтағы уақыт. «Тарауық» – ораза айында кешкі ауызашардан кейін оқылатын намаз; «пітір» – ораза айында жан басынан алынатын діни салық, бұл сөздегі *уақыт* семасы «ораз уақытындағы» салт-дәстүрмен байланысты (ҚТТС, IX, 22 б.).

2. Діни салт-дәстүрлерді білдіретін атаулардың екінші тобы есептеу нүктесі **адамның қайтыс болуына** қатысты сөздер. Мысалы: *жаназа, үші, жетісі, қырқы, ясин, кере, аза және т.б.*

«*Жаназа*» – мұсылмандардың өлген адамға оқылатын құран сүрелері (ҚТТС, III, 626 б.), бұл сөзде «адам қайтыс болғаннан кейін жасалатын» әрекет, ырым деген уақыт семасы бар. «*Үші*» – өлген адамды еске түсіру үшін үш күннен кейін берілетін ас (ҚТТС, X, 20 б.), «адам қайтыс болғаннан бастап санағандағы үшінші күн», «*жетісі*» – өлген адамның артынан жеті күннен кейін берілетін ас (ҚТТС, IV, 118 б.), «адам қайтыс болғаннан кейінгі жетінші күн». «*Ясин*» – жан-тәсілім етер алдында оқылатын дұға; құранның бір сүресі, бұл сөздің де семантикалық құрылымында «өлер алдындағы» әрекетті, діни салт-дәстүрді білдіретін сема бар. «*Қырқы*» – «адамның қайтыс болғаннан кейінгі қырқыншы күн».

Біз намазға қатысты діни атауларды жоғарыда аспан денелеріне қатысты уақыт мәселесіне арналған тақырыпта, сонымен қатар қазаға қатысты діни атауларды тағам атауларына арналған тақырыпта қарастырғандықтан қысқаша ғана тоқталып өттік.

Сонымен, ұлттық-этнографиялық салт-дәстүрлер *уақыт* ұғымынан тыс қаралмайды. Салт-дәстүрлердің жасалу, өту әрекетінің барлығы да белгілі бір кеңістік пен уақытты қажет етеді. Жалпы алғанда, уақыттан тыс тұратын объективті дүние жоқ, бұл уақыт пен кеңістіктің материя өмір сүруінің формалары болып табылатындығының дәлелі. Ал *уақыт* семасы тілдегі салт-дәстүрлер атауларының құрамындағы потенциалды семаларының бірі болып табылады. Бұл сөздердегі *уақыт* семантикасының есептеу нүктесі ретінде *адам өміріндегі белгілі бір жас кезеңдері мен адамның әлеуметтік жағдайларының өзгеру кезеңдері және тұрмыстық, шаруашылық жағдайлары* алынады. Ал діни салт-дәстүрлер атауы болатын сөздерде *уақыттың есептеу нүктесі қандай да бір діни рәсімді, әрекетті орындау және адамның қайтыс болу кезеңін* меже етеді.

3 «УАҚЫТ» ҰҒЫМЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ

3.1 Қазақ тіліндегі шақ категориясын жіктеу ұстанымдары

Біріншілік функционалды-семантикалық категориялар морфологиялық категорияларды негіз етеді. Мұндай семантикалық категорияларда морфологиялық категориялар негізгі семантикалық функцияны, яғни негізгі тілдік құрал қызметін атқарады. Сондықтан морфологиялық категория мен семантикалық категорияның білдіретін мағыналары да бір-бірімен байланысты болып келеді. Морфологиялық категория функционалды грамматикада семантикалық функцияны орындаушы бір тілдік құрал ретінде семантикалық категориялардың құрамына енеді. Яғни морфологиялық категория бірліктері – функционалды-семантикалық категориялардың тұтас сөйленімнен (сөйлеуден) көрінетін семантикалық мағынаны беретін әрдеңгейлі тілдік құралдарының бірі. Олай болса, темпоралдылық категориясын грамматикалық шақ категориясына қатыссыз қарастыру мүмкін емес.

Қазақ тілінде грамматикалық шақ категориясы күні бүгінге дейін «формадан мағынаға қарайғы» семасиологиялық бағыт бойынша зерттеліп келді. Құрылымдық грамматикадағы шақ тілдік ортадағы грамматикалық шақ формаларының мағыналарын айқындап, оларды осы шақ, өткен шақ, келер шақ түрлеріне, сонымен қатар бұл үш шақты іштей кіші топтарға жіктеумен шектеліп отырды. Әрбір шақ көрсеткішінің өзіне телулі мағынасы болды. Мысалы, *-ды, -ді* жедел өткен шақты, *-мақ -мек* мақсатты келер шақтық мағынаны білдіреді делініп, осы тұрғыдан қарастырылды. Шақ формаларының контекстік мағыналары, бірлі-жарым зерттеулерде болмаса, назардан тыс қалып отырды. Бұдан тілдік бірліктерді семасиологиялық бағыт бойынша-ақ әрі құрылымдық, әрі функционалды тұрғыдан қарастыруға болатындығына көз жеткіземіз.

Демек, дәстүрлі грамматикада шақ категориясы белгілі бір шектеулі аяда ғана құрылымдық тұрғыдан түр-түрге бөлініп жіктелгені болмаса, әрбір шақ көрсеткішінің бүкіл тіл жүйесіндегі мағыналық мүмкіндіктері толық анықталмаған. Бұл семасиологиялық бағытағы функционалды зерттеулердің мақсатына жатады.

Етістіктің шақ категориясын зерттеудің маңыздылығы туралы елуінші жылдары-ақ осы категорияны зерттеген ғалым Т.Қордабаев былай дейді: «Әдеби тіліміздегі шақ категориясы – әрбір саласы күрделі еңбекке тақырып боларлықтай көлемді, күрделі категория. Мұның ұшан-теңіз формалық байлықтары әр алуан мағыналық байлықтарымен ұштасып жатады. Сөз таптары категориясы ішіндегі етістіктің алатын орны қандай көлемді, күрделі, әр жақты, кең салалы болса, жеке сөз таптарына тән категориялар ішінде шақ категориясының алатын орны да сондай маңызды. Мұның ғылыми дұрыс шешілуі – кезек күтуді көтермейтін теориялық жағынан да, практикалық жағынан да ерекше мәні бар, қазақ тілі ғылымының бүгінгі таңдағы толғағы жеткен қажетті мәселелерінің бірі» [140, 37 б.].

Қазақ тілінде етістіктің шақ категориясы құрылымдық тұрғыдан мүмкіндігінше зерттеліп, олардың грамматикалық мағыналары мен грамматикалық көрсеткіштері, категориялық сипаты өз дәрежесінде айқындалған деуге болады. Құрылымдық (дәстүрлі) грамматиканың негізгі зерттеу нысаны грамматикалық формалардың мағыналары мен қызметін анықтау болды да, осы мақсатта «формадан мағынаға қарайғы» бағыт басшылыққа алынды. Дәстүрлі грамматика белгілі бір форманың грамматикалық сипатын айқындауды мақсат етті. Форманың, яғни қандай да бір тұлғаның мағынасы, қызметі, сөз табына, грамматикалық категория құруға қатысы анықталды. Осы тұрғыдан дәстүрлі грамматиканы формальді грамматика деуге де болады. Алғашқы грамматикалардан бастап күні бүгінге дейінгі грамматикалық еңбектерде етістіктің шақ категориясы осы бағыт бойынша зерттеліп келді. Бұған шақ категориясының зерттелу тарихына шолу жасай отырып көз жеткізуге болады.

Түркологияда етістіктің шақ категориясы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап А.Троянский [141], А.КаземБек [142], Алтай тілі грамматикасы [143], С.В.Ястремский [144], З.Алексеев [145] т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылады. Түркологиялық еңбектердегі шақ категориясының жіктелу мәселесіне тоқтала келе, Т.Қордабаев: «Тіл-тілдердің грамматикаларында етістік шақтарын логикалық негізгі үш шаққа бөлу – тіл ғылымы тарихында ерте заманнан бері келе жатқан әдет. Осы әдет бойынша, түркологтар да түрік тілдеріндегі шақтарды осы шақ, өткен шақ, келер шақ деп үшке бөледі де, мағыналық ерекшеліктеріне қарай, әр шақтың өз ішінен әр алуан салаларын логикалық негізгі үш шақтың жеке тармақтары ретінде көрсетеді», - деген қорытынды жасайды [140].

Т.Қордабаев еңбегінде шақ категориясы Кеңестік дәуірге дейін практикалық грамматикалар көлемінде ғана сөз болып, қысқа берілгендігі, көпшілігінде шақ түрлерінің аты аталып, бірді-екілі мысал ғана болмаса, оның формаларын, мағыналық ерекшеліктерін байқататындай ғылыми анықтаманың жоқтығын айтады. Сонымен қатар түркологтардың кейбірі етістікке тән формалардың барлығын шақтық көрсеткіштер деп таныса, екінші біреулері шақтарды тек есімше, көсемше формаларына байланысты ғана қарайды [140, 16 б.].

Кеңестік дәуірде жазылған түркологиялық еңбектер И.Боровков, Н.К.Дмитриев [146], Н.П.Дыренкова [147], А.Усманов пен В.Азизов [148] т.б. түркітанушылар авторлығымен жарыққа шықты. Бұл ғалымдар еңбектері 40-жылдарды қамтиды. Оларда шақ үш түрге бөлінгенмен, оның ішкі мағыналық топтарын айқындауда алшақтықтар кездесіп отырады.

Қазақ тіл білімінде кеңестік дәуірге дейін М.Терентьев [149], П.М.Мелиоранский [150], В.В.Катаринский [151], Н.Созантов [152] еңбектерінде шақ категориясы түркологиялық еңбектердегідей үш түрге бөлініп қарастырылды.

Кеңес дәуірінде грамматика оқулықтары А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов еңбектерінде, С.Аманжолов [153], С.Кеңесбаев, С.Жиенбаев [154], Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев [155] т.б. ғалымдар авторлығымен жарыққа шықты.

Біздің мақсатымыз шақ категориясының түрлерін жіктеуге негіз болған ұстанымдық белгілерді анықтау болғандықтан, қазақ тіліндегі өткен шақ, осы шақ, келер шақ түрлерінің ішкі мағыналық топтарын, субкатегорияларын жинақтап қана көрсетеміз.

Өткен шақ:

1) айғақты (-ды, -ді, -ты, -ті; -ған, -ген, -қан, -кен (еді); -ып, -іп, -п еді; -ушы еді, -уші еді; айғақсыз (-атын, -етін, -йтын, -йтін; -ып, -іп, -п; -ған, -ген, -қан, -кен екен; -са, -се керек; -ған, -ген, -қан, -кен шығар (сияқты, тәрізді, білем, көрінеді); ауыспалы шақтық көсемшенің жақ жалғаулы түріне *екен* сөзінің қосылуы арқылы да жасалады) (Н.Т.Қордабаев);

2) ежелгі (-ды, -ді, -ты, -ті); жедел (-ыл, -іл, -л + -ды, -ді); бұрынғы (-ған, -ген, -қан, -кен); тиянақсыз (имперфект – -ған, -ген, -қан, -кен еді, -ып, -іп, -п едік, еді) (Н.Т.Сауранбаев);

3) жедел (-ды, -ді, -ты, -ті); бұрынғы (-ған, -ген, -қан, -кен); ежелгі (-ып, -іп, -п); дағдылы (-атын, -етін, -йтын, -йтін; -ушы еді, -уші еді), қатысты (сөйлеу кезінен бұрын болып өткен іс, қимылдың өткен қимылмен ұштасып, соған байланысып өткендігін білдіреді) (Ы.Маманов);

4) ашық (айғақты) (-ды, -ді, -ты, -ті), (-ған, -ген, -қан, -кен); (-атын, -етін, -йтын, -йтін); -ып, -іп, -п еді, -ған, -ген, -қан, -кен еді, -ушы, -уші еді, жатыр, жүр, отыр, тұр еді; танық (айғақсыз) -ып, -іп, -п еді, -ған, -ген, -қан, -кен екен, -а, -е, -й + -ды, -ді, -ты, -ті екен; неғайбыл (ауыспалы) -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек еді (А.Ысқақов);

5) жедел: (-ды, -ді, -ты, -ті); бұрынғы (-ған, -ген, -қан, -кен); ежелгі (-ып, -іп, -п); дағдылы (-атын, -етін -йтын, -йтін; -ушы еді, -уші еді) (М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкенова);

6) жедел (-ды, -ді, -ты, -ті); бұрынғы (-ған, -ген, -қан, -кен); ауыспалы (-атын, -етін, -йтын, -йтін) (С.Исаев);

Осы шақ:

1) нақ осы шақ (отыр, жүр, жатыр, тұр + баяндауыш жалғауы); жалпы осы шақ ауыспалы осы шақтың көсемшелері + баяндауыш жалғауы); ауыспалы осы шақ тұйық рай + -да, -де, -та, -те жұрнақтары+баяндауыш жалғауы) (Т.Қордабаев);

2) ауыспалы -а, -е, -й+жіктік жалғауы); нақтылы (-ып, -іп, -п келді) (Н.Т.Сауранбаев);

3) Қазақ тілінде осы шақты білдіретін арнайы грамматикалық форма жоқ. Нақ осы шақтық мағына созылыңқы сыпатқа жіктік жалғауы тікелей жалғануы арқылы пайда болады (Ы.Маманов);

4) жалпы (-а, -е, -й); нақ (-ып, -іп, -п, -а, -е, -й+жатыр (жүр, отыр, тұр); неғайбыл (-ғалы, -гелі, -қалы, -келі жатыр (жүр, тұр, отыр), -йын деп жатыр (жүр, тұр, отыр) (А.Ысқақов);

5) нақ, ауыспалы: -уда, -уде (М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкенова);

б) нақ осы шақ: а) отыр, жатыр, жүр, тұр қалып етістіктерінің жіктелуі;
ә) -а, -е, -й тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жатыр, жүр* қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесінен жасалады; ауыспалы осы шақ: -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі (С.Исаев).

Келер шақ:

1) сенімді келер шақ: -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек+баяндауыш жалғауы; -ар, -ер, -р+баяндауыш жұрнағы; -ғалы, -гелі -қалы, -келі отыр, жатыр, жүр, тұр (еді); сенімсіз келер шақ: -ар, -ер, -р; -атын, -етін, -йтын, -йтін шығар, болар, сияқты (Н.Т.Қордабаев);

2) шексіз (-ар, -ер, -р+жіктік жалғауы); шектеулі (-ғалы, -гелі, -қалы, -келі отыр, жүр, жатыр, тұр); мақсатты (-а, -е, -й+жіктік жалғауы) (Н.Т.Сауранбаев);

3) ауыспалы (-а, -е,-й); болжалды (-ар, -ер, -р); ниет (-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) (Ы.Маманов);

4) жалпы (ашық) (-а, -е, -й); болжалды (-ар, -ер, -р); мақсатты (-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек+шы) (А.Ысқақов);

5) ауыспалы: -а, -е, -й; болжалды: -ар, -ер, -р, -мас, -мес; мақсатты: -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек+шы (М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкенова);

б) болжалды келер шақ: -ар, -ер, -р; мақсатты келер шақ: -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек; ауыспалы келер шақ: -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі (С.Исаев):

Сонымен, қазақ тілі оқулықтары мен грамматикаларында шақтың мынадай түрлері аталады:

Өткен шақ: *айғақты, айғақсыз, жедел, ежелгі, бұрынғы, дағдылы, қатысты, тиянақсыз, анық, танық, неғайбыл, ауыспалы, айғақ өңді өткен шақ, аулақ өңді өткен шақ, мойындау өңді өткен шақ, күмән өңді өткен шақ, айғақ баяғылық, аулақ баяғылық, әдетше баяғылық, опық баяғылық, арман баяғылық, нақты өткен шақ, хабарлы өткен шақ, ескі өткен шақ, алыс өткен шақ, тиянақсыз өткен шақ.*

Осы шақ: *нағыз осы шақ, нақ осы шақ, жалпы осы шақ, нақтылы осы шақ, ауыспалы осы шақ, неғайбыл осы шақ, кәдімгі осы жақ, әзіргі осы шақ, қазіргі осы шақ, дара осы шақ, күрделі осы шақ.*

Келер шақ: *сенімді келер шақ, сенімсіз келе шақ, шексіз келер шақ, шектеулі келер шақ, кесімді келер шақ, ауыспалы келер шақ, болжалды келер шақ, ниет келер шақ, жалпы келер шақ, мақсатты келер шақ, тілекті келер шақ.*

Біз ендігі кезекте қазақ грамматикаларындағы шақ жіктемесіне қатысты мәселелерді шақты түр-түрге бөлудегі ұстанымдық (принциптік) бағыттарға қарай талдау жасаймыз. Етістіктің шақ категориясының жіктелу жайына талдау жасай отырып, өткен шақ, осы шақ, келер шақ түрлерінің барлығына ортақ сипат ретінде мынадай ұстанымдық (жіктемелік) белгілерді анықтадық:

а) векторлық ұстаным;

ә) модальдық ұстаным;

Бұл ұстаным шақ түрлерінің ішінде, әсіресе, өткен шақ пен келер шақ түрлеріне қатысты меже етіліп отырды. Модальдық ұстанымның шақтың бұл түрлеріне қатысты болып келуі осы шақтың нақтылығымен, ал өткен шақтың қайтарымсыздығы және келер шақтың неғайбылдылығымен байланысты деп ойлаймыз. Модальдылық сөйлеуші көзқарасымен тығыз байланысты болғандықтан, модальдық ұстанымда субъективтілік басым сипатқа ие болады, яғни сөйлеушінің іс-әрекет туралы пікірі нақты көрініс табады. Сөйлеуші бір нәрсе туралы хабарлағанда, сөйлеу актісінде сол іс-әрекетке-ақиқат шындыққа өзінің субъективті көзқарасын білдіреді. Яғни оқиғаның болып өткендігіне, не алда болатынына сенімділік не сенімсіздік танытады, сол сияқты келер шақтағы іс-әрекеттің, оқиғаның болар, болмасы туралы болжам жасайды не алдағы жасалатын іс-әрекеттің мақсаты туралы айтады. Осындай модальдық мағыналар шақты ішкі мағыналық топтарға бөлуге негіз болған. Алайда, шақты жіктеудегі бұл модальдық ұстаным шақтың векторлық мәнін жоққа шығармайды, яғни модалдық мағыналар векторлық өрістің ішкі сипаты болып табылады. Ал шақтың өткен, келер, осы шақ деп аталатын түрлерге бөлінісінде векторлық ұстаным шешуші рөл атқарады. Сондықтан модальдық ұстаным шақтың ішкі субкатегорияларында, ішкі бөлінісінде мағыналық ерекшелік ретінде алынғанмен, шақтың негізгі үш тобын көрсететін жіктемеде векторлық ұстаным доминанттық қызмет атақарады.

Аспектiлік ұстаным дегенiмiз – қимылдың өту сипатын өлшем (белгi) ретiнде алатын шақтық меже. *Аспектiлiк* деген терминдi бiз функционалды-семантикалық категориялардың iшiндегi предикативтi негiздегi қимылдың iшкi сипатын бiлдiретiн мағыналық категорияға қатысты алып отырмыз. Бұл категория *аспектуалдылық категориясы* деп аталады. Функционалды-семантикалық аспектуалдылық категориясы дәстүрлi грамматикадағы қимылдың өту сипаты деп аталатын лексика-грамматикалық категорияға орталықтандырылған. Бұл категория *қимылды басталуы, аяқталуы, жасалуы, жасалу үстiнде болуы, созылыңқылығы, дағдылылығы немесе қысқалығы* т.б. iшкi аспектiлiк сипатына қарай анықтайды. Аспектуалдылықтың осы мағыналық қырлары грамматикалық шақты жіктеу ұстанымдарының бiрi ретiнде алынғандығы байқалады. Бұл семантика шақтың дағдылы өткен шақ түрiне қатысты. Дағдылы өткен шақ есiмшенiң *-атын, -етiн* формасы арқылы жасалады. Өткен шақтың бұл түрiнiң iшкi формасындағы дағдылылық мән шақты iшкi мағыналық топтарға бөлудегi модальдылық семантиканың негiзге алынғаны сияқты векторлық сызық бойындағы өткен шақ өрiсiнiң мағыналық ерекшелiгi болып табылады. Ал негiзiнен бұл дағдылылық мән – аспектуалдылыққа тән категориялық мағына. Осы қимылдың өту сипатын, аспектiсiн бiлдiретiн дағдылылық семантика шақты iшкi мағыналық топтарға жіктеуде мағыналық белгi ретiнде алынған. Аспектi мен шақ категориясының бiр грамматикалық формадағы сыйыстырылған мағыналары функционалды-семантикалық аспектуалдылық пен темпоралдылық категорияларының тығыз байланыстылығын көрсетедi. Қазақ тiлiндегi аспектуалдылық категориясы

функционалды грамматика теориясы тұрғысынан М.Жолшаеваның диссертациялық жұмысында арнайы қарастырылған [156].

Аспектін белгі ретінде алған ғалымдардың бірі Қ.Кемеңгерұлы *-ушы еді, -атын еді* формасын дағдылы, қалыпты іс-әрекетті білдіруіне қарай «прошедшее постоянное» деген терминмен атайды [157, 15 б.].

Сонымен қатар аспектілік мағынаны Ы.Маманов осы шақ жасаушы тілдік құрал деп көрсетеді [158, 120 б.]. Ғалымның пікірінше, осы шақтың арнаулы көрсеткіші жоқ, осы шақ дегеніміз – созылыңқы сыпаттың жіктелген түрі.

Құрамдық ұстаным дегеніміз – қимылдың өту мерзімін білдіретін шақ формаларының, формальді тұрғыдан, құрамын өлшем етіп алатын шақтық жеке. Жалпы алғанда, тіл бірліктерінің барлығы құрамына қарай дара және күрделі болып ажыратылатыны белгілі. Дара жекелікпен, күрделі көптік ұғыммен байланысты. Бұл ұстаным шақты құраушы грамматикалық формалардың синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы берілуіне қарай алынған. Құрамдық ұстаным шақ жіктемесінде осы шақтың мағыналық түрлерін көрсетеуде ғана негізге алынған. Мысалы, С.Кеңесбаев, С.Жиенбаевтың авторлығымен жазылған грамматикада осы шақ дара және күрделі деп бөлініп, дара осы шаққа қалып етістіктерінің негізгі етістік мәніндегі жеке қолданысы, ал күрделі түріне қалып етістіктерінің көмекшілік мәнде көсемше формаларына тіркесіп (жазып отыр) аналитикалық тәсілмен берілуі жатқызылған [154]. Бірақ шақтың синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы берілуі шақтың басқа түрлеріне қатысты ұстанымдық негіз ретінде алынбайды.

Кешенді (интегративті) ұстанымды біз шақты жіктеудегі жоғарыдағы модальдық, аспектілік, векторлық ұстанымдардың аралас, бірге алынуына қарай арнайы бөліп көрсетіп отырмыз. Мұндай аралас ұстаным шақтың жекелеген түрлеріне қатысты түрліше актуалданып отырады. Мәселен, осы шақ ішкі мағыналық топ құрау жағынан өткен шақ пен келер шаққа қарағанда белсенді емес. Осы шақ жіктемесіне негізінен нақтылық пен жалпылық мән жіктемелік белгі ретінде алынған. Ал шақтың келер шақ түрі негізінен модальдылық мағынаны белгі ретінде алады. Ал өткен шақ бір зерттеушілер жіктемесінде модальдылық белгісіне қарай бөлінсе, келесі ғалымдар еңбектерінде таза векторлық мәніне қарай жіктелген. Ал кейбір ғалымдар өткен шақ жіктемесінде осы аталған векторлық, модальдық, аспектілік ұстанымдардың барлығын негіз етіп алған. Мәселен, профессор Қ.Жұбанов өткен шақты осы аталған мағыналық ерекшеліктеріне қарай жеті-сегіз топқа жіктеп көрсеткен. Демек, біздің байқауымызша, аралас ұстанымды бір ғана шақ түрінің ішкі бөлінісіне негіз етіп алған ғалым – Қ.Жұбанов. Ал басқа зерттеушілер еңбектерінде мұндай аралас ұстаным шақтың екі түріне қатысты алынады. Мәселен, Ы. Маманов өткен шақ жіктемесіне басым белгі етіп векторлық ұстанымды негіз етсе, келер шақ жіктемесін модальдық ұстаным бойынша жіктейді (болжалды, ниет) [158, 120 б.].

Қатынастық ұстаным деп біз грамматикалық формалардың өз мәнінен емес, сөйленімнен көрінетін шақтық межені алып отырмыз. Бұл ұстаным бойынша шақтың өткен шақ парадигмасына қатыстық шақ түрін қосқан ғалым – Ы.Маманов. Бұл функционалды грамматикадағы *абсолютті және қатыстық шақ* деп аталатын шақтың семантикалық топтарымен байланысты. Абсолютті шақта іс-әрекеттің өту мерзімі сөйлеу сәтіне қатысты болса, қатыстық шақ екінші бір іс-әрекеттің өту мерзіміне қарай анықталады. Біз бұл мәселеге алдағы тарауларда арнайы тоқталамыз. Қатыстық тұрғыдан алынатын шақтық межені ұстанымдық негіз етіп алған Ы.Маманов тіл жүйесіндегі *-ып еді, -ған еді, отыр (жатыр, тұр, жүр) еді тәрізді* аналитикалық тәсіл арқылы жасалған грамматикалық формаларды қатыстық шақ жасаушы тілдік құралдар ретінде атап көрсетеді. Мысалы: *Қазыбектің үйі бүгін тойға ерте әзірленіп, жұртты ерте-ақ хабарландырған еді, бірақ неге арналған той екенін дәл біле алмай, әркім әр саққа бір жүгіртіп әкетті* (Ә.Әбішев, Шығ. жин.). Осы сөйлемдергі бірінші жай сөйлемнің баяндауышы *-ған* есімше тұлғасы «еді» көмекші сөзінсіз, жеке қолданылса, онда бірінші жай сөйлем құрмалас сөйлем құрамына енбей, жеке дара дербес жай сөйлем ретінде қолданылған болар еді. Құрмалас сөйлем құрамындаға «еді» көмекші етістігі екі жай сөйлем арасында тұрып, шақтық қатынас бойынша сөйлемдерді байланыстырып тұр. Яғни екінші жай сөйлемдегі темпоралдық мағына бірінші жай сөйлемдегі іс-әрекеттің өту мерзіміне тәуелді. Сонда тойдың неге арналғанын біле алмай, сан-саққа жүгіртуі сөйлеушінің не жазушының сөйлеу сәті емес, Қазыбектің үйінің жұртты ерте хабарландырғаннан кейінгі болған іс-әрекет, яғни екінші жай сөйлемдегі іс-әрекеттің өту мерзімі бірінші сөйлемдергі іс-әрекеттің өту мерзіміне қатысты, тәуелді.

Аралық (контекстік) ұстаным деп біз өткен шақ, осы, келер шақ түрлерінің барлығындағы шақтың бір түрі ретінде көрсетіліп жүрген «ауыспалы шақ» түріне қатысты алынған шақтық межені алып отырмыз. Шақ жіктемесіндегі «ауыспалы» деген термин негізінен шақтың осы шақ және келер шақ түрлеріне қатысты жиі қолданылған. Соның ішінде *-а, -е, -й* көсемше формасына қатысты алынады. Яғни бұл тұлға ауыспалы осы шақ және ауыспалы келер шақ деп аталып, шақтың екі түрінің де ішкі мағыналық бөлінісінде көрсетіледі. Кейбір еңбектерде бұл шақ түрі жалпы келер шақ, жалпы осы шақ деп аталып терминдік атауы жағынан ғана өзгертіліп беріліп отырады. Ал Т.Қордабаев осы аталған ауыспалы осы шақ және жалпы осы шақ түрін осы шақ парадигмасында қатар беріп, ауыспалы осы шаққа *-а, -е, -й* тұлғасын, ал жалпы осы шаққа Қ.Жұбановтың ізімен *жатыр, жүр* қалып етістіктерін, нақ осы шаққа *отыр, тұр* етістіктерін жатқызады. Өткен шақтың ауыспалы түрі «Қазақ грамматикасының» (1967, 2002) екі басылымында да беріледі. Бұл еңбектерде ауыспалы өткен шақ көрсеткіші ретінде 1967 жылғы грамматикада *-тын, -тін* тұлғасы, 2002 жылғы грамматикада *-атын, -етін* тұлғасы көрсетіледі. Сонымен қатар, І.Кеңесбаев, С.Жиенбаев және С.Аманжолов еңбектерінде *-атын, -етін* тұлғасы ауыспалы өткен шақ тұлғасы

делінген. Бірақ басқа зерттеу еңбектерінен өткен шаққа қатысты ауыспалы шақ түрін кездестірмедік. Әдетте, бұл *-атын, -етін* тұлғасы басқа ғалымдар еңбектерінде *дағдылы өткен шақ* деп аталатын.

Біздің ойымызша, *-а, -е, -й* көсемше формасының осы және келер шақ парадигмасының екеуінде де көрсетілуі бұл қосымшаның контекстік, синтагмалық мағынасынан туып отыр. Т.Қордабаев «етістіктің бұл түрі арқылы жасалатын осы шақтың *ауыспалы* деп аталатын себебі – ол контекстіге қарай әртүрлі шақтық (әсіресе келер шақтық) мағынаны білдіреді, яғни шақтық мағына ауысып, түрленіп отырады», - дейді [140, 109 б.]. Яғни бір тұлға қолданысқа қарай осы шақты да, келер шақты да білдіре алады. Осы ерекшелік аталған тұлғаға тұрақсыздық, ауыспалылық сипат беріп, шақ жіктемесінде белгі, ұстанымдық негіз етіп алынған. Шын мәнінде, бұл көсемше тұлғасы модальдық, аспектілік, векторлық ұстанымдар арқылы жіктелген шақ түрлерінен, белгі ретінде, өз алдына бөлек тұрады. Демек, шақ парадигмасында ауыспалы шақ түрінің граммема ретінде парадигмалық қатар түзуі оның қолданымдық, контекстік сипатына қарай алынған. Сондықтан бұл *аралық* деп алып отырған терминді *контекстік немесе қолданыстық (жұмсалымдық) ұстаным* деуге де болады.

Қазақ тілінде шақты жіктеу мәселесінде осы жоғарыда аталған ұстанымдар шақтық меже қызметін атқарған. Шақ жіктемесіндегі ұстанымдық меже туралы айтылған талдауларымызды жинақтасақ, мынадай **тұжырымдар** жасауға болады:

а) түркологиялық еңбектер мен қазақ тілі грамматикаларында шақ негізінен векторлық ұстаным бойынша өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп аталатын үш түрге жіктелген. Бұл бірізді пікір. Бұл уақыт кеңістігіндегі қандай да бір қимыл-әрекеттің, процестің өткені, қазіргісі және келешегі болатын диалектикалық заңдылықпен байланысты. Қай халық тілінде болмасын, шақтық мағына осы үш тұрғыдан (болып өткендік, болып жатқандық, алда болатындық) қарастырылады. Осы орайда алғашқы қазақ грамматикаларында-ақ шақтың аталған үш түрі тұрақты түрде көрсетіліп отырады. Тіпті түркі грамматикаларын жазған М.Терентьев, Н.Созантов т.б. түркологтардың еңбектерінде де шақ осы жүйесін сақтайды. Мұндай векторлық ұстаным шақтың ішкі мағыналық топтарын айқындауда да негізгі шақтық меже қызметін атқарады; бірақ осы шақтың үш үлкен тобын кіші мағыналық топтарға жіктеу кезінде ғалымдар жіктемесінде ала-құлалықтар байқалады. Шақ түрлерінің кейбірі ғалымдар жіктемесінде бірізді болып келсе, енді бірлері түрліше аталып, әрқырынан сипатталады. Ғалымдардың бір тобы шақ жіктемесінде іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысына қарай топтастырса, екіншілері шақ көрсеткіштері арқылы берілетін модальдық мағыналарды басшылыққа алып жіктейді. Яғни шақты жіктеудегі, оның түрлерін анықтаудағы принциптік мәселе бірізді болмағандықтан, әр зерттеуші оны өзінше топтастырады, және өзінше атайды.

ә) модальдық ұстаным басым бағытта негізінен келер шақтың ішкі бөлінісіне негіз болған, алайда өткен шақты жіктеуде де бұл ұстаным назардан тыс қалмаған;

б) аспектілік ұстаным көбінесе өткен шақтың дағдылы түрімен, сонымен қатар осы шаққа қатысты;

в) құрамдық ұстаным бойынша жіктеу, бір ғана грамматикада ғана кездесуін негізге алмағанда, мүлдем жоқ деуге болады;

г) кешенді (интегративті) ұстанымды бір ғана шақ түрінің ішкі бөлінісінде ұстанған ғалым – Қ.Жұбанов. Ал басқа зерттеушілер еңбектерінде аралас ұстанымның көрінісі шақтың әр түріне қатысты.

д) қатынастық ұстаным шақ жіктемесінде Ы.Мамановтың қатыстық өткен шақ түріне қатысты басшылыққа алынған;

е) аралық (контекстік) ұстаным шақтың үш түрінің де мағыналық сипатын бере алатын ауыспалы шақ түрінің шақтық межесі болып табылады;

ж) ауыспалы шақ түрінің шақтың үш түрінің де парадигмалық қатарында тұра алуы ауыспалы шақ тұлғасының контекстік, жұмсалымдық мағынасымен байланысты;

з) ауыспалы шақ – шақ жіктемесінде негізінен осы шақ пен келер шаққа қатысты, *-а, -е, -й* көсемше тұлғасының осы шақтық және келер шақтық мағына білдіру мүмкіндігін негізге алады. Ауыспалы өткен шақ тұрпат межесі жағынан басқа ғалымдар зерттеулеріндегі дағдылы өткен шақпен сәйкес келеді.

и) қазақ тіліндегі шақ категориясының ішкі мағыналық топтарға ең көп жіктелгені – өткен шақ. Өткен шақ түрлерінің саны кейбір ғалымдар еңбектерінде онға жуық. Өткен шақ жіктемесінің сандық тұрғыдан көп болып отырғанын мынадай экстралингвистикалық фактормен түсіндіруге болады: өткен уақыт адам санасында қорытылып, өмірлік тәжірибеден өткен, сондықтан адам оны елеп-екшеп бір жүйеге келтірген. Болашақта нақтылық жоқ, іс жүзінде жүзеге аспаған белгісіз уақыт, сондықтан болашақ туралы адам санасында келешекке деген сенім, үміт, мақсат қана бар. Ал осы шақ – қазіргі уақыт. Реалды уақытты тоқтаусыз, еш кедергісіз бір бағытта өтіп жатыр десек, адам сол қазіргі уақыттағы іс-әрекетке куә болғанмен, уақыт жылдамдығына адамның ойлау қабілеті ілесе алмайды, яғни адам қазіргіні сана қызметі арқылы қорытып үлгермейді. Осы шақ түрлерінің өткен шаққа қарағанда аз болып келуі осындай экстралингвистикалық жағдаяттармен байланысты деп ойлаймыз.

к) 2002 жылы жарық көрген соңғы қазақ грамматикасында өткен шақ *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ* түрлеріне жіктелінген. Жедел өткен шақ жасаушы тұлға, әдеттегідей, *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары аталып, бұрынғы өткен шақтың *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімшенің, сондай-ақ *-ын, -ін, -п* тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалатыны айтылады, сонымен қатар күрделі түрі, болымсыз түрлерін кесте арқылы жіктеп көрсетеді. Ауыспалы өткен шақ формасы ретінде *-атын, -етін* жұрнақтары аталады.

Осы шақтың екі түрі беріледі: *нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ*. Нақ осы шақтың қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы, сонымен қатар күрделі түрі *-а, -е, -й және -ып, -іп, -п* тұлғалы көсемше түрі мен қалып етістіктерінің тіркесуінен жасалатыны (ішіп жатыр, жүгіріп жүр т.б.) айтылады.

Келер шақтың үш түрі көрсетіледі: *болжалдық келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ*. Болжалды келер шақ *-ар, -ер, -р* есімше тұлғасының етістік түбіріне жалғануы арқылы жасалады. Мақсатты келер шақ түрі *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнақтарының жалғануы арқылы, ауыспалы келер шақ *-а, -е, -й* тұлғалы көсемше формасының жіктеліп келуі арқылы жасалатыны айтылады [129, 519 б.]. Грамматикада шақ категориясына қатысты бұрынғы оқулықтарда, ғылыми зерттеулерде айтылып жүрген жіктемелерден көп өзгешелік жоқ. Бірақ, шақ түрлері барынша жинақталып берілген. Өткен шақ түрлері басқа еңбектерде төрт, бес түрде берілсе, бұл грамматикада оның үш түрі ғана беріледі. Ы.Мамановтар көрсеткен дағдылы өткен шақ, қатысты өткен шақ түрлері берілмейді. Дағдылы өткен шақ көрсеткішін (*-а, -е, -й*) ауыспалы өткен шақ түрімен ауыстырады. Бұрынғы және ежелгі өткен шақ формаларын біріктіріп береді. Осы шаққа қатысты өзгеріс енгізілмеген. Келер шақтың да сенімді, сенімсіз, жалпы деп аталатын түрлері көрсетілмейді.

Кесте 10 – Қазақ грамматикасында (2002) берілген шақ жіктемесі

Өткен шақ	Жедел өткен шақ (-ды, -ді, -ты, -ті)	Бұрынғы өткен шақ (-ған, -ген, -қан, -кен; -ып, -іп, -п)	Ауыспалы өткен шақ (-атын, -етін)
Осы шақ	Нақ осы шақ (жатыр тұр, жүр, отыр; -а, -е, -й және -ып, -іп, -п+ жатыр тұр, жүр, отыр)		Ауыспалы осы шақ (-а, -е, -й)
Келер шақ	Болжалдық келер шақ (-ар, -ер, -р)	Мақсатты келер шақ (-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек)	Ауыспалы келер шақ (-а, -е, -й)

Бірақ соңғы академиялық грамматикада берілген шақ жіктемесі шақты жіктеу мәселесіне үлес қосқан басқа да ғалымдар жіктемелерін жоққа шығармайды. Өйткені, шақтың ішкі мағыналық топтары көбейген сайын тілдік құралдардың функционалдық, жұмсалымдық ерекшеліктерін аша түсуге болады. Қ.Жұбанов сияқты шақ көрсеткіштерінің функционалдық табиғатын, ішкі мағыналық түрленісін көрегендікпен терең тани білген ғалымдарымыздың еңбегін бағалау әрбір тіл маманының борышы. Алайда, шақ түрлерінің зерттеушілер еңбектерінде әртүрлі болып берілуі ғылым үшін аса зиян болмағанымен, мұндай ала-құлалық оқушылар мен студенттерге арналған оқулықтар мен оқу құралдары үшін қолайлы емес. Осы орайда қазақ грамматикасының дәстүрлі (тұлғалық) және функционалды бағыттарын

зерттеп, әрбір категорияның семантикалық және тұлғалық құрылымын жүйеге түсіру, сөйтіп, шақ категориясының тұрақты, бірізді классификациясын жасау тіл ғалымдарының алдында тұрған маңызды мәселе.

Қазақ тілі құрылымдық тұрғыдан семасиологиялық бағытты ұстанып, «формадан мағынаға қарай» зерттеліп келді, бұл бағыт ұзақ уақытты қамтиды. Бірақ дәстүрлі грамматиканың өзінде қаншалықты, әр қырынан зерттелген мәселелердің кейбірі күні бүгінге дейін тұрақты, бірізді шешімін таппай отыр. Біздің ойымызша, мұндай мәселердің толық шешімін таппауы құрылымдық бағыттың мүмкіндік деңгейінің шектеулі болуымен байланысты. Осы орайда сол тілдік бірліктердің қолданыстағы жұмсалымдық мағыналарын анықтау қажет. Шақ түрлерінің, оны жасаушы әрбір форманың мағынасы тілдік абстракты парадигмада тұрғандықтан, олар өз мүмкіндіктерін толығымен ашып бере алмай отыр. Мұндай мүмкіндіктер әрбір тілдік бірліктің қолданыстағы жұмсалымдық мағыналарынан көрінеді. Тілдік бірліктер парадигмадағы тілдік ортада ғана емес, сөйлеу ортасында да өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы қажет. Сонда ғана алынған тілдік бірліктің мағыналық мүмкіндіктері анықталып, ол мүмкіндіктер әрі құрылымдық тұрғыдан, әрі функционалды тұрғыдан көрініс тауып, тілдегі проблемалық мәселелердің шешілуіне жағдай жасайды. Осы ретте шақ категориясының түрлеріне байланысты тұрақты жіктемені семантикалық шақ категориясын зерттеу нәтижесінде анықтауға болады деп санаймыз. Бірақ дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматика грамматиканың екі бағыты болғандықтан, оларды араластырып, функционалды грамматика мәселесін құрылымдық грамматикаға әкеліп қоспау керек. Бұлай етпеген жағдайда тілдегі жүйелілік принципі бұзылып, «бардан айрылып қалуымыз мүмкін». Оларды тұтас біріктіріп қарастыру тілдегі проблемалық мәселелерді анықтау үшін ғана қажет. Мәселен, Ы.Маманов шақ категориясының құрамына, өткен шақ парадигмасына қатыстық шақ деген түрді қосады. Басқа бірде-бір автор шақтың бұл түрін категория құрамында қарамайды. Біздің түсінуімізше, шақтың бұл түрі функционалды грамматиканың зерттеу нысанында қарастырылатын мәселе. Функционалды грамматикада абсолютті және қатыстық шақтық қатынастар арнайы қарастырылады. Өйткені бұл шақтық мағына бір ғана форманың (шақ көрсеткішінің) мағынасы емес, екінші бір сөйлеу сәтіне байланысты анықталатын мағына. Сондықтан, құрылымдық шақ категория құрамындағы әрбір шақ формасының мағынасы болғандықтан, сөйлеудегі, жұмсалымдағы мағыналарды тілдік мағыналармен араластырмай, өз алдына бөлек семантикалық аспектіде қарастыру қажет.

Сонымен, біз жоғарыда қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясының жіктелік белгілерін қарастырып, шақты жіктеуге негіз болған жеті (векторлық ұстаным, модальдық ұстаным, аспектілік ұстаным, құрамдық ұстаным, кешенді ұстаным, қатынастық ұстаным, аралық (контекстік) ұстаным) ұстанымды атап көрсеттік. Талдау нәтижесінде шақтың үлкен макротоптарын өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп бөлуге – векторлық ұстанымның, ал

жекелеген ішкі субкатегорияларын жіктеп шығаруға – көбінесе модальдық, екінші орында – аспектілік мағынаның (белгінің) негіз болғанын анықтадық.

3.2 Өткен шақтың жүйелі-құрылымдық парадигмасы және өткен шақ тұлғаларының тілдік функциялары

Жалпы түркі тілдерінде өткен шақ күрделі, әр тарапты болуымен ерекшеленеді. Өткен шақтың семантикалық сипатын, мағыналық топтарын анықтау мәселесіне арналған алғашқы еңбектер А.Н.Кононов [159, 112 б.], Н.А.Баскаков [160, 205-217 б.] зерттеулері болып табылады.

Қазақ тіл білімінде өткен шақ формалары туралы ғылыми пайымдаулар А.Байтұрсынов, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен бастау алады.

Қазақ тіл білімінің негізін салған ғалым А.Байтұрсынов «Тіл құралда» шақ көрсеткіштерін ашық раймен байланысты қарастырады. Өткен шаққа етістіктің *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағымен жіктелген түрін болымды (жаздым, жаздың, жазды), болымсыз (жаздадым, жаздадың, жаздады) түрде жіктеп көрсетеді [161, 238 б.].

Жалпы түркологиялық еңбектерде де өткен шақ формаларын жіктеуде бірізділік сақталмайды. Мысалы, *-ды* аффиксін Н.А.Баскаков «прошедшее определенное», Д.М.Насилов «прошедшее достоверное», А.Н.Кононов «прошедшее категорическое», Л.Н.Харитонов «недавнепрошедшее», И.В.Кормушин «претерит» т.б. ғалымдар еңбектерінде түрліше аталады. Бұл аффикстің түрліше аталуы оны семантикалық тұрғыдан жіктеуден туындап отыр. Осы қайшылықтарды негізге ала келе, тува тілінің зерттеушісі Д.Монгуш бұл форманы формалдық жағынан «прошедшее на *-ды*» деп атауды ұсынады. Автордың пікірінше, бұл форманың дәстүрлі атын мектеп грамматикаларында қалдырып, ал ғылыми грамматикаларда және ғылыми зерттеулерде семантикалық негіздегі терминдерді қолданбай, формалды-морфологиялық негіздегі терминмен атау керек. А.В.Бондарко морфологиялық категорияларды классификациялауда бір ғана принциппен шектелуге болмайды, оған классификациялау жүйесі арқылы келу керек дегенді айтады. Ғалым мынадай тұжырым жасайды: «Морфологические категории представляет собой многопризнаковые величины. Отсюда вытекает необходимость такого подхода к их классификации, который был бы основан на учете этой множественности и разноплановости признаков членения. Таким образом, вопрос должен ставиться не об одной классификации по какому-то одному признаку и даже не о сложной многоступенчатой классификации, а о системе классификации» [162, с. 41].

Қазіргі қазақ тілінде етістіктің өткен шақ формалары басқа шақ формаларына қарағанда мағыналық жағынан да, формальді жағынан да бай. Өткен шақты топтастыруда формальдық тұрғыдан дара (жалаң) және күрделі деп бөлуге болады. Мұндай белгі шақ жіктемесінде осы шақты бөлуде ғана бар. Бірақ бұл белгі өткен шақтың мағыналық топтарын анықтауда негізгі белгі болып саналмайды. Ғылыми зерттеу еңбектерінде өткен шақты жіктеуде

ғалымдардың бір тобы өткен шақ тұлғаларының модальдық мағыналары бойынша топтастырса, екіншілері векторлық белгіні негізге алады. Демек, осы аталған ерекшеліктеріне қарай өткен шақты **құрамдық** (формальдік), **модальдық** (семантикалық), **векторлық** сипаттарына қарай бөлуге болатынын көреміз.

а) құрамдық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша, шақ формалары жалаң (синтетикалық) және күрделі (аналитикалық) болып бөлінеді. Жалаң тұлғаларына қарағанда күрделі түрі сандық жағынан басым.

Кесте 11 – Өткен шақтың синтетикалық және аналитикалық тұлғалары:

Жалаң тұлғалары	Күрделі тұлғалары
-ды, (-ді...), -ған (-ген...), -ып (-іп...), -атын (-етін...)	-ған еді; -атын еді; -ып еді; -ар еді; -ушы еді; -мақ еді; -ған екен; -атын екен; -мақ екен; -ады екен; -са екен; -йын деген екен; тұр (отыр, жүр, жатыр) + еді, екен; т.б.

Өткен шақтың жоғарыда көрсетілген жалаң тұлғалары синтетикалық тәсіл көрсеткіші болса, күрделі тұлғалары оның аналитикалық жолы болып табылады. Өткен шақ көрсеткіштерінің күрделі тұлғалары өткен шақтың жалаң тұлғалары мен осы шақ, келер шақ көрсеткіштеріне «еді», «екен» көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мәселен, *-ды, -ді, -ған, -ген, -ып, -іп, -атын, -етін* жұрнақтары синтетикалық тәсіл арқылы жасалған өткен шақ формалары болса, *-ған еді, -ген еді, -ып еді, -іп еді, -атын еді, -ушы еді, -п отыр, -п жүр* аналитикалық тәсіл арқылы жасалған өткен шақ формалары болып табылады.

ә) модальдық (семантикалық) ұстаным. Өткен шақ микроөрісі басқа да шақ түрлері сияқты ішкі бөлінісінде векторлық және семантикалық (модальдық) ұстанымға иек артады. Сөйлеу сәтіне дейін болған қимыл-әрекетті білдіретін етістіктің грамматикалық формаларының мағыналық мүмкіндігі мол. Олай болатын себебі, сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекеттің өзі өту мерзіміне қарай әртүрлі болады. Айталық, бір шақ формалары қимыл-әрекеттің өте ертеде болғанын білдірсе, енді бірлері сөйлеу сәтінің алдында ғана болған іс-әрекетті білдіріп тұрады. Енді бір өткен шақ формалары іс-әрекетке сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан жіктеледі. Басқалай айтқанда, қимыл-әрекеттің ертеректе болғаны не жақын арада болғанын білдіруі және айқын болған іс-әрекет екендігі не іс-әрекеттің болып өткендігі анық емес, күмәнділігі, яғни анық еместігі етістіктің грамматикалық формалары арқылы беріледі. Мысалы, *Бір бай болыпты. Ол байдың бір қарындасы, бір әйелі болыпты* (Қазақ ертегілер). *Еліне келсе кәрі әкесі мен шешесі өзінің күйігіне өртеніп дүние салған екен* (Қазақ ертегілері). *Әкемнің досы екеуміз жүріп отырып, бір күндері періге келдік* (Қазақ ертегілері). Бірінші мысалда анық емес мағына,

яғни байдың болғаны айқын емес. Бұл мысалда автор-айтушы (жазушы) өзінің айтайын деген ақпаратына сенімді емес. Екінші мысалда да әке-шешесінің қашан дүние салғаны нақты емес, ол жалпы түрде берілген. Сонымен қатар сөйлеуші өз ақпаратына сенімді емес. Үшінші мысалда сөйлеуші іс-әрекетке тікелей басы-қасында болған оқиғасын хабарлап отырғандықтан, ол сөйлеу сәтінен бұрын анық болған оқиға болып табылады.

Модальдық ұстаным бойынша, етістіктің шақ категориясы шақ формаларының мағыналарына қарай жіктеледі. Мәселен, шақ формалары анықтық не анық емес мағына білдіруіне қарай *айғақты, айғақсыз, белгілі, белгісіз* шақтық мағына болып бөлінеді.

Қазақ тіл білімінде өткен шақты жіктеу мәселесінде шақ тұлғаларының модальдық мағынасына ерекше мән берген және сол мағыналық сипаттарына қарай жіктеме жасаған ғалым – Қ.Жұбанов.

Қ.Жұбанов өткен шақтың мағынасын сөйлеп тұрған кезден бұрын болған істі білдіру деп, оны тоғыз топқа бөледі:

1) айғақ өнді өткен шақ (істің болғанына айтушы куә, айғақ бола сөйлейді (жазыпты, оқымапсың, білмеппіз);

2) аулақ өнді өткен шақ (істің болғанын айта тұрып, өзі басы-қасында болмағанын қоса білдіреді (жазған, оқыған соң, көргенбіз);

3) мойындау өнді өткен шақ (істің болған-болмағанын мойындай сөйлейді (жазған, оқыған соң, көргенбіз);

4) күмән өнді өткен шақ (жазған шығар);

5) айғақ баяғылық (ертеде істің болғанына не болмағанына айғақ бола сөйлейді (жазып еді);

6) аулақ баяғылық (сондай ертеде өткен істің болғанынан, не болмағанынан аулақ болғанын қоса білдіреді (жазған екен);

7) әдетше баяғылық (ертеде өткен істің әлденеше рет болып, әдет болғанын айтады (барушы едім, баратын едім);

8) опық баяғылық (ертеде өткен іске опына хабарлайды (баратын едім);

9) арман баяғылық (бармас па едім) [65, 353 б.].

Т.Қордабаев «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы» деп аталатын еңбегінде етістік шақтарын модальдық мағыналарына қарай былай топтастырады.

Кесте 12 – Т.Қордабаевтың өткен шақ жіктемесі

Айғақты (-ды, -ді, -ған, -ген, -тын, -тін)	Айғақсыз (-ып, -іп, -ған екен, -са керек, -ған сияқты т.б)
--	--

Т.Қордабаев өткен шақ формаларын *айғақты* (очевидное), *айғақсыз* (неочевидное) деп бөледі. Айғақты өткен шақ деп аталатын себебі айтушы я жазушы іс-әрекеттің болған-болмағанына өз көзі әбден жететіндей, өзі соның басы-қасында болғандай сеніммен айғақ бола сөйлейді деп көрсетеді. Оны өз

ішінде *айғақты өткен шақтың жедел түрі* (-ды, -ді) және *айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі* (-ған, -ген, -атын, -етін, -ушы,-уші) деп жіктейді. Айғақсыз өткен шаққа күмән мәнді білдіретін формаларды жатқызады. Мысалы: *Қайырбек бұл кітапты кітапханадан алыпты* деген мысалда Қайырбектің кітапты кітапханадан алғанын айтушының өзі көрмеген, ол туралы басқа біреуден не Қайырбектің өзінен кейіннен білген дейді [140, 93 б.].

А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында өткен шақ формалары *анық (айғақты) өткен шақ, танық (айғақсыз) өткен шақ және неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ* болып жіктеледі.

Кесте 13 – А.Ысқақовтың өткен шақ жіктемесі

Анық өткен шақ (айғақты): -ды, -ді, -ған, -ген, -атын, -етін, -атын еді, -ып, еді, -ған еді, -уші еді	Танық өткен шақ (айғақсыз): -ып, -іп, -ған екен, а+ды екен	Неғайбыл өткен (ауыспалы) өткен шақ: -мақ еді, -мек еді
--	--	--

А.Ысқақов Т.Қордабаевтың айғақты және айғақсыз өткен шақ түрін анық және танық өткен шақ деп атайды, сонымен қатар айғақты, айғақсыз деп жақша ішінде көрсетеді. Өткен шақ категориясына неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ түрін қосады. Екі ғалымның да айғақты немесе анық, айғақсыз немесе танық өткен шақ формалары, аттары өзгеше болғаны болмаса, негізінен бірдей [163, 323 б.].

Оларға мынадай анықтамалар беріледі: «Анық өткен шақ деп сөйлеушінің болған не болмаған амал-әрекетті өзі басы-қасында болғандай, өз көзімен көргендей, тыңдаушы (оқушы) әбден қанық боларлықтай, сенерліктей етіп хабарлайтын формаларды айтамыз»; «Танық өткен шақ деп сөйлеушінің болған я болмаған амал-әрекетті өзі басы-қасында болмай, өз көзімен көрмей, тек басқа айғаққа (біреудің айтуына, хабарлауына) сүйеніп, немесе кейін өзі көріп, оқып, сұрап, естіп... білген мәліметке сүйеніп айтқанындай етіп көрсететін формаларды айтамыз»; «Неғайбыл өткен шақ деп сөйлеушінің бұрын істелмекші болған, жүзеге асырылмақшы болған ниетті, мақсатты, шартты, болжалды, тілекті сөйлеп отырған кезге дейін орындалған-орындалмағанын белгісіз етіп көрсететін формаларды айтамыз» [163, 328 б.]. Сонымен, өткен шақ қазақ тілінде модальдық ұстаным бойынша Қ.Жұбанов, Т.Қордабаев, А.Ысқақов жіктемелерінің негізін құрайды.

б) векторлық ұстаным. Келер шақты мағыналық топтарға бөлуде модальдық (семантикалық) ұстаным негізгі белгі болса, өткен шақты жіктеуде семантикалық белгімен қоса векторлық ұстаным негізге алынады. Өткен шақ микроөрісіндегі векторлық белгінің шақ жіктемесіне негіз болуы өткен уақыттың ұзақ уақытты қамтитын тарихи уақыт екендігімен, өткеннің адамның

ой елегінен өткен, көзбен көрген, адамдар басынан кешіріп, куә болған «тірі» уақыт болуымен байланысты деуге болады.

Қазіргі кезде қазақ тілінде өткен шақ формалары (2002 жылы жарық көрген соңғы академиялық грамматика бойынша) негізінен осы векторлық ұстаным бойынша үшке жіктеледі.

Кесте 14 – Қазақ грамматикасындағы (2002) өткен шақ жіктемесі

Жедел өткен шақ (-ды, -ді, -ты, -ті)	Бұрынғы өткен шақ (-ған, -ген, -қан, -кен; -ып, -іп, -п)	Ауыспалы өткен шақ (-атын, -етін)
---	---	--------------------------------------

Грамматикада шақ категориясына қатысты бұрынғы оқулықтарда, ғылыми зерттеулерде айтылып жүрген жіктемелерден анау айтарлықтай өзгешелік жоқ. Бірақ, шақ түрлері барынша жинақталып берілген. Өткен шақ түрлері басқа еңбектерде төрт, бес түрде берілсе, бұл грамматикада оның үш түрі ғана беріледі. Ы.Маманов көрсеткен дағдылы өткен шақ, қатысты өткен шақ түрлері берілмейді. Дағдылы өткен шақ көрсеткішін (*a*, *-e*, *-й*) ауыспалы өткен шақ түрімен ауыстырады. Бұрынғы және ежелгі өткен шақ формаларын біріктіріп береді [129, 519 б.]. Мұндай жіктеме 1967 жылғы грамматикада да осы жүйемен берілген.

Кесте 15 – Қазақ грамматикасындағы (1967) өткен шақ жіктемесі

Жедел өткен шақ (-ды, -ді, -ты, -ті)	Бұрынғы өткен шақ (-ған, -ген, -қан, -кен; -ып, -іп, -п, -ушы еді)	Ауыспалы өткен шақ (-тын, -тін)
---	---	------------------------------------

Жедел өткен шақ түрі басқа да зерттеушілердің жіктемесіндегідей *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* жұрнағы арқылы жасалады. Бұрынғы өткен шаққа мынадай анықтама берілген: «Бұл шақ іс-әрекеттің, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан әлдеқайда бұрын, ертеде болып өткенін білдіреді» [164, 198 б.]. Бұл шақ түріне *-ған*, *-ген*, *-қан*, *-кен*; *-ып*, *-іп*, *-п*, *-ушы еді* тұлғалары жатқызылады. Яғни грамматика авторлары бұрынғы өткен шаққа сөйлеу сәтіне қатысы тұрғысынан келген. Ал Ы.Маманов бұл өткен шақ түрінің өткен шақтық мағына білдіруде сөйлеу сәтінен өте ертеде болған іс-әрекетті білдіретіндіктен бұрынғы (ежелгі) өткен шақ деп аталады деген пікірдің дұрыс еместігін, бұл шақ түрі сөйлеушінің іс-әрекеттің басы-қасында болған, болмағандығымен байланысты дейді. Бұл грамматикада өткен шақтың ауыспалы деген түрі аталып, оның көрсеткіші ретінде *-тын*, *-тін* аффикстері беріледі [164, 201 б.]. Өткен шақ формаларын жоғарыдағыдай үш түрге бөлу 1938 жылы жазылған С.Аманжоловтың еңбегінде кездеседі.

Кесте 16 – С.Аманжоловтың өткен шақ жіктемесі

Жеделді түрі (айттым)	Ауыспалы түрі (айтатынымын)	Бұрынғы түрі (айтқанмын)
--------------------------	--------------------------------	--------------------------

Содан бері терминдерінде болмаса, айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Мәселен, 1944 жылы шыққан Г.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде *-ын* өткен шақ «ескі өткен шақ» деп аталған.

Кесте 17 – Н.Сауранбаев, Ғ.Бегаливтің өткен шақ жіктемесі

Ескі өткен шақ	Жедел өткен шақ	Алыс өткен шақ	Тиянақсыз өткен шақ
----------------	-----------------	----------------	---------------------

1954 жылғы академиялық грамматикада, Г.Әбуханов, И.Маманов еңбектерінде *-ын* формасы «ежелгі өткен шақ» деп аталады. Сондай-ақ ауыспалы өткен шақ деп аталатын *-атын, -етін* Ы.Мамановтың еңбегінде «дағдылы өткен шақ» деп аталады.

Кесте 18 – Ы.Мамановтың өткен шақ жіктемесі

Жедел өткен шақ (-ды, -ді, -ты, -ті)	Бұрынғы өткен шақ (-ған, -ген, -қан, -кен)	Ежелгі өткен шақ (-ып, -іп, -п)	Дағдылы өткен шақ (-атын, -етін, -ушы еді, -уші еді)	Қатыстық өткен шақ -ып, -іп, -п + еді; -ған, -ен + еді; отыр (жатыр, жүр, тұр) + еді
---	---	------------------------------------	---	---

Ы.Мамановтың басқа ғалымдар жіктемелерінен өзгешелігі – соңғы дағдылы және қатыстық өткен шақ түрін қосуында. Ы.Мамановтың жіктемесі шақтық өс (векторлық ұстаным), яғни сөйлеу сәтіне негізделіп жасалған деуге болады. Өйткені бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, жедел өткен шақ деп жіктеу сөйлеу сәтінен бұрын өткен қимыл-әрекеттердің уақыт кесіндесіндегі ертеректе, не сөйлеу сәтінен бұрынырақ не сөйлеу сәтінің алдында ғана болуына байланысты алынған.

Ы.Маманов өткен шақты: *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, дағдылы өткен шақ, қатыстық өткен шақ* деп беске бөліп, олардың әрқайсысының семантикалық ерекшеліктерін ашады. Жедел өткен шақ формасы (*-ды, -ді*) басқа шақ формалары сияқты, өткен шақтық мағынадан басқа үстеме мағына білдірмейді, ол сөйлеу кезінен бұрынғы қимыл, іс туралы хабарлау түрінде баяндауын білдіреді, ал бұрынғы өткен шақ дегеніміз *-ған* формалы есімшенің жіктелген түрі деп көрсетеді. Қазақ тілі оқулықтарында бұрынғы өткен шаққа «бұрынғы өткен шақта болған істің айқын, ақиқат екендігі тұжырымды болып көрсетіледі», «бұрынғы өткен шақта істің жедел

өткен шақтағыдан бұрын болғандығы, болмағандығы көрсетіледі» делінсе, Ы.Маманов бұл екі шақтық форманың (-ды, -ған) арасындағы айырмашылық – әртүрлі мезгілдік мағынаны білдіруінде емес, олардың әрқайсысына тән өзіндік семантиксында, ал олардың бөлінісі шартты түрде алынған грамматикалық термин дегенді айтады. Ғалымның пікірінше, жедел өткен шақ формасы сөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрын болып өткен қимылды жай хабарлау түрінде баяндауын білдірсе, бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болып өткен қимылды жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару қажет болғанда қолданады. Мұны мына мысал арқылы түсіндіреді: *Мен ол жігітті жақсы танымын, институтта бірге оқығанбыз. Еркінге алғаш жолыққан адам Самат болды. Ол турниктен түсіп, класқа беттеп бара жатқан.* Бұл сөйлемдерде сөйлеушінің ол жігітпен бірге оқығандығы, Саматтың өткенде бара жатқандығы туралы жай хабарланып тұрған жоқ, екінші бір істің айғағы ретінде, соны дәлелдеу түрінде баяндалып тұр. Былайша айтқанда, сөйлеушінің жігітті жақсы тануына олардың бірге оқығандығы себеп болып тұр. Екінші сөйлемде Еркінге алғашқы жолығушының Самат екенін баса көрсету үшін, сөйлеуші Саматтың қимылын бұрынғы өткен шақ формасында қолданған. Бұрынғы өткен шақ деп аталуы ондағы қимылдың жедел өткен шақ формасы көрсететін қимылдан бұрын болғандығында емес, ал бұл термин шартты түрде берілген грамматикалық термин [158, 107 б.].

А.Ысқақов -атын, -етін, -ушы еді, -уші еді формасын анық өткен шақ формасы деп қараса, Ы.Маманов бұл екі форманы дағдылы өткен шақ көрсеткіштері ретінде таниды. Ал Т.Қордабаев бұл екі форманы айғақты өткен шақтың бұрынғы түріне жатқызған болатын. Қ.Жұбанов оларды өткен шақтың әдетше баяғылық түрі ретінде бөліп көрсетеді. Бұдан Қ.Жұбановтың *әдетше* баяғылық атауы мен Ы.Мамановтың *дағдылы* өткен шақ атауы жақын келеді.

«Дағдылы өткен шақ қимыл иесінің ертеде дағдысына айналған іс-әрекетін, қимылын білдіретін етістік формасы» деген анықтама беріп -атын, -етін жұрнағын оның синтетикалық формасы десе, -ушы еді, -уші еді формасын аналитикалық формасы ретінде атайды [158, 110 б.]. Бұл дағдылы, ауыспалы өткен шақ деп аталатын түрі бұрынғы, ежелгі, жедел өткен шақ деп аталатын түрлерінен ұстанымдық белгісі жағынан ерекшеленеді. -атын, -етін тұлғасының дағдылы амал-әрекетті білдіруі оның аспектілік белгісін көрсетсе, оның екінші өткен шақтағы дағдылы әрекетті білдіруі оны шақтық мағына білдіретін грамматикалық көрсеткіш ретінде тануға әкелген.

Векторлық ұстаным бойынша жасалған өткен шақ жіктемесі М.Серғалиев А.Айғабылов, О.Күлкенованың «Қазіргі қазақ әдеби тілі» оқулығында кездеседі: *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, дағдылы өткен шақ.* Шақ түрлеріне қарай да, оның формаларына қарай да бұл кітаптағы өткен шақтың бөлінісі Ы.Маманов жіктемесімен бірдей. Бірақ қатыстық шақ деген түрін көрсетпеген [165, 64-68 б.].

Жедел өткен шақ (-ды, -ді, -ты, -ті)	Бұрынғы өткен шақ (-ған, -ген, -қан, -кен; -ған еді, -ген еді)	Ежелгі өткен шақ (-ып, -іп, -п)	Дағдылы өткен шақ (-атын, -етін, -йтын, -йтін); -ушы еді, -уші еді)
--------------------------------------	--	---------------------------------	---

Міне, осы тәрізді семантикалық ерекшеліктеріне қарай етістіктің өткен шақ формалары өз ішінде бірнеше семантикалық түрге бөлінеді. Ғалымдардың өткен шақты жіктеудегі терминдер алшақтығы шақ категориясының басқа да етістік категорияларымен біте қайнасып жатуымен, әсіресе модальдық мағыналармен астасып келуімен түсіндіріледі.

Біз жоғарыда ғалымдар жіктемелерін модальдық, векторлық ұстанымдар бойынша бөліп қарастырғанымызбен, бұл топтастыруымыз шартты түрде, басым ұстанымдық белгісі бойынша алынып отыр. Кейбір ғалымдар еңбектерінде өткен шақ жіктемесінің басым ұстанымдық белгісін көрсетеу қиын. Мәселен, өткен шақ жіктемесінде аспектілік ұстаным бойынша да жіктеу үрдісі бар. Айталық, Қ.Кемеңгерұлы өткен шақтың түрлерін жіктеп, нақтылай көрсеткен, оларға өзінше атау берген. Мысалы, жедел өткен шақ түрін (-ды, -ді) ғалым «несовершенное прошедшее» деп атап, бұл тұлғаның әлі толық аяқтала қоймаған істі білдіретінін айтады [157, 15 б.]. Қ.Кемеңгерұлы -ушы еді, -атын еді формасын дағдылы, қалыпты іс-әрекетті білдіруіне қарай «прошедшее постоянное» деген терминмен атайды. Бұл формалар кейін Ы.Маманов еңбегінде дағдылы өткен шақ болып аталады. Қ.Кемеңгерұлы өткен шақты жіктеуде аспектілік ұстаныммен ғана шектелмеген. «Қ.Кемеңгерұлы өткен шақты топтастыруда қимыл-әрекеттің ертеректе не жуық арада өтуіне байланысты, сөйлеушінің амалды өз көзімен көргендей, өзі қасында болғандай немесе басқа біреудің айтқанына не басқа мәліметтерге сүйеніп айтуына қарай, өткен шақты дағдылы, қалыпты түрде өтіп тұрған қимылды білдіруіне қарай жіктейді» [157, 16 б.].

Өткен шақ жіктемесіне қатысты айтылған талдауларымызды жинақтай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: өткен шақ өзі сипаттас осы шақ, келер шақ түрлерінен жіктелу тарихында семантикалық топтарының, субкатегорияларының көптігімен ерекшеленеді. Құрамдық ұстаным бойынша өткен шақ тұлғаларын жалаң және күрделі деп бөлуге болады, алайда бұлай бөлу өткен шақ жіктемесіндегі негізгі жіктеу ұстанымы болып саналмайды. Олар грамматикалық өткен шақты жасаудың синтетикалық және аналитикалық тәсілі, жолы болып табылады.

Өткен шақты топтастыруда негізінен векторлық және модальдық ұстаным шешуші белгі қызметін атқарған. Модальдық белгісі бойынша өткен шақ тұлғаларын ең көп мағыналық топқа бөлген ғалым – Қ.Жұбанов. Сонымен

қатар мұндай ұстанымды қазақ ғалымдарынан Т.Қордабаев пен А.Ысқақов өткен шақ жіктемесінің негізгі критерийі етіп алған.

Ал векторлық ұстаным Ы.Маманов, сонымен қатар, басқа да қазақ грамматикаларының көпшілігінде пайдаланылған. Академиялық грамматикалардың 1967 және 2002 жылы шыққан басылымдарында да өткен шақты бөлуде векторлық ұстаным басшылыққа алынған. Алайда шақ тұлғаларын векторлық ұстаным бойынша топтастырған ғалымдар еңбектерінде олардың модальдық мағыналары назардан тыс қалмаған. Бірақ олар өткен шақ тұлғаларының модальдық мағыналарын жіктемелік белгі ретінде алмай, жекелеген өткен шақ тұлғаларының, көрсеткіштерінің мағыналық ерекшеліктері тұрғысынан көрсетіп отырған.

Кейінгі зерттеу еңбектерінде өткен шақтың мағыналық топтарын азайтып, қысқартып беру үрдіс алған. Сонымен қатар бұрынырақ ғалымдар еңбектерінде дағдылы өткен шақ деп аталып жүрген *-атын, -етін* тұлғасын қазіргі кезде ауыспалы өткен шақ деп атау және мұндай контекстік тұлғаны (*-а, -е, -й*) шақтың басқа да мағыналық топтарында ауыспалы келер шақ, ауыспалы осы шақ деп атау дәстүрге айналған. Біз бұл *ауыспалы* деген терминді контекстік ұстаным ретінде қарастырдық. Өткен шақты жіктеу тарихындағы *-атын, -етін* тұлғасын дағдылы өткен шақ деп бөлу оның аспектілік мағынасына яғни қимылдың қайталануын білдіретін қимылдың өту сипаты категориясының мағыналық мазмұнына негізделген. Мұндай аспектілік ұстаным кейбір ғалымдар еңбектерінде (Қ.Кемеңгерұлы) аяқталмаған шақ (*-ды, -ді*), дағдылы өткен шақ (*-атын еді, -ушы еді*) түрлеріне қатысты шақ жіктемесіне негіз болған.

Біз жоғарыда өткен шақтың жіктелу тарихын жіктеу ұстанымдары бойынша қарастырдық, енді төменде өткен шақ тұлғаларының әрқайсысының мағыналық, жұмсалымдық ерекшеліктеріне талдау жасаймыз.

Жедел өткен шақ. Өткен шақ формаларының ішінде модальдылық мағынасы жоғы – *-ды, -ді* формасы. Сонымен қатар бұл форма өткен шақты білдіретін негізгі көрсеткіш болып табылады. Шақ жіктемесінде бұл тұлғаны «жедел өткен шақ» деп атайды. Векторлық ұстаным бойынша ғылыми әдебиеттерде *-ды, -ді* тұлғасы сөйлеу сәтінің алдында ғана болған амал-әрекеттің өту мерзімін білдіреді делінеді. Мұндай анықтамалар өзбек тіліндегі шақ категориясын зерттеуші А.А.Коклянова, сонымен қатар Ш.Бектұров, М.Серғалиевтің «Қазақ тілі» оқулығында, 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» берілген. Ал кейбір ғалымдар еңбектерінде бұл форманың сөйлеу сәтінен бұрын жақын аралықта болған іс-әрекетті ғана емес, одан көп бұрын болған іс-әрекеттерді де білдіретіні айтылады. Айталық, Ж.Түймебаев: «Между тем, если мы обратимся к контекстуальным оттенкам прошедшего времени на *-ды* или сравним эту форму в казахском языке с аналогичными формами в других тюркских языках, то не трудно убедиться что аффикс *-ды*, хотя и употребляется в целом для выражения конкретного действия, имевшего место в прошлом, тем не менее он имеет ряд оттенков в основном своем

значении. Так, например, глагол с этим аффиксом, иначе говоря, форма на *-ды*, употребляется не только для обозначения недавно происходившего действия, скажем совершенного несколько дней, несколько часов и т.д. назад, но и передает такое действие, которое имело место давно или очень давно. Поэтому следует признать, что термин принятый в казахском языкознании «жедел өткен шақ» соответствующий по значению принятым в тюркологических работах, написанных на русском языке, терминам «достоверное», «категорическое», «определенное», далеко не является наиболее подходящим и единственно приемлемым» [166, с. 21]. Автор көрсеткендей, *-ды*, *-ді* қосымшасы етістік түбірлеріне жалғанғанда кей жағдайда әрқашан сөйлеу сәтінің алдында ғана болған іс-әрекетті ғана білдірмейді. Мысалы, *Дәрмен жанындағы пышағын жұлып алып, сиырды жетелеген бас жіпті кесіп жіберді. Көк сиыр бұрыла жөнелді. Сол кезде Өтеп, Жанайдың боқтық айғайы шығып еді. Қабанқара ағызып кеп Дәрменді бастан тартып кетті. Дәрмен де қамшы салды. Бірақ ол жаяу Қабанқараның қамшысы. Дәрменнің басынан қанын бұрқ еткізді. Осыны көріп Баймағамбет Қабанқараға ұмтылып еді, оны Өтеп пен Жанай кимелеп шетке қағып әкетті. Баймағамбет сол сәтте атын борбайлап Абай аулына қарай шаба жөнелді» (М.Әуезов). Жоғарыдағы сөйлемдердегі *-ды*, *-ді* формалы етістіктер (кесіп жіберді, бұрыла жөнелді, шығып еді, тартып кетті, бұрқ еткізді, қағып әкетті, шаба жөнелді) жақын арада болып өткен амал-әрекетті білдірмей, амал-әрекеттің анық болып өткендігін білдірген.*

Аталған шақ тұлғасының осындай тілдік сипатын анық байқаған Т.Қордабаев: Өткен шақтың басқа түрлеріне қарағанда, мұның мағынасынан «ертеде», «баяғыда» деген ұғымның байқалмайтыны даусыз. Бірақ оған қарап бұл форма болғанына көп уақыт өтпеген іс-әрекеттерді білдіру үшін ғана қолданылады екен деп қарауға болмайды. Мысалы:

Жасымда зылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көретұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім (Абай) дегендерде әңгіменің түйіні іс-әрекеттердің жақында болғандығында емес, хабаршының сол іс-әрекеттердің болғандығына өзінің көзі әбден жететіндей, өзі соның басы-қасында болғандай сенімді етіп беруінде. Сондықтан өткен шақтың бұл түрін «айғақты өткен шақ» деп атаған дұрыс», - деп жазады [140, 56 б.]. Т.Қордабаев амал-әрекеттің сөйлеу сәтіне дейінгі болған-болмағаныны сөйлеушінің айғақ бола сөйлеуін өткен шақты мағыналық топқа бөлудің критерийі етіп алады. Сөйтіп айғақты өткен шаққа *-ды*, *-ді*, *-ған*, *-ген*, *-атын*, *-етін* және *-ған еді*, *-атын еді* аналитикалық тұлғаларын жатқызып, *-ды*, *-ді* қосымшасын *айғақты өткен шақтың жеделді түрі*, ал қалған тұлғаларды *айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі* деп атайды. Ал айғақсыз өткен шаққа *-ып*, *-іп* тұлғасы мен *-са керек*, *-ған шығар*, *-ды білем* сияқты аналитикалық тұлғаларын жатқызады. Демек, бұдан байқайтынымыз, Т.Қордабаев өткен шақты жіктеуде модальдық мағынаны да, векторлық ұстанымды да қамтуға тырысқан. Өткен шақтың үлкен екі тобын алдымен

модальдық мағыналары бойынша *айғақты* және *айғақсыз* деп екіге бөліп алған да, оларды ішкі мағыналық топқа бөлуде *жеделді* және *бұрынғы* түрі деп, векторлық ұстанымды негізге алған. Өз жіктемесі туралы ғалым былай деп жазады: «Біздің байқауымызша, өткен істің *айғақты* я *айғақсыз* және сөйлеу уақытына *алыс, жақын* мағыналарда берілуі – жалпы өткен шақ көрсеткіштерінің мағыналық негізі сияқты» [140, 56 б.].

-ды, -ді тұлғасының сөйлеу сәтіне жақын аралықта болып өткен амал-әрекеттерді ғана білдірмейтінін ертегілердегі *-ды, -ді* формалы етістіктер қолданысы арқылы да негіздеуге болады. Мысалы, «*Түрегелсе бағанағы үш қыз қасында отыр, үш қыз тірілткенін білді. Сол кезде үш қызды өзі алыпты. Үш қатыны айтты: «Біз ешқайда бармаймыз. Кеше қарындасыңды әкеткен жауыңнан өшіңді алсаңшы. Еркембайлар азық алды, тозбас киім киді, күрең атын мініп іздеп жүріп кетті»* (Қазақ ертегілері). Осы сөйлемдердегі *білді, айтты, киді, жүріп кетті* етістіктері ертегі тілінде «алыпты» етістігі сияқты *-ып, -іп* формасында қолданылуы керек еді. Бұл жерде *-ды, -ді* формасы етістік түбіріне тікелей жалғанып, амал-әрекеттің анықтығын, айқындығын, нақты болғандығын білдіру үшін қолданылған. Екіншіден, сөйлеу сәтінің алдында ғана болған амал-әрекеттерді баяндау үшін қолданылмаған. Яғни *-ған* тұлғасы мен *-ды* тұлғасын орын ауыстырғанда векторлық тұрғыдан, яғни сөйлеу сәтіне дейінгі амал-әрекеттердің жақын не ертеде болғандығы анықталмайды. Мысалы: *Ол былтыр ауылға келді* деп те *Ол кеше ауылған келген* деп те айта беруге болады.

Т.Қордабаев, сонымен қатар, жедел өткен шақ және бұрынғы өткен шақ тұлғаларының аражігін динамикалық және статикалық күйді беру сипаттарына қарай да ажыратып көрсетеді. «*-ды, -ді* аффиксті айғақты өткен шақтың жеделді түрі дегенде, мұндағы жеделділік мағынаны тек жақында болғанына көп уақыт болмаған іс-әрекеттерді білдіру үшін қолданылатындығынан деп қарауға болмайды. Асылында, шақтық көрсеткіштердің қай-қайсысы болса да, болып өткен немесе болашақ іс-әрекеттерді жалпы білдіргені болмаса, олардың болған я болатын мезгілін нақты білдіре алмайды. Ондай нақтылық – шақтық көрсеткіштердің емес, мезгіл үстеулерінің міндеті. Өткен шақ көрсеткіштерінің мағыналарынан байқалатын жеделділік я бұрынғылық ұғым іс-әрекеттердің болу мезгіліне байланысты болмайды, оның не динамикалық күйде, не статикалық күйде берілуіне байланысты болады. Мысалы, *Ол кеше жиналыста болды* деп те, *Ол кеше жиналыста болған* деп те айтуға болады. Осындағы *болды* мен *болғанның* екеуі де бір мезгілдегі іс-әрекеттің көрсеткіштері. Бұлардың алдындағысы жақында болған істі білдіріп тұр да, соңғысы одан бұрын болған, баяғыдағы істі білдіріп тұр деу шындыққа үйлеспейді. Егер бұдан бірнеше жылдар бұрын болған іс-әрекеттерді білдіру үшін жедел өткен шақ көрсеткіштерін қолданып, күні кеше ғана болған іс-әрекеттерді білдіру үшін бұрынғы өткен шақ көрсеткіштерін қолдансақ, одан стильдік нормамызға нұсқан келмейді. *Ол былтыр біздің ауылға келді* деп те, *Ол кеше біздің ауылға келген* деп те айта беруге болады.

Олай болса, жеделдік мағына *-ты, -ды* аффикстерінің бұрынғы өткен шақ көрсеткіштеріне қарағанда, жақында, беріде болған іс-әрекетті білдіру үшін қолданылғандығынан емес, мұндағы ой түйіні іс-әрекетте, оның динамикасында болатындығынан. Іс-әрекеттің қазіргі сөйлеп тұрған уақыт тұрғысынан қаралмай, Н.К.Дмитриев айтқандай, өткен шақ тұрғысынан қаралып, берілетіндігінен» [140, 57 б.].

Қ.Кемеңгерұлы өткен шақтың түрлерін жіктеп, нақтылай көрсеткен, оларға өзінше атау берген. Мысалы, жедел өткен шақ түрін (*-ды, -ді*) ғалым «несовершенное прошедшее» деп атап, бұл тұлғаның әлі толық аяқтала қоймаған істі білдіретінін айтады. Ғалымның тілдік мұрасын зерттеген О.Жұбаева «тұрды», «сөйледі», «көрді» етістіктерінде белгілі бір процестің әлі аяқтала қоймағаны, яғни әлі тұрғаны, әлі сөйлеп тұрғаны, әлі көріп тұрғаны аңғарылады. Осыған байланысты «жедел өткен шақ» деген терминнің шақтың осы түрінің мәнін толық аша алмайтынын, сол себепті амалдың әлі де өтіп жатқанын білдіретін шақ түрін атауда Қ.Кемеңгерұлы қолданған термин лайықты сияқты деген пікір айтады [157, 15 б.].

Т.Қордабаев болса *-ды, -ді* тұлғасын етістік шақтарының ең тиянақты көрсеткіші, айғақты өткен шақ формасының, негізінде, біткен, тиянақталған іс-әрекеттерді білдіретіні күмәнсіз, сондай-ақ ол өткен шақтық көсемшелерге көмекші болғанда, бастапқы тиянақтылық мағыналары сақталғанмен, ауыспалы шақтық көсемшелерге көмекші болғанда, кейбіреулерінің бастапқы аяқталғандық, тиянақтылық мәндері өзгеріп, әртүрлі видтік мағыналарды білдіреді дейді Мысалы: *Аздан соң оның да сұлдері азайып, біртебірте азая берді* (М.Әуезов); *Темір газеттегі өзінің суретін көрді де ішіндегі өзі жайында жазылған мақаланы оқый бастады* (Ә.Әбішев) [140, 58 б.].

Ы.Маманов жедел өткен шақ формасы (*-ды, -ді*) басқа шақ формалары сияқты, өткен шақтық мағынадан басқа үстеме мағына білдірмейді, ол сөйлеу кезінен бұрынғы қимыл, іс туралы хабарлау түрінде баяндауын білдіреді [158, 107 б.].

Ы.Маманов жедел өткен шақ формасын қолданғанда сөйлеуші өткен оқиғаны жай хабарлау түрінде айтуды мақсат етсе, бұрынғы (*-ған*) өткен шақ формасын қолданғанда жай хабарлау емес, сол іс-әрекетке тыңдаушының назарын аударуды мақсат етеді дейді. Сонымен *-ды, -ді* тұлғасы мынадай функционалдық мағыналарды білдіреді:

Векторлық ұстаным бойынша:

- сөйлеу сәтінің алдында өткен шақта болған амал-әрекетті;
- амал-әрекеттің жақын арада болып өткенін;
- амал-әрекеттің сөйлеу сәтінен көп бұрын, ертеректе болып өткенін де білдіреді;

Модальдық ұстаным бойынша:

- амал-әрекеттің анық болып өткендігін (прошедшее категорическое);
- сөйлеушінің амал-әрекеттің, оқиғаның болып өткеніне (өзі басы-қасында болғандай) сенімділін (прошедшее очевидное);

Аспектiлiк ұстаным бойынша:

- амал-әрекеттiң бiр-ақ рет болғандығын (прошедшее однократное);
- амал-әрекеттiң аяқталмағандығын (прошедшее незаконченное);
- амал-әрекеттiң өткен шақтағы қазiргi сөйлеп тұрған уақытқа қатыссыз динамикалық күйде өтуiн бiлдiредi...

Осы аталған мағыналық сипатарына қарай ғалымдар *-ды, -дi* тұлғасын шақ жіктемесінде түрліше атап отырған. Мәселен: жедел өткен шақ, айғақты өткен шақтың жеделдi түрi, анық өткен шақ т.б. Мұны төмендегi кестеден көруге болады:

Кесте 20 – *-ды/di* тұлғасының терминологиялық аталымы

	Жедел өткен шақ	Айғақты өткен шақтың жеделдi түрi	Анық өткен шақ	Нақты өткен шақ (прошедшее категорическое)	Аяқталмаған өткен шақ (несовершенное прошедшее)
Қ.Кемеңгерұлы					+
С.Аманжолов	+				
Г.В.Архангельс.				+	
І.Кеңесбаев,...	+				
Н.Сауранбаев...	+				
Т.Қордабаев		+			
А.Ысқақов			+		
Ы.Маманов	+				
С.Исаев	+				
М.Серғалиев,...	+				
Қаз. грам. (1967)	+				
Қаз. грам. (2002)	+				

-ды, -дi тұлғасының жіктемелік атауына қатысты жоғарыда берілген сызбадан мынадай қорытындылар жасауға болады: *-ды, -дi* тұлғасын ғалымдар негізінен шақтық мағынасы тұрақты, қалыптасқан, етістік шақтарының ең тиянақты көрсеткіше ретінде таниды.

Бұл қосымшаның өткен шақты білдірудегі семантикасына қарай ғалымдар жоғарыда аталған модальдық, векторлық, аспектілік ұстанымдардың барлығын да пайдаланған деуге болады. Әсіресе, бұл тұлғаның бір жағынан, векторлық сипатына қарай сөйлеу сәтіне жақын арада болып өткен амал-әрекеттің өту мерзімін білдіруі негізгі жіктемелік белгі болып саналса, екінші жағынан аталған тұлғаның өткен шақтағы амал-әрекеттің нақты болып өткендігі, сөйлеушінің сенімділігі сияқты модальдық мағыналары да үнемі ескеріліп отырған. Модальдық белгісіне қарай қазақ тіл білімінде анық өткен шақ (А.Ысқақов), айғақты өткен шақ (Т.Қордабаев) деген терминдермен аталып, өткен шақтың бір түрі ретінде шақ категориясының құрамында көрсетілген. Ал

аспектілік ұстаным бойынша атау бірлі-жарым ғылыми еңбектерде (Қ.Кемеңгерұлы) ғана кездеседі.

Өткен шақ жіктемесінде *-ды, -ді* тұлғасын ғалымдардың дені *жедел өткен шақ* деп атайды. Бұл соңғы академиялық грамматикада да осы терминмен аталған. Алайда бұл өткен шақ тұлғасын *жедел өткен шақ* деп атаған ғалымдар оның модальдық, аспектілік мағыналарын назардан тыс қалдырмаған, оларды *-ды, -ді* тұлғасын атаудағы жіктемелік белгі ретінде ұстанбағанмен, аталған тұлғаның мағыналық сипаттары, функционалдық мағыналары тұрғысынан атап көрсетіп отырған.

Бұрынғы өткен шақ. *-ды, -ді* жедел өткен шақ тұлғасының жақын арада болып өткен амал-әрекеттерді ғана білдірмейтіндігі сияқты *-ған, -ген* формасы да бұрынғы өткен шақ көрсеткіші болғанмен, ол үнемі бұрынғы өткен шақ мағынасын білдірмейді. Ол *-ды, -ді* қосымшасына синоним ретінде де қолданылуы мүмкін. Әрине, бұл екі форманың арасында мағыналық реңктерінде айырмашылық бар. Бірақ сол реңктік айырмашылықтарына қарамастан бірінің беретін мағынасын екіншісі бере алады.

Бұрынғы өткен шақтық мағына етістік түбіріне *-ған, -ген* есімше формасының жалғануы арқылы жасалады. Бұл аффикс жалғанып жасалған етістіктер сөйлеу сәтінен біршама уақыт бұрын болып өткен амал-әрекеттің өту мерзімін білдіреді. Мысалы, *Сен үйдің жоғарғы жағында отырғансың* (М.Әуезов); *Сатан ел ішінде жүргенде қалаға кеткен жігіттерді, қала тұрғындарын осыдан бөтен деп ұғынған емес* (Ә.Әлімжанов). Осы мысалдардағы *-ды, -ді* формалы етістіктер мен *-ған, -ген* формалы етістіктердің арасындағы мағыналық айырмашылықтарды байқауға болады. Айталық, *-ды, -ді* формалы етістік арқылы берілген өткен шақта белгілі бір уақыт кесіндісінде болған мағына берілмейді. Мысалы, *Шеген тоғыз жылдық мектепті бітіріп, әскерге алынған күні мен де он беске келіп қалғанымды есіме алдым* (Ғ.Мүсірепов). *Менің оған еліктейтінім де, басқалардан қызғана қарайтыным да оған ұнамайтын болып шықты* (Ғ.Мүсірепов). Бұл екі мысалда да өткен шақта болып өткен іс-әрекеттің өту мерзімі берілген, бірақ олар сөйлеу сәтінен қаншалықты бұрын болғанын білдірмейді. Ал *-ған, -ген* формалы етістік сөйлеу сәтінен қанша уақыт бұрын болған оқиға, амал-әрекет екендігін жалпы уақыт кесіндісі арқылы көрсете алады. Мысалы, *Дүние жүзінде ең үлкен зоопарктердің бірі деп естігенмін* (І.Есенберлин). *Мен осындай істерден сырт қалғанмын* (М.Әуезов). Бұл мысалдардағы етістіктер іс-әрекеттің сөйлеу сәтінен біршама уақыт бұрын болғандығын білдіреді. Яғни субъектінің естуі мен сырт қалуына біршама уақыт болған. Осындай мағыналық реңкті білдіруіне байланысты *-ған, -ген* формалы етістіктерді *бұрынғы өткен шақ* деп атайды.

Бірақ мұндай мағыналық реңк кейбір контекстерде берілмеуі де мүмкін. Мысалы, *Мен өткен жылы Құнанбай аулына барғанмын* (М.Әуезов). *Сен сонда той үстінде келгенсің* (С.Жүнісов). Бұл сөйлемдердегі «барғанмын», «келгенсің» етістіктерін *-ды, -ді* формаларымен ауыстырып қолданғандағы мағынадан айырмашылығы көп емес. Бұл етістіктер жоғарыдағы сөйлемдерде

бұрынғы өткен шақтық мағынаны білдіруден гөрі анықтық, айқындық мағынаны білдірген. Бұл жағынан көбінесе *-ды, -ді* қосымшасы білдіретін анықтық, айқындық (конкретность) мағынаға жақын. Алайда жоғарыда көрсетілген екі шақ формасының анықтық (конкретность) мағынаны білдіру дәрежесі бірдей емес. Айталық, *-ды, -ді* қосымшасы жалғанған етістіктерде субъекті қимыл-әрекеттің жүзеге асуына сенімді болады. Ал *-ған, -ген* аффиксі арқылы берілген етістіктерде субъекті амал-әрекетке сенімді болмайды. Мысалы, *Дәмежан көңіл қосып серт берген де, бір түнде осыған еріп қалаға қашып кеткен* (М.Әуезов). Енді осы сөйлемдердегі «берген», «кеткен» етістіктеріндегі *-кен* формасын *-ді, -ті* формасына өзгерткенде (берді, кетті) субъекті амал-әрекетке сенімді болады да, анықтық, яғни амал-әрекеттің анық болып өткендігі білдіріледі. Ал *-ған, -ген* аффиксі арқылы берілген өткен шақта жалпылық басым болады да, жалпы ақпарат беруде қолданылады. Бұл формада қолданылған етістіктер «сияқты, шығар, болуы керек, болуы мүмкін т.б.» күдік мағынаны білдіретін модаль сөздермен тіркесуге бейім болады. Мысалы, *Енді келіп те қалған шығар деп, Нариман оны тоқтатқан болды* (І.Есенберлин). *Сол арманына жеткізер жіңішке жол тапқан сияқты* (М.Әуезов). *Сірә айтқан сөздері қызықты болған болуы керек, жұрт ұйып тыңдап отыр* (І.Есенберлин).

-ған, -ген аффиксі өткен шақ мағынаны білдіруде жіктеліп қолданылады. Мысалы, *Мен барғанмын; Сен барғансың; Сіз барғансыз; Ол барған (көпше түрде де жіктеледі)*. Сонымен қатар бұл форма қысқартылып та қолданылады. Ол бірінші жаққа тән. Мысалы, *барғам, келгем*.

Бұрынғы өткен шақ формасы жіктелу кезінде түрлі мағыналық реңкке ие болады. Мысалы, I жақта амал-әрекеттің болып өткендігі анық беріледі де, үшінші жақта ол мүлдем жалпыланып, жай хабарлама түрінде беріледі. Мысалы, I жақ: *Мен оны мақтап жазған жоқпын, қалай ілініп қалған қайғымды жазғанмын* (Ғ.Мүсірепов). 3 жақ: *Оң жағалаудың бойында тыныш болса да, бірақ әлі беймаза ауылдар орналасқан* (Ә.Кекілбаев).

Бұрынғы өткен шақтың болымсыз формасы үш түрлі жолмен жасалады. 1) *-ма, -ме* болымсыз форманың жалғануы арқылы (моделі: етістік + *ма, -ме* + *-ған, -ген* + жіктік жалғау: жетпеген, бармағанмын); 2) етістік + *-ған, -ген* + жоқ+жіктік жалғау: барған жоқпын; барған жоқсың, барған жоқ. 3) етістік + *-ған, -ген* + емес + жіктік жалғау: барған еміспін, келген емессің.

Болымсыз мәндегі шақтық формалар 3 жақта жіктеліп қолданылады. Сонымен, *-ған, -ген* тұлғасы мынадай функционалды мағыналарды білдіреді:

Векторлық ұстаным бойынша:

- амал-әрекеттің сөйлеу сәтінен бұрын болып өткенін;
- іс-әрекеттің сөйлеу сәтінен біршама уақыт бұрын болғандығын;
- амал-әрекеттің сөйлеу сәтіне жақын аралықта болып өткенін;

Модальдық ұстаным бойынша:

- амал-әрекеттің (бірінші жақта жіктеліп қолданылғанда) анық, айқын болғандығын;

- үшінші жақта жіктеліп қолданылғанда амал-әрекеттің болып өткендігіне субъектінің сенімсіздігін;

Аспектiлiк ұстаным бойынша:

үшінші жақта жіктеліп қолданылғанда амал-әрекеттің жалпы түрде болып өткендігін т.б.

Осы аталған мағыналық сипатарына қарай ғалымдар *-ған, -ген* тұлғасын шақ жіктемесінде түрліше атап отырған. Мәселен: *бұрынғы өткен шақ, айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі, алыс өткен шақ, аулақ өңді өткен шақ, анық өткен шақ* т.б. Мұны төмендегі сызбадан көруге болады.

Кесте 21 – *-ған, -ген* тұлғасының терминологиялық аталымы

	Бұрынғы өткен шақ	Айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі	Алыс өткен шақ өткен шақ	Аулақ өңді өткен шақ	Анық өткен шақ
Қ.Жұбанов				+	
С.Аманжолов	+				
І.Кеңесбаев, ...	+				
Н.Сауранбаев...			+		
Т.Қордабаев		+			
А.Ысқақов					+
Ы.Маманов	+				
М.Серғалиев,...	+				
Қаз. грам. (1967)	+				
Қаз. грам. (2002)	+				

-ған, -ген тұлғасының терминдік аталымы жоғарыда берілген кестеде нақты көрініс тапқан. Кестеден көріп отырғанымыздай, аталған тұлғаны ғалымдар көбінесе «бұрынғы өткен шақ» деп атаған. Және оған осылай атау берген ғалымдар оның сөйлеу сәтінен бұрынырақ болған амал-әрекеттің өту мерзімін білдіретінін айтады. Осы мағыналық ерекшелігіне қарай ғалымдардың екінші бір тобы «алыс өткен шақ», «аулақ өңді өткен шақ» деп атағанмен, бұл екеуі де «бұрынғы» өткен шақ атауымен синонимдес. Бұл үш атау да *-ған, -ген* тұлғасының векторлық ерекшелігіне қарай берілген деуге болады. Ал жіктемедегі модальдық ұстаным бойынша берілген атау Т.Қордабаевтың «айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі» мен А.Ысқақовтың «анық өткен шақ» терминдерінде қолданылған.

-ған, -ген формасын бұрынғы өткен шақ деп атаған ғалымдар оның үнемі бұрынғы өткен шақ мағынасын білдірмейтінін, *-ды, -ді* қосымшасына синоним ретінде де қолданыла алатынын, сонымен қатар бұл екі форманың арасында мағыналық реңтерінде айырмашылық бар екенін, бірақ сол реңктік айырмашылықтарына қарамастан бірінің беретін мағынасын екіншісі бере алатынын көрсеткен. Бұған қоса, *-ған, -ген* формалы етістік сөйлеу сәтінен қанша уақыт бұрын болған оқиға, амал-әрекет екендігін жалпы уақыт кесіндісі

арқылы көрсете алатынын, ал *-ды, -ді* формалы етістік арқылы берілген өткен шақта белгілі бір уақыт кесіндісінде болған мағына берілмейтінін; жедел өткен шақ формасын қолданғанда сөйлеуші өткен оқиғаны жай хабарлау түрінде айтуды мақсат етсе, бұрынғы (*-ған*) өткен шақ формасын қолданғанда жай хабарлау емес, сол іс-әрекетке тыңдаушының назарын аударуды мақсат ететіндігін айтқан. Демек, бұдан *-ған, -ген* тұлғасын бұрынғы өткен шақ деп таныған, солай атаған ғалымдардың барлығы бірдей оның сөйлеу сәтінен көп бұрын болған оқиғаларды ғана білдірмейтінін, яғни жақын арада болған қимылды да білдіре алатынын, жедел өткен шақтық жұрнақ *-ды, -ді* тұлғасымен синонимдес мағынаны да білдіре алатынын байқаған және өз зерттеу еңбектерінде атап көрсеткен. Ал *-ған -ген* тұлғасына *екен, шығар* көмекші сөздерінің тіркесуін (барған шығар, барған екен) өткен шақты модальдық ұстаным бойынша жіктеген Т.Қордабаев айғақсыз өткен шақ тобына қосқан.

Ал, жалпы алғанда, *-ған, -ген* есімше формасын бұрынғы өткен шақ деп атау үрдісі қазақ грамматикасының даму тарихында ертеден-ақ осы жүйеде басталып, соңғы қазақ грамматикасында да сақталған. Біздің ойымызша, *-ған, -ген* тұлғасының *бұрынғы өткен шақ* деп аталуының өзі оның негізінен векторлық, яғни сөйлеу сәтінен бұрын (көп уақыт бұрын) болған амал-әрекетті білдіруіне байланысты берілген.

Бұрынғы өткен шақ. Бұрынғы өткен шақтың екінші тұлғасы көсемше формаларына жіктік жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. **Моделі:** *-ып, -іп, -п* + жіктік жалғау. Мысалы, *Басы төрге қарай, сол жақ жанып тұрған отты көсей құлапты* (Ғ.Мүсірепов). *Сол тойда сен де болыпсың, достарыңмен бірге ән айтыпсың* (Б.Тоқмырзин).

-ыпты, -іпті аффиксі жалғанып жасалған өткен шақ туралы ғалымдар әртүрлі пікір айтқан. Мысалы, Т.Қордабаев: «Өткен шақтық көсемше етістіктер, біріншіден, баяғыда болған, қазір ұмытыла бастаған ертегілерде көбірек қолданылса, екіншіден, іс-әрекеттің басы-қасында айтушының өзі болмағандығын, оны басқа біреулерден есту арқылы білгендігін немесе іс-әрекеттің қашан, қалай болғандығын өзінің ұмытқанын, есінен шығып кеткенін байқату үшін де қолданылады», - дейді [140, 79 б.].

С.Аманжолов, С.Кеңесбаев пен С.Жиенбаев бұл тұлғаны шақ жіктемесінде көрсетпеген, ал Н.Сауранбаев пен Ғ.Бегалив «ескі өткен шақ» деп атайды.

Т.Қордабаев қазіргі грамматикаларда жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ деп аталатын түрлерін *айғақты, айғақсыз өткен шақ* деп бөледі. Айғақты өткен шақ деп аталатын себебі айтушы я жазушы іс-әрекеттің болған-болмағанына өз көзі әбден жететіндей, өзі соның басы-қасында болғандай сеніммен айғақ бола сөйлейді деп көрсетеді. Оны өз ішінде *айғақты өткен шақтың жедел түрі (-ды, -ді) және айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі (-ған, -ген, -атын, -етін, -ушы, -уші)* деп жіктейді. Айғақсыз өткен шаққа күмән мәнді білдіретін формаларды жатқызады. Мысалы: *Қайырбек бұл кітапты кітапханадан алыпты* деген мысалда Қайырбектің кітапты кітапханадан алғанын айтушының өзі көрмеген, ол туралы басқа біреуден не Қайырбектің өзінен кейіннен білген

дейді. Сонымен қатар: «Мұндағы әңгіменің түйіні, іс-әрекет, жай-күйлердің болу мезгілінде, көнелігінде ғана емес, сол іс-әрекеттердің қалай болғандығын айтушының өз көзімен көрмегендігінде немесе ұмытқандығында, сондықтан оған өзінің айғақ бола алмайтындығында. Өткен шақтық көсемше формаларының бұл айтылған айғақсыздық мағынасы – оны өткен шақтық есімше формаларынан да, өткен шақтың басқа көрсеткіштерінен де жекелеп танытатын ең басты мағыналық ерекшелігі» деп анықтайды [140, 79 б.]. Біздіңше, Т.Қордабаевтың шақ түрлерін жіктеуде айғақты және айғақсыздық мәнді ұстануы шақ формаларының төл (векторлық) мағынасы емес, іс-әрекеттің болған-болмағанына субъектінің көзқарасын білдіретін модальдық мағына болып табылады. А.Ысқақов Т.Қордабаев жіктемесіндегі айғақсыз өткен шақ деп анықтаған *-ып, -іп* тұлғасын танық өткен шаққа жатқызады [163, 323 б.].

Ы.Маманов бұл шақ формасын *ежелгі өткен шақ* деп атайды. Ғалым: «Сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен, немесе басқа бір жағдай арқылы білсе, осы ежелгі өткен шақ формасында баяндайды», - деп жазады [158, 130 б.]. Ежелгі өткен шақ деп өткен шақ көсемшенің жіктелген түрін айтады. Жоғарыдағы бұрынғы өткен шақ сияқты грамматикалар мен оқулықтардағы ежелгі өткен шаққа берілген «істің өте ескі уақытта болып өткендігін көрсетеді» деген анықтама дұрыс емес, өйткені ежелгі өткен шақ формасы (*-ып, -іп, -п*) сөйлеу кезінен бұрын болған қимылдың ерте кезде немесе жуық арада өткендігін айырмайды деген тұжырым жасайды. «Сөйлеуші Москвадан қайтқан Қайырбекті өзі қарсы алған болса, ол: *Қайырбек кеше Москвадан қайтты* дер еді, егер сөйлеуші Қайырбектің Москвадан қайтқанын өзі көрмей, басқа біреуден естіп білген болса, онда: *Қайырбек кеше Москвадан қайтыпты* деп ежелгі өткен шақ формасында айтады. Бұл сөйлемдегі бұрын болып өткен оқиғаларды сөйлеуші өз көзімен көрмей, басқа біреуден естіп білгендігі аңғарылады [158, 109 б.].

Ы.Маманов өткен шақ жіктемесінде жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ түрлерін атағанмен, оларды (ежелгі, бұрынғы) шартты түрде алынған термин ретінде қараған. Шақ түрлерінің ежелгі өткен шақ пен бұрынғы өткен шақ деп аталуы уақыт кесіндісіне қатысты емес, іс-әрекетке сөйлеушінің қатысына қарай алынған. Яғни сөйлеуші іс-әрекеттің басы-қасында болмай, біреу арқылы естісе, онда ол ежелгі өткен шақ болады, сондай-ақ жедел өткен шақ формасын қолданғанда сөйлеуші өткен оқиғаны жай хабарлау түрінде айтуды мақсат етсе, бұрынғы (*-ған*) өткен шақ формасын қолданғанда жай хабарлау емес, сол іс-әрекетке тыңдаушының назарын аударуды мақсат етеді дейді. Ғалымның бұл пікірлерінен А.Ысқақов пен Т.Қордабаев қолданған айғақты, анық және айғақсыз, танық өткен шақ түрлерінің семантикалық сипатына жақын келгендігі аңғарылады. Демек, Ы.Маманов өткен шақты жіктеуде оның түрлерін негізінен векторлық ұстаным бойынша бөлгенмен, өткен шақ тұлғаларының модальдық мағыналарын назардан тыс қалдырмаған.

1967 жылғы академиялық грамматикада да бұл форма *-ған, -ген* формасымен бірге бұрынғы өткен шақ формасы деп аталады. Басқа да көптеген түркологиялық еңбектерде осылай анықталған. Академиялық грамматикада бұрынғы өткен шаққа мынадай анықтама берілген: «Бұл шақ іс-әрекеттің, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан әлдеқайда бұрын, ертеде болып өткенін білдіреді» [164, 198 б.]. Бұл шақ түріне *-ған, -ген, -қан, -кен; -ып, -іп, -п, -ушы еді* тұлғалары жатқызылады. Яғни грамматика авторлары бұрынғы өткен шаққа сөйлеу сәтіне қатысы тұрғысынан келген. Ал Ы.Маманов бұл өткен шақ түрінің өткен шақтық мағына білдіруде сөйлеу сәтінен өте ертеде болған іс-әрекетті білдіретіндіктен бұрынғы (ежелгі) өткен шақ деп аталады деген пікірдің дұрыс еместігін, бұл шақ түрі сөйлеушінің іс-әрекеттің басы-қасында болған, болмағандығымен байланысты дейді.

2002 жылы жарық көрген соңғы қазақ грамматикасында өткен шақ жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ түрлеріне жіктелінген. Жедел өткен шақ жасаушы тұлға, әдеттегідей, *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары аталып, бұрынғы өткен шақтың *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімшенің, сондай-ақ *-ып, -іп, -п* тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалатыны айтылады. Грамматикада бұрынғы және ежелгі өткен шақ формаларын біріктіріп береді.

-ыпты, -іпті аффиксі арқылы жасалған өткен шақ мағыналық жағынан бұрынғы өткен шаққа да, ежелгі өткен шаққа да жатпайды. Айталық, «алыпты», «беріпті» етістік формалары бұрын, ертеде болған іс-әрекетті ғана білдірмей, жақын арада болып өткен іс-әрекеттің өту мерзімін де білдіре береді. Мысалы, *Кеше қонақтар келгенде көрмеде ерттеусіз тұрған қара жал, қара құйрық ақ сары ат бүгін әсем ерттелініпті* (М.Әуезов). Сөйлемде баяндауыш болып тұрған етістік *-іпті* жұрнағы арқылы жасалған. Бұл форма сөйлемде бұрынғы өткен шақтық мағына білдіріп тұрған жоқ. Себебі сөйлемдегі «бүгін» сөзі іс-әрекеттің жақын арада болғандығын білдіреді.

Сондай-ақ анық өткен шақтық мағынаны білдіруде де қолданылады. Мысалы, *Е. Уәдешіл қайным-ай! Айтқан серттен шығыпсың-ау. Бірақ менің қайын сіңлім, Көзжақсым, ауыл қыдырып кеткенін қайтесің* (М.Әуезов). Сөйлемдегі «шығыпсың» етістігі анық өткен шақтық мағынаны білдіріп тұр.

-ыпты, -іпті формасы етістік түбірлеріне жалғанғанда қалып-күйді де білдіреді. Мысалы, *Күн мөлшерін білген Өтекелді осы ауылдың тап ортасындағы ең үлкен, сегіз қанат үйдің кермесінде тұр екен. Қасына бір топ ұзын бойлы, кесек денелі, сәнді киінген еркектерді алыпты* (М.Әуезов). Жоғарыдағы үш сөйлемде де *-ыпты, -іпті* формалы етістіктерде сөйлеу кезінен бұрын болған іс-әрекет сөйлеушінің тікелей қатысынсыз, екінші бір адамдардан естіген ақпарат түрінде берілген. Сондықтан мұндай өткен шақты **белгісіз өткен шақ** деп атаған дұрыс.

Етістік түбіріне *-ыпты, -іпті* аффиксінің жалғануы арқылы бұрынғы өткен шақтық мағына да беріледі. Мысалы, *Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, Байбөрі деген бай болыпты*. «Алпамыс батыр» эпосының екінші бір нұсқасында жоғарыдағы мәтін былай беріледі: *Жиделі Байсын жерінде,*

Қоңырат деген елінде, Байбөрі деген бар екен, Байбөрі малға бай екен. Төрт түлігі сай екен (Алпамыс батыр).

-ыпты, -іпті аффикстері бір мәтінде аралас (-ған, -ген тұлғасымен) қолданылуы да мүмкін. Мысалы, *Бүгін кешегі қонақтардың үстіне, Семей оязының қала маңындағы болыстарын, Ертіс бойының болыстарын шақырыпты. Оның үстіне, Өскемен, Зайсан ояздарының осы жәрмеңкеге келген көп жуандарын, бай-бағландарын қоса шақыртқан. Өрдегі семіз Найманнан Құрбан деген жуан бар. Ертіс, Алтай төрінен Қаратай елінен келген Ережеп шақыртылыпты* (М.Әуезов).

Ертегілерде, батырлар жырында қолданылған *-ыпты, -іпті* аффиксі бұрынғы өткен шақтық мағынаны беру үшін ғана емес, ертегіні, жырды баяндау үшін де қолданылады. Ертегі, жырларда нақты болған оқиға, іс-әрекеттер баяндалмайтыны белгілі. Оның сюжеті ойдан құрастырылады. Сондықтан *-ыпты, -іпті* аффиксі анық өткен шақтық мағынаны білдірмейді.

-ып, -іп тұлғалары жіктік жалғауын қабылдайды. Бірақ олардың қолданылу шегі бірдей емес. Мысалы, 3 жақта жиі қолданылса, 1 және 2 жақта сирек қолданылады. 1 жақта амал-әрекет иесі ол оқиға туралы білмейді не ұмытып қалған болады. Мысалы, *Сол жанжалдың ішінде мен де болыптын* (Қазақ ертегілері).

Сөйлеуші амал-әрекеттің жасырын субъектісі болуы да мүмкін. Мысалы, *Ішімдегі сырымды білмей айтып қойыптын* (С.Өмірзақов).

-ып, -іп аффиксі 2 жақ жіктік жалғауын қабылдағанда сөйлеуші ұмытылған нәрсені еске түсіре баяндайды. Мысалы, *Жә, Тәкежан мырза! Қорқып бұққан Жігітекті тағы да бұқпа торғайдай басынан асыра тас лақтырып, бұқтыра түсіңсіз* (М.Әуезов). *Менің естуімша, Анатолий Кондратович осы әзілді сіз айтыпсыз* (С.Мұқанов).

-ып, -іп тұлғалары 3 жақ жіктік жалғауын қабылдағанда мынадай мағыналық реңктерге ие болады.

1) іс-әрекет тікелей сөйлеуші не тыңдаушының қатысынсыз, екінші бір адамдардан естіген амал-әрекет ретінде беріледі. Мысалы, *Ертеңіне Абай өзіне ақылдасып, сәлем бере барған болыстарды масқара қылыпты. Бетке қағып, айыптап сөйлетпепті деген сөз шықты* (М.Әуезов).

2) сөйлеуші не тыңдаушы амал-әрекетке қатыспайды, бірақ сол амал-әрекеттің нәтижесі арқылы хабардар болады. Мысалы, *Апасы-ау, енді қайтейін, күміс самауыр ағып кетіпті* (Ғ.Мүсірепов). *Көшіп шыққалы бері он екі күннің ішінде биден бір хабар болмаса да, дәл осы арада кездесетіндігін білгендей, Айғанша бәрін бапты ұстапты* (Ғ.Мүсірепов).

3) бұл форманы кездейсоқ, күтпеген амал-әрекетті баяндауда да қолданады. Мысалы, *Мерген қайран болып тұрса, бір көк көйлекті қатын кіріп келіпті* (Қазақ ертегі.). *Осының бәрі аз болып отырғандай жиенімсіп, қалжақтап, Сейіт те келе қапты* (Ғ.Мүсірепов).

4) белгілі бір қалып-күйді білдіру үшін де қолданылады. Мысалы, *Көзіне көзі түсіп кетіп еді, көзі тостағанға құйылған судай мөлдірей қалыпты*

(І.Есенберлин). *Өзі жотасынан оқ тигендей, шұғыл иіліп, бүгіле қалыпты* (М.Әуезов).

5) сөйлеушінің дәлелдеуін қажет етпейтін өткен шақтағы амал-әрекетті баяндауда қолданылады. Мысалы, *Мерген қуанып, бір бастаудың басына келіп, тастан үй жасапты, төбесін бірталай ағашпен, аң терісімен жауыпты* (Қазақ ертегі).

6) сөйлеуші естіген оқиғаны сенімсіз түрде баяндауда қолданады. Мысалы, *«Болыс болыс емес, бар болыстың ұлығы Абай болды» - деп советниктің өзі айтыпты* (М.Әуезов). *Сол жерде болғандардың айтуына қарағанда, жәрмеңкеде үлкен дау айтылмапты* (З.Ақышев).

Сонымен, *-ыпты*, *-іпті* тұлғасы мынадай функционалды мағыналарды білдіреді:

Векторлық ұстаным бойынша:

- амал-әрекеттің сөйлеу сәтінен бұрын болып өткенін;
- іс-әрекеттің сөйлеу сәтінен көп уақыт бұрын болғандығын;
- амал-әрекеттің сөйлеу сәтіне жақын аралықта болып өткенін де;

Модальдық ұстаным бойынша:

- бірінші жақта жіктеліп қолданылғанда ұмытылып қалған не таныс емес оқиғаны баяндауда;

- екінші жақта жіктеліп қолданылғанда ұмытылып қалған оқиғаны еске түсіре баяндауда;

- үшінші жақта жіктеліп қолданылғанда: сөйлеуші не тыңдаушының қатысынсыз, екінші бір адамдардан естіген амал-әрекетті;

- өйлеуші не тыңдаушының амал-әрекетке қатыспай, бірақ сол амал-әрекеттің нәтижесі арқылы хабарлауын;

- кездейсоқ, күтпеген амал-әрекетті баяндауда;

- сөйлеушінің дәлелдеуін қажет етпейтін өткен шақтағы амал-әрекетті баяндауда;

- сөйлеуші естіген оқиғаны сенімсіз түрде баяндауда;

- анық болмаған амал-әрекеттерді баяндауда;

- анық болып өткен амал-әрекетті баяндауда да т.б.

Аспектiлiк ұстаным бойынша:

- белгiлi бiр қалып-күйдi бiлдiруде.

Осы аталған мағыналық сипатарына қарай ғалымдар *-ыпты*, *-іпті* тұлғасын шақ жіктемесінде түрліше атап отырған. Мәселен: бұрынғы өткен шақ, айғақсыз өткен шақ, хабарлы өткен шақ, ескі өткен шақ, айғақ өнді өткен шақ, танық өткен шақ, ежелгі өткен шақ т.б. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 22 – *-ыпты, -інті* тұлғасының терминологиялық аталымы

	Бұрынғы өткен шақ	Айғақсыз өткен шақ	Ескі өткен шақ	Хабарлы өткен шақ	Айғақ өнді өткен шақ	Танық өткен шақ	Ежелгі өткен шақ
Қ.Жұбанов					+		
Н.Сауранбаев,..			+				
Т.Қордабаев		+					
А.Ысқақов						+	
Ы.Маманов							+
М.Серғалиев,...							+
Қаз. грам. 1967	+						
Қаз. грам. 2002	+						

-ыпты, -інті тұлғасының терминдік аталымы жоғарыда берілген кестеде нақты көрініс тапқан. Кестеден көріп отырғанымыздай, аталған тұлғаны ғалымдар, көбінесе, оның сөйлеу сәтінен бұрынырақ болған амал-әрекеттің өту мерзімін білдіретінін негізге алып, яғни векторлық ұстаным бойынша «бұрынғы өткен шақ» және «ежелгі өткен шақ» деп атаған. Н.Сауранбаев пен Ғ.Бегалиевтің «ескі өткен шақ» атауы да осы ұстанымға негізделген деуге болады. Ал «айғақсыз өткен шақ», «айғақ өнді өткен шақ», «танық өткен шақ» деп танушы ғалымдар *-ыпты, -інті* тұлғасының модальдық мағынасын жіктемелік белгі ретінде алған. Айта кету керек, *-ыпты, -інті* тұлғасына берілген өткен шақ түріне атау беруде жоғарыдағы ғалымдардың барлығы да аталған тұлғаның мағыналық мазмұнына сүйенгендігін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені берілген терминологиялық атаудың барлығының да өзегінде *-ыпты, -інті* тұлғасының функционалды мағыналарының барлығы өз дәрежесінде көрініс тапқан. Айталық, бұл өткен шақ тұлғасын векторлық ұстаным бойынша атаған ғалымдар, мәселен, Ы.Маманов, оның модальдық мағыналарын да атап көрсетіп отырған. Нақтылап айтқанда, ұмыт болған амал-әрекетті, сөйлеушінің өзі басы-қасында болмай, бөгде біреулерден естіген амал-әрекетті баяндауда қолданатыны т.б. модальдық реңктері туралы айтылады.

Ал аталған тұлғаны модальдық ұстаным бойынша атау берген ғалымдар – Қ.Жұбанов, Т.Қордабаев, А.Ысқақов оның векторлық, яғни сөйлеу сәтінен көп бұрын болған оқиғаны баяндауда қолданылатын жоққа шығармайды. Демек, *-ыпты, -інті* тұлғасына атау беруде ғалымдардың бұл қосымшаның терминологиялық аталымы тұрғысынан өзгешелігі болғанмен, жалпы бұл қосымшаның функционалды мағыналары туралы ой-пікірлері негізінен бірізді.

Сонымен қатар, тағы бір байқалған мәселе, алғашқыда өткен шақ көсемше тұлғасының *-ған, -ген* өткен шақ есімше формасының білдіретін мағынасына қарағанда, ертеде, ұмыт болған, сондай-ақ ертегілерді баяндауда қолданылатыны ескеріліп «ежелгі өткен шақ» деп аталған. Бірақ 1967 және 2002 жылы жарық көрген қазақ грамматикаларында өткен шақ есімше мен

өткен шақ көсемше формалары біріктіріліп, бұрынғы өткен шақ болып берілген. Мұндай шақ жіктемесін сандық жағынан ықшамдап беру соңғы кездері басым бағыт алып отыр.

Ауыспалы (дағдылы) өткен шақ етістік түбіріне *-атын, -етін* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалып, үнемі болатын амал-әрекетті білдіреді. Мысалы, *Құстар үнінің ырғақты саздарын ден қоя тыңдап, әр дыбысына анықтама беруге тырысатын, музыка жайлы өзінің ойларын қағаз бетіне түсіретін* (Ө.Әлімжанов). Бұл аффикс қимыл-әрекетке нақтылық мағына үстемейді. Ғалымдар бұл аффикстің мағыналары туралы әртүрлі пікір айтқан. Айталық, Т.Қордабаев бұл аффикс өткен шақтық мағынаны да, келер шақтық мағынаны да білдіреді дей келе, *ауыспалы өткен шақ* деп атайды. Алайда Т.Қордабаев бұл тұлғаның өткен шақ мағынасында қолданылуына қарағанда келер шақтық мағынада қолданылуы сирек, жоқтың қасы дегенді айтады. Ғалым бұл ойын: «*-тын, -тін* аффиксінің келер шақты білдіруі жеке өз басына ғана тән емес, мезгіл мәнді сөздерге немесе контекстке байланысты болады және келер шақтық мағынада қолданылуы әдебиеттерде сирек ұшырайды. Сондықтан сөз болып отырған ауыспалы шақтық есімше өткен шақтың көрсеткіші ретінде қаралуы керек те, оның кейде келер шақты да білдіретіні тек ескерту ретінде ғана байқатылу керек» деп тұжырымдайды» [140, 64 б.]. Сонымен қатар ғалым еңбегінде бұл қосымшаның ескірген, баяғыда болған іс-әрекет, жай-күйлерді білдіретіні және де бұл ертеде болған іс-әрекеттің бір рет болмай, бірнеше рет болғандығын немесе дағдыға айналған әрекет екендігі айтылады. Т.Қордабаев өткен шақты айғақты және айғақсыз өткен шақ деп жіктеп, *-атын (-тын), -етін (-тін)* тұлғасын іс-әрекеттің ертеде болғандығын айқындай түсетіндігін негізге ала отырып, айғақты өткен шақтың бұрынғы түріне жатқызады. Мысалы: *Ұлжан жолдың ұзақ болатынын білетін* (М.Әуезов). *Қайта небір жүрісі қатта аттармен күн бойы дамыл алмай, суыт жүрісіп, кешкі қоналқыға жеткен жерде дененің ауырғанын, қиналғанын айтпауға тырысатын* (М.Әуезов). Ғалымның пікірінше, мысалдағы *-атын, -етін* тұлғалы сөздерден іс-әрекет, жай-күйдің болғандығына хабаршының күмәнданбайтынын, өз көзімен көргендей сеніммен айғақ бола айтып отырғаны байқалады.

Осындай аталған тұлғаның модальдық сипаты бойынша А.Ысқақов оны *анық өткен шақ* жіктемесінде көрсетеді. 1967 жылғы академиялық грамматикада да *ауыспалы өткен шақ* термині қолданылады. Ы.Маманов бұл аффиксті *дағдылы өткен шақ* деп атайды.

Бұл аффикстің құрамы туралы ғалымдар әртүрлі пікір айтады. Т.Қордабаев бұл аффиксті тұтас алып қарамайды. Оны *-тын, -тін* формасы мен *-а, -е, -й* көсемше формасының қосындысы деп таниды. 1967 жылы жарық көрген академиялық грамматикада да осылай айтылған.

Біздің пікірімізше, *-тын, -тін* аффиксі жеке тұрғанда шақтық мағынада қолданылмайды. Екіншіден, егер *-а, -е, -й* аффиксін бөліп қарастыратын болсақ, онда *-тын, -тін* есімше формасы көсемше формалы етістікке жалғанған

болады. Ал қазақ тілі заңдылығы бойынша есімше формасының үстіне көсемше формасы немесе керісінше жалғанбайды. Ә.Төлеуов та осы тәрізді пікір айтқан [167]. Әрине, *-атын, -етін* аффиксінің құрамындағы *-а, -е, -й* аффикстері көсемше формалары болып табылады. Алайда көнетүркілік *-атұрған, -етұрған* аналитикалық формантының құрамындағы көсемше форма көмекші етістіктің қысқаруының салдарынан көсемшелік қызметінен айрылып, *-атын, -етін* аффиксіне біріккен. Бұл форма тіпті қазіргі кездің өзінде *-атұғын, -етұғын* формасында қолданылады. Мысалы, *Мұнда онша еш нәрсе жоқ ойлайтұғын, іс емес ойсыз жөні болмайтұғын* (А.Байтұрсынов).

Бұл форма Абай Құнанбаев шығармаларында да кеңінен қолданылған. Мысалы, *Сонан соң арқаныңды тасқа байла, Түсетұғын ыңғайлы жерді сайла* (Абай).

-атын, -етін аффиксі дағдылы іс-әрекетті білдіреді. Мысалы, *Қайыр кейде үстіндегі этаждан әндетіп жүгіріп түскенде, қыз астынан шыға келсе, есіктің қалтарысында тұра қалып, өткізіп жіберетін* (І.Есенберлин). *Бұрын экспедицияны сізбасқаратынсыз, жұрт сізді тыңдайтын, сізге еретін* (І.Есенберлин).

Мұндай үнемі болып тұратын дағдылы әрекетті білдіретін *-атын, -етін* аффиксі қалып-күйді білдіру мағынасында да жұмсала береді. Біріншіден, бір нәрсенің қалып-күйін білдірсе, екіншіден, бір нәрсеге тән қасетті, сапаны білдіреді. Мысалы, *Жұманды жұрт ұната қоймайтын да, Көпейді қия алмайтын* (Ғ.Мүсірепов). *Жирен сақалды, ақсары Григорий Афанасьевич саңқылдап қатты күлетін адам болатын* (Д.Әбішев). Мысалдардағы «қия алмайтын», «адам болатын» құрамындағы *-атын, -етін* аффиксі шақтық мағына бермей, қалып-күйді білдіріп тұр. *Керуен көшетін сауда жолдары, үлкен базарлар, атақты қалалар – бәрі де айрықша керек болатын* (М.Әуезов). Осы мысалдағы «көшетін» етістігі шақтық мағынаны білдіруден гөрі сауда жолына тән сипатты анықтау үшін қолданылған.

Сонымен қатар *-атын, -етін* аффиксі үш шақтық мағынада да жұмсала береді. Мысалы, *Бұл кітаптан алған хабардың бәрі қазір аттанатын жолаушылар үшін керек* (М.Әуезов). *Айтарымыз мынау екіжүзді адамымен бетпе-бет сөйлессек, Абайдың жайынан жүзіміз ұялатын болды* (М.Әуезов). Осы сөйлемдердегі «аттанатын», «ұялатын» етістіктері келер шақ мағынасын білдіреді. Ал *Бірақ ол жуандарыңды қайда жұмсарыңды білмейтін сорың бар-ау! – деп кекесін айтты* (М.Әуезов). *Тәкежанға Оразбай онсыз да күдік қылмайтын* (М.Әуезов) мысалындағы «білмейтін», «қылмайтын» етістіктері осы шақты білдірген. Әрине бұл мысалдардағы *-атын, -етін* аффиксінің бірде келер шақты, бірде осы шақты білдіруінде контекстің де әсері бар.

Бұл аффикс көбінесе өткен шақ мағынасын беруде жиі қолданылады. Мысалы: *Түріне қарап оны жұрт үрпекбас деп атайтын* (І.Есенберлин). *Осындай шақтарда ол ұйқысы қанып төңірекке рахаттана көз жіберетін де, бұлақтағы тастай суға жуынатын* (Ә.Әлімжанов).

Сонымен *-атын, -етін* тұлғасының функционалды мағыналары мыналар:

Векторлық ұстаным бойынша:

- өткен шақта, сөйлеу сәтінен бұрын болған амал-әрекетті;
- амал-әрекеттің сөйлеу сәтінен көп бұрын, ертеректе болғанынын;
- осы шақтағы, яғни сөйлеу сәтіндегі амал-әрекетті;
- келер шақтағы, яғни сөйлеу сәтінен кейін болатын амал-әрекетті;

Модальдық ұстаным бойынша:

- анық болып өткен амал-әрекетті;
- амал-әрекеттің болып өткендігіне сөйлеушінің сенімділігін;

Аспектлік ұстаным бойынша:

- үнемі болып тұратын дағдылы әрекетті;
- қалып-күйді білдіру мағынасында;

Квалитативті сипаты бойынша:

- бір нәрсеге тән қасетті, сапаны т.б.

Осы аталған мағыналық сипатарына қарай ғалымдар *-атын, -етін* тұлғасын шақ жіктемесінде түрліше атап отырған. Мәселен: *ауыспалы өткен шақ, дағдылы өткен шақ, әдетше баяғылық, айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі, анық өткен шақ* т.б. Мұны төмендегі сызбадан көруге болады.

Кесте 23 – *-атын, -етін* тұлғасының терминологиялық аталымы

	Ауыспалы өткен шақ	Дағдылы өткен шақ	Әдетше баяғылық	Айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі	Анық өткен шақ
Қ.Жұбанов			+		
Қ.Кемеңгерұлы		+			
С.Аманжолов	+				
С.Кеңесбаев,..	+				
Т.Қордабаев				+	
А.Ысқақов					+
Ы.Маманов		+			
М.Серғалиев,..		+			
Қаз. грам. 1967	+				
Қаз. грам. 2002	+				

-атын, -етін тұлғасының терминдік аталымы жоғарыда берілген кестеде нақты көрініс тапқан. Кестеден көріп отырғанымыздай, аталған тұлғаны ғалымдар *ауыспалы* және *дағдылы өткен шақ* деп атаған. Ал соңғы ғылыми еңбектерде, оның ішінде академиялық қазақ грамматикаларында ауыспалы өткен шақ болып берілген. Біз зерттеу жұмысымызда шақ жіктемесіндегі «ауыспалы» деген терминнің аралық, яғни *контекстік ұстанымға* негізделген атау екендігін айтқан болатынбыз. Біздің ойымызша, *-атын, -етін* тұлғасының ауыспалы деп аталуына оның контекске қарай шақтың үш түрінің де мағыналық сипатында жұмсала алуы негізге алынған. Шақ категориясын қарастырған ғалымдар бұл тұлғаның келер шақ және осы шақтық мәндерінің

контекстік мағына екенін, ал өткен шақтық мағынасының, соның ішінде өткен шақтағы дағдыға айналған амал-әрекетті білдіруі *-атын, -етін* тұлғасының төл мағынасы екенін айтады.

Басқа да шақ тұлғалары сияқты *-атын, -етін* қосымшасы модальдық мағыналарды да білдіреді. Осы ерекшелігі бойынша ғалымдардың бір тобы оны *айғақты, анық өткен шақ* деп атап, шақ жіктемесінде модальдық ұстанымды негізге алады. А.Бісқақов *-атын, -етін, -ушы еді, -уші еді* формасын *анық өткен шақ формасы* деп қараса, Ал Т.Қордабаев бұл екі форманы *айғақты өткен шақтың бұрынғы* түріне жатқызған болатын.

Ал ғалымдардың келесі бір тобы *-атын -етін* тұлғасының аспектілі мағынаны, яғни қимылдың өту сипаты мағынасын білдіруін алға тартады. Мысалы, Қ.Жұбанов оларды *өткен шақтың әдетше баяғылық түрі* ретінде бөліп көрсетеді. Ы.Маманов оны *дағдылы өткен шақ* көрсеткіштері деп қарайды: «Дағдылы өткен шақ қимыл иесінің ертеде дағдысына айналған іс-әрекетін, қимылын білдіретін етістік формасы» деген анықтама беріп *-атын, -етін* жұрнағын оның синтетикалық формасы десе, *-ушы еді, -уші еді* формасын аналитикалық формасы ретінде атайды [158, 110 б.]. Бұдан Қ.Жұбановтың *әдетше баяғылық* атауы мен Ы.Мамановтың *дағдылы өткен шақ* атауы жақын келеді.

Шақ жіктемесінің соңғы грамматикадағы берілу сипатына назар аударғанда аспектілік (дағдылы) және модальдық (айғақты, анық) ұстанымның қазіргі кезде көп қолданылмай, оның орнына аталған тұлғаның контекстік ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлініп, соның негізінде *ауыспалы өткен шақ терминінде* тұрақтала бастағанын байқауға болады. Мұндай контекстік тұлғалардың шақтың осы және келер шақ түрлерінің де жіктемесінде орын алып отырғандығы белгілі. Яғни *ауыспалы өткен шақ, ауыспалы осы шақ, ауыспалы келер шақ* терминдері шақтың осы үлкен макротобының үшеуінің де құрамында қарастырылып жүр.

Жоғарыда қарастырылған өткен шақтың үш түрінің синтетикалық тұлғаларынан басқа да тілімізде өткен шақ мәнін білдіретін күрделі тұлғалар көп. Олар мыналар:

-ған еді, -ген еді: *Бұдан жарым жыл бұрын Еркебұлан бір ай осы саудағардің үйінде пәтерде тұрған еді* (Ғ.Мүсірепов).

-ған екен, -ген екен: *Ондағы мәрмәрдан жасалынған мүсіндерді тегіс қираттырған екен* (Ә.Әлімжанов).

-ып еді, -іп еді: *Шыныаяқтарын жуып, сүртіп отырғанда Шекер апайдың ойына осылар келіп еді* (Д.Әбілов)

-ады екен, -еді екен, -йді екен: *Мергендікпен бұғы атып, әртүрлі аң атып, терілерін сатып жан сақтайды екен* (Қазақ ертег.).

-атын еді, -етін еді, -йтін еді: *Қызын осы күйінде көрген сайын сары шеше өзі де қуанып қалатын еді* (Ғ.Мүсірепов).

-ушы еді: *Мұнда ол кейде ханшаның нөкер тобымен, кейде оның жсекелеген тапсырмасымен келетін, келген сайын таңырқап есі кетуші еді* (Ә.Әлімжанов).

-ар еді, -ер еді: *Тек Сократ пен Цицерон ғана Нұқтан қорықпай тұрып ақылға келер сөз сөйлер еді* (Ә.Әлімжанов).

-ып жүр еді, -ып жатыр еді, -ып тұр еді, -ып отыр еді: *Еркіндік қанатын біржола қырқатын ертеңгі күнін ойлап, оң жақтағы қалың төсек үстінде топшысынан оқ тиген аққудай біраздан бері мұңды отыр еді* (Д.Әбілов).

Өткен шақты арнайы зерттеген ғалым Ж.Түймебаев өткен шақты жіктеу мәселесінде мынадай қиындықтар барын атап көрсетеді: біріншіден, қазақ тілі оқулықтарында өткен шақ формаларының тілдік табиғатының толық анықталмауы; екіншіден, өткен шақ түрлеріне қатысты терминдердің жүйесіздігі; үшіншіден, өткен шақ формаларының санының әртүрлі берілуі (алтыдан жиырмаға дейін); төртіншіден, өткен шақтың күрделі түрінің, яғни аналитикалық тәсілмен берілетін өткен шақ формаларының дұрыс анықталмауы; бесіншіден, шақ формаларының рай формаларымен жігі ажыратылмауы [166]. Ғалым атап көрсеткендей, өткен шақтың аналитикалық тұлғаларының мағыналық мүмкіндіктерін, жұмсалымдық мағыналарын зерттеу бүгінгі күн талабында тұрған өзекті мәселе. Біз өткен шақтың жоғарыда аталған күрделі тұлғаларына кейінгі зерттеулерімізде арнайы тоқталатын боламыз.

3.3 Келер шақтың жүйелі-құрылымдық парадигмасы және келер шақ тұлғаларының тілдік функциялары

Сөйлеу сәтінен кейін болған қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіретін шақтық мағына *келер шақ* деп аталады. Келер шақ білдіретін мағыналары мен аффикстік құрамына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: *болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ*.

Болжалды келер шақ. Бұл келер шақ формасы алда болатын іс-әрекетті нақты білдірмей, оны болжау түрінде айтады. Ол етістік түбіріне *-ар, -ер, -р* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады. Бұл формалар негізінен есімше формалары болып табылады. Олар жіктеліп қолданыла келе, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып, белгілі бір модальдық мағынаны білдіріп, ашық рай қызметінде қолданылады. Мысалы, *Биыл қолмен жұлуға келетін бар жерді тырмалата бересің* (Ғ.Мүсірепов). *Түпкі айылдың батқанын иесі білмес, жат білер* (Мақал). *-ар, -ер* аффиксі келер шақта болатын іс-әрекеттің мынадай мағыналық реңктерін білдіреді.

а) алдағы уақыттағы сенімсіз болжалды мағынаны: *Бай мен болыстар менің кінәмді ауырлату үшін қасқыр жеген малын да мен ұрлады деп көрсетер әлі* (Ә.Әбішев). *Бір сорға бір сорды қосқанда ырыс туа ма екен? – деп шиыршып бастан: - Өзі бір жолығар, сонда айтамын* (Ғ.Мүсірепов).

ә) дағдылы, әдетке айналған қимыл-әрекетті: *Тегі жаман тойда тонын сұрар* (Мақал). *Қорыққан бұрын жұдырықтар, шабан үйрек бұрын ұшар* (Мақал).

-ады, -еді аффиксі -ар, -ер, -р келер шақ формасымен синоним қосымша. Мұндайда бір іс-әрекет екінші бір іс-әрекетпен салыстырылып, келешектегі анық болатын іс-әрекетті білдіреді. Ал -ар, -ер -р аффиксі мұндай анықтық мағынаны білдіре алмайды. Мысалы, *Ерегісте ер өлер, екі батыр егессе, екеуінің бірі өлер* (Мақал). *Жүре-жүре арық қазсаң, күле-күле су ішерсің* (Мақал). Осы жоғарыда берілген мысалдарда -ады, -еді аффиксі мен -ар, -ер, -р аффикстерінің бірінің орнына бірін қолданса, айтарлықтай мағыналық өзгеріс болмайды. Бірақ, -ар, -ер, -р аффиксі арқылы берілген шақтық мағынада жалпылық басым болады. Сондықтан мақал-мәтелдерде көбінесе осы форма қолданылады. Ал -ады, -еді аффиксі шақтық мағынаға нақтылық (конкретность) мағына үстейді. Мысалы, *Көбікті қарда тұлкі ойнар, көңілді кезде күлкі ойнар* (Мақал). Егер осы мысалдағы «ойнар» етістігін «ойнайды» формасына ауыстырсақ, жалпылық мағына нақтылыққа айналар еді.

Болжалды келер шақтың болымсыз формасы «емес» көмекші етістігінің және -мас, -мес аффиксінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, *Өзіміз тірі болсақ, Тешек сияқтыларда өшіміз кете қоймас* (Ә.Әбішев). *Үлкен арабы иттер ауылды айнала торып, бейсауат адамды маңайға жолатар емес* (Ғ.Мүсірепов). Болжалды келер шақ -мас, -мес тұлғалы болымсыз формада келгенде өзінің болжалдық мәнінен алшақтап, жалпылық нақтыланып, субъекті тарапынан сенімділік мән үстеледі. Болжалды келер шақ формалы етістікке «емес» көмекші етістігі тіркесіп, болымсыз форма жасалғанда да болжалдық мән солғындап, оның орнына осы шақта болып жатқан іс-әрекетті баяндау негізгі мәнге ие болады. Сонымен -ар, -ер тұлғасы мынадай функционалды мағыналарды білдіреді:

- амал-әрекеттің болу мүмкіндігін шектейді;
- алда болатын іс-әрекеттің іске асу-аспауын болжамдап қана айтады;
- алда болатын амал-әрекетке сөйлеуші не қимыл иесі тарапынан күдіктілік, сенімсіздік мағына үстеледі;
- дағдылы, әдетке айналған қимыл-әрекетті білдіреді;
- амал-әрекеттің іске асу-аспауын дәл, нақты көрсетпейді, жалпылық сема басым;
- алда болатын амал-әрекеттің іске асу уақыты анық көрсетілмейді, шексіз уақытты білдіреді;
- жалпы, бейтарап мән басым болғандықтан, көбінесе мақал-мәтелдерде жиі қолданылады.

Осы аталған -ар, -ер, -р тұлғасының болжам, сенімсіздік, шексіздік мәндерді білдіруі оның аталымдық уәждемесі болған. Әсіресе, болжамдық мағынасы доминаттық сипатқа ие болып, соған орай шақ жіктемесінде аталған тұлға негізінен *болжалды келер шақ* терминімен аталып отырған.

Кесте 24 – *-ар, -ер, -р* тұлғасының терминологиялық аталымы

	Болжалды келер шақ	Сенімсіз келер шақ	Шексіз келер шақ
Қ.Жұбанов	+		
С.Аманжолов	+		
Н.Сауранбаев, ...			+
Т.Қордабаев		+	
А.Ысқақов	+		
Ы.Маманов	+		
С.Исаев	+		
М.Серғалиев,...	+		
Қаз. грам. (1967)	+		
Қаз. грам. (2002)	+		

Мақсатты келер шақ. Сөйлеу сәтінен кейін болатын сөйлеушінің не қимыл иесінің сол қимылды орындау мақсатын білдіретін шақ *мақсатты келер шақ* деп аталады. Мақсатты келер шақ етістік түбіріне *-мақ, -мек* аффиксінің жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *Көшпелі ел жайлауға бармақ, күздікке келмек, мал тісі қайда айдаса, иесі соған ере бермек, Игіліктің жүзінде осы ғана* (Ғ.Мүсірепов). Қазақ тілінде бұл қосымша, әдетте, жеке қолданылып, шақтық мағына білдіргенімен, көбінесе, «болған», «болады», «еді», «екен», «едім» көмекші сөздерімен тіркесіп қолданылады. Мысалы, *Жүктерін осы ат-арбаға салып, өздері жаяулап, не қылса да осылай селбесіп еліне жетпек болды* (І.Жансүгіров). *Ақыры осы раджпуттардың қылығына шыдамы таусылған ұлағатты құдай Шива, оларды жазаламақ болды* (Ә.Әлімжанов). *Сұлтанның арт жағында тұрған бас күзетші шақырылмай келген қонақтың жолын бөгемек еді, бірақ Самар ад-Дауме оны тоқтатып тастады* (Ә.Әлімжанов).

Қазақ тілінде *-мақ, -мек* аффиксі қимыл атауы ретінде де қолданылады. Мысалы, *Оның тазының жазылмауы да осы бөркін алмаудан болмақ керек* (І.Жансүгіров). Абай шығармаларында да *-мақ, -мек* аффиксі *-у* қимыл есімінің орнына қолданылған. Мысалы, *Олардың жоқ ойында малын бақпақ, Адал еңбек, мал таппақ жұртқа жақпақ* (Абай). *Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас, Өтті, елді, тағдыр жоқ қайта келмек* (Абай). Бұл тұлға мақал-мәтелдерде де сақталған. Мысалы, *Жақсыны көрмек үшін* (Мәтел).

Бұл аффикс тек болымды етістіктерге ғана жалғанады. Ал болымсыз формасы «емес» көмекші етістігінің қатысуы арқылы жасалады. Мысалы, *Кенжетай ұғымында Сұлтанмахмұттан басқа бұл дүниеде көкірегінде «ақ бораны» бар адам болмақ емес* (Д.Әбілов). *Не ойлап келеді ол жағын бір алладан өзге ешкім білмек емес* (М.Әуезов).

Келер шақ мағынасында *-мақшы, -мекші* аффиксі де қолданылады. Мысалы, *Олар Базаралыны мүлде ұмытпақшы емес* (М.Әуезов). *Жолдың ауыр болғандығына қарамастан жақын аралықта Өзекке комиссия келмекші*

(І.Есенберлин). *-мақшы, -мекші* формалы етістік «емес», «екен», «еді», «болды», «болған» көмекші етістіктерімен тіркесіп келе береді. Дегенмен, *-мақ, -мек* пен *-мақшы, -мекші* аффикстерінің аралығында мағыналық айырмашылық бар.

А.Ысқақов мақсатты келер шақ формасы амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, күдіксіз (қайткенде де) жүзеге асатынын және онда бір мақсат барын қоса білдіреді дейді [163, 333 б.]. Ғалымның бұл тұжырымынан *-мақ, -мек* тұлғасының амал-әрекеттің анық жүзеге асатындығын, сөйлеушінің сол әрекеттің орындалуына сенімділігін білдіретінін көруге болады. Мақсатты келер шақ тұлғасының осы мағыналық реңкін Т.Қордабаев та жақсы аңғарған. Осы мағынаны келер шақ жіктемесінің басты семантикалық белгісі ретінде алып, *сенімді келер шақ* деп атаған. Сол сияқты С.Аманжолов *-мақ, -мек* тұлғасын шақ жіктемесінде *міндетті келер шақ* деп берген. Демек, *-мақ, -мек* тұлғасы алда болатын амал-әрекеттің мақсатын ғана емес, оның міндетті түрде болатынын, болу мүмкіндігін, сөйлеушінің амал-әрекеттің болатынына сенімділігін де білдіреді. Сонымен *-мақ, -мек* тұлғасы мынадай функционалды мағыналарды білдіреді:

- қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын;
- амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, күдіксіз орындалатынын;
- сөйлеушінің не қимыл иесінің амал-әрекеттің орындалуына сенімділігін;
- амал-әрекеттің сөйлеу сәтінен кейін, алдағы уақытта болатынын;
- сөйлеушінің не қимыл иесінің сол қимылды орындауға деген ниетін, қалау-тілегін;
- қимылдың атауын т.б.

Осы аталған мағыналық сипатарына қарай ғалымдар *-мақ, -мек* тұлғасын шақ жіктемесінде түрліше атап отырған. Мәселен: *мақсаты келер шақ, ниет келер шақ, сенімді келер шақ, міндетті келер шақ, тілекті келер шақ* т.б. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 25 – *-мақ, -мек* тұлғасының терминологиялық аталымы

	Мақсатты келер шақ	Міндетті келер шақ	Ниет келер шақ	Сенімді келер шақ
Қ.Жұбанов	+			
С.Аманжолов		+		
Т.Қордабаев				+
А.Ысқақов	+			
Ы.Маманов			+	
С.Исаев	+			
М.Серғалиев,...	+			
Қаз. грам. (1967)	+			
Қаз. грам. (2002)	+			

Бұл кестеден *-мақ, -мек* тұлғасын семантикалық функцияларына қарай сенімді, ниет, міндетті сияқты түрлерін келер шақ жіктемесінде ғалымдар тарапынан көрсетілгенін және осылай атауға уәж болған мағыналарды көре білгендіктерін байқауға болады. Сонымен қатар бұл тұлғаның мақсатты келер шақ деп аталуы өте жиі кездеседі. Әсіресе, академиялық грамматиканың екеуінде де осылай аталған. Біз осы жиілікті ұстанып, *-мақ, -мек* тұлғасын *мақсатты келер шақ* деп атай отырып, бұл тұлғаның мағыналық құрылымы туралы мынадай тұжырым жасаймыз:

-мақ, -мек мақсатты келер шақ тұлғасына шақ жіктемесінде модальдық ұстаным бойынша атау берілген. Өйткені оның мақсатты мағынасы болсын не тілек, сенімділік мағыналары болсын сөйлеушінің не қимыл иесінің амал-әрекетке көзқарасынан туындайды. *Екіншіден*, бұл тұлға осындай модальдық мәндерді білдіргенмен, неғайбыл (ирреалды) рай түрлерінің ішінде көрсетілмейді. Ал бұл мақсат модальдылығының келер шақты білдіруі басқа да рай тұлғаларының жанама мағыналары сияқты екінші дәрежелі мағынасы. Бірақ осы жанама мағына семантикалық модальдылықтың абстракцияланып парадигмалық сипаттағы рай категориясын жасау үдерісінде ирреалдық семалардың бірқатары реалды (ашық рай) мағына білдіру сипатына көшкен, яғни бейтараптанып, ашық рай құрамында шақтық семантиканы білдіре бастаған да мақсатты, болжалдық келер шақ түрлерін жасаған. Ал бірақ келер шақ түрлерінің бұл атаулары олардың модальдылық мағыналарына негізделгендігі даусыз.

Ы.Маманов мақсатты келер шақ түрін *ниет келер шақ* деген терминмен атап, ниет келер шақ форма сөйлеушінің немесе қимыл иесінің сөйлеу кезінен алдағы кезде бір істі, қимылды орындау ниетін білдіреді дейді. Ғалым бұл форма сөйлеу кезінен кейін болатын қимылды объективтік шындық түрінде бермейді, қимылды орындау туралы ниетін, ойын білдіреді, яғни қимылға субъективтік қатысты білдіреді деп көрсетеді. Сонымен қатар ғалым ниет есімше *еді, бол* көмекші етістіктерімен тіркесіп *ниет өткен шақ* формасын да жасайтынын айтады. Мысал *Қапан ауылға қайтпақшы еді* деген сөйлемге нақтылық мән үстеп, қашан қайтпақшы болғандығын көрсетсе, яғни *келесі айда* деген тіркесті қоссақ (*Қапан ауылған келесі айда қайтпақшы еді*), іс-әрекеттің алда болатын қимыл екендігі белгілі болады да, ниет келер шақ ретінде қараймыз, ал егер *былтыр* үстеуі арқылы нақтыласақ (*Қапан ауылға былтыр қайтпақшы еді*), онда ниет өткен шақ формасы ретінде қабылдаймыз. Ғалым ниет есімшенің *еді, бол* көмекші етістіктерімен тіркесуі арқылы жасалған күрделі формасының (келмек еді, келмек болды) ашық рай мәнінде белгілі грамматикалық шақ мағынасын білдірмейтінін, бұл форма сөйлеушінің және қимыл иесінің сөйлеу кезінен бұрын, келешекте бір істі, қимылды орындауға ниеттенгендігін, ойланғанын білдіретінін, ал қимылдың өзі келер шақпен де, өткен шақпен де ұштасып жататынын атап көрсетеді. Ы.Маманов бұл жерде аталған формалардың модальдық мағыналарын негізгі мағына да, ал олардың шақты білдіруін екіншілік мағына ретінде қараған сияқты. Біздіңше, аталған

ниет келер шақ болсын немесе келер шақтық болжалды түрі болсын, алдымен, осы модальдық мағынадан барып туындайтын шақтық мағыналар. Сонда, әсіресе, келер шақ түрлері сөйлеу сәтімен өлшегендегі мағыналарға негізделмеген, олардағы шақтық мағыналар модальдық мағыналардан туындайтын екіншілік мағыналар болып табылады. Бұл құбылыс модальдық, шақтық, жақтық мағыналардың тығыз байланыстылығымен сабақтасып жатыр.

Келер шақтың бір мағыналық түрі **ауыспалы келер шақ** формасы *-а, -е, -й* жұрнақты көсемшенің жіктеліп келуі арқылы жасалады. Мысалы: *Кісінің денесі түршігеді. Бірін-бірі ұрлана түртіп, ауыздарын баса, күңкіл-шүңкіл ойнап отырған балаларына: «Тұрыңдар, төсек саламын», – деді* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). *Ішімнен шыққа Құтжаннан кем көрмеймін* (М.Әуезов). Ғалымдар еңбектерінде келер шақтың *-а, -е, -й* тұлғасы мынадай терминдермен аталған:

Кесте 26 – *-а, -е, -й* тұлғасының терминологиялық аталымы

	Ауыспалы келер шақ	Жалпы келер шақ	Сенімді келер шақ
Қ.Жұбанов	-	-	-
С.Аманжолов	+		
Н.Сауранбаев, ...	-	-	-
Т.Қордабаев			+
А.Ысқақов		+	
Ы.Маманов	+		
С.Исаев	+		
М.Серғалиев,...	+		
Қаз. грамм. (1967)	+		
Қаз. грамм. (2002)	+		

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегаливтердің еңбектерінде бұл тұлға осы шақтың мағыналық құрамында беріліп, келер шақ жіктемесінде көрсетілмеген. *-а, -е, -й* тұлғасы келер шақ парадигмасында негізінен ауыспалы келер шақтың көрсеткіші делінген, бұл академиялық грамматикаларда, сонымен қатар Ы.Мамановтың еңбегінде де осылай аталған. Келер шақ жіктемесіндегі өзгешелік А.Ысқақов пен Т.Қордабаевтың жалпы және сенімді келер шақ түрлерімен байланысты туындап отыр. А.Ысқақов жалпы (анық) келер шақ амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, анық жүзеге асатынын білдіреді дейді. Мысалы: *Біз үлкендердің тапсырмасын орындаймыз, үміттерін ақтаймыз, жазғы демалыста ауылдағы егін, құрылыс жұмыстарына қатысамыз, ауыл еңбеккерлеріне жәрдемдесеміз* [163, 332 б.].

а, -е, -й тұлғасы мынадай функционалды мағыналарды білдіреді:

- амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, анық жүзеге асатынын;

- сөйлеушінің не қимыл иесінің амал-әрекеттің орындалу-орындалмауына сенімділігін.

Бұл сенімділік, анықтық мағыналары жағынан *-а, -е, -й* тұлғасы келер шақтың *-ар, -ер, -р* болжалды түрімен мағыналық оппозиция жасайды, яғни қарсы мағыналарды білдіреді (сенімсіздік, жалпылық).

Бірақ бұл мағыналар ауыспалы келер шақты шақ жіктемесінде берудің шешуші уәждемелік белгісі, ұстанымы бола алмағандығы байқалады. Өйткені *-а, -е, й* тұлғасының келер шақты не осы шақты білдіруі контекстке тәуелді. Осындай контекстік мәндік белгісінің басымдығына қарай бұл тұлғаны осы шақ жіктемесінде де, келер шақ жіктемесінде де «ауыспалы» деген терминмен атау орнығып қалған.

3.4 Осы шақтың жүйелі-құрылымдық парадигмасы және осы шақ тұлғаларының тілдік функциялары

Грамматикалық осы шақ тұлғалары семантикалық осы шақ микроөрісінің негізгі семантикалық бірлігі болғандықтан, әдеттегідей, осы шақтың мағыналық түрлері мен грамматикалық формаларына алдымен тоқталамыз.

Жалпы алғанда, сөйлеу сәтінде болып жатқан қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіретін етістік шағы *осы шақ* деп аталады. Осы шақ төмендегідей мағыналарды білдіреді:

1) сөйлеу сәтіндегі қимыл-әрекетті: Мысалы: *Халыққа надан адам басшы болып, Халықтың надандығын молайтып жүр* (А.Байтұрсынов). *Ақымақ, - деді –Алжыған, кеткен есің, Былжырап айтып тұрсың сөз деп несін?* (А.Байтұрсынов).

2) дағдылы қимыл-әрекетті білдіреді. Мысалы: *Ит үреді, керуен көшеді* (Мақал). *Бала өседі, ер жетеді, тұрмыс құрады – бәрі табиғаттың заңы* (І.Есенберлин).

3) нәрсенің не құбылыстың қалып-күйін білдіреді. Мысалы: *Қазір түн, - деп жазыпты солдат, жеркепе ішінде жатырмыз* (Ж.Молдағалиев). *Сол арада бейбастығым ұстап кетіп, көрпені жұлып алсам, қасымда Кәкен мен Мүсәпір отыр* (С.Мұқанов).

4) бұрын басталған, бірақ қазірге дейін аяқталмаған іс-әрекетті білдіреді. Мысалы: *Шернияздан мен Шоқпыт есік алдындағы дөңбек үстінде кеңесіп отыр* (Д.Әбілов). *Жайлыбайдың есігінде әйелімен екеуі бес жылдан бері жұмыс істейді* (А.Тоқмағамбетов).

Осындай мағыналық реңктері мен құрамына қарай осы шақты жоғарыда атап көрсеткен ұстанымдық белгілері тұрғысынан жіктеуге болады.

Құрамдық ұстаным. Бұл ұстаным шақтың жіктелу тарихында өткен шақ пен келер шаққа қарағанда осы шақты жіктеуде кездеседі. Басқа шақ түрлерін бөлуде құрамдық ұстаным басшылыққа алынбаған болса, осы шақты С.Кеңесбаев пен С.Жиенбаев *дара* және *күрделі осы шақ* деп, осы шақтың мағыналық тобы ретінде көрсетеді, алдыңғысына *отыр, жүр, жатыр, тұр* етістіктерін жатқызса, соңғысына бұл төрт етістіктің басқа негізгі етістіктерге жалғанып келген түрін жатқызады.

Дара (отыр, тұр, жүр, жатыр)

Күрделі (оқып отыр, жазып жүр)

Басқа қазақ ғалымдары еңбектерінде мұндай құрамдық ұстаным шақ жіктемесінде жіктемелік белгі ретінде алынбай, осы шақтың мағыналық тобы ретінде көрсетілмеген. Яғни **нақ осы шақтың жалаң (дара) түрі** *отыр, тұр, жүр, жатыр* қалып етістіктері арқылы жасалады. Ал **күрделі түрі** етістіктің *-а, -е, -й, -ып, -іп, -п* тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, жатыр, жүр, тұр* қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесуі арқылы жасалады делінеді.

Модальдық ұстаным осы шақ жіктемесінде қолданылмаған деуге болады.

Векторлық ұстаным. Бұл ұстаным осы шақ жіктемесіндегі басым ұстанымдық белгі болып саналады. Векторлық ұстаным бойынша осы шақ *нақ осы шақ және жалпы осы шақ* болып бөлінеді. Осы шақ сөйлеу сәтінде болып жатқан немесе сөйлеу сәтінен бұрын басталып әлі күнге дейін (сөйлеу сәтінде де) болып жатқан жай-күйлерді де білдіреді. Бұл қимылдың өту сипаттарының барлығы да векторлық сызық бойына қатысты (сөйлеу үстіндегі) болғандықтан нақ осы шақ пен жалпы осы шақты да векторлық ұстаным бойынша жіктелген деуге болады.

Нақ осы шақтың жалаң (дара) түрі *отыр, жүр, жатыр, тұр* қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы, ал күрделі түрі *-а, -е, -й және -ып, -іп, -п* көсемше формалы етістік түбіріне *жатыр, жүр, отыр, тұр* қалып етістіктерінің жалғануы арқылы жасалады.

Отыр, жатыр, жүр, тұр қалып етістіктері баяндауыштық қызмет атқарып, негізгі етістік ретінде қолданылғанда да осы шақты білдіре алады (жалаң түрі). Мұндайда олар жатыс септік формалы есімдермен және үстеулермен тіркесіп келеді. Мысалы, *Еш нәрсе айтуға бата алмай, мықырайған малдың өзі де осы маңда жүр* (Ғ.Мұстафин). *Осы бір мешеу қорқыныштың салдарынан Қаратөбе өңіріндегі көптеген жер талай жылдар бойында бос жатыр* (Ы.Жақаев). *Енді екеуі бірге тұр* (Ғ.Мүсірепов). *Өзі де қолға қонған қаршығадай сергек, аш белінен қынай буынған, ұша жөнелердей жинақы отыр* (Ғ.Мүсірепов).

Күрделі түріне мысал: *Сол ыңғайды қашаннан бері жақсы білетін Игілік би безбен басын сол күйінде аудармай ұстап отыр* (Ғ.Мүсірепов). *Ай сәулесін іргеде жатқан иттің көзіне түсіріп ыржақтап тұр* (Ғ.Мүсірепов). *Өзеннің тайызында ауыл балалары шулап жүр* (Д.Әбілов).

Нақ осы шаққа ғалымдардың барлығы дерлік төрт қалып етістігінің жіктелген түрін жатқызады. Бұл бірізді пікір. Ал бірақ төрт қалып етістігінің мағыналық реңктеріне қарай ішкі семантикалық топторға бөлуде ғалымдар пікірі екіге жарылады. Ғалымдардың бір тобы нақ осы шақ жасайтын қалып етістіктерін мағыналық топқа ажыратпай, оларды тұтас береді. Екіншілері қалып етістіктерінің осы шақты білдірудегі әрқайсысының мағыналық

реңктерін саралап, шақ жіктемесіне мағыналық топ ретінде енгізеді. Енді осы екі жүйе бойынша ғалымдардың нақ осы шақ жіктемесіне талдау жасаймыз.

Қалып етістіктерін нақ осы шақ құрамында мағыналық топқа бөлмей, тұтас қарастыру: Қазақ тіл білімінің негізін салған ғалым А.Байтұрсынов «Тіл құралда» шақ көрсеткіштерін ашық раймен байланысты қарастырады. Автор осы шақты (-а, -е, -й) болымды (жазамын, жазасың, жазады) болымсыз (жазбаймын, жазбайсың, жазбайды) түрде жіктеп, қалып етістіктерінің жіктеулі түрін (жүрмін, жүрсің, жүр) **нағыз осы шақ** (қазіргі оқулықтарда нақ осы шақ) деп атайды [161, 236 б.].

М.Серғалиев А.Айғабылов, О.Күлкенованың «Қазіргі қазақ әдеби тілі» оқулығында [165, 64-68 б.]:

Кесте 28 – М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкенованың осы шақ жіктемесі

Нақ осы шақ (отыр, жатыр, жүр, тұр; -ып, -іп, -п, -а, -е, -й + жатыр (жүр, тұр, отыр)	Ауыспалы осы шақ (-а, -е, -й)
---	-------------------------------

1967 жылғы грамматикада нақ осы шақ құрамы *-уда, -уде, -улы, -улі + отыр* тұлғаларымен толықтырылған.

Кесте 29 – Қазақ грамматикасындағы (1967) осы шақ жіктемесі

Нақ осы шақ (отыр, жүр, жатыр, тұр; -ып, -іп, -п және -а, -е, -й отыр (тұр, т.б.); -уда, -уде; -улы, -улі + отыр т.б.)	Ауыспалы осы шақ (-а, -е, -й)
--	-------------------------------

Осы шақ нақ осы шақ және ауыспалы осы шаққа бөлініп, нақ осы шақтың төрт түрлі жасалу жолы көрсетіледі:

а) *отыр, тұр, жүр, жатыр* қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады (отырмын, отырсың, отыр);

ә) қалып етістіктері *-ып, -іп, -п* және *-а, -е, -й* тұлғалы көсемшелермен тіркесіп нақ осы шақ формасы жасалады (айтып отырмыз);

б) жатыс септігіндегі *-у* тұлғалы қимыл есімдері жіктеліп келгенде нақ осы шақ жасалады (жүргізудеміз);

в) *-улы, -улі* формалы етістіктерге қалып етістіктері тіркесуі арқылы жасалады (байлаулы тұр, сүйеулі тұр) [164, 201 б.].

2002 жылы жарық көрген соңғы қазақ грамматикасында осы шақтың екі түрі беріледі.

Кесте 30 – Қазақ грамматикасындағы (2002) осы шақ жіктемесі

Нақ осы шақ (жатыр тұр, жүр, отыр; -а, -е, -й және -ып, -іп, -п+ жатыр тұр, жүр, отыр)	Ауыспалы осы шақ (-а, -е, -й)
--	-------------------------------

Нақ осы шақтың қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы, сонымен қатар күрделі түрі *-а, -е, -й* және *-ып, -іп, -п* тұлғалы көсемше түрі мен қалып етістіктерінің тіркесуінен жасалатыны (ішіп жатыр, жүгіріп жүр т.б.) айтылады. Сонымен қатар бұл еңбекте *-уда, -уде* тұлғасы осы шақтың жіктеме құрамында берілмеген, еңбекте аталған тұлғаның осы шақтың грамматикалық көрсеткіші ретінде беріліп жүргендігі ескертіледі [129, 519 б.].

А.Ысқақов нақ осы шаққа *-а, -е, -й* және *-ып, -іп, -п* + қалып етістіктерін, яғни күрделі түрін ғана жатқызған, бірақ ғалым еңбегінде қалып етістіктерінің тікелей жіктеліп, нақ осы шақ мәнін білдіретіні айтылады [163, 331 б.].

Кесте 31 – А. Ысқақовтың осы шақ жіктемесі

Жалпы осы шақ (-а, е, -й)	Нақ осы шақ (-а, -е, -й) және -ып, -іп, -п + жатыр (жүр, тұр, отыр)	Неғайбыл осы шақ (-ғалы, -гелі және -йын деп + жатыр (жүр, тұр, отыр)
---------------------------	---	---

Қалып етістіктерін нақ осы шақ құрамында мағыналық топқа бөліп саралап қарастыру:

Қ.Кемеңгерұлы қалып етістіктерінің мағыналық реңктерін де шынайы аңғара алған. Қалып етістіктерінің осы шақты білдірудегі ішкі семантикалық реңктеріне қарай, олардың бірін ұзақ уақытты қамтитын етістік деп «жүр» етістігін көрсетеді. Ал *тұр, жат* етістіктері одан гөрі қысқа мерзімді қамтиды.

Қ.Жұбанов нақ осы шақты дәл **осы шақ** (қазір нақ осы шақ) деп атап, өз ішінде төрт түрге жіктейді:

1) *жалпы осы шақ (жазып жатырмын)*. Істің нақ осы кезде істеліп жатқан болуы да немесе көптен бері созылып келе жатқан іс болып үздік-создық жүріп жатқан іс болуы да мүмкін, осыны жалпы түрде айтсақ, етістік жалпы осы шақта болады;

2) *кәдімгі осы шақ (жазып жүрмін)*. Ұзаққа созылған, үздік-создық істеліп келе жатқан істің жайын айту керек болса, кәдімгі осы шақпен айтамыз;

3) *қазіргі осы шақ (жазып отырмын)*. Істеуші дәл осы кезде іс үстінде екендігін көрсету үшін қазіргі осы шақ қолданылады;

4) *әзіргі осы шақ (жазып тұрмын)*. Дәл осы кезде болып жатқан және өзі сол қалпын жоймаған істі көрсеткіміз келсе, әзіргі осы шақпен айтамыз» [65, 353 б.].

Ғалымның пікірінше, *жатыр* етістігі өзі тіркескен етістікке осы уақытта болып жатқан жалпы іс-әрекетті білдірсе, ал *жүр жатырға* қарағанда нақтылау, *отыр* етістігі аталған екі етістіктен де дәл қазіргі болып жатқан іс-әрекетті білдіреді, ал *тұр* тап қазір болып жатқан іс-әрекетті білдіреді. Ғалымның бұл жіктемесінен қалып етістіктерінің мағыналық реңктерін терең тани алғандығын көреміз.

Т.Қордабаев та Қ.Жұбановтың ізімен қалып етістіктерін осы шақты білдіру дәрежесіне қарай екіге бөледі. (Ауыспалы осы шақты қосқанда үшеу).

Кесте 32 – Т.Қордабаевтың осы шақ жіктемесі

Нақ осы шақ (тұр, отыр)	Жалпы осы шақ (жатыр, жүр)	Ауыспалы осы шақ (-а, -е, -й)
----------------------------	-------------------------------	-------------------------------

Автор жалпы осы шаққа «жатыр», «жүр» етістіктерін, нақ осы шаққа «тұр», «отыр» етістіктерін жатқызады. Жалпы осы шақ етістіктері (жатыр, жүр) дәл сөйлеу үстіндегі әрекетті білдірмей, ұзаққа созылатын іс-әрекетті білдіретінін негізге алады. Автордың жалпы осы шақ етістіктері Қ.Жұбановтың «кәдімгі» және «жалпы осы шақ» түрлерімен, ал нақ осы шақ етістіктері «қазіргі осы шақ», және «әзіргі осы шақ» түрлерімен сәйкес келеді. Бұл қалып етістіктері көптеген грамматикалық еңбектерде, оқулықтарда нақ осы шақтың көрсеткіштері делініп, бір топта қарастырылатын. Т.Қордабаев бұл төртеуін осы шақтың екі түріне жатқызып, мынадай тұжырым жасайды: «Шақтық мәндері ортақ қасиетке ие бола тұра, бұлардың кейбіреулері дара тұрып та, басқа етістіктерге көмекші болып та нақ сөйлеу үстінде болып жатқан іс-әрекеттерді білдірумен қатар, ертеден бері болып жүрген, ұзақ уақытты керек ететін үнемді іс-әрекеттерді де білдіреді. Мұндай мағынаны білдіретіндер – *жатыр, жүр* етістіктері». Ғалым *отыр тұр* етістіктері мен *жатыр, жүр* етістіктерінің ортақ белгілерін атай келе, олардың арасындағы өзгешеліктерді де көрсетеді: «Шақтық мағыналарының осындай жақындықтарымен қатар бұлардың арасында елеулі өзгешелік те бар. Ол өзгешелік, *жатыр, жүр* етістіктерінің әрдайым нақ осы шақты білдірмей, көбінесе, ара-тұра үзілістері де болып тұратын үнемді, ұзақ істерді, жалпы осы кездерде болып жүрген іс-әрекет, жай-күйлерді білдіруінде. Ал *отыр, тұр* етістіктеріне келетін болсақ, олар мұндай үзілісті ұзақ істерді білдіру үшін қолданылмайды, дәл сөйлеу үстінде, қазір болып жатқан іс-әрекет, жай-күйлерді білдіру үшін қолданылады. ...Осындай мағыналық ерекшеліктеріне қарай *жатыр* мен *жүр* етістіктері арқылы жасалатын осы шақты «**жалпы осы шақ**» деп, *отыр* мен *тұр* етістіктері арқылы жасалатын осы шақты «**нақ осы шақ**» деп атаса дұрыс болар еді» [140, 89 б.].

Ы.Мамановтың қалып етістіктерінің мағыналық ерекшеліктерін ашуы Т.Қордабаев пікірлерімен ұқсас. Т.Қордабаев *отыр, тұр* етістіктерін нақ осы шақ көрсеткіштері ретінде таныса, Ы.Маманов бұл екі етістіктің созылыңқы сыпат құрамында (жауып тұр, оқып отыр) қимылдың дәл сөйлеу кезінде болып жатқанын білдіреді дейді. Ал *жүр* көмекші етістігі арқылы жасалған созылыңқы сыпаттың осы шақтық мағынасы кеңірек уақытты қамтиды. Мұның шеңбері ай, жылмен шектеледі. Мысалы, *Сейіт екінші курста оқып жүр*.

Аспектiлiк ұстаным. Бұл ұстаным қимылдың өту сипаты, яғни аспектуалдық семантиканы басшылыққа алады. Қазақ тіл білімінде

ғалымдардың барлығы дерлік қалып етістіктерінің жіктелген түрі мен олардың күрделі формаларын нақ осы шақ көрсеткіші деп таныса, Ы.Маманов нақ осы шақтың көрсеткіші болып табылатын аталған формалардың барлығын сыпат категориясының семантикалық бірлігі ретінде, оның бір түрі болып табылатын *созылыңқы сыпатқа* жатқызады. Ғалым: «Қазақ тілінде осы шақты білдіретін грамматикалық морфема жоқ. Нақ осы шақтық мағына созылыңқы сыпатқа жіктік жалғауы тікелей жалғануы арқылы пайда болады», - дейді [158, 119 б.].

Сонымен, Ы.Маманов қазақ тілінде осы шақтың арнаулы грамматикалық көрсеткіші жоқ, сөйлеу кезінде болып жатқан қимылды білдіретін осы шақ созылыңқы сыпаттың жіктелген түрі, созылыңқы сыпаттың осы шақ формасы деген қорытынды жасайды [158, 120 б.].

С.Исаев осы шақтың өзінің басқа шақ түрлеріндей грамматикалық көрсеткіші жоқ деген Ы.Маманов пікірлерін келтіреді. Ы.Маманов көрсеткендей, осы шақтың бұл түрі (нақ осы шақ) қазіргі кезде арнайы грамматикалық тұлғалар арқылы жасалмай, қалып етістіктерінің негізгі немесе көмекші етістік мәнінде жіктеліп келуінен (жіктелу шақ көрсеткіші емес) жасалады. Шақтық мән *отыр, жатыр, тұр, жүр* қалып етістіктерінің өз семантикасында бар. Көне кезде *отыр-олтұрұр, тұр-тұрұр, жүр-жүрұр, жат-жатыр* (осы тұлғасын тек жатыр етістігі сақтап қалған) түрінде қолданылғанда да, сөз соңындағы *-ур, -ұр* қосымшасы процессуальдық мәнді, болып тұрған қимылды білдірген дейді [168, 200 б.]. М.Оразовтың көрсетуінше, *-ар, -ер, -р* қосымшалары (ашық дауысты нұсқасы) келер шақтың, *-ыр, -ір, -р* (қысаң дауысты нұсқасы) осы шақтың көрсеткіші болған, ол қазіргі азербайжан тілінде сақталған. Ал *-ур, -ұр, -р* қосымшасы XI-XIV ғасырлар аралығында өз мағынасын түбір морфемаға беріп, өздері басы артық элементтерге айнала бастаған [169].

Аспектлік семантика сонымен қатар осы шақтың үнемі болып тұратынын, дағдылы амал-әрекетті білдіретін мағыналық құрылымынан да байқалады. Қ.Жұбанов қазір ауыспалы осы шақ деп аталып жүрген шақ тұлғасын (*-а, -е, -й*) **дағдылы осы шақ** деп атайды. Дағдылы осы шақтың келер шақ не осы шақ екені төңірегіндегі басқа сөздерден көрінеді дейді. Мысалы, *Сиыр мөңіреді* - осы шақ, *Ертең сиыр мөңіреді* – келер шақ.

Сонымен, нақ осы шақ тұлғалары мынадай функционалды мағыналарды білдіреді

- сөйлеу сәтіндегі қимыл-әрекетті;
- нәрсенің не құбылыстың қалып-күйін;
- бұрын басталған, бірақ қазірге дейін аяқталмаған іс-әрекетті.

Қазақ тілінде қалып етістіктерінің жіктелген түрі (жалаң) мен күрделі түрін (*-а, -е, -й* және *-ып, -іп, -п* көсемше тұлғалары + қалып етістіктері) осы шақтың мағыналық тобы ретінде атауда мынадай терминдердің бар екендігін көруге болады: *нақ осы шақ (нақтылы түрі), дәл осы шақ (жалпы осы шақ, кәдімгі осы шақ, қазіргі осы шақ, әзіргі осы шақ), нағыз осы шақ, дара (күрделі) осы шақ* т.б.

Кесте 33 – Қалып етістіктерінің осы шақтық терминологиялық аталымы

	Нақ осы шақ	Жалпы осы шақ	Дәл осы шақ	Нағыз осы шақ	Дара (күрделі)	Созылыңқы сыпат
А.Байтұрсынұлы				+		
Қ.Жұбанов			+			
С.Аманжолов	+					
С.Жиенбаев,...					+	
Н.Сауранбаев,..	+					
Т.Қордабаев	+	+				
А.Ысқақов	+					
Ы.Маманов						+
С.Исаев						+
М.Серғалиев,..	+					
Қаз. грам. (1967)	+					
Қаз. грам. (2002)	+					

Кестеден көріп отырғанымыздай, осы шақтың қалып етістіктері арқылы жасалған түрін *нақ осы шақ* деп атау тұрақты қалыптасқан. Соңғы академиялық грамматикада да осы атаумен берілген. А.Байтұрсынұлы оны *нағыз осы шақ* деп атаса, Қ.Жұбанов *дәл осы шақ* деген терминмен атаған.

Нақ осы шақты қалып етістіктерінің мағыналық реңктері бойынша, әрбіріне атау беріп, ең көп мағыналық топқа жіктеген ғалым – Қ.Жұбанов. Ал Т.Қордабаев сөйлеу сәтіндегі амал-әрекетті білдіретін *тұр, отыр* етістіктерін нақ осы шақ деп таныса, *жатыр, жүр* етістіктерін жалпы осы шақ деп атап, осы шақтың екінші бір мағыналық түрі ретінде бөліп көрсетеді. Ал С.Жиенбаев, С.Кеңесбаев еңбектерінде осы шақ құрамдық ұстаным бойынша *дара және күрделіге* бөлініп, шақ жіктемесінде берілген. Ы.Маманов аталған қалып етістіктерінің мағыналық ерекшеліктерін танығанмен, оларды *созылыңқы сыпат* көрсеткіші деп, олардың нақ осы шақтық мағынаны білдіре алатынын айтады.

Қалып етістіктері аспектуалы семантика жасайтын негізгі тілдік құралдардың бірі болып табылады. Осы қасиетін негізге алып, тілші-ғалым Ы.Маманов осы шақтың өзінің арнайы көрсеткіші жоқ, осы шақ амал-әрекеттің өту сипатын білдіретін категориялық құралдар арқылы берілетіндігін айтқан. Қалып етістіктерінің тіркесімділігіне қарайғы аспектуалды семантикалық сипатын қарастырған М.Жолшаева төрт етістіктің әрқайсысының семантикалық құрамын атап көрсеткен.

Жатыр етістігінің семантикалық құрамы:

1) кеңістікте адамның, басқа да жанды/жансыз нәрсенің қимылға қарсы қозғалмай бір күйде, көлденеңінен созыла орналасу қалпын білдіреді

(архисема): *Сапсары бауыр жүндері әлде сумен, әлде Төленің көз жасымен шылана ұйпалақтанған, қимылсыз созылып жатыр* (М.Мағауин);

2) бар болу (потенциалды сема): *Бұл сөздің астында үлкен мән жатыр («Ақжол»)*. Қызық. *Әрқайсысында бір адамның тағдыры жатыр* (Қ.Жұмаділов);

3) бір жерде ұзақ болу, қоныстану (тұру): *Аяқ астында қанишама су жатыр. Ай жатып іш, жыл жатып іш* (М.Мағауин);

4) жерлену: Анау төбедегі құлаған зираттың ішінде мұның ата-анасының сүйегі жатыр (Қ.Жұмаділов).

5) амал-әрекет: *Қыңсылап жатып, санын жалайды. Қан шығады. Бір тұрады, бір жатады* (М.Әуезов).

6) қону, түнеп шығу: *Сұлу, жас әйелмен бір үйде жатып сау дейсің бе?* (С.Мұқанов);

7) қамауда болу: *Қандауырдай қадалған осы екі сұраққа жауап таба алмай, қарт түрмеде бір жыл жатты* (Қ.Жұмаділов);

8) бағалауыштық (коннотатив) мағына: *Оның бұл істегендері адамгершілікке жатпайды («Жыл он екі ай»)*;

9) созылықтық: *Ештеңені ойына алғысы келмей түндік астынан еміс-еміс көрінетін шаңырақтың қарына қарап біраз жатты* (Ә.Кекілбаев).

10) осы шақтағы қимылды білдіретін сема: *Тақтай сарт-сұрт сынып жатыр* [156, 106-108 б.] Осы диссертациялық жұмыста *отыр, жүр, тұр* етістіктерінің де семантикалық құрамы жоғарыдағы жүйеде беріліп, олардың барлығының мағыналық құрамында осы шақтағы қимылды білдіретін семаның бар екендігі айтылады.

Қалып етістіктері көсемше тұлғалы негізгі етістіктерге тіркесіп, көмекшілік қызметте қолданылғанда да негізінен аспектілік семантиканы білдіреді, мысалы, *жатыр* етістігі:

- жасалу үстіндегі қимылды білдіреді, мысалы: *Екі жұмыскер шелектің бетін тақтаймен жауып, бекітіп жатыр* (Ғ.Мүсірепов);

- амал-әректің созылықтылығын білдіреді, мысалы: *Опыр-топыр көш тізбегі шекара бойын толассыз ағылып келіп жатыр* (Қ.Жұмаділов);

- *-атын, -етін* тұлғасында келіп қимылдың дағдылы қайталануын білдіреді, мысалы: *Мен келген сайын үй жинап жататын («Қазақстан әйелдері»)*;

- *-а, -е, -й* тұлғасында амал-әрекеттің жалпы қайталануын білдіреді: *Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады* (Ш.Айтматов);

- *-ар, -ер* тұлғасында келгенде немқұрайды жасалатын қимылды білдіреді: – *Алдияр, Құдай өмір берсе, дәм жазып сіздермен кездесер күн туса, бүкіл қазақ даласының батысынан шығысына дейін сарсанды сапар жайын айта жатармын* (К.Сегізбаев) [156, 124 б.].

Отыр көмекші етістігі көсемше тұлғалы жетекші етістікпен тіркесіп төмендегідей мағыналарда жұмсалады:

- қимылдың жасалу үстінде екендігін: *Желіде жүйе толып тұрғандай мұрындық жонады. Осы қазір таспа сыдырып отыр* (Ә.Нұрпейісов);

- қимылдың созылыңқылығын білдіреді: *Ол құрғырды дәл осылай ауыр ойға шомғанда ширатып, үлкен ермек етуші еді, қазір де бір-бірлеп жұлғылап отыр* (О.Бөкей).

- *-а, -е, -й* тұлғалы етістіктермен тікесіп келгенде, немқұрайды, жол-жөнекей жасалған қимылды білдіреді: *Ертеңгі күннің райын қарай отыр* (Ауызекі тіл);

- *-атын, -етін* тұлғасында келіп қимылдың дағдылы қайталануын көрсетеді: *Кешкісін жатар алдында қарт әжемнің аузы күбірлеп отыратын* («Қазақстан әйелдері») [156, 132 б.].

Тұр көмекші етістігі көсемше тұлғалы жетекші етістікпен тіркесіп келгенде төмендегідей мағыналарды білдереді:

- қимылдың жасалу кезеңінде екендігін: *Оң қолын сермен, бүкіл елді аузына қарата сөйлеп тұр* («Қазақстан әйелдері»);

- қимылдың созылыңқылығын;

- тез жасалған қимылды: *Айқай жақын жерден шығып қалғанда, Аққасқа атып тұрды* (М.Әуезов);

- немқұрайды жасалған қимылды: *Тамақ піскенше біраз уақыт бар, оған дейін қарның ашып қалады, шай іше тұр* (Ж.Кәдірбекұлы);

- сөйлеу сәтінде жүзеге асып жатқан әрекетті;

- *-атын, -етін* тұлғасында келіп қимылдың дағдылы қайталануын;

- *-ғалы -гелі* тұлғасында келген жетекші етістікпен тіркесіп, басталу үстіндегі қимылды білдіреді: *Нұрбек оны сәл үрлеп жіберсе болғаны, лап етіп жанып кеткелі тұр* (Қ.Жұмаділов) [156, 142 б.].

Жүр көмекші етістігі көсемше тұлғалы жетекші етістіктермен тіркесіп келіп мынадай мағыналарды білдіреді:

- процесс үстіндегі қимылды: *Еркектің көбі су жағасында әңгіме құрып, жылқы аралап жүр* (М.Әуезов);

- созылыңқы қимылды: *Оның менен алыста еместігін іштей сезіп жүрдім* (Қазақ әңгімелері);

- *-а, -е, -й* тұлғалы жетекші етістіктермен тіркесіп, жолай жасалған қимылды білдіреді: *Көрген-білгендер болса сұрастыра жүр* (Қазақ әңгімелері) [156, 155 б.].

Ауыспалы осы шақ етістік түбіріне жалғанған *-а, -е, -й* көсемше тұлғасының жіктелуі арқылы жасалып, сөйлеу сәтінде болып жатқан не басталып жатқан әрекетті де, әдетке, дағдыға айналған іс-әрекетті де білдіреді. Моделі: ***а, е, й + жіктік жалғау: (-ады, -еді)***. Сонымен қатар *-ады, -еді* аффиксі сөйлеу сәтіне дейін болған дағдылы іс-әрекетті білдіреді. Яғни бұл аффикс келер шақ, осы шақ, өткен шақ мағыналарын да білдіре алады. Мысалы, *Жабайды сойылға жыққан Игіліктің жігіттері екенін Жұман білген жоқ, әлдеқалай аттан құлаған шығар деп ойлайды* (Ғ.Мүсірепов). *Шерубай әлденеше рет хат жазады, көңілі суыған Ұлбосын оған жауап бермейді*

(І.Есенберлин). Осы мысалдардағы «ойлайды», «жауап бермейді», «жазады» етістіктері сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекетті білдіреді. Жазушы іс-әрекеттің сөйлеу сәтінде болғандығын білдіру үшін осы *-ады, -еді* формасын қолданады. Келер шақты білдіруде де қолданылады. Мысалы, *Абай халық үшін, халық Абай үшін алысады. Анық ақ жолмен алысқан қайрат сапары осы болады* (М.Әуезов).

-ады, -еді аффиксінің негізгі қызметі – осы шақты білдіру. Мысалы, *Көкте алғашқы қайтқан тырналар қаңқылдайды* (Д.Әбілов). *Топ-тобымен іннен шыға келгендей қара сирақты балалардың көздері гана жылтырайды* (Ғ.Мүсірепов). *Ия, бұл үйдің де қайғысы қабырғаңды қайыстырады* (Ғ.Мұстафин). Демек, *-ады, -еді* аффиксінің үш шақты да білдіру мүмкіндігі бар екеніне көз жеткіздік.

-ады, -еді аффиксі *-а барады, -іп барады -іп келеді, -а келеді* аналитикалық форманттарының құрамында келіп те ауыспалы осы шақтық мағынаны білдіреді. Мысалы, *Бірінші рет қатты өкпелегенін жасыра алмай кетіп барады* (Ғ.Мүсірепов). *Рязановтың осы толқуының салдарынан Ушаков айқын анықталған бірнеше кенді жерлерді округке мәлімдей алмай, жіпсіз тұсалып келеді* (Ғ.Мүсірепов). *Қайда қарай кетіп барады, бет алыстары қай жақ екеуі де біле алмай келеді* (Ғ.Мүсірепов).

Қ.Жұбанов осы шақтың бұл түрін *дағдылы осы шақ* деп атайды. А.Ысқақов ауыспалы осы шақ болып аталып жүрген *-а, -е, -й* формасын *жалты осы шаққа* жатқызады (күн қызып келеді, ит үреді, совхозда тұрады). Ал бұл форманы Т.Қордабаев *ауыспалы осы шақ* ретінде таниды: «Етістіктің бұл түрі арқылы жасалатын осы шақтың ауыспалы деп аталатын себебі ол контекстіге қарай әртүрлі шақтық (әсіресе келер шақтық) мағынаны білдіреді, яғни шақтық мағына ауысып, түрленіп отырады» [140, 109 б.].

Ауыспалы осы шақ атауы, басқа шақ жіктемелеріндегідей, **контекстік (аралық) ұстаным** бойынша уәждеделген атау болып табылады. Яғни «етістіктің бұл түрі арқылы жасалатын осы шақтың «ауыспалы» деп аталатын себебі ол мәнмәтінге қарай әртүрлі шақтық мағынаны білдіреді, яғни шақтық мағынасы ауысып, түрленіп отырады» [170].

Осындай шақтық мәнінің контекске тәуелділігі мен тұрақсыздығы аталған тұлғаның «ауыспалы» деп атауға негіз болған. Ауыспалы осы шақ тұлғасының шақтық мәні тұрақсыз, құбылмалы болады. Контекске қарай осы шақты да, келер шақты да, өткен шақты да, дағдыға айналған іс-әрекетті де білдіре алады.

Ауыспалы осы шақ тұлғасы етістік түбіріне жалғанып, дара күйінде де, күрделі етістік құрамындағы көмекші етістіктерге жалғанып, күрделі түрде де қолданыла алады.

Сонымен *-а, -е, -й* тұлғасы мынадай функционалды мағыналарды білдіреді:

- дәл сөйлеу үстінде болып жатқан амал-әрекетті (көбінесе диалогқа тән).

Мысалы: – *Қайда барасың, жігітім?* – *Жолдастарыма барамын* (Ғ.Сланов);

- бұрыннан болып келе жатқан, жалпы осы кезде де болу мүмкіндігі бар амал-әрекетті, мысалы: *Талжан отағасы жеті жылдан бері колхоздың*

жылқысын бағады, әйелі Зейнеп колхоздың төлін күзетеді, келіні – Меруерт колхозшылардың балаларын оқытады (Ғ.Мұстафин);

-әдетке, дағдыға айналған амал-әрекетті, мысалы: *Күнұзақ іші пыспайтын: кітап оқиды, сурет салады, көгілдір экранды тамашалайды* («Қазақ әдебиеті»).

- зат бойындағы жаратылысынан берілген, тұрақты, өзгермейтін қасиетін білдіретін амал-әрекетті, мысалы: *Құс ұшады, балық жүзеді, түйе боздайды, ит үреді* т.б.

- жалпы келер шақта болатын амал-әрекетті, мысалы: *Ел жайлауға көшіп, өздерің Шыңғыс аса берген кезде біз де жетеміз* (М.Әуезов).

- өткен шақта болып өткен амал-әрекетті, мысалы: *Партизандар эшелонды қыйратады, көпірлерді бұзады, қоймаларды өртейді* («Қазақ әдебиеті»).

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерімізді жинақтай келе, мынадай түйін жасаймыз: осы шақ жіктелмесінде өткен шақ, келер шақ түрлеріне қарағанда ғалымдар модальдық ұстанымды жіктелмелік белгі етіп алмаған; «ауыспалы осы шақ» атауы, басқа шақ жіктелмелеріндегідей, контекстік (аралық) ұстаным бойынша уәждеделген атау болып табылады; векторлық ұстаным осы шақ жіктелмесіндегі басым ұстанымдық белгі болып саналады. Осы шақ сөйлеу сәтінде болып жатқан немесе сөйлеу сәтінен бұрын басталып әлі күнге дейін (сөйлеу сәтінде де) болып жатқан жай-күйлерді де білдіреді. Бұл қимылдың өту сипаттарының барлығы да векторлық сызық бойына қатысты (сөйлеу үстіндегі) болғандықтан нақ осы шақ пен жалпы осы шақты да векторлық ұстаным бойынша жіктелген деуге болады. Алайда осы шақ жіктелмесі нақтылық пен жалпылық мәндері бойынша да уәждеделген. Мұны локалдылық/бейлокалдылық мағына дейді.

Дәстүрлі грамматикада ғалымдар осы шақты жіктеуде көбінесе екі кейде үш түрімен шектеліп отырған, себебі осы уақыттағы векторлық сызық бойындағы реалды уақыт ағымының тоқтаусыз өтіп жатқан қозғалыстың жылдамдығын ұстап тұру және оны өткен уақыттай санада қорытып үлгеру мүмкін емес.

3.5 Қазақ тіліндегі грамматикалық шақ категориясының зерттелу тарихындағы функционалдылық нышандары

Шақ категориясы дәстүрлі грамматикада «формадан мағынаға қарай» семасиологиялық бағытта зерттелді десек те, ғалымдар оның кейбір жекелеген мәселелеріне функционалды тұрғыдан сипаттама берген. Шақ категориясын тану, шақ жіктелмесі ХІХ ғасырдың екінші жартысысында Н.Ильминский, М.Терентьев, П.М.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созантов еңбектерінде қарастырылып, ортақ еуроцентристік бағыттағы орыс тіл білімінің жүйесіне негізделіп, өткен шақ, осы шақ, келер шақ болып үшке жіктеліп берілген. Және бұл ғалымдар еңбектерінде шақ жіктелмесінің жүйесі негізінен бірдей болып келеді. Өзге ұлт өкілдері болғандықтан болар, түрколог ғалымдардың шақты жіктеуде қазақ тіліндегі шақтық мағыналарды құрылымдық деңгейде ғана алып, шақ тұлғаларының мағыналық мүмкіндіктерін аңғара бермегендігі

байқалады. Ал мағынаның сан алуан ішкі құбылуларын аңғару сол тілді, яғни ана тілін жақсы білетін, өз ойын ана тілінде қорытып, қалыптастыратын, сол тілде сөйлейтін ұлт тілінің өкілдерінің ғана қолынан келетін іс екендігі хақ. Олай болса, тілдік бірліктердің функционалдық қызметін тану, әсіресе, ұлттық тіл білімін қалыптастырған төл ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен басталады деуге болады.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасаған ғалым. Шақ жіктемесін жасауда да алғаш қазақы ұғымға лайықтап терминдерді қолданған А.Байтұрсынұлы «Тіл құралда» шақ көрсеткіштерін ашық раймен байланысты қарастырады. Автор осы шақты (-а, -е, -й) болымды (жазамын, жазасың, жазады) болымсыз (жазбаймын, жазбайсың, жазбайды) түрде жіктеп, қалып етістіктерінің жіктеулі түрін (жүрмін, жүрсің, жүр) нағыз осы шақ (қазіргі оқулықтарда нақ осы шақ) деп атайды [161, 236 б.]. Өткен шаққа етістіктің *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағымен жіктелген түрін болымды (жаздым, жаздың, жазды), болымсыз (жазбадым, жазбадың, жазбады) түрде жіктеп көрсетеді. Келер шаққа *-ар, -ер* тұлғалы етістіктің болымды (жазармын, жазарсың, жазар), болымсыз (жазбаспын, жазбассың, жазбас) түрде жіктелген дара және күрделі түрін жатқызады [161, 238 б.].

А.Байтұрсынұлы, мәселен, райдың 15 түрін көрсетеді (Ал қазіргі грамматикалар мен оқулықтарда - 4). Олар: *тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай, болжал рай*.

Райды осылай жіктеуде ғалым оның санын тілдегі модальдылық мағыналардың түрлеріне қарай жіктегені байқалады. Бүгінде А.Байтұрсынұлы көрсеткен осы мағыналық топтар функционалды грамматикада функционалды-семантикалық категориялар тұрғысынан жеке-жеке зерттеу нысандарына алынып, біразы зерттеліп, ал кейбірі зерттелуге тиісті өзекті тақырыптардың санатында тұр деуге болады.

Мұндай мағыналық топтастыруларды ғалым етіс категориясы бойынша да жасаған: *сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс* деп он топқа бөледі.

А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі функционалды грамматика мәселелері туралы мақала жазған О.Жұбаева ғалымның біз жоғарыда көрсеткен шақ категориясынан басқа да грамматикалық категорияларды анықтап, оларды ішкі мағыналық топқа жіктеуде тілдік бірліктердің мағыналық жағына ерекше назар аударып отырғанын етіс, есімдік, салт/сабақтылық т.б. категориялары бойынша дәлелдеп, ғалым еңбектерінің функционалдық қырын ашып береді. «Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Алайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген

атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген»[171, 36 б.].

Ұлттық тіл білімінің қалыптасуына үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі – **Қ.Кемеңгерұлы**. 1928 жылы жазған «Оқу құралында» берілген шақ жіктемесінде осы шақ пен келер шақты тануында А.Байтұрсынов жіктемесінен алшақтық жоқ. Ал өткен шақты алтыға бөлген және мағыналық реңктерін нақтылай көрсеткен, оларға өзінше атау берген.

Кесте 34 – Қ.Кемеңгерұлының өткен шақты жіктеуі

1	Несовершенное прошедшее	-ды
2	Прошедшее постоянное	-ушы еді, -атын еді
3	Прошедшее неопределенное	-ып
4	Преждепрошедшее I	-п еді
5	Преждепрошедшее II	-ған еді
6	Давнопрошедшее	-ған

Ғалымның өткен шақты жіктеп бөлуі Қ.Жұбановтың өткен шақ жіктемесімен ұқсас. Төменде сөз болатын Қ.Жұбанов жіктемесімен салыстырсақ, ғалымдардың өткен шақты сөйлеу сәтінен бастап санағанда өте ертеде не одан беріде не сөйлеу сәтінің алдында болған оқиға, іс-әрекеттің өту мерзімін негізге алғандығын байқаймыз.

Нақтырақ көрсетсек, Қ.Кемеңгерұлының «преждепрошедшее» деп атаған өткен шақ түрін Қ.Жұбанов – «аулақ баяғылық», «прошедшее постоянное» түрін – «әдетше баяғылық», «прошедшее определенное» – «айғақ өңді өткен шақ», «преждепрошедшее II» – «айғақ баяғылық» деп атаған.

Ғалымдардың атаған шақ түрлеріне берілген шақ көрсеткіштері мен мысалдары бірдей. Демек, Қ.Кемеңгерұлы шақ жіктемесінде бір өткен шақтың өзін мағыналық топқа жіктеп, саралап көрсеткен. Сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекеттің өту мерзімін векторлық сипаты бойынша топтастырған. Өткен шақ мағынасын білдіретін синтетикалық және аналитикалық формалардың негізінде өткен шақтың алты мағыналық тобын көрсеткен. Сонымен қатар ғалым кейбір өткен шақ тұлғаларының мағыналық реңктерін аңғара білген. Мәселен, жедел өткен шақ түрін (-ды, -ді) ғалым «несовершенное прошедшее» деп атап, бұл тұлғаның әлі толық аяқтала қоймаған істі білдіретінін айтады. Ғалымның тілдік мұрасын зерттеген О.Жұбаева «тұрды», «сөйледі», «көрді» етістіктерінде белгілі бір процестің әлі аяқтала қоймағаны, яғни әлі тұрғаны, әлі сөйлеп тұрғаны, әлі көріп тұрғаны аңғарылады. Осыған байланысты «жедел өткен шақ» деген терминнің шақтың осы түрінің мәнін толық аша алмайтынын, сол себепті амалдың әлі де өтіп жатқанын білдіретін шақ түрін атауда Қ.Кемеңгерұлы қолданған термин лайықты сияқты деген пікір

айтады [157, 15 б.]. Ғалымның қазіргі қазақ тілінде көбінесе сөйлеу сәтінің алдында, жақын арада болып өткен қимылды білдіреді делініп жүрген жедел өткен шақтың аяқталмаған, әлі де болып жатқан і-әрекетті білдіретіні жайлы айтқан пікірлері функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясының өткен шақ микроөрісінің векторлық табиғаты мен қимылдың өту сипатын білдіретін аспект категориясының мағыналық сипатымен үйлес.

Қ.Кемеңгерұлы *-ушы еді, -атын еді* формасын дағдылы, қалыпты іс-әрекетті білдіруіне қарай «прошедшее постоянное» деген терминмен атайды. Бұл формалар кейін Ы.Маманов еңбегінде *дағдылы өткен шақ* болып аталады. Сондай-ақ Қ.Кемеңгерұлы қалып етістіктерінің мағыналық реңктерін де шынайы аңғара алған. Қалып етістіктерінің осы шақты білдірудегі ішкі семантикалық реңктеріне қарай, олардың бірін ұзақ уақытты қамтитын етістік деп «жұр» етістігін көрсетеді. Ал *тұр, жат* етістіктері одан гөрі қысқа мерзімді қамтиды. Бұл жағынан ғалымның осы шақ жасаушы қалып етістіктерінің семантикалық реңктерін сөз етуі қазіргі функционалды-семантикалық қимылдың өту сипаты категориясының мағынасымен және нақ осы шақтың семантикалық қырларымен ұштасып жатыр.

Қ.Жұбанов етістіктің үш шағын және әрқайсысының мағыналық топтарын атап көрсетеді. Ғалым шақ көрсеткіштерін жіктеуде олардың мағыналарына баса назар аударған. Сол себепті ғалым еңбегінде шақ түрлері де мағыналық ерекшеліктеріне қарай тарамдалып берілген. Ғалымның шақ түрлерін саралаудағы бұл жіктемесі мағынаға баса назар аударатын функционады грамматиканың зерттеу бағытына сәйкес келеді. Ғалым шақ түрлерін әдеттегідей үш топқа бөліп қарастырады да, әрі қарай оларды жік-жікке бөліп таратып береді. Өткен шақтың мағынасын сөйлеп тұрған кезден бұрын болған істі білдіру деп, оны **тоғыз** топқа бөледі: *айғақ өңді өткен шақ; аулақ өңді өткен шақ; мойындау өңді өткен шақ; күмән өңді өткен шақ; айғақ баяғылық; аулақ баяғылық; әдетше баяғылық; опық баяғылық; арман баяғылық.*

Келер шақты төртке бөліп көрсетеді: *кесімді келер шақ* (баратын, жазбайтын); *болжалды келер шақ* (барармын, оқымаспын); *мақсатты келер шақ* (жазбақпын); *тілекті келер шақ* (1) жазар едім, (2) жазайын (тек I жақ қана). Қазірде рай категориясында қаралатын (жаз) *-са игі еді* формасын өткен шақ пен келер шаққа бірдей жүретін *сенімсіз төл шақ* деп атайды.

Осы шақты дағдылы осы шақ (қазір ауыспалы осы шақ) және дәл осы шақ (қазір нақ осы шақ) деп бөледі. Ғалым дағдылы осы шақтың келер шақ не осы шақ екені төңірегіндегі басқа сөздерден көрінеді дейді. Мысалы, *Сиыр мөңірейді* - осы шақ; *Ертең сиыр мөңірейді* – келер шақ. Осы шақ пен келер шақты да білдіре алатын шақ жіктемесінде ауыспалы осы шақ және ауыспалы келер шақ деп аталып жүрген *-а, -е, -й* көсемше формасының шақтық мәндерін контексте қарай көрсетіп, *ертең* сөзінің сөйлем құрамына енуіне қарай шақтық мағынаның өзгеретінін айтады. Бұл сөздер қазіргі функционалды грамматикадағы темпоралдылық өрісін құрайтын лексикалық бірлік болып

табылады. Демек, Қ.Жұбанов шақ категориясын функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастырмағанмен, сол темпоралдық өрісіне қатысты тілдік бірліктердің мағыналық, қызметтік ерекшеліктерін аңғара білген.

Дәл осы шақты өз ішінде төрт түрге жіктейді: *жалпы осы шақ* (жазып жатырмын) *кәдімгі осы шақ* (жазып жүрмін) *қазіргі осы шақ* (жазып отырмын) *әзіргі осы шақ* (жазып тұрмын) [65, 353 б.].

Кесте 35 – Қ.Жұбановтың дәл (нақ) осы шақты шақты жіктеуі

Жалпы осы шақ	Істің нақ осы кезде істеліп жатқан болуы да немесе көптен бері созылып келе жатқан іс болып үздік-создық жүріп жатқан іс болуы да мүмкін, осыны жалпы түрде айтсақ, етістік жалпы осы шақта болады.	(Жазып жатырмын)
Кәдімгі осы шақ	Ұзаққа созылған, үздік-создық істеліп келе жатқан істің жайын айту керек болса, кәдімгі осы шақпен айтамыз.	(Жазып жүрмін)
Қазіргі осы шақ	Істеуші дәл осы кезде іс үстінде екендігін көрсету үшін қазіргі осы шақ қолданылады.	(Жазып отырмын)
Әзіргі осы шақ	Дәл осы кезде болып жатқан және өзі сол қалпын жоймаған істі көрсеткіміз келсе, әзіргі осы шақпен айтамыз.	(Жазып тұрмын)

Ғалым осы шақ түрлеріне байланысты қазіргі грамматикаларда ауыспалы осы шақ деп аталатын түрін «дағдылы осы шақ» деп атап, нақ осы шақты «дәл осы шақ» деген атаумен береді. Сонымен қатар дәл осы шақ құрамын төрт қалып етістігінің негізгі етістікке тіркесуіне қарай олардың мағыналарын негізге алып, кіші топтарға бөліп жібереді. Яғни автордың пікірінше, *жатыр* етістігі өзі тіркескен етістікке осы уақытта болып жатқан жалпы іс-әрекетті білдірсе, ал *жүр жатырға* қарағанда нақтылау, *отыр* етістігі аталған екі етістіктен де дәл қазіргі болып жатқан іс-әрекетті білдіреді, ал *тұр* тап қазір болып жатқан іс-әрекетті білдіреді. Ғалымның бұл жіктемесінен қалып етістіктерінің мағыналық реңктерін терең тани алғандығын көреміз. Қалып етістіктерінің Қ.Жұбанов еңбектерінде айтылған осы шақты білдірудегі мағыналық реңктері Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралында» да осы тұрғыдан сипаттама жасалған болатын: «Именно теперь совершающееся действие (для выражения, которым человек занимается в настоящий, более или менее продолжительный период времени, употребляется *тұр* и *жат*, а для выражения еще более продолжительного занятия *жүр*)» [172].

Сондай-ақ Қ.Жұбановтың келер шақ түрлеріне байланысты *кесімді* және *тілекті* келер шақ түрлері да басқа грамматикаларда айтылмайды. Және де өткен шақты тоғыз түрге бөліп қарастыруы да ғалымның тілдік мағыналарды жете меңгергендігінің айғағы. Жалпы алғанда, тілдік (грамматикалық)

категорияларды тарқатып айту, жіктемелердің (топ) көп болуы тілдегі формақушылық дәстүрге бой ұрмай, мағыналық ерекшеліктеріне қарай тілді тани білу, тілдегі функционалдылық құбылысын аңғару дегенге саяды. Осы ретте Қ.Жұбанов жіктемесі шақ категориясын функционалды аспектіден қарастыруда нақты тілдік материал болуымен құнды болмақ.

Қалып етістіктерінің осы шақ жасаудағы мағыналық ерекшеліктерін Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбановтармен қатар ғалым **І.Кеңесбаев** та айтып кеткен. Арнайы топ ретінде көрсетпегенмен, ғалымның мына сөзінен осы шақтық мағынаны функционалды жағынан дұрыс танығандығын көреміз: «Основные глаголы в сочетании с *отыр, тұр*, часто указывают на непрерывность непродолжительных действий, совершающихся в настоящем: *Мен өлең айтып отырмын*. Основные глаголы в сочетании с *жұр, жатыр* часто указывают на прерывность сравнительно продолжительных действий, совершающихся в настоящем: *Мен өлең айтып жүрмін*» [173, 77 б.].

С.Аманжолов «Қазақ тілінің грамматикасында» етістіктерді осы шақтық етістік, келер шақтық етістік, өткен шақтық етістік деп топтастырады. Автор бұл еңбегінде етістіктің есімше, көсемше, рай формаларының да шақтық мәндеріне тоқталған. Онда бұйрық рай мен шартты рай формалары тек қана келер шақты, қалау рай мен ашық рай барлық шақта қолданылады, ал тұйық рай шақты білдіре алмайды дейді. Ғалымның рай формаларының шақтық мәндері туралы айтқан пікірлері морфологиялық формалардың жанама қызметі, сонымен қатар форманың жұмсалымдық сипатын танытатын қазіргі функционалды грамматика теорияларымен ұштасып жатыр. Алайда С.Кеңесбаев пен С.Жиенбаев 1942 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасында» С.Аманжоловтың рай тұлғаларының қызметі туралы айтқан пікірлеріне қарсы мынадай дау айтады: қалау райының барлық шақта қолданыла алуы ол форманың өз қызметі емес, қалау рай өздерінен кейінгі көмекші етістіктердің жәрдемі арқылы ғана түрлі шақтық мағынаға ие болады. Сонымен қатар С.Аманжоловтың шартты рай келер шақты ғана білдіреді деген пікіріне де қарсы шығып, бұл форманың өткен шақ мағынасында да қолданылуы жиі ұшырасатынын баса көрсетеді [140, 33 б.].

Қазақ тілінің функционалды грамматика мәселелері соңғы кездері ғана зерттеу нысанына алына бастады десек те, жоғарыда айтылған ғалымдардың рай тұлғаларының шақтық мәндері туралы пікірлерінен тіл бірліктерінің функционалдылық нышандарын көруге болады.

Н.Сауранбаев пен Ғ.Бегаливтің авторлығымен 1944 жылы жарық көрген педагогикалық училищеге арналған «Қазақ тілі грамматикасында» етістік шақтарын орта мектеп грамматикаларына қарағанда толық қамтып, өзгеше таптастырған. Бұл грамматикадағы шақ жіктемесінің ерекшелігі келер шақтың мағыналық түрлерімен байланысты. Грамматикада болжалды келер шақ деп аталған түрі *шексіз келер шақ* деп аталған. С.Аманжолов және С.Кеңесбаев, С.Жиенбаев грамматикаларындағы ауыспалы келер шақ түрі келер шақ түрлерінің қатарынан алынып тасталып, ол форма «ауыспалы осы шақ»

(-а,-е, -й) деген атаумен осы шақ түрлеріне жатқызылған. Ғалымдардың пікірінше, *шекті келер шақ* көсемшенің мақсатты түріне *жатыр, жүр, тұр, отыр* етістіктерінің жалғануы арқылы жасалады (барғалы жатыр, айтқалы тұр). Грамматика авторларының пікірінше, шекті келер шақ, *біріншіден*, істің жақын уақытта я қазір болатындығын білдіреді, *екіншіден*, істің басталуы келешекке арналмай, оның басталу мерзіміне шек қойып, қазір, жақында болатындығын білдіреді. Бұл *шекті, шексіз келер шақ* түрлері туралы тұжырымдар функционалды грамматикада қарастырылатын *векторлық* ұстанымға сәйкес келеді. Яғни келер шақ өрісінің сөйлеу сәтіне қатысты іс-әрекеттің жақын арада болатыны не кейінірек, немесе мүлде келешекке жоспарланғаны осы аталған грамматикада ескерілген.

Т.Қордабаев «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы» деп аталатын еңбегінде жалпы осы шаққа «жатыр», «жүр» етістіктерін, нақ осы шаққа «тұр», «отыр» етістіктерін жатқызады.

Кесте 36 – Т.Қордабаевтың қалып етістіктерін осы шақтық мәндеріне қарай жіктеуі

Жалпы осы шақ	Әрдайым нақ осы шақты білдірмей, көбінесе, ара-тұра үзілістері де болып тұратын үнемді, ұзақ істерді, жалпы осы кездерде болып жүрген іс-әрекет, жай-күйлерді білдіреді.	(Жатыр, жүр)
Нақ осы шақ	Мұндай үзілісті ұзақ істерді білдіру үшін қолданылмайды, дәл сөйлеу үстінде, қазір болып жатқан іс-әрекет, жай-күйлерді білдіру үшін қолданылады.	(Тұр, отыр)

Жалпы осы шақ етістіктері (*жатыр, жүр*) дәл сөйлеу үстіндегі әрекетті білдірмей, ұзаққа созылатын іс-әрекетті білдіретінін негізге алады. Автордың *жалпы осы шақ* етістіктері Қ.Жұбановтың «кәдімгі» және «жалпы осы шақ» түрлерімен, ал *нақ осы шақ* етістіктері «қазіргі осы шақ», және «әзіргі осы шақ» түрлерімен сәйкес келеді. Бұл қалып етістіктері көптеген грамматикалық еңбектерде, оқулықтарда нақ осы шақтың көрсеткіштері делініп, бір топта қарастырылатын. Т.Қордабаев бұл төртеуін осы шақтың екі түріне жатқызып, мынадай тұжырым жасайды: «Шақтық мәндері ортақ қасиетке ие бола тұра, бұлардың кейбіреулері дара тұрып та, басқа етістіктерге көмекші болып та нақ сөйлеу үстінде болып жатқан іс-әрекеттерді білдірумен қатар, ертеден бері болып жүрген, ұзақ уақытты керек ететін үнемді іс-әрекеттерді де білдіреді. Мұндай мағынаны білдіретіндер – *жатыр, жүр* етістіктері». Ғалым *отыр тұр* етістіктері мен *жатыр, жүр* етістіктерінің ортақ белгілерін атай келе, олардың арасындағы өзгешеліктерді де көрсетеді: «Шақтық мағыналарының осындай

жақындықтарымен қатар бұлардың арасында елеулі өзгешелік те бар. Ол өзгешелік, *жатыр*, *жүр* етістіктерінің әрдайым нақ осы шақты білдірмей, көбінесе, ара-тұра үзілістері де болып тұратын үнемді, ұзақ істерді, жалпы осы кездерде болып жүрген іс-әрекет, жай-күйлерді білдіруінде. Ал *отыр*, *тұр* етістіктеріне келетін болсақ, олар мұндай үзілісті ұзақ істерді білдіру үшін қолданылмайды, дәл сөйлеу үстінде, қазір болып жатқан іс-әрекет, жай-күйлерді білдіру үшін қолданылады. ...Осындай мағыналық ерекшеліктеріне қарай *жатыр* мен *жүр* етістіктері арқылы жасалатын осы шақты «жалпы осы шақ» деп, *отыр* мен *тұр* етістіктері арқылы жасалатын осы шақты «нақ осы шақ» деп атаса дұрыс болар еді» [140, 89 б.].

Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, Т.Қордабаев сынды ғалымдардың осы шақ туралы бұл жіктемелері қазіргі соңғы шыққан грамматикаларда ескерілмеген. Ауыспалы осы шақ көсемшенің *-а*, *-е*, *-й* тұлғасы арқылы жасалады делінеді де, нақ осы шаққа қалып етістіктерінің дара және күрделі қолданысы жатқызылады. Ғалымдардың осы шақ жасаушы қалып етістіктерінің семантикалық ерекшелігіне қарай қазіргі уақытта нақ осы шақ делініп жүрген төрт етістікті мағыналық топтарға ажыратуы да, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тілдік бірліктердің функционалдық табиғатымен үйлесіп жатыр.

Сонымен қатар қазақ тіліндегі шақ категориясын арнайы зерттеген Т.Қордабаевтың шақты топтастырудағы басқа шақ түрлеріне қатысты пікірлері назар аударарлық. Ғалым қазіргі грамматикаларда жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ деп аталатын түрлерін айғақты, айғақсыз өткен шақ деп бөледі. Айғақты өткен шақ деп аталатын себебі айтушы я жазушы іс-әрекеттің болған-болмағанына өз көзі әбден жететіндей, өзі соның басы-қасында болғандай сеніммен айғақ бола сөйлейді деп көрсетеді. Оны өз ішінде айғақты өткен шақтың жедел түрі (*-ды*, *-ді*) және айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі (*-ған*, *-ген*, *-атын*, *-етін*, *-ушы*, *-уші*) деп жіктейді. Айғақсыз өткен шаққа күмән мәнді білдіретін формаларды жатқызады. Мысалы: *Қайырбек бұл кітапты кітапханадан алыпты* деген мысалда Қайырбектің кітапты кітапханадан алғанын айтушының өзі көрмеген, ол туралы басқа біреуден не Қайырбектің өзінен кейіннен білген дейді. Біздіңше, Т.Қордабаевтың шақ түрлерін жіктеуде *айғақты* және *айғақсыздық* мәнді ұстануы шақ формаларының төл мағынасы емес, іс-әрекеттің болған-болмағанына субъектінің көзқарасын білдіретін модальдық мағына. Сонымен қатар ғалымның келер шақты да *сенімді* және *сенімсіз* деп бөлуінде де осы модальдық мағына жатыр. Біз әдетте шақ категориясына мынадай анықтама береміз: «Қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін, немесе болып жатқанын, не әлі болмағанын, бірақ болатынын білдіріп, белгілі жолдармен жасалатын етістіктің грамматикалық категориясы шақ категориясы деп аталады» [168, 199 б.]. Анықтамада шақ – сөйлеп тұрған сәтпен өлшенгендегі іс-әрекеттің болып өткендігі, болып жатқандығы немесе алда болатыны. Мұны белгілі бір уақыт кесіндісінің шеңберінде қарайтын болсақ, іс-әрекеттің сенімді, сенімсіз немесе

айғақты, айғақсыз болып бөлінуінде, сол сияқты келер шақтың басқа да грамматикалардағыдай мақсатты, болжалды түрлерінде шақтың сөйлеу сәтімен өлшенгендегі уақытқа қатысты мағынасынан гөрі, іс-әрекетке субъективті тұрғыдан баға беретін модальдық мағына басым. Функционалды-семантикалық модалдылық категориясын зерттеген С.Құлманов келер шақ түрлерінің модальдық мағыналары туралы: «Бұл жерде айта кететін бір нәрсе: ғалымдардың барлығы да келер шақты тануда уақыт кесіндісін негізге алудан гөрі, модальдық мағыналарға бөлу принципіне сүйенген. Мысалы, сенімді/сенімсіз, мақсатты, болжалды келер шақ», - дейді [174, 241 б.].

Т.Қордабаевтың шақ категориясын зерттеудегі атап көрсететін үлкен бір жаңалығы – автордың жекелеген шақ формаларының, шақ формаларын жасаушы есімше, көсемше формаларының, жіктік жалғауының, сонымен қатар жоғарыда сөз болған қалып етістіктерінің шақтық мәндерін анықтауы. Ғалым осы орайда жекелеген формалардың (-ған, -ген, -ып, -іп, -а, -е, -й, -ар, -ер т.б.) түрлі шақтық мағыналарын таратып жеке-жеке сөз етеді. Мұндай талдау біздің қазіргі нысанға алып отырған функционалды грамматикадағы «формадан мағынаға қарайғы» функционалды-грамматикалық сипаттама түріне сәйкес келеді.

Сонымен қатар Т.Қордабаев еңбегінің грамматикадағы функционалдылық мәселесімен ұштасатын тағы бір ерекшелігі – шақ мағыналарының контекстік мағыналарын танып, арнайы тақырыпшада сөз етуі. Шақ тұлғаларының контекстік мағыналарын автор диалектика заңдылығы тұрғысынан түсіндіре келе: «Тілде де бір-біріне байланыссыз, басқадан ерекше, жеке тұратын ешбір категория жоқ. Олар да өзара байланыста, диалектикалық бірлікте болады. Шақтық көрсеткіштер туралы да осыны айтуға болады. Практикалық жұмыста (оқыту ісінде), әдетте, белгілі бір етістіктің қай шақты білдіретіндігі контекске қарамай, сол етістікте қай шақтық көрсеткіштің барлығына қарай, оны сөйлемнен жеке алып, тек өз басындағы шақтық мәніне қараушылық жиі кездеседі. Біз бұл арада мағыналардың формалық ерекшеліктеріне мән бермеуден аулақпыз. Формасыз, өзіне лайықты тәсілсіз жаңа мағына да болмақ емес. Бірақ әрбір форманы, әрбір тәсілді әрқашан белгілі бір мағынаның көрсеткіші болады деп қарамау керек, контексте олардың динамикалық қасиетке ие болатындығын әрқашан ескеру керек дегенді айтып отырмыз. Кейде белгілі бір формада тұрған етістіктің қай шақта болған іс-әрекеттерді білдіріп тұрғандығын ашуға тұтас бір сөйлемнің өзі жеткіліксіз болатындығы, оның мағынасы алдыңғы бірнеше сөйлемдер арқылы дұрыс танылатындығы, не белгілі бір шақтың көрсеткіші болатын формаға ие боп тұрған сөздердің басқа бір сөздермен синтаксистік бірлікте тұрған жағдайда өзіне тән шақтық мәннен айрылып қалатыны немесе шақтық көрсеткіштердің ешқайсысының тобына қосылмайтын өзінде шақтық мән жоқ сөздердің (формалардың) контексте белгілі бір шақты білдіретіндері – тілімізде жиі кездесіп отыратын фактылар» - дейді [140, 93 б.]. Ғалым етістік шақтарын сөз еткенде формаларды өз ортасынан бөліп алып, жеке қарамай, контекске байланысты қарау қажет

екенін, сонда ғана шақтық көрсеткіштердің мағынасын дұрыс түсінуге, дұрыс талдауға болатынын атап көрсетеді.

Грамматиканың функционалдық аспектісіне жақын келген ғалымдардың бірі белгілі тілші-ғалым **Ы.Маманов**.

Шақ формаларының мағыналық ерекшелігіне баса назар аударған ғалым грамматикалық шақ категориясының қарастыратын мәселесі, объектісі істің, қимылдың болған нақты мезгілі де емес, нақты мезгілін білдіретін жеке сөздер де емес, шақтық мағына білдіретін етістіктің қалыптасқан грамматикалық формалары екенін, шақ формалары істің, қимылдың нақтылы өту кезін дәл көрсетпейтінін, олардың шақтық мағынасы абстракт түрде сөйлеу кезімен өлшенетінін, яғни етістіктің шақ формалары сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болатын қимылдың, уақиғаның дәл өту мезгілін *жалпы түрде* көрсететінін, шақ формалары қимылдың дәл өту мезгілін сөйлемде мезгіл үстеулерімен, жыл санын көрсететін сан есімдермен тіркесіп келгенде ғана нақты түрде білдіре алатынын айтады.

Ғалымның бұл пікірі семантикалық шақ (темпоралдылық категориясы) категориясының шеңберінде қаралатын тілдік құбылыстар екенін ескерсек, шақ формаларының шақтық мәнді жалпы түрде білдіретіні, яғни шақ категориясының өзі жеке тұрып қимылдың өту мезгілін дәл бере алмайтыны ешбір грамматикалық еңбекте айтылмайды. Тіл мен сөйлеу деңгейіндегі тілдік құбылыстарды жете тани білген ғалым грамматикалық шақ категориясының да семантикалық мүмкіндіктерін жақсы аңғарған. Бұдан құрылымдық деңгейде функционалды грамматика мәселесі зерттелмеді десек те, оның кейбір белгілері ғалымдар назарынан тыс қалмағандығын байқаймыз.

Ы.Маманов өткен шақты бес топқа бөледі: *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, дағдылы өткен шақ, қатыстық өткен шақ*. Олардың әрқайсысының семантикалық ерекшеліктерін ашады. Жедел өткен шақ формасы (-ды, -ді) басқа шақ формалары сияқты, өткен шақтық мағынадан басқа үстеме мағына білдірмейді, ол сөйлеу кезінен бұрынғы қимыл, іс туралы хабарлау түрінде баяндауын білдіреді, ал бұрынғы өткен шақ дегеніміз *-ған* формалы есімшенің жіктелген түрі деп көрсетеді. Қазақ тілі оқулықтарында бұрынғы өткен шаққа «бұрынғы өткен шақта болған істің айқын, ақиқат екендігі тұжырымды болып көрсетіледі», «бұрынғы өткен шақта істің жедел өткен шақтағыдан бұрын болғандығы, болмағандығы көрсетіледі» делінсе, Ы.Маманов бұл екі шақтық форманың (-ды, -ған) арасындағы айырмашылық әртүрлі мезгілдік мағынаны білдіруінде емес, олардың әрқайсысына тән өзіндік семантиксында, ал олардың бөлінісі шартты түрде алынған грамматикалық термин дегенді айтады. Ғалымның пікірінше, жедел өткен шақ формасы сөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрын болып өткен қимылды жай хабарлау түрінде баяндауын білдірсе, бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болып өткен қимылды жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару қажет болғанда қолданады. Мұны мына мысал арқылы түсіндіреді: *Мен*

ол жігітті жақсы танымын, институтта бірге оқығанбыз. Еркінге алғаш жолыққан адам Самат болды. Ол турниктен түсіп, класқа беттеп бара жатқан. Бұл сөйлемдерде сөйлеушінің ол жігітпен бірге оқығандығы, Саматтың өткенде бара жатқандығы туралы жай хабарланып тұрған жоқ, екінші бір істің айғағы ретінде, соны дәлелдеу түрінде баяндалып тұр. Былайша айтқанда, сөйлеушінің жігітті жақсы тануына олардың бірге оқығандығы себеп болып тұр. Екінші сөйлемде Еркінге алғашқы жолығушының Самат екенін баса көрсету үшін, сөйлеуші Саматтың қимылын бұрынғы өткен шақ формасында қолданған. Бұрынғы өткен шақ деп аталуы ондағы қимылдың жедел өткен шақ формасы көрсететін қимылдан бұрын болғандығында емес, ал бұл термин шартты түрде берілген грамматикалық термин [158, 107 б.].

Ежелгі өткен шақ деп өткен шақ көсемшенің жіктелген түрін айтады. Жоғарыдағы бұрынғы өткен шақ сияқты грамматикалар мен оқулықтардағы ежелгі өткен шаққа берілген «істің өте ескі уақытта болып өткендігін көрсетеді» деген анықтама дұрыс емес, өйткені ежелгі өткен шақ формасы (-ып, -іп, -п) сөйлеу кезінен бұрын болған қимылдың ерте кезде немесе жуық арада өткендігін айырмайды деген тұжырым жасайды. «Сөйлеуші Москвадан қайтқан Қайырбекті өзі қарсы алған болса, ол: *Қайырбек кеше Москвадан қайтты* дер еді, егер сөйлеуші Қайырбектің Москвадан қайтқанын өзі көрмей, басқа біреуден естіп білген болса, онда: *Қайырбек кеше Москвадан қайтыпты* деп ежелгі өткен шақ формасында айтады. Бұл сөйлемдегі бұрын болып өткен оқиғаларды сөйлеуші өз көзімен көрмей, басқа біреуден естіп білгендігі аңғарылады [158, 109 б.].

Ы.Маманов өткен шақ жіктемесінде жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ түрлерін атағанмен, оларды (ежелгі, бұрынғы) шартты түрде алынған термин ретінде қараған. Шақ түрлерінің ежелгі өткен шақ пен бұрынғы өткен шақ деп аталуы уақыт кесіндісіне қатысты емес, іс-әрекетке сөйлеушінің қатысына қарай алынған. Яғни сөйлеуші іс-әрекеттің басы-қасында болмай, біреу арқылы естісе, онда ол ежелгі өткен шақ болады, сондай-ақ жедел өткен шақ формасын қолданғанда сөйлеуші өткен оқиғаны жай хабарлау түрінде айтуды мақсат етсе, бұрынғы (-ған) өткен шақ формасын қолданғанда жай хабарлау емес, сол іс-әрекетке тыңдаушының назарын аударуды мақсат етеді дейді. Ғалымның бұл пікірлерінен А.Ысқақов пен Т.Қордабаев қолданған айғақты, анық және айғақсыз, танық өткен шақ түрлерінің семантикалық сипатына жақын келгендігі аңғарылады.

А.Ысқақов *-атын, -етін, -ушы еді, -уші еді* формасын анық өткен шақ формасы деп қараса, Ы.Маманов бұл екі форманы дағдылы өткен шақ көрсеткіштері ретінде таниды. Ал Т.Қордабаев бұл екі форманы айғақты өткен шақтың бұрынғы түріне жатқызған болатын. Қ.Жұбанов оларды өткен шақтың әдетше баяғылық түрі ретінде бөліп көрсетеді. Бұдан Қ.Жұбановтың *әдетше баяғылық* атауы мен Ы.Мамановтың *дағдылы өткен шақ* атауы жақын келеді.

«Дағдылы өткен шақ қимыл иесінің ертеде дағдысына айналған іс-әрекетін, қимылын білдіретін етістік формасы» деген анықтама беріп, *-атын,*

-етін жұрнағын оның синтетикалық формасы десе, *-ушы еді, -уші еді* формасын аналитикалық формасы ретінде атайды [158, 110 б.].

Ы.Мамановтың шақ категориясына қатысты функционалды грамматика мәселесімен тағы бір орайлас келетін тұсы **қатыстық шақ** түрін шақ категориясының бір түрі ретінде көрсетуі болып табылады. Біз алдағы тараушаларда семантикалық шақ, яғни темпоралдылық категориясының семантикасын сөз еткенде Ы.Мамановтың қатыстық шақ түріне абсолютті және қатыстық шақ деп аталатын бөлімде арнайы тоқталамыз.

Ы.Мамановтың көрсетуінше, қатыстық өткен шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын болып өткен іс, қимылдың екінші бір өткен қимылмен ұштасып, соған байланысты өткендігін немесе белгілі бір мезгіл ішінде өткендігін көрсетеді. Қатыстық өткен шақ формалары баяндауыш қызметінде жұмсалған жай сөйлемдерде ой аяқталмай, оның тағы бір қимылға не мезгілге қатысты екендігі аңғарылып тұрады. Мысалы: *Әшірбек бәрін аралап қайта оралғанда, Әкім машинаның тұмсығын тұйыққа тірегенді. Ушаковтар машинадан түсіп, Бұланбаймен сөйлесіп тұрғанда, Сикорский терезе алдында отыр еді* (Ғ.Мүсірепов).

Бұл келтірілген мысалдардағы *Әкім машинаның тұмсығын тұйыққа тірегенді, Сикорский терезе алдында отыр еді* дегендердің әрқайсысы – өз алдына жеке-жеке сөйлем. Олар дербес қолданыла береді. Бірақ бұларда ой аяқталмаған, мұндағы іс, қимыл екінші сөйлемдегі қимылға, уақиғаға қатысты ғана аяқталып, тиянақты ойды білдіріп тұр [158, 112 б.].

Қатыстық өткен шақ формаларына *-ып, -іп, -п* көсемше формасы, *-ған, -ген* есімше формасы, сонымен қатар қалып етістіктерінің *еді* көмекші етістігімен тіркесіп келген түрін жатқызады (*айтып едім, айтқан едім, отыр едім*).

Келер шаққа қатысты басқа зерттеушілерден тағы бір өзгешелігі міндетті келер шақ түрін ниет келер шақ деген терминмен атап, ниет келер шақ форма сөйлеушінің немесе қимыл иесінің сөйлеу кезінен алдағы кезде бір істі, қимылды орындау ниетін білдіреді дейді. Ғалым бұл форма сөйлеу кезінен кейін болатын қимылды объективтік шындық түрінде бермейді, қимылды орындау туралы ниетін, ойын білдіреді, яғни қимылға субъективтік қатысты білдіреді деп көрсетеді. Сонымен қатар ғалым ниет есімше *еді, бол* көмекші етістіктерімен тіркесіп *ниет өткен шақ* формасын да жасайтынын айтады. Мысалы, *Қапан ауылға қайтпақшы еді* деген сөйлемге нақтылық мән үстеп, қашан қайтпақшы болғандығын көрсетсе, яғни *келесі айда* деген тіркесті қоссақ (*Қапан ауылға келесі айда қайтпақшы еді*), іс-әрекеттің алда болатын қимыл екендігі белгілі болады да, ниет келер шақ ретінде қараймыз, ал егер *былтыр* үстеуі арқылы нақтыласақ (*Қапан ауылға былтыр қайтпақшы еді*), онда ниет өткен шақ формасы ретінде қабылдаймыз. Ғалым ниет есімшенің *еді, бол* көмекші етістіктерімен тіркесуі арқылы жасалған күрделі формасының (келмек еді, келмек болды) ашық рай мәнінде белгілі грамматикалық шақ мағынасын білдірмейтінін, бұл форма сөйлеушінің және қимыл иесінің сөйлеу кезінен

бұрын, келешекте бір істі, қимылды орындауға ниеттенгендігін, ойланғанын білдіретінін, ал қимылдың өзі келер шақпен де, өткен шақпен де ұштасып жататынын атап көрсетеді. Ы.Маманов бұл жерде аталған формалардың модальдық мағыналарын – негізгі мағына да, ал олардың шақты білдіруін – екіншілік мағына ретінде қараған сияқты. Біздіңше, аталған ниет келер шақ болсын немесе келер шақтың болжалды түрі болсын, алдымен, осы модальдық мағынадан барып туындайтын шақтық мағыналар. Сонда, әсіресе, келер шақ түрлері сөйлеу сәтімен өлшегендегі мағыналарға негізделмеген, олардағы шақтық мағыналар модальдық мағыналардан туындайтын екіншілік мағыналар болып табылады. Бұл құбылыс модальдық, шақтық, жақтық мағыналардың тығыз байланыстылығымен сабақтасып жатыр.

Осы шаққа қатысты да Ы.Мамановтың пікірлері басқа зерттеушілерден өзгешелеу. Ғалым осы шақтың арнайы грамматикалық шақ көрсеткіші жоқ, осы шақ қалып етістіктеріне және созылыңқы сыпатқа жіктік жалғауы тікелей жалғану арқылы жасалады деп көрсетеді. А.Ысқақовтың жалпы осы шақ деп атаған *-а, -е, -й* формасын Ы.Маманов осы шақ көрсеткіші ретінде бермеген.

Ы.Мамановтың қалып етістіктерінің мағыналық ерекшеліктерін ашуы Т.Қордабаев пікірлерімен ұқсас. Т.Қордабаев *отыр, тұр* етістіктерін нақ осы шақ көрсеткіштері ретінде таныса, Ы.Маманов бұл екі етістіктің созылыңқы сыпат құрамында (жауып тұр, оқып отыр) қимылдың дәл сөйлеу кезінде болып жатқанын білдіреді дейді. Ал *жүр* көмекші етістігі арқылы жасалған созылыңқы сыпаттың осы шақтық мағынасы кеңірек уақытты қамтиды. Мұның шеңбері ай, жылмен шектеледі. Мысалы, *Сейт екінші курста оқып жүр*. Т.Қордабаев *жатыр, жүр* етістіктері көбінесе ара-тұра үзілістері де болып тұратын үнемді, ұзақ істерді, жалпы осы кездерде болып жүрген іс-әрекет, жай-күйлерді білдіреді, ал *отыр, тұр* етістіктері мұндай үзілісті ұзақ істерді білдіру үшін қолданылмайды, дәл сөйлеу үстінде, қазір болып жатқан іс-әрекет, жай-күйлерді білдіру үшін қолданылады, - дейді [140, 89 б.]. Ал Қ.Жұбанов болса, аталған төрт етістіктің әрқайсысын осы шақтың түрлері ретінде береді. *Жатыр* етістігімен тіркескен негізгі етістікті (жазып жатырмын) жалпы осы шақ, *жүр* етістігін (жазып жүрмін) кәдімгі осы шақ, *отыр* етістігін (жазып отымын) қазіргі осы шақ, *тұр* етістігін (жазып тұрмын) әзіргі осы шақ деп атайды [65, 353 б.]. Қалып етістіктері туралы мұндай тұжырым Қ.Кемеңгерұлының [175, 120-125 б.], сонымен қатар І.Кеңесбаев еңбектерінде де осы тұрғыдан айтылған болатын.

Сонымен Ы.Маманов қазақ тілінде осы шақтың арнаулы грамматикалық көрсеткіші жоқ, сөйлеу кезінде болып жатқан қимылды білдіретін осы шақ созылыңқы сыпаттың жіктелген түрі, созылыңқы сыпаттың осы шақ формасы деген қорытынды жасайды [158, 120 б.].

Сонымен, жоғарыда жоғарыда айтылған ғалымдардың функционалды бағыттағы ой-тұжырымдарын жинақтай келе, мынадай қорытындылар жасаймыз:

Шақ категориясын функционалды бағытта зерттеу бүгінгі күннің ғана жемісі емес, қазақ ғалымдарының ғасырлар бойғы грамматикалық зерттеулерінің ғылыми нәтижесі. Себебі олар, міндетті түрде тілдің механизміне ғана емес, тілдің қолданысына да көңіл аударған. Екіншіден, функционалдылық, яғни тілді зерттеуде мағынаны басты бағыт ретінде ұстану – қазақ тілінің немесе түркі тілдерінің ғана емес, жалпы тіл біліміне ортақ дүние, өйткені функционалды грамматиканың негізінде адамзат баласына ортақ ұғымдық, логикалық категориялар жатыр. Үшіншіден, функционалдылықтың тіл ғылымы дамуымен бірге қатар жүруі о бастағы ойлау жүйесімен сабақтасып жатқан ономазиологиялық бағыттың бастапқы бағыт екендігін көрсетеді. Сондықтан, қайсыбір халық тілінде болмасын, грамматика ғылымы тілдік бірліктерді ойлау арқылы жүйеге түсірген. Яғни ақиқат шындықтың санада көрініс табуы когниция құбылысы арқылы жүреді. Осы адам санасындағы когнитологиялық жүйе тілдік бірліктерді жасаудың алғышарты болып табылады. Олай болса, біз әрқашан ұғымды бірінші орынға қоямыз, ал тілдік бірліктер сол ұғымды тілде бейнелейтін құрал қызметін атқарады. Ал қазақ тілінің грамматикасын жазумен айналысқан ғалымдар еңбектерінде осы когнитологиялық жүйенің, яғни ұғымдық категориялардың көрініс табуы адам физиологиясымен, таныммен, ойлау әрекетімен байланысты заңды құбылыс.

4 УАҚЫТ ҰҒЫМЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ

4.1 Функционалды грамматиканың метатілі

Орыс және шетел тіл білімінде функционалды грамматика мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеліп келе жатқан болса, қазақ тіл білімінде бұл мәселе көбінесе салғастырмалы тұрғыдан көбірек зерттеліп, ал таза қазақ тілінде бірлі жарым еңбектерді атамағанда, енді ғана зерттеу нысанына айналып жатыр деуімізге болады. Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мәселелері ғылыми тұрғыдан белгілі ғалым З.Қ.Ахметжанова еңбектерінен бастау алады. Әсіресе, орыс, ағылшын, қазақ т.б. шет тілдерімен салғастырмалы тұрғыдан көбірек қарастырылған.

Қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізгі мәселелері мен жекелеген семантикалық категориялар бойынша соңғы жылдары біраз мақалалар жарияланды. Таза қазақ тілінің материалдары бойынша мәтін лингвистикасы бойынша С.Құнанбаева темпоралдылық категориясын, Қ.Рысалды сын категориясын, М.Жолшаева аспектуалдылық категориясын, А.Тураева белгілілік, белгісіздік категориясын, С.Құлманов модальдылық (мүмкіндік) категориясын, Ә.Солтанбекова шақтық локальдылық категориясын зерттеді. «Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері» (2007) деген тақырыпта ғылыми жинақ ретінде ұсынылды. Жинақта темпоралдылық, персоналдылық, аспектуалдылық, модалдылық, шақтық локальдылық категориялары бойынша қысқаша мәлімет берілген.

Тіл білімінде функционалды зерттеулер бірнеше бағытта жүргізіледі. Олар: А.Б.Бондарконың «функционалды-семантикалық өріс» теориясы бойынша зерттеу, Г.А.Золотованың коммуникативтік синтаксистік зерттеу бағыты, сонымен қатар тілдік бірліктердің қолданыстағы мағыналарын зерттейтін «тұлғадан мағынаға қарайғы» функционалды бағыт т.б.

Бұл зерттеу бағыттарының ішінде дәстүрлі грамматикада құрылымдық бағытпен бірге зерттеліп келе жатқаны – «тұлғадан мағынаға қарайғы» семасиологиялық бағыттағы функционалдық зерттеулер. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тіл білімінде көбінесе белгілі грамматист-ғалым Р.С.Әмірдің жетекшілігімен жазылған болатын. Бірақ бұл бағыттағы зерттеулердің де ғылыми әдістемесі, зерттеу тәсілі, жүйесі толық жасалмаған. Ал жоғарыда аталған функционалды бағыттардан Г.А.Золотованың зерттеу бағыты да қазіргі кезде жүйелі функционалды бағыт ретінде қалыптаспаған. Нәтижесінде бұл бағыт бойынша зерттелген ғылыми зерттеулер де аз.

А.В.Бондарконың (Ленинград мектебі) зерттеу бағыты аталған функционалды зерттеулердің ішіндегі әдіс-тәсілдері қалыптасқан, жүйелі құрылымға салынған бағыт болып табылады. Грамматикалық ономасиологияның зерттелу тарихын жазған ғалым В.П.Даниленко А.В.Бондарко негізін қалаған функционалды грамматиканы «деңгейаралық ономасиологиялық грамматика» деп атап, оның жүйелілігі туралы былай деп


жазады: «Межуровневая ономазиологическая грамматика имеет дисциплинарную структуру, во-первых, потому, что языковые средства служащие для выражения определенной содержательной категории, маркируются с точки зрения их принадлежности к тому или иному уровню языковой структуры, а во-вторых, эти средства упорядочиваются в соответствии с определенным принципом. У А.В.Бондарко это принцип центра и периферии функционально-семантического поля» [176, с. 12]. Осындай артықшылығының арқасында А.В.Бондарко негізін салған функционалды бағыттағы зерттеулер орыс тіл білімінде, түркі тілдері бойынша, сонымен қатар қазақ тіл білімінде де бір жүйемен жазылып келеді.

Алайда, А.В.Бондарконың өзі орыс тіл білімінде көп уақыттан бері зерттеліп келе жатқан функционалды-семантикалық категориялардың толық зерттеліп болмағанын, зерттелген функционалды-семантикалар бойынша жасаған функционалды грамматика теориясын әлі де толықтыру, өңдеу, іздену қажеттігін айтады. Ғалымның көрсетуінше, функционалды грамматика теориясының ең соңғы теориялық негіздемесін барлық функционалды-семантикалық өрістер зерттеліп біткеннен кейін ғана толық аяқтап шығуға болады. Оның көрсетуінше, орыс тіліндегі мұндай категориялар саны отызға жуық. Ал бұл категориялардың әрқайсысын зерттеу үстінде функционалды грамматиканың теориялық мәселесіне жаңа толықтырулар, жаңа терминдер енгізіліп, жаңа бір теориялық заңдылықтар шығуы мүмкін. Сондықтан да функционалды грамматика теориясын қалыптастыру және оны әрі қарай дамыту тіл ғалымдарының алдында тұрған өзекті мәселе.

Біздің ойымызша да, қазақ тілі функционалды грамматикасының толық қалыптасып, дамуына біршама уақыт керек. Бұл грамматика да дәстүрлі грамматика сияқты ұзақ уақыттық зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар бұл грамматика «мағынаны» негізге алатын болғандықтан, тілімізде қанша типтік мағына болса, сонша семантикалық категориялар бар деген сөз. Мәселен, бір ғана модальдылық категориясын алайық. Дәстүрлі грамматикада бұл категория құрылымдық рай категориясы тұрғысынан және сөз табы ретінде көрсетіліп жүрген модаль сөздер тұрғысынан тар аяда ғана зерттелген болса, функционалды грамматикада бұл категория функционалды-семантикалық категория ретінде кең тұрғыдан қарастырылады. Мәселен, С.Құлманов зерттеген мүмкіндік микроөрісі – модальдылықтың бір ғана қыры, бір ғана субкатегориясы. Ал модальдылықтың тілімізде қаншама түрі бар: шарттылық модальдылығы, бұйрықтық модальдылығы, қажеттік модальдылығы т.б. Сол сияқты басқа да семантикалық категориялардың ішкі субкатегориялары мен жақын, алыс мағыналық өрістері (перифериясы) бар. Олай болса, біздің (қазіргі зерттеліп жатқан функционалды бағыттағы зерттеулердің көпшілігі дерлік осы А.В.Бондарконың зерттеу бағытын, функционалды-семантикалық өріс теориясын ұстанады) қазіргі кезде семантикалық зерттеу еңбектерінде сүйеніп отырған теориялық бағытымыз – А.В.Бондарко (ленинград мектебі) негізін қалаған функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары.

Бұл мәселе қазақ тіл білімінде функционалды-семантикалық өрістер бойынша жазылып жүрген диссертациялық жұмыстарда, сонымен қатар мақала көлемінде ішінара айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ, осы мәселені қарастырып жүрген зерттеушілерге болмаса, оның негізгі теориялық базасы, зерттеудің әдіс-тәсілдері, негізгі ұғымдары көпшілікке таныс емес.

Тіл білімінде жалпы «категория» термині грамматикалық және семантикалық болып екіге бөлінеді. Грамматиканың морфология және синтаксис салаларының бірлігінен тұратынымен сәйкес грамматикалық категориялардың өзі өз ішінде морфологиялық және синтаксистік категорияларға бөлініп қарастырылады.



Сурет 1 – Категорияның ішкі бөлінісі (субкатегориялары)

Морфологиялық категориялар болсын, синтаксистік категориялар болсын, олар грамматикалық мағына беруден, және осы мағынаның көрсеткіші грамматикалық формалардың болып, олардың осы мағына және формалық жиынтық құрып грамматикалық топ құрудан барып тілдік категория ретінде танылады. Семантикалық категориялардың да грамматикалық категориялар сияқты білдіретін мағынасы, және осы мағынаны тілде бейнелейтін тілдік көрінісі, көрсеткіштері (тұрпат межесі) болады.

Грамматикалық категориялар болсын, семантикалық категориялар болсын өз бастауын логикадан алады. Грамматикалық категориялар өз бастауын логикадан алғанмен, Ф.Соссюрдің «тілдік таңба» теориясы бойынша абстракцияландырылып, тілдік жүйеге түсірілген, о баста логикадан, ұғымнан барып тілдік құрылымға түсірілген жүйе әбден тұрақталғаны сонша, тілде формальдылық (структурализм) құбылысының берік орнығып, қалыптасуына

әкелген. Нәтижесінде ұғымның тілдік көрінісін сипаттайтын бастапқы бағыт тоқырай бастаған.

Ал функционалды-семантикалық категориялардың негізінде ұғымдық категориялар (понятийные категории) жатыр. Ұғымдық категория терминін алғаш ғылыми айналымға түсірген – О.Есперсен. В.Фон Гумбольдт «универсалды категория» деп атаса, Г. Пауль «психологиялық категория» деп көрсетеді [177].

Кесте 37 – Ұғымдық категорияның терминдік аталымы

О.Есперсен	Ұғымдық категория
В.Фон Гумбольдт	Универсалды категория
Г. Пауль	Психологиялық категория
А.В.Бондарко	Функционалды-семантикалық категория

Ұғымдық категорияның нақты да дәйекті анықтамасын алғашқы болып берген И.И.Мещанинов ұғымдық категорияны адам ойының тілдік көрінісі деп атайды [178]. Ғалымның пікірінше, ұғымдық категориялар тіл арқылы берілмейді, ол тілдің өзінде, ішкі өзегінде, оның материалдық жағында қалыптасады. Ұғымдық категориялардың бәрі бірдей ұғымдық категорияға жата бермейді, тек тіл құрылымында өзінің тілдік көрініс тапқандары ғана, яғни лексикалық, морфологиялық немесе синтаксистік жүйеде көрінгендерін ғана ұғымдық категорияға жатқызуға болады. Ұғымдық категориялар адам ойының, санасының дүние-болмысты танып, меңгеруі нәтижесінде түйсініліп, тілдік формада қалыптасады [179, 119 б.].

Ұғымдық категориялар логикалық және психологиялық категорияларға негізделіп, сол категориялардан тілдік құралдарға қарай бағытталады. Қ.Рысалды функционалды-семантикалық категорияларды ұғымдық категориялардың тілдік формалары деп атайды [179, 120 б.]. А.В.Бондарко бұл термин тілдік категория ретінде қабылдану үшін басқаша атауды ұсынады: «Ұғымдық категория деген термин көбінесе логикамен байланысты қаралады. Осыдан қашу үшін әзірше «функционалды-семантикалық категория» деген терминді қолдануды жөн көріп отырмыз» - дейді.

Адамдардың ақиқат дүние туралы танымы ұқсас болғандықтан, ұғымдық категориялар да адамдардың барлығына ортақ. Ол тілден тыс өмір сүреді, тілге тәуелді болмайды. Тіл ғылымында мұндай табиғи универсалийлер ұғымдық категория терминімен аталып, логикалық және тілдік категорияның арақатынасы, байланысы тұрғысынан қаралады.

Грамматикадағы тілді зерттеудің ономашиологиялық және семасиологиялық бағдарлары туралы. Грамматикада ішкі және сыртқы құрылымынан зерттеу тәсіліне қарай мынадай екі бағыт қалыптасқан: **бірінші бағыт:** формадан мағынаға қарайғы (Ф → М); **екінші бағыт:** мағынадан формаға қарайғы (М → Ф).

Тілді осы тұрғыдан зерттеу тіл жүйесін, оның бірліктері мен категорияларын семасиологиялық және ономасиологиялық бағдарлар бойынша зерттеумен байланысты.

Семасиологиялық бағдар тілді таңбалар жүйесі тұрғысынан алып, тілдік бірліктердің мағыналық, семантикалық сипаттарын қарастырса, ономасиологиялық бағдар, керісінше, мазмұнның тілдегі көрінісін қарастырады. Семасиологиялық бағдар үшін *тұлға* бірінші орында тұрса, ономасиологиялық бағдар үшін *мазмұн* маңызды болып табылады.

Ономасиология мен семасиология терминдерінің мәнін **сөйлеуші** мен **тыңдаушы** тұрғысынан түсіндірер болсақ, «формадан мағынаға қарайғы» таным – тыңдаушығы тән болып келеді, тыңдаушы сөзді естіп, оның қандай мағына, мазмұн беретінін пайымдайды. Бұл жердегі сөйленімнің мағыналық мазмұны тыңдаушыға, ең алдымен, қандай да бір тілдік формаға салынады. Тыңдаушы осы тілдік құралдар арқылы берілген ақпаратты мида қабылдап, ойлау үдерісінде айтылымның мазмұнын түсінеді. Тілді осы тұрғыдан зерделеуді «семасиологиялық бағдар» дейді.

Ал енді осыған керісінше, сөйлеу актісіне сөйлеуші тұрғысынан келсек, айтушының ойында дүниені тану процесінде қалыптасқан ұғым, мазмұн «мағынадан тілдік формаға» қарай бағытталады. Сөйлеуші айтайын деген сөзін ең алдымен мида қорытады да, сол ойды тыңдаушыға жеткізетін тілдік тұлғаларды айқындайды. Тілді осы тұрғыдан зерделеуді «ономасиологиялық бағдар» дейді [179, 108 б.].

Жалпы тілді зерттеудің ономасиологиялық бағдары **жаңа сөз жасау** және **сөйлем құрауға** бағытталған **сөйлеуші** әрекетімен байланысты болып келеді. Екі жағдайда да (сөз жасау, сөйлем құрау) сөйлеуші сөйлеу әрекетін мазмұннан құралға қарай бағыттайды.


Кесте 38 – Қарым-қатынастағы сөйлеуші (адресант) мен тыңдаушы (адресат) арасындағы коммуникативтік актінің өту үдерісі

Тілді қолданушы (коммуниканттар)	Коммуникативтік акт	Зерттеу бағыты
Сөйлеуші	«Мазмұннан тілдік құралға» қарай жүреді → ← «Тілдік құралдан мазмұнға» қарай жүреді	Ономасиологиялық
Тыңдаушы	«Тілдік құралдан мазмұнға» қарай жүреді → ← «Мазмұннан тілдік құралға» қарай жүреді	Семасиологиялық

Функционалды грамматиканы зерттеу кезінде А.В.Бондарконың функционалды бағыты бойынша «мағынадан тұлғаға» және «тұлғадан мағынаға қарайғы» екі бағыт та қатар ұстанылады. Бұл теорияның өзегі «сөйлеуші мен тыңдаушы» арасындағы қарым-қатынас (коммуникациядағы) коммуникативтік процесте жатыр. Нақтырақ айтқанда, сөйлеуші мазмұннан тілдік құралға қарай, ал тыңдаушы құралдан мазмұнға қарай бағытталған тілдің коммуникативтік процесті сипаттайды десек те, бұл қатып қалған нәрсе емес, процес екі жақты сипатқа ие болады. Мәселен, сөйлеуші айтайын деген ой мазмұнын білдіретін тілдік құралдарды білмесе ойын жеткізудің жолын білмей, дұрыс жеткізе алмаған болар еді. Сол сияқты тыңдаушы да қабылданған тілдік құралдардың не мағына білдіретін сөздер екенін білмесе, айтылған, тыңдаған тілдік құралдар жиынтығын түсіне алмаған болар еді. Дәл осы сияқты екі жақтылықты А.В.Бондарко функционалды-семантикалық категорияларды зерттеу кезінде де басшылыққа алады.

Осы тұрғыдан алғанда, функционалды грамматикада аталған зерттеу бағыттарының бірі негізгі бағыт саналғанмен, екінші бағыт та (тұлғадан мағынаға қарайғы) оның зерттеу әдісінен тыс қалмайды.

Функционалды грамматика мағынадан формаға қарайғы зерттеу бағытын ұстанғанмен, тіл фактілерін айқындау барысында формадан мағынаға қарайғы зерттеу бағытын да қолданып отырады.



Сурет 2 – Зерттеу бағыттары

Бұл туралы А.В.Бондарко былай деп жазады: «Функционалды грамматикада «мағынадан формаға қарайғы» бағыт белгілі бір семантикалық категорияның тілдік құралдарын анықтап алғанға дейін ғана ұстанылады. Бұдан кейін тілді зерттеу автоматты түрде кері бағытқа қарай ауысады. Әсіресе,

семантикалық категориялардың ішкі бөлінісі, яғни субкатегориялану, семантикалық варианттар туралы мәселеге келгенде нақты тілдік құралдардың мағыналары мен мағыналық реңктеріне назар аудару қажет болады. Ал бұл мағыналар мен мағыналық реңктерді нақты тілдік бірліктердің қызметіне талдау жасау нәтижесінде ғана анықтауға болады» [180, 14 б.].

Өріс құрамындағы тілдік құралдардың тілдік құзыретін айқындау кезінде аталған формада мағынаға қарайғы зерттеу бағыты ұстанылады.

Сөйлеудің тілден әрқашан үлкен болуымен байланысты «мағынадан формаға қарайғы» бағыт «формада мағынаға» қарайғы бағытты ұстанатын тілдік жүйеден күрделі. Дәстүрлі грамматика тілді жүйе тұрғысынан сипаттауды мақсат етсе, функционалды грамматика сол тілдік жүйедегі тіл бірліктерінің сөйлеу кезіндегі жұмсалымын қарастырады, яғни тілдің өзін емес, «сөйлеуді зерттеу нысаны етіп алады да, оны адамның ойлау әрекетімен бір ғылыми кең астастықта қарастырады... Осы жағынан келгенде грамматикалық жүйені ғана сипаттайтын дәстүрлі грамматикаға қарағанда, жүйені ғана емес, оның жұмсалу ортасын қоса алып қарастыратын жұмсалымды грамматиканың ауқымы әлдеқайда кең деуге әбден болады» [181, 79 б.].

«Тұлғадан мағынаға қарайғы» зерттеу бағыты тұлғалық грамматикада жалғыз зерттеу әдісі болса, мағынадан бастап зерттейтін функционалды грамматикада тұлғадан мағынаға қарайғы дәстүрлі зерттеу бағыты міндетті түрде қатар жүріп отырады. Бірінші бағыт өз алдына жеке зерттеу бағыты ретінде ұстанылып, екінші бағытқа тәуелсіз қолданыла алса, екінші бағыт бірінші бағыттың қатысынсыз функционалды грамматиканың мәселелерін өз бетінше шешіп бере алмайды.

Жалпы алғанда, «формада мағынаға қарайғы» зерттеу бағыты тұлғалық грамматикаға да, функционалды грамматикаға да ортақ бағыт. Бұл бағыт аталған бағыттардың ғана емес, барлық грамматика үшін қажетті базалық дінгек саналады.

Ономасиология тарихы. Грамматикадағы ономасиологиялық бағдардың тарихы әріден басталады. Семасиологиялық бағдармен үнемі байланысты болып келе жатқан тілді зерттеудің ономасиологиялық бағытының тарихи дамуы ежелгі антикалық философиядан бастау алса, қалыптасу кезеңі XVIII-XIX ғасырларды қамтиды. Ал қазіргі даму, өрлеу кезеңі XX-XXI ғасыр аралығын құрайды.

Антикалық грек философиясының көрнекті өкілдері: Платон мен Аристотель тіл саласы бойынша да философиялық ой түйіндер айтқан. Платон тілдегі сөзтудыру мәселесін алға шығарса, Аристотель сөйлемді (фразообразование) бірінші орынға қояды. Платонның тілді ономасиологиялық бағдар бойынша тануы оның «адамдар жаңа сөзді қалай жасайды» деген мәселені қозғап, ақиқат дүниені (құбылыс, зат) бірінші орынға қойып, соны белгілейтін құралды сөзден іздеуінен көрінеді: «зат → сөз». Ал Платон еңбектеріндегі жекелеген сөздердің дұрыс-бұрыстығы жайлы айтқан пікірлерінен семасиологиялық бағдар элементтерін байқауға болады.

Грамматикадағы ономаσιологиялық бағдар бойынша ортағасыр грамматистері едәуір нәтижеге жетті. Олар өз еңбектерін ономаσιологиялық бағдар бойынша жазуды мақсат етті. Бірақ олардың бұл бағыты Қайта өрлеу (эпоха Возрождения) дәуірінде семасиологиялық бағдардың келуімен байланысты тоқтап қалды.

Тілді семасиологиялық және ономаσιологиялық бағдар бойынша бөліп қарастырудың методологиялық маңыздылығы ХІХ ғасырда-ақ Расмус Раск, В.Гумбольдт, Джон Рис, Карл Беккер еңбектерінде айтылып, зерттеле бастады. Сөйтіп, ХІХ ғасырда тілді тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеудің дамуымен байланысты семасиологиялық бағдар алдыңғы орында тұрды.

ХХ ғасырдың бірінші жартысында грамматиканы семасиологиялық және ономаσιологиялық типке бөліп көрсету мәселесі Ф.Брюно, О.Есперсен, Ш.Балли, В.Матезиус сияқты ғалымдар еңбектерінде сөз болады. Грамматикадағы семасиологиялық және ономаσιологиялық бағдарлардың тілдік сипатына В.Матезиус: «Негізінен мәтін интерпретациясына сүйенетін бұрынғы лингвистика дайын тілдік құрылымдарды пайдаланатын және олардың мағыналарын анықтауды мақсат етіп, «формадан мағынаға қарай» талдау жасайтын. Ал жаңа бағыттағы лингвистика тілдік мағыналардың (ұғымдардың) берілуін негізге алады, яғни сол мағыналардың тілде қалай беріліп тұрғанын анықтауды мақсат етеді. Бұл «функциядан формаға қарай» бағытталады», - деп ғылыми тұрғыдан анықтама береді [176, 247 б.].

Тілді зерттеудің (оның ішінде грамматика мәселесі бойынша) семасиологиялық және ономаσιологиялық бағдары туралы пайымдаулар ХХ ғасырда чех ғалымдары И.Филипп, М.Докулил, Я.Кухар еңбектерінде, кейін орыс және француз лингвистерінің (В.Г.Гак, Е.С.Кубрякова, Н.А.Слюсарева, Ж.Стефанини, Б.Потье және т.б.) зерттеулерінде айтыла бастайды.

Тілді ономаσιологиялық зерттеу мәселесінде оның тілдік сипатына берілген анықтамаларға көз жүгіртсек, В.Г.Гак «ұғымнан сөзге» қарай бағытталған зерттеу [182, 126 б.], «сөйлеу жағдаятынан аталымға (номинация)» қарайғы [183, 13 б.], «функциядан құралға қарайғы» [184, 139 б.], «мағына мен функциядан тілдік құралға қарайғы» [185, 17 б.] зерттеу деп түрліше атайды.

Тіл ғылымында тілді зерттеудің семасиологиялық және ономаσιологиялық бағдарларына қарай грамматиканың өзін **семасиологиялық грамматика** және **ономаσιологиялық грамматика** деп бөлу дәстүрі бар. О.Есперсеннің грамматика мәселесі бойынша жазған зерттеулерінің көпшілігі ономаσιологиялық бағытқа, синтаксис мәселесіне арналды. Оның ең негізгісі бес томнан тұратын «Основы английской грамматики» атты еңбегі болды.

Ономаσιологиялық грамматика **деңгейлік** және **деңгейаралық** болып бөлінеді.

Деңгейаралық ономаσιологиялық грамматика мәселесі орыс тіл білімінде А.В.Бондарко мен оның шәкірттерінің еңбектерінде қарастырылды. Бондарконьң ономаσιологиялық бағыты бойынша, сөйлеушінің сөйлеу

актісіндегі белгілі бір ономаσιологиялық категорияның тілдік мазмұны әр деңгейге жататын тілдік бірліктерді үйлестіре қолдану арқылы беріледі.

А.В.Бондарконың сөйлеу актісіндегі қандай да бір категориялық мазмұнды беруде әр деңгей бірліктерін қолдануы грамматикадағы жүйелілік принципіне қарсы келмейді. Өйткені, деңгейаралық ономаσιологиялық грамматика жүйелі құрылымға құрылады. Бұл жайлы В.П.Даниленко: «Деңгейаралық ономаσιологиялық грамматиканың да жүйелі құрылымы бар, біріншіден, белгілі бір мазмұндық категорияны беретін тілдік құралдар тіл құрылысында белгілі бір деңгейге қатысты қаралады, екіншіден, бұл тілдік құралдар белгілі бір ортақ ұстаным бойынша біріктіріледі. Бұл ұстаным А.В.Бондарко еңбектерінде функционалды-семантикалық өрістегі орталық және периферия болу сипатына негізделген» [176, 12 б.].

Қазақ тіліндегі семасиологиялық және ономаσιологиялық бағыттағы зерттеулердің жалпы мазмұны.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы ХХ ғасырдың басынан бастап ғылыми негізде зерттеле бастады десек, ол грамматикалардың барлығында ұзақ уақыт бойы тілді зерттеудің «формадан мазмұнға (функцияға) қарай» бағытталған семасиологиялық бағдары басты ұстаным болды. Бұл бағдар тіл бірліктерін деңгейлік тұрғыдан сала-салаға бөліп қарастырумен сипатталады. Тілді зерттеудің аталған семасиологиялық ұстанымы бойынша, тілдің жеке деңгейлік бірліктері тұлғадан мағынаға қарай бағыттталып, соның негізінде тіл дыбыстарын – фонетика, сөз мағыналарын – лексикология, сөз формаларын (грамматикалық формалар) – морфология, сөз тіркестері мен сөйлемді – синтаксис саласы қарастырды. Мұндай зерттеулер тіл ғылымында «дәстүрлі» деген терминмен аталып, кейде құрылымдық лингвистика, құрылымдық грамматика терминдерімен алмастырылып қолданылып отырды.

А.Байтұрсынов негізін қалаған қазақ тілі грамматикасы ғалымның «Тіл – құрал еңбегінен бастау алып, бұл еңбектің заңды жалғасы ретінде 1954, 1967 жылдары, одан беріде, қазақ грамматикасын жаңа ғылыми деңгейге көтерген «Қазақ грамматикасы» (2002 ж.) жарық көрді. Бұл еңбектер қазақ грамматикасының академиялық дәрежеде жазылған нұсқалары болды. Ал грамматиканың жеке салалары бойынша М.Балақаев, Т.Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис» (1969), А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» (1974) оқулықтары жарық көрді. Бұл еңбектердің барлығына бірдей ортақ ұстаным – тіл құрылысындағы фонетика, лексика, грамматика салалары жеке-жеке алынып, **деңгейлік** тұрғыдан қарастырылды. Яғни әрбір деңгейге тиесілі тіл бірліктері белгілі бір жүйе бойынша «тұлғадан мағынаға» қарайғы бағытта зерттеліп, тілді зерттеудің семасиологиялық бағдарын ұстанды.

Соңғы кезде тіл білімінде грамматика жеке деңгей ретінде морфология мен синтаксисті ғана қарастырумен шектелмей, тілдің лексика, сөзжасам салалаларын да қамтитын, кең ауқымды **функционалды-семантикалық категорияларды** зерттей бастады.

Осы бағыттағы функционалды грамматиканың негізгі теориялық мәселелері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталып, орыс және қазақ тілінің материалдары бойынша З.А.Ахметжанова (аспектуалдылық, тәуелділік, компаративтік) [186], [187] еңбектерінде зерттелді.

Орыс тіл білімінде функционалды грамматика теориясын А.В.Бондарко жоғарғы дәрежеге көтерді. Ол өз шәкірттерімен бірге аспектуалдылық (кимылдың өту сипаты), темпоралдылық (шақ), таксис, персоналдылық (жақ), модальдылық, субъектілік, объектілік, сандық, сапалық, белгілілік, белгісіздік категорияларын зерттеп, функционалды грамматика теориясын жасады [188]. Ғалымның «Теория функциональной грамматики» деп аталатын еңбегі 1987 жылдан бастап жарық көріп, басқа өрістер бойынша 1990, 1991, 1992, 1996 жылдары қайталап шығып отырды. Оларда жоғарыда аталған функционалды-семантикалық өрістердің тілдік табиғаты ономазиологиялық бағдар бойынша кеңінен қарастырылады.

Профессор А.В.Бондарконың функционалды грамматикасы функционалды-семантикалық өріс теориясына негізделді. Ғалым өз ұстанымы болып табылатын «үштаған (триада)» теориясын (функционалды-семантикалық категория, функционалды-семантикалық өріс, категориялық жағдаят) **зерттеу әдістемесі (модель)** ретінде ұсынды. Бұл ұстанымның ұтымдылығы – оның ұғымдық категориялардың тілдік көрінісі болып табылатын жалпытілдік семантикалық категорияларды жүйелі-құрылымдық тұрғыдан сипаттай алуында еді.

А.В.Бондарконың бұл ұстанымы қазақ тілінің функционалды грамматикасын зерттеп, қалыптастыруға өз дәрежесінде үлес қосып келеді.

Қазақ тіл білімінде функционалды бағытта темпоралдылық категориясының көркем мәтіндегі тілдік сипатын профессор С.С.Құнанбаева [189], болжалдық категориясын Г.А.Медетова [190], бұйрық рай категориясының функционалды семантикалық қырларын Л.Дүйсембекова [191], модалдылық (мүмкіндік) категориясын С.Құлманов [192], бұйрықтық модальділігі бойынша [193, 24-29 б.], [194, 101-108 б.], таксис категориясын Г.К.Шайрахметова [195], М.Б.Нұртазина [196, 129-137 б.] зерттеді. Бұл жұмыстар қазақ тілінің функционалды бағытта жазылған еңбектердің алдыңғы қатарында тұрады.

Қазақ тілінің функционалды грамматикасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында іргелі зерттеу тақырыптарының бірі болды. Осы бағытта институттың жас ғалымдары Б.Қапалбеков таксис категориясын [197], [198], М.Жолшаева аспектуалдылық категориясын [199, 147-149 б.; 200, 201], О.Жұбаева персоналдылық категориясын [202, 203, 204], А.Жанабекова темпоралдылық категориясын [205, 206, 207] зерттеп, аталған функционалды-семантикалық категориялардың жеке мәселелеріне байланысты ғылыми мақалалар жариялады.

Ономасиологиялық бағытта жазылған бұл зерттеу жұмыстарының болашақта қазақ тілінің функционалды грамматика теориясын жасауға ғылыми негіз болатыны анық.

Функционалды-грамматикалық сипаттама түрлері. Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мәселесі енді ғана кешенді зерттеу нысандарына айнала бастады десек те, жалпы алғанда «функционалды» деген термин тіл үшін жаңалық емес. Тұлғалық грамматикада да бұл термин белгілі бір тілдік құбылыстарға байланысты алынып, зерттеу нысандарына ілініп келді.

Сонымен қатар функционалды грамматикада аталған екі принциптің де ұстанылатыны сияқты, «функционалдылық» екі грамматикада да өзіндік мәнге ие. Мұны функционалды-грамматикалық сипаттама түрлеріне байланысты түсіндіруге болады. Осы орайда біз мұны үшке бөліп қарастырамыз:

1) «формадан мағынаға (функцияға) қарайғы» функционалды-грамматикалық сипаттама: $\Phi \rightarrow M$;

2) «мағынадан (функциядан) формаға қарайғы» функционалды-грамматикалық сипаттама: $M \rightarrow \Phi$;

3) жоғарыда аталған екі бағытты да ұстанатын аралас функционалды-грамматикалық сипаттама: $M \rightarrow \Phi; \Phi \rightarrow M$.



Сурет 3 – Функционалды-грамматикалық сипаттама түрлері

Формаға сүйенетін функционалды-грамматикалық сипаттама «функционалды» деп аталуымен байланысты өз тұрғысынан функционалды грамматиканың зерттеу нысаны сияқты көрінгенмен, тұлғалық грамматикадағы қандай да бір грамматикалық форманың жұмсалымдық ерекшелігін, қызметін анықтау кезінде қолданылып отырады. Осы бағытта жазылған біраз еңбектер белгілі бір тіл бірліктерінің функциялық ерекшеліктері, функционалдылық т.б. тақырыптармен аталып, сөз болып келді.

Тілдік жүйедегі грамматикалық формалардың жұмсалымдық ерекшеліктері, қызметі, негізгі грамматикалық мағынадан басқа жанама мағыналарда жұмсалуды, жанама қызметі т.б. мәселелер «формадан мағынаға қарайғы» функционалды-грамматикалық сипаттама бойынша зерттелген.

Мысалы, бұйрық рай формасының бұйрықтық мағынадан басқа, шақтық мағына, жақтық мағына т.б. мағыналар білдіріп жанама қызметте жұмсалуды осы функционалды сипаттамаға жатады.

«Тіл бірліктерінің қай-қайсысы болмасын, жұмсалымды және көпмағыналы болып келеді. Айталық, көсемшелер шақ көрсеткіштері бола алуымен қоса, тіл жүйесінде толып жатқан аспектіде жұмсалынады (күрделі етістік жасауға жұмсалады, үстеу сөз табын жасайды, сөйлемде бірыңғай мүше жасауға қатысады, бағыныңқы сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастырады және т.б.)» [181, 97 б.].

Мұндай функционалды сипаттама «формадан мағынаға қарай» зерттеліп, жекелеген тіл бірліктерінің жұмсалымдық заңдылықтарын анықтауды мақсат ететіндіктен, тілді зерттеудің семасиологиялық бағдарын ұстанады. Тіл білімінде мұндай функционалды бағыттағы зерттеулерді «тұлғанегіздік» не «семасиологиялық» деп атайды. Мәселен орыс тіл білімінде М.А.Шелякиннің «Функциональная грамматика русского языка» деп аталатын еңбегі тіл бірліктерінің (грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдардың) сөйлеудегі қызметін, яғни жұмсалымдық ерекшеліктерін сипаттауға арналған.

Қазақ тіл білімінде дәстүрлі грамматикалық зерттеулерде тіл бірліктерінің мағынасы мен қызметі сараланып, жүйеге түсірілген. Алайда, тіл бірліктерінің сөйлеу кезіндегі көпмағыналығы, көпқызметтілігі жекелеген ғылыми зерттеулерле болмаса, оқу құралдары мен оқулықтарда көрсетіле бермейді. Олардың жұмсалымдық мүмкіндігі толық сипатталмайды. Мысалы, бір тұлғаның бір мағынасы ғана көрсетіледі де, оның жанама мағыналары ашылмайды.

Жалпы алғанда, тіл білімінде функционалдылық мәселесі тұлғалық грамматикада да түбегейлі болмаса да, белгілі бір дәрежеде шешімін тауып отырды, бір тілде жақсы зерттелгенмен, екінші бір тілдерде белгілі бір жүйеде ғана көрінетін формальды грамматика шеңберінде қарастырылды. Осы тұрғыдан алғанда, «мағынадан формаға қарай» зерттейтін функционалды зерттеулермен қатар қазіргі кезде «формадан мағынаға қарайғы» бағытта да функционалды аспектіде зерттеулер жүргізу қажеттігі дау тудырмайды.

«Мағынадан формаға қарайғы» бағыттағы функционалды грамматикалық сипаттама тілді зерттеудің ономасиологиялық бағдарын ұстанады.

Бұл бағытты ұстанушылар тілді мазмұннан (логикадан) бастап, сол ұғымды беретін тілдік құралдарды соның негізінде анықтау керек, мағына әрқашан бірінші тұрады, ал тұлға мазмұнның тілдік көрсеткіші ғана деген пікірлер айтады. Осы бағытты ұстанатын ғалымдар пікірлерінен олардың көбіне мағынаға ден қойып, тұлғадан мағынаға қарайғы зерттеу бағытын бірге қарастыру деген мәселеге мән бере бермейтіндіктері байқалады. Мәселен, И.А.Бодуэн де Куртене «Количественность в языковом мышлении» атты еңбегінде тілдегі сандық қатынастардың мазмұндық ерекшеліктеріне, және тілдегі сандық ұғым мен математикалық санды салыстыруға ерекше назар

аударарды [208]. Сол сияқты Ф.Брюно ономонологиялық грамматиканы яғни «мағынадан формаға қарай» бағытталған грамматиканы «идеологиялық» грамматика деп атайды. Логикалық категорияларды бірінші қойып, тілдік құрылымды ойды берудің жолы ретінде ғана қарастырады [176, 247 б.].

Л.В.Щерба «мағынадан формаға қарайғы» зерттеу бағытына сүйене отырып, «актив грамматика» идеясын көтереді. Ғалым бұл жерде «қандай да бір ой қалай беріледі» деген мәселені бірінші орынға қояды [209, 77 б.]. Бірақ кейінгі еңбектерінде «мазмұннан формаға қарайғы» бағыттың тілдік жүйені тұрақтандыруда нәтиже бермейді деп тауып, бұл бағытқа күдікпен қарайтындығын айтады.

Тілдік материалды зерттеуде негізгі бағыт ретінде «мағынадан формаға» қарайғы бағытты ұстанатын зерттеу жұмыстарына А.В.Бондарко Н.Г.Озерованың «Средство выражения отрицания в русском и украинском языках» (Киев, 1978), С.А.Швачконың «Языковые средства выражения количества в современном английском, русском и украинском языках» (Киев, 1981), М.В.Всеволодова, Е.Ю.Владимирскийдің «Способы выражения пространственных отношений в современном русском языке» (Москва, 1982) т.б. еңбектерін жатқызады.

«Мағынадан формаға қарай» зерттейтін функционалды грамматикалық сипаттама талдау барысында тілдің формальдық жағын да ескеріп отырады. Тілдік ұстаным негізінен мағынаға негізделгенмен, сол мағыналар тілде қалай көрінеді деген мәселені тілдік құралдарсыз (формасыз) шешу мүмкін емес, сондықтан, тіл формаға негізделетіндіктен, бұл бағыт та формаға тәуелсіз тұра алмайды.

Аралас бағыттағы функционалды-грамматикалық сипаттама аталған екі бағытты да біруақытта, яғни бір тілдік зерттеу барысында қатар ұстанады. Оның бірі (мағынадан формаға қарайғы бағыт) негізгі мағына ажыратушы қызмет атқарса, кері бағыт сол мағыналық категориялардың дифференциалды ерекшеліктерін, құрылымдық сипатын анықтау кезінде басшылыққа алынады. Сондықтан бұл функционалды-грамматикалық сипаттамаға сүйенетін ғалымдар аталған екі бағыттың екеуінің де бірдей, бір дәрежеде қажеттігін, оларды бөле жаруға болмайтындығын, бірімен бірі диалектикалық байланыста тұратынын атап көрсетеді.

Осымен ұқсас пікірді О.Есперсеннің «Грамматика философиясы» еңбегінен кездестіреміз. С.И.Бернштейн мен О.Есперсеннің пікірлерін қолдай отырып, А.В.Бондарко аталған екі бағытты бір жүйеде біріктіріп қараудың мынадай кезеңдік белгілерін көрсетеді.

Кесте 38 – Аралас бағыттағы функционалды-грамматикалық сипаттама бойынша зерттеу кезеңдері

Зерттеу бағыты	Зерттеу кезеңдері	Тілдік материал
«Формадан мағынаға қарай»	Грамматикалық формалар арқылы семантикалық категорияны анықтау кезеңі;	Грамматикалық категория → семантикалық категория (шақ → темпоралдылық т.б.).
«Мағынадан формаға қарай»	Анықталған семантикалық категорияны (мағынаны) тілдің басқа деңгейлерінен іздеу кезеңі;	→ лексика ФСК (темп.) → морфол. → синтаксис
«Формадан мағынаға қарай»	Осы семантикалық категорияны беретін тілдік құралдар барлық деңгейлер бойынша анықталғаннан кейін, сол мағынаны беретін негізгі тілдік құралды анықтау кезеңі (өріс).	Лексика → периферия морфология → ядро синтаксис → периферия

Жалпы алғанда, «формадан мағынаға қарай» зерттелетін функционалды грамматикалық сипаттама тұлғалық (формальды) грамматиканың зерттеу бағытын ұстанатындықтан, функционалды грамматика «мағынадан формаға қарай» зерттеледі деп түсініліп, бұрынғы еңбектерде функционалды грамматиканың зерттеу нысанында көрсетілмейтін.

Функционалды грамматика функция мен құралдың сәйкестігі мен олардың бірлігіне қарай құрылатындықтан, зерттеу бағыттарына (әдістеріне) қарай грамматиканың бірін функционалды не тұлғалық деп абсолютті түрде бөлген дұрыс емес. Өйткені, «тұлғадан мағынаға қарайғы» бағытты ұстанып, тіл бірліктерінің қолданыстағы (жұмсалымдағы) мағынасын (функциясын) қарастыратын зерттеу әдісі тілдік құралдардың сөйлеудегі жұмсалымын зерттейтіндіктен, тіл бірліктерін тігінен, парадигмада қарастыратын тұлғалық грамматикадан гөрі (морфология) функционалды грамматиканың бір саласы ретінде қарастыру қажет.

Грамматикадағы біржүйелік және көпжүйелік талдау әдістері.

Қайсыбір ғылым саласы болмасын сол ғылым заңдылықтарын белгілі бір жүйе бойынша сипаттайды. Жүйені бірнеше не көптеген бірдей не ұқсас құбылыстардың жиынтығы құрайды. Соның ішінде тілдік жүйе дегеніміз – «өзара тұрақты қатынастарға негізделген іштей біртұтас тіл элементтерінің жиынтығы» [210, 135 б.]. Дәстүрлі тұрғыдан тіл білімінде структуралық бағыттың келіп, үстемдік етуімен байланысты тіл бірліктері көбінесе белгілі бір жүйе бойынша зерттеліп, алдымен үлкен жүйелер анықталып, ол жүйелер ішкі бірліктері бойынша көптеген кіші жүйелерге тарамданып қарастырылды. Мәселен, дәстүрлі грамматикада сөздер, ең алдымен, атауыш сөздер мен

көмекші сөздерге жіктеліп, атауыш сөздердің өзі сөз таптарына сараланды. Сөз таптарынан, айталық, жалпы грамматикалық мағыналары заттық мағынаны білдіретін сөздер зат есімдер деп аталса, қимыл мәнді сөздер етістік сөз табына жатқызылды. Әрі қарай әлгі аталған зат есімдердің өзі жалпы, жалқы есімдерге, сөздер түбір және туынды сөздерге, түбірге жалғанатын қосымшалар сөзжасам қосымшалары мен форма тудыратын қосымшаларға тағы да басқа осындай шағын топтарға жіктеліп қарастырылды. Сондай-ақ зат есім, сын есім, етістік сөз таптары грамматикалық категориялар бойынша (септік, шырай, шақ т.б.) сипатталды.

Дәстүрлі грамматика тіл бірліктерін жүйелеп, ол жүйелерді тілдік деңгейлер тұрғысынан сипаттайды. Тіл дыбыстары – фонетикада, сөздер мағыналық қырынан – лексикологияда, форма тудырушы қосымшалар – морфологияда, сөйлем – синтаксисте қарастырылады.

Әрбір тіл деңгейінің жеке зерттеу нысандары болады. Және ол зерттеу нысандары ешқашан біріне бірі ауысып жатпайды: лексикология ешқашан сөйлемді зерттемейді, тіл дыбыстарын морфология қарастырмайды. Мұндай грамматика тіл бірліктерін деңгейлеп бөлуді мақсат етеді. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі грамматика деңгейлік грамматика деп те аталып отырады. Ол тілдің формальдық жағын нысан етіп алады да, дыбыстардан бастап күрделі синтаксистік құрылымдарға дейінгі деңгейлік жүйені зерттейді.


Дәстүрлі грамматикада жүйелеп жіктеумен байланысты әр деңгей өз ішінде жеке-жеке зерттеу нысаны болып, басқа тіл деңгейлеріне қатыссыз зерттеледі. Зерттеу бір деңгей көлемінде ғана жүргізіледі. Бұл грамматика бір ғана деңгейді нысан етуімен байланысты **деңгейлік** деп аталып, «**біржүйелік**» талдау әдісі бойынша жүргізіледі.

Жүйе тұрғысынан алғанда дәстүрлі грамматикада да тіл бірліктері деңгей-деңгейге жіктеліп қарастырылғанмен, ол деңгейлердің өзі белгілі бір ұқсас белгілері бойынша жүйе құрайды. Әр деңгейдегі тілдік категориялар (лексикалық болсын, фонетикалық болсын, грамматикалық болсын) ортақ, ұқсас белгілері бойынша топтастырылады, яғни олардың әрқайсысы жеке-жеке жүйеден тұрады. Біржүйелік талдау әдісі тілдік бірліктерді тігінен бөліп, жүйелеп жіктеп қарастыратындықтан, **жүйелі-даралаушы** принципті басшылыққа алады.

Функционалды семантикалық категориялар дәстүрлі грамматикадағыдай тілдік бірліктерді деңгейлеп бөлу принципіне негізделмейді. Бұл категориялар тіл деңгейлерінің біріне тиесілі емес, олар деңгей құрамайды. Сондықтан мұндай категорияларды әр деңгейге жататын тілдік бірліктерден тұратын жиынтық (комплексная) категория деп те атайды.

Функционалды грамматика (ономасиологиялық бағыттағы) тілдік деңгейлердің арақатынасын, яғни тіл бірліктерін деңгей-деңгейге бөліп жіктемей, әр деңгей бірліктерін бір жүйеге біріктіріп қарастыратындықтан, бұл грамматикада **көпжүйелік** (многосистемный) талдау әдісі негізгі зерттеу әдісі саналады. Талдау әдісі әр деңгей бірліктерінің өзара байланысын, қарым-

қатынасын жұмсалымдық негізде зерттеуге бағытталады. Әр деңгейге жататын тілдік құралдарға талдау жасау көпжүйелі талдауды қажет етеді. Талдау бір ғана деңгей көлемінде болмайды. Әр деңгейге жататын тілдік бірліктердің басын бір жүйеге біріктіріп қарастыратындықтан, функционалды грамматика **жүйелі-үйлестіруші принципті** басшылыққа алады да, **көпдеңгейлік** грамматика болып саналады.



Сурет 4 – Тұлғалық және функционалды грамматиканың зерттеу әдісі мен ұстанымы

Жоғарыда сөз болған жүйелі-саралаушы және жүйелі-үйлестіруші принциптер дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматикада біріне-бірі байланыссыз, жеке дара ұстанылатын принциптер емес. Олар грамматиканы функционалды және дәстүрлі деп бөлудегі негізгі ұстаным саналғанмен, саралаушы, үйлестіруші әдістер олардың әрқайсысында жекелеген тілдік құбылыстарды анықтау кезінде қолданылып отырады. Мәселен, дәстүрлі грамматикада топтар мен категорияларды анықтау жүйелі-үйлестіруші принципке негізделеліп, белгілі бір ортақ мағыналық сипаттары бойынша біріктіріледі. Айталық, заттық мағына білдіретін сөздер зат есім сөз табында қарастырылады, сапа мағынасын білдіретін сөздер сын есім сөз табына жатқызылады, қимылдың өту мерзімін білдіретін формалар етістіктің шақ категориясын құрайды т.б.

Сол сияқты функционалды грамматикада жүйелі-үйлестіруші принцип басшылыққа алынғанмен, талдау кезінде жүйелі-саралаушы принцип те ұстанылып отырады. Мұны функционалды-семантикалық макроөрістердің тарамданып, микроөрістер (шағын) құруы, әртүрлі (темпоралдық,

аспектуалдық, таксистік т.б.) грамматикалық қатынастар бойынша саралануы, субкатегориялану (категориялардың ішкі бөлінісі) т.б. ерекшеліктер бойынша жіктелуінен көруге болады.

Кесте 39 – Зерттеу әдістері мен ұстанымдарының ауысымы

Грамматика түрі	Жүйелі-саралаушы	Жүйелі-үйлестіруші
Тұлғалық (деңгейлік) грамматика	Фонетика Лексика Морфология Синтаксис	Зат есім, сын есім т.б сөз таптары; грамматикалық категориялар т.б.
Функционалды грамматика	Субкатегориялану (қажеттілік модальдылығы, мүмкіндік модальдылығы т.б.) Микроөрістер (осы шақ микроөрісі, келер шақ микроөрісі т.б.)	Функционалды-семантикалық категориялар (темпоралдылық, модальдылық т.б.) – ортақ семантикалық функцияларына қарай біріккен әр деңгейлік тілдік құралдар топтамасы

Олай болса, жоғарыда аталған зерттеу ұстанымдары функционалды грамматика мен дәстүрлі грамматиканы ажыратудағы қатып қалған дифференциалдық белгі емес, бұл зерттеу принциптері «мағынадан формаға қарайғы» (ономосиологиялық) және «формадан мағынаға қарайғы» (семасиологиялық) зерттеу бағыттарының бір мезгілде қатар қолданыла алуы сияқты зерттеу барысында екі грамматикада да қажетіне қарай басшылыққа алынып отырады.

Функция ұғымы. Функция (қызмет-жұмсалым) дәстүрлі грамматикада көбінесе жеке тіл бірліктерінің сөйлемдегі атқаратын қызметі тұрғысынан түсіндіріліп, сөйлем мүшесі болумен байланысты айтылады. Мәселен, дәстүрлі тұрғыдан «*Бала үйден шықты*» деген сөйлемде «бала» - бастауыш, «үйден» - пысықтауыш, «шықты» - баяндауыш қызметін атқарады деп талдаймыз.

Функционалды грамматика, аты айтып тұрғандай, сөйлеу деңгейінде болатын құбылыс. Ол тіл бірліктерінің сөйлеудегі амал-әрекеттерін анықтайды. Функционалды грамматикада да «функция» ұғымы арнайы зерттелуге тиісті маңызды мәселе.

Функционалды грамматика «функцияны» жеке тіл бірліктерінің қызметі тұрғысынан емес, тұтас сөйленім функциясы тұрғысынан сипаттайды.

Мысалы, «*Ыдырыс сапардан кеше келді*» деген сөйленім (высказывание) темпоралдық жағдаятқа құрылған. Сөйленімдегі негізгі мазмұн – Ыдырыстың сапардан кеше келгендігін хабарлау.

Мысал	Категориялық жағдаят	Өріс орталығы	Өріс перифериясы	Категориялық мағына
Бдырыс сапардан кеше келді	Темпоралдық жағдаят	- <i>ді</i> (келді) - шақ көрсеткіші	Кеше – мезгіл үстеуі	Өткен шақ

Уақытқа қатысты мағыналық қатынас екі тілдік құрал арқылы берілген. Бірі – «келді» етістігі, екіншісі – «кеше» лексикалық бірлігі. Бұл сөйленімдегі шақтық мағына грамматикалық *-ді* формасы арқылы, «кеше» сөзінің қатысынсыз-ақ берілер еді. Бірақ бұл сөз сөйлеуші мақсатымен сәйкес, жалпылама берілген шақтық мағынаға (өткен шақ) нақтылық мән үстеген.

Екі тілдік құрал да шақтық мағына беру үшін жүктелген өздеріне тиесілі қызметті атқарып тұр. Баяндауыштық және пысықтауыштық қызмет – олардың тіл жүйесіндегі құрылымдық қызметі. Ал олардың сөйленімдегі (тілдік ортадағы) атқаратын функциясы – темпоралдық мағынаны беру. Бұл мағына олардың семантикалық функциясы болып табылады.

Бұл семантикалық функция өз құрамындағы жекелеген тіл бірліктерінің құрылымдық функциясымен байланысты болады. Талданған сөйленімдегі «кеше» сөзі мен *-ді* грамматикалық формасының жеке тұрғандағы мағыналары шақтық мағынаны білдіру болса, олар сөйленімдегі тұтас семантикалық мағынаны беруге өз үлестерін қосып тұрады.

Сөйленім құрамындағы жеке тілдік құралдар функциясы мен сөйленімнің семантикалық функциясы әруақытта байланысты болып келеді. Сөйленім функциясы жеке тіл бірліктері функциясынан алшақ жатқан жеке дара құбылыс емес. Демек, бұл екі бағыттағы функцияларды бір-бірінен бөле жарып қарауға болмайды, бұл екеуі бірінен-бірі туындайтын астас құбылыстар.

Құрылымдық функция тіл жүйесіндегі әрбір тілдік бірліктің сөйлеудегі қызметін тексерсе, **семантикалық функция** тұтас бір сөйленімде берілген семантикалық мағынаны анықтап, біртектес мағына беретін әрдеңгейлік тілдік бірліктердің қызметін категориялық тұтастықта алып қарастырады, яғни сөйленім функциясы тұрғысынан сипаттайды. Мәселен, темпоралдық мағына беретін әрдеңгейлік тілдік құралдардың біртұтас қызметі семантикалық функция болып табылады.

Семантикалық функция мағыналық мазмұн элементтерінен тұрады және тілдік емес дүниемен байланысады. Яғни семантикалық функцияға экстралингвистикалық факторлардың да әсері болады.

Ал құрылымдық қызмет тіл бірліктерінің жүйелі-құрылымдық ұйымдасуына қызмет етеді. Тіл бірліктерінің жүйелі-құрылымдық ұйымдасуы дегеніміз – олардың тіл жүйесіндегі жүйелі түрде қолданыла келе, қалыптасқан типтік мағынасы не қызметі. Мысалы, қимылдың өту мерзімін білдіретін мағына (темпоралдық) тіл жүйесінде категориялық сипатта етістіктің шақ

формалары арқылы беріледі. Шақ формалары осы мағынаны беруге бейімделген, яғни тіл жүйесінде шақтық мағына шақ формаларының негізгі байлаулы мағынасы болып табылады.



Сурет 5 – Құрылымдық және семантикалық функцияның айырмашылығы

Құрылымдық функция сөз формасы деңгейінде, ал семантикалық функция сөйленім деңгейінде көрініс табады.

Функция ұғымы **мағына** ұғымымен тығыз байланысты. Бірақ оларды бір-біріне пара-пар қоюға болмайды. Өйткені қандай да бір мағына болмасын белгілі бір тілдік құралдың немесе тілдік құралдар кешенінің қызметі ретінде қаралады. Мысалы, әртүрлі шақтық мағынаның берілуі – шақ формаларының қызметі, функциясы. Ал кез келген функцияны мағына ретінде тануға болмайды. Айталық, сөз бен сөзді байланыстырушы қызмет, сөйлем мүшелерінің құрылымдық функциялары олардың білдіретін мағыналары түрінде қаралмайды. «Функция тілдік бірліктің сөйлеу актісінде атқаратын рөлі болып табылады және ол грамматикалық мағынадан кең ұғым» [211, 10-11 б.].

Кесте 41 – Мағына мен семантикалық функцияның айырмашылығы

Мағына	Тіл жүйесі	Сөз, грам. форма, тіркес т.б.	Тілдік бірлік
Семантикалық функция	Сөйлеу жүйесі	Сөйленім (тілдік бірліктер кешені)	Тілдік бірлік + тілдік бірлік + контекст, сөйлеу жағдаяты

Семантикалық функция мағынаға қарағанда кең ұғым. Мағына тілдік бірліктердің тіл жүйесіндегі мазмұндық қыры болса, семантикалық функция тілдік бірліктер кешенінің (сөйленімнің) сөйлеудегі мазмұны.

Функцияның жүйелі тілдік мағынаны білдіруі міндетті емес. Семантикалық функцияның құрылымы тіл жүйесіндегі жекелеген тіл бірліктерінің мағынасы мен тілдік орта (контекст, сөйлеу жағдаяты, т.б.) элементтерінен тұрады. Мағына ұғымында тілдік единицаның семантикалық құрылымы жатса, функция ұғымында сол тілдік единицалардың тілдік ортадағы әрекет ету мүмкіндігі мен олардың сөйлеу актісіндегі актуалданған (яғни сөйлеу актісіне түскен немесе сөйлеуде көрініс тапқан) сипаты негізге алынады. Олай болса, мағына – тіл жүйесінің, функция – сөйлеу бірлігі болып табылады.

Г.А.Золотова құрылымдық функцияны синтаксистік бірлік функциясы, семантикалық функцияны коммуникативтік бірлік функциясы деп таниды.

Тілдік бірліктер мағынасы (көбінесе грамматикалық формалар мен синтаксистік конструкциялардың грамматикалық мағыналары) қай тілде болмасын белгілі бір шеңберде тұйықталған, шектеулі болады.

Сондықтан ол мағыналар тіл жүйесінде тұрақталып, белгілі бір категориялық мағыналарды білдіріп тұрады, ол мағыналардың тұрпат межелері болып табылатын грамматикалық формалар саны да белгілі болып тұрады (жеті септік, үш шақ деген сияқты). Осы жағынан алғанда тілдік бірліктер мағынасының ауқымы тар. Ал функция мағынаға қарағанда әлдеқайда кең ұғым. Бір мағыналық өріс, семантикалық функцияның өзінде бір ғана функция болмайды, оның орталық, қосалқы, екіншілік т.б. түрлері бола береді. Және ондағы қосалқы функциялардың шегі де айқын болмайды.


Функция (семантикалық) тілдік формалар мағынасынан кең және ол тіл жүйесінің ғана емес, тілден тыс ой мазмұнын беру мүмкіндігіне ие. Ал құрылымдық функция тілден тыс ақиқат дүниені, ой мазмұнын бейнелей (білдіре) алмайды.

Мағына мен функция бір-бірімен байланысты ұғымдар. Тілдік форма белгілі бір мағынаны беруде тілдік орта элементтерімен – сөйлеу жағдаяты, контекспен тығыз байланыста жұмсала отырып, сонымен қатар қандай да бір функцияны орындайды. Ал функция мағынаға үнемі арқа сүйеп отырады. Бұл байланыс мағына мен семантикалық функцияның екеуінің де тілдік семантикалық мазмұнды білдіруінен көрінеді.

Жалпы алғанда, функция дегеніміз – қандай да бір тіл бірлігінің сөйлеудегі атқаратын қызметі, тиесілі жүгі, мақсаттық қолданысы. Функционалды грамматикада функция ұғымы **потенциалдық** және **нәтижелік** аспектіден қарастырылады.

Потенциалдық аспектіден функция (Фп) дегеніміз – тіл бірліктерінің тілдік жүйедегі (тілдегі) белгілі бір семантикалық қызметті орындау қабілеті және соған сәйкес жұмсалымдық қоры.

Нәтижелік аспектіден функция (Фн) дегеніміз – тіл бірліктерінің тілдік ортамен арақатынастағы жұмсалымдық нәтижесі, яғни айтылуға тиісті ойдың (мақсаттың) сөйлеуде жүзеге асуы.



Сурет 6 – Функцияның потенциалдық және нәтижелік аспектісі

Яғни қандай да бір тіл бірлігінің потенциалы (мүмкіндігі), жинақталған семантикалық қоры болады. Сол мүмкіндіктердің бірі сөйлеуде тілдік құралдар кешені арқылы беріліп, сөйлеушінің мақсаты орындалады, нәтижесінде ой тыңдаушыға жеткізіледі.

Демек, потенциалдық функцияны – бастапқы жұмсалымдық қор дейтін болсақ, нәтижелік функцияны – ойды жеткізуші, сөйлеу актісін жүзеге асырушы қызмет ретінде танымыз.


Функцияның аталған аспектілері өз тұрғысынан дербес тілдік сипатқа ие болғанмен, олар екі басқа тілдік құбылыс емес. Потенциалдық және нәтижелік функция бір нәрсенің екі жағы сияқты **диалектикалық қатынаста** сипатталатын функцияның ішкі бірліктері, олар бірінен бірі бөлек тұра алмайды. Потенция бар жерде нәтиже бар, ал нәтиже – қандай да бір потенциалдың (мүмкіндік қорының) сөйленімдегі көрінісі.

Тілдік бірліктің тілдік ортаның белгілі бір типімен сәйкестеніп, жиынтық құрып бірқалыпқа түсіп (модельденіп) қолданылуы функцияның потенциалдық деңгейінде-ақ жоспарланып қояды. Мәселен, темпоралдық функцияның тілдік ортасын құрайтын элементтер өзара сәйкестік түзеді. «Ертең келді», «кеше келеді» т.б. осы тәрізді құрылымдар сөйлеу жүйесіне жат. Яғни қандай да бір

тілдік ортаның семантикалық қызмет атқарушы құрылымдық моделі болады. Бірақ тіл бірліктері мен олардың тілдің ортасының өзара әсерінің нақты нәтижесі тек сөйленімде ғана айқындалады, ой нәтижелік функция дәрежесіне жеткенде ғана, семантикалық функция нәтижелік аспектіден көрініс тапқанда ғана мақсатына жетеді.

Функцияның осы екі аспектісін А.В.Бондарко **функционалды-семантикалық өріс** және **категориялық жағдаят** ұғымдарымен байланыстырады. Ғалымның пікірінше, ФСӨ – функция-потенция ұғымымен, КЖ – функция-нәтиже ұғымымен байланысты [212, 21 б.].

ФСӨ-лердің құрамы мен құрылымы сөз болғанда әрдеңгей бірліктеріне талдау жасау жүйелі-парадигматикалық қатынас бойынша жасалады және осы талдау кезінде сол әрдеңгей бірліктерінің семантикалық потенциалы (мүмкіндіктері) анықталады. Бұл функцияның потенциалдық аспектісіне жатады. Алайда қандай да болмасын өріс құрылымына талдау жасау семантикалық функцияның нәтижелік аспектісі болып табылатын нақты сөйленімдерге (высказывание) негізделеді. Бұл Фп мен Фн-ның байланысу заңдылығы – тіл мен сөйлеудің бірлігін көрсететін бірден-бір фактор.



Сурет 7 – Потенциалды және нәтижелік функцияның ФСК, ФСӨ, КЖ ұғымдарына қатынасы

Функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өріс сөйлеушінің сөйлеу мүмкіндігінің жиынтық қоры, ол тілден функция-потенция сипатында көрінеді.

Яғни, ФСӨ мәселесі сөз болғанда, функцияның потенциалдық аспектісі негізге алынса, категориялық жағдаят нәтижелік аспектіден қарастырылады. Потенциалдық функция тіл жүйесіне жатса, нәтижелік функция сөйлеу жүйесіне жатады.

Әрбір Фн сөйленімде (айтылымда) Фп бойына жинақтаған жұмсалым мүмкіндіктерінің бір тармағы (варианты) ретінде көрінеді.

Функционалды-семантикалық өріс құрылымы (ядро, периферия).

Тіл білімінде «өріс» термині, ең алдымен, лексика саласында тақырыптық, лексика-семантикалық топтармен байланысты аталып, ұғымдық, мағыналық т.б. жақындықтары мен ұқсастықтарына қарай бір өріске біріктіріліп қарастырылып отырады. «Өріс – мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің (негізінен лексикалық бірліктердің) жиынтығы» [210, 242 б.].

Тіл білімінде өріс теориясына байланысты Й.Трир, В.Порцинг, Л.Вейсгербер, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, А.Комаров, А.В.Бондарко т.б. ғалымдар тұжырымды пікірлер айтқан.

Кесте 42 – «Өріс» ұғымының терминологиялық аталымы

Й.Трир	Лексикалық	Ұғымдық			
Вейсгербер			Синтак -систік		
В.Порцинг				Синтаг -малық	
А.Бондарко					Функционалды- семантикалық

Й.Трир бұл терминді лексикалық және ұғымдық өріс деп бөліп қарастырады. Синтагмалық өріс теориясын ұсынған В.Порцинг лексемалар арасындағы синтагмалық байланысты синтаксистік өріс деп таныса, ал Вейсгербер синтаксистік өрісті ортақ семантика негізінде біріккен сөйлемнің құрылымдық модельдерінің жиынтығы деп түсіндіреді [213, 50-51 б.].

Жоғарыда аталған лексикалық өріс пен синтаксистік өрістерде бір деңгей көлеміндегі ұқсас тілдік бірліктердің жиынтығы негізге алынады. Сонымен қатар, өріс түзу әр деңгей бірліктерінің мағыналық бірігуінен де пайда болады. Бұл ретте өз мазмұнын әр деңгей бірліктерінен алатын **функционалды-семантикалық өріс** теориясын зерттеудің мәні зор. Екі жағдайда да тіл бірліктерінің ортақ семантикасы олардың өріс құрау шарты ретінде алынады.

Тілдегі басқа да грамматикалық категория болсын немесе грамматикалық топ болсын мағына мен соның көрсеткіші тілдік тұлғалардың ішкі бірлігінен құралатыны сияқты функционалды-семантикалық өрістер де ішкі мазмұн мен соны құрайтын тілдік бірліктерден тұрады.

Кесте 43 – Өріс құрылымы

Құрылымы	Тілдік сипаты	Темпоралдылық
Мазмұн	Семантикалық функция	Қимылдың өту мерзімін білдіру
Түрпат	Әрдеңгейлік тілдік құралдар топтамасы	Грамматикалық +лексикалық+синтаксистік т.б.

А.В.Бондарко бұл екеуін бір ұғымның ішіндегі екі аспектісі ретінде көрсетеді. Мысалы, темпоралдылық әрі семантикалық категория, әрі оның құрылымдық бірлігі - функционалды-семантикалық өріс болып қаралады да, *семантикалық категория ретінде қарастырылғанда* оның категориялану, яғни мағыналық жиынтық құрауы, мағыналық топтары, макро және микроөрістерге бөлінуі негізге алынады. Ал *өріс ретінде қарастырылғанда* өрістің таза құрылымдық белгілеріне, яғни сол мағыналарды беру кезіндегі тілдік құралдардың тілдік, жұмсалымдық әлеуетіне талдау жасалып, олардың мағына беру мүмкіндіктері анықталады, осы орайда тілдік құралдардың өріс ядросын құрау немесе перифериясында жату сипаттары ашылады. Семантикалық категория жайлы сөз болғанда мағынадан формаға қарайғы зерттеу бағыты ұстанылса, өріс тұрғысынан қарастырылғанда формадан мағынаға қарайғы зерттеу бағыты ұстанылып, тұрпаттық құрылымына талдау жасалады.

Сонымен, *функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – сөйленімде атқаратын не орындайтын семантикалық функцияларының ортақтығына қарай біріккен тілдің әр деңгейіне жататын (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық, құрама – лексика-синтаксистік және т.б.) тілдік құралдар жүйесі.*

Ал функционалды-семантикалық категория осы өрістің семантикалық, мағыналық қырын қарастырады.

ФСӨ-лер сөйлеу жүйесін тілдік жүйе бірліктеріндей дәл сипаттамайды, яғни олар белгілі бір семантикалық мағынаны (категорияны) беретін тілдік құралдар кешенінен тұратындықтан, белгілі бір дәрежеде семантикалық функция орындау мүмкіндіктеріне қарай шартты түрде орталық және перифериялық компоненттерге ажыратылады.

Өріс құрылымына байланысты В.Г.Адмони, М.М.Гухман, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, Ф.Данеш т.б. ғалымдар тұжырымды пікірлер айтқан.

Мәселен, В.Г.Адмони өріс құрылымындағы ядролық бөлік пен перифериялық бөліктің арақатынасын ашып көрсетеді. Ғалымның пікірінше, өріс ядросы негізгі функциялық жүкті арқалап тұрады, және ол сол өріс бойындағы семантикалық мазмұнды беретін ең актив компонент, ал перифериялық компонентте мұндай семантикалық ерекшелік болмайды, семантикалық мазмұнды беруге пассив түрде қатысады, яғни оның семантикалық функцияны орындау мүмкіндігі шектеулі болады [214, 49 б.].

ФСӨ құрамындағы әрдеңгейлі тілдік құралдардың семантикалық функцияны орындау мүмкіндігі әртүрлі болады. ФСӨ құрамындағы негізгі семантикалық функцияны орындап, сол өрістің тілдік мазмұнын беріп тұрған бөлік – өрістің орталық бөлігі, негізі болып табылады. Ал қалған бөліктері сол семантикалық функцияның қосымша реңктерін білдіріп, өрістің қосалқы бөліктерін құрайды.

Кесте 44 – Өрістің құрылымдық-мағыналық бөліктері

Өрістің орталық бөлігі (ядрасы, өзегі)	Негізгі функциялық жүкті арқалап тұрады, және ол сол өріс бойындағы семантикалық мазмұнды беретін ең актив құрылым
Өрістің қосалқы бөлігі (перифериясы, шеткері аймағы)	Семантикалық функцияны орындау мүмкіндігі шектеулі болады, және ол сол өріс бойындағы семантикалық мазмұнды беретін пассив құрылым

ФСӨ-лерді зерттеу кезінде оның құрылымындағы негізгі және қосалқы компоненттерді анықтаумен қатар, оның басқа өрістермен тоғысу шеңбері, яғни астас келу ерекшеліктері де қарастырылады. Бұдан ФСӨ-лердің бір-бірімен байланыссыз өмір сүретін жеке дара құбылыс емес екендігін көреміз.

Е.В.Гулыга мен Е.И.Шендельс грамматика-лексикалық өрістің доминанты болатын тілдік құралдың мынадай сипаттарын көрсетеді: біріншіден, бұл компонент осы өрістік мағынаны беруге бейімделген яғни өрістің инвариантты мағынасын беретін ең негізгі құрал болу керек; екіншіден, үнемі осы мағынаны беретін, үшіншіден, жүйелі түрде қолданылатын болу керек [211, 10 б.].

ФСӨ екі жақты құрылымнан (мазмұн мен тұрпат) тұрады. Осы тұрғыдан А.В.Бондарко өріске мынадай анықтама берген: «Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) тілдік құралдар мен сол семантикалық кеңістікке жататын лексикалық, лексика-грамматикалық және сөзжасамдық элементтердің өзара әрекеттестігіне құрылған мазмұндық-құрылымдық (формальді) бірлік [215, 40 б.].

ФСӨ-лер құрамындағы тілдік құралдардың барлығы бірдей негізгі семантикалық функцияны орындап, өрістің орталық (ядро) бөлігі болу мүмкіндігіне ие бола алады.

Өріске құрылымдық аспектіден мынадай мәселелерді шешу көзделеді:

- а) ортақ инварианттық семантикалық сипатары негізінде ФСӨ компоненттерінің құрамы анықталады;
- ә) өрістің орталық және қосалқы компоненттері анықталады;
- б) өріс құрамындағы компоненттердің байланысы анықталады;
- в) өрістің басқа ФСӨ-лермен байланысы, астастығы, тоғысу ерекшеліктері анықталады;

Ал бұл құрылымдық шеңберден тыс сипаттары өріс семантикасын талдаумен байланысты ашылады. Бұл мақсатта:

- а) өріс негізінде жатқан семантикалық категория анықталады;
- ә) сол категорияның семантикалық құрамы мен құрылымы анықталады;
- б) ФСӨ-нің тілдік мазмұнын беретін семантикалық доминанты анықталады.

Өріс семантикасын талдауда негізінен тұрпаттық (формалдық) анализ басшылыққа алынады. Жоғарыдағы талдауларымызды қорытындыласақ, өріс құраудың алғышарттары төмендегідей болып шығады:

- *біріншіден*, белгілі бір семантикалық категорияны білдіруге қатысатын әр деңгей бірліктері өзара жүйелі арақатынасқа түсуі;

- *екіншіден*, өріс құрамындағы тілдік құралдардың барлығының негізінде ортақ инварианттық мағына жатады, яғни олар ортақ мағына, ортақ семантикалық функцияларына қарай өрістік құрылым түзуі;

- *үшіншіден*, грамматикалық категориялардың қайшы мағыналардың бірлігінен тұратыны сияқты өрістің жалпы семантикалық мағынасы кем дегенде екі мағынадан тұруы.

- *төртіншіден*, өрістің семантикалық мазмұнын беру мүмкіндігіне қарай өрістің негізтұлғасы (ядро) мен қосалқы (периферия) бөлігін құрайтын тілдік құралдарға саралануы.

ФСӨ әртүрлі **типтік топтарға** жіктеледі. Мәселен, функционалды-семантикалық өрістердің барлығы бірдей морфологиялық категорияларды арқау етпейді. Яғни кіндік тұлғасы морфологиялық категориялар болып табылатын өрістер ФСӨ-лердің бір типіне жатады. ФСӨ-лер типтік құрылымы жағынан әртүрлі. Осы әр типті өрістер ФСӨ-лердің жүйесін құрайды. ФСӨ-лер тілдік жүйе тұрғысынан топтар мен типтерге бөлінеді. Зерттеу еңбектерде ФСӨ-нің негізгі төрт топтамасы көрсетіліп жүр [180, 60 б.].

Кесте 45 – ФСӨ-лердің құрылымдық типтері

Акционалды (предикатты) негізді	Заттық негізді	Квалитативті/квантитативті	Пысықтауыш негізді
Аспектуалдылық, темпоралдылық, персоналдылық, таксис т.б.	Белгілілік/белгісіздік субъектілік/объектілік т.б.	Сан, сапа, Компаративтілік т.б.	Себептілік, мақсаттылық, шарттылық т.б.


Бұл тілдік топтамалар жоғарыда көрсетілген ФСӨ-лермен шектелмейді. Зерттеу еңбектерінде ФСӨ-лердің жалпы саны 35-39, орта есеппен 30 шақты деп көрсетіледі. Және де олар барлық тілде сандық жағынан да, сапалық жағынан да бірдей емес, жалпы сипаттары ортақ болып келгенмен, әр тілдің құрылысына қарай тілдік ерекшеліктері болады. Сан-салалы жүйеге құрылған ФСӨ-лер арасындағы әрекеттестік (астастық) бір жағынан бір өрістің өз ішінде болып жатса, екінші жағынан олардың басқа көршілес өрістермен үнемі шектесіп, селбесіп, араласып жатуынан көрінеді.

Сондай-ақ шақтық локалдылық өрісі аспектуалдылық, темпоралдылық өрістерімен үнемі селбесіп, тоғысып жатады. Темпоралдылық өрісін

аспектуалдылық, модальдылық, жақтылық өрістерінсіз қарастыру мүмкін емес. Бұл байланысты дәстүрлі тұрғыдан бір сөйлем бойында жатқан грамматикалық мағыналар тұрғысынан да қарастыруға болады. Мысалы: *Ол үйге келмекші*. Мұнда, біріншіден, келер шақтық мағына (-мек), екіншіден, жақтық (ол), үшіншіден, модальдық (болжам, мақсат) мағыналары бар.

ФСӨ-нің екі негізгі құрылымдық типі бар: **бірнегізді және көпнегізді**. Функционалды-семантикалық өрістер құрылымы түпнегіз бен шеткі өріс бірліктерінен тұрады, оның мағыналық негізінде морфологиялық категориялар жатады. Бұл көбінесе *бірнегізді не бірорталықты* (моноцентричный) функционалды-семантикалық өрістерге тән. Оларға қазақ тілінде мынадай категориялар жатады: *темпоралдылық, персоналдылық, модальділік, компаративтілік, етіс* т.б.

Тілде грамматикалық категорияларға сүйенбейтін функционалды-семантикалық өрістер де бар, мұндай өрістерді тілде «көпнегізді» (полицентричный) деп атайды. Көпнегізді ФСӨ-лер де морфологиялық, лексикалық, синтаксистік, лексика-грамматикалық тілдік құралдардың жиынтығынан тұрады. Бірақ олардың құрамындағы морфологиялық тілдік құралдар біртұтас гомогенді (бірдей, біртектес) формалар жүйесі емес, (яғни грамматикалық категориялық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалар жүйесі емес). Мысалы, тақсис іс-әрекеттің мезгілдестігін білдіргенмен, ол тілдік жүйедегі етістіктің шақ категориясына орталықтандырылмаған. Сол сияқты шақтық локалдылық өрісі де грамматикалық шақ категориясын ядро етпейді. Ол шақтық мағынаны темпоралдылық семантикадан басқаша сипаттайды.



Сурет 8 – ФСӨ-лердің орталықтандырылу сипатына қарай бөлінісі

Көпнегізді өрістерге жоғарыда аталғандардан басқа: сан (количественность), сапа (качественность), посессивтілік, субъектілік/объектілік, белгілілік/белгісіздік, локативтілік, себептілік, шарттылық, мақсаттылық т.б өрістер жатады.

Тәуелдік (посессивтілік) өрісі көпнегізді ФСӨ болып табылады. Бұл өріс екі орталықтан тұрады: бірі атрибутивті орталық, екіншісі предикативті орталық. Атрибутивті орталық: *менің үйім, әкемнің үйі, үй әкемдікі*. Предикативті орталық: *әкемде үй бар, менің үйім бар, кітапты болдым, үйлі болдым, балалы болдым*. Бірінші жағдайда тәуелділік мағына матаса байланысқан сөз тіркестері арқылы берілсе, екінші жағдайда «бар» сөзінің тіркесі арқылы, сонымен қатар *-лы, -лі* қосымшасы мен *бол* етістігінің тіркесі арқылы берілген. Бұл атрибутивті және предикативті посессивтілік өрістің посессивті функция орындайтын әртүрлі тілдік құралдары, сондықтан бұл өрісті көпнегізді өріске жатқызамыз.

Сапа (качественность) өрісінің де осындай атрибутивті және предикативті орталығы бар. Мысалы, атрибутивті: *жақсы адам, алғыр оқушы*. Предикативті: *Мен сауығып кеттім. Ол жазылып шықты*.

Сонымен, ФСӨ-лердің құрылымына қарай бірнегізді және көпнегізді болып бөлінетіндігі өрістің өзегін құрайтын негізгі тілдік құралға байланысты. Морфологиялық категориялар ФСӨ-лердің жалғыз грамматикалық орталығы, грамматикалық негізі емес, ол ФСӨ типтерінің бір түрі ғана.

Демек, бірнегізді өрістерде «жүйе-орта» құрылымы біреу ғана болса, көпнегізді өрістерде «жүйе-орта» құрылымының бірнешеуі (екі, үш не одан да көп) болады. Мұндағы «жүйе» деп отырғанымыз өріс орталығы, ал орта сол өрістің қосалқы бөліктері (перифериясы), сөйлеу жағдаяттары, контекст т.б.

Морфологиялық категорияларда өріс орталығын құраудың мынадай **алғышарттары** бар:

біріншіден, морфологиялық категориялар беретін жалпыланған, абстракцияланған грамматикалық мағынаны білдіреді;

екіншіден, морфологиялық категориялар жоғары деңгейдегі ұйымдасқан жүйе. Олар тілдің басқа деңгейінде жатқан тілдік құралдар құрай алмайтын парадигмалық жүйені құрайды;


үшіншіден, морфологиялық категориялар үнемі бір мағынаны (категориялық) білдіруге маманданған;

төртіншіден, морфологиялық категориялар жүйелі түрде қолданылады.

Бұл функционалды-семантикалық категориялардың морфологиялық орталығының оның басқа қосалқы компоненттерінен ерекшелігі болып табылады. Мәселен, лексикалық құралдарды көп жағдайда өріс құрамынан алып тастауға да болады. ФСӨ-лер мазмұн межелеріне, яғни семантикалық функцияларына қарай кішігірім шағын топтарға жіктеледі. Осы тұрғыдан алғанда ФСӨ-лер макроөріс, микроөріс түрлеріне сараланады.

Макроөріс жалпы алғандағы ФСӨ-нің өзі болса (аспектуалдылық, темпоралдылық, модалдылық т.б.), микроөріс әрбір ФСӨ-нің ішкі мағыналық

топтары болып табылады. Сондықтан талдау барысында макроөріс термині өріс, яғни ФСӨ-мен синонимдес қолданыла береді, ал микроөріс функционалды-семантикалық категориялардың ең кіші бірлігі болып табылады. Әрбір макроөріс кемінде екі не одан да көп микроөрістер (шағынөрістер) жиынтығынан тұрады.



Сурет 9 – Макро және микроөрістің тілдік сипаты

Грамматикалық категориялардың кемінде екі грамматикалық мағына мен форманың жиынтығынан тұруы қажетті шарты болса, функционалды-семантикалық категориялар (өрістер) да кемінде екі мағыналық жиынтықтан (микроөрістен) тұрады.

Микроөрістер макроөрістер сияқты екі жақты құрылымнан: мазмұн және тұрпат межелерінен тұрады. Әрбір макроөріс құрамындағы микроөрістердің семантикалық мазмұны және сол мазмұнды беретін тілдік құралдар кешені болады. *Микроөрістер де макроөрістер сияқты ортақ функцияларына қарай біріккен әр деңгей бірліктерінің жиынтығы.*

Категориялық жағдаят. ФСӨ-лерді зерттеуде ФСӨ негізін құрайтын типтік категориялық жағдаяттардың орны ерекше. Категориялық жағдаят теориясы функционалды-семантикалық өріс теориясының заңды жалғасы. ФСӨ пен функционалды-семантикалық категориялар парадигмалық сипатта болады. Яғни ФСӨ де, ФСК да сөйлеушінің сөйлеу мүмкіндігінің жиынтық қоры ғана, ол тілден функция-потенция сипатында көрінеді. ФСӨ-лер белгілі бір семантикалық категорияның тілдегі көрінісі болса, категориялық жағдаят сол семантикалық категориялардың сөйлеудегі көрінісі.

Функция тұрғысынан категориялық жағдаят нәтижелік функцияға сәйкес келеді. Бірі семантикалық категорияның тілдік жүйедегі формальді құрылымымен байланысты болса, екіншісі оның сөйлеудегі актуалданған вариантымен, дәлірек айтсақ, сөйлеудегі мазмұндық құрылымымен байланысты. Категориялық жағдаят жүйелі парадигмада тұрған ФСӨ-лерді сөйлеумен байланыстырып, ортақ семантикалық функцияларына қарай біріккен тілдік құралдар топтамасын қозғалысқа түсіреді. Парадигматикалық қатынас синтагматикалық қатынасқа ұласады. Сөйтіп ФСӨ-нің сөйлеудегі жұмсалымдық сипатын танытады.

ФСӨ-лер белгілі бір семантикалық категорияның тұрпаттық (формалдық) құрылымы болса, сөйлеуде олар мазмұндық құрылымға айналып, сөйленім мазмұнын береді. Сөйленімдегі әрбір категориялық жағдаят жалпы жағдаяттың бір қырын танытады. Демек, сөйленімде категориялық жағдаят *жалпы жағдаят* пен *жекелеген жағдаяттарға* ажырайды. Жекелеген жағдаят деп отырғанымыз сөйленімдегі негізгі ақпаратты беретін маңызды мазмұндық бөлік. Мұны **доминант категориялық жағдаят** деп атайды. Яғни, бір сөйленім бірнеше категориялық жағдаятқа құрылуы мүмкін. Демек сөйленім категориялық жағдаят кешенінен тұрады. Оны жалпы сигнификатты (семантикалық) жағдаят деп атайды. Солардың бірі доминант категориялық жағдаятты сипаттаса, қалған жағдаяттар тілдік мазмұнның қосымша реңктерін білдіріп, доминант категориялық жағдаяттың іске асуының қажетті шарты іспеттес болып тұрады. Сонда бір сөйленім бойында темпоралдық жағдаят та, модалдық жағдаят та т.б қатар тұра алады. Бірақ олардың бірі басыңқы қызметте жұмсалады.

Кесте 46 – Категориялық жағдаяттың актив және пассив құрылымда тұруы

Мысал	Доминант категориялық жағдаят	Қосалқы категориялық жағдаят
«Бұл қалай? Неліктен?» десіп, сұрасып жүргенде, түс кезінде Бақанас бойына бір өзгеше хабар шұғыл кеп қалды » (М.Әуезов, Абай жолы).	Аспектуалды жағдаят	Темпоралдық жағдаят
Көлемі құнан бәйгелік қана, түбіне түйме түсіп кетсе, көрініп жататын құм-қайраң көл көк құрақпен көмкеріп қойғандай сұлу-ақ екен. Қоғажай мен ши, балдыр басып кетпеген, жағасын мал тұяғы езгілемеген айнадай мөлдір көл құс баласының сауық-сайран тұрағы еді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).	Квалитативті жағдаят)	Темпоралдық жағдаят; модалды жағдаят – реалдылық, персоналды жағдаят – үшінші жақ

Бірінші сөйленімде қимылдың тез арада болғандығын білдіретін категориялық жағдаят доминанттық сипатқа ие. Ал сөйленімдегі темпоралды жағдаят (түс кезінде, *-ды* формасы – өткен шақ) қосалқы категориялық жағдаяттарды білдіреді.

Сондай-ақ екінші сөйленім доминант квалитативті жағдаятқа құрылған. Бұл сөйленімде квалитативті семантика басқа категориялық семантикалық элементтерден (темпоралды семантика, модальді семантика – реалдылық, персоналды семантика – үшінші жаққа қатысы, экзистенциалды семантика (бытийность) – сапаның болымдылығы, бар болушылығы) басым түсіп, доминант сипатқа ие болған.

КЖ-лардың сөйленімдегі доминанттық сипаттарына қарай **доминант категориялық жағдаятқа құрылған сөйленім** және **доминант категориялық жағдаятқа құрылмаған сөйленім** типтеріне ажырайды. Бірінші типтегі сөйленімдерде құрамындағы категориялық жағдаят, яғни сөйленімдегі белгілі бір семантикалық мазмұн айқын беріледі де, сөйленімде басқа категориялық жағдаяттар болмайды, немесе болған күнде ол семантикалық мазмұн, яғни қосымша категориялық жағдаяттар басым КЖ-ның тасасында қалады. Мысалы, *Күте тұрыңдар!* - бұйрықтық жағдаят. *Сізде кітап бар ма?* - посессивті жағдаят.

Екінші типтегі сөйленімдерде категориялық жағдаят бір ғана семантикалық мазмұнды беруді мақсат етпейді. Конструкция мазмұндық жағынан жан-жақты болып келеді. Яғни сөйленім бірнеше семантикалық мазмұнға құрылады, сөйленім құрамында бірнеше категориялық жағдаят болады. Олардың бірін басым мазмұн - доминант категориялық жағдаят ретінде көрсетуге келмейді.

Кесте 47 – Категориялық жағдаяттардың доминанттық сипаты

Доминант категориялық жағдаятқа құрылған сөйленім	Күте тұрыңдар! - бұйрықтық жағдаят. Сізде кітап бар ма? - посессивті жағдаят.
Доминант категориялық жағдаятқа құрылмаған сөйленім	«Солтұстық қонақтары бұл елдің мойын домбырасына, күйлеріне көп таңданды. Домбырашы, күйші ел екен. Қолына домбыра тисе болды, кез келгені күй тарта жөнеледі. Солтұстықта күй тартатын адам ілуде біреу-ақ. Көпшілігі ән сазын тартады» (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Бұл сөйленімде бірнеше категориялық жағдаят бар: белгісіздік семантика (солтұстық қонақтары, көпшілігі, кез келгені); аспектуалды семантика (тарта жөнелді, тисе болды); темпоралды семантика (таңданды, тартады), квалитативті


(домбырашы, күйші) т.б. Бірақ бұл категориялық жағдаяттардың ешбірі жалпы жағдаяттың бір қыры, доминант категориялық жағдаят ретінде қаралмайды.

Сонымен, *категориялық жағдаят дегеніміз белгілі бір функционалды-семантикалық өріске негізделген сөйленімде берілетін жалпы сигнификатты (семантикалық) жағдаяттың бір қырын танытатын типтік мазмұндық құрылым.*

Сөйлеудегі нақты айтылымдар категориялық жағдаяттарға қарай құрылады. Жарыққа шыққан әрбір категориялық жағдаят жалпы жағдаяттың бір нұсқасы. Сондықтан ФСӨ-лерге қарағанда категориялық жағдаяттар нақты тілдік құбылыс болып табылады. Сөйтіп сөйлеу кезіндегі нақты айтылымдар категориялық жағдаяттарды туғызады да, олар осы белгілі бір мазмұндық мәнде тұрақты қолданыла келе, тіл жүйесіндегі модельге түскен құрылымдық бірлік ФСӨ-лерді жасайды.

Яғни КЖ, бір жағынан ФСӨ жасаудың алғы шарты болса, екінші жағынан ФСӨ КЖ-ның нәтижесі. Бұдан біріншіден, әрбір ФСӨ нақты категориялық жағдаяттардың тілдік көрінісі, тілдік парадигмалық моделі десек, екінші жағынан ФСӨ-лер сол КЖ-лардың барлық категориялық варианттарының негізі, іргетасы.

ФСӨ-лер тілдік жүйе бірлігі болса, КЖ-лар осы тілдік жүйені сөйлеу жүйесімен байланыстырады.



Сурет 10 – ФСӨ құрылымы

Бұдан КЖ-лар тіл жүйесінен мүлдем алшақ жатыр деп түсінбеу керек, олар белгілі бір тілдік құралдар арқылы берілетін типтік мазмұндық құрылым ретінде тілдік жүйенің динамикалық аспектісіне жатады.

Категориялық жағдаяттар да әмбебеп сипатқа ие, ол барлық халыққа ортақ типтік жағдаяттарды белгілей алады. Ол жағдаяттар жалпы алғанда нақты жағдаяттардың туындысы, нәтижесі.

Категориялық жағдаяттар сөйленімге сөйлеуші мен тыңдаушының қатысы жағынан актуалданған және актуалсызданған типтерге бөлінеді.

Актуалданған категориялық жағдаятта сөйленімдегі (категориялық) жағдаятқа сөйлеу жағдаяты мен оған (коммуникацияға) қатысушы адамдардың (сөйлеуші мен тыңдаушы) тікелей қатысы болып тұрады.

Оған модальды, персоналды, темпоралды жағдаяттар жатады. Мысалы актуалды осы шақ жағдаяты: *Сен мұнда не істеп жатырсың?* Мұндағы сөйлеу сәтінде болып жатқан іс-әрекетті білдіретін денотативті жағдаят сөйлеу жағдаятымен бірігіп кеткен. Яғни мұндай категориялық жағдаятқа сөйлеу жағдаяты (адресат пен адресант тікелей қатысады) сәйкес келіп отырады. Актуалданған категориялық жағдаяттар барлық сөйленімге тән саналады.

Ал актуалсызданған категориялық жағдаятқа бұған керісінше сөйлеу жағдаяты сәйкес келмейді. Коммуникацияға сөйлеуші мен тыңдаушы тікелей қатыспайды. Оған аталған үш категориялық жағдаяттардан басқалары жатады: таксистік, квалитативті, квантитативті, компаративті, посессивті, каузалды т.б.

Категориялық жағдаят мынадай тілдік ерекшеліктермен сипатталады:

- КЖ-лар сөйленімде белгілі бір ФСӨ-нің негізінде жатқан семантикалық категорияларды жарыққа шығарады;
- КЖ-лар белгілі бір сөйленім вариантында жалпы сигнификатты жағдаяттың бір қырын (аспектісін) танытады;
- КЖ-лар міндетті түрде предикативтілік қатынасқа құрылады;
- КЖ-лар сөйленімде әрденгейден алынған тілдік бірліктердің арақатынасына негізделеді.

КЖ-лар ФСӨ-лердің астас келу, тоғысу сипаттарына сәйкес кешенді жағдаяттарға да құрылады. Осы тұрғыдан аспектуалды-темпоралды жағдаят, аспектуалды-таксистік жағдаят, аспектуалды-квантитативті жағдаят сияқты ұғымдар келіп шығады.

Жалпы алғанда, жағдаят ұғымы лингвистикада *сөйлеу жағдаяты, категориялық жағдаят, денотативті жағдаят, сигнификативті жағдаят, семантикалық жағдаят* терминдерімен байланысты қолданылады.

Кесте 48 – Жағдаят түрлері

Сөйлеу жағдаяты	Коммуникативтік жағдаят
Денотативті жағдаят	Материяда қозғалыста болатын ақиқаттың тілдегі бөлігі, кесіндісі
Сигнификативті жағдаят	Ақиқат шындықтың адам санасында қорытылғаннан кейінгі тілдегі көрінісі, тілдік интерпретациясы.
Семантикалық жағдаят	Сөйлеу актісіндегі жекелеген сигнификативтік жағдаяттар
Категориялық жағдаят	Жалпы жағдаяттың (сигнификативті жағдаяттың) бір қырын танытатын мазмұндық құрылым.

Жағдаят ұғымы тілде түрліше сипатталады: бірде сөйлеу әрекетін тудыратын шарттар, енді бірде жағдаят объективті шындықтың өзі, енді бірде оның бір бөлігі ретінде ұғынылады.

Гактың көрсетуінше: «Жағдаят материяда қозғалыста болатын ақиқаттың тілдегі бөлігі, кесіндісі. Ақиқат өмірде адам санасында әдетте тұрақты ұғымдар (заттар) туралы ақпарат болады. Ал бұл жеке алынған заттар, материалдық нысандар өздігінен жағдаяттарды (ситуацияны) жасай алмайды. Жағдаят сол заттар мен олардың күйін үйлестіре қарау нәтижесінде ғана жасалады [216, 359 б.].

Яғни жағдаят – ақиқат шындықтың өзі емес, оның тілде бейнеленген бір бөлігі, кесіндісі, өйткені тіл бір сөйлеу актісінде тұтас жағдаяттың барлығын бірдей бейнелей алмайды. Бірақ қандай да болмасын категориялық жағдаятта денотативті жағдаяттың белгілері болады. Денотативті жағдаяттар, яғни ақиқат шындық тілдік санада қорытылғаннан кейін барып сигнификатты (семантикалық) жағдаяттарға айналады. Яғни сигнификативті жағдаят ақиқат шындықтың адам санасында қорытылғаннан кейінгі тілдегі көрінісі, тілдік интерпретациясы. Ал бұл тілдік интерпретация денотативті жағдаяттың барлығын бірдей тұтас бейнелей алмайды.

Денотативті жағдаяттың негізінде жалпыланған семантикалық, сигнификативтік жағдаяттар сөйлеу актісінде жекелеген семантикалық жағдаяттарға ажырайды, мұны тілде *категориялық жағдаят* деп атайды.

Категориялық жағдаят жалпы жағдаяттың (сигнификативті жағдаяттың) бір қырын танытатын мазмұндық құрылым.

КЖ-ларды зерттеу мынадай **кезендерден** тұрады:

ең алдымен, белгілі бір ФСӨ шеңберіндегі КЖ-лар жүйесіне сипаттама беріледі;

екіншіден, екінші бір ФСӨ-лердегі КЖ-лар жүйесі қарастырылады;

үшіншіден, осы әртүрлі ФСӨ-лер шеңберіндегі КЖ-лар салыстырылады, нәтижесінде олардың байланысы, арақатынасы анықталады;

төртіншіден, КЖ-ларды зерттеуді алдымен бір тілде жүргізіп, сонан соң екінші бір тілдегі бірдей ФСӨ шеңберінде алып, салыстыруға болады.

КЖ-лар жүйесін зерттеуде талдау материалы ретінде нақты сөйленімдер (высказывание) алынады.

Сонымен қатар КЖ-ларды зерттеу негізінен белгілі бір типтік жағдаяттар бойынша жасалады. Типтік жағдаят деп отырғанымыз сөйлеудегі қандай да бір семантикалық мазмұнды берудегі белгілі бір жүйеге түскен, тұрақтанған жағдаяттар. Демек КЖ-лардың тілдік табиғаты қаншалықты тұрақсыз, қозғалмалы (динамикалық), әрбасқа болғанмен, жүйеге бағынбайтын құбылыс жоқ.

КЖ-лар сөйленім семантикасын талдаудағы негізгі мазмұндық бірлік. Және ол деңгейлік тұрғыдан жоғарғы деңгейді сипаттайды. Яғни морфемалар мағынасы, грамматикалық формалар мағынасы төменгі деңгейге жатса, КЖ-лар жоғарғы деңгей бірлігі сөйленім семантикасын қарастырады.

Сөйленім семантикасы құрамындағы төменгі деңгей бірліктерінің мағыналарынан құралады.

КЖ-лар ФСӨ-лерден бөлек өз алдына қарастырылмайды. Олар белгілі бір ФСӨ-лер шеңберіне орнықтырылады, бекітілген ФСӨ-лер аясында өмір сүреді.

Сонымен, функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары болып табылатын функционалды-семантикалық категория, функционалды-семантикалық өріс, категориялық жағдаят ұғымдарын бір-бірімен тығыз құбылыстар ретінде танып, жоғарыдағы теориялық мәселелерді жинақтап, анықтама беріп қорытындылаймыз:

Кесте 49 – Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының анықтамалары

ФСК	Функционалды-семантикалық категория дегеніміз – ортақ семантикалық функцияларына қарай біріккен тілдік құралдардан тұратын ФСӨ-лердің мағыналық мазмұнын сипаттайтын деңгейаралық категория.
ФСӨ	Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – сөйленімде атқаратын не орындайтын семантикалық функцияларының ортақтығына қарай біріккен тілдің әр деңгейіне жататын (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық, құрама – лексика-синтаксистік және т.б.) тілдік құралдар жүйесі.
КЖ	Категориялық жағдаят дегеніміз – белгілі бір функционалды-семантикалық өріске негізделген сөйленімде берілетін жалпы сигнификатты (семантикалық) жағдаяттың бір қырын танытатын типтік мазмұндық құрылым.

4.2 Грамматикалық және семантикалық категорияның айырым белгілері

Грамматиканың тұлғалық және функционалды грамматикаға саралануымен байланысты олардың зерттеу нысандары болып табылатын – грамматикалық категория мен семантикалық категориялардың аражігін ашу қажетті тақырыптардың бірі. Қандай болмасын ұғым тар және кең мағынада түсінілуімен байланысты кез келген ұқсас ұғымдар мен құбылыстарға ортақ және ерекше (ұқсамайтын) сипаттарына қарай талдау жасалады. Тілдің грамматика саласының тұлғалық және функционалды болып бөлінуі олардың бір нәрсенің екі қыры, екі аспектісі екендігін, ал бұл екі аспектінің де грамматиканың ішкі салалары болуы олардың екеуін де грамматика шеңберінде қарауға болатындығын көрсетеді. Олай болса, бұл грамматика түрлерінің әрі ортақ, әрі бір-бірінен ажырататын айырым белгілері бар. «Яғни грамматикалық бірліктерді, топтар мен категорияларды қамтитын тұлғалық жүйелі грамматика мен осы тіл құралдарының сөйлеу кезіндегі жұмсалу заңдылықтарын

сипаттайтын жұмсалымды грамматика бір-бірімен тығыз байланысты» [181, 84 б.].

Зерттеуге алынып отырған функционалды-семантикалық категорияларды сөз еткенде, міндетті түрде тілдік жүйе бірлігі болып табылатын грамматикалық категорияларға соқпай өту мүмкін емес, өйткені грамматикалық категориялар аталған семантикалық категориялардың негізі, бастау көзі, негізгі құрылымдық бірлігі болып табылады. Жалпы алғанда, категория дегеніміздің өзі «белгілі бір затты немесе құбылысты өзгелерден ерекшелеп алып, өзімен бір бағыттас не қарсы бағыттағы ұқсастықтарға апарып қосу екендігі белгілі» [181, 84 б.].

Тілде *категория* ұғымы тұлғалық грамматикада оқулықтар көлемінде әртүрлі түсініліп келді. Морфологиялық категорияларды айтпағанда сөз таптары категориясы, зат есім категориясы, көптік жалғау категориясы т.б. болып грамматикалық топқа да, тіпті бірінші жақ категориясы делініп жаппай қолданыла берді. Осы жағынан алғанда, кез келген грамматикалық топты категория терминімен атағанда, оны кең мағында алынған деп түсіну керек. Ал тілдегі грамматикалық категория термині тар мағынада белгілі бір грамматикалық топтарға қатысты ғана қолданылады. *Грамматикалық категория* ұғымы, көбінесе, морфологиядағы біртектес, әрі ішінара қарсы мағынадағы грамматикалық формалар жиынтығы, сөз таптарының түрлену жүйесі ретінде түсініледі. С.Исаев грамматикалық категория құраудың мынадай алғышарттарын көрсетеді: бірнеше, кемінде екі грамматикалық мағына болуы; ол (кемі екі) мағыналар бір-бірімен тектес, ыңғайлас, мәндес болуы (әр тектес мағыналар грамматикалық категория құрай алмайды); ол грамматикалық мағыналар қанша тектес, ыңғайлас болса да, қарама-қайшы келуі; бірақ бір тектес, ыңғайлас, әрі қарама-қайшы мағыналардың тұтастығы болуы; тектес мағына да, қайшы мағына да бөлек-бөлек белгілі грамматикалық формалар арқылы берілуі; олардың белгілі парадигмалық жүйе құрауы арқылы мағыналық тұлғалық сәйкестік бір жиынтық болуы. Міне, осындай талаптар мен шарттарға сәйкес келетін тілдік құбылыс қана грамматикалық категория болып таныла алады [168, 56 б.]. «Сонда грамматикалық категория дегеніміз – тек грамматикалық мағыналар жиынтығы ғана емес, сол тектес, мәндес әрі бір-біріне қарама-қайшы грамматикалық мағыналарды білдіретін, парадигмалық сипаттағы грамматикалық тұлғалар жүйесі болып табылады» [181, 87 б.].

Тілде грамматикалық категория дегенде, кейде оны морфологиялық категориялармен байланысты ғана алу кең тараған. Бұл әрине дұрыс та. Екінші жағынан грамматиканың морфология мен синтаксис саласынан тұруымен байланысты грамматикалық категория термині морфологиямен ғана байланысты алынуы қалай, синтаксистік категориялар грамматикалық категория шеңберінде қаралмай ма деген сұрақ туындайды. Әрине, бұл термин тілде нақты зерттеу нысанында сөз етілмегенмен, мұндай тілдік құбылыстың болуы заңды саналады. Морфологиялық жүйеге түспеген грамматикалық мағыналар синтаксисте көрініс табады. Яғни морфологиялық көрсеткіштер

арқылы тілде сипатталмаған мағыналар синтаксистік құрылымдармен беріледі. «Морфологиялық категориялар сөйлеу кезінде өзіне тән төл мағыналарында қолданылады да, сөйлеу мақсатынан туындайтын сол мағынаның реңктерін беруге әлі (мүмкіндігі) жетпей қалады. Сондықтан ондай мағыналарды беру үшін синтаксистік тіркестер арқылы жасалған құрылымдар қолданылады. Аналитикалық тәсілдің жалпы мағыналардың жеке реңктерін беру мүмкіндігі өте мол. Мәселен, төл қызметі пысықтауыш жасау болғанмен, үстеу сөз табы пысықтауыштардың барлық мағыналық реңктерін жасауға әлі жете бермейді. Сондықтан сөйлеуде ондай кезде көсемшелер арқылы жасалған қос етістік жұмсалынады» [217, 60 б.]. Тілдегі грамматикалық мағына білдіру мүмкіндігі бар тіркестер, синтаксистік конструкциялар осындай категориялық мағыналарды білдіріп, синтаксистік категория ретінде қаралуы қажет.

Тіл білімінде синтаксистік категорияға байланысты зерттеулер В.В.Виноградов және оның шәкірті Н.Ю.Шведова еңбектерінде синтаксистік жақ, синтаксистің шақ категориялары тұрғысынан қарастырылады.

Грамматикалық категориялар мен семантикалық категориялардың нақты айырмашылықтарына тоқталар болсақ, **ең алдымен**, бұл екі категория бірінің **тілдік жүйе**, екіншісінің **сөйлеу жүйесінің** бірлігі болуымен ерекшеленеді. Грамматикалық категориялар тіл жүйесіндегі абстракты, белгілі бір мағыналарды білдіруге бейімделген жүйелі-тілдік мағыналар. Олар тілде парадигмалық қатынас бойынша сипатталады. Және грамматикалық категориялар тілде белгілі бір ортақ грамматикалық мағыналары бойынша топ құрап тұрады. Ал ол мағыналар сөйлеуде иерархиялық ретпен қолданылады. Яғни бір грамматикалық категорияға жататын грамматикалық формалар бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Мысалы, тілдік жүйедегі етістіктің шақ категориясының құрамындағы шақ формаларының грамматикалық мағынасы жүйелі-тілдік шақтық мағына болып табылады және бір етістік түбіріне осы шақ, келер шақ, өткен шақ формалары бір мезгілде бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Бұл барлық грамматикалық категорияларға тән сипат. «Морфологиялық категорияны екеуі бірдей бір тұлғада келе алмайтын грамматикалық мағыналар құрайды. Мәселен, тілде зат есімдер жекеше және көпше түрде бірдей тұра алмайды. Сол сияқты етістік тұлғалар бірден өткен не келер шақ мағынасын бере алмайды. Бір сөзтұлғада категория құрайтын парадигмалық мағыналардың қатар болуы мүмкін емес» [181, 88 б.].

Ал функционалды семантикалық категориялар сөйлеу жүйесінде ФСӨ-лер құрумен сипатталады. ФСӨ ішкі мазмұннан және соны беретін тілдік құралдардың бірлігінен тұрады. ФСӨ-нің ішкі мазмұнын семантикалық категориялар (темпоралдылық, аспектуалдылық, персоналдылық т.б.) құраса, сыртқы тұрпатын лексикалық, грамматикалық құралдар құрайды. ФСӨ-нің ішкі мазмұнын оның мазмұн межесі деуге болады, ал тілдік құралдар бірлігін оның тұрпат межесі деуге болады. Семантикалық категория ретінде қарастырылғанда басқа семантикалық категориялардан ерекшеліктері, басқа семантикалық категориялармен байланысы, астас келу сипаттарына талдау жасалады, талдау

кезінде анализдің мағынадан формаға қарайғы бағыты ұстанылады. Ал, функционалды семантикалық өріс тұрғысынан қарастырылғанда, өрістің құрылымы, яғни өрістің негіз және перифериялық компоненттеріне талдау жасалады, бұл жағдайда формадан мағынаға қарайғы зерттеу бағыты ұстанылады. Сөйтіп, аталған мағынадан және формадан бастап талдау жасайтын зерттеу бағыттары алма кезек ауысып отыратындықтан, функционалды-семантикалық өрістерді сипаттауда екі бағыттың да, екі зерттеу әдісінің де қолданылатынын айту керек.

Екіншіден, грамматикалық категориялар мен семантикалық категориялар **тілдік орта** тұрғысынан да ерекшеленеді. Грамматикалық категориялар ортамен байланыссыз қарастырылады. Бұдан грамматикалық категориялар ортадан тыс өмір сүреді деп түсінбеу керек. ГК да тілдік ортада өмір сүреді, бірақ ол тілдегі жүйелі-парадигмалық ортаға жатады. Парадигмалық ортасыз грамматикалық категориялардың болуы да мүмкін емес, өйткені грамматикалық категорияның өзі кемінде екі мағына мен тұрпат бірлігінен тұрады. Ал семантикалық категориялар тілден тыс, **сөйлеу ортасымен** байланысты болып келеді. Сөйлеу ортасында тілдік бірліктердің ұйымдасқан шоғыры сөйлеу жағдаятымен, контекспен қарым-қатынаста болады. Сөйлеу ортасы тілдік ортаға қарағанда әлдеқайда күрделі.

Үшіншіден, грамматикалық категориялар сөйлеуде қолданысқа түспей-ақ, тіл жүйесінде тұрып өздігінен белгілі бір тұрпат пен мазмұнға ие болып, статикалық күйде тұра береді. Тілдік жүйеде тұрып-ақ олардың қандай грамматикалық категория бірлігі екенін, қандай мағына беретінін байқауға болады, ал семантикалық категорияларды тілдік ортада тану мүмкін емес, олар үнемі динамикалық күйде сөйлеу ортасымен бірлікте қарастырылады. Олардың өмір сүруінің өзі сөйлеу жүйесінде ғана мүмкін болады, сондықтан грамматикалық категорияларға **статикалық** күй, семантикалық категорияларға **динамикалық** күй тән деп санаймыз.

Төртіншіден, тұлғалық грамматика мен функционалды грамматиканың **зерттеу бағыттарымен** сәйкес грамматикалық категорияларға талдау жасауда **формадан мағынаға қарайғы** бағыт ұстанылып, форма мынадай мағыналарды білдіреді немесе мынадай мағыналарды білдіру үшін жұмсалады деген сұрауларға жауап ізделеді, ал семантикалық категорияларды анықтау кезінде, ең алдымен, **мағынадан формаға қарайғы** зерттеу бағыты бойынша талдау жасалады. Семантикалық категориялар ұғымдық категорияларға негізделетіндіктен, ақиқат дүниедегі жалпытілдік категориялар сараланады да, сол категорияларды беретін тілдік құралдар сөйлеу жүйесінен іздестіріледі.

Бесіншіден, бұл категориялар бір-бірінен **тілдік деңгейге** қатысы жағынан да ерекшеленеді. Грамматикалық категориялар тілдің морфология және синтаксис деңгейлерінің ғана тілдік бірліктері болып табылады, оларды зерттеуде басқа деңгей бірліктерін қабат қарастырудың қажеті болмайды. Олар өздігінен, өздеріне таңылған тіл деңгейінде тұрып-ақ грамматикалық бірлік ретінде таныла алады. Сондықтан талдау бір деңгей көлемінде ғана

жүргізілетіндіктен, грамматикалық категория **деңгейлік категория** болып табылады да, оларға талдау жасау **жүйелі-даралаушы** (саралаушы) әдіспен жүргізіледі. Ал семантикалық категориялар тілде ешқандай деңгейге жатпайтындықтан, ол өзіне қажетті тілдік құралдарды барлық деңгейден іздестіреді. Морфологиядан грамматикалық категория бірліктерін, лексикадан дербес сөздерді, синтаксистен синтаксистік конструкцияларды алады. Және осы тіл деңгейлерінен алған тілдік құралдардың барлығының басын белгілі бір жұмсалымдық қызметіне қарай біріктіреді, яғни әйтеуір бір, кез келген тілдік құралды ала бермейді, қандай да бір семантикалық функция орындауға қажетті тілдік құралдар кешенін жасап, оларды сөйлеу ортасымен байланысты қарастырады. Сондықтан семантикалық категориялар **көпдеңгейлік категория** ретінде қаралады да, әр деңгей бірліктерін біріктіріп қарайтындықтан, оларға талдау жасау **жүйелі-үйлестіруші** әдіспен жүргізіледі. «Тұлғалық грамматика тіл деңгейлеріндегі категорияларды өз алдына бөлек-бөлек, бір-біріне байланыссыз қарастырса, жұмсалымды грамматика олардың басын бір ұғымдық (семантикалық) категорияға біріктіре сипаттайды» [181, 86 б.]. Олай болса, грамматикалық категорияларды деңгейлік категория, семантикалық категорияларды көпдеңгейлі немесе деңгейаралық категория деп танимыз.

Алтыншыдан, грамматикалық категориялар мен семантикалық категориялардың тағы бір айырмашылығы, олардың ақиқат дүниені бейнелеу мүмкіндігімен байланысты. Грамматикалық категориялар тілде тұрақты қалыптасқан **таза тілдік категория** болса, семантикалық категориялар **ойлау категорияларымен бірлікте** сипатталады. Тілден тыс ақиқат дүниемен тікелей байланыста тұрады. Бұл семантикалық категориялардың ұғымдық категориялардың тілдегі көрінісі екендігімен түсіндіріледі.

Жетіншіден, бұл категориялар бірінің өрісінің тар, екіншісінің өрісінің кең болуымен де ерекшеленеді. Өріс деп отырғанымыз олардың бір жағынан **мазмұндық әлеуеті** (мағыналық мүмкіндігі), екінші жағынан **тұрпаттық құрылымы**. Грамматикалық категориялар тіл жүйесінің тілдік бірлігі болып табылатындықтан, оның мағына беру мүмкіндігі де сол тілдік-құрылымдық мағыналарды білдірумен шектеледі. Ал семантикалық категориялар тілдік жүйедегі грамматикалық мағыналарды негіз ете отырып, өзінің мағыналық әлеуетін кеңейту үшін лексика, синтаксис, сөзжасам деңгейлерімен де қарым-қатынас жасайды, олардан өзіне қажетті тілдік құралдарды алады. Нәтижесінде оның семантикалық әлеуеті әлдеқайда артады. Және ол әр деңгей бірліктерін тілдік емес дүниемен (ақиқат дүние) байланыстырады. Категориялық жағдаяттар (сөйлеу жағдаяттары) арқылы нәтижелік функция сипатында көрініс табады. Демек, грамматикалық категориялардың семантикалық әлеуеті (мағына беру мүмкіндігі) тар, шектеулі де, семантикалық категориялардың семантикалық әлеуеті кең, ауқымды әрі шексіз болып келеді. Сөйлеу жағдаяттарына қарай олардың мағына білдіру мүмкіндігі арта береді, әрі өзгеріп отырады. Мысалы, тілдік жүйеде *-ды, -ді* қосымшасы іс-әрекеттің жақын арада болып өткендігін білдіріп, жедел өткен шақ формасы деп аталады.

Осы сияқты тіл жүйесіндегі кез келген грамматикалық категория мүшесі белгілі бір (өзіне таңылған) мағынаны ғана білдіріп тұрады. Бұл жерде айта кету керек, жекелеген тілдік тұлғалар тіл жүйесінде мағына білдіру жағынан тұйықталғанмен, ол тіл бірліктерінің өзі сөйлеу категорияларымен байланыса отырып, көп мағына білдіру мүмкіндігіне ие болуы мүмкін. Мұндайда талдау жеке формалардың мағыналық мүмкіндігін анықтаумен байланысты жасалады да, формадан мағынаға қарайғы талдайтын функционалды бағыт ұстанылады. Бірақ формадан мағынаға қарайғы бағытта талданатын жекелеген тұлғалардың көпмағыналығы мен мағынадан формаға қарай талданатын семантикалық категориялардың мағыналық мазмұны тең емес, қалай болғанда да ақиқат дүниемен, ұғымдық категориялармен тікелей байланыста болатын әрі өз мазмұнын әр деңгей бірліктерінен алатын семантикалық категориялардың тілдік мазмұны кең екендігі анық. Функционалды грамматика мамандарының айтуынша, «тілдік семантикалық категориялар деңгейлік грамматикалық категорияларға қарағанда кең көлемді болады. Мысалы, грамматикалық шақ категориясы морфология деңгейінің категориясы ретінде мағына жағынан да, сол мағынаның берілу тәсілдері жағынан да жалпы тілдік темпоралдық категориядан тарлау» [179, 120 б.].

Сонымен қатар грамматикалық категориялар мен семантикалық категориялар тұрпаттық құрылымы жағынан да ерекшеленеді. Грамматикалық категория құрамындағы грамматикалық мағынаға ие әрбір категория мүшесі (граммема) тұрпаттық тұрғыдан сипатталады. Яғни тұрпаттық жағынан грамматикалық форма болып қаралады. Бір грамматикалық мағынаға бір ғана грамматикалық форма сәйкес келеді. Мағына форма арқылы беріледі, форма қандай да бір мағынаны білдіреді. Ал семантикалық категориялар тұрпаттық жағынан тек грамматикалық формалардан тұрмайды, оның құрылымында лексикалық бірліктер (сөздер), синтаксистік конструкциялар, тіркестер т.б. тілдік құралдар кешені жатады. Яғни грамматикалық категориялардың тұрпаттық құрылымы тігінен бөлшектенетін парадигмалық сипаттағы жиынтық болумен өлшенеді, және әрбір грамматикалық мағына бір ғана грамматикалық формада көрініс табады. Семантикалық категориялар категориялық жиынтық құруда грамматикалық категориялар сияқты тігінен бөлшектенетін парадигмалық қатарға негізделмейді. Олар дәстүрлі грамматикадағы бір-біріне байланыссыз сипатталатын әр деңгейге жататын тілдік құралдардың басын бір өріс бойына біріктіріп, тізбектеп көлденеңінен бөліп қарастырады. Демек, семантикалық категориялар грамматикалық категорияларға қарағанда тұрпаттық құрылымы жағынан да ауқымды болып саналады. Алайда парадигмалық қатынасты грамматикалық категорияның құрамындағы тіл бірліктерінің вертикальды қатынасы деп қана түсінбеу керек. Парадигмалық (верикальды) қатынас сөйлеу жүйесінде де байқалады. Бұл сөйлем парадигмасы деген ұғыммен (терминмен) байланысты. Сөйлем (сөйленім) парадигмасын сөйлем варианттары құрайды. Мұндайда сөйленім арқылы берілетін мазмұн біреу болады да, ол әртүрлі құрылымда береді. Оның варианттық өзгерісі

сөйлеуші (адресант) факторымен байланысты анықталады. Яғни адресант тілдік мазмұнның қай вариантын өз мақсатына сай таңдайды, сол нұсқа сөйлеуде актуалданады. Демек актуалдануға сөйлем варианттарының барлығы бірдей қатыспайды, олардың бірі ғана жарыққа шығады. Жарыққа шыққан, актуалданған сөйлемді *тілдік мазмұнның интерпретациялық компоненті* деп атауға болады.

Жоғарыда грамматикалық және семантикалық категориялар мағыналық әлеуеті мен тұрпаттық құрылымы бойынша салыстырылып сипатталды. Енді бұл категориялардың мағыналық әлеуетін олардың **мазмұн межесі**, тұрпаттық құрылымын **тұрпат межесі** деген терминдермен атап, оларға осы екі белгісі бойынша әрі қарай талдау жасаймыз. Семантикалық категориялар функционалды семантикалық өріс теориясы бойынша грамматикалық категорияларды бастау негіз етіп алатынын жоғарыда айтқанбыз. Осы жерден неге семантикалық категориялар грамматикалық категорияларға негізделеді деген сұрау туатыны заңды. Өйткені грамматикалық категориялар да, семантикалық категориялар да өз бастауын логикадан алады. Грамматикалық категориялар тіл жүйесінің бірлігі, ол ақиқат дүниеге қатыссыз десек те, болмысты бейнелемейтін, ақиқат өмірден мүлдем сырт тұратын құбылыс жоқ. Ал тілдік (грамматикалық) категориялар сол ақиқат дүниені, болмысты үнемі сипаттаумен байланысты бірізге түскен, тұрақталған, абстракты ұғымдар. Осы жағынан алғанда грамматикалық категориялар мен семантикалық категориялар мазмұндық жағынан байланысты, ұқсас болып келеді. Айталық, грамматикалық шақ категориясы тілдік жүйеде тұрып-ақ тар көлемде болса да қимылдың өту мерзімін білдіреді. «Қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін, немесе болып жатқандығын, не әлі болмағанын, бірақ болатынын білдіреді» [168, 199 б.]. Тілде шақ көрсеткіштері осы мазмұн межесіне қарай топтастырылып, үш түрге (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бөлініп қарастырылады. Дәл осы мағына кең көлемде сөйлеу бірлігі болып табылатын темпоралдылық категориясының да мазмұн межесін құрайды. Грамматикалық шақ категориясы шақ формалары арқылы грамматикалық шақ мағынасын білдірсе, шақтың семантикалық категориясы сөйлеуден көрінетін әр деңгейге жататын тілдік құралдар арқылы қимылдың өту мерзімін білдіреді. Бірінде мағына бір грамматикалық форма арқылы беріледі, екіншісінде әр деңгейге жататын тілдік құралдар кешені арқылы беріледі. Демек, грамматикалық шақ категориясының да, темпоралдылық категориясының да ортақ инварианттық мағынасы – қимылдың өту мерзімін білдіру. Яғни бұл категориялардың семантикалық әлеуеті өз алдына бір мәселе болса, олардың мазмұндық ұқсастықтары екінші мәселе. Ал бұл категориялардың арасындағы айырма олардың тұрпат межесінде болып отыр. Айталық, шақ категориясының тұрпат межесі – грамматикалық форма, яғни шақ көрсеткіштері. Тілде грамматикалық шақ мағынасы белгілі бір тілдік құралдар арқылы беріліп, арнайы грамматикалық көрсеткіш ретінде қалыптасқан. Мысалы, жалпы осы шақты *-а, -е, -й* жұрнағы, нақ осы шақты *-ып, -іп, (-а, -е, -й)* және *жатыр, жүр*,

отыр, тұр қалып етістіктерінің тіркесі, неғайбыл осы шақты *-ғалы, -гелі* және *жатыр, жүр, отыр, тұр* қалып етістіктерінің тіркесі жасайды (А.Ысқақовтың жіктемесі). Осы сияқты басқа да шақ көрсеткіштері грамматикалық шақ категориясының тұрпат межесін құрайды.

Грамматикалық категорияның тұрпат межесі грамматикалық формалар болса, сөйлеу кезінде сөзформа құрамында ол категорияның бір ғана мүшесі қолданылады. Сондықтан грамматикалық мағына тұрпаттық жағынан бір ғана грамматикалық формамен беріледі дегенде, біз парадигмадағы грамматикалық формалар топтамасын негізге алмаймыз. Яғни әрбір грамматикалық форма бір грамматикалық мағынаны білдіреді. Мысалы, *-лар, -лер* жалғауы көптік мағынаны, *-ды, -ді* өткен шақ мағынасын білдіреді. Бір грамматикалық мағынаны білдірудің бір ғана тілдік құралы болады. Ал семантикалық категориялар тұрпаттық жағынан синтагмалық қатынастағы әр деңгейге жататын, бірақ инварианттық семантикалық сипаттары ортақ тіл бірліктерінің топтамасынан тұрады. Мұндағы инварианттық семантикалық сипаттары ортақ тілдік бірліктер деп ортақ семантикаға негізделген, бірдей функция орындауға қатысатын тілдік құралдарды айтамыз. Мысалы, лексикадағы *ертең, кеше* сөздерін алсақ та, немесе, грамматикалық шақ формаларын алсақ та, *«оқуды бітіргеннен кейін»* сияқты синтаксистік конструкцияны алсақ та, олардың барлығы қимылдың өту мерзімін білдіру мүмкіндігіне ие, әр деңгейге жатқанмен, шақтық (темпоралдық) мағына олардың барлығына ортақ инварианттық мағына болып табылады. Семантикалық категориялар өзіне қажетті тілдік құралдарды тілдің қай деңгейінен алса да, оларды ортақ функция атқару сипатына қарай таңдайды, айталық, жақтылық мағына беруде тілдің әр деңгейіндегі осы мағынаны білдіретін құралдар ғана іріктеледі, сол сияқты басқа да семантикалық категориялар мазмұндас тілдік құралдардың кешенінен тұрады. Қысқасы, грамматикалық және семантикалық категориялар мазмұн межесі жағынан, әлеуеттік жағын есепке алмағанда, бірдей, тектес болып келеді. Яғни олардағы тектік ұғым (родовое понятие) біреу. Тұрпаттық жағынан грамматикалық категориялардың (синтагмадағы) құрылымы жалғыз, шектеулі болып келсе, семантикалық категориялар бірнеше тілдік құралдар кешенінен тұратындықтан, олар құрылымдық (тұрпаттық, тұрпат межесі) жағынан күрделі болып келеді. Семантикалық категориялар – синтагмалық қатынастағы бірнеше тілдік құралдардың топтамасы болса, грамматикалық категориялар – парадигмалық қатынастағы грамматикалық формалар жүйесі. Ал грамматикалық категория синтагмада бір ғана грамматикалық форма болумен сипатталады. Қысқасы, жоғарыда айтылғандарды жинақтап, кесте арқылы көрсетсек:

Кесте 50 – Грамматикалық және семантикалық категориялардың айырмашылықтары

Грамматикалық категория	Семантикалық категория
Тілдік жүйе	Сөйлеу жүйесі
Тілдік орта	Сөйлеу ортасы
Статика	Динамика
Формадан мағынаға қарай	Мағынадан формаға қарай
Деңгейлік	Деңгейаралық
Біржүйелік	Көпжүйелік
Жүйелі саралушы	Жүйелі үйлестіруші
Тілдік категория	Ұғымдық категория
Мағыналық мүмкіндігі шектеулі	Шектеусіз (кең)
Тұрпаты қарапайым	Тұрпаты күрделі

Қорыта келгенде, *грамматикалық категория* дегеніміз – тек грамматикалық мағыналар жиынтығы ғана емес, сол тектес, мәндес, әрі бір-біріне қарама-қайшы грамматикалық мағыналарды білдіретін, парадигмалық сипаттағы грамматикалық тұлғалар жүйесі болса, *семантикалық категория* – белгілі бір (ұғымдық) категорияны, мағынаны беруге жұмсалатын лексикалық және грамматикалық тілдік құралдардың топтамасы.

Грамматикалық категориялар мен семантикалық категориялар зерттеу бағыттары, талдау әдістері, мазмұн және тұрпат межелері, сонымен қатар тіл мен ойлау категориясы болуы, бірінің тілдік категория, екіншісінің сөйлеу жүйесіне жатып, сөйлеу бірлігі болумен ерекшеленеді. Алайда олар бір-бірімен байланысты ұғымдар, өйткені семантикалық категориялар өз бастауын ұғымдық категориялардан алғанмен, жалпытілдік категория ретінде, көбінесе, тіл жүйесіндегі грамматикалық категорияларға негізделеді.

4.3 Темпоралдылық категориясының жалпы сипаттамасы

Шақ (ағылшын тілінде *tense*, француз тілінде *temps*, неміс тілінде *tempus*, испан тілінде *tiempo*) – іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысты анықталатын етістіктің грамматикалық категориясы. Қазақ тілінде «шақ», орыс тілінде «время» ағылшын, неміс, француз тілдерінде «темпорал» формасында беріледі. Орыс тілінің құрылымдық грамматикасында шақ категориясы «категория времени», ал функционалды грамматикада «темпоральность» терминімен аталады. Ал қазақ тілінің құрылымдық грамматикасында етістіктің шақ категориясы, функционалды грамматикада жоғарыдағы «темпоральность» терминін «шақтылық» немесе орыс тіліндегі, сондай-ақ басқа да шет тілдердегі жүйесін сақтап «темпоралдылық» категориясы деп атауға болады. Темпоралдылық – предикативті негіздегі семантикалық категориялардың бірі.

Темпоралдылық қимылды сипаттаушы қызметі жағынан аспектуалдылық категориясымен тығыз байланысты. Өйткені темпоралдылық қимылдың өту мерзімін білдірсе, аспектуалдылық қимылдың қалай өткендігін білдіреді. Әсіресе, қимылдың созылыңқы, не қысқа өтуі сияқты мағыналарды білдіргенде аспектуалдылық категориясы қимылдың өту мерзімі категориясынан тыс тұра алмайды. Аспектуалдық қимылдың ішкі уақытын білдірсе, темпоралдылық – анық **дейктикалық** сипаттағы «сыртқы уақытты» білдіреді. Аспектуалдық, яғни қимылдың өту сипаты – темпоралдылықтан өзгеше мағыналық құрылым. Ол қимылдың даму сатысы (қимылдың басталуы, аяқталуы), созылыңқылық, дүркінділік т.б. қимылдың ішкі сипаттарын білдіреді. Мысалы, *Сілтідей тынып отырған жұрт ән аяқталысымен жер тепкілеп, үсті-үстіне қол соғып жатыр* (Қ.Жұмаділов). Бұл мысалда «тепкілеп» етістігі мен «үсті-үстіне» лексикалық бірлігі (үстеу) қимылдың дүркінділігін, қимылдың өту мерзімін емес, қимылдың өту сипатын яғни қалай өтіп жатқандығын білдіріп тұр.

Жоғарыдағы темпоралдылыққа қатысты алынған дейктикалық деген термин (грек. deiktikos) – нақтылауыш, айқындауыш, бір нәрсені анық көрсететін деген ұғымды білдіреді [218, 136 б.].

Темпоралдылық категориясы, басқа да семантикалық категориялар сияқты тіл жүйесіндегі грамматикалық категорияларды арқау етеді. Сондықтан шақ пен темпоралдылық категориялары бірімен-бірі тығыз байланысты. Темпоралдылық – іс-әрекеттің сөйлеу сәтімен өлшегендегі болып жатқанын, болып өткенін, алда болатынын ұғымдық деңгейде беретін жалпытілдік семантикалық категория, яғни грамматикалық шақ – шақ формаларынан көрінетін мағыналарды ғана қарастырса, семантикалық шақ-темпоралдылық – сөйлеудегі, тұтас мәтіндегі шақтық мағыналарды қарастырады.

Шақ тілдік жүйеде және сөйлеуде екі түрлі сипатта көрінеді. Құрылымдық грамматикада шақ грамматикалық категория ретінде қаралады. Грамматикалық категория ұғымы, көбінесе, морфологиядағы біртектес мағыналарды білдіретін грамматикалық формалар жиынтығы, сөз таптарының түрлену жүйесі ретінде түсініледі. Қазақ тілі оқулықтарында да грамматикалық ұғымдар мәселесін сөз еткенде грамматикалық категория осы морфологиялық көрсеткіштерді нысанаға алады. Категория болу шақтың белгілі бір уақытқа қатысты грамматикалық мағыналарды білдіріп, ол мағыналар парадигмалық қатар түзіп, өзара біртектес, әрі ішінара бір-біріне қарама-қарсы мағына білдіруімен және ол мағыналардың көрсеткіші – грамматикалық формаларының болуымен айқындалады.

Грамматикалық (морфологиялық) шақ категориясы білдіретін шақтық грамматикалық мағынамен мәнделсе, осы категорияны бастау негіз етіп алатын **темпоралдылық семантикалық категория** деген ұғым бар. Бұл екі ұғымның арасындағы айырмашылық бірінің өрісінің тар, екіншісінің өрісінің кеңдігімен байланысты. Бірінің өрісін шақ категориясының грамматикалық көрсеткіштері құраса, екіншісінің өрісін осы грамматикалық көрсеткіштермен қоса, шақ мағынасын білдіретін лексикалық бірліктер (үстеу), синтаксистік

конструкциялар кұрайды. Шақтың грамматикалық көрсеткіштері өздері жалғанған етістіктерге тек грамматикалық мағына үстеп, тілдің статикалық күйін танытса, темпоралдылықтың функционалды-семантикалық категориясының білдіретін мағынасы грамматикалық формалардың мағыналық аясына сыймайды, шақтың семантикалық категориясы сөйлеудегі тұтас берілетін сөйленім мағынасын қамтиды. Семантикалық категориялар сөйлеу актісінен туындайтын нәтиже, сондықтан олар тілдің тек динамикалық күйінде ғана көрінеді. Мысалы, тілдік жүйеде *-ды, -ді* жұрнағы қимылдың, оқиғаның жақын арада болып өткендігін білдіріп, жедел өткен шақ формасы деп аталады. Ал сөйлеудегі темпоралдық мағына білдіруге қатысатын тілдік құралдар саны шексіз, олар бір, кейде бірнеше болуы мүмкін. Мысалы, *Қазір Күңше Игіліктің үйінде сауыншы болып жүр (Ғ.Мүсірепов)*. Бұл сөйлемде темпоралдық (шақтық) мағына бірнеше тілдік құралдармен берілген. Шақтық мағына беруге лексикалық бірлік (*үстеу - қазір*) және *-ып жүр* аналитикалық форманты қатысқан. Сөйлемдегі осы шақ мағынасын білдіретін *-ып жүр* формасы қимылдың дәл болған уақытын жалпы түрде көрсетеді. Сондықтан да ғалымдардың көпшілігі «жүр» етістігін нақ осы шақ жасаушы көрсеткіштер қатарында көрсетпейді. Мәселен, Қ.Жұбанов «жүр» етістігін кәдімгі осы шақ деп атап, бұл етістіктің ұзаққа созылған қимыл-әрекетті білдіретінін атап көрсетсе [65], Т.Қордабаев жалпы осы шаққа жатқызады [140]. Шақ көрсеткіштерінің мағыналық ерекшелігі жайлы Ы.Маманов шақ формалары қимылдың дәл өту мезгілін сөйлемде мезгіл үстеулерімен, жыл санын көрсететін сан есімдермен тіркесіп келгенде ғана нақты түрде білдіре алады деп жазады [158]. Жоғарыдағы мысалда қимылдың дәл өту мезгілі «қазір» мезгіл үстеуі арқылы нақтыланып тұр. Демек, морфология деңгейінде қимылдың өту мерзімін шақ көрсеткіштері білдірсе, функционалды грамматикада шақ мағынасын беруге тілдің әр деңгейіне жататын тілдік құралдар қатысады. Олай болса, грамматикалық категорияны тілдік жүйеде, семантикалық категорияны сөйлеуде қарастырамыз. Бірақ бұл категориялар бір-бірімен үнемі байланыста болады. Өйткені, тілдік жүйесіз, тілдік құралдарсыз коммуникация болу мүмкін емес.

Функционалды-семантикалық категориялар құрылымы жағынан алғанда өріс ретінде қаралады. Сондықтан «функционалды-семантикалық категория», «функционалды-семантикалық өріс» терминдері қатар қолданылады. *Темпоралдылық – сөйлеушінің сөйлеу сәтіне не басқа бір бастау нүктеге қатысты адамның уақыт туралы жағдаяттар мен оның элементтерін қабылдауы мен қорытуын, яғни қимылдың өту мерзімін білдіретін семантикалық категория.* Сонымен қатар *темпоралдылық – осы семантикалық категорияға негізделіп, осы категорияның түрлі варианттарын беру үшін қолданылатын әртүрлі тілдік құралдардың жиынтығынан тұратын функционалды-семантикалық өріс.* Әртүрлі тілдік құралдарға грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік), лексикалық, сонымен

катар құрама (лексика-грамматикалық, грамматикалық-мәнмәтіндік т.б.) тілдік құралдар жатады.

Бұл ұғымдарды мазмұн және тұрпат межелері тұрғысынан түсіндіруге болады. Функционалды-семантикалық категория тілдік категория болғандықтан оған мазмұн меже және тұрпат меже тән. Оның мазмұн межесін морфологиялық категорияларға ұқсас, мысалы, шақ, жақ, рай, қимылдың өту сипаты т.б. тәрізді мағыналар, ал оның тұрпат межесін тілдің әр деңгейіне жататын (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық) тілдік құралдар құрайды. Енді қимылдың өту мерзімін білдіретін мағынаны грамматикалық және семантикалық категориялар шеңберінде алып қарастыралық. Қимылдың өту мерзімі тілдік жүйеде грамматикалық формалардың мағынасы ретінде ұғынылады. Грамматикалық шақ категориясының **мазмұн межесі** (мағыналық қыры) қимылдың немесе уақиғаның сөйлеу сәтімен өлшенеді. «Қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін, немесе болып жатқанын, не әлі болмағанын, бірақ болатынын білдіреді» [163, 199 б.]. Тілде шақ көрсеткіштері осы мазмұн межесіне қарай топтастырылып, үш түрге (өткен шақ, осы шақ, келер шақ) бөлініп қарастырылады. Шақ категориясының **тұрпат межесі** – грамматикалық форма, яғни шақ көрсеткіштері. Тілде грамматикалық шақ мағынасы белгілі бір тілдік құралдар арқылы беріліп, арнайы грамматикалық көрсеткіш ретінде қалыптасқан. Мысалы, жалпы осы шақты *-а, -е, -й* жұрнағы, нақ осы шақты *-ыл, -ін (-а, -е, -й)* және *жатыр, жүр, тұр, отыр* қалып етістіктерінің тіркесі, неғайбыл осы шақты *-ғалы, -гелі* және *жатыр, жүр, тұр, отыр* қалып етістіктерінің тіркесі жасайды (А.Бісқақовтың жіктемесі) [163]. Осы шақтың мағыналық топтарының, сондай-ақ басқа да өткен шақ, келер шақтың мағыналық топтарының грамматикалық көрсеткіштері грамматикалық шақ категориясының тұрпат межесін құрайды.

Сонымен, етістіктің шақ категориясының мағынасы – қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіру сол категориялардың мазмұн межесі болып, тұрпат межесі – грамматикалық шақ көрсеткіштері болса, семантикалық категориялардың да мазмұн межесі белгілі бір семантикалық аяға енетін тілдік құралдардың мазмұндық сипаты болады. Ал тұрпат межесі әр деңгейге жататын тілдік құралдар болып табылады. Темпоралдылық категориясының мазмұн межесі – қимылдың өту мерзімін білдіру де, тұрпат межесі – қимылдың өту мерзімін білдіретін әр деңгейге жататын тілдік құралдар. Дәлірек айтқанда, бірі – мағына, екіншісі – форма.

Морфологиялық категориялар – функционалды-семантикалық категориялардың бастау негізі. Морфологиялық шақ категориясы қимылдың өту мерзімін (темпоралды мағына) білдіретін ең негізгі тілдік құрал. Темпоралдылық өрісін анықтауда бірінші кезекте шақтың морфологиялық көрсеткіштері негізге алынады. Келесі кезекте осы мағыналық өрісті жасауға қатысты тілдік элементтер анықталады. Мысалы, қазақ тілінде темпоралдылықтың функционалды-семантикалық өрісіне етістіктің шақ

категориясы негіз болады да, *қазір, кеше, бүгін, ертең* сияқты лексикалық бірліктер шақ формаларымен өзара сәйкестеніп, өрістік мағына беруге үлес қосады. Лексикалық бірліктердің семантикалық сипаттары, олардың грамматикалық орталығы етістіктің шақ формалары болып табылатын функционалды-семантикалық категорияға меншіктілігі анықталады.

Темпоралдылық терминінің аясы «келер шақ», «осы шақ», «өткен шақ» түріндегі қатынастармен шектелмейді. Ол шаққа қатысты таксис және шақтық локалдылық ұғымдарымен де тығыз байланысты. Темпоралдылық тар аяда шақтық қатынастарды білдіретін семантикалық категория жүйесінде қарастырылса, кең аяда оның таксистен, шақтық локалдылықтан айырмашылықтарын анықтау тұрғысынан нақтыланып, кеңінен қарастырылады. Кең аяда қарастыру темпоралдылықтың табиғатын толық әрі нақтырақ тануға мүмкіндік береді.

Темпоралдылық семантикалық категория ретінде қарастырылғанда, ең алдымен, оның басқа семантикалық категориялардан ажырататын өзіне тән категориялық семантикалық ерекшеліктері, екіншіден, темпоралдылық категориясының басқа семантикалық категориялармен байланысы мен олардың астас келу ерекшеліктері талданады. Талдау кезінде анализдің яғни талдау әдісінің семантикалық бағыты (мағынадан формаға қарайғы) доминант бағыт болады. Темпоралдылық функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастырылғанда **өріс құрылымына** талдау жасалады. Темпоралдық өрісін құрайтын компоненттер – біртектес мағына әрі өзара бір-біріне қарама-қарсы мағынаны білдіретін грамматикалық шақ категориясы, синтаксистік конструкциялар, лексикалық құралдар – темпоралдық лексемалар және сөз тіркестері (бүгін, өткен жылы т.б.), әр деңгейлі элементтердің әртүрлі тұтастықта келуі, темпоралдылық өрісінің құрылымы – орталығы (ядро) және перифериясы, ФСӨ-нің ядросынан біртіндеп жақын және алыс өрістерге ығысуы сияқты мәселелерге талдау жасалады. Мұндай терминологиялық сипат басқа да семантикалық категорияларға тән. Мәселен, аспектуалдылықты алар болсақ, ол әрі семантикалық категория ретінде әрі осы семантикалық категорияға негізделген ФСӨ ретінде қаралады. Мұны басқа да етіс, жақтылық, таксис, сандық, сапалық т.б. семантикалық категорияларға қатысты да айтуға болады. Олай болса, темпоралдылық термині бір жағынан «темпоралдылықтың семантикалық категориясы, екінші жағынан «темпоралдылықтың функционалды-семантикалық өрісі» тұрғысынан қарастырылады.

Сонымен, біз алдымен темпоралдылықты семантикалық категория ретінде қарастырғанда оның мазмұн межесін негізге алып, шақтық қатынастардың түрлеріне тоқталамыз. Ал өріс ретінде қарастырғанда темпоралдылықты тұрпат межесі тұрғысынан алып, өрісті құрайтын тілдік бірліктерге талдау жасаймыз.

Темпоралдылықтың актуалданған категориялық сипаты. Сөйленімнің категориялық сипаты «актуалданған категория» ұғымымен байланысты [180]. Өйткені функционалды грамматика семантикалық категорияларды актуалданған категория ретінде қарастырады. Актуалданған

категориялар мен предикативті категориялардың ұқсас жақтары да, бір-бірінен айырмашылықтары да бар. Предикативті категориялар мен актуалданған категориялардың ұқсастығы сол, екеуінде де сөйлеуші көзқарасындағы сөйленім мазмұнының шындық болмысқа қатысы жайлы сөз болады. Ал айырмашылығы – предикативті категориялар таза тілдік тұрғыдан синтаксистік категория ретінде танылады және оның негізінде сөйлем жатады, ал актуалданған категория ұғымы тілден тыс экстралингвистикалық факторлармен ұштасатын функционалды аяда қарастырылады. Актуалданған категориялар және соған сәйкес сөйленімнің кез келген тілдік құралымен берілетін функциялар өздерінің синтаксистік ерекшеліктеріне тәуелсіз болып, актуалдану процесі мен нәтижесін білдіріп, тілдік жүйеден сөйлеу жүйесіне өтеді. В.В.Виноградов шақты синтаксистік категория ретінде қарастырғанда шақ категориясын предикативтілік жасаушы элемент, сөйлемді грамматикалық тұрғыдан ұйымдастырушы элемент деп анықтайды. Темпоралдылық таза синтаксистік категория бола алмайды. Темпоралдылық, яғни сөйленімдегі уақытқа қатысты мағыналар (шақтық қатынастар) тек синтаксистік құрылымдар арқылы берілмейді. Оған басқа да тіл деңгейіне жататын тілдік единицалардың белгілі дәрежеде қатысы болады және коммуникация үстінде пайда болады.

Сөйленімде міндетті түрде болатын мағыналар – модалдылық, темпоралдылық (шақтық), жақтылық (персоналдылық) мағыналар екені жоғарыда айтылды. Осы міндетті мағыналардың қайсысы алдыңғы орында, яғни олардың иерархиялық орын тәртібі жайлы сөз болғанда ғалымдардың дені модалдылық мағынаның алдыңғы орында тұратынын айтады. Ғалымдардың пайымдауынша, модалдылық темпоралдық мағынаның берілуіне жағдай жасайды. Мәселен, реалды (айқындық) мағынаны білдіретін индикативті модалдылық (ашық рай) түрлі темпоралдық қатынастардың берілу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл қатынастар, әсіресе, шақ формаларынан айқын көрінеді. Ал ирреалды (шартты рай, бұйрық рай, қалау рай) модалдылық темпоралдылық қатынастардың айқын берілуін шектейді. Мысалы, *«Бүгіннен қалмай бар»* деген сөйленімде негізгі жағдаят іс-әрекетке сөйлеушінің қатысы, яғни бұйрықтық мағына болып табылады. Сөйлеуші тыңдаушыдан іс-әрекеттің орындалуын талап етуді мақсат етіп қойған. Бұл сөйленімдегі шақтық мағынадан гөрі модалдылық мағына жетекші қызмет атқарып тұр.

Актуалданған семантикалық категорияларды екі түрге бөлуге болады: бірі – **бағытталатын (ориентационный)**, екіншісі – **бағытталмайтын (неориентационный)**. Бағытталатын категорияға шақтық (темпоралдылық) және жақтылық (персоналдылық) жатады. Мәселен, жақтылықта (персоналдылықта) іс-әрекет сөйлеуші, тыңдаушы және үшінші бөгде жаққа, ал темпоралдылықта іс-әрекет өткенге, келешекке немесе осы уақытқа қарай бағытталады.

Темпоралдылық – векторлық категория. Вектор латынның *vector* – «везущий, несущий» деген мағынаны білдіретін сөзі. Сандық және бағыттық

мағынаны білдіретін тік сызық арқылы бейнеленетін өлшем, яғни оған белгілі бір сызық бойында қозғалатын бағыттық сипат тән. Ойымызды төмендегідей сызба арқылы көрсетсек:

Темпоралдылықтың векторлық сипаты:

Сөйлеу сәтінен бұрынғы Сөйлеу сәтіндегі Сөйлеу сәтінен кейінгі
 <А-----Б-----В-----Г>

Шақтық дейксис

Дейктикалық орталық

Өткен шақ

Осы шақ

Келер шақ

Іс-әрекеттің болып өткендігі немесе болып жатқаны немесе алдағы уақытта болатыны сөйлеу сәті арқылы белгілі болады. Егер іс-әрекет АБ кесіндісінің бойында жүзеге асқан болса, сөйлеу сәтінен бұрын болған іс-әрекет ретінде танылады. Іс-әрекеттің өту мерзімі А-ға қарайғы бағытта жүрген сайын іс-әрекеттің өте ертеде болғандығын білдіреді. Қазақ тілі оқулықтарында мұндай өткен шақты ежелгі өткен шақ деп атайды. Егер іс-әрекет Б-ға жақын уақыт кесіндісінде өткен болса, онда іс-әрекеттің жақын арада болғандығын көрсетеді. Бұл қазақ тілі оқулықтарында жедел өткен шақ деп беріледі. Енді, екінші кесінді бойында орындалып жатқан іс-әрекеттерге келетін болсақ, бұл БВ кесіндісі сөйлеу сәтімен сәйкес келетін іс-әрекеттерді негізге ала отырып, осы уақыт кесіндісінде жүзеге асқан іс-әрекеттердің әртүрлі семантикалық қырларын анықтайды. Мұндай семантикалық ерекшеліктер осы шақ деп қаралып жүрген шақтың бір түрінің өзінің ішінара бірнеше мағыналық топтарға жіктелетінін көрсетеді. Осы негізде қазақ тілі оқулықтарында нақ осы шақ, жалпы осы шақ деп аталатын түрлері сараланып, олар осы шақтың түрлері ретінде беріліп жүр. Жоғарыда берілген сызба бойынша, егер іс-әрекет ВГ кесіндісінде іске асатын болса, бұл сөйлеу сәтінен кейін яғни алда болатын іс-әрекетті көрсетеді, бұл қазақ тілі оқулықтарында келер шақ деп аталады. Бұл кесінді бойында өтетін іс-әрекеттердің өту мерзімінің де өзіндік семантикалық қырлары бар. Сол негізде келер шақ жалпы келер шақ, болжалдық келер шақ, мақсатты келер шақ болып жіктеледі. Бірақ ескертетін бір нәрсе, келер шақтың мақсатты, болжалды деп аталатын түрлері семантикалық бөлінісі жағынан уақыт кесіндісіне тәуелсіз алынған сияқты. Ежелгі өткен шақ, нақ осы шақ тәрізді түрлері жоғарыда берілген сызбадағы сызықтың қай бұрышына жатуына қарай жіктелсе, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ түрлері ВГ сызық бойына жататын яғни осы уақыт кесіндісіне тәуелді, бірақ сызықтың бағыттық сипатына тәуелсіз, мақсат, болжам тәрізді модалдық мәндерді беру ерекшелігіне қарай жіктелген [163]. Қазақ тілінде шақ формаларын жіктеу бірізді емес. Шақ категориясының жіктелу жайы жайлы біз жоғарыда үшінші тарауда сөз еткенбіз. Сондықтан бұл мәселеге арнайы тоқталып жатпаймыз. Енді *вектор* ұғымына қайта оралайық.

Сызық бойымен өлшенетін шақтық ұғымды үстеулер арқылы да нақты беруге болады. Мысалы, сөйлеу сәтінен бұрын болған іс-әрекеттердің А-ға қарайғы бағытта көрсету үшін, яғни іс-әрекеттің ертеректе болғандығын білдіру

үшін «өте ертеде», «баяғыда», «ілгеріректе», «әлдеқашан» тәрізді сөздер қолданылады. Сызбаның ортаңғы тұсында болған іс-әрекетті білдіру үшін «өткенде», «әнеугүні» сияқты сөздер, ал В-ға жақын өткен іс-әрекет «кеше», «бүрсігүні», «әлгіде», «бағана» сияқты үстеу сөздермен тиянақталады. Демек, лексикалық бірліктерге де векторлық сипат тән, бұл жалпы темпоралдылық категориясының бірден-бір ерекшелігі болып табылады.

Сөйлеу сәті – шақтық меженің орталығы және шақтық қатынастардың негізгі бастау нүктесі болып табылады.

Сондай-ақ шақтық меже сөйлеу сәтімен сәйкес келмеуі де мүмкін. Мұндайда бастау нүкте ретінде сөйлеу сәтінен басқа бір кезең алынады. Мысалы, *Мені күтетінін білмеген едім*. «Күтетінін» сөз формасы алдағы уақытта болатын іс-әрекет жайлы да, ал «білмеген едім» тіркесі өткен шақты білдіреді. «Күтетінін» етістігінің шақтық мағынасы тікелей сөйлеу сәті арқылы емес, оның мағынасы «білмеген едім» етістігінің өту мерзімі арқылы анықталады. Бұл мысалдағы «басқа сәт» шақтық меженің екіншілік бастау нүктесі болып табылады.

Кейбір сөйленімдердегі шақтық межені анықтау қиын, мұндай құрылымдар шақтық меженің күрделі типі деп аталады және мұндай сөйленімдерде шақтық меже сөйлеушінің сөйлеу сәтімен сәйкес келмейді. Мысалы: *Ол үстелге отырды, қолын тізесіне қойды да ойға шомды*. Хабарлама түрінде берілген бұл сөйлем уақытқа қатысты бірінен кейін-бірі болып жатқан іс-әрекетті білдіреді. Бірақ бұл сөйлемдегі жеке іс-әрекет болсын, не олардың жиынтығы болсын өткенде болған белгілі бір анық болған оқиғалармен байланыссыз. Сондықтан сөйлеушінің (әдеби шығарма авторының сөйлеу сәтімен) сөйлеу сәтімен сәйкес келмейді. Мұндай шақтық межені екіншілік меже деп атаймыз. Демек, мұндай меже шартты түрде алынады да, екіншілік меже деп аталып, шақтық меженің (дейксис) күрделі типіне жатады.

Шақтық дейктикалық орталық. Шақтық қатынастар бастау нүктелердің тіл жүйесінен және сөйлеу жүйесінен көріну сипатына қарай екі жақты қарастырылады. Бастау нүкте – (точка отсчета) шақ (темпоралдылық) категориясын межелі категория деп атаудың негізгі критерийі. Осы бастау нүкте арқылы шақ тілдік тұрғыдан өткен шақ, осы шақ, келер шақ, сөйлеу жүйесінде болып өткен (предшествование), болып жатқан (одновременность), алда болатын (следование) іс-әрекет болып үш топқа бөлінеді. Бастау нүкте шақ түрлерінің анықтағышы, ол осы анықтағыштық сипатына сәйкес шақтық дейктикалық орталық болады. Дейксис дегеніміз – объекті немесе субъектіні сілтеп көрсету қызметі. Лингвистикалық сөздіктерде *дейксис* ұғымын негізінен сілтеу есімдіктеріне, сондай-ақ шақ, жақ категорияларына қатысты түсіндіреді [219, 126 б.]. Сілтеме сілтеу есімдіктерінде «анау», «мынау», «сол» т.б. түрінде объектіні мекендік қырынан анықтаса, мезгілдік қырынан іс-әрекеттің өту мерзімін шақтық қатынастар тұрғысынан анықтайды. Жаққа қатысты бірінші жақ сөйлеуші, екінші жақ тыңдаушы тұрғысынан анықталады. Бірінші жақ дейксисі дейтін болсақ, оны сөйлеуші жаққа сілтеме, екінші жақ дейксисі десек

тыңдаушы жаққа бағытталған сілтеме ретінде ұғынамыз. Сонымен дейксисті – сілтеме, ал дейктикалық терминін – сілтемелік немесе сілтеу деп тануға болады. Қарапайым танымымызда жоғарыда анықтағыш деп көрсетілген «шақтық дейктикалық орталық (временной дейктический центр)» терминін «шақтың сілтеме көрсеткіші» десек те болар еді. Біз, әзірше, бұл терминді *шақтық дейктикалық орталық* түрінде қолданамыз.

Сөйлеу сәті және шақтық қатынастардың басқа да межелері сөйлеуде грамматикалық шақ формалары және темпоралдылық мағына беретін басқа да тілдік құралдар арқылы жүйелі-тілдік сипат алады да, бұл жүйелі-тілдік бастау нүкте шақтық дейктикалық орталық деп аталып, тіл жүйесіндегі шақтық бастау нүкте болады. Ол тілдік жүйеде шақтық меженің орталығы болып табылатын тілден тыс сөйлеу сәтінің бейнесін көрсетеді, яғни темпоралдылық мағынаны білдіретін тілдік құралдар арқылы объективтенеді.

Сөйлеу сәті – тілден тыс фактор. Тілдік жүйеде шақтық дейктикалық орталық сөйлеу процесінде қолданылатын шақтық меженің орталығы ретіндегі тілдік емес сөйлеу сәтінің бейнесін көрсетеді. Шақтық дейктикалық орталыққа тілдік емес сөйлеу сәтімен қоса басқа да бастау нүктелер, яғни екіншілік шақтық межелер де енеді.

Шақтық дейктикалық орталық, әсіресе, етістіктің шақ формаларының жүйесінен көрінеді. Шақ формалары жүйе құруда яғни өткен шақ, келер шақ, осы шақ болып бөлінуде белгілі бір бастау нүктені меже етіп алады. Бұл меже дейктикалық орталық деп аталып, осы орталық межеге негізделген жүйе құрайды. Демек, категория құрамындағы компоненттер (түрлері) осы межеге бағынып, соның негізінде топ-топқа бөлініп, олардың жиынтығы категория құрауға мүмкіндік алады.

Етістіктің әрбір шақ формасы өздерінің категориялық мағыналарында осы дейктикалық орталыққа белгілі бір дәрежеде қатысты болады. Мысалы, «жазамын» сөзформасы осы бастау нүктеге қатысты алдағы болатын істі (следование), яғни келер шақ мағынасын білдіреді. Өйткені етістіктің шақ формаларының жүйесінде жоғарыдағы *-а* көсемше формасының категориялық мағынасы – келер шақты білдіру.

Нақты сөйлеу актісінде аталған форманың грамматикалық бастау нүктеге қатынасы тілден тыс сөйлеу сәтімен байланысады. Мысалы: «*Мен сізге хат жазамын*» дегенде келер шақ мағына сөйлеушінің сөйлеу сәті арқылы анықталса, «*Жазамын деп уәде бердім ғой*» дегенде келер шақ өткен шаққа қатысты анықталып тұр. Бұл мысалдағы «жазамын» сөзі алдағы уақыттағы іс-әрекетті білдірсе, «уәде бердім ғой» дегенде болып өткен іс-әрекетті білдіріп, келер шақ өткен шақ тұрғысынан берілген. Демек, іс-әрекеттің өткен немесе болып жатқан, немесе алда болатындығы сөйлеу актісінде сөйлеушінің сөйлеу сәті арқылы анықталады. Бұл жердегі сөйлеу сәті тілдік емес екендігі белгілі, сондықтан бұл шақтық меже де тілдік емес. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, тілдік жүйедегі шақтық мағынаны білдіретін тілдік құралдар (грамматикалық формалар немесе лексикалық бірліктер т.б.) нақты сөйлеу

актісіне түспей-ақ жеке семантикалық ерекшеліктері ретінде өздеріне бекітілген мағыналары арқылы шақтық мағыналарды білдіре алады. Мысалы, *-ды, -ді, -ған, -ген* формалары – өткен шақ, *-а, -е, -й* формалары – келер шақ мағынаны білдіреді, сондай-ақ «кеше», «былтыр», «бүрсігүні» сөздері – өткен шақ, «қазір» сөзі – осы шақ мағынасын білдіреді. Жоғарыда берілген етістіктің шақ формаларымен келген сөздер, лексикалық бірліктер статикалық күйде тұрып-ақ шақ мағыналарын береді. Ал нақты сөйлеу актісінде статикалық күйде тұрған тілдік құралдар сөйленімнің басқа да элементтерімен байланысып, тілдік жүйеден сөйлеу жүйесіне өтеді де динамикалық күйге ауысады. Мұндайда шақтық дейктикалық орталық қызметін сөйлеу сәті атқарады. Демек, шақтық дейктикалық орталық болу екі жақты сипатта екен, бірі – тілдік жүйеде шақтық мағына білдіруге бейімделген тілдік құралдар, екіншісі – тілден тыс яғни тілдік емес сөйлеушінің сөйлеу сәті.

Сонымен, шақтық дейксистің *реалды (тілдік емес) және жүйелі-тілдік орталығы* болады. Шақтық қатынастардың тілдік емес бастау нүктесі мен шақ формалары арқылы берілетін түрі өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, шақ формалары арқылы өткен шақ, келер шақ, осы шақ түрінде ұғынып, «айтты» сөз формасын – өткен шақ мағына, «айтамын» сөз формасын – келер шақ мағына деп түсінеміз. Бұлар шақтық меженің жүйелі-грамматикалық орталығына қатысты анықталған. Осы сөз формалары нақты сөйлеу актілерінде не болып өткен іс-әрекет не алда болатын іс-әрекет ретінде беріледі. Мысалы, *Мен оған ертегі айтып бердім, Мен ертең не болғанын айтамын*. Бірінші сөйлемде сөйлеу сәті тұрғысынан болып өткен іс-әрекет екендігі, екінші сөйлемде алда болатын іс-әрекет екендігі анықталады. Демек, сөйленімдегі шақтық дейктикалық орталық қызметін негізінен тілдік емес сөйлеу сәті атқарады да, ол тілдік сипат алғанда грамматикалық шақ формалары, басқа да темпоралдылық элементтермен беріледі.

Шақтың жүйелі-тілдік дейктикалық орталығы мен тілдік емес сөйлеу сәті (басқа да шақтық межелер) біріне-бірі тәуелді. Бір жағынан шақтың дейктикалық орталығы тілдік жүйеде сөйлеу процесінде қолданылатын тілдік емес сөйлеу сәтіне қатысты қатынастардың бейнесін көрсетеді. Екінші жағынан шақтық дейктикалық орталыққа қатысты сол тілде қалыптасқан шақ формалары мен темпоралды қатынастарды білдіретін басқа да тілдік құралдар сөйлеу процесінде қолданылып және уақытқа қатысты жағдаятты білдіретін қатыныстарды беру және қабылдау құралы ретінде қызмет етеді. Сөйленім мақсатына қарай сөйлеуші іс-әрекеттің өту мерзімін білдіруде сөйлеу сәтіне бағамдап шақтың грамматикалық формаларын және басқа да тілдік құралдарды қолданады.

Шақтық дейктикалық орталық, грамматикалық бастау нүкте ретінде, әсіресе, белгілі бір шақтық мағына білдіретін етістіктің шақ формалары мен синтаксистік конструкцияларда көрініс табады. Бірақ тұтастай алғанда, шақтық дейктикалық орталық грамматикалық шақ шеңберінен шығып кетеді. Етістіктің шақ парадигмасынан басқа да темпоралдылық мағынаны білдіретін тілдік

құралдардың сәйкестігінде де көрінеді. Мысалы, «кеше, өткен аптада, жақында, ертең, дәл қазір т.б. лексикалық көрсеткіштер – темпоралды қатынастарды беретін пысықтауыштық бірліктер. Бұл лексикалық көрсеткіштер де етістіктің шақ формалары сияқты «қазір» түріндегі дейктикалық орталықты меже етеді.

4.4 Темпоралдық қатынастардың түрлері

Функционалды-семантикалық категориялар сөйлеу жүйесінің тілдік бірлігі болып табылатындықтан, сонымен қатар семантикалық функция дегеніміз тұтас сөйленімнің функциясы болғандықтан, мұндай сөйленім арқылы берілетін мағынаны «қатынас» терминімен атаған дұрыс. Тілдің құрылымдық жүйесінде бұл термин көбінесе құрмалас сөйлемдерге қатысты бұрын да қолданылып жүрген болатын. Осындай бірнеше предикативтік орталықтары бар құрмалас сөйлемдер бір-бірімен байланыс, қатынас жасай отырып, өз мазмұнының анықтайтын болса, сол сияқты сөйленімдегі семантикалық функциялар да тұтас сөйленім мазмұнын қамтитындықтан, өзара ортақ мағыналық сипаттарына қарай бір-біріне тәуелді қатынастық жүйе құрайды. Шақтық (темпоралдық) қатынас ұғымын да тұтас сөйленім мазмұнында көрініс табатын шақтық мағыналардың өзара байланысы деп түсіну қажет.

Темпоралдық категориясы өз мазмұнының негізінен векторлық ұстаным бойынша сөйлеу сәтін меже ету арқылы анықтайтыны белгілі. Аталған семантикалық категорияның дейктикалық орталық болып табылатын сөйлеу сәтінің қатысына қарай бірнеше темпоралдық қатынастарды білдіруі оның осы негізгі семантикалық функцияны анықтайтын шақтық меже, өлшембірлік болуымен байланысты.

Темпоралдылық – дейктикалық категория, оның осы дейктикалық сипатына қарай шақтық межесі болып табылатын сөйлеу сәтін функционалды грамматикада «шақтық дейксис» терминімен атайды. Яғни шақтық дейксис (сөйлеу сәті) темпоралдылық категориясының негізгі семантикалық межесі, өлшем бірлігі болып табылады. Осы тұрғыдан темпоралдылық қатынастарды А.В.Бондарко шақтық дейксиске қатысына қарай бірнеше түрге бөліп қарастырады. Біз жұмысымызда ғалымның атап көрсеткен шақтық дейксиске қатысты жіктелген шақтық қатынастың үш оппозициялық түріне ғана тоқталамыз.

- 1) актуалды/бейактуалды шақтық қатынас;
- 2) абсолютті/қатыстық шақтық қатынас;
- 3) контактілік (жақынддық) және дистанттық (алшақтық) қатынас.

Актуалды/бейактуалды шақтық қатынас. Мұндай жіктелім сөйлеу жағдаятының актуалдану/актуалданбау сипатына және онымен байланысты сөйленім мазмұнындағы ситуациялық ақпаратпен байланысты сараланған. Яғни сөйлеу жағдаятының сөйлеу сәтіне қатысына қарай актуалданған және актуалданбаған шақтық қатынас болып бөлінеді. Сөйленімді осылай екі тұрғыдан қарастыру сипатына қарай лингвистикалық бағыттар қалыптасқан.

Мәселен, Э.Бенефист шақ категориясын зерттей келе, сөйленімді «сөйлеу тұрғысынан» (план речи) және «тарихи тұрғыдан» (исторический план) бөліп көрсетеді. Сөйленімнің осы екі аспектісі актуалды және бейақтуалды шақтық қатынас ұғымдарымен байланысты.

Актуалданған жағдаятқа құрылған сөйленімде сөйленім мазмұны сөйлеу жағдаятымен тығыз байланысты болады. Сөйлеу жағдаяты сөйлеу актісіне коммуниканттардың қатысу-қатыспау сипатымен анықталады. Яғни сөйлеуші мен тыңдаушы сөйлеу кезіндегі ситуативті ақпаратты беруге тікелей қатысса, мұндай сөйленім актуалданған жағдаятқа құрылған сөйленім деп аталады.

Бұл қатынас әсіресе диалогқа тән. Мысалы: *Құлыншақ азырақ көзін жұмып отырды да:*

- *Атшабарыңның сабалғанын айтасың. Жарықтығым Майбасар, басыма сырық, малыма құрық сілтеген өз қылығыңды, осы Майбасар қылығын сен неге айтпайсың? Мырза көрсе, әуелі соны неге көрмейді? Сені неге тергемейді? – деді.*

- *Теріс жайылма! Теріс көшпе, оңға көш, ақсақал! Мен кінәласқалы, арылғалы келдім!*

- *Теріс көшпе деймісің? Жоқ, мен көшкелі отырмын. Сенен ажырап, ана жаны ашитын ағайынның ортасына көшкелі отырмын! (М.Әуезов).*

Бұл сөйлемдердің диалогқа құрылғандығы белгілі. Диалог дегеніміз – екі немесе бірнеше адамның өзара қарым-қатынасы кезінде болатын сөйлеу типі.

Шақтық дейксистің актуалдануының бірден-бір құралы әртүрлі шақ түрлерінің (осы шақ, өткен шақ) бір сөйленімде тұтас берілуі яғни қимылдың өткен шағы мен осы шақтың қатар берілуі. Бұл қатынас **қазір-бұрын** типіндегі пысықтауыштық тілдік құралдардың қатысуымен беріледі. Демек, мұндай қатынаста қимыл-әрекеттің өту мерзімі мен қазіргі сөйлеп тұрғандағы уақыт өзара сәйкестікке құрылады.

Мысалы: **Бұрын** баласы: *«Жатақ боп жатамыз ба?» деп көлік әкеп, көп ел ойға көшсе – ойға, қырға көшсе – қырға ілесе беретін. Мал тойыны, шаруа есебі дейтін емес. Әйтеуір құр жас болған соң дүрмектен қалмау сияқты. Онда Қодар өзі де, «тым құрыса, аққа тәуір болармыз, біреуден там-тұм сауын сауармыз» деп, елге ергенге қарсы болмаушы еді. Ал **биыл** ағайын өзі білмесе, балам өліп еді деп, енді жатқа телміргендей көлік сұрап жүргенді лайық көрмеді (М.Әуезов). Мен **бүгін** он төртінде туған айдай толықсыған Гүләйманмын. Ертең ше? **Ертең** – малмын, күңмін, қайғы – қасіретпін (Д.Әбілев). **Бұрын** қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. **Қазірде** қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозғылданған (М.Әуезов).*

Актуалданбаған шақтық қатынасқа құрылған сөйленімде сөйленім мазмұны сөйлеу жағдаятымен, әсіресе, сөйлеу сәтіндегі сөйлеуші (жазушы) позициясына тікелей қатысты болмайды. Мысалы: *Келесі күні Құнанбай ауыл, ауданымен бала-шағаларымен үндемей көрісті де, ұлықтарға еріп, атқа мінді (М.Әуезов).* Бұл сөйлемдегі әрбір іс-әрекеттің өту мерзімі сөйлеу сәтімен сәйкес келмейді. Іс-әрекеттің өткен шақта болып кеткені сөйлеушінің қазіргі сөйлеу

уақытымен өлшенбейді де, шартты өткен шақ ретінде қаралады. Шақтық қатынас көркем шығармадағы жазушының да немесе сөйлеу тіліндегі сөйлеушінің де сөйлеу сәтіне тікелей қатыссыз. Мұндай сөйлемдерде өткен шақ формалары арқылы берілген шақтық мағына бейақтуалды яғни актуалданбаған қимыл-әрекетті білдіреді. Себебі өткен шақ формалары арқылы берілген әрбір қимыл-әрекеттің өту мезгілі сөйлеу кезіндегі (көркем шығарма авторының жазу кезіндегі) осы шақпен (сөйлеу сәтімен) сәйкес келмейді. Ол шығармада хабарланып жатқан уақытпен, яғни шартты өткен шақпен сәйкес келеді. Сондықтан сөйленімдегі әрбір қимыл-әрекеттің өту мезгілін білдіретін өткен шақ формалары шындық өмірдегі осы шақпен, яғни сөйлеу сәтімен салыстырғандағы өткен шақ қызметін атқарып тұрған жоқ. Басқалай айтқанда, жоғарыдағы сөйлемдердегі өткен шақ формалар сөйлеу сәтіне қарай актуалданбаған қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдірген. Яғни автор үшін де, тыңдаушы үшін де шығармадағы қимыл-әрекеттің өту мерзімі сөйлеу сәтіне қатыссыз. Олардың арасында іс-әрекеттердің бірінен кейін бірі болып жатқандығын білдіретін шақтық байланыс қана бар. Мұндай баяндау тәсілі шығармадағы әрбір оқиға, іс-әрекетке қатысты өрбіп, дамып отырады. Мұндай баяндау типі көркем шығарманың негізі болып табылады. Мысалы:

«Әлі күн шыққан жоқ, елең-алаң еді. Жиырма ауыл жүктерін артып жатқанда, жым-жырт үнсіз қимылдаса, енді түйелерін тұрғызып, жөнеліп бергенде жамыраған қозыдай неше алуан үнге басты. Біресе жүк батқан түйе бақырады. Енесінен адасқан бота боздайды. Әр ауылдың өш иттері бір-біріне арсылдасады. Айқай салып шапқылаған аттылар, жүкші жігіттер көрінеді. Бала жылайды, шешелер ұрысады. Қиқулап айқай салып, мал қайырған малшылар, жас-кәрілер үндері әлсін-әлі келеді (М.Әуезов, Абай жолы).

Жоғарыда берілген мәтіндегі қимыл-әрекеттер шығарма мазмұнындағы грамматикалық сөйлеу сәті арқылы созылықтық мағынаны, яғни толассыз болып жатқан іс-әрекетті білдіреді. Бұл мәтіндегі іс-әрекетке жазушының сөйлеу сәтінің қатысы болмайды.

Актуалданбаған жағдаяттағы шақтық қатынасқа көркем шығармадағы баяндаудың өткен шақ және осы шақ формалары ғана емес, ғылыми еңбектердегі, оқу құралдары мен оқулықтардағы ережелер мен заңдылықтарды беретін осы шақ формалары да жатады). Мысалы: *«Жай септеу деп септік қосымшаларының тікелей зат есімдердің және басқа есім қызметін атқаратын сөздердің тура түрлеріне жалғанатын түрлерін айтамыз. Ал тәуелді септеу деп септік жалғауларының зат есім немесе зат есім қызметін атқаратын басқа сөздердің тәуелді түріне жалғануын айтамыз [163, 58 б.].* Бұл сөйлемдердегі “айтамыз” етістігі арқылы берілген осы шақ автордың сөйлеу сәтімен актуалды сәйкестікте емес.

Актуалданбаған жағдаяттағы сөйлеу типіндегі шақтық дейксистің өзіндік ерекшеліктері жайлы Ю.С.Маслов былай деп жазады: «Бұл формалар шындық өмірдегі осы шақпен яғни сөйлеу сәтімен сәйкес келмейді. Шартты түрдегі «эпикалық уақытты» білдіреді» [220, 24-25 б.].

Әртүрлі сөйлеу типтері арқылы берілетін дейктикалық қатынастар әртүрлі болғанмен, олар шақтық дейктикалық орталыққа негізделген етістіктің шақ формалары жүйесі мен басқа да темпоралдылықты білдіретін тілдік құралдарға тән векторлық сипатының ортақтығы арқылы тұтасады.

Дейктикалық қатынастардың сөйлеудегі мүмкіндіктері шақ формаларының және темпоралды қатынастарды білдіретін басқа да тілдік құралдардың семантикалық мүмкіндігі (потенциалы) арқылы тұрақталып, орнығады.

Абсолютті және қатыстық шақ. Сөйлеу сәтінің шақтық дейктикалық орталық қызметін атқару ерекшелігіне байланысты темпоралдық қатынас **абсолютті және қатыстық** шақ болып екіге бөлінеді.

Сөйлеу сәті дейктикалық орталық болу қызметін атқарып тұрса, шақ абсолютті болады да, дейктикалық орталық болу қызметі сөйлеп тұрған уақыттағыдан басқа екінші бір сөйлеу сәтіне жүктелсе, онда ол қатыстық шақ болады. Демек, абсолютті шақ дегеніміз – қандай да бір сөйленімде берілген темпоралдық қатынастағы сөйлеу сәтінің дейктикалық орталық қызметін атқаруы.

Абсолютті шақ актуалды және бейактуалды жағдаятта беріледі. Мысалы, *Ол кеше біздің үйде он минуттай отырды да кетіп қалды. Мұғалім балалармен ұзақ сөйлесті, содан соң үй тапсырмасын берді де үйіне қарай аяңдады.*

Бірінші сөйлемде де, екінші сөйлемде де темпоралдық қатынас анық, айқын, шақтық мағына әрбір етістіктің грамматикалық формалары (-ды), сондай-ақ «кеше», «содан соң» лексикалық бірліктері арқылы берілген. Бұл екі мысал да абсолютті шақтық қатынаста жұмсалып тұр. Өйткені, бұл мысалдардағы іс-әрекеттің өту мезгілі екінші бір қимыл арқылы емес, негізгі сөйлеу сәті арқылы анықталған. Енді осы мысалдарды әрі қарай талдайтын болсақ, абсолютті шақтық қатынастағы жоғарыдағы сөйленімдердің бірі – актуалды жағдаятта, екіншісінің бейактуалды жағдаятта қолданылып тұрғанын байқаймыз.

Актуалды жағдаяттағы сөйленімде іс-әрекетке сөйлеуші мен тыңдаушы тікелей қатысты болады. Жоғарыдағы бірінші сөйленімде іс-әрекетке сөйлеуші мен тыңдаушының қатысы анық көрініп тұр, сондықтан актуалды жағдаяттағы абсолюттік шақтық қатынаста жұмсалған. Ал екінші сөйленімде сөйлеуші мен тыңдаушы іс-әрекетке тікелей қатысты емес, сондықтан бейактуалды немесе актуалданбаған жағдаяттағы абсолютті шақтық қатынаста жұмсалған дейміз.

Абсолютті және қатысты шаққа бөлу мәселесі индикатив және релятивке қатысты А.Беличтің синтаксистік теориясымен байланысты. А.Беличтің пайымдауынша, релятивті шақ қатыстық шақ ұғымына жақын. Релятивті шақта қимылдың өту мерзімі сөйлеушінің сөйлеу сәтімен сәйкес келмейді. Сөйлеу сәті шақтық дейктикалық орталық қызметін атқармайды. Мысалы, 1) *Құстар ұшып кетті.* 2) *Күзде құстар жылы жаққа ұшып кетті, орманда мүлгіген тыныштық орнады.* Бірінші сөйленімде осы шақта яғни сөйлеу сәтінде өткен іс-әрекет жайлы хабарлама жасалып тұр. Іс-әрекеттің болып

өткендігі осы шақта хабарланып тұр. Бұл сөйлемдегі етістіктің шағы индикативті болып табылады. Екінші сөйленімде іс-әрекет сөйлеп тұрған уақытқа яғни сөйлеу сәтіне, осы шаққа қатыссыз. Яғни іс-әрекеттің күзде болғандығы қазіргі уақытты білдірмейді. А.Белич мұны релятивті шақ деп атайды [221, 374-375 б.]. Бірінші сөйленім хабарлау түрінде, екінші сөйленім баяндау түрінде айтылады.

Сонымен, жоғарыда айтылған фактілерге сүйенсек, бейақтуалды шақ пен қатыстық шақ түрінің біріне-бірі ұқсас жақтары барын байқаймыз. Бұл екі жағдайда да (бейақтуалды және қатысты) қимылдың өту мерзімі сөйлеу сәтіне тікелей қатыссыз, сөйлеушінің қатысынсыз анықталады. Бірақ бұл екеуін біріне-бірі пара-пар деп көрсетуге болмайды. Өйткені қатыстық шақтық меже сөйлеу сәтімен өлшенбей, шақтық меже басқа іс-әрекет арқылы анықталады.

Грамматикада шақты абсолютті және қатыстық шақ деп жіктеу үрдісі бар. Көптеген тілдерде қатыстық (релятивті) шақ арнайы формалар арқылы беріледі. Кейбір тілдерде (орыс тілінде) етістік формалары әрі абсолютті шақтық мағына әрі қатыстық шақтық мағынада бірдей қолданыла береді. Мысалы, орыс тілінде «Он придет» және «Он обещал, что придет». Формасы бірдей «придет» сөзі бірінші сөйленімде абсолютті шақта, екінші сөйленімде қатыстық шақта қолданылған.

Қазақ тілінде осыған ұқсас мынадай мысалды айтуға болады: «*Ол келеді*» және «*Марат Сәкен келеді деп сеніп отыр*». Бірінші сөйленімдегі «келеді» етістігі абсолютті шақ, екінші сөйленімдегі «келеді» етістігі қатыстық шақ мағынасын береді.

Орыс тілінде қатыстық шақтық қатынасты білдіретін арнайы форма жоқ. Дегенмен, көсемше формалары үнемі қатыстық шақтық мағынаны білдіреді. Абсолютті шақтық қатынаста жұмсалмайды. Мысалы, «*Открывая/открыв; Открывая ящик стола, он увидел ...*». Негізгі қимылдың өту мерзіміне қарай не болып өткен (открыв) не болып жатқан (открывая) қимылды білдіреді.

Абсолютті және қатыстық шақ мағыналары шақтық дейксис орталықтарының әртүрлі болуына байланысты.

Абсолютті шақтық межеде субъектінің (сөйлеуші немесе жазушы) сөйлеу сәті дейктикалық орталық қызметін атқарады. Қимылдың өту мерзімі екінші бір қимылдың қатысынсыз, субъектіге (С) тікелей қатысты анықталады. Ал **қатыстық шақта** шақтық меже яғни дейктикалық орталық екінші бір қимылдың өту мерзімі арқылы анықталады және іс-әрекетке екінші бір субъектінің (С') қатысы болады. Мұндағы екінші субъекті деп отырғанымыз – екінші бір іс-әрекет жайлы сөйлеушіге сәйкес келетін немесе сәйкес келмейтін (сөйлеушіден басқа субъект) субъектінің санасындағы ой. Демек субъектінің ойындағы, пайымдауындағы екінші бір іс-әрекеттің өту мерзімі беріледі. Іс-әрекет сөйлеушінің сөйлеу сәтіне тікелей қатысты болмайды. Мысалы, *Ол мені тағы келеді деп ойлады*.

Мен тағы келемін деп ойладым.

Мұндай сөйлемдерде қимылдың өту мерзімі сөйлеп тұрған субъектінің

көзқарасы арқылы анықталады. Субъект сөйлеушімен бірде сәйкес келсе, бірде сәйкес келмеуі мүмкін. Жоғарыдағы сөйлемнің біріншісінде субъект – бөгде адам, екінші сөйлемдегі субъект – сөйлеушінің өзі болып тұр. Шақтық қатынас тұрғысынан шақтық дейктикалық орталық сөйлеу сәтімен сәйкес емес. Жоғарыдағы сөйлемдердегі «менді» екі түрлі субъект ретінде қарастыруға болады. Бірінші сөйлемдегі субъект - С'- екінші бір адамның көзқарасындағы қимыл-әрекетті білдіреді, екінші сөйлемдегі субъект – С – сөйлеу сәтіндегі сөйлеушінің қимыл-әрекетін білдіреді.

Осыны келер шақта төмендегі сөйлемдер арқылы да түсіндіруге болады. Мысалы, *Мына жерге де Марат өз аты-жөнін жазыпты. ...Бұл мақаланы Марат кейін өмір бойы ұмытпайтын болады.* Сөйлеуші не жазушы алдымен өткен оқиғаны, іс-әрекетті айтады да, соңынан келер шақта болатын іс-әрекетке болжам жасайды. Алдыңғы сөйлемдегі субъект – С, екінші сөйлемдегі субъект – С', өйткені бірінші сөйлемде сөйлеуші іс-әрекетті өткен шақта айтып тұрып, артынша алда, келер шақта болатын іс-әрекет жайлы айтқанда, екінші бір адамның іс-әрекетін (кейін өмір бойы ұмытпайтынын) өзінің қабылдауы, өзінің пайымдауы бойынша баяндайды. Демек, субъектінің көзқарасы, пайымдауы бойынша берілетін іс-әрекеттің өту мерзімінде субъект С' - екіншілік субъект болады.

Кейде сөйлемде қатыстық шақтың кезектес қолданысы да болады. Мұндайда іс-әрекеттің өту мерзімі екінші бір қимылға қатысты, бағынышты болып тұрады. Біріншісі екіншісіне, екіншісі үшіншісіне иек арта байланысады. Мысалы, *Ол аяғының ұйып бара жатқанын сезсе де, басқышпен жоғары қарай көтерілді.* Бұл сөйлемде үш қимыл бар, соған сәйкес үш қимылдың өту мерзімі берілген. Бірінші қимыл – «ұйып бара жатқанын» екінші қимыл – «сезсеге», «сезсе» үшінші қимыл «көтерілдіге» тәуелді. Соңғы қимыл ғана тиянақты, екінші бір қимылға тәуелсіз, дербес абсолютті межесі бар өткен шақта тұр. Сондықтан негізгі қимыл болып табылады. Бұл айтылғандардан тиянақсыз формада тұрған етістіктер, сабақтас құрмаластардың бағыныңқы сыңарлары қатыстық шақ түрін жасауға бейім болады деген қорытынды жасауға болады.

Абсолютті шақ пен қатыстық шақ (темпоралдылық) бір-бірінен айқын ажыратылғанмен, кейде олардың тоғысуы да болып отырады. Мәселен, кейбір іс-әрекеттің өту мерзімі әрі абсолютті әрі қатыстық шақтық межеде беріледі. Айталық, грамматикалық шақ формалары С – субъектінің сөйлеу сәті тұрғысынан абсолютті шақты білдірсе, С' - субъектінің сөйлеу сәті тұрғысынан қатыстық шақты білдіреді. Сонда тікелей субъектіге қатысты қимыл абсолютті шақ, ал сөйлеуші тікелей қатысты емес қимыл қатыстық шақ болады. Мысалы, *Жаңбырдың тарсылдап жауып жатқанын естимісің?* Бұл сөйлемде «жаңбырдың жауып жатуы» «естимісіңге» қатысы тұрғысынан қимылдың қазір болып жатқанын білдіріп, қатыстық шақ болады. Сонымен қатар «жаңбырдың жауып жатуы» сөйлеушінің сөйлеу сәті тұрғысынан осы шақты білдіреді. Сондықтан абсолютті шақ болады. Тағы бір мысал, *Бала жылайды деп қорықпаңыз.* «Жылайды» етістігі «қорықпаңызға» қатысты келер шақ

мағынаны білдіріп (С' тұрғысынан), қатыстық шақ ретінде танылса, сөйлеу сәтіне қатысты (С тұрғысынан) да келер шақты білдіреді. «Қорықпаңыз» етістігі екінші бір қимылға тәуелсіз, ол сөйлеушінің сөйлеу сәті арқылы келер шақтық мағынаны береді. Яғни «қорықпаңыз» етістігінің шақтық мағынасы сөйлеу сәтімен өлшенген. Сондықтан абсолютті шақ болады.

С.С.Құнанбаева мәтінде не сөйлемдегі грамматикалық формалардың сөйлеуге, яғни сөйлеу межесі мен баяндау межесіне қарай шақ абсолютті және қатыстық шақ болып танылады деп көрсетеді. Автордың пайымдауынша, егер шақтың грамматикалық формасы сөйлеу актісіне тікелей қатысса, онда абсолютті бастау нүктеге жатады. Ал баяндауда етістіктің шақ формалары қатыстық бастау нүктеге жатады. Сондықтан мұндай сөйленімдегі шақтық меже шартты болып, яғни екінші бір қимылдың шақтық межесі арқылы анықталады.

Автор: «Необходимо еще раз подчеркнуть, что темпоральные ситуации в художественном тексте относятся к плану информации или повествования и включаются в относительную временную систему с условной точкой отсчета, в которой взаимный порядок является основной, отражаемой в ситуации, временной характеристикой», - деп жазады [189, с. 20].

Қазақ тілінде шақ формаларын жіктеуде бірізділік жоқ екендігі белгілі. Оның бірнеше себебі бар. Солардың негізгісі – шақтық мағынаны парадигмалық және синтагмалық мағыналары тұрғысынан жіктеп қарастырылмауы. Мәселен, қазақ тілінде шақтық меже екі жақты (бірі – тікелей коммуникацияның негізіндегі, екіншісі – баяндау формасындағы шақтық мағына) қарастырылмайды. Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық шақ категориясы абсолютті шақтық межеге негізделген, яғни тікелей коммуникациядағы сөйлеу сәті арқылы анықталған да, соның негізінде грамматикалық сөйлеу сәті тұрғысынан грамматикалық шақ формалары тұрақталып, белгілі бір жүйелі шақтық мағына білдіруге бейімделген.

Тікелей коммуникация етістіктің грамматикалық формаларының парадигмалық мағыналары арқылы беріліп, шақтың абсолютті межесінде жатса, баяндауда (повествование) ол синтагмалық қатынас арқылы анықталып, шақтың қатыстық межесіне жатады. Шақтық мағынаны жоғарыда көрсетілген межелер бойынша анықтау грамматикалық шақ категориясын жіктеуде негізге алынуы қажет. Бұл мәселе жайлы С.С.Құнанбаева былай деп жазады: “Выделение абсолютной и относительной осей временной ориентации связывается нами с различием двух речевых сфер: непосредственной коммуникации и повествования, первая из которых формирует систему абсолютных времен с моментом речи в качестве точки отсчета. Ось абсолютных времен в связи с ее соотнесенностью с актом непосредственной коммуникации является осью настоящего времени, а ось относительных времен – осью прошедшего времени” [189, с. 33].

Түркі тілдерінде абсолютті шақ межесі тілден тыс сөйлеу сәтінің бейнесі болып табылатын грамматикалық бастау нүктеге негізделген. Оның берілу жолдары әртүрлі.

Шақ формаларының абсолютті жүйесі абсолютті бастау нүктесі сөйлеу сәті болатын нақты коммуникацияны, ал абсолютті шаққа қарама-қарсы, яғни синтагмалық қатынас арқылы анықталатын **қатыстық шақ** жүйесі баяндау, ақпарат беруді қамтамасыз етеді. Қатыстық шақта етістіктің шақ формалары шартты бастау нүктеге қатысты, яғни бір қимылдың өту мерзімі екінші бір іс-әрекеттің өту мерзімі арқылы анықталады. Шартты түрде, абсолютті шақ – осы шақ өсіне (ось) жатса, қатыстық шақ өткен шақ өсіне жатады.

Қимылдың өту мерзімі мен сөйлеу сәтінің арасындағы контактілік (жақындық) және дистанттық (алшақтық) қатынас.

Сөйлеу сәті қимыл-әрекеттің өту мерзімін айқындайтын негізгі шақтық меже екендігі жоғарыда айтылды. Енді осы сөйлеу сәті мен амал-әрекеттің өту уақытының (мерзімінің) арасындағы қашықтық дәрежесін, яғни сөйлеу уақыты мен іс-әрекеттің өту уақытының арасындағы байланысты көрсететін шақтық қатынастар болады. Мәселен, сөйлеу сәтіне жақын аралықта, жуық арада болған оқиға сол сөйлеу сәтімен байланысты үзбейді. Коммуниканттар бұл оқиға туралы толық хабардар болады, оқиғаның өткені айқын, қазіргі тұрғысынан актуалды, актив құрылымда тұрады. Өткен оқиға мен қазіргі уақыттың аралығында белгілі дәрежеде байланыс, контакт болады. Ал болып өткен оқиғаның өту мерзімі қазіргі уақыттан, яғни сөйлеу сәтінен алшақтаған сайын шақтық қатынас дистанттық қатынасқа ұласады. Мұндайда өткен оқиға мен қазіргі сөйлеу сәтінің арасында байланыс үзіле бастайды. Коммуниканттар үшін бұл оқиғаның болып өткені жақында болып өткен оқиғаға қарағанда айқын емес, бұл оқиға қазіргі сөйлеу уақыты үшін актуалды емес, пассив құрылымда тұрады. Біз әзірге бұл шақтық қатынастарды сөйлеу сәтіне алшақтық (дистанттық) және жақындық (контактілік) қатынас түрінде қолданамыз.

Қазақ тілінде етістіктің шақ формалары арқылы шақтық мағына жалпы түрде ғана беріледі. Іс-әрекеттің, оқиғаның өту мерзімінің жақын аралықта не өте ұзақ мерзім аралығында болатыны негізінен пысықтауыштық нақтылағыштар арқылы белгілі болады. Мысалы: *ертеде, көп жыл бұрын, қазір ғана, көп уақыттан соң т.б.*

Қимылдың өту мерзімінің жақын аралықта не ұзақ мерзім аралығында болғанын не болатынын білдіру бір-біріне симметриялы қатынаста жүреді. Өткен шақ әртүрлі тілдік құралдармен беріліп, көбінесе қимылдың өту мерзімі сөйлеу сәтінен көп уақыт бұрын болған қимылды білдірсе, ал келер шақ сөйлеу сәтіне жақын арада болған оқиғаны білдіруге бейім болады. Демек, өткен оқиғаға қашықтық (ұзақтық, алшақтық) (отдаленность), келер шақта болатын қимыл-әрекетке жақындық (близость) меже тән (бірақ бұл «қатаң» емес). Айталық, сөйлеу сәтінен көп бұрын болған оқиғаны баяндау көбінесе ауыз әдебиеті үлгілеріне, тарих салаларына тән. Әсіресе, ертегі жанрында кез келген

ертегінің басталуы «*ерте заманда, бұрынғы өткен заманда, есте жоқ ерте заманда, ерте-ерте ертеде, ... т.б.*» тіркестермен басталатыны белгілі. Сол сияқты тарих мәліметтерінде де «ежелгі дәуірде, ежелгі уақытта» сияқты тіркестер қолданылады.

Қазақ тілінде сөйлеу сәтінен көп бұрынырақ болған оқиғаны баяндау синтаксистік құралдармен ғана емес, грамматикалық формалар арқылы да беріледі. Мысалы, -ып + ты: ***Баяғыда бар бай болыпты. Оның жалғыз баласы болыпты;***

-а + ды + екен: *Ол жылына бір рет жер шарын аралауға шығады екен.*

Мұндай құрылымдар, яғни ертегілерде лексикалық нақтылауыштар (баяғыда) көбінесе ертегі басталарда айтылып, қалған жағдайда лексикалық нақтылауышсыз, грамматикалық формалар арқылы беріле береді. Жоғарыдағы «болыпты», «шығады екен» сияқты құрылымдар лексикалық нақтылауыштарсыз-ақ сөйлеу сәтінен көп уақыт бұрын болған оқиғаны баяндап тұр. Қазақ тілінде бұл формалар ежелгі өткен шақ деп аталады.

Сонымен, қазақ тілінде қимыл-әрекеттің сөйлеу сәтінен санағанда жақын немесе ұзақ уақыт аралығында өтуін білдіру негізінен лексиканың еншісіне тиеді яғни пысықтауыш қызметіндегі лексикалық нақтылағыш құралдар арқылы беріледі. Шақтық мағынаны грамматикалық шақ көрсеткіштерінің жалпы түрде ғана беретінін қазақ ғалымдары Ы.Маманов, Т.Қордабаев т.б айтып кеткен.

Орыс тілінде ертеде болған іс-әрекетті білдіретін тілдік құралдар көп емес. Мысалы, *говаривал, едал, езжал, знавал, читывал, пивал, писывал т.б.* Мұны ежелгі өткен шақ (давнопрошедший) деп атайды. Бірақ мұндай қолданыстар сирек ұшырасады. Сондықтан «говаривал» типті сөздер темпоралдылық өрісінің орталығына жатпай, жақын шеткі өрістерінің бірінде тұрады. Осы тәрізді жақын аралықта болатын келер шақ орыс тілінде «Я пошел, побежал» құрылымында кездеседі. Бұл сөйлеу тіліне тән құрылымның семантикасы – жақын арада болатын келер шақты білдіру.

Көптеген тілдерде шақтың сөйлеу сәтіне қашықтық дәрежесі грамматикалық формалар арқылы берілмейді. Көбінесі лексикалық жолмен беріледі. Ал грамматикалық формалар арқылы шақтың қашықтық (алшақтық және жақындық) дәрежесі берілуге мүмкіндігі бар тілдер де бар. Грамматикалық формалар арқылы қашықтықтың оппозициялық формалары негізінен келер шақтан гөрі өткен шаққа қатысты анық көрінеді.

4.4 Темпоралдылық макроөрісінің мағыналық құрылымы

Өткен шақ микроөрісінің мағыналық құрылымы.

Реалды уақыт өткеннен келешекке қарай тоқтаусыз өтіп жатыр. Шын уақыт – ол қазіргі уақыт, келешек белгісіз, ал өткен уақыт санадағы уақыт болып табылады. Дүниенің пайда болғанынан бастап қазіргі кезге дейінгі созылыңқы уақытты тарихи уақыт деп атайды. Тарихи уақыт – өткеннің суреті, онда қайтып оралушылық болмайды. Бірақ өткен уақыт адам басынан кешірген

оқиғалардан тұратындықтан, санада қалыптасып, қорытылып, жүйеге түседі. Сол себепті де адамдар болып өткен оқиғаларды уақыт пен кеңістіктің ішінде алып, жүйелі түрде баяндай алады, еске түсіреді, ой елегінен өткізеді. Өткен уақытқа тән мұндай жүйелілік абстракцияланып, грамматикаланған тілдік құралдардың да ішкі мағыналық құрылымына салынған. Тілдік жүйеге түскен етістіктің шақ формаларының ішінде аталған өткен уақыттың тілдік бейнесін жасайтын өткен шақ тұлғалары шақ категориясының құрамындағы осы шақ, келер шақ түрлерінен мағыналық топтарының көптігімен ерекшеленеді.

Өткен шақ тұлғалары векторлық сызық (сызықтық өс) бойында сөйлеу сәтіне дейінгі бөлікті құрайды. Етістіктің өткен шақ формалары сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекетті білдіреді. Өткен шақтың грамматикалық көрсеткіштері шақтық мағына білдіруде жеке дара парадигмада тұрып, құрылымдық функция орындаумен ғана шектелмейді. Сөйлеу кезінде ол синтагмалық мағыналарды да игеріп отырады. Синтагма, көлденеңінен, сөздердің тізбегінен тұратындығын ескерсек, шақ көрсеткіштерінің мұндай позицияда (сөйлеуде) тілдік (сөйлеу) ортамен тығыз қарым-қатынаста болатынына көз жеткіземіз. Ал тілдік ортаны құраушы сөйлеу бірліктері морфологиялық көрсеткіштер ғана емес, сөйлеуде қолданылатын барлық тілдік құралдар. Сондықтан сөйлеу кезінде берілетін шақтық мағына грамматикалық шақ тұлғасы арқылы ғана емес, шақтық семантиканы беретін басқа да тілдік деңгей (лексика, морфология, синтаксис) бірліктерінің ортақ функциясына негізделеді. Темпоралдылық категориясына негізделген функционалды-семантикалық темпоралдық өрісі тектік ұғым болғандықтан – макроөріс, ал оның өткен шақ, осы шақ, келер шақтары түрлік ұғым ретінде – микроөріс деп аталады.

Грамматикалық шақ сөйлеу кезіндегі темпоралдық мағынаны беруші негізгі тілдік құрал қызметін атқарады. Біз жоғарыда функционалды-семантикалық өріс туралы тақырыпшада сөйлеу кезіндегі негізгі семантикалық функцияны орындайтын тілдік құралдың өрістің өзегін, орталық бөлігін құрайтынын айтқан болатынбыз. Осындай темпоралдық мағынаны білдіріп, функционалды-семантикалық өріс жасауда негізгі ұйымдастырушы тілдік құрал қызметін атқаратын грамматикалық шақтың басқа да түрлері сияқты **өткен шақ көрсеткіштері өткен шақ микроөрісінің орталық бөлігін құрайды.**

Өткен шақ өрісінің перифериялық құралдары. Өткен шақтық мағына өріс орталығы болып табылатын етістіктің шақ формаларынан басқа тілдің лексика, синтаксис деңгейлеріне жататын тілдік құралдар арқылы да беріледі. Татар тілінің зерттеушісі Н.Х.Салехованың пайымдауынша, темпоралдық қатынастарды беру жүйесінде шақтық мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштер мен оның айналасында тұрған контекстік құралдардың арасында тығыз байланыс бар. Ал бұл контексті құраушы тілдік құралдар тілдің әр деңгей бірліктері (лексикалық құралдар, морфологиялық құралдар, синтаксистік құралдар) болып табылады [222].

Орыс және қазақ тілдеріндегі өткен шақтың функционалды-семантикалық өрісін зерттеген Н.Шаймердинова претерит (өткен шақ) семантикасын білдіретін әрдеңгейлік тілдік құралдарын үшке бөліп қарастырады: лексикалық құралдар (ЛҚ), лексика-синтаксистік құралдар (ЛСК), синтаксистік құралдар (СК) [223]. Зерттеушінің көрсетуінше, претериттік темпоралды сема сөйлеу сәтіне дейінгі іс-әрекетті және екінші бір қимыл-әрекетке дейінгі іс-әрекетті білдіреді (Автордың бұл жерде абсалютті және қатыстық деп аталатын шақтық мағыналарды негізге алғандығы байқалады).

Н.Шаймердинова претериттік семантика негізінен морфологиялық құралдар арқылы берілетінін айтады. Ал аталған лексикалық, синтаксистік тілдік құралдар тек қана ретроспективті семаны ғана білдіреді. Бұл пікірді қазақ ғалымдары да айтып кеткен. Мәселен, Ы.Маманов қазақ тілінде етістіктің шақ формалары қимылдың өту мерзімін жалпылама білдірсе, ал контекстегі лексикалық бірліктер оны нақтылайды деген болатын. Демек, қазақ тілінде шақтық мағына негізінен етістіктің шақ формалары арқылы беріледі де, ал контекстік нақтылауыш құралдар қосымша мағына үстейді. Осы белгісіне қарай морфологиялық құралдар претериттік семантиканы білдіретін темпоралдылық өрісінің орталық компоненті болса, лексикалық нақтылауыштар перифериялық құралдарына жатады. Бұл өткен шаққа да қатысты.

Қазақ тілінде претериттің, яғни өткен шақ өрісінің лексикалық құралдарын негізінен мезгіл үстеулері құрайды. Бұл жөнінде М.Балақаев былай деп жазады: «Мезгілдік үстеулердің мағыналарына лайық синтаксистік қызметі етістіктің шақтық мағынасын дәлдеу, толықтыру, айқындап көрсету болады» [224, 188 б.]. Сол сияқты Т.Қордабаев: «Шақтық көрсеткіштердің қай-қайсысы болса да болып өткен не болашақ іс-әрекеттерді жалпы білдіргені болмаса, олардың болған я болатын мезгілін нақты білдіре алмайды. Ондай нақтылық шақтық көрсеткіштердің емес, мезгіл үстеулерінің міндеті» - дейді [140, 57 б.].

Біз жоғарыда шақтың **векторлық** категория екендігін айтқан болатынбыз. Яғни темпоралдық өрісін сөйлеу сәтін меже ете отырып, сөйлеу сәтіне дейінгі және сөйлеу сәтінен кейінгі бөліктерге бөлуге болады. Сөйлеу сәтіне дейінгі сызықтық кеңістікті өткен шақ өрісі құраса, сөйлеу сәтінен кейінгі кеңістікте келер шақ өрісі тұрады. Ал осы шақ осы екеуінің ортасында, сөйлеу сәтімен сәйкес кеңістікте орналасады. Ал енді өткен шақ өрісінің өзі осы кеңістіктегі орналасу ретіне қарай есептеу нүктесі болып табылатын сөйлеу сәтіне іс-әрекеттің өту мерзіміне қарай әртүрлі қатынаста тұрады. Яғни бірі сөйлеу сәтінен есептегенде одан көп бұрын болып өткен іс-әрекеттің өту мерзімін білдірсе, сөйлеу сәтіне жақындаған сайын өту мерзімі жақындай түседі.

Қазақ тілінде іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысы тұрғысынан өткен шақ ежелгі өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, жедел өткен шақ болып жіктелген болатын. Ы.Маманов өткен шақты осы принцип бойынша жіктейді. Ал өткен шақты анық өткен шақ, танық өткен шақ деп жіктеушілер негізінен модальдық мағыналарға сүйенеді. Бұл жайлы жоғарыда кеңірек сөз болды.

Осы сызық бойында шақтың үш шағын өрісінің тілдік құралдары тұрады. Ол тілдік құралдар морфологиялық көрсеткіштер ғана емес, біз сөз етіп отырған лексикалық құралдар да осы өрістің перифериялық кеңістігіне орналасады. Сонда өткен шақты білдіретін мезгіл үстеулері де сөйлеу сәтіне дейінгі кесіндіде семантикалық сипатына қарай орналасады. Яғни сөйлеу сәтінен өте қашық тұрған (ретроспективтілік) өріс компоненті қазақ тілінде шақты бөлуде қолданылып жүрген ежелгі өткен шақтық мағынада жұмсалса, одан беріде, сөйлеу сәтіне жақындаған (проспективтілік) сайын бұрынғы, жедел өткен шақтық мағыналарды білдіру үшін қолданылады. Осы сөйлеу сәтіне қашықтық дәрежесі жағынан лексикалық құралдардың да орналасу реті болады. Мысалы, «баяғыда», «ежелгі заманда», «ертеде», «баяғы өткен заманда», «қадим заманда», «есте жоқ ежелгі заманда», «бұрынғы өткен заманда» т.б. лексикалық құралдар шақтық хронология бойынша сызық бойында сөйлеу сәтінен өте қашықта орналасады. Сызба:

Мысалы: *Баяғыда болыстар елден жылқыны үйірлеп, қойды қоралап алатын, бүгінгінің әкімі бір түрлі, қызық* (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). *Бұрындары Сұлтан бір ауылға іс-сапармен барған екен. Сонда сол ауылдың киномеханигі оны үйіне қонаққа шақырып қоймағанға ұқсайды* (Түркістан). Бұл сөйлемдердегі темпоралдық семантика негізінен етістіктің шақ формалары арқылы берілген, бірақ шақ формалары сөйлемдегі темпоралдық мағынаның өткен шаққа қатысын жалпылама білдіргені болмаса, сөйлемдегі оқиғаның болған уақыты лексикалық бірліктердің қатысуымен нақтыланған, егер бұл сөйлемдерді ежелгі өткен шақты білдіретін лексикалық нақтылауыштарсыз алатын болсақ, оқиғаның сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болғаны болмаса, оның өте ертеректе болғандығы туралы ақпарат берілмес еді. Сол сияқты сызық бойымен есептегендегі қимылдың болып өткен уақытын нақтылайтын лексикалық құралдар есептеу нүктесіне жақындаған сайын қимылдың болып өткен уақытын сөйлеу сәтіне жақындата түседі, яғни оқиға өте ертеде емес, одан берегіректе немесе тіпті сөйлеу сәтінен бірер жыл бұрын не бірнеше апта, күн, сағат т.б. бұрын болғандығы нақтыланады. Ы.Маманов шақты жіктеуде осы сызықтық ұстанымды негізге алып, *-ын, -ін, -п* формасын ежелгі өткен шақ, *-ған, -ген* формасын бұрынғы өткен шақ, *-ды, -ді* формасын жедел өткен шақ деп жіктеген болатын. Осы сияқты лексикалық құралдар да сызықтық ұстанымға сәйкес сызық бойында орналасу реті болады. Жоғарыда аталған *ертеде, бұрында* т.б. сияқты лексикалық құралдар оқиғаның өте ертерек болған оқиға екендігін айқындаса, *былтыр, алдыңғы жылы* сияқты қолданыстар іс-әрекеттің берегіректе болғандығын көрсетеді. Ал *жаңа, қазір, кеше* сияқты мезгіл үстеулері іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне өте жақын кезеңдерде болғандығын нақтылайды. Оқиғаның өту мерзімі сөйлеу сәтіне өте жақын аралықта болғанын білдіретін лексикалық құралдар шақты жіктеудегі өткен шақтың жедел түрімен сәйкес келеді. Алайда жедел өткен шақ формасының контексте, яғни қолданыста өте ертедегі оқиғаны да білдіруі мүмкін екендігі ғылыми

әдебиеттерде айтылып жүр. Біз бұл жерде шартты түрде статикалық (қолданыстаға емес) тұрғыдан айтып отырмыз.

Демек, қимылдың өту мерзімінің сөйлеу сәтіне қатысы тек морфологиялық формалар арқылы берілмейді, лексикалық құралдар да контекст арқылы бұл темпоралдық мағынаны нақтылап тұрады. Сонымен қатар сызықтық өлшем бойынша морфологиялық көрсеткіштер мен лексикалық құралдар көбінесе бір-бірімен **валенттік қатынаста** тұрады. Яғни *ертеде, ежелде, бұрында* сияқты сөздер жіктелген *-ып, -іп, -п* формалы етістіктер контекстінде жиі қолданылса, *кеше, өткенде, былтыр* сияқты лексикалық құралдар *-ды, -ді* формалы етістіктер контекстінде жиі кездеседі. Мысалы: ***Ертеде бір шаруа болыпты*** (Қаз. ертег.). ***Кеше*** *мұз ығардың алдында осы Еламанды ұрып, аузынан қарақанын ағызып жібергені есіне түсті* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ***Кеше*** *ғана ауыл болып марқұмның асын беріп қарызынан құтылдың* (Т.Нұрмағамбетов, Қарлығаш.).

Сызықтық өлшем бойынша ежелгі өткен шақты білдіретін лексикалық құралдарға қарағанда сөйлеу сәтіне қарай орналасатын өткен шақтық мағынаны білдіретін лексикалық құралдардың келесі тобы **белгісіздік мәнді сөздер**. Э.Кошмидер мұндай шақтық мағыналы сөздерді «вневременные лексемы» деп атаған. Яғни мұндай лексикалық құралдар өзі қатысқан контексте оқиғаның, іс-әрекеттің өту мерзімін нақты көрсетпейді. Мысалы: ***Кезінде*** *Ғабитхан молдадан он жылдар шамасы оқып, мұсылманша молдалық дәрежесіне жеткен* (М.Әуезов, Шығ.). ***Айқыз*** *бауырына салып алған жетім қыз Әсия да* ***бертінде*** *қайтыс болыпты* (Қ. Исабаев, Адал жан.). ***Бертінде*** *реті кеп, Дәметкен Жалтыршаға барып қайтса, жер ошақ та, киіз үйінің іргесін көмген шымның сақинасы да со қалпында жатыр екен* (С. Мұқанов, Аспаз). ***Анада*** *жылқыға да шауыпты. Қоңыр айғырдың айғырлығынан ғана аман қалғанға ұқсайды* (К.Қазыбаев, Ызғар).

Бұл сөйлемдердегі өткен шақ мағыналы лексикалық құралдар сызықтық өлшем бойынша сөйлеу сәтіне ежелгі өткен шақ деп аталатын шақтық мағынаға қарағанда біртабан жақын. Бірінші сөйлемдегі Ғабитханның молдадан оқығандығы анық та, дәл қашан оқығаны нақты көрсетілмейді. Екінші сөйлемде жетім қыз Әсияның қайтыс болған уақыты қай кез екендігі белгісіз, үшінші сөйлемде де Дәметкеннің Жалтыршаға барып қайтқандығы анық та, оның соңғы кездері, яғни сөйлеу сәтінен көп ұзақ емес, бірақ дәл қай кезде барғандығы анық емес. Төртінші сөйлемде де оқиғаның жақын арада болғандығы, болып өткендігі анық та, дәл қай уақытта өткендігі нақты көрсетілмейді. Демек, лексикалық құралдар қимылдың өту мерзімін білдіруде белгілілік, белгісіздік, айқындық, айқын еместік сияқты мәндерді үстеу мүмкіндігіне ие. Аталған *бертінде, кезінде, анада* т.б. лексикалық құралдар сызық бойындағы кеңістікте ежелгі өткен шақ пен жедел өткен шақ деп аталатын темпоралдық өрісінің орта тұсында тұрады.

Ал сөйлеу сәтіне өте жақын өткен шақтық мағынаны білдіретін кеңістікте морфологиялық құралдардан *-ды, -ді* жедел өткен шақ формасы тұрса,

лексикалық құралдардан осы қосымшамен контекстік валенттік қатынасқа жиі түсетін *кеше, жақында* сияқты сөйлеу сәтінің алдында ғана болған оқиғаны білдіретін лексикалық құралдар тұрады. Мысалы: *Мен кеше Ақдидар тәтейді көрдім. Ақдидар тәтей ше? Сіз білуге тиіссіз. Ақдидар Балташевна. Мектептің директоры (Р. Тоқтаров, Тұлпар.). Жақында Жарман екеуміз жеке отырып кеңескен болдық (М. Дүзенов, Ақәже).*

Сөйлеу сәтінің алдында болған, яғни жақын аралықта болған шақтық мағынаны тәулік кезеңдері атаулары да білдіре алады: *таңертең, сәскеде, түсте, бесінде, екіндіде, кешке, түнде* т.б. Мысалы: *Таңертең базарда өлтірем деп, Зынданға темірлеп салды дейді (Е.Тасмағамбетов, Ғашықтық дастандар). Ол ерте тұрып, кеш жатып, түсте ғана дамылдап, қарықтап аңгелек, қауын, жүгері екті (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.). Екіндіде аңшылар тұтаса тізіліп, шылбыр тастамға келісті (М.Мағауин). Кешке қырық қатын жиылып: Жібекті Төлегенге алып барамыз, - деп жеңгелік сұрады (Қыз Жібек). Жоғарыдағы сөйлемдерде жедел өткен шақтық сема лексикалық құралдар арқылы берілген, және бұл тәулік кезеңдері атаулары сөйлемдегі жедел өткен шақтық мағынаны нақтылай түскен.*

Лексикалық құралдар сызық бойында сөйлеу сәтіне жақындаған сайын осы шақтық мағынамен астаса бастайды. Сол себепті кейде контекст арқылы болмаса, олардың осы шақты не өткен шақты нақтылау үшін қолданылып тұрғандығын байқау қиындық тударады. Мұндай сөйлеу сәтіне өте жақын аралықта болып өткен, осы шақпен астасып жатқан шақтық мағынаны тілде «перфект» деп атайды. Олар: *қазір, енді, жаңа, әлгінде* сияқты сөздер. Мысалы: *Мен көрдім қызыл гүлді түсікеткен Тәнінен әлсізденіп күші кеткен. Мағлұм бір түйткіл болып көптен Сол түйткіл қазір оған келіп жеткен (С. Торайғыров, Шығ.). – Құрметті профессордың ондай ойы болса, менің білетінім, ол қазір кешігіп қалды (І.Есенберлин, Көлеңкемен қорғай жүр). Әлгінде ғана тарқасуға оқталып отырған кемпірлер оны көрген соң тіпті де қайтқылары келмей қалатын (Ш.Бейсенова, Тойға келген келіншек). Тек жаңа ғана тұтанған прожекторлар сәулесі жарқ-жұрқ көкті тіледі (І.Есенберлин, Шығ.).* Бұл сөйлемдерде «келіп жеткен», кешігіп қалды», «оқталып отырған», «тұтанған» етістіктері сөйлемдердегі *қазір, әлгінде, жаңа ғана* лексикалық құралдары арқылы өте жақын арада болып өткен перфекті қимыл-әрекетті білдіріп тұр. Бұл жоғарды айтылған өткен шақ өрісін жасаушы мезгіл үстеулерінің векторлық сызық бойындағы орналасу ретіне қарай алынған семантикалық ерекшеліктер болып табылады.

Мезгіл мәнді үстеулер **құрамына** қарай негізгі түбір туынды түбір, күрделі түбір болып бөлінеді. Өткен шақ мәнді негізгі үстеулерге *бұрын, кеше* сияқты бөлшектеуге келмейтін мезгіл мәнді сөздер жатса, туынды түбір үстеулерге көлемдік септіктердің көнеленуі арқылы жасалған үстеулер жатады: *баяғыда, бұрында, ертеде* т.б. Ал күрделі түбір үстеулер: *әуел баста, былтыр.*

Мезгіл үстеулері тіркесіп қолданылғанда мезгілдік мағына нақтылана түседі. Тіркестің екі компоненті бүтіннің бөлшегі болып, уақыт кесіндісін

нақты көрсетеді. Мысалы: *кеше таңертең, былтыр жазда т.б.* Осындағы *кеше* үстеуі бір тәуліктік уақыт ішін түгел қамтыса, *таңертең* үстеуі оның күндізгі түске дейінгі мезгіл екенін айқындай түскен. Сол сияқты *былтыр жазда* тіркесінде *былтыр* үстеуі жылдың қай мезгілі екенін жалпылама көрсетсе, *жазда* сөзі жылдың бір мезгілін нақтылап тұр.

Өткен шақ микроөрісінің перифериясында жоғарыда аталған лексикалық құралдардан басқа **грамматикалық формалар** да жатады. Бірақ грамматикалық формалардың өткен шақтық мағынаны білдіруде келер шаққа қарағанда мүмкіндігі тарлау. Өйткені келер шақтың перифериялық өрісін грамматикалық формалардан ирреалды рай тұлғалары құрайды. Сол себепті қалау, бұйрық, шартты рай тұлғалары өз табиғатынан келер шаққа қарай бағытталған амал-әрекетке субъектінің көзқарасын білдіреді. Ал бұл аталған рай тұлғалары белгілі бір категориялық жағдаяттарға, контекске қарай өткен шақтық мәнде жұмсалуды мүмкін. Бұл рай тұлғаларының ішінде өткен шақтық мәнде жиі қолданылатыны – **шартты рай** тұлғасы.

Қазақ тілінде шартты райдың келер шақтық мағынада жұмсалуды оның төл қызметі болып табылады. Бұл жайында Т.Қордабаев: «Асылында, шартты рай өзінің семантикалық қасиеті жағынан алғанда, келер шақтан басқа шақты білдіруі мүмкін емес, өйткені тілдік норма бойынша, шарт тек алдағы уақытта болатын іс-әрекеттерге ғана қойылмақ» - дей келе, ғалым шартты рай формаларының келер шақтан басқа шақ мәнінде қолданылса шарттылық мәнін жоятынын айтады [140, 80 б.].

Шартты райдың өткен шақтық мағынада жұмсалуды шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің мағыналық құрамынан байқауға болады. Шартты рай тұлғасы бағыныңқы жай сөйлемнің құрамында тұрып, шарттылық мәнін сақтап қолданылса, сөйленім келер шаққа қатысты болып тұрады. Ал егер, шартты рай тұлғалы бағыныңқы сөйлем баяндаушы өткен шақтық мағынада жұмсалса, шартты рай тұлғасы өзінің бастапқы шарттылық мәнін жойып, өткен уақытқа қатысты іс-әрекеттің мезгілін білдіреді. Мысалы: *Бұл құмда Сейсіметтің бойынан терең құдық болған емес. Сондай құдықты шай қайнағанша қазып келе береді. Бірақ шай ішіп қайта барса, көбіне-көп құдық құлап жатады* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). *Әнеугіні тілші жолдас Қарашаштың қызына құда түсіп, келісіп кетіп бара жатса, артынан қуып жетіп боқтап-балағаттап ішін кептіріпті. Қыз берілмейді саған депті...* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). *Өткенде жатаққа барса, екі қыз шалбарланып ап, еден жуып жатыр. Ыңылдап әндегіседі* ((Ж.Нәжімеденов, Даңқ пен даңқырт).

Көсемше тұлғаларының шақтық мағына білдіру мүмкіндігі зор. Осы ерекшелігіне орай көсемше есімше тұлғаларымен бірігіп шақ категориясының тұрпат межесін құрап тұрады. Көсемшенің сөйлемдегі негізгі қызметі – қимылды анықтап, пысықтауыш болу. Көсемше жіктеліп те жұмсалады, бірақ бұл жағдайда көсемше тұлғалы етістік қимылды айқындамайды, қимылдың өзіне қатысты шақтық мағынаны білдіреді. Сол себепті де көсемшенің барлық

түрлері бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола береді, ал олардың ішінен жіктелген түрлері ғана басыңқы сөйлемнің баяндауышы бола алады. Басыңқы сөйлемнің баяндауышы болғанда міндетті түрде шақтық мәнде жұмсалады. Көсемшенің жіктелетін тұлғалары *-ып, -іп, -п* және *-ған, -ген* қосымшалары. Ал *-ғалы, -гелі* тұлғасы жіктелмейтіндіктен, басыңқы сыңардың баяндауышы бола алмайды, яғни сөйлемді аяқтамайды.

Көсемше тұлғалары жіктелмей, бағыныңқы сыңар баяндауышы болып қолданылғанда да белгілі дәрежеде шақтық мағынаны білдіріп тұра алады. А.Бісқақовтың көрсетуінше: «Көсемшелер мезгіл мәнін шақ категориясындай толық білдірмегенмен, оның бір нышанын контексте білдіре алады. Осы соңғы қасиет көсемшелердің өзге формаларынан гөрі *-ып, -іп, -п* формалы түрінде айқын білінеді. Мысалы, «мен барыппын, сіз барыпсыз, ол барыпты» дегендердің бәрінде де өткен шақ мәні бар. Рас, бұлардағы өткен шақтың айқын білінуіне жіктік жалғауы ерекше қызмет етіп тұрғаны даусыз. Бірақ «*Қар жауып, үй суыды*» деген құрмалас сөйлемнің бағыныңқысындағы жіктелмей тұрған баяндауыштан да өткен шақ мәні анық байқалады» [163, 307 б.].

Демек, «көсемшелер жіктелмей, яғни «таза» етістікке айналмай тұрған шақтың өзінде де белгілі шақтық мағынаны білдіреді» [140, 69 б.]. Мысалы: *Таксиді есік алдына көлденең қойып, сандықшаларды үйге кіргізді* (Ж.Нәжімеденов, Даңқ пен даңқырт). *Терезенің төменгі екі көзіне әрең жететін пердені жан-жағынан кергілеп, мұқият жапты. Шам жағып, шәй құралдады* (Ж.Нәжімеденов, Даңқ пен даңқырт). Осы мысалдардағы бағыныңқы сөйлем құрамындағы «қойып» және «кергіліп» баяндауыштары құрамындағы көсемше тұлғалары жіктелмей жұмсалған, бірақ олар басыңқы сыңар құрамындағы тиянақты баяндауыштармен бірігіп, өткен шақтағы амал-әрекетті баяндау үшін қолданылған.

Көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары шақ жіктемесінде ауыспалы осы шақ және ауыспалы келер шақ деп шақтың екі түрінің де құрамында беріледі. Алайда ғалымдардың дені оның келер шақтық мәнінің басым екендігін айтады.

Аталған көсемше тұлғасы өткен шақтағы амал-әрекетті білдіру үшін де жұмсалады. Мысалы: *Партизандар эшелондарды қиратады, көпірлерді бұзады, қоймаларды өртейді, бірақ ешнәрсе шығара алмайды* («Лен. жас.). *Досекең дала кезіп келе жатса, алдынан бір борсық тұра жөнеледі. Досекең иттердің талағанын қызық көріп, борсықты атпайды, ұрмайды. Досекең інге борсықтан бұрын жетіп, іннің аузын басып, отыра қалады. Досекең кездігін борсықтың сүбесіне салады. Борсық Досекеңді борбайдан алады. Досекең сескеніп шаңқ еткенде, борсық сып етіп інге кіріп кетеді* (Ғ.Мұстафин). Бұл сөйлемдердің құрамындағы баяндауыштар *-а, -е, -й* көсемше тұлғаларының жіктелуі арқылы өткен шақтағы болып-өткен оқиғаны баяндау үшін жұмсалған.

Сонымен қатар өткен шақтық мәнде көсемшенің *-ғалы, -гелі* және *-ғанша, -генше* жұрнақтары да жұмсала алады. Мысалы: *Шынында да Барластар келгелі Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес* (М.Әуезов, Абай жолы). *Раушанмен танысқалы Ержанның мінезі өзгеріп кетті* (Т.Ахтанов, Қаһарлы

күндер). *Мұрат көз ашқалы өзі көрген, өзі білген бар дүниемен – балалық мекенімен осындай жүдеу шақта қош айтысты* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күндер). – *Әрине, кінәлі. Құдайдың бермеген өнерін қара сан боп қуғанша, тыныш жатпай ма? Мәселен...*(Ж.Нәжімеденов, Даңқ пен даңқырт). Мысалдардағы бірінші, екінші, үшінші сөйлемдердегі *-ғалы, -гелі* тұлғалы көсемше формалы етістік «келгеннен бері», «танысқаннан бері», «көз ашқаннан бері» деген мағыналарды, сол сияқты төртінші мысалдағы *-ғанша, -генше* тұлғалы көсемше формалы етістік «қуғаннан гөрі» деген мағынаны білдіріп, өткен шақтық мәнде жұмсалған.

Сонымен, жоғарыдағы *-ып, -іп, -п; -ғалы, -гелі; -ғанша, -генше* жұрнақтары өткен шақ контексінде қолданылып, оқулықтарда өткен шақ көсемше формалары ретінде қаралады [163, 306 б.]. Көсемше формалары арқылы берілетін шақтық мағына темпоралдылық өрісінің базистік дейктикалық функциясы емес, олар шақтық мағынаны білдіретін тұрақты тілдік құралдар емес. Сондықтан ол темпоралдылықтың шеткі өрісіне жатады.

Өткен шақ мәнін үстеуде семантикалық мүмкіндігі зор тілдік бірліктердің енді бірі – *еді, екен* көмекші етістіктері. Олар көсемше, есімше тұлғалы негізгі етістіктерге тіркесіп, өткен шақтағы амал-әрекетті білдіреді және өткен шақ семантикасын жасайтын етістіктің күрделі аналитикалық тұлғасын жасайды. Мысалы: *Үйдегілер егер мен Шәуешекте қызметке тұра қалсам, солардың бәрін қолына алып оқытады деп ойлаған екен. Енді, міне, жоспар бұзылып, бәрі басқаша болайын деп тұр* («Жұлдыз»). *Мен де сендердей ақымақ болған екенмін. Енді міне, соған көзім жетіп отыр, - деді Сәду күрсініп. – Әйтпесе, Омардың малы бізге мал болушы ма еді. Бәріміздің де тубімізге жететін осы көкмилығымыз зой* (Б.Тілегенов).

Екен, еді көмекші етістіктері *жатыр, жүр, тұр, отыр* қалып етістіктері мен баяндауыш болатын есімдіктермен тіркескенде де, оларға өткен шақ мәнін үстейді. *Кірекеш едім мен өзім бәдәуи араб, Жоқ жоғалтып, ақылым алты тарап. Түзде жүрдің, көзіңе түсті ме екен, Түйеші едім бір жүрген түйе қарап?!* (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.). – *Кісінің жанын. Сіз оқып жүргенде аңқау едіңіз, әлі сол қалпыңыз, дым өзгермепсіз* (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады).

Өткен шақ мағынасын білдіретін етістік категорияларының келесі бір тобы – **амалдың, қимылдың өту сипаты категориясы**. Бұл категорияның көрсеткіштері синтетикалық тәсіл арқылы да, аналитикалық тәсіл арқылы да жасалады. Аналитикалық форманттардың қимылдың әртүрлі өту сипатын айқындайтын мағыналық мүмкіндігі зор. Әсіресе, олардың ішінде қимылдың аяқталу кезеңін білдіретін аналитикалық форманттар өткен шақтық мәнде жұмсала алады. Айталық, қимылдың басталуы келер шақтық семантикамен астасып жатса, қимылдың жасалу үстіндегісі осы шақпен, ал аяққы кезеңін білдіретін тілдік көрсеткіштер өткен шақпен семантикалық астастықта тұрады. Қимылдың аяқталу кезеңін білдіретін көмекші етістіктерге «біт», «бол», «қал», «шық», «сал» сияқты етістіктер жатады. Мысалы: *жазып бітті, айтып болды, санап шықты, күйіп қалды* т.б.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған өткен шақ микроөрісінің орталық және перифериялық тілдік құралдарын функционалды-семантикалық темпоралдылық өрісінің тұрпат межесін құрайтын тілдік бірліктер ретінде тануға болады. Өткен шақ микроөрісінің негізгі семантикалық функциясын атқаратын тілдік құрал етістіктің грамматикалық категориясы, оның ішінде өткен шақ көрсеткіштері болып табылады. Ал етістіктің шартты рай, көсемше, қимылдың аяққы кезеңін білдіретін тілдік құралдар мен лексикалық және синтаксистік тілдік құралдар өткен шақ микроөрісінің перифериялық өрімін құрайды. Сонымен қатар, өткен шақ микроөрісінің тұрпат межесінің бұл аталған тілдік бірліктермен ғана шектелмейтінін ескертеміз.

Келер шақ микроөрісінің мағыналық құрылымы. Келер шақ темпоралдық өрісін сипаттайтын векторлық сызық бойында сөйлеу сәтінен кейінгі бөлікті құрайды. Яғни сызықтық өстің оң жағында орналасады. Сөйлеу сәтінен кейінгі уақыттан бастап санағанда оңға қарайғы шексіз уақытты көрсетеді. Яғни сызық бойымен бір бағытта өтіп жатқан уақыт созылыңқылықпен айқындалады. Уақыт келешек тұрғысынан ешқашан дәл болмайды. Алда, болашақта болатын, істелетін іс-әрекеттің қашан, қалай жүзеге асатыны алдын ала межеленгенмен, оның ойға алған мақсатқа дәлме-дәл келуі, ғылыми, математикалық есептеулер тұрғысынан болмаса, ешқашан нақтылықты көрсетпейді. Бұл тіпті әбден абстракцияланған тілдік категорияларда, айталық, етістіктің келер шағын жіктеуде де көрініс тапқан.

Қазақ тілінде келер шақ құрылымдық грамматикада *болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ* болып үш түрге бөлінеді. Мұндағы болжалды және мақсатты келер шақтар шақты семантикалық түрлерге бөлудегі модальдық принципті, яғни қимыл-әрекетке сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан бөлетін принцип бойынша жіктелген. Демек, келешекте істелетін іс-әрекеттің өту мерзімін білдіру үшін жасалған сөйлеу бірліктері тіл жүйесі тұрғысынан грамматикалық келер шақ формаларына негізделсе, осы келер шақ контексінде грамматикалық келер шақ формаларынан басқа да тілдік құралдар осы келер уақытқа қатысты қимылдың өту мерзімін білдіруге қызмет етеді.

Келер уақытқа қатысты семантикалық шақтық мағынаны білдіретін тілдік құралдар келер шақ микроөрісін құрайды. Бұл өрістің өзектұлғасында, шақтың басқа да өрістері сияқты, грамматикалық шақ формалары тұрады. Ал шеткі (перифериялық) өрісін тілдің басқа деңгейлерінен алынған келер шақ мағыналы тілдік бірліктер құрайды. Бұл тілдік құралдардың барлығы тілдің әрдеңгейіне жатқанмен, олардың басын бір микроөріс бойына біріктіріп тұрған нәрсе – олардың семантикалық функциялары. Яғни ортақ функция оларды бір өріске топтастырады. Олардың барлығы сызықтық өс бойында, жоғарыда да айтып кеттік, сөйлеу сәтінен кейінгі оң жақ бөлікте, кеңістікте орналасады. Өткен шақ өрісінің осы сызық бойында орналасу ретіне қарай ежелгі өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, жедел өткен шақ деп бөлініп осы сызықтық, яғни векторлық принципке орай бөлінген болса, кейбір грамматикаларда модальдық принцип бойынша анық өткен шақ, танық өткен шақ, немесе неғайбыл өткен шақ сияқты

түрлерге жіктелгендігі белгілі. Ал келер шаққа қатысты бір ғана принциптің негізге алынғаны байқалады. Яғни келер шақты топтастыруда өткен шақты бөлудегідей векторлық принцип қолданылмаған. Өйткені шақтың келер шақ формаларының өздігінен жеке тұрып сөйлеу сәтінен кейін болатын іс-әрекеттің болар уақытын кезеңдік тұрғыдан көрсету мүмкіндігі тар. Мәселен, *барар, оқытар* немесе *келмек, өтпек* сияқты келер шақ формалы етістіктер шақ формаларының мағынасы тұрғысынан ол іс-әрекеттердің ертең болатынын немесе бір жылдан кейін, немесе жиырма-отыз жыл өткеннен кейін болатынын қосымша өріс компоненттерінсіз нақты білдіре алмайды. Біздің ойымызша, келер шақ формаларының модальдық принцип бойынша жіктелуі, біріншіден, болашаққа бағытталған философиялық толғамдармен байланысты болса, екінші жағынан келер шақ формаларының векторлық сипаттағы семантикалық өрісінің тарлығымен байланысты сияқты. Дегенмен, жалпы келер уақытқа қатысты векторлық семантикалық функцияны, келер шақ формаларын нақтылап, айқындап тұратын, өрістің лексикалық, синтаксистік тілдік құралдары атқарады. Бұл қосымша (перифериялық) тілдік құралдар да келер шақ формалары (морфологиялық көрсеткіштер) сияқты сөйлеу сәтінің оң жақ бөлігінде морфологиялық көрсеткіштерді орай айналасында қоршап тұрады. Олардың барлығы осы келер уақытқа қатысты семантикалық функцияның жұмсалымдық қорын құрайды. Жекелеген категориялық жағдаяттарда ол мүмкіндіктердің бірі жүзеге асады, яғни келер шаққа қатысты семантикалық функцияны орындайтын морфологиялық көрсеткіштердің біріне қосылып, семантикалық функция орындауға қатысып, нәтижелік функцияға айналып, актуалданады. Ал актуалданбаған тілдік құралдар жиынтық (потенциалды) функция ретінде тілдік жүйеде тұра береді.

Келер шақ микроөрісінің өзектұлғасын етістіктің грамматикалық келер шақ формалары құрайды. Бірақ біз оларды алдыңғы бөлімдерде қарастырғандықтан, бұл тақырыпшада оларға арнайы тоқталмаймыз.

Келер шақтық темпоралды семантика жоғарыда қарастырылған грамматикалық шақ формаларынан басқа лексикалық және синтаксистік тілдік құралдар арқылы да беріледі. Мұндай тілдік құралдар қатысқан сөйленімдер іс-әрекеттің өту мерзімін нақты көрсету қызметін атқарады. Яғни орталық өрісті құрайтын грамматикалық формалар арқылы берілетін мағынаны толықтырып, мезгілдік өрімді айқындай түседі. Үнемі келер шақ мағынасын білдіретін лексикалық және синтаксистік тілдік құралдар (мезгіл үстеулері) тілімізде көп емес. Біз оларды **келер шақ өрісінің жанама (перифериялық) құралдары** деп атаймыз. Морфологиялық құралдар (*-ар, -ер, -р; -мас, -мес; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* т.б.) темпоралдық өрісінің негізгі орталық компоненті болса, сөйлеу сәтінен кейінгі қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіретін лексикалық тілдік құралдар басқа да темпоралдық өрісінің микроөрістері сияқты негізінен үстеу сөз табына жататын сөздерден тұрады. Олар: *ертең, бүрсікүні, кейін, сосын, соңыра, алда, жуырда* т.б. Мысалы: *Бұлекеңе құндыз бөрік тіктірдік. Ертең кигізгенде байғазысын алдымен маған беріңіз* (Ш.Хұсайынов, Таныс

адам.). *Бүрсігүні* ауыл көшіп Қаңтарбай бұлағына қонады дегенді естігенде тұла бойым түршігіп кетті (Ж.Алтайбаев, Түлек). Төбесі ашылып қалған қыстаудың қабырғасы үстіне тырмысып шығып, сосын жерге секіреміз. Әуелі екі жыл жұмыс іс-теуім керек, Оқуға *сосын* барамын. Бәрібір одан бері де еңбек стажың жоқ, деп қабылдамайды (Т. Тобағабылов, Жазира). – Жауып қой итті!.. *Соңыра* атып тастаймыз мұндай контрды! Апар! – деді командир (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жоғарыда аталған көбінесе келер шақ контексінде қолданылатын мезгіл үстеулерін өткен шақта жиі қолданылатын мезгіл үстеулері сияқты құрамына қарай негізгі, туынды, күрделі (біріккен, кіріккен, тіркесті) деп бөліп қарастыруға болады. Мысалы, *ертең, кейін* сөздері негізгі түбірлер болса, туынды түбірлер: *жуырда, алда* сияқты үстеулер; ал күрделі түріне *бүрсігүні, сосын* сияқты біріккен, кіріккен сөздер жатады.

Сонымен қатар мезгіл пысықтауыш қызметіндегі жатыс формалы зат есімдер мен есімше формалы етістіктер де келер шаққа қатысты темпоралды мағынаны нақылап тұрады. Олар: *болашақта, келешекте, үлкейгенде, есейгенде, қартайғанда* т.б. Мысалы: *Дәлелденген қор ретінде 35 миллиард баррельден астам және 100–ден 110 миллиард баррельге дейін жобалық қор түріндегі мұнайы бар Қазақстан АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэлл жуырда мәлімдегеніндей, “Батыстың энергетикалық сұраныстарын қанағаттандыруда болашақта аса маңызды рөл атқаратын болады” («Егемен Қазақстан»). «Үлкенді сыйлағанның қадірін үлкейгенде білерсің» деген парасатты сөз-ді балалардың құлағына құя білсекші (М. Әлімбаев, Тәрбие.). Ауырар *қартайғанда* бұт пен белің, Екі иық, кеуде, арқа барлық жерін. Жатарсың салқын тисе төсегінде. Қайталап ұстады деп ескі терім (Шал ақын, Өлеңд.).*

Бұл мысалдардағы лексикалық тілдік құралдардың келер шақ контексінде қолданылуы мағыналық валенттілікпен байланысты. Яғни келер шақ контексінде қолданылатын лексикалық бірліктер де сызық бойымен алғандағы сөйлеу сәтінен кейінгі кезенді сипаттайтын мезгіл мәнді сөздерді негізге алады. Мәселен, *жасында, кішкентайында, бала кезінде* сияқты нақтылауыш тілдік бірліктер өткен уақытқа қатысты болғандықтан, келер шақ контексінде қолданылмайды, яғни жоғарыдағы мысалдардағы келер шақтық темпоралды семантиканы беріп тұрған *-атын, -ар, -пақышы, -ады* сияқты етістік формаларының мағыналарын нақтылап тұрған *үлкейгенде, есейгенде, қартайғанда* сияқты сөздердің қолданылуы заңды болып табылады. Өйткені іс-әрекет, қозғалыс келер шаққа-болашаққа (туудан өлімге қарай) қарай бағытталады.

Сөйлеу сәтіне қашықтық дәрежесі жағынан лексикалық құралдардың да орналасу реті болады. Мысалы, жоғарыда аталған *есейгенде, өскенде, үлкейгенде, қартайғанда* сияқты сөздердің өзі векторлық сызықтық өс бойында сөйлеу сәтіне әртүрлі қашықтықта тұрады. *Өскенде, есейгенде* сөздері бала кезден өтіп, жасөспірімдік, жігіттік шақты сипаттаса, ал *үлкейгенде* сөзі жас

жағынан одан гөрі ересектікті, ал *қартайғанда* сөзі келер уақыттың соңғы кезеңдеріне қатысты.

Сондай-ақ мезгіл үстеулері де сөйлеу сәтіне қашықтық сипаты жағынан да сызық бойында әртүрлі кеңістікте орналасады. Мысалы, *ертең*, *бүрсігүні* сияқты сөздер жақын арада, бірер күннің ішінде болатын іс-әрекетті білдіріп, сөйлеу сәтіне жақын орналасса, *жақында* сөзі одан гөрі сөйлеу сәтінен алшақтау, ал *келешекте*, *болашақта* сөздері сөйлеу сәтінен қашық және бейтарап қатынаста тұрады. Яғни нақты қай уақыт екендігі көрсетілмейді.

Келер шақтық мағына жекелеген мезгіл үстеулері арқылы ғана емес, сөз тіркестері арқылы да беріледі. Мысалы: *Алдағы уақытта осы әңгіменің аяғы шатақ болатынын сезеді. Темірәлі олай-пұлай болып кетсе... Кім қарасады бұған?* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). – *Күні ертең соғыс біткелі отыр. Тірі қалғандар елге шекпен киіп, шен тағып оралады. Оларды көріп отырып қай сұлу қыз елдегі өзі бірге өсіп, біте қайнасқан боз тұмсық баланы менсіне қояды?* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Жоғарыдағы сөйлемдердегі *алдағы уақытта*, *күні ертең* тіркестері келер шақта болатын іс-әрекеттің мезгілдік мағынасын толықтырып тұр. Мезгіл үстеулері тіркесіп қолданылғанда тіркес компоненттерінің қызметі бірдей болмайды: бірі мезгіл мәнін білдіруде уақыт кесіндісін кең көлемде қамтыса, екіншісі оның бір бөлігін білдіреді. Мысалы: *Бұ қырда жұрт біздегіден де сирек отыра ма дейім. Әлде жер от па, әйтеуір, мал ізі некен-саяқ. Соған қарағанда, енді елсіз жүре алмайтын шығармыз. Ауыл көрсеңіздер тастамаңыздар. Мен бүгін бұдан басқа хабар бермеймін, іздемеңіздер. Ертең осы кезде болмаса... біздің өздеріңізден қанша уақыт бұрын кеткенімізді аттарымыздың тезегіне қарап айыру жөн* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

Келер шақ өрісінің жанама тілдік құралдарына ирреалды рай тұлғалары да жатады. Әсіресе, **бұйрық райдың** келер шаққа қатысты темпоралды мағына білдіретіндігі оның модальдық мағынасымен байланысты. Яғни бұйрықтылық ешқашан өткенге қарай бағытталмайды. Мысалы: – *Тез, кемпір, шайыңды тездет, көлікке мінгелі отырмын!* – *Балалар бірі-біріне қарап, жсымың қағысты. Көкелері қанша мейірімді, қанша жұмсақ болғанмен, күн ұзаққа пеш түбінде жатып алса... еркін ойнай алмайсың. Әрі сырқат, әрі көңілсіз кәрі кісі қаталдық етпей қала ма, қит етсе қақсап қоя береді* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). – *Кемпір, қара інгенді қоя берші, күн ысып кетті білем, түс қайта салқынмен жүрейін, – деп жантая қояды* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). – *Балалар-ай, кіріп-шыға бермеңдерші! Балалар-ай, есікті жай жабыңдаршы!* – *Бұ сөздер өтініш сияқты естілгенімен, бұйрықтан ауыр* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Бұйрықтық мағынаны векторлық сызық бойындағы орындалу дәрежесіне қарай тез арада орындалуға тиісті бұйрықтылық, сөйлеу сәтінен кейін араға біршама уақыт салып барып орындалатын бұйрықтылық т.б. деп жіктеуге болады.

Келер шақтық мағына бұйрық райдың екінші жағының көне формаларында да сақталған. Мысалы, *бар* етістігінің көне жазба

ескерткіштерде, ауыз әдебиетінде *барғайлы, баралы, барғын, барғыл, барсана* сияқты формаларда кездестіруге болады. Қазақ сөйленісіндегі етістік тұлғаларын қарастырған М.Жылқыбаева: «-ың (барың) қосымшалы тұлғада ұғынылатын іс-әрекет орындаушысы үнемі тыңдаушы жақ болады, сондықтан оның жүзеге асуы асырушы тыңдаушының ықылас-ниетімен байланысты. Келешекте жүзеге асуы мүмкін әрекет болғандықтан, оның шақтық мағынасын шартты болса да келер шақ деп қараған жөн», - деген пікір айтады [225, 22 б.]. Бұйрық райдың жоғарыда көрсетілген *-ғын, -ғыл* варианттары қазіргі кезде жергілікті сөйленістерде сақталып қалған. Келер шақ мағынасын білдіретін бұйрық райдың көне тұлғаларынан басқа жергілікті сөйленістерде көптеген варианттары кездеседі. Мәселен, *-сай, -сей, -сайшы, -сейші* тұлғалары оңтүстік сөйленістер тобына тән. М.Жылқыбаева аталған тұлғаны да жоғарыдағы пікірімен үйлес, шартты түрде келер шақ деп қарауға болатынын айтады [225, 38 б.]. Зерттеуші қазақ сөйленісіндегі жоғарыда аталғандардан басқа да бұйрық рай тұлғаларының келер шаққа қатысты қарау қажеттігін жұмыстың өн бойында ескертіп отырған.

Келер шақтық мағына бұйрық райдың екінші жағына ғана емес, бірінші және үшінші жақтарына да қатысты.

А.Ысқақов бұйрық райдың бірінші жағы амалды жүзеге асыруды біреуге (екінші жаққа) бұйырудан гөрі, сөйлеуші орындауды өз міндетіне алғаны, оны істеуге өз ынтасы барлығын, оны істеуге бекігені ашығырақ аңғарылады. Өйткені бұл формалар (*-йын, -йық, -лық*) іске қозғау салмайды, біреуге сілтемейді, сөйлеушінің амалды өзі істейтінін, яғни оны жүзеге асыруға өзі ынталанатынын, өзі бел байлағанын білдіреді - дейді [163, 318 б.]. *Айтайын бір ауыз сөз, тыңда аға! Ол кісі сізге әке, бізге баба. Жалғанда келген адам кетіп жатыр, Құданың құдіретіне бар ма шара* (Қ. Жапсарбаев, Жайқоңыр). – *Кеш жарық, біздің ойламаған жерде келгенімізге таңданбай-ақ қой. Мына бала Павлинкадан келіпті. Сонда тұратын атасы ауырып жатқан көрінеді. Сені әдейілеп шақырып келді. Жақын жер ғой, екеуміз барып қайтайық* (Ә.Шәріпов, Қапастағы жұлдыздар). Сөйлемдердегі бірінші жақ жекеше және көпше түрінде де модальдық мағынамен бірге келер шақтық мағына қабаттаса берілген, яғни адамның өзінің бір нәрсені істеуге ниеттенуі, бағыт алуы уақыттың келер шақ өрісіне қатысты. Бірақ бұйрық райдың бірінші жағының жекеше және көпше түрінің амал-әрекетке субъектінің қатысына қарай айырмашылығы бар. Мысалы, *айтайын* сөз формасында амал-әрекеттің субъектісі біреу ғана, ол – сөйлеушінің өзі. Ал *айтайық* сөз формасында амал-әрекеттің субъектісі екеу, олар – сөйлеуші мен тыңдаушы.

Бұйрық райдың үшінші жақ *-сын, -сін* формасы бұйрық мәнін білдіріп, амалды жүзеге асыруға қозғау салу ренкін білдіреді. Бірақ бұл форма арқылы берілетін бұйрық екінші жаққа айтылғанмен, оны жүзеге асыру (сол екінші жақ арқылы) үшінші бөгде жаққа бағытталады. Яғни ол бұйрықтың орындаушысы үшінші жақтағы субъекті. Мысалы: – *Ойбай-ау, енді не дейін? Ең болмаса,*

Исахан келсін де, - деп, ол сұқсыр Қамбарбектің плащ алған қолына жармасты (С. Бақберген, Кентау).

-сын, -сін үшінші жақ бұйрық райы императив мағынамен қоса контексте өтініш, тілек сияқты модальдық мағыналарды да білдіреді. Сонымен қоса мұндай модальдық мағыналар іс-әрекеттің өту мерзімін білдіретін векторлық сызық бойында келер шақ өсінде тұрады. Демек, бұйрық райдың қай жағында болмасын бірінші категориялық мағына модальдық (бұйыру модальдылығы) мағына болса, екінші жанама не қосымша мағынасы келер шақтық мағына болып табылады.

Келер шақ мағынасы **қалау рай** тұлғаларында да көрініс табады. Бұл жалпы модальдылықтың әсіресе келер уақытқа қатысты болып келуімен байланысты. Бұйрық рай сияқты қалау райда да субъектінің іс-әрекетке қатынасы айқын көрінеді. Қалау рай сөйлеушінің белгілі бір амалды я әрекетті жүзеге асыруға бағытталатын ниетін, ынта-тілегін, үміт-арманын білдіреді [163, 320 б.]. Қалау райдың тілдік жүйеде тұрған қалау рай парадигмасындағы негізгі көрсеткіші *-ғы кел* аналитикалық форманты. Бұл формант тәуелденіп барып жіктеледі. Мысалы: *барғым келеді, барғың келеді, барғысы келеді* т.б. Яғни *-м, -ң, -сы* тәуелдік жалғауларын араға салады. А.Ысқақов бұл форма мазмұны жағынан жүзеге асу я аспауы неғайбыл келер шақ мәнінде жұмсалудан қатар, өткен шақ пен осы шақ түрлерінде де қолданыла береді. Бірақ олар нақтылы амалдың жүзеге асқан я асып жатқан шағын емес, тек өткен шақта я қазіргі шақта сөйлеушінің көкейінде болған арман-ынтаны ғана білдіреді дейді [163, 320 б.]. Біздің ойымызша, *-ғы кел* аналитикалық формантының шақтық мағынасы негізінен шақтың келер шақ өрісіне қатысты, ал өткен шақ және осы шақты білдіруі оған жалғанған не тіркескен грамматикалық формалардың шақтық мағыналарына байланысты.

-ғы кел аналитикалық формантының мағыналық варианты *-ғы бар, -ғы жоқ* тұлғалары. М.Жылқыбаеваның зерттеу жұмысында аталған тұлғалар жергілікті ерекшеліктер тұрғысынан қарастырылып, мынадай шақтық мәндерде жұмсалатыны айтылады:

- іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан сәл кейін, жақын арада орындалатынын көрсетеді (Менің кеткім бар – Мен кеткелі отырмын);

- айтушының немесе орындаушының тілегін келер шақта істейтінін білдіреді (Менің айтқым бар - Менің айтқым келеді) [225, 87 б.].

Қалау райдың бұдан басқа *-са игі еді, -ғай еді, -са екен* сияқты аналитикалық форманттары бар. Қалаулық мағына тумысында алдағы уақытқа қарай бағытталады. Сол себепті қалау рай тұлғаларының келер шаққа қатысты болуы заңды құбылыс.

Алайда контексте бұл аталған қалау рай тұлғалары өткен шақты да білдіруі немесе шаққа қатыссыз болуы да мүмкін. «Күрделі (аналитикалық) *-са игі еді* форманты арқылы сөйлеуші басқа (2, 3 жақ) субъектінің амалды орындауын тек тілек ретінде айтады. Бірақ амалдың нақтылы орындалатыны я орындалғаны аңғарылмайды. Тілек я қалаудан гөрі күдік я күмән мағынасы

күштірек білінеді» [163, 321 б.]. Бұл тұлғаны Қ.Жұбанов «сенімсіз төл шақ» деп атаған болатын. Бұдан Қ.Жұбановтың аталған тұлғаның шаққа қатысты мағынасын аңғара білгендігін көреміз. Мысалы: *«Мына тажалдың көзі тағы шалып қалмаса игі еді» деп қауіптенеді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Кеуілге масал келді. Сенімсіздік етті, сенбеді. Кеуілдің қошы жоқ. Азығы жоқ, тоны жоқ, Кеуілінің қошы жоқ, Есен болса игі еді, Былтырғы кеткен қарт бабам* (Батырлар жыры). *Оралбай Жұмекеңді жазым етпесе игі еді, – деді Михаил төзімсізденіп біресе белес төбесіне, біресе Нұржанға қарап* (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). Бұл сөйлемдердегі қалау рай көрсеткішінің шақтық мағынасы айқын көрінбейді. Демек, *-са игі еді* аналитикалық формантының негізгі категориялық мағынасы – субъектінің амал-әрекет туралы қалауы, ниеті. Ал шақтық мағына жанама, екіншілік мағынасы болып табылады. Сонымен қатар, *-са игі еді* аналитикалық форманты арқылы берілген етістікті сөйлемде сөйлеуші-субъект өз тарапынан сол амал-әрекетке еш қозғау салмайды, амал-әрекет сөйлеушіден тыс жүзеге асады, ал сөйлеуші тек сол амал-әрекет туралы қалау, ниетін ғана білдіреді. Осындай тілдік құрылымдар орыс тілінде «пассивті келер шақ» деп аталады. Яғни пассивті келер шақта субъект белсенділік танытпайды, ал мақсатты келер шақ актив келер шақ болып табылады. Өйткені субъект амал-әрекеттің орындалуына өзі түрткі болады, қозғау салады.

Ал *-са екен* аналитикалық формантының мағынасы көбінесе келер шаққа қатысты болып келеді. *«Күрделі -са екен* форманты болашақта істелетін амалды тек аңсап тілейді, бірақ оның жүзеге асуы я аспауы тіпті ескерілмейді» [163, 321 б.]. Мысалы: *Сойыл сартылын найзағай деп еститін елміз зой, жұрттан тиыштық кеткелі қашан, сол себепті, осы ауылдан аттанып кеткеніңізше, мылтық атылмаса екен!* (Ж.Молдағалиев, Айналайын атыңнан). *Әрбір адам сонау бір боранды жылдар қайталанбаса екен, енді балаларымыз қанды майданға аттанбаса екен деп тілейді* (С. Мәуленов, Шыңда.).

-са еді аналитикалық форманты да амал-әрекетке арман-тілек мәнін үстейді. Бұл жағынан ол келер шаққа қатысты болып келеді. Мысалы: *сіз барсаңыз еді, ол келсе еді.*

Етістікке *-ғай, -гей, -қай, -кей* қосымшасының үстелуі арқылы және ос тұлғаға *еді* көмекші етістігі тіркесуі арқылы да тілек мәнді қалау рай жасалады. Мысалы: *Ендігі жерде мейірімшіл болғайсың. Саған да Сағадат деп ат қоялық* (Т. Тобағабылов, Жазира). *–Тиек табылды, ендігісін өзім білем. Негұрлым өндіріңкіреп алғайсың* (Ғ. Сыланов, Домбыра.). Бұл сөйлемдерде *-ғай* қалау рай тұлғасы амал-әрекеттің орындалуына тілек, ниет мәнін ғана емес, бұйрықтық мағына да үстеген. Бұл бұйрықтылық айтылымның екінші жаққа қатыстылығымен байланысты. Сонымен қатар сөйлеу сәтінен кейінгі, яғни келер шаққа қатысты амал-әрекетті сипаттайды.

Шартты райдың *-са, -се* тұлғасының мағыналық құрамында да келер шақ мағынасы беріледі. Шартты рай қимыл, іс-әрекеттің болу-болмау, орындалу мүмкіндігін, шартын білдіреді. Шартты райлы етістік өзіне бекітілген шарт мәнін білдірумен қатар, тілек, арман, мақсат сияқты модальдық реңктерді де

бере алады. Мысалы, *Жәннеттен періштелер жерге еніп, кәусер ап пердеуіштен ішіп тұрсам. Мәрмәрдан бағирамға бина салып, Хор қызын жәннеттегі құшып тұрсам* (Шәңгерей // Қазақ әдебиетінің тарихы). *Шіркін, биыл оқуға түссем!*

Т.Қордабаевтың көрсетуінше, келер шақ мағынасы *-атын, -етін* тұлғалы етістікке тіркескен *шығар, сияқты, болар* т.б. көмекші сөздердің тіркесімі арқылы да беріледі. Мысалы: – *Әлгі бандыны бүгін-ертең ұстап қалатын шығармыз, – деді, мұнымен де бір қуантып тастағалы, жұрт сөзінің толастағанын күтіп қалған тағы біреуі сәтті пайдаланып, – біздің колхоздың аттарын мінген млециялар банды ұстап жатса, абырой үстіне абырой* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). *Сағым болып алыстап кеткеніңмен, Самал болып оралатын сияқтысың* (М.Мақатаев, Жырла.).

Жоғарыдағы Т.Қордабаев көрсеткен көмекші сөздер модаль мәнді сөздер болып табылады. Олар келер шақтық мәнде қолданылғанда міндетті түрде келер шақ мәніндегі грамматикалық формалармен тіркесіп, аналитикалық конструкция түзеді. Мәселен, бұл сөздер *-ған, -ген* есімше формасымен келсе, келер шақ мағынасында қолданылмайды, сондықтан бұл сөздердің келер шақ өрісінде қаралуы олармен тіркескен грамматикалық формаларға да қатысты. Мұндай модаль мәнді сөздер модальдылық категориясының ішкі субкатегорияларының жіктеліп шығуына мүмкіндік жасайды. Өйткені олардың білдіретін модальдық мағыналары әртүрлі. Мысалы, *керек, қажет, тиіс* модаль сөздері қажеттілік модальдылығын білдірсе, *мүмкін* сөзі – мүмкіндік модальдылығының тілдік көрсеткіші. Бұл аталған модаль мәнді сөздер етістіктің у тұйық етістік формасымен тіркесіп, аналитикалық формант құрайды және тиісті модальдық мағыналарды білдіреді. Басқа да модальдық мағыналардың көбінесе келер шақпен сабақтасып жататыны сияқты, бұл аталған аналитикалық форманттар (у+қажет, у+керек, у+мүмкін, у+тиіс) да келер шақ мәнінде жиі қолданылады. Мысалы: *Дін мен философия жанасып жатқан дүние. Мысалы, батыстың қазіргі философиясы мен құндылықтарын түсіну үшін христиан діни ойының дамуын білу қажет. Сол себептен қазақтың дүниетанымы дамуы үшін философиялық пікірталастар көп болып және оған біздің философтармен қатар әр саладағы ғалымдар мен дін басылар да қатысуы керек* («Түркістан»). *Сен үйде бол. Кісі-місі келіп қалуы мүмкін. Дастарқаныңды жайып, дайын отыр* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Сулякованың түскен үйі Сейілбек басқарған топпен қоршалуы тиіс* (К. Тоқаев, Тасқын).

Көсемше тұлғалары да шақтық мағынаны білдіруге бейім, бұл көсемшенің *-а, -е, -й* формасының контекстік сипатта келіп, осы шақ, келер шақ, арагідік өткен шақ мәндерін білдіру, сонымен қатар *-ып, -іп, -п* формасының жіктеліп келіп (барыппын, барыпсың, барыпты) бұрынғы өткен шақ жасау мүмкіндіктерінен көрінеді. Яғни тілдік жүйеде тұрып-ақ көсемше тұлғалары қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіретін тілдік құрал қызметін атқарады. Бұл грамматикалық көрсеткіштердің темпоралдық өрісінің орталығын құрауға қатысуына орай бұл тақырыпта оларға тоқталмаймыз. Бізге

кажеті – көсемшенің шақ жіктемесінде, парадигмада жоқ тұлғалары. Аталған көсемше көрсеткішінен басқа да тұлғаларының шақтық мағына білдіру мүмкіндігі бар екендігі байқалады.

-ғалы, -гелі тұлғасы – жоғарыда аталған көсемше формаларынан кейінгі қызметі жағынан үшінші орында тұратын ертеден-ақ көсемше ретінде ғалымдар еңбектерінде көрсетіліп жүрген қосымша. Өйткені бұл тұлғаның *-а, -е, -й* және *-ып, -іп, -п* қосымшаларына қарағанда қызмет аясы тарлау. Сол себепті де бұл тұлғаның шақтың грамматикалық парадигмасында берілуі, енгізілуі бірізді емес. Мәселен, *-ғалы, -гелі* тұлғасы 1967 жылы жарық көрген академиялық грамматикада *сенімді келер шақ* деген атаумен шақ жіктемесіне енгізілген [164, 201 б.]. Сонымен қатар бұл тұлғаның *отыр, жүр, жатыр, тұр* қалып етістіктерімен тіркесуін А.Ысқақов неғайбыл осы шақ деп атап, шақ парадигмасында береді [163, 328 б.].

С.Исаев А.Ысқақовтың неғайбыл осы шақ деп атаған форманың *ғалы, -гелі, -айын, -ейін+отыр (жатыр, тұр, жатыр)* қимыл-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте іске аспағандығын, ол әрекеттің алда іске асатынын білдіретінін, сондықтан бұл форманы осы шақ деп тану қиын деген пікір айтады. 2002 жылы жарық көрген соңғы академиялық қазақ грамматикасында *-ғалы, -гелі* тұлғасы шақ жіктемесінде де, райдың құрамында да көрсетілмейді. Демек, С.Исаевтың көрсетуінше, *-ғалы* тұлғасының мезгілдік өрімі келер шаққа қатысты.

Б.Қапалбеков *-ғалы* көсемше формасының тікелей жіктелмейтінін, бірақ қалып етістіктерімен тіркесіп, *-ғалы отыр, -ғалы тұр, -ғалы жүр, -ғалы жатыр* сияқты аналитикалық формант құрғанда келер шақтық мағына беретінін және етістіктерге жалғанғанда көбінесе қозғалыс етістіктерін сипаттайтынын айтады [226, 26 б.]. Яғни бұл тұлға статикалық күйді емес, процестілікті білдіреді. Іс-әрекет келешекке қарай бағытталады. Біз бұл тұлғаны шақтың дәстүрлі жіктемесінде (академиялық грамматикада) көрсетілмегендіктен, жанама тілдік құралдар бөлімінде беріп отырмыз.

-ғалы тұлғалы көсемше өзін тиянақтаушы етістікпен пысықтауыштық қатынаста тұрса, мақсаттық мәнде, ал күрделі етістік құрамында келсе істің басталу кезін білдіреді [226, 25 б.]. Мысалы: – *Мен сынағалы келген көлденең көз емеспін, халық жүрегіне жол таба білу керек дедіңіз* (Д. Әбілев, Арман.). *Кемпірдің өз тарсыл-тұрсылы өзіне жетеді. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ, тамаша болғалы тұр* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). – *Күн бұзылғалы тұр екен, көк бұлдырап кетті! – Пәлен жаққа деп жиналған қарт қамшысын сүйретіп, тұмағы шошайып, қайта кіреді* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Бірінші мысалда *-ғалы* көсемше тұлғасы пысықтауыштық қатынаста келіп, келу мақсатын білдіріп, мақсат пысықтауыштық қатынаста жұмсалған. Екінші және үшінші мысалдарда көсемше тұлғасы қалып етістігімен бір мағыналық тұтастықта келіп, қимылдың басталу кезеңін білдірген. *-ғалы* тұлғасы бұл сөйленімдерде векторлық тұрғыдан келер шаққа қатысты, нақтырақ айтқанда, амал-әрекеттің жақын арада болатынын білдіреді. Орыс тілінде мұндай келер шақтық мағынаны «ближнее будущее» (жақын келер шақ) деп атайды.

екіншіден, модальдық мағынасы жағынан қимыл-әрекеттің болатындығына сенімділік мән үстеген, яғни келер шақтағы нақты болатын істі білдіреді. Осы модальдық мағынасына қарай кезінде бұл көрсеткіш шақ жіктемесінде (Т.Қордабаев) сенімді келер шақ деп те берілген болатын.

-*ғалы* көсемше тұлғасы шақтық мағынаны сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамында етістіктерге тіркеспей-ақ тиянақсыз тұлғада тұрып та білдіре алады. Мысалы: *Патша құлағалы, келіп кеткен баянсыз көп үкімет байдың жүрегін әбден шайлықтырған* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Қызын алғалы, қайын-жұртқа аттап баспаған. Жолдас-жора қақсады да жүрді* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Бұл сөйлемдерде -*ғалы* тұлғасы мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем құрамында келіп, басыңқы сыңардағы баяндауыштың, іс-әрекеттің мезгілін білдіреді.

Сонымен -*ғалы*, -*гелі* көсемше тұлғасы мынадай функционалды мағыналарды білдіреді:

- амал-әрекеттің мақсатын;
- амал-әрекеттің басталуын;
- амал-әрекеттің жақын арада болатынын;
- келер шақтағы нақты болатын іс-әрекетті;
- амал-әрекетке субъектінің сенімділігін т.б.

Көсемшенің -*ысымен*, -*ісімен*, -*майынша*, -*мейінше* -*ғанша*, -*генше* сияқты жіктелмейтін тұлғалары бар. Бұл көсемше формалары келер шақты білдіретін тілдік құрал шеңберінде қаралмайды, бірақ бұдан аталған көсемше тұлғаларында шақтық мағына мүлдем жоқ деп түсінбеу керек. Бұл көсемше тұлғаларының шақтық мәні контексте көрінеді. Біз оның барлығына тоқталып жатпаймыз. Алайда бұл қосымшалардың қызметі құрмалас сөйлемдерде, тұтас мәтінде сөйлеу сәтіне қатысы жағынан таксистік, қатыстық шақ түрлерін жасауда айқындалады. Мысалы: *Мүмкін ат ауыстырып отырса түнделетіп те келіп қалулары гажап емес. Сондықтан көш қозғалысымен жауды жаңылдыру үшін, он шақты жігіт әр жерге көптеген от жағып, ауыл әзір қозғала қоймағанын аңғартар жалған көрініс жасауға осы арада қалғаны дұрыс* (І.Есенберлин, Көшпенділер). Сөйлемдегі от жағу әрекеті сөйлеу сәтіне қатысты емес, бұл әрекет көштің қозғалу әрекетін меже етеді, осы қимыл-әрекетке қатысты жүзеге асады. Көсемшенің бұл тұлғаларына біз таксис және қатыстық шақ мәселесі сөз болатын тақырыптарда кеңінен тоқталамыз.

Біз жоғарыда келер шақ мағынасын білдіретін грамматикалық (негізгі, жанама) және лексикалық, синтаксистік тілдік құралдарға тоқталдық. Шақтық мағынаны анықтауда **контекстің** де маңызы ерекше. Өйткені тілдік жүйедегі қайсібір грамматикалық тұлға, тіпті лексикалық бірліктердің өзінің қандай мағынада қолданылып тұрғандығын контекстен ғана байқауға болады. Қазақ тіл білімінде контекст мәселесін арнайы зерттеген Ж.Жакупов контекстің тілдің қай деңгейіне болсын қатысы барын, бұл, әсіресе, синтаксисте анық байқалатынын, тіпті синтаксистің басты нысаны болып табылатын сөйлемнің шын сипатының контекст арқылы ғана айқындалып ашылатынын айтады.

Ғалымның көрсетуінше, контекст белгілі бір тілдік единицаның ортасы және сол орта арқылы өз мағынасын нақтылай түсуінің жағдайы, шарты болып табылады [227, 6 б.]. Мәселен, омонимдер: *Алма терді. Кіманты алма*. Бірінші сөйлемдегі зат есім мен екінші сөйлемдегі етістіктің мағыналары контекстке тәуелді. Осы сияқты грамматикалық тұлғалар да контексте әртүрлі мағыналық реңкте жұмсала береді. Өткен шақ тұлғаларының ішіндегі мағыналық жағынан ең тұрақтысы саналатын жедел өткен шақ формасының өзі сөйлеу кезінде келер шақ мағынасында да жұмсала алады. Яғни әлі болмаған іс-әрекетті білдіреді. Мысалы: *«Ақырын, жығылды!» Көзіңе қара, төктің!* Осындағы көрсетілген етістік сөздердің бәрі де өткен шақтың көрсеткіштері. Бірақ солай бола тұрса да, олардың білдіріп тұрған әрекеттерін өткен іс деп қарауға, әрине, болмайды. Мұнда алдыңғы уақытта болуы мүмкін істен алдын ала сақтандыру ғана бар. Мұндай жағдайларда, яғни етістік шақтарын сөз еткенде, ондағы формалардың қай шақтың көрсеткіші екендігіне ғана сүйенбей және оны өз ортасынан бөліп алып қарамай, контекстке байланысты қараудың қажет екендігін, тек сонда ғана шақтық көрсеткіштердің мағынасын дұрыс түсінуге, дұрыс талдауға болатындығы айқындала түседі» [228, 5 б.]. Жоғарыда берілген сөйленімдегі грамматикалық формалардың тілдік жүйедегі мағынасы өткен шақты білдіру, ал мына сөйленімде бұл тұлғалар өзінің бастапқы мағыналарынан, негізгі семантикалық функцияларынан ауытқып, контекстік мағынаға ие болып, келер шақ мәнінде қолданылған. Бұл өткен шақ тұлғасының келер шақ мәнін білдіруі сөйлем құрылымымен, сөйлеу интонациясымен, сөйлеу жағдаятымен байланысты, ал бұлардың барлығын келер шақ функциясын атқаруға бағындырып, ұйымдастырып тұрған сөйлеу контексті болып табылады. Е.Курилович тілдік мағынаны бастапқы функция, ал контекстен туындайтын мағынаны екінші дәрежелі функция деп атайды [227, 33 б.]. Яғни бастапқы функция контекстке тәуелсіз болса, екінші дәрежелі функция семантикалық (синтаксистік) контекстке тәуелді болады. Олай болса, жоғарыдағы өткен шақ тұлғасының келер шақ мәнін білдіруі аталған тұлғаның екінші дәрежелі функциясы деуге болады.

Ж.Жакупов контекстік түзілім бірліктеріне қарай минималды және максималды контекст деп екіге жіктейді. Мәселен, лексема үшін минималды контекст сөздердің тіркесуі болса, сөз формасы үшін сөз тіркесі мен сөйлем құрылымы, сөйлем үшін синтаксистік күрделі бірлік болады. ...Сөйлем микроконтекст қызметін атқарады, яғни сөйлем мүшелерінің мән-мағынасын, қызметін айқындайды. Ж.Жакупов Г.В.Колшанскийдің контексті микроконтекст, макроконтекст, мәтін деп үшке бөлгендігін және сөйлемді микроконтекстке, абзацты макроконтекстке, мәтінді ситуациялық (тақырыптық) контекстке жатқызғандығын айтады [227, 60 б.]. Тілдік бірліктердің келер шақ контекстінде қолданылуы осы аталған сөйлем, сөйленім, мәтін деңгейлерінің барлығында да кездесуі мүмкін.

Сонымен, келер шақ өрісінің орталық семантикалық бірлігі етістіктің келер шақ тұлғалары (*-ар, -ер, -р; -мас, -мес; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек*

т.б.) болып табылады, ал сөйлеу сәтінен кейінгі қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіретін лексикалық тілдік құралдар басқа да темпоралдық өрісінің микроөрістері сияқты негізінен үстеу сөз табына жататын сөздерден тұрады. Келер шақ өрісінің жанама тілдік құралдарына етістік тұлғаларынан ирреалды рай (бұйрық, қалау, шартты) мен көсемше тұлғалары жатады.

Осы шақ микроөрісінің мағыналық құрылымы. Осы шақ өткен шақ пен келер шаққа қарағанда грамматикалық формалары мен мағыналық реңктері айқын, анық болып келеді. Өйткені ақиқат дүниеде заттар мен құбылыстар объективті тұрғыдан қазіргі уақытта ғана нақты бар болады, оның өткендегісі мен келешегі объективті уақытта тұрмайды, қазіргі уақыт қана бар уақыт, ал өткен уақыт пен келешек уақыт қазіргі тұрғысынан жоқ уақыт болып есептеледі. Бірақ бұл өткен уақыт пен келешек уақыт мүлде жоқ деген сөз емес. А.М.Анисов «Темпоральный универсум и его познание» деген еңбегінде бұл туралы: «Наш повседневный опыт свидетельствует против темпорального умножения миров, что выражено в принимаемом здравым смыслом утверждении: есть только настоящее, прошлого уже нет, будущего еще нет. Никто и никогда не был в состоянии воспринимать прошлое или будущее так, как воспринимается настоящее», - деп жазады [17, с. 63]. Демек, осы шақтың мағыналық және тұрпаттық жағынан анық, айқын болып келуі қазіргі уақыттың ақиқат шындықты дәл бейнелей алуымен байланысты деуге болады.

Бірақ қазіргі уақыт өту ұзақтығы жағынан тым қысқа мерзімді қамтиды. Тіпті көзді ашып-жұмғанша қазіргінің өткенге айналуы таңғажайып құбылыс емес. Мұнымен біз күнбе-күн өмір тәжірибесінде кездесіп, көз алдымызда өткізіп отырмыз. Осындай векторлық сызық бойында, яғни реалды уақыт ағымында тоқтаусыз өтіп жатқан қозғалыстың жылдамдығын ұстап тұру және оны өткен уақыттай санада қорытып үлгеру мүмкін емес. Сондықтан да болар дәстүрлі грамматикада ғалымдар осы шақты жіктеуде көбінесе екі кейде үш түрімен шектеліп отырған.

Сонымен қатар осы шақ жіктемесінде өткен шақ, келер шақ түрлеріне қарағанда ғалымдар модальдық ұстанымды жіктемелік белгі етіп алмаған. Мәселен, өткен шақ микроөрісінде модальдық ұстаным бойынша айғақты, айғақсыз, анық, танық сияқты терминдер қолданылған болса, келер шақтың жіктемесінде сенімді, сенімсіз келер шақ түрлері аталады. Ал осы шақ жіктемесінде оның түрлері амал-әрекеттің, оқиғаның нақ сөйлеу сәтінде, сөйлеу үстінде орындалуы немесе жалпы осы кездері болып жатуы шақтық меже қызметін атқарған. Сөйтіп осы шақты «нақ осы шақ» және «жалпы осы шақ» деп жіктеу үрдіс алған. Сонымен қатар басқа да шақ түрлерінің жіктемесінде бар контекстік тұлға *-а*, *-е*, *-й* көсемше тұлғасы осы шақтың да мағыналық түрі ретінде қаралады. Мұны тілімізде «ауыспалы» осы шақ деп атайды.

Осы уақытқа қатысты семантикалық шақтық мағынаны білдіретін тілдік құралдар осы шақ микроөрісін құрайды. Бұл өрістің өзектұлғасында, шақтың басқа да өрістері сияқты, грамматикалық шақ формалары тұрады. Ал шеткі (перифериялық) өрісін тілдің басқа деңгейлерінен алынған осы шақ мағыналы

тілдік бірліктер құрайды. Бұл тілдік құралдардың барлығы тілдің әрдеңгейіне жатқанмен, олардың басын бір микроөріс бойына біріктіріп тұрған нәрсе – олардың осы шақтық семантикалық функциялары.

Осы шақ микроөрісінің орталық семантикалық бірлігі болып табылатын осы шақтың грамматикалық формаларын жоғарыда үшінші тараушада қарастырғандықтан, бұл тақырыпта өрістің перифериялық тілдік құралдарына ғана тоқталмыз.

Шақтық семантика амал-әрекеттің болып жатқанын не болып өткенін не алда болатынын тілдік емес сөйлеу сәтін меже ете отырып анықтаса, осы сөйлеу сәті сөйлеушінің қазіргі уақытымен, яғни коммуникативтік актінің орындалу уақытымын тығыз байланысты. Бұл уақыт лексикалық темпоралдық құрал болып табылатын «қазір» сөзіне орнықтырылған. Яғни тілдік емес сөйлеу сәті мен «қазір» сөзі амал-әрекеттің орындалу, іске асу уақытын анықтауда шақтық дейктикалық орталық қызметін атқарады. «Қазір» сөзі шақтық дейктикалық орталық болып табылатындықтан, осы шақ мәнді темпоралдық функцияны орындайтын негізгі лексикалық құрал (маркер) ретінде сөйлеу сәтіндегі амал-әрекетті білдіреді.

Тілімізде нақ осы шақ мәнін білдіретін грамматикалық мағына қалып етістіктері мен олардың күрделі аналитикалық формаларына бекітілген. Ал «қазір» сөзі лексикалық тілдік құралдардың орталық семантикалық бірлігі болып табылады және ол осы шақ мәнін білдіретін грамматикалық осы шақ етістіктерінің темпоралдық мағыналарын толықтырып, нақтылап тұрады. Яғни шақтың грамматикалық тұлғалары сөйленімдегі темпоралдық мағынаны жалпы білдірсе, лексикалық бірліктер – мезгіл үстеулері амал-әрекеттің өту мерзімін дәл, нақты көрсетеді. Мысалы: *Бұл қаламгерлерге біз қазір рахмет айтамыз. Өйткені қалай дегенде де олар 4 диқанды ел есінде қалдырды ғой* («Егемен Қазақстан»). *Қазір Қарашаи қауға тартып, екі баласы, қара күшік пен Мәруә – төртеуі астаудың алдында тұр* (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл).

«Қазір» мезгіл үстеуінің өзі шақтық мәнді білдіретін нақтылауыш тілдік құралдармен тіркесіп келіп, темпоралдық семантиканы айқындай түседі. Мысалы: *Осы қазір аш болмаса да, аш көз боп үйренген жұрт бір-біріне: «Пәленшеке, жақын отырыңыз!» – деп қойып өзі итініп, табаққа таяй береді* (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). *Сары деген аты болмаса, дәл қазір сүдіні өзге. Сор, күл көрсе аунай кету – ата-бабасының салты сары атанға да жұққан* (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). *Жасы қырықтар мөлшерінде, бір жеті шамасында бір рет қыратын көселеу сақалының нақ қазір өскендеу кезі* (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек.).

Бұл аталған нақтылауыш тілдік құралдар шақтық мәнді білдіруде көбінесе осы «қазір» сөзімен тіркесуге бейім, яғни «дәл ертең», «тап кеше» деген сияқты қолданыстар болғанмен, олар «қазір» сөзін айқындау қызметінде жиі қолданылады.

«Қазір» үстеуінен басқа жалпы осы кездері болып жатқан амал-әрекетті білдіретін «бүгін», «биыл», «осы жылы» сияқты тілдік құралдар да мәнмәтінге қарай осы шақ мәнін білдіреді.

Осы шақтық мағына **«жана»**, **«енді»** мезгіл үстеулері арқылы да беріледі. Мысалы: *Жексен Қодардың өлігіне қаран: -Кет, бәлекет, жүзі қара! Кет! – деп, үлкен тасты жіберіп қалды Қодардың денесін Абай жаңа көріп еді* (М.Әуезов, Абай жолы). *Абай **енді** байқады, әкесі сөзін аяқтап келеді екен* (М.Әуезов, Абай жолы).

Осы шақ мәнін білдіретін синтаксистік құралдардың бірі – **атаулы сөйлемдер**. Мысалы: *Түн. Далада аздап жел бар. Зейнеп тұратын бөлменің терезесі ашық* (Ө.Қанахин, Мұрагер). *Түн. Ай батып кеткен. Жер бедері білінбейді. Дүниенің ой-шұқыры мен бел-белесі бірдейленіп, жұмыр жер жадағай жазыққа айналғандай* (С. Алдабергенов, Асу).

Жоғарыдағы мысалдарда осы шақтық семантика мезгіл мәнді *түн* сөзі арқылы берілсе, сонымен қатар бұл сөйленімдердің квалитативтік жағдаятқа құрылғандығын көруге болады. *Айдың батып кетуі, даладағы аздап соққан жел, Зейнеп терезесінің ашық тұруы* т.б *түн* мезгіліндегі квалитативтік жағдаяттарды (сапа) сипаттау үшін қолданылған. Ал бұл квалитативтік жағдаятқа құрылған сөйленімдер осы шақтық мәнді де білдіріп тұр. Бірақ темпорлдық жағдаятқа құрылған *түн* сөзі мен квалитативтік жағдаятқа құрылған сөйленімдердің шақтық семантиканы білдіру дәрежесі бірдей емес.

Көркем мәтіндердегі осы шақтық темпоралдық семантиканы беруде тұтас мезгіл мәнді сөйленімдер де қолданылады. *Таң әбден атты. Күн де шығуға жақын екенін сезіп, бозаңда бір топ қара торғай әнге сала жөнелді* (І.Есенберлин, Көшпенділер). *Ымырт жабылып түн қараңғысы қоюлана түсті. Алыстағы көкжиек үстінен алабұртып табақтай боп қызыл жалқын ай көрінді* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Осы шақ мәнін білдіретін жанама грамматикалық тілдік құралдар да бар. Мәселен, *-ған, -ген* есімше тұлғасы әдетте жіктеліп, өткен шақ мәнін білдіріп, өткен шақ микроөрісінің грамматикалық тілдік құралы болып табылады. Бұл аталған есімше тұлғасы есімдік мәнінде жұмсалып, анықтауыш қызметін атқарғанда осы уақыттағы жағдаяттарды да көрсетеді. Мысалы: – *Өлеңінің бәрі шылғи өтірік. «Сен мені тастап, басқа жігітпен кеттің – дұрыс, бақытты бол, қашан да саған бақыт тілеймін»*: *Бұл – өзінің сүйген қызына айтқаны* (Ж.Нәжімеденов, Даңқ пен даңқырт).

Сөйленімдегі «сүйген қызы» тіркесі осы кездегі жағдаятты сипаттаған. Осы шақ микроөрісі жоғарыда аталған перифериялық тілдік құралдармен ғана шектелмейді. Қысқасы, морфологиялық шақ категориясы темпоралдылық макрөрісінің орталық семантикалық бірлігі болса, өрістің перифериялық (жанама, қосымша) тілдік құралдары тілдің морфология, лексика, синтаксис деңгейлерінің барлығында да кездеседі. Бұдан адам танымындағы мазмұндық жүйенің тілдің барлық деңгейлерінде көрініс табу мүмкіндігі бар екендігіне көз жеткіземіз.

4.5 Темпоралдық өрісінің аспектуалдық, модалдылық, шақтық локалдылық, таксис категорияларымен семантикалық тоғысымы

Функционалды-семантикалық категориялар туралы мәселе тілдік функция ұғымымен байланысты. Функциядан формаға қарайғы зерттеу бағытында қарастырылатын функционалды грамматикада *функция* ұғымы тілдік функция (функция-потенция) және қолданыстағы функция (функция-нәтиже) сипатында көрініс табады. А.В.Бондарко функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өрісті осы аталғаны функцияның бірінші түрімен байланыстырса, категориялық жағдаятты қолданыстағы функцияға қатысты қолданады. Семантикалық категориялар ғана емес жалпы тілдік бірліктердің барлығы дерлік жеке дара өмір сүрмейді. Лексикада бір сөздің, яғни бір тілдік таңбаның бірнеше мағынада қолданылуы мүмкін. Бұл мағыналар көпмағыналылық құбылысын көрсетеді. Сол сияқты бір грамматикалық мағына да қолданыста өзіне тиесілі, бекітілген мағыналарда басқа да мағыналарды білдіріп, грамматикалық функционалдылықты сипаттайды. Сол сияқты бұл аталған тілдік бірліктерден жоғарғы деңгейде де осындай мағыналық тоғысулар жүріп жатады. Семантикалық категориялар жеке дара басқа мағыналық категорияларға мүлде қатыссыз тұра алмайды, яғни олардың арасында міндетті түрде мағыналық тоғысулар болып отырады. Тіпті құрылымдық жүйеде тұрған бір грамматикалық форманың өзі қолданыста, контексте басқа да мағыналарды білдіру үшін жұмсала алады. Осындай семантикалық тоғысу мәселесі функционалды грамматикада міндетті түрде қарастырылуға тиісті тақырыптардың біріне жатады. Өйткені қайсыбір семантикалық категорияның тілдік табиғатын толық ашу үшін оның басқа семантикалық категориялармен қолданыстағы мағыналық тоғысулары міндетті түрде айқындалуы қажет. Сонда ғана зерттеу нысанына алынған семантикалық категорияның функционалдық табиғатын толық көрсете аламыз.

Темпоралдылықтың семантикалық шегі басқа да семантикалық категориялардағыдай тұрақты емес. Бұл семантикалық аяда да «көршілес» семантикалық категориялармен астас қолданысы жиі кездеседі. Аспектуалдылықпен байланысқа түскен темпоралдылық элементтері аспектуалды-темпоралдылық мағына жасайды. Мұндайда бір сөйленім бойынан аспектуалдылық мағына мен темпоралдылық мағына қатар беріледі. Мысалы, *Құдайберді биік төсек үстінде әлі жөтеліп жатыр екен (М.Әуезов Абай жолы)*. Бұл сөйленімде екі түрлі сема бар. Бірі – аспектуалдылық сема, екіншісі – темпоралдылық сема. «Әлі жөтеліп жатыр екен» тіркесі қимылдың созылыңқылығын яғни «жөтелу үстінде екендігін» білдіріп (Егер «жөтеле бастады» болса қимылдың басталғандығын, «жөтеліп қалды» болса қимылдың тез бітіп қалғандығын, «жөтеліп болды» болса қимылдың аяқталғандығын білдіреді) аспектуалдылық мағынаны берсе, темпоралдылық сема сөйлеу сәтінде болып жатқан қимылды білдіруімен яғни осы шаққа қатысы жағынан айқындалады. Жоғарыдағы «жөтелу» негізгі етістігінің аналитикалық

форманттарын өзгерткенде ол етістіктің білдіріп тұрған мағынасы да өзгеріп отырады. Бұл грамматикалық трансформация құбылысы деп аталады.

Жоғарыдағы сөйленімде темпоралдылық мағына бір ғана тілдік құралмен («жөтеліп жатыр екен» тіркесі) берілген. Мұндай семантикалық (темпоралдылық) мағыналар сөйленімде кейде бір ғана, кейде бірнеше тілдік құралдардың қатысуымен беріле береді. Сөйленімде темпоралдылық мағына білдіруге тілдік құралдардың біреуінің немесе бірнешеуінің қатысуы сөйлеушінің қимылдың өту мерзімін айқын немесе жалпы түрде айтқысы келу мақсатымен байланысты. Айқындылық мағына лексикалық құралдармен (бүгін, қазір), жалпылық яғни айқын еместік мағына грамматикалық формалармен (етістіктің шақ формалары) беріледі. Мысалы, *Ол қаладан келді* десек, қимылдың өту мерзімі айқын емес. Қимылдың сөйлеу сәтінен бұрын болғандығын ғана білдірген. Ал «*Ол қаладан бүгін келді*» десек, қимылдың өту мерзімі айқын, «бүгін» лексикалық бірлігі сөйленімде айқын темпоралдылық мағынаның берілуіне ықпал етіп тұр. Темпоралдық қатынастарды мәтін лингвистикасы тұрғысынан қарастырған С.С.Құнанбаева етістіктің шақ формалары мен лексикалық бірліктердің семантикалық мүмкіндігіне байланысты мынадай тұжырым жасайды: «Етістіктің шақ формасы сөйлем деңгейіндегі синтаксистік шақты білдіретін тілдік құралдардың бірі, функционалды-семантикалық тұрғыдан темпоралдылық өрісінің өзектұлғасы болып табылады. Өйткені шақ формалары – ең көп грамматикаланған, шақтық мәнді білдіруге тұрақталған, әрі осы мәнде ең жиі қолданылатын тілдік бірліктер. Сондықтан етістіктің шақ формалары жекелеген сөйлем деңгейінде сөйлемді ұйымдастырушы орталық қызметін атқарады, ал темпоралды семантика мезгіл үстеулері арқылы нақтыланады» [189, 43 б.]. Сондай-ақ автор синтаксистік шақ етістіктің шақ формаларының грамматикалық мағыналары мен лексика-фразеологиялық, лексика-грамматикалық және синтаксистік темпоралдық маркерлердің (тілдік құрал) мағыналарының жиынтығы арқылы беріледі деп түйіндейді.

Қимылдың өту сипатын (аспектуалдылықты) уақыттан тыс алып қарастыра алмайтынымыз белгілі. Қимылдың созылықлығы болсын, дүркінділігі болсын, басқа да сипаттары белгілі бір уақыт шеңберінде өтуі негізінде анықталатындықтан, ол үнемі уақытқа тәуелді. Сондықтан да ғалымдар аспектуалдылықты «қимылдың ішкі уақыты» деп атаған.

Қимылдың өту сипаты категориясы туралы қазақ тіл білімінде арнайы ғылыми айналымға енгізген Н.Оралбаева аналитикалық формалардың грамматикалық мағынасын танып, қимылдың өту сипаты категориясын жасайтын аналитикалық форманттардың тілдік табиғатын анықтаған [229].

Семантикалық категориялардың астас қолданысы олардың зерттеу нысандарына да байланысты. Айталық, темпоралдылық та, аспектуалдылық та, таксис те, модалдылық та, шақтық локалдылық та негізінен қимыл-әрекетті яғни қимылдың өту мерзімін (темпоралдылық), қимылдың өту сипатын (аспектуалдылық), қимылдың өтуінің мезгілдестігін (таксис), қимылға

сөйлеушінің көзқарасын (модалдылық) анықтайды, сондықтан астас қолданылуға бейім болады. Қимыл-әрекет субъектілік, объектілік тұрғыдан қарастырылып, сөйленім арқылы көрінетін әртүрлі семантикалық сипаттарына сай жеке функционалды-семантикалық категория құрауға мүмкіндік алады.

Темпоралдылық пен аспектуалдылық категориясының бір-бірімен тығыз байланыстылығын ғалымдар қайталап айтып жүр. Кейбір тілдерде «аспектуалды-темпоралдылық» семантика жеке категория ретінде қаралады. Ю.С.Маслов аспектуалдылық пен темпоралдылықты тұтас бір жүйенің компоненттері деп танып, аспектуалдылық, темпоралдылық, таксис категорияларын уақыт идеясымен байланысты тұтас бір жиынтықта қарастырады [220].

Темпоралдылық – кез келген сөйленімге тән семантикалық функция атқаратын әмбебап категория, яғни кез келген сөйлем не сөйленім белгілі бір дәрежеде шаққа қатысты болып тұрады. Сондықтан темпоралдық функция аспектуалдылық, шақтық локалдылық, таксис сияқты функционалды-семантикалық өрістермен категориялық жағдаяттар үдерісінде қабаттас келіп отырады. Бұл жерде өріс пен өріс тоғыспайды. Өйткені өріс әрбір функционалды-семантикалық категорияның тұрпат межесі, тұлғалық құрылымы, ол тілдік функция (жүйедегі мағыналық мүмкіндіктер – потенциальная функция) сипатында тұрады, яғни тіл жүйесіне жатады. Ал семантикалық категориялар мен өрістердің сөйлеудегі көрінісі категориялық жағдаяттарда айқындалады. Сондықтан семантикалық функциялардың астас келуі, өрістердің астас қолданысы деген нәрсе сөйлеу жүйесінде болатын категориялық жағдаяттардың құзырына енеді, категориялық жағдаяттар арқылы ғана көрініс табады. Осы тұрғыдан темпоралдылық категориясының басқа семантикалық категориялармен астас келуі де көптеген жекелеген жағдаяттардың семантикалық тоғысуы кезінде жүзеге асады.

Категориялық жағдаят дегеніміз – жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тектік ұғымға жатады, яғни бұл термин барлық семантикалық категорияларға ортақ ұғым. Ал аспектуалды, темпоралды, таксистік, модалдық т.б. жағдаяттар осы тектік категориялық жағдаяттан туындайтын түрлік ұғымға жатады. Құрылымдық грамматикадағы «грамматикалық категория» ұғымы осы сияқты тектік ұғымға жатса, грамматикалық категориялардың түрлері (септік, тәуелдік, шақ, жақ т.б) түрлік ұғымға жатады. Демек, категориялық жағдаят дегеніміздің өзі сөйлеу бірлігі және кез келген сөйленімде болатын семантикалық сипат. Осы жағынан алғанда қандай да бір сөйленімде категориялық жағдаяттардың болуы міндетті. Категориялық жағдаяттарсыз сөйленім сөйлем сияқты аяқталған ойды білдіре алмайды. Бұл жағынан семантикалық категориялар предикативтілікпен де байланысты. Бұдан нені түсінуге болады? Категориялық жағдаяттар сөйленім болудың негізгі алғы шарты болып табылады. Ал осы категориялық жағдаяттадың негізгісі – құрылымдық грамматикадағы шақ, жақ, модалдық сияқты – функционалды грамматикада темпоралдық, модалдық, персоналдық категориялар. Бұл о баста сөйлеу бірліктерінің абстракцияланып,

тілдік жүйеге түспей тұрып осылай болған. Ал тіл жүйесі – сөйлеу жүйесінің абстракциясы.

Демек, бұдан шығатын қорытынды, сөйленім мазмұнының категориялық жағдаяттар шоғырланып өмір сүреді. Сол шоғырдың барлығының бірдей барлық сөйленімнен көрініс табуы үнемі мүмкін бола бермейді. Сөйленімде үнемі болатын категориялық жағдаяттар жоғарыда көрсеткендей, модалдық, темпоралдық мағыналар. Бұл категориялық жағдаяттарсыз сөйленімнің ұйымдасуы болмайды. Ал аспектуалдық, шақтық локалдық, таксистік, есім категориясына қатысты – квалитативті не квантитативті жағдаяттар сөйленімнің барлығында бірдей болуы міндетті емес. Олай болса, темпоралдық категориялық жағдаяттарды анықтау кезінде белгілі бір тілдік құралдарды табу арқылы сөйленімдер іріктелмейді. Өйткені темпоралдылық жағдаят барлық сөйленімге тән категориялық жағдаят болып табылады.

Темпоралдылық ең алдымен аспектуалдық жағдаятпен астас келуге бейім, себебі, темпоралдылық – қимылдың сыртқы сипаты, яғни сөйлеу сәтіне қатысты болса, аспектуалдық – қимылдың ішкі сипаты. Сондықтан олар бірімен бірі тығыз байланысты болып келеді. Тіпті олардың астас қолданысы сөйлеуде ғана емес, тіл жүйесінде де көрініс табады. Мысалы, синтетикалық формалардағы темпоралды және аспектуалды семалар:

-атын, -етін қосымшасы – өткен шақ есімше тұлғасы. Ғылыми еңбектерде бұл қосымшаның парадигмада негізінен өткен шақ мағынасын беру үшін қолданылатын тұрақты формант екендігі айтылады, ал синтагмада, яғни қолданыста сирек те болса келер шақ, осы шақ мәндерінде жұмсалады. М.Жолшаева А.Ысқақов, Ы.Маманов, Т.Қордабаевтардың осы қосымша туралы айтқан пікірлерін жинақтай келе, мынадай тұжырым жасайды: «Сонымен, *-атын, -етін* тұлғасына қатысты пікірлерді жинақтай келе, түйгеніміз: негізгі парадигмалық мағынасы сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекетті білдіру; ал синтагмалық (контекстегі) мағынасы осы шақты, келер шақты білдіру. Біз жоғарыда келтірілген тұжырымдарды негізге ала отырып, Ы.Маманов пен Т.Қордабаевтың *-атын, -етін* тұлғасының негізгі мағынасын «өткен шақтағы дағдыға айналған іс-әрекетті беру» деп көрсетуін қолдаймыз» дей келе, *-атын, -етін* тұлғасының қазақ тіліндегі қимылдың қайталануын беретін грамматикалық формалардың бірі екендігін айтады [156]. Демек, *-атын, -етін* тұлғасы тіл жүйесінде тұрып-ақ темпоралдылық пен аспектуалдылық мазмұнды беретін құрылымдық тілдік бірлік болып табылады. Мысалы: *Көрсек көргендей: қара баланың жасы үшке толар-толмаста-ақ Әжекең атқа мінгізіп, өзі басын жетектеп қыдыртатын* (Қ.Жұмаділов). *Ауылдың үлкен-кіші азаматтары бас қосып, кетпен-күректерін алып, жол жиегіндегі арықтарды тазалайтын, ағаш отырғызатын. Ал, қызылды-жасылды киінген қыз-келіншектер бидай, жүгері, тары көжелерді және нан мен тоқаштың түр-түрін олардың алдына тартар еді. Ең бастысы – нақ осы ұлыстың ұлы күні бұрын ренжісіп жүргендер болса, бір-бірінің өкпесін кешіріп, қол алысып, құшақтасып,*

мәмілеге келетін (Жас Алаш). *Қойшының әйелі зоотехникі көрген сайын күрсініп алатын. Әйтеуір бір жүрегін қара мысықша тырмалаған сансоқты өкініші барын қаншама сездірмейін, білдірмейін-ақ дейтін, амал не қимыл-қыбыры мен көзқарасы аңғартып қояр еді* (О.Бөкеев, Қайдасың қасқа құлыным).

-атын, -етін қосымшасының өткен шақ темпоралды жағдаятпен астас аспектуалды мағынасы лексикалық тілдік құралдар арқылы да нақтыланып отырады. Мысалы: *Күн сайын таңертең алған тапсырманың орындалуын кешқұрым келіп, өзіне баяндайтынбыз* (Б. Момышұлы, Біздің генерал.). *Кейде кіре тартып, қалаға қатынайды, кейде Еламанды сағалап, қазіргідей көкше мұздың тұсында балықшыларға соғатын* (Ә.Нұрпейісов). *Хан үнемі осы араға келіп, сүйген адамының көз алдында бауыздалған суретін елестетіп, сөйтіп босай бастаған көңілін қайтадан қатуландыратын* (І. Есенберлин, Алмас қылыш).

Өткен шақтық темпоралды семантиканы жасайтын тілдік құралдардың бірі *-ушы, -уші* есімше формасы. Бұл қосымша өткен шақ мағынасында қолданылғанда *еді* көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *Не кихмат Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта, беті күйгендей ұялып, қызара бастаушы еді* (С. Торайғыров, Қамар сұлу).

Бұл аналитикалық форма өткен шақ мағынасын ғана емес, қимылдың қайталануын білдіріп, аспектуалды семантиканы да білдіреді. Өткен шақ мағынасында жұмсалған *-ушы еді* форманты амал-әрекеттің бірнеше рет қайталанғанын, яғни дағдыға айналған іс-әрекетті білдіреді. Мысалы: *Ал Мақпал шешейдің қолынан өткен қай зат та құлықтың құлынындай жұтынып, аса мүсінді көрініп тұрушы еді* (Р.Ниязбеков, Қаңтар.). *Наурыз көже жасаушы едік* (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз.). – ... Бірдеңе сұрап барғанда басқаларындай көрерміз, кейін келіңіз дегенді *айтпаушы еді-ау ерің!* (Ж.Нәжімеденов).

-ушы, -уші еді формантының өткен шақ темпоралды жағдаятпен астас аспектуалды мағынасы лексикалық тілдік құралдар арқылы нақтыланып отырады. Мысалы: – *Бұл құзыр ана жылы Төкеңмен бірге ығысқа ұшырағанда жабысқан. Жылда теңіздің таза ауасына шығысымен жеңілдеп қалушы едім* (Ә.Сараев, Тосқауыл). Аспектуалды семантика темпоралдық лексикалық бірліктер арқылы да нақтылана беріледі. Мысалы: *Бұрын кісімен амандасқанда қолын үгітіп жіберетіндей құмарлана қысушы еді. Бұл жолы саусағының ұшын ғана тигізіп қоя салды* (Қ.Жұмаділов).

Өткен шақ семантикасын жасайтын *-ған, -ген* тұлғасы аспектуалды семантика жасауда жоғарыда аталған *-атын, -ушы еді* формаларынан біршама басқаша. Ол қимылдың қайталануы, дағдылылығы сияқты мағыналарды білдірмейді. Оның білдіретін аспектуалды мағынасы қимылдың аяқталу фазасымен байланысты. Қазақ тіліндегі қимылдың соңғы кезеңін арнайы зерттеген Қ.Бибекөв өткен шақ көрсеткіштерінің қимылдың аяқталу мағынасын бере алмайтынын айтады.

Алайда бұл біржақты пікір. Түркі тілдері бойынша А.А.Баскаков, И.В.Шенцовалар бұл қосымшаның қимылдың аяталуын білдіреді деген тұжырымға келеді. Н.К.Дмитриев башқұрт тілі грамматикасында *-ған*, *-ген* қосымшасының нәтижелікті білдіретінін көрсетеді. А.Серебренников болса, бұл қосымшаның негізгі мағынасы нәтижелікті білдіру, ал өткен шақ мағынасы оның екіншілік мағынасы дегенді айтады. Ы.Маманов бұл қосымша туралы: «Бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару керек болған жағдайда қолданады», - дейді [156, 106 б.]. Аспектуалдылық категориясын зерттеген М.Жолшаеваның пікірінше, қимылдың фазалары мен шақ категориясы екі түрлі құбылыс. Ал *-ған*, *-ген* тұлғасының қимылдың нәтижелігін білдіруі оның өткен шақ мағынасын берудегі өзіндік ерекшелігі [156]. Демек, біздің ойымызша, бұл қосымшаның қимылды аяқтауға қатысты семантикалық сипаты әлі басы ашылмаған мәселе.

Осы шақтың *-а*, *-е*, *-й* қосымшалары шақ тұлғаларының ішіндегі айнымалы шама ретінде ауыспалы мәнге ие болып жүрген әмбебаптық сипатымен ерекшеленеді. Себебі, біріншіден, бұл көсемше тұлғалары осы шақ пен келер шақ түрлерінің екеуінің де құрамында қаралады, екіншіден, олар контекске қарай мағыналық құбылуға бейім. Яғни оның осы шақты не келер шақты білдіруі контекске қарай анықталады. Осы орайда бұл қосымшаны «ауыспалы» деген терминмен атау үрдіс алған. А.Ысқақов оны жалпы осы шақ, жалпы келер шақ деп атаса, Т.Қордабаев ауыспалы осы шақ, енді бірлері ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақ тұлғасы деп көрсетеді. Үшіншіден, бұл қосымша шақтық мәннен басқа да категориялық мәндерді бере алады. Соның бірі аспектуалды семантика. Бұл қосымшаны шақ көрсеткіштерінің қатарында көрсеткен ғалымдардың барлығы дерлік оның қимылдың ішкі өту ағымына қатысты мағыналық реңкі барын атап көрсетіп отырады. Мысалы, А.Ысқақов бұл қосымша сөйлеп отырған кездегі амал-әрекетті білдірумен қатар, үнемі істелетін кәсіби және басқа күнбе-күнгі әрекетті және адамзатқа, ғаламзатқа тән үйреншікті дағдылы әрекетті де білдіру үшін қолданылатындығын айтады. Т.Қордабаев та *-а*, *-е*, *-й* тұлғаларының дағдылы қимылды білдіре алады деп көрсетеді. Ы.Маманов бұл тұлға: біріншіден, затқа тән қимылдық қасиетті білдірген кезде аспектуалды семантиканы білдіреді, бұл семантика – қайталану амалы; екіншіден, біреудің кәсібін, оның немен шұғылданатындығын білдіру арқылы; үшіншіден, жалпы осы шақта болып жататын қимылды білдіру арқылы қимылдың өту ағымы мағынасын бере алады [156, 115 б.]. Функционалды-семантикалық аспектуалдық категориясын зерттеген З.Ахметжанова бұл қосымша арқылы қайталанатын, дүркінді қимылдың берілетінін айтса, М.Оразов дағдылы әрекетті білдіру оның негізгі қызметі деп көрсетеді. Жолшаева осы шақтың *-а*, *-е*, *-й* көрсеткіштерінің қимылдың өту ағымына қатысты қайталанатын қимылды, созылыңқы қимылды және жасалу үстіндегі қимылды білдіретінін мысалдар арқылы дәлелдейді. Оның

тұжырымдауынша, *-а, -е, -й* тұлғалары қайталану мағынасын беру үшін қолданылғанда шақтық мағынадан алыс кетеді, бұл жағдайда олардың бойында шақтық мағына беру екінші орынға ығысады да, алдыңғы орынға дағдылы әрекетті беру мағынасы шығады. Мысалы: *Насыбайды атып алып, мүлгіп тыңдайды да отырады* (Қ.Жұмаділов). Бұл мағына аспектуалды семантиканы білдіретін лексикалық, синтаксистік құралдар арқылы нақтыланып отырады. Мысалы: *Иттің ырылы айбатты шығып, арасында арс-арс етіп үріп қояды, кейде үні әлсіреп өшіп бара жатады* (Т.Ахтанов, Дала сыры).

-а, -е, -й қосымшалары созылыңқы қимылды да білдіреді. Мысалы: *Кейде күндізді былай қойып, түнімен таң азарғанша отырамын*(Ж.Саин, Жол үсті.). *Атты жасақ он екі орданы күнітүні міз бақпай күзетеді* (Ә.Кекілбаев).

М.Жолшаеваның *-а,-е,-й* тұлғаларының қимылдың қайталану, созылыңқылық, дағдылылық мағыналарын білдірген кезде оның шақтық мағынасы екінші орынға шығады деген пікіріне қосыламыз. Шын мәнінде жоғарыда берілген мысалдардағы *-а, -е, -й* тұлғалы етістіктердің шақтық мәнінен гөрі аспектуалды семантиканы білдіріп тұрғандығын көруге болады. Мәселен, жоғарыдағы мысалдардағы «тыңдайды да отырады», «үріп қояды», «өшіп бара жатады», «отырамын», «күзетеді» етістіктері сол қимыл-әрекеттердің осы шақта болып жатқанын білдіріп тұрған жоқ, олардың бұл контекстегі мағыналары қимылдың дағдылылығын, қайталануы және созылыңқылығын білдіру болып табылады.

-уда, -уде қосымшасы кейбір ғылыми еңбектерде жалпы осы шақ ретінде көрсетіліп отырады, бірақ жаппай емес. Бұл тұлға соңғы кездері ақпарат құралдарында жиі қолданылады. М.Жолшаева бұл қосымша қимылдың жасалу кезеңіне қатысты процестілік мағынаны білдіреді дейді. Процестілік мағына дегеніміз – қимылдың әрекет үстінде болуы, яғни сөйлеу сәтіне дейін болып өткен немесе сөйлеу сәтінде болып жатқан және одан кейін де жалғасатын, аяқталмаған қимыл. Мысалы: *Қазіргі сәтте мұнда қажетті жөндеу, қайта құру, құрылыс жұмыстары кешенді түрде атқарылуда* («Егемен Қазақстан»). *"Жеке кәсіпкерлік туралы" және "Инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау жасау туралы" заң жобалары қазіргі кезде Парламентте талқылануда* («Егемен Қазақстан»). *"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының жүзеге аса бастауы үлкен тарихи маңыздылығы бар құбылыс. Ол қазіргі тарихи белесте Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асуда* («Жас Алаш»).

Келер шақ көрсеткіштерінің ішінде ауыспалы келер шақты қоспағанда аспектуалды семантиканың білдіретіні *-ар, -ер, -р* есімше тұлғалары. Бұл қосымша қимылдың ішкі өту ағымына қатысты мағына білдіруде істің немқұрайды жасалғандығын білдіреді. Мысалы: *Барсам барайын,- деген ой келген маған, - сөйлесейін, өзінің әуеніне қарай кеңесейін, ар жағын көре жатармын* (С. Мұқанов, Есею жыл.).

Сонымен, аспектуалды семантика жасайтын шақ көрсеткіштері мыналар: *-атын, -етін; -ушы, -уші еді; -уда, -уде; -а, -е, -й; -ар, -ер* және қалып етістіктері арқылы жасалатын аналитикалық форманттар (*-ып отыр, -ып жүр* т.б.).

Шақ көрсеткіштерінен басқа аспектуалды семантика жасауға лексикалық темпоралдық көрсеткіштер де қатысады. Мысалы, мезгіл үстеулері қимылдың жүйелі қайталану мағынасын білдіреді. *Бұл өзі жылда болатын табиғаттың ерекше бір құбылысы. Жердің көгі гүлшешек жарып, көктемнің мейірімі мол күні күлімдеп тұрып-ақ, аяқ астынан, нілдей бұзыла салатынын қайтерсің!* (Ө.Қанахин, Жер бас.). *Біз түні бойы айтысып, әңгіменің ұзын ыргасын түсінгенше бақ-шақ болып отырдық* (С.Жүнісов, Жапанда.). *Астықты бөтен-сатан біреулер тасып кетсе, не бетімді айтам!.. Қашан тасылып, бастырылып болғанша күндіз-түні осында боламын* (Ж. Жұмақанов, Қаракөз).

Темпоралдылық қимылдың сыртқы өту сипаты болса, аспектуалдық қимылдың ішкі өту сипаты, сондықтан бұл категориялар бір-бірімен тығыз байланысты. Тіпті бұл байланыс халықтық өлшемді білдіретін фразеологизмдер жүйесінен де байқалады. Мысалы: *сүт пісірім уақыт* – сүт пісіруге кететін уақыт, шамамен 20-30 минут. Бұл уақыт қимылдың (сүтті пісіру әрекетінің) созылықтылығын да білдіреді. Сол сияқты *бие сауым уақыт, шай қайнатым уақыт* т.б. Ал қимылдың тез жасалуына қатысты темпоралдық фразеологизмдер: *қас пен көздің арасында, қас қаққанша, қас қағымда, көзді ашып-жұмғанша* т.б. Мұндай халықтық өлшем атауларын қазақ тілінде Ж.Ш.Ахмедова арнайы қарастырған [47].

Темпоралдылық функционалды-семантикалық **модалдылық** категориясымен де тығыз байланысты. Бұл әсіресе, шақ жіктемесінде айқын көрініс табады. Яғни шақты жіктеуде сөйлеу сәтін меже ететін ұстаныммен бірге субъектінің амал-әрекетке қатынасын білдіретін модалдылық ұстаным жүйелі түрде негізге алынып жүр. Бұған шақты анық өткен шақ, танық өткен шақ, неғайбыл өткен шақ, сенімді өткен шақ, сенімсіз өткен шақ, сонымен қатар келер шақ жіктемесіндегі болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ түрлерінің болуымен түсіндіруге болады. Енді осы жерде шақты түр-түрге бөлуде неге модалдық мағына негізге алынды, шақ дегеніміз сөйлеу сәтінің алдында не сөйлеу сәтіндегі және сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатын амал-әрекетті білдіру емес пе деген сұрақ туындайды. Неге бірқатар ғалымдар модалдық мағынаны шақ жіктемесіне негіз етіп алды? Бұл өте қиын мәселе. Бұған дейін де ғалымдар осы ұстанымдардың екі басқа грамматикалық принцип екенін білді, бірақ біле тұра шақ жіктемесін модалдық мағынаның қатысынсыз жасай алмады. Бұл нені көрсетеді? Бұл темпоралдық пен модалдық мағыналардың ажырағысыз байланыстылығын көрсетеді. *Бұл - бір.*

Екіншіден, осы жерде айта кету керек, тіл білімінде модалдылықты объективті және субъективті модалдылық деп бөлу дәстүрі бар. Объективті модалдылық сөйленім мазмұнының ақиқат шындыққа қатысын көрсетсе, субъективті модалдылық деп сөйлеушінің сөйленім мазмұнына қатысын айтады. Объективті модалдылық пен субъективті модалдылық туралы

ғалымдар пікірі бірізді емес, бір топ ғалымдар модальдылықты осылай екіге бөліп қараса, екінші бір тобы бұл екеуінің арасына шек қоймайды. Екінші топтағы ғалымдардың пікірінше, кез келген модальдылық субъективті және шартты болып келеді. Мәселен, орыс тіл білімінде модальдылықты қарастырған Л.Михневич былай деп жазады: «Модальность по своему содержанию является оценочной, так как соотношение содержания с действительностью само по себе есть оценка этой действительности, которая всегда носит субъективный характер, поскольку любом высказывании отображается субъективное переживание говорящего, его субъективный опыт. Модальность субъективна потому, что «отображаемое в тексте не является зеркальной копией сегмента объективной действительности...» [230, с. 10-12]. Қазақ және орыс тіліндегі модальдылық конструкцияларды салғастыра зерттеген М.Утенияз да объективті модальдылық туралы осымен сабақтас пікір айтады: сөйлеуші танымы тұрғысынан кез келген сөйленімнің объективтілігі абсолютті емес, қатыстық сипатта тұрады, өйткені адам, сөйлеуші объективті заттар мен құбылыстар туралы айтқанмен, оның барлығын адам өзінің сана-сезімі арқылы қорытып, субъективті көзқарасы тұрғысынан баяндайды [231, 36 б.]. Біздің ойымызша, рай категориясының реалды және ирреалды болып екіге бөлініп, етістіктің шақ категориясының ашық рай құрамында берілуі модальдылықты жіктеудің жоғарыдағы түрлерімен (объективті және субъективті) байланысты болу керек.

Үшіншіден, темпоралдық және модальдық категорияларының ажырағысыз байланыстылығын көрсететін тағы бір мәселе – грамматикалық шақ формаларының ашық рай құрамында қаралуы. Дәстүрлі грамматикада грамматикалық категория тұрғысынан рай мен шақ екі басқа категория, бірі – амал-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатынасын білдірсе, екіншісі – амал-әрекетке сөйлеушінің көзқарасын білдіреді. Бірақ мектеп оқулықтары мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарда, басқа да грамматикаларда шақ ашық райдың құрамында беріледі. Бұдан бір категорияның ішіне бір категория еніп кетеді деген ұғым туындайды. Осы жағынан шақ категориясының ашық рай құрамында қаралуы оқушыға түсініксіз болып қалады. Бұл өз алдына мәселе. Біздің айтайын дегеніміз темпоралдылық пен модальдылықтың астас келуі құрылымдық жүйедегі шақ және рай категорияларының осы аражігінен-ақ айқын көрінеді. Яғни шақтың ашық рай құрамында қаралуының өзі бұл категориялардың мағыналық шектестігімен байланысты.

Енді осы темпоралдық және модальдық мағыналардың грамматикалық шақ жүйесіндегі байланысына тоқталамыз.

Ашық рай құрылымдық жүйеде етістіктің өткен шақ, осы шақ, келер шақ мағыналарын түгел қамтиды. «Ашық рай деп (индикатив) амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болу я болмауын білдіретін грамматикалық категория», - дей келе, А.Ысқақов модальдік категориясы арқылы айтылатын пікірдің ақиқатқа қатынасы реалды не неғайбыл (ирреалды) болып көрінуі тиіс. Амалдың ақиқатқа қатысын білдіруіне қарай етістік райларын ашық (негізгі)

райлар және неғайбыл (жәрдемші) райлар деп бөліп, оларды мағыналық, тұлғалық ерекшелігіне қарай бір-біріне қарама-қарсы қойып қаралады дейді. Яғни ашық рай амалдың реалды екенін, ал неғайбыл райлар амалдың реалды емес екенін білдіреді дейді [163, 313 б.]. Ғалымның пікірінше, ашық рай амалды реалды етіп көрсеткендіктен, мезгіл ұғымымен (өткен, келер, осы шақтармен) байланысты болады да, ал неғайбыл райлар амалдың реалды емес екенін, яғни амалдың негативті сипатын білдіріп, оларды қалау, шарт, бұйыру, қажет санау, ләзім көру тәрізді модальдік ренктер түріде айтады да, тек келешекке мегзегені болмаса, шақ категориясына тікелей қатыспайды.

Ғалымның бұл айтылған пікірлерінен мынаны аңғаруға болады. Темпоралдық құрылымдық жүйедегі грамматикалық категория тұрғысынан амал-әрекеттің ақиқатқа қатынасын білдіруіне қарай модальділік категориясының құрамына еніп кетеді, және осы неғайбыл райларға қарсы қойылып, амал-әрекеттің анық болғандығын не болатындығын не болып жатқандығын білдіреді. Бұл шақ категориясының ашық рай құрамында қаралуының бірден бір себебі. **Бұл кез келген темпоралдық мағына бар сөйленімде модальдылық мағына реалды модальдылық мағына ретінде көрініс тауып отырады деген сөз.** Мысалы: *Еңгезердей тұлға ебедейсіз қимылдап, есік алдындағы шылапшын, құманды салдыр-гүлдір құлата-мұлата төрге озды* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). *Жиен бұртыып, кәдімгідей өкпелеп отыр* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Сөйленімдердегі өткен шақ, осы шаққа қатысты темпоралдық мағыналар ақиқат шындыққа қатысына қарай реалды модальдылықты білдіреді. Бұл грамматикалық шақ формалары арқылы берілетін темпоралды жағдаяттардың барлығында реалды модальдылық семасының болатындығын көрсетеді.

Ирреалды модальдылық дегеніміз – амал-әрекеттің ақиқат шындыққа қатысын білдірмейтін, жүзеге асуы реалды емес амалды білдіретін мағыналар. Рай категориясында мұндай рай түрлері – бұйрық рай, қалау рай, шартты рай. Бұл райлар қазақ тілі оқулықтарында жанама райлар, қосалқы райлар деп те аталады. А.Ысқақов неғайбыл райлар деп атайды. Неғайбыл райлар амалдың айқын еместігін білдіреді. Бір қызығы бұл райлар тілдік жүйе, яғни грамматикалық категория жүйесінде көбінесе келер шаққа ғана қатысты болып тұрады. Ал келер шақ шақ түрлерінің ішіндегі ең нақтылығы жоқ категория, келер шақ түрлерінің болжам, мақсат, ниет мағыналарын білдіруі де (мақсатты келер шақ, болжалды келер шақ) осымен байланысты.

Сөйлеушінің амал-әрекетке көзқарасын білдіру негізінен шақ категориясының емес, рай категориясының функциясы. Бұл сөйлеудегі мақсаттылық, болжам модальділіктерінің семантикалық функциясы болып табылады. Осы функция тіл жүйесінде грамматикалық шақ жіктемесінің келер шақ парадигмасын құрауға негіз болған. Мақсатты келер шақ тұлғасы *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -нақ, -нек* тұлғасының шын мәніндегі негізгі мағынасы мақсат модальдылығымен байланысты. Ал бұл қосымшаның келер шақ мағынасын білдіруі оның екіншілік, яғни жанама, қосымша (перифериядағы)

функциясы болып табылады. Болжалды келер шақ тұлғасы *-ар, -ер, -р* да болжам модальдылығының тілдік көрсеткіші, ал оның келер шаққа қатысты мағынасы мақсатты келер шақ сияқты екіншілік, перифериялық функциясы болып табылады. Ал бірақ осы модальдылық көрсеткіштерінің перифериялық функциялары (шақтық мағыналары) темпоралдылық категориясының өзектұлғасы болып табылатын грамматикалық шақ (келер шақ) көрсеткіштерін қалыптастырған. Бірақ мақсат және болжам мағыналары келер шақ көрсеткіштерінің құрамында сақталып қалған да, оларды жіктеуге негіз болған. Яғни келер шақ тұлғаларын мағыналық жағынан түр-түрге бөлуде айырым-белгі ретінде алынған. Енді осы мақсатты және болжалды келер шақ формалары арқылы берілген темпоралды және модальдық жағдаяттарға талдау жасап көрелік. Мысалы: *Орталық бір-екі айдың ішінде бес жүз қызметші жібермек. Темір жолды тез жеткізуге төтенше шаралар қолданып жатыр* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Адамға ажал тағдыр жақын келсе, Қызықты қызық дүние қырын қалар. Бауырың дос-жараның, туғандарың, Ұл-қызың, аға-жеңгең, інің қалар. Ақынмын, ел ақтаған бақсы емеспін Адасып айдалада жыным қалар* (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Бірінші мысалдағы «жібермек» етістігі сөйленімдегі амал-әрекеттің ең алдымен мақсаттылығын білдіреді, ал мақсаттылық мән келер уақытқа қатысты, өйткені адам өткенге қарай мақсат қоймайды, өткен және осы уақытта нақтылық болады, ал келер уақыт беймәлім, арман-тілекке, мақсат-ниетке, болжам мен жобаға құрылған. Демек, берілген сөйленімдегі темпоралдық мағына (келер шақ мағынасы) мақсат модальдылығының жанама функциясы арқылы көрініс тапқан деуге болады. Екінші мысал болжам модальдылығына құрылған. Сөйлеуші алдағы болатын амал-әрекетке болжам жасауды мақсат еткен, ал келер шақ мағынасы осы модальдық мағынаның екінші функциясы тұрғысынан сөйленімде темпоралдық семантика беру мүмкіндігіне ие болған. Ал мына сөйленімде келер шаққа қатысы темпоралды семантика күрделі пысықтауыштар арқылы нақтылана түскен: *Ақтөбенің ақ тарысына баратын түйекеш-керуендер ертең таң сәріден жүрмек. Сізге дейін керуенге қосатын түйені жеткізіп, жазы салып, ноқта кигізіп даярлау керек* (Ө. Тұрманжанов, Адам.).

Біз жоғарыда сөз еткен мақсат, болжам модальдылықтары құрылымдық жүйедегі неғайбыл рай түрлерімен (қалау, шартты, бұйрық) ұқсас. Бұл ұқсастық мынадан байқалады: біріншіден, қалау, шартты, бұйрық сияқты неғайбыл райлар келер шақ жіктелуіне еніп кеткен мақсат, болжам модальдылықтары сияқты негізінен келер шаққа қатысты. Екіншіден, неғайбыл райлар мен мақсат, болжам модальдылықтарының негізгі мағыналары – ең алдымен модальдық мағына білдіру. Ал келер шаққа қатысты темпоралды мағыналары – бұл екеуінің де екіншілік жанама функциялары. Бірақ бұл мағыналар ашық рай құрамында келер шақ көрсеткіштері ретінде берілгендіктен, неғайбыл райлар құрамында көрсетілмеген. Сонымен, біріншіден, темпоралдылықты құраушы етістіктің шақ категориясы құрылымдық жүйе бірліктері тұрғысынан ашық райды білдіруіне қарай модальдылық мағынамен ішкі бірлікте тұрса, екіншіден,

шақ жіктемесінің өз ішінде модальдық мағыналар шақты жіктеудегі принциптік мәнге ие болған. Яғни модальдық мағыналары негізінде келер шақ түрлерінің мақсатты, болжалды келер шақ деп аталуы темпоралдық мағына мен модальдық мағыналардың ажырағысыз байланысының тағы бір көрінісі.

Шақ категориясының өз ішіндегі тағы бір модальдылықпен астастығы өткен шақ формаларының жіктемелерінен де байқалады. Ғалымдардың бірқатары өткен шақтың түрлерін анықтауда векторлық принциппен бірге, модальдық принципті де қолданып отырған. Дәлірек айтсақ, өткен шақтың анық, танық, сенімді, сенімсіз, неғайбыл өткен шақ сияқты атаулары осы модальдық мағыналарға негізделген деуге болады. Мәселен, өткен шаққа қатысты темпоралды мағына білдіретін шақ тұлғаларының мағыналық құрамында болып өткен амал-әрекетке сөйлеушінің сенімділігі немесе сенімсіздігін білдіретін т.б. модальдық мағыналар бар. Атап айтсақ, *-ын, -ін -п* көсемше формасы сөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен, немесе басқа бір жағдай арқылы білгендігін білдіреді. Яғни бұл қосымшаның мағыналық құрылымында субъектінің амал-әрекетті, оқиғаны баяндауында неғайбылдық, сенімсіздік, белгісіздік сияқты семалар бар. Осы модальдылық мағыналарға сүйеніп ғалымдар өткен шақ жіктемесін жоғарыда аталған түрлерге бөлген. Тіпті А.Байтұрсынов қазіргі шақ жіктемесінде беріліп жүрген сенімді, сенімсіз, болжал сияқты шақ түрлерінің осы модальдық мағыналарына орай райдың түрлері ретінде де атап көрсетеді. (Ал қазақ ғалымдары ішінде өткен шақты жіктеуде таза векторлық принципті ұстанған Ы.Маманов). Олай болса, модальдық мағынаның өткен шақты жіктеуге де негіз болуы темпоралдық мен модальдық мағыналардың ажырағысыз байланыстылығының тағы бір көрінісі болмақ.

Неғайбыл (ирреалды) райлар (бұйрық рай, қалау рай, шартты рай) да темпоралдық мағынаны білдіре алады. Бұл орайда жанама рай формаларының темпоралды мағына білдіруі олардың екіншілік қызметі, яғни рай тұлғаларының жанама қызметі болып табылады. Аталған неғайбыл райлардың қайсысы болмасын тіл жүйесіндегі құрылымдық функцияларымен ғана шектелмейді. Олардың әрқайсысы функционалды-семантикалық модальдылық өрісін құрайтын өзектұлғалар болғандықтан, семантикалық функция (модальдық функция) да атқарады.

Енді осы неғайбыл райлардың әрқайсысының темпоралдық мағыналарына тоқталып өтеміз. Неғайбыл райлардың ішіндегі бұйрық райдың орны туралы Л.Дүйсембекова былай деп жазады: «Етістіктің рай категориясы ішінде бұйрық райдың алатын орны ерекше. Ол өзінің модальдық мағыналарымен де, ерекше морфологиялық құрылымымен де өзіне тән интонациясымен де басқа райлардан ерекше көрінеді» [191].

Қазақ тіліндегі рай парадигмасында модальдық мағынаның, яғни сөйлеушінің ақиқат шындыққа көзқарасын білдіруде бірден танылатын, үнемі тыңдаушыға қарай бағытталып айтылатын, ерекше интонациялық

құрылымымен ерекшеленетін түрі бұйрық рай болып табылады. Бұйрық рай құрылымдық функционалдық аспектіден Л.Дүйсембекованың диссертациялық жұмысында қарастырылса, соңғы кезде ономазиологиялық функционалды грамматика тұрғысынан да біршама зерттеу нысанына іліге бастады. Мәселен, С.Құлманов «Бұйрықтық модалдігінің семантикалық құрылымы» деген мақаласында осы функционалды-семантикалық өрісті бұйрықты (фактитивті) және тыйым салу сөйлемдері, ал шеткері аймағын (перифериясын) ескерпе және тілек-қалау мағыналарымен астасқан бұйрықты сөйлемдер құрайтынын айтады [193, 24-29 б.].

Бұйрық модальдылығы үнемі келер шаққа қарай бағытталады. Мәселен, Л.Дүйсембекованың көрсеткен бұйрық райдың мағыналық топтары бойынша алсақ, бұйрық алда орындауға тиісті істі міндеттейді, тапсырма алдағы уақытқа беріледі, ұсыныс алда істеуге болатын нәрселерге қатысты, сақтандыру да болашаққа қарай бағытталады, қысқасы, бұйрықтылықтың қай мағыналық тобы болсын сөйлеу сәтінен кейінгі векторлық сызық бойында тұрады. Ал осы векторлық сызық бойында тұру дәрежесі жағынан олардың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы:

а) **сөйлеу сәтінен кейін дереу орындалуға тиісті бұйрықтылық.** Мұндай сөйленімдер сөйлеу сәтінен келер шаққа қарай бағытталған векторлық сызық бойында сөйлеу сәтіне өте жақын орналасады. Мысалы: *Кір үйге! Анау кішкене балалар шошымасын, солардың қасында бол!* (С.Мұратбеков). Кейбір жағдайда бұйрықтылық келер шаққа қарай бағытталғанмен, нақ осы шақпен астасып, ұштасып та кетуі мүмкін. Бұл әсіресе, тез орындалуға тиісті жағдаяттармен (соғыс, қауіп) байланысты. Мысалы: - *Жатыңдар! – деп айқайлады Кирилл қолын бұлған жер бауырлап* (К.Федин).

ә) **сөйлеу сәтінен соң біраз уақыт өткен соң орындалуға тиісті бұйрықтылық.** Мұндай бұйрықтылық модалдылығы сөйлеу сәтінен келер шақ бағытының орта шеніне орналасады. Мысалы: *Абай келіншегіне бұйрық етіп: - Мына кісілерге ашықнастай қылып ет, азық әзірлете бер!* (М.Әуезов). – *Кемпір! – деді шал, – мына Сейсімет әскерге алынатын болыпты. Амандаса келген сыңайы бар. Қазаныңа ас сал. Биылғы күздіктен ауыз тиген жоқ еді, Еділханды жіберіп балалар мен келінді де алдыр* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

б) **сөйлеу сәтінен кейін араға біршама уақыт салып барып орындалатын бұйрықтылық.** Бұйрықтылық орындалу сипаты жағынан уақыт көлемі ұлғайған сайын векторлық сызық бойында сөйлеу сәтінен қашықтай түседі. Мысалы: *Дәл жөнеле кезде Ұлжан ат үстінде тұрған Абайды өзіне қарай шақырып алып: - Абайжан Тойғұлының ауылына бара кет. Әкелерің құда түсе кетіпті. Осы ауыл тегіс барсын деген екен. Мен қайдан сүйретіліп жүрейін, жолшыбай аз аялдап кете берерсің, - деді* (М.Әуезов). Демек уақыт көлемі бұйрықтылықтың сөйлеу сәтінен келер шаққа қарай бағытталған векторлық сызық бойындағы орналасу ретін анықтайды.

Бұйрықтылықтың келер шаққа бағытталған векторлық сызық бойында орналасу ретін темпоралдылықтың лексикалық, синтаксистік тілдік құралдары

да нақтылай алады. Мысалы, сөйлеу сәтіне жақын аралықта орындалуы қажетті бұйрықтылық *қазір, тап қазір, дереу, жылдам, тез* сияқты тілдік құралдардың қатысуы арқылы берілсе, одан кейінгі, яғни сөйлеу сәтінен келер шақ бағытының орта шенінде *ертең, сонан соң, бүрсікүні, кешке, немесе бернеше сағаттан кейін* т.б. тілдік құралдар тұрады, ал векторлық сызықтың аяқ шенін *бір айдан кейін, үш-төрт айдан кейін, бір жылдан кейін, екі-үші жыл өткен соң* сияқты т.б. тілдік құралдар құрайды. Демек орындалуға тиісті бұйрықтылық темпоралдылық өрісінің негізгі сипаты болып табылатын векторлық сызықтың келер шағымен тығыз байланысты.

Қазақ тіліндегі **қалау райды** арнайы зерттеген Б.Доскеева: «Қалау рай тұлғасы рай категорияларының ішіндегі ең күрделі және қарымды тұлғалардың бірі болып есептеледі. Қалау райдың күрделілігі мен қарымдылығы оның лексика-семантикалық сипаты мен тұлғаларының молдығына байланысты» - дей келе, қалау рай тұлғаларын семантикалық ерекшеліктеріне қарай ерікті қалау рай және тілекті қалау рай деп бөледі [232, 15 б.]. Қалау райдың шақтық мағыналарды білдіруіне қатысты түрліше пікірлер айтылады. Бұл әсіресе, ерікті қалау рай (-ғы кел) тұлғасының құрамындағы *кел* көмекші етістігіне байланысты. Бұл тұлға, яғни *кел* етістігі жүзеге асуы я аспауы белгісіз келер шақ мәнінде де, осы шақта да, өткен шақта да түрленіп қолданылады. Осы ерекшелігіне қарай (шақ бойына түрленуіне қарай) бірқатар ғалымдар *-ғы кел* тұлғасы рай категориясына жатпайды дегенді айтады [229, 122 б.]. Ал А.Ысқақов бұл тұлғаның шақ бойында түрленуінен я өткен шаққа, я осы шаққа қатысты, яғни соларды байыптарлықтай мән бағдарланбайды, демек, бұлардан аталған үш шақ туралы ешқандай ашық түсінік көрінбейді деп, *-ғы кел* тұлғасының негізгі мағынасы қалау мән деген тұжырымға келеді. Сонымен бірге А.Ысқақов бұл тұлғаның келер шаққа қатысы туралы: «бұл формалардан келешекке мезіреті етілетіндей әлдеқандай бір ишара немесе әлдебір ниет сезіледі. Бірақ бұл мезіреті келер шақ мағынасын бермейді және бере де алмайды» дейді [163, 315 б.]. Біздің ойымызша, қалау модальдылығының негізгі функциясы келер шаққа тікелей қатысты. Өйткені, философиялық тұрғыдан алғанда, адам бойындағы мақсат, тілек, ниет, қалау, болжам сияқты сезімдер негізінен алдағы уақытқа қарай бағытталады. Ал осы шақ пен өткен шаққа да қатысты сияқты болып тұруы қалау райдың семантикалық құрылымының өз ішіндегі мағынасы емес, қалау рай формаларына жалғанған грамматикалық формалардың мағыналық реңктерімен байланысты. Мысалы, өткен шақ: *Жылағысы келгенін сезгенде, едәуір қызғанын ұқты* (Ә.Сараев). Өткен шақ мағынасы *кел* көмекші етістігіне жалғанған *-ген* тұлғасының мағынасымен байланысты. Осы шақ: *Өз аузыңнан естігім келіп тұр* (Қ.Найманбаев). Осы шаққа қатысты *кел* көмекші етістігіне жалғанған *-іп тұр* формантының мағынасы.

В.Мелиоранский бұл тұлғаны келер шақтың көне түрі деп береді. С.Доскеева тілекті қалау рай тұлғасы болатын *-ғай, -гей* қосымшасының ежелгі қолданысы келер шақ мәнін және қалау, тілек мағыналарын беру екендігін,

Э.Наджиц, өзбек ғалымы Х.Нигматов т.б ғалымдардың ескерткіштер тілінде келер шақ мәнін білдіру үшін қолданылғандығы жайлы айтқан пікірлерін келтіреді. Д.Тумашева татар тіліндегі бұйрық және қалау райлардың келер шаққа қатыстылығы туралы тұжырым жасайды [233, 88 б.]. Бірақ бұл айтылғандардан қалау райдың негізгі қызметі келер шақты білдіру деген ұғым тұмау керек. Оның негізгі қызметі сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатысын көрсетсе, келер шаққа қатысы оның екінші қызметі. Темпоралдылық өрісі тұрғысынан қалау модалдылығы векторлық сызықтың келер шаққа қарай бағытталған сызық бойында жатады. Ал грамматикалық қалау рай формалары осы темпоралдық өрісінің шеткері аймағының (перифериясының) негізгі тілдік құралы қызметін атқарады. Ал қалау райдың қалған тұлғалары *-са, -се* шартты рай формасына *игі, игі еді, екен, еді, етті, зой* сияқты көмекшілердің тіркесуі арқылы жасалады. Қалау райдың бұл тұлғаларында да келер шаққа қатысты қосымша сема бар. Бұдан қалау модалдылығына құрылған сөйленімдерде, яғни қалау мәнді модалдық жағдаяттарда міндетті түрде келер шаққа қатысты темпоралды мағынаның қосымша (перифериялық мағына ретінде) көрініс тауып отыратынын көреміз.

Шартты райдың шақтық мағына білдіруі туралы пікір түркологияда бірнеше бағытта өрбиді. Ғалымдардың көпшілігі, мәселен, қазақ тілінде М.Оразов «қазақ тілінде шартты райдың қосымшасы шақтық мағынаға бейтарап мәнде қолданылады» дейді. Гагауз тілінің зерттеушісі Л.А.Покровская шартты рай формасының шақтық мәнін осы шақ және келер шақ мағыналарымен байланыстырады. Өзбек тілін зерттеген түрколог-ғалым А.Н.Кононов: «Условное наклонение имеет только два времени: настоящее-будущее и прошедшее», - деп көрсетеді. Демек, бұдан шартты рай формасының шақтық мәнінің үш шаққа қатысы әрбасқа түсінілгенмен, оның шақтық мағынаны білдіре алатындығы туралы да пікір бар екендігін көреміз. Шартты рай тұлғасының шақтық мағынасы туралы Р.Ж.Қияқова: «*-са, -се* тұлғасы шартты райлы етістіктің байланыстырушылық қызметімен қоса, тағы бір мағыналық қатынасты білдіруі мүмкін. Ол – мезгілділік қатынас» деп, шартты райды синкретизм құбылысы тұрғысынан қарастырады [234, 36-39 б.]. Мысалы: *Байтас бұған күліп, енді іріленіп қарап: - Не бетімді айтушы ем? Келсем, алдымнан өзі шығып, атымды байлап жатыр, - деп, Жұмабай жаққа қарап, иек қағып қойды* (М.Әуезов, Абай жолы). *Тәңірберген оянса, таң жаңа атып келе жатыр екен* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Бұлар далаға шықса, аулада тағы да алты адам тұр екен* (І.Есенберлин, Көшпенділер). Бұл мысалдарда бағыныңқы сөйлемдердегі *-са, -се* тұлғасы басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің, оқиғаның мезгілін білдіреді.

Д.Г.Тумашева шартты рай формасының реалды шарттылық мәнді білдіруі тұрғысынан осы шақ, өткен шақ, келер шақтың үшеуіне де қатысты дегенді айтады [233, 88 б.]. Мысалы: **келер шаққа** қатысты шарттылық жағдаят: *Құдайдың бұйрығы, әйтеуір жат жұрттыққа жаралған қыз бала үйде отырып қалмайды. Қанина орынды, дәулетті жерге барса, бәрімізге де*

ганибет (С.Омаров, Дала қызы). *Мен ескекті есіп келе жатсам, сен қайықта тербетіліп отырсаң... Аһ, дариға-ай, тез жетсе екен сол бір күн! — деп аңсаған* (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Келер шақ мәнінде қолданылған шарттылық жағдаят болжалды мағынаны білдіреді. Мысалы: *Арманым көп, Қанишатай! Оқысам деймін, иен далаға жсайқалтып егін ексем деймін* (Ш.Құмарова. Қос шынар).

Өткен шаққа қатысты шарттылық жағдаят: *Солқылдап тұрған моторға су құймақшы болып, шелектерді қалдырған жерге барсам, суын төгіп екі шелекті, дәнекерлегіш шамды алып кетіпті* (Ш.Есмұрзаев, Мәртебе).

Дағдылы қайталау мағынасын білдіретін шарт мәнді өткен шақ жағдаяты: *Біреуді сыртынан сөз ғып гайбаттап отырмаса, ішкені ас боп бойына тарамайтын, құрыққа сырық жалғаған өсекке өзгеден гөрі бір табан жақын тұратын* (Е.Мырзахметов, Өмір.).

Шарттылық мағынаның шақтық бейлокалдылықпен астастығы: *Адам нендей гамалға үйір болса, жалықпай жан-тәнімен берілсе, сол ізеттеген өнерді тауып меңгере алады* (Е. Ысмайылов, Ақындар). Көбінесе марал-мәтелдерде көрініс табады. Мысалы: *Ата қайратты болса, бала гибратты болар* (Мақалнама).

Темпоралдық құрылымдық жүйеге түскен жоғарыда аталған модальдық топтардан басқа да семантикалық тұрғыдан аталып жүрген модальдылық түрлерімен де байланысты. Яғни грамматикалық парадигмалық жүйесі жоқ тілімізде модальдылықтың функционалды-семантикалық мүмкіндік, қажеттілік сияқты да категориялары бар. Шақ осылардың қай-қайсысымен болсын белгілі бір дәрежеде астасып жатады.

Соның бірі – **мүмкіндік** модальдылығы. С.Құлманов мүмкіндік модальдылығын функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан арнайы зерттей келе, темпоралды жағдаяттардағы мүмкіндік модальдылығының берілуіне мынадай тілдік деректер келтіреді. Мысалы, - *Егер қолымнан ауыр жұмыс келмесе қайтем. Қартайған шағымызда құр шабуылдай бергеннен бола ма. Кеше соғыс жылдары елде ер азамат жоқ кезде атқардық. Ал қазір. – Қазір де атқара аласыз. Көңіл жүйрік, жүрек таза болса, бәрін де істей аласыз. Қолыңыздан келетін жұмысты береміз* (С.Жүнісов). Сөйленімде іс-қимылдың осы шақта орындалу мүмкіндігі қазір мезгіл үстеуі арқылы берілген. Егер бұл лексеманы сөйленімнен алып тастаса, барлық уақытта болатын, яғни іс-әрекеттің орындалу мүмкіндігінің узуалды сипатын білдірер еді [193, 133 б.].

Мүмкіндік модальдылығы көбінесе ашық рай тұлғалары арқылы беріліп, темпоралдық мағынамен астасып жатады. Мүмкіндік мағынасы ашық райдың ауыспалы осы шағы арқылы білдірілгенде, іс-әрекеттің орындалуы осы шаққа қатысты келіп, реалды мүмкіндік мағынасын білдіреді. Мысалы: *Багасыз жастық - бозбастық, адастық, - деген жолдардан жоғарыда айтылған сыншыл сана айқын аңғарылады* (М.Әуезов, Шығ.). Бұл сөйленімде баяндауышы болымды ауыспалы осы шақ формасында келіп, іс-әрекеттің нақ

осы шақта орындалғанын, яғни іс-әрекеттің нәтижеге жеткендігінің мүмкін болғанын білдіріп тұр.

Шақтық мағына актуалды емес осы шақ жағдаятында берілгенде, яғни нақты бір уақытқа қатысты емес, жалпы, узуалды мәнде берілгенде іс-әрекеттің реалды түрде нәтижеге жетуінің мүмкін немесе мүмкін еместігін білдіреді. Мысалы: *Істің басы байлы болса, түбі сайлы болады* (Мақал). *Ел сауатты болса, ауру да, тұмсық сұға алмайды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Қазақстандағы ғылыми ұйымдардың жұмысы қазіргі уақытта белгіленіп отырған зерттеу жұмыстарының көлемін тіпті де толық қамти алмай отырғанын айта кету керек* (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). Бірінші сөйленімде актуалды емес осы жақ жағдаятында іс-әрекеттің реалды нәтижеге жетуінің мүмкін екендігі «болу» лексикалық тілдік құрал арқылы білдірілсе, екінші сөйленімде «аурудың тұмсық сұға алмауы» болымсыздық тұлға жалғанған *-а ал* форманты арқылы беріліп, іс-әрекеттің реалды нәтижеге жетуінің мүмкін еместігін білдіріп тұр. Үшінші сөйленімде *-и -ал* форманты және болымсыздық тұлға арқылы берілген мүмкін еместік мағына *-й отыр* нақ осы шақ тұлғасы арқылы күрделеніп, іс-әрекет нәтижесінің реалды нәтижеге жетуінің мүмкін еместігін білдіреді.

Темпоралдылық семантикалық категориялардың ішінде **шақтық локалдылық** категориясымен өте тығыз байланыста тұрады. Шақтық локалдылық семантика кез келген темпоралды жағдаятқа құрылған сөйленімнің мағыналық құрылымында тұрады. Локалдылық дегеніміз тілдегі нақтылық немесе бейнақтылық деген ұғымды білдіреді. Ал шақтық локалдылық шақтық мағынаның осы нақтылық пен бейнақтылыққа қатынасы болып табылады. Яғни кез келген темпоралдық жағдаят осы шақтық локалдылық мағынамен астасып жатады. Локалдылық осы мағынаның берілу-берілмеу сипатына қарай локалдылық және бейлокалдылық болып бөлініп, оппозиция құрайды. Бұл жағынан олар мүмкіндік немесе мүмкін еместік, жекеше-көпше, барлық-жоқтық сияқты қарсы мәндерді білдіреді. Локалдылық темпоралды жағдаятқа құрылған сөйленімнің нақты шақтық мәнді білдіруімен сипатталады, ал шақтық бейлокалдылық дегеніміз – темпоралды жағдаятқа құрылған сөйленімдегі шақтық мәннің нақтылы болмауы. Локалдылық пен бейлокалдылық бір-бірінен грамматикалық жағынан да ерекшеленеді. Мәселен, бұл екі оппозициялық мағыналық құрылымды ажыратушы фактордың бірі сөйленім субъектісімен байланысты. Локалдылық нақты мәнді білдіретіндіктен, мұндай сөйленімдерде субъекті міндетті түрде болады, ал бейлокалдылықта субъект мүлдем болмайды не нақты көрсетілмейді, не көптік мәнде тұрады. Мысалы: *Аз болды деп күйінбе, мая болса, қайтесің, Көп болды деп қуанба, зая болса, қайтесің* (Мақал). Сөйленім екінші жақ субъектісіне қаратыла айтылған. Бірақ бұл сөйленімде субъектінің жасырын тұруының коммуникативтік-прагматикалық мәні бар. Яғни субъектінің нақты көрсетілмеуі сөйленімдегі ойдың жеке адамға емес, жалпы көпшілікке байланысты болуымен байланысты.

Мұндай бейнақтылық мән көбінесе функционалды-семантикалық аспектуалдылық өрісімен астасып беріледі. Яғни локалдылық, көбінесе,

темпоралдылық тілдік құралдар арқылы, ал бейлокалдылық аспектуалдылық тілдік құралдар арқылы беріледі.

Мезгіл үстеулері темпоралдылық өрісінің лексикалық құралдары екендігі белгілі. Ал локалды жағдаяттарда осы мезгіл үстеулері де шақтық локалдылық пен бейлокалдылық семантиканың берілуіне үлес қосады. Мысалы, іс-әрекет мезгілі нақты мезгіл пысықтауыштары арқылы көрсетілсе, сөйленім локалды жағдаятта тұрады, мысалы: *Кеше ғана мына екеуі құлын-тайдай тебісіп, бір велосипедке таласып, ойнап жүр еді- деп ол мұның басынан жалпақ алақанымен тағы сипады. – Бүгін аяқ астынан зарып боп жатыр* (Т.Алшынбаев, Жалбыз.).

Ал егер мезгіл үстеулері оқиғаның өту мерзімін жобамен, болжамдап көрсетсе, сөйленім бейлокалды жағдаятқа құрылады, мысалы: *Гүлсімнің танысқандағы білгені: әдемі жігіт жүйке ауруының дәрігері, аты — Әли. Алты ай ғылыми командировкада болып, жақында келіпті* (З. Шашкин, Өмір.).

Бейлокалдылық мән іс-әрекеттің болып өткендігін, болып жатқандығын не болатындығын нақты көрсетпейді. Сондықтан мұндай мән іс-әрекеттің қайталануы немес дағдылы әрекет сияқты сипатта көрініс табады. Осымен байланысты бейлокалдылықты жай қайталау, дағдылы қайталау, ұдайы шақтылық деп аталатын топтарға бөліп көрсетуге болады.

Жай қайталау: Мысалы: *Далбайы шошаңдаған қойшы сұр есегін тыпыңдатып, шашылғанын қайырып, отардың біресе о жағына, біресе бұ жағына шығады* (Н.Серәлиев, Ыстық күлше.). *Мұқажанның қысылғаннан жаны мұрнының ұшына келген. Құты қашып, беркесі кетіп қалыпты. Біресе қораға кіріп, біресе сыртқа шығып, далбасалап жүр* (Б.Тілегенов, Аққайнар.). Жай қайталауға құрылған бұл сөйленімдерде шақтық мағына нақты берілмейді. Жай қайталауға құрылған мұндай сөйленімдерде іс-әрекет нақты бір уақыт көлемінде үздіксіз қайталанады. Жоғарыдағы сөйленімде Мұқажанның қораға біресе кіріп, біресе шығып жүруі созылықты сипатқа ие. Жай қайталауда субъект нақты болады.

Дағдылы қайталау: *Менің жасым түгіл өз жасынан жылда шатасатын әкем менің қаншада екенімді дәлдеп айта алмады* (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). *Айсанның үйінің төменгі қапталындағы дулығадай қат-қат тас төбенің түбінде бір түп аққайың жылда жайқалта жапырақ жаяды* (Д.Жанботаев, Жер жылуы). *Құрт езуші, май шайқаушы әжелеріміздің тәтті-дәмділерін аңсап ауылға жетуге асығатынбыз* («Әдеб.майданы»). Дағдылы қайталауға құрылған бейлокалдылық жағдаяты бірінші сөйленімде «жылда» аспектуалды тілдік құралы мен ауыспалы осы шақ (жаяды) тұлғасы арқылы, екінші сөйленімде -атын есімше тұлғасы (өткен шақ) арқылы берілген. Дағдылы қайталауға құрылған мұндай сөйленімдердегі іс-әрекет жиі, ауық-ауық қайталанумен, яғни дағдыға айналған қимыл болуымен сипатталады. Дағдылы қайталауда субъект нақты да не жалпы да болуы мүмкін.

Ұдайы шақтылық (всевременность или вневременность) көбінесе нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерде жиі қолданылады. Сондықтан субъект жалпы болады, яғни негізінен көпшілікке қаратыла айтылады.

*Ағайын, бар болсаң, көре алмайды,
Жоқ болсаң, бере алмайды* (Мақал).

*Арғымақ аттың баласы
Аз оттап, көп жусайды,
Азамат ердің баласы
Аз сөйлеп, көп тындайды* (Мақал).

Ұдайы шақтылыққа берілген бұл мақал-мәтелдерде темпоралдылық ауыспалы осы шақ формасы арқылы берілген. Бірақ бұл сөйленімдердегі темпоралдылық мәннің нақты шаққа қатысы шақтық локалдылық жағдаяты арқылы актуалданады.

Локалдылық осы жоғарыда айтылған бейлокалдылыққа қарсы мәнді білдіреді, яғни іс-әрекеттің уақытқа қатысын нақты көрсетеді. Сонымен қатар локалдылықты бір бағыттағы, қайталанбайтын уақыт бірлігі деуге болады. Мысалы: *Бұланбай мен Алашағырдың үй іштері көшіп келіп, абыр-сабыр болып қалды* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *Ел орынға отырып, абыр-сабыр басылған кезде қораның түкпіріндегі оңаша үйге тағыз да шам жағылды* (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Бірінші сөйленімде темпоралды мағына жедел өткен шақ арқылы берілсе, екінші сөйленімде жедел өткен шақ тұлғасы (жағылды) арқылы берілген шақтық мағына кезде тілдік құралы арқылы нақтыланған.

Сонымен, шақтық локалдылық іс-әрекеттің нақты өту орны мен нақты уақыт кесіндісіне тәуелділік қатынасын білдірсе, бейлокалдылық іс-әрекеттің бірбағыттылығына қарама-қарсы қайталану, дағдылылық, уақыттан тыс тұратын немесе уақытқа тәуелсіз іс-әрекет (вневременность), белгісіз жақтылық, әдетке айналған қимыл, барлық шаққа қатыстылық (всевременность) сияқты мәндерді білдіреді. Қазақ тілінде шақтық локалдылық/бейлокалдылық категориясын А.Барлыбаева (Солтанбекова) зерттеулерінде қарастырылады [235, 118-123 б.].

Темпоралдылықтың уақыт ағымында өте жақын тұратын семантикалық категориялардың енді бірі – **таксис категориясы**. Таксис категориясы басқа темпоралдылық, аспектуалдылық, персоналдылық категорияларына қарағанда семантикалық категория ретінде кейінгі кездері ғана айқындалып, мезгілдік мағынаны білдіруде жиі кездесетін синтаксистік құрылымдар ретінде көрсетіліп жүр. Таксис категориясын семантикалық категория ретінде алғаш анықтаған Р.Якобсон оны «хабарланған оқиғаның, амал-әрекеттің (фактінің) екінші бір оқиғаға, амал-әрекетке (фактіге) қатысын сипаттайды дейді. Өз сөзімен: «таксис характеризует сообщаемый факт по отношению к другому сообщаемому факту и безотносительно к факту сообщения» [236, 101 б.]. Яғни амал-әрекеттер арасындағы қатынасты білдіретін семантикалық ерекшелікті ғалымдар сөйлеу сәтіне қатыссыз қарап, амал-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысын білдіретін темпоралдылық категориясынан бөліп алып, өз алдына

семантикалық категория ретінде қарастырған. Бірақ бұл семантикалық категория бірорталықты (бірнегізді) функционалды-семантикалық категорияларға қарағанда құрылымдық жүйе бірліктеріне негізделмейтіндіктен, ғалымдардың таксис категориясының мазмұн және форма межесі туралы ой-пайымдаулары да бірізді емес. Сонымен қатар таксис темпоралдық категориясының құрамында қаралатын қатыстық шақ терминімен функциясы жағынан өте жақын болуы да оны тануда біршама қиындықтар келтіріп жүр. Мәселен, орыс тіл білімінде О.С.Ахманова, С.Беленькая, А.И.Бородина таксисті қатыстық шақ түрінде ғана қарастырған болса, А.В.Бондарко, Т.Г.Акимова, Н.А.Козинцева әр деңгей бірліктеріне негізделген функционалды-семантикалық категория ретінде таниды [188, 254-294 б.]. Ағылшын тіліндегі таксистік қатынастарды зерттеген М.Ю.Рябованың пікірінше, таксис морфологиялық және лексикалық бірліктердің семантикалық функциясы ғана емес, полипредикативтік құрылымдардың барлығы да таксистік қатынасты білдіретін тілдік құрал болып табылады [237]. Француз, орыс тілдеріндегі таксис категориясын зерттеген Н.В.Берницкая да осы пікірді қолдайды [238]. Бұл аталғандардан басқа Е.И.Панин [239], И.Я.Харитонов [240], А.И. Сидинхе [241.], Л.В.Ковалева [242], Е.А.Ким [243, 239-262 б.] т.б. ғалымдар таксис категориясын әр қырынан зерттеген. Бұл еңбектерде таксис предикативті актантты құрылымдар, монопредикативті құрылымдар тұрғысынан да айқындала түскен, алайда олардың барлығында таксис категориясы сөйлеу сәтіне тәуелсіз, амал-әрекеттер арасындағы шақтық сәйкестік деп танылғаны байқалады.

Таксис категориясын кейбір ғалымдар темпоралдық категориясының құрамында қаралатын «қатыстық шақ» ұғымымен бір деп қарайды. Мәселен, И.Я.Харитонов таксис пен қатыстық шақ ұғымдарының бір тілдік құбылысты сипаттайтынын, екінші терминнің жиі қолданылатынын айтып, кейінгі зерттеу еңбектерінде мезгілділік қатынастарды біржолата «қатыстық шақ» (относительное время) терминінің аясында қарастырады.

Таксис, сонымен қатар, «эвиденциалдылық» (эвиденциальность) терминімен де астас ұғымдар ретінде қарастырылған. Осы категорияны арнайы зерттеген Н.А.Козинцева мұндай категориялық жағдаятта сөйлеуші оқиғаны екінші бір адамның хабарлауына сүйене отырып немесе өзінің басынан өткен оқиғалар негізінде баяндайды, біріншісінде эвиденциалдылық қатынас – жанама түрде берілсе, екінші жағдай – тура эвиденциалдылық деп аталады [244, 92-104 б.]. Автор эвиденциалдылық категориясы туралы жазылған еңбегінен бұрын таксис категориясын да арнайы қарастырған, бірақ оларды екі бөлек категория ретінде таныған [245, 257-294 б.; 246].

С.М.Полянскийдің пікірінше, дейктикалық уақытты көрсетпейтін, яғни сөйлеу сәтіне қатыссыз амал-әрекеттер арасындағы шақтық қатынастардың барлығын бірдей таксис тұрғысында қарастыра беруге болмайды [247]. С.М.Полянский таксис пен қатыстық шақ ұғымдарын екі бөлек ұғым ретінде танып, олардың аражігін көрсеткен А.В.Бондарко еңбектеріндегі бұл екі ұғымға

берілген мысалдардың бір-бірінен толық ерекшеленбейтінін, ал мұндай тұрпат межесі айқын көрінбейтін тілдік құбылысты тек семантикасына, мазмұн межесіне қарап категория ретінде танудың біржақты пікір болатынын айтады. Сондай-ақ А.В.Бондарконың қатыстық шақты темпоралдық категориясы құрамында, ал таксисті өз алдына функционалды-семантикалық категория деп бөліп көрсеткенмен, бұл екі ұғымды бір-біріне өте жақын ұғымдар ретінде танығандығын, тіпті бұл екі тілдік құбылыстың семантикалық шегін арнайы тақырыпта қарастырып, таза таксис пен қатыстық шақтан басқа екеуімен де сабақтасатын аралық тілдік құбылысты көрсеткендігін айтады. А.В.Бондарконың көрсетуінше, «Он чувствовал, что краснеет» деген полипредикативті сөйленімдегі амал-әрекеттің өту мерзімі сөйлеушінің сөйлеу сәті арқылы емес, екінші бір (өткен шақта өткен) амал-әрекеттің өту мерзіміне қатысты болғандықтан қатыстық шақ болып табылады, сонымен қатар бұл сөйленімдегі екі амал-әрекеттің бір уақыт шеңберінде болып жатқандығы, яғни мезгілдестік – бұл предикативті құрылымды таксистік қатынас деп тануға мүмкіндік береді.

С.М.Полянский таксис пен қатыстық шақты мазмұн және тұрпат межесіне қарай ажыратып, бұл екеуінің де тұрпат межесінің полипредикативті құрылымдар екенін, мазмұн межесі жағынан қатыстық шақтың сөйлеу сәтін меже етпейтіндігі, ал таксистің амал-әрекеттер арасындағы шақтық қатынасты білдіруі болып табылатындығын айтады. Ғалымның көрсетуінше, А.В.Бондарко еңбектерінде таксис пен қатыстық шақ бір-бірінен бөлек категория ретінде қарастырылғанмен, олардың аражігінің нақты көрсетілмеуі олардың коммуникативтік-семантикалық құрылымы тұрғысынан қарастырылмауымен байланысты. Және де С.М.Полянскийдің пікірінше, бұл екі ұғымның ара-жігін сөйленімнің коммуникативтік-семантикалық ұйымдасуындағы диктум (сөйленім пропозициясы) және модустық (сөйленімнің пропозициялық қойылымы (установка) - пропозиция (диктум) арқылы берілетін сөйленім мазмұнына субъективті қатынасты білдіру) қатынастар бойынша айқындауға болады. Нақты айтқанда, *диктум* + *диктумды* құрылымдарды – таксис, *модус* + *диктумды* құрылымдарды – қатыстық шақ ретінде қарастыру керек. Яғни таксистік мағына диктумдық қатынастарға ғана құрылса, қатыстық шақ диктум мен модустан тұрады дей келе, С.М.Полянский орыс тіліндегі «*Он встает и идет к окну*» деген сөйленімнің таксистік құрылым болатынын, ал «*Она видела, что как он встает*» деген сөйленімді қатыстық шақ түрінде тану керек деген пікір айтады. Сондай-ақ ғалымның пікірінше, таксис *типтес* (тектес) амал-әрекеттер арасындағы шақтық қатынасты білдірсе, қатыстық шақ *эртипті* амал-әрекеттер (оқиға) арасындағы шақтық қатынасты білдіреді. Яғни таксистік қатынасты білдіретін сөйленімде кемінде біртектес екі «жағдаят» (амаләрекет) болуы керек те, қатыстық шақтық қатынасқа құрылған сөйленімдердегі «жағдаят» әртектес болып, олардың бірі екіншісіне тәуелді (жағдаяттағы жағдаят) болып тұруы қажет.

Сонымен, жоғарыда ғалымдардың көрсетуінше, таксис бір уақыт

ағымындағы бірнеше (кемінде екі) амал-әрекеттің арасындағы шақтық қатынасты білдіреді. Бір уақыт ағымында болып жатқан амал-әрекеттің өту мерзімі әрқашан бірдей бола бермейді. Амал-әрекет бір мезгілде болуы да немесе бірінен кейін бірі болуы да мүмкін. Осы ерекшелігіне қарай таксистік жағдаяттарды мезгілдес таксистік жағдаят және іліктес (бірінен кейін бірі болатын) таксистік жағдаят деп бөлуге болады.

Таксис пен темпоралдық жағдаят бір сөйленімде астас та қолданыла алады. Мысалы: *Бұлар қақпасының жанынан өте бергенде, Сағит терезеден көре сала жүгіріп шығып, тас лақтырып, айғай салған* (М.Әуезов, Абай жолы). Жоғарыдағы С.М.Полянский көрсеткен типтес және әртектес жағдаяттар тұрғысынан алғанда бірінші жай сөйлем мен соңғы жай сөйлемдер арасындағы амал-әрекеттерді әртектес, ал соңғы сөйлемдердің арасындағы амал-әрекеттерді біртектес қатынасқа құрылған деуге болады. Сонымен қатар соңғы жай сөйлемдердегі амал-әрекеттердің мезгілдес және іліктес шақтық мағынаны білдіріп тұрғандығын көреміз.

Соңғы жай сөйлемдердегі предикаттар – «көру», екінші предикат – «жүгіріп шығу», үшінші предикат – «тас лақтыру», төртінші предикат – «айғай салу» қимылдары біртектес бірінен кейін бірі және бір мезгілдегі болып жатқан амал-әрекетті білдіріп таксистік қатынасқа құрылған болса, екіншіден, бұл предикаттардың барлығының өту мерзімі бірінші жай сөйлемдегі амал-әрекеттің өту мерзіміне қатысты болып тұр. Сондықтан соңғы жай сөйлемдердегі амал-әрекеттердің өту мерзімі бірінші жай сөйлемдегі қимылға тәуелді, сондықтан осы жай сөйлемге иек артып, қатыстық шақтық қатынасты білдіреді. Яғни сөйленімдегі соңғы жай сөйлемдердегі амал-әрекеттердің орындалу, іске асуының барлығы да «бұлардың қақпа жанынан өте бергендегі уақытты» меже етеді, сол амал-әрекеттің өту мерзімі арқылы анықталады. Демек, таксис категориясы темпоралдылық категориясымен осындай категориялық жағдаяттар тоғысымында, әсіресе, қатыстық шақ арқылы астас келіп отырады. Ал таксистік жағдаяттардың қимылдың өту мерзімі тұрғысынан өткен шаққа, келер шаққа немесе осы шаққа қатысты болып тұруы да дейктикалық сипаттағы темпоралдылық категориясымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Яғни кез келген таксистік қатынасқа құрылған сөйленімге векторлық сипат тән. Сонымен қатар бір сөйленім бойында таксистік жағдаяттар темпоралдылықпен ғана емес, аспектуалдылық, шақтық локалдылық т.б. семантикалық категориялармен де тығыз қарым-қатынаста тұрады. Қазақ тіліндегі темпоралдылық қатынастар Б.Шалабай еңбектерінде де қарастырылған [248].

Қорыта келгенде, темпоралдылық функционалды-семантикалық категориясы басқа да семантикалық категориялар сияқты тіл жүйесінде де, сөйлеу жүйесінде де жеке дара, тілдік ортадан тыс өмір сүрмейді. Тіл жүйесінде шақ тұлғалары етістіктің шақ категориясының грамматикалық парадигмасында тұрып, грамматикалық оппозиция құрайды және сол категорияның тілдік ортасында орналасады. Ал сөйлеудегі темпоралдылық категориясы

грамматикалық категориялардан кең ұғымдағы семантикалық категория ретінде өзі сипаттас функционалды-семантикалық категориялармен астасып, сөйлеу ортасын жасайды. Сөйлеу ортасында функционалды-семантикалық категориялар категориялық жағдаяттарға айналады да, контекске тәуелді болып тұрады. Контекс категориялық жағдаяттарды белгілейді. Ал контексті құрастыру субъектінің (сөйлеушінің) коммуникативтік мақсатымен байланысты болады. Темпоралдылық етістіктің шақ категориясына орталықтанғандықтан, әсіресе, етістік, яғни предикативті негізді семантикалық категориялармен тығыз байланысты болып келеді. Біз жоғары темпоралдылық категориясының модальдылық, аспектуалдылық, шақтық локалдылық, таксис сияқты функционалды-семантикалық категориялармен астас қолданылу сипаттарына талдау жасадық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қарым-қатынас құралы болғандықтан, бір жағынан ойды жарыққа шығарып, жетілдірудің құралы болу арқылы ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен тікелей байланысты. Сондықтан тілдің негізгі единицалары ойлаудың басты категорияларымен сәйкес келіп жатады. Айталық, ұғым – логикалық категория. Ал тіл болса ұғымды «зат - ұғым – мағына» тұтастығында алып қарастырады.

Тіл айналадағы дүние, объективтік шындық туралы адамның санасын қалыптастырады. Осы жағынан алғанда тіл шындықты бейнелеудің, тіпті абстракты түрде ойлаудың құралы болып табылады. Қандай да бір зат болсын, қозғалыс болсын белгілі бір кеңістіктегі уақыт шеңберінде тұрады. Айнала қоршаған орта адамзат баласы үшін бір ғана өмір сүру әлемі болғандықтан, ондағы өмір, қоғам, табиғат туралы ақпараттар бірдей болып келеді. Мысалы, тілдік категория ретінде *уақыт* ұғымын алсақ, ол барлық халық тілінде сөйлеу сәтімен өлшенгендегі қимылдың өту мерзімін білдіреді.

Әмбебап *уақыт* ұғымының тілдік көрінісін айқындау мақсатында зерттеу жұмысымызда «парадигма» терминін қолданып, осы негізде тілдік деңгейлер бойынша *уақыт* ұғымын білдіретін лексика-грамматикалық тілдік бірліктердің лексика-семантикалық және функционалды-грамматикалық ерекшеліктерін анықтадық.

«Парадигма» термині алғаш грамматикалық категорияларға қатысты алынып, кейінгі уақытта топ құрау сипатына қарай сөзжасамдық парадигма, синтаксистік парадигма, сөйлем парадигмасы түрінде қолданыс тапқан болса, осы зерттеуде «парадигма» белгілі бір тілдік бірліктер топтамасы – жүйе дегенді білдіреді. Зерттеу жұмысына нысан етілген үш тілдік парадигманың тілдік жүйе құрауына негіз болып тұрған – әмбебап *уақыт* ұғымы болса, олардың айырым мәндері – әр парадигмаға тән ерекшеліктері, тілдік заңдылықтары болып табылады.

Уақыт ұғымының физикалық, **философиялық сипаттамасы** біздің диссертациялық жұмысымыздың бірінші тақырыпшасында қарастырылып, мынадай қорытынды-тұжырымдар жасадық:

- *Уақыт* ұғымының лингвистикалық сипаты оның *философиялық, физикалық* тұжырымдамаларымен тығыз байланысты, өйткені кеңістік пен уақыт Дүние болмысының ең қажетті формалары болып табылады және философия, физика ғылымдарының іргетасты категорияларына жатады;

- кеңістік пен уақыт бір-бірінен мына қасиеттері арқылы ерекшеленеді: кеңістік – үш өлшемді (ұзындық, ен, биіктік) болса, уақыт – бір өлшемді, бір бағытты болады: *барлық оқиғалар жалғыз бағытта – өткеннен қазіргіге, қазірден болашаққа қарай ғана өтеді*. Және ол адамдар санасынан тыс, объективті сипатта болады. Уақыт ешқашан өзіне өзі қайта оралмайды, өзін-өзі қайталамайды. Уақыттың кері қайтпаушылығы – оның осы бір өлшемдігінен шығады; осымен байланысты қазіргі уақытты ғана – нағыз шын уақыт, ал

өткен уақыт пен келер уақытты санадағы уақыт деуге болады; уақыт ұғымының өткен уақыт, қазіргі уақыт, келер уақыт туралы тұжырымдамалары тілдік категория болып табылатын темпоралдылық семантикасында да көрініс тапқан;

- философияда уақыт пен кеңістік ұғымдары екі өлшем бойынша интерпретацияланады: *біріншіден*, материяға (ақиқат дүниеге) қатысына қарай (диалектикалық материализм материяның ажырамас бөлігі ретінде кеңістік пен уақытты материямен бірлікте қарастырады; ал метафизикалық материализм кеңістік пен уақыттың объективті шындық екенін мойындай отырып, оларды материяға тәуелсіз деп санайды); *екіншіден*, санаға қатысына қарай (объективті, субъективті) (идеалист философтар кеңістік пен уақыттың объективтік шындық екенін, сонымен қатар материяға тәуелділігін жоққа шығарып, оларды жеке адам санасының формасы ретінде қарастырады, ал материалистік философия кеңістік пен уақытты адамдардың ойлауынан тыс, материяның объективтік формалары деп атайды);

- философияға абсолютті уақыт теориясын енгізген Ньютон ақиқат болмысты (реалды уақытты) абсолютті, ал санадағы уақытты қатыстық уақыт, абсолютті уақыт дегеніміз әлемнің, болмыстың өзі, ал қатыстық уақыт әлемді ойша тану дейді. Ньютон уақытты кеңістік, материя, қозғалыс ұғымдарынан бөлек қарастырады, оны қозғалысқа тәуелсіз алғашқы бастамалардың бірі деп таниды; ал Лейбництің пайымдауынша, қозғалысқа, материяға тәуелсіз абсолют уақыт, абсолют кеңістік деген ұғымдар жоқ, қозғалыссыз және қозғалатын заттарсыз уақыт пен кеңістік жоқ деген тұжырымға келеді, сонымен қатар ақиқат уақытты қатыстық тұрғыдан түсіну керек, кеңістік – заттар мен құбылыстардың орналасу реті болса, уақыт – сол заттар мен оқиғалардың өзгерісі. Лейбниц осылайша Ньютонның абсолютті *уақыт* ұғымына қарсы қатыстық (относительный) уақыт концепциясын ұсынады. Демек, уақыт екінші бір қозғалыспен салыстырылмайтын, өлшенбейтін қозғалыстың ішкі формасы. Қозғалыс пен материалдық денелерсіз уақытты бар деу, оны абсолют уақыт, ақиқат уақыт деп санау қате, сондықтан уақытты қатыстық тұрғыдан ғана сипаттауға болады, тілдік уақыт та *қатыстық уақытқа* жатады.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде де *уақыт* ұғымының халықтық танымдық жүйесі бар. Қазақ дүниетанымында *уақыт* ұғымы аспан денелерінің қозғалысымен байланысты қалыптасқан. Ұлт тіліндегі **ғарыштық дүниетаным** мәселесін бірінші бөлімнің екінші тақырыпшасында қарастырып, мынадай қорытынды-тұжырымдар жасадық:

- шығыс философиясы батыс философиясы туындатқан «субъект-объект» схемасымен қозғалмайды, оған «адам мен әлем» байланысы маңыздырақ және ол жерде табиғат өзіндік қасиетке ие болады. Яғни қазақ халқының (түркілер, көшпелілер) о басқы дүние, әлем туралы ойлары еуропалық «адам» контекстінде (антропоцентристік) өрбимейді. Көшпелілер үшін адам табиғаттың бір бөлшегі ғана. Өмірінің басым бөлігі кеңістікті игерумен байланысты болғандықтан, олардың өмір туралы дүниетанымы космоспен біте қайнасып жатқан. Олар өздерін ерекше тіршілік иесі ретінде әлемнен бөліп қарамаған. Әлемді шеңбер

түріндегі жалпақ кеңістік ретінде, яғни ғарышты дөңгелек әлем бейнесінде қабылдаған; қазақтардың дәстүрлі дүниетанымында кеңістік пен уақыт болмыстың құрамдас бөлімі ретінде алынады;

- түркілер түсінігінде «Көктәңірі – адам – жер» – біртұтас құбылыс, яғни Адам – Жер мен Көктің қосындысы. Осы түсінікпен байланысты түркілер түсінігінде әлем үш бөліктен тұрады: Жоғарғы әлем (Көк, аспан), ортаңғы әлем (Жер), төменгі әлем (Жерасты); орта әлем Жоғарғы әлемге тәуелді, сондықтан Жер-Су бүтіндей Тәңірге тәуелді. Көшпелілердің дүниетанымында бұл екі әлем ерлі-зайыптылардай бір-бірінен айырылмайды, Тәңір әрқашан еркек бейнесінде түсініліп, аспан-әке аталған. Және тік, жоғарыға қарай бағытталған еркектік бастау. Ал Жер-Су көлденең бағытта аналық бастау болып танылған;

- көшпелілердің ұлттық дүниетанымында уақыт пен кеңістік ажырытылмай, *біртұтас* ұғым ретінде қаралады. Өйткені көшпелілердің өмір салты да кеңістікте жайылым жер үшін үнемі қозғалып жүрумен байланысты болған. Олардың қозғалысы кеңістікке бағытталған. *Уақыт* ұғымын көшпелілер түзу сызық түрінде емес, шексіз спираль бейнесінде түсінген. Яғни көшпелілер түсінігіндегі уақыттың *спираль* бойындағы ағымы кеңістіктегі *қозғалысты* бейнелейді.

- малшы-көшпендінің табиғатқа толық бағыныштылығы құдыретті, тылсым күштерді қастерлеуге, әулиелендіруге әкелді. Азиялық көшпенділердің табынушылық өмірінде Аспан құдайының (көктің) рөлі мен маңызы ерекше болды. Аспанмен қатар оның шырақтары да құдай деңгейіндегі құдыретті, қасиетті құбылыс деп танылды. *Тәңіршілдік* көшпелілер дүниетанымының негізін құрайды. Аспан әлеміне табыну көшпелілер өмірінде маңызды рөл атқарды, халық оған табынып қана қойған жоқ, Аспан құдыретін өздерінің тұрмыс-тіршілігіне де пайдаланды, Аспан әлемінің (Жоғарғы әлем) қимыл-қозғалыстарын танымдық-ақпараттық құрал ретінде ұстанып, мұқият бақылай отырып, уақыт пен кеңістікке қатысты білімдер алды. Табиғат құбылыстарын мұқият бақылаудың нәтижесінде халық санасында кемелденген астрономиялық, метеорологиялық, жалпы жаратылыстанулық білімдер жүйесі қалыптасты;

Уақыт – әмбебап категория, сол себепті де уақыт тілдік уақыт шеңберінде ғана қаралмайды. Дүниеде уақыт пен кеңістіктен тыс тұратын нәрсе жоқ. Осы тұрғыдан уақытты әр қырынан танып-білуге болады. **Уақыттың аталған түрлері** туралы мәселе біздің жұмысымыздың бірінші бөлімінің үшінші тақырыпшасында қарастырылып, мынадай қорытынды-тұжырымдар жасадық:

- *уақыт* ұғымы объективтік дүниедегі заттар мен құбылыстарды сипаттауына қарай әр қырынан танылып, уақытты түрлік ұғымдарға ажыратады. *Уақыт* ұғымы *биологиялық уақыт, экологиялық уақыт, генеологиялық уақыт, ситуациялық уақыт, психологиялық уақыт, мифтік уақыт, әлеуметтік уақыт, реалды уақыт, концептуалды уақыт, перцептуалды уақыт, тілдік уақыт, көркем уақыт* т.б. ретінде танылып, түрліше түсініледі және олардың әрбірі өздерін сипаттайтын салалық

ғылымдардың зерттеу нысаны бола алады; мәселен, тілдік уақыт тіл ғылымының зерттеу нысанына жатады; алайда аталған уақыт түрлерін тіл білімі саласында салыстырмалы түрде қарастыруға болады;

- реалды уақыт бір ғана есептеу нүктесін меже ететін, өткеннен болашаққа қарай қозғалып, үнемі қозғалыста болатын, қайтып оралмайтын бірөлшемді тұрақты уақыт; ал көркем уақыт есептеу нүктесі бірнешеу, кері бағытта да қозғала беретін, тоқтатуға болатын, қайтып оралушылық бола беретін көпөлшемді еркін уақыт болып табылады.

Уақыт түрлерінің бірі – *тілдік уақыт* тілдің барлық деңгейінде көрініс тапқан. *Уақыт* ұғымын тілдік зерттеулерде әрбір деңгей бойынша жеке дара да, немесе тұтас функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан да қарастыруға болады. Алайда зерттеудің бұл аталған екі аспектісі бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені лексика, сондай-ақ грамматикадағы *уақыт* ұғымын білдіретін тілдік бірліктерге ортақ нәрсе – олардың семантикасы болып табылады. Біз *уақыт* ұғымын тілдік парадигмада **лексика деңгейінде** жұмысымыздың екінші бөлімінде қарастырып, мынадай қорытынды-тұжырымдар жасадық:

- әрбір тақырыптық топ бірліктерінің мағыналық ерекшеліктеріне қарай *уақыт* ұғымының берілуі «есептеу нүктелері» бойынша ерекшеленеді: *адам* атауларында уақыт семантикасының есептеу нүктесі – біріншіден, адамның өзінің туу сәті, екіншіден, екінші бір туыстық қатынастағы адамның туу сәті, үшіншіден, бір уақыт кезеңінде тұрған адамдар уақыты; *мал* атауларында – төлдің туу сәті; *тағам* атауларында – тағамды қабылдау, қолдану уақыты және сол тағамды дайындауға кететін уақыт мөлшері; *өсімдік* атауларында – біріншіден, өсімдіктің шығу, гүл жару мезгілі, екіншіден, өсімдіктің бастапқы көктеу және соңғы пісіп-жетілген кезеңдері, үшіншіден, территориялық орналасуы; *салт-дәстүр* атауларында адам өміріндегі белгілі бір жас кезеңдері мен адамның әлеуметтік жағдайларының өзгеру кезеңдері және тұрмыстық-шаруашылық жағдайлары алынады; *шақ атауларында* аспан денелері – Күн, Ай, Жұлдыздардың қимыл-қозғалысына және ауарайы мен шаруашылық жағдайына негізделеді және шақ атауларының мағыналық құрамында *уақыт* семасы – архисема (жалпылауыш сема), «адам» және «мал» тақырыптық топтарында – дифференциалды сема (даралауыш сема), ал тағам, өсімдік, салт-дәстүр атауларының мағыналық құрамында – потенциалды (қосымша немесе астарлы сема) сема ретінде көрініс табады.

- тәулік кезеңдерінің есептеу нүктесі сағат тілімен емес, күннің аспандағы орналасуы және оны адамның қабылдауы бойынша анықталады; тәулік кезеңдерін сипаттайтын негізгі шақ атаулары универб атаулар, ал әрбір тәулік кезеңінің ішкі, яғни *бастапқы*, *ортаңғы*, *соңғы* бөліктерін сипаттауда тіркестер жиі қолданылады; тәулік кезеңдерінің атауда діни ұғымдардың да ықпалы болған. Ислам діні енген бойда бес уақыт намаз атауы алдымен діни ұғымда қолданылып, сол уақыт кезеңдері ассоциацияланып, шақ атауларына айналған;

Грамматикалық уақыт ұғымы жұмыстың үшінші бөлімінде қарастырылып, мынадай тұжырымдар жасалды:

- грамматикалық парадигмада *уақыт* ұғымы грамматикалық шақ категориясының парадигмалық жүйесі арқылы көрінеді. Қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы бірнеше ұстаным (*векторлық, модальдық, аспектілік, құрамдық, кешенді, қатынастық, контекстік*) бойынша жіктелген, атап айтқанда, шақтың үлкен макротоптарын өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп бөлуге – векторлық ұстаным, ал жекелеген ішкі субкатегорияларын жіктеп шығаруға, көбінесе – модальдық, екінші орында – аспектілік мағына (ұстаным) негіз болған. «Тілдік құралдан мағынаға (функцияға) қарай» зерттелетін «функционалды-грамматикалық сипаттама» бойынша грамматикалық шақ тұлғаларының айқындалған ұстанымдарға сәйкес функционалды мағыналары жіктеліп көрсетілді.

- ғалымдардың өткен шақты жіктеудегі терминдер алшақтығы шақ категориясының басқа да етістік категорияларымен біте қайнасып жатуымен, әсіресе модальдық мағыналармен астасып келуімен түсіндіріледі; өткен шақты топтастыруда негізінен векторлық және модальдық ұстаным шешуші меже қызметін атқарған;

- өткен шақ жіктемесінде *-ды, -ді* тұлғасын ғалымдардың дені жедел өткен шақ деп атайды. Бұл соңғы академиялық грамматикада да осы терминмен аталған. Алайда бұл өткен шақ тұлғасын жедел өткен шақ деп атаған ғалымдар оның модальдық, аспектілік мағыналарын назардан тыс қалдырмаған, оларды *-ды, -ді* тұлғасын атаудағы жіктемелік белгі ретінде ұстанбағанмен, аталған тұлғаның мағыналық сипаттары, функционалды мағыналары тұрғысынан атап көрсетіп отырған;

- *-ған, -ген* тұлғасын бұрынғы өткен шақ деп таныған, солай атаған ғалымдардың барлығы бірдей оның сөйлеу сәтінен көп бұрын болған оқиғаларды ғана білдірмейтінін, яғни жақын арада болған қимылды да білдіре алатынын, жедел өткен шақтық жұрнақ *-ды, -ді* тұлғасымен синонимдес мағынаны да білдіре алатынын байқаған және өз зерттеу еңбектерінде атап көрсеткен;

- *-ыпты, -іпті* тұлғасына модальдық ұстаным бойынша атау берген ғалымдар Қ.Жұбанов, Т.Қордабаев, А.Ысқақов оның векторлық, яғни сөйлеу сәтінен көп бұрын болған оқиғаны баяндауда қолданылатын жоққа шығармайды. Демек, *-ыпті, -іпті* тұлғасына атау беруде ғалымдардың, бұл қосымшаның терминологиялық аталымы тұрғысынан өзгешелігі болғанмен, жалпы бұл қосымшаның функционалды мағыналар туралы ой-пікірлері негізінен бірізді;

- өткен шақ микроөрісінің негізгі семантикалық функциясын атқаратын тілдік құрал етістіктің грамматикалық категориясы, оның ішінде өткен шақ көрсеткіштері болып табылады. Ал етістіктің шартты рай, көсемше, қимылдың аяққы кезеңін білдіретін тілдік құралдар мен лексикалық және синтаксистік тілдік құралдар өткен шақ микроөрісінің перифериялық өрімін құрайды;

- келер шақ өрісінің орталық семантикалық бірлігі етістіктің келер шақ тұлғалары (-ар, -ер, -р; -мас, -мес; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек т.б.) болып табылады, ал сөйлеу сәтінен кейінгі қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіретін лексикалық тілдік құралдар басқа да темпоралдық өрісінің микроөрістері сияқты негізінен үстеу сөз табына жататын сөздерден тұрады және келер шақ өрісінің жанама тілдік құралдарына иреалды рай (бұйрық, қалау, шартты) тұлғалары жатады;

- осы шақ жіктемесінде өткен шақ, келер шақ түрлеріне қарағанда ғалымдар модальдық ұстанымды жіктемелік белгі етіп алмаған; дәстүрлі грамматикада ғалымдар осы шақты жіктеуде көбінесе екі кейде үш түрімен шектеліп отырған, себебі осы уақыттағы векторлық сызық бойындағы реалды уақыт ағымының тоқтаусыз өтіп жатқан қозғалыстың жылдамдығын ұстап тұру және оны өткен уақытта сананда қорытып үлгеру мүмкін емес; осы шақтың мағыналық және тұрпаттық жағынан анық, айқын болып келуі қазіргі уақыттың ақиқат шындықты дәл бейнелей алуымен байланысты деуге болады.

- ауыспалы осы шақ атауы, басқа шақ жіктемелеріндегідей, контекстік (аралық) ұстаным бойынша уәжделген атау болып табылады. Осындай шақтық мәнінің контекске тәуелділігі мен тұрақсыздығы аталған тұлғаның «ауыспалы» деп атауға негіз болған.

- шақ категориясын функционалды бағытта зерттеу бүгінгі күннің ғана жемісі емес, қазақ ғалымдарының ғасырлар бойғы грамматикалық зерттеулерінің ғылыми нәтижесі. Себебі олар, міндетті түрде тілдік механизміне ғана емес, тілдің қолданысына да көңіл аударған. Екіншіден, функционалдылық, яғни тілді зерттеуде мағынаны басты бағыт ретінде ұстану – қазақ тілінің немесе түркі тілдерінің ғана емес, жалпы тіл біліміне ортақ дүние, өйткені функционалды грамматиканың негізінде адамзат баласына ортақ ұғымдық, логикалық категориялар жатыр.

Төртінші тарауда «тілдік уақыт» ұғымы функционалды-семантикалық **темпоралдылық категориясы** тұрғысынан қарастырылып, мынадай тұжырымдар жасалды:

- грамматикада ішкі және сыртқы құрылымынан зерттеу тәсіліне қарай мынадай екі бағыт қалыптасқан: бірінші бағыт: формадан мағынаға қарайғы (Ф → М); екінші бағыт: мағынадан формаға қарайғы (М → Ф); тілді осы тұрғыдан зерттеу тіл жүйесін, оның бірліктері мен категорияларын семасиологиялық және ономасиологиялық бағдарлар бойынша зерттеумен байланысты;

- ономасиологиялық функционалды грамматика мағынадан формаға қарайғы зерттеу бағытын ұстанғанмен, тіл фактілерін айқындау барысында формадан мағынаға қарайғы зерттеу бағытын да қолданып отырады; «формадан мағынаға қарайғы» зерттеу бағыты тұлғалық грамматикаға да, функционалды грамматикаға да ортақ және барлық грамматика үшін қажетті базалық дінгек саналады;

- қазақ тілінің грамматикалық құрылысы ХХ ғасырдың басынан бастап ғылыми негізде зерттеле бастады десек, ол грамматикалардың барлығында ұзақ

уақыт бойы тілді зерттеудің «формадан мазмұнға (функцияға) қарай» бағытталған семасиологиялық бағдары басты ұстаным болды. Бұл бағдар тіл бірліктерін деңгейлік тұрғыдан сала-салаға бөліп қарастырумен сипатталады;

- жүйелі-саралаушы және жүйелі-үйлестіруші принциптер дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматикада біріне-бірі байланыссыз, жеке дара ұстанылатын принциптер емес. Олар грамматиканы функционалды және дәстүрлі деп бөлудегі негізгі ұстаным саналғанмен, саралаушы, үйлестіруші әдістер олардың әрқайсысында жекелеген тілдік құбылыстарды анықтау кезінде қолданылып отырады;

- құрылымдық функция тіл жүйесіндегі әрбір тілдік бірліктің сөйлеудегі қызметін тексерсе, семантикалық функция тұтас бір сөйленімде берілген семантикалық мағынаны анықтап, біртектес мағына беретін әрдеңгейлік тілдік бірліктердің қызметін категориялық тұтастықта алып қарастырады, яғни сөйленім функциясы тұрғысынан сипаттайды;

- функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өріс сөйлеушінің сөйлеу мүмкіндігінің жиынтық қоры, ол тілден функция-потенция, ал нәтижелік функция категориялық жағдаят сипатында көрінеді; потенциалдық функция тіл жүйесіне жатса, нәтижелік функция сөйлеу жүйесіне жатады;

- ФСӨ-лер сөйлеу жүйесін тілдік жүйе бірліктеріндей дәл сипаттамайды, олар белгілі бір семантикалық мағынаны (категорияны) беретін тілдік құралдар кешенінен тұратындықтан, белгілі бір дәрежеде семантикалық функция орындау мүмкіндіктеріне қарай шартты түрде орталық және перифериялық компоненттерге ажыратылады. ФСӨ құрамындағы әрдеңгейлі тілдік құралдардың семантикалық функцияны орындау мүмкіндігі әртүрлі болады. ФСӨ құрамындағы негізгі семантикалық функцияны орындап, сол өрістің тілдік мазмұнын беріп тұрған бөлік - өрістің орталық бөлігі, негізі болып табылады. Ал қалған бөліктері сол семантикалық функцияның қосымша реңктерін білдіріп, өрістің қосалқы бөліктерін құрайды;

- ФСӨ-лердің құрылымына қарай бірнегізді және көпнегізді болып бөлінетіндігі өрістің өзегін құрайтын негізгі тілдік құралға (санына) байланысты;

- грамматикалық категориялардың кемінде екі грамматикалық мағына мен форманың жиынтығынан тұруы қажетті шарты болса, функционалды-семантикалық категориялар (өрістер) да кемінде екі мағыналық жиынтықтан (микроөрістен) тұрады; микроөрістер макроөрістер сияқты екі жақты құрылымнан: мазмұн және тұрпат межелерінен тұрады. Микроөрістер де макроөрістер сияқты ортақ функцияларына қарай біріккен әр деңгей бірліктерінің жиынтығы;

- сөйленім категориялық жағдаят кешенінен тұрады. Оны жалпы сигнификатты (семантикалық) жағдаят деп атайды. Солардың бірі доминант категориялық жағдаятты сипаттаса, қалған жағдаяттар тілдік мазмұнның

қосымша реңктерін білдіріп, доминант категориялық жағдаяттың іске асуының қажетті шарты іспеттес болып тұрады;

- КЖ-лар сөйленім семантикасын талдаудағы негізгі мазмұндық бірлік. Және ол деңгейлік тұрғыдан жоғарғы деңгейді сипаттайды. Яғни морфемалар мағынасы, грамматикалық формалар мағынасы төменгі деңгейге жатса, КЖ-лар жоғарғы деңгей бірлігі сөйленім семантикасын қарастырады. Сөйленім семантикасы құрамындағы төменгі деңгей бірліктерінің мағыналарынан құралады;

- грамматикалық және семантикалық категориялар мазмұн межесі, яғни тектік ұғымды (родовое понятие) білдіруі жағынан бірдей, тектес болып келеді; ал тұрпат межесі жағынан грамматикалық категориялардың (синтагмадағы) құрылымы жалғыз, шектеулі болса, семантикалық категориялар, бірнеше тілдік құралдар кешенінен тұратындықтан, құрылымдық жағынан күрделі болып келеді. Семантикалық категориялар синтагматикалық қатынастағы бірнеше тілдік құралдардың топтамасы болса, грамматикалық категориялар парадигматикалық қатынастағы грамматикалық формалар жүйесі болып табылады.

- етістіктің шақ категориясы мен семантикалық темпоралдылық категориясының екеуінің де мазмұн межесі – қимыл-әрекеттің өту мерзімін білдіру, айырмашылық – олардың тұрпат межелерінде; шақтың тұрпат межесі – грамматикалық шақ көрсеткіштері болса, темпоралдылықтың тұрпат межесі – қимылдың өту мерзімін білдіретін әр деңгейге жататын тілдік құралдар болып табылады.

- темпоралдылық – актуалданған категориялардың межелі типіне жататын векторлық категория; сөйлеу сәті – шақтық меженің орталығы және шақтық қатынастардың негізгі бастау нүктесі болып табылады; бастау нүкте – (точка отсчета) шақ (темпоралдылық) категориясын межелі категория деп атаудың негізгі критерийі. Осы бастау нүкте арқылы шақ тілдік тұрғыдан өткен шақ, осы шақ, келер шақ, сөйлеу жүйесінде болып өткен (предшествование), болып жатқан (одновременность), алда болатын (следование) іс-әрекет болып үш топқа бөлінеді. Бастау нүкте – шақ түрлерінің анықтағышы, ол осы анықтағыштық сипатына сәйкес шақтық дейктикалық орталық болады.

- сөйлеу сәті және шақтық қатынастардың басқа да межелері сөйлеуде грамматикалық шақ формалары және темпоралдылық мағына беретін басқа да тілдік құралдар арқылы жүйелі-тілдік сипат алады, бұл жүйелі-тілдік бастау нүкте шақтық дейктикалық орталық деп аталып, тіл жүйесіндегі шақтық бастау нүкте болады. Ол тілдік жүйеде шақтық меженің орталығы болып табылатын тілден тыс сөйлеу сәтінің бейнесін көрсетеді;

- сөйлеу кезінде берілетін шақтық мағына грамматикалық шақ тұлғасы арқылы ғана емес, шақтық семантиканы беретін басқа да тілдік деңгей (лексика, морфология, синтаксис) бірліктерінің ортақ функциясына негізделеді; ал грамматикалық шақ функционалды-семантикалық темпоралдылық өрісінің орталық семантикалық бірлігі болып табылады;

- сөйлеу кезінде берілетін шақтық мағына грамматикалық шақ тұлғасы арқылы ғана емес, шақтық семантиканы беретін басқа да тілдік деңгей (лексика, морфология, синтаксис) бірліктерінің ортақ функциясына негізделеді, ал грамматикалық шақ – функционалды-семантикалық темпоралдылық өрісінің *орталық* семантикалық бірлігі болып табылады, етістіктің рай, көсемше т.б. морфологиялық тілдік құралдар мен лексикалық және синтаксистік т.б. тілдік құралдар – темпоралдылық өрісінің *шеткері (перифериялық) аймағын* құрайды.

- темпоралдылық категориясы грамматикалық категориялардан кең ұғымдағы семантикалық категория ретінде өзі сипаттас функционалды-семантикалық категориялармен астасып, сөйлеу ортасын жасайды. Темпоралдылық етістіктің шақ категориясына орталықтанғандықтан, әсіресе, етістік, яғни предикативті негізді семантикалық категориялармен (модальдылық, аспектуалдылық, шақтық локалдылық, таксис) тығыз байланысты болып келеді.

- *Уақыт* ұғымын үш тілдік парадигмада қарастыру негізінде мынадай ғылыми **қорытынды** жасауға болады: қазақ тілінде *уақыт* ұғымы тілдің кез келген деңгейінде көрініс тапқандықтан, бірнеше парадигманы жасайды және әр парадигманың өзіндік тілдік ерекшелігі болады: лексика-семантикалық парадигмада уақыт семантикасы есептеу нүктелері бойынша айқындалады және *уақыт* ұғымы тақырыптық топ бірліктерінің мағыналық құрамында әртүрлі формада көрініс табады. Екіншіден, әмбебап *уақыт* ұғымы осы тақырыптық топ бірліктерінің мағыналық құрамында вербалды-семантикалық деңгейде көрініс табу арқылы, мүмкіндігінше, нақтыланады; грамматикалық парадигма бірліктері оппозициялық қатынасқа құрылады, *уақыт* ұғымы мейлінше жалпыланып, абстракты формада көрінеді, ал функционалды-семантикалық парадигма «өріс» (темпоралдылық) теориясына негізделіп, темпоралдық мағына контексте, мәтінге, коммуникативтік жағдаятқа байланысты болып келеді.

Сонымен, қорыта келгенде, адамзаттық құндылық болып табылатын *уақыт* ұғымы – материя өмір сүруінің бір формасы ретінде ақиқат дүниедегі барлық заттар мен құбылыстарға қатысты әмбебап категория. Уақыт барлық жерде бірдей, қозғалыспен бірге өзгеріп отырады. Уақыттан тыс тұратын материалдық болмыс жоқ. Осыған орай *уақыт* ұғымы ғылымның қай саласында болмасын өзіндік категориялық сипатқа ие. Және *уақыт* туралы ұғым барлық халықта бар әрі біркелкі, тек оның тілде бейнеленуі әртүрлі болып келеді. Сонымен қатар уақыт тілдік деңгейлердің барлығында көрініс табады. Тіл деңгейлерінде *уақыт* ұғымы тілдік жүйеде алдымен грамматикалық шақ категориясына қатысты алынып отырса, қазіргі кезде *уақыт* ұғымының тілдік көрінісін лексикада да, функционалды грамматикадағы семантикалық категориялар бойынша да қарастыруға болатыны анықталып отыр. Олай болса, философиялық, логикалық (ұғымдық) категория болып табылатын *уақыт* ұғымын тілдік парадигмада қарастыру уақыт семантикасының жүйелі-тілдік сипатын танып-білудің кілті екендігі анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Дешериева Т.И. Лингвистический аспект категории времени; его отношении к физическому и философскому аспектам // Исследование видо-временной системы в нахских языках. – М.: Наука, 1979. – С. 6-11.
- 2 Аристотель, Физика. – М.: Государственное социально-экономическое издательство, 1937. – 230 с.
- 3 Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- 4 Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. – Алматы: Білім, 2005. – 299 б.
- 5 Қазақстан ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – Т. 8. – 704 б.
- 6 Мырзалы С. Философия. – Алматы: Бастау, 2008. – 644 б.
- 7 Ярская В.Н. Время в эволюции культуры. – Саратов: Университетское, 1989. – 149 с.
- 8 Мырзағалиев Ғ. Уақыт және кеңістік. – Алматы: Мектеп, 1968. – 86 б.
- 9 Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.
- 10 Философия. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 2002. – 349 б.
- 11 Завельский Ф.С. Уақыт және оны өлшеу. – Алматы: Қазмембас, 1958. – 167 б.
- 12 Мұқышева А.К. Ғылымдағы уақыт ұғымы // ПМУ Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2001. – № 5. – Б. 131-135.
- 13 Крылов А.Н. Собрание трудов. – М.- Л., 1936. – Т. 7. – 696 с.
- 14 Трубников Н.Н. Время человеческого бытия. – М.: Наука, 1987. – 255 с.
- 15 Никулин Д.В. Пространство и время в метафизике XVII века. – Новосибирск: Сиб. изд. фирма, 1993. – 258 с.
- 16 Рейхенбах Г. Направление времени. – М.: Изд-во иностранной лит-ры, 1962. – 393 с.
- 17 Анисов А.М. Темпоральный универсум и его познание. – М.: Ифран, 2000. – 208 с.
- 18 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. – Б. 346-352.
- 19 Абылова Г.Е. Дүниенің тілдік бейнесі: лингвоконцептуалдық талдау (XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэтикасы бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Көкшетау, 2010. – 24 б.
- 20 Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 228 б.
- 21 Молдабеков Ж. Ежелгі Шығыс өркениеті және философиясы (кезеңдер және эволюциялық ағымдар) // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – Б. 54-65.
- 22 Қазиева Ж.Н. XX ғасыр ойшылдары шығармашылығындағы табиғат пен адам үйлесімділігі // «Философия. Мәдениет. Ойлау IV Қасымжанов

оқулары» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2008. – Б. 90-97.

23 Наурызбаева А.Б. Гуманизм как концепт антропологического дискурса культуры: автореф. ... докт. филол. наук. – Алматы, 2003. – 50 с.

24 Ғабитов Т.Х. Кеңістік пен уақыт аясындағы өркениет: филос. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1997. – 294 б.

25 Нысанбаев Ә. Қазақ философиясы хақында // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – Б. 460-482.

26 Ғабитов Т. Мәдениеттануға кіріспе. – Алматы: Санат, 1996. – 125 б.

27 Ибраев Б. Космогоническое представление наших предков // Декоративное искусство СССР. – М., 1980. – № 8. – С. 40-44.

28 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 172 б.

29 Орынбеков М. Қазақ дүниетанымындағы тәңіршілдік // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – Б. 371-389.

30 Анасова Қ.Т. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі кеңістік пен уақыттың рәміздік негіздері: филос. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 25 б.

31 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.; -Л., 1951. – 451 с.

32 Алтаев Ж. Философия және философ // «Философия. Мәдениет. Ойлау IV Қасымжанов оқулары» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2008. – Б. 3-8.

33 Нуржанов Б.Г. Город и степь // Евразийское сообщество. Серия экономика, политики, безопасность. – 2000. – № 3. – С. 186-192.

34 Әбішов Х. Аспан сыры. – Алматы: Жазушы, 1962. – 250 б.

35 Муканов М.С. Казахская юрта. – Алматы: Білім, 1981. – 280 с.

36 Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 56 б.

37 Мостепаненко А.М. Проблема универсальности основных свойств пространства и времени. – Л.: Наука, 1969. – 224 с.

38 Уәлиев Н. Бір тәуліктегі шақ атаулары және олардың этимологиясы // «Академик Ә.Қайдар және тіл білімінің мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы: Дайк-пресс, 2004. – Б. 143-153.

39 Асқар Л.О. Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 30 б.

40 Әбішов Қ. Философия. – Алматы, 2001. – 264 б.

41 Хайдеггер М. Исследовательская работа Вильгельма Дильтея и борьба за историческое мировоззрение в наши дни // Вопросы философии. – 1995. – № 11. – С. 119-146.

42 Яковлев В.П. Социальное время. – Ростов: Изд. Ростовск. ун-та, 1980. – 160 с.

43 Зобов Р.А., Мостепаненко А.М. О типологии пространственно-временных отношений в сфере искусства // Ритм, пространство и время в литературе и искусстве. – Л.: Наука, 1974. – С.14-30.

- 44 Анасова Қ.Т. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі кеңістік пен уақыттың рәміздік негіздері: филос. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 135 б.
- 45 Лифанова Т.Ю. Веревкин А.В. Проблема времени в культуре исчезающего пространства // «Философия. Мәдениет. Ойлау IV Қасымжанов оқулары» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2008. – С.78-85.
- 46 Уәлиев Н. Бір күн, бір түн // Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1984, маусым – 8. – № 23. – Б. 12-13.
- 47 Ахмедова Ж.Ш. Казахские народные наименования понятий об измерениях: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1975. – 25 с.
- 48 Самурат С. Представленность понятия «время» в лексико-семантических группах русского и казахского языков: дис. ... канд. филол. наук.: 10.02.20. – Алматы, 2002. – 118 с.
- 49 Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 184 с.
- 50 Султанов Т. Обозначения возраста людей в тюркских средневековых литературных памятниках // Эволюция государственности Казахстана. – Алматы, 1996. – С. 72-73.
- 51 Қасиманов С. Адам жасын мөлшермен атау // Қазақ тілі. Жоғарғы оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық / Бас ред. Бектуров Ш., Серғалиев М. – Алматы: Білім, 1994. – 223 б.
- 52 Оқа А. Киіз үйге қатысты атаулардың ономазиологиялық жүйесі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 25 б.
- 53 Панзарбекова З. Қазақ тіліндегі жануалар төлінің атауы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1998. – 25 б.
- 54 Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата: АН КазССР; Институт языкознание им. А.Байтурсынова, 1989. – 282 с.
- 55 Хусаинов К. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алматы: Наука, 1988. – 270 с.
- 56 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 203 б.
- 57 Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 159 б.
- 58 Ұйықбаева Г. Өсімдіктердің халықтық атаулары. – Алматы, 1989. – 125 б.
- 59 Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2002. – 50 б.
- 60 Әділбаева Ұ. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 28 б.
- 61 Айдарбек К. Ономазиологический анализ наименования лиц на материале русского и казахского языков: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1999. – 24 с.

- 62 Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық аспектісі: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 52 б.
- 63 Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: филол. ғыл. канд. ... автореф – Алматы, 2004. – 29 б.
- 64 Мусабекова У.А. Мотивационный аспект антрапонимов казахского и русского языков: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1996. – 25 с.
- 65 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 362 б.
- 66 Кустанаев Х. Этнографические очерки киргизов Казалинского и Перовского уездов. – Ташкент, 1894. – 52 с.
- 67 Хасанов Ғ. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 1997. – 175 б.
- 68 Стернин И.А. Лексическая значения слова в речи. – Воронеж, 1985. – 170 с.
- 69 Васильев Л.М. Семантика русского глагола. – М.: Высшая школа, 1981. – 184 с.
- 70 Кузнецов А.М. Структурно-семантические параметры в лексике. – М., 1980. – 158 с.
- 71 Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка. – М.: Высшая школа, 1989. – 216 с.
- 72 Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. На материале французского и русского языков. – М., 1977. – 269 с.
- 73 Кучкартаев Н. Суз мағноноси ва униинг валентлиги. – Тошкент, 1977. – 168 с.
- 74 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
- 75 Қатранұлы Д. Ұлттық тағамның этномәдени қызметтері // Жұлдыз. – Алматы, 1994. – №3-4. – Б.188-199.
- 76 Покровская Л.А. Термины родства в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – С. 11-81.
- 77 Трубачев О.Н. История славянских терминов родства и некоторых древнейших терминов общественного строя. – М.: Изд-во АН СССР, 1959. – 212 с.
- 78 Жолдасбекова Л.О. Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 32 б.
- 79 Сарыбаева М.Ш. Система обозначений родства в английском, русском и казахском языках: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1991. – 31 с.
- 80 Умирзакова З.А. Словообразовательное поле наименований лиц по профессии русского и казахского языков: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1999. – 26 с.
- 81 Радлов В.В. Қазақтардың малдары // Жалын. – Алматы, 1989, шілде-тамыз – №4. – Б. 63-69.
- 82 Муталлибов С.М. Қашғари. Түркий сузлар девани. – Ташкент, 1968. – 540 б.

- 83 Щербак А.М. Названия домашних животных в тюркских языках // Сб.: Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – С. 84-90.
- 84 Тоқтағұл Б.С. Жылқының жас мөлшеріне байланысты атаулар ерекшелігі // Мир языка. – Алматы, 1999. – С. 456-460.
- 85 Кашгари М. Диван лугат ат-турк. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 1288 б.
- 86 Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
- 87 Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қайнар, 1989. – 192 б.
- 88 Жанабілов Ш. Қазақша мал атаулары. – Алматы: Қайнар, 1982. – 150 б.
- 89 Тлепин Б.Қ. Мал шарушылығына қатысты лексиканың этнолингвистикалық табиғаты (қой-ешкі атаулары негізінде): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 21 б.
- 90 Арутюнов С.А. Введение // Этнография питания народов стран Зарубежной Азии. – М.: Наука, 1981. – С. 3-12.
- 91 Әбутәліп О. Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-фразеологиялық бірліктері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 24 б.
- 92 Қатранұлы Д. Наурызнама // Алтын Орда. – Алматы, 2007, наурыз – 23. – № 12. – Б. 15-18.
- 93 Жылқыбаева А. Наурыз қалай тойланған. Ұмыт қалған думандар // Коммунизм туы. – 1990, шілде – б. – № 129. – 3 б.
- 94 Токтабаев А. Коневодство казахов в XIX - начало XX вв (историко-этнографическое исследование): автореф. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата: Институт истории и этнографии АН им. Ч.Валиханова, 1992. – 19 с.
- 95 Жүрсінова М.Бизақов С. Тағам атауларының он томдық түсіндірме сөздікте берілуі // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – Б. 74-84.
- 96 Хусаин К. Способы определения пространства и времени, связанные с образом жизни и видом хозяйства // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдығына арналған «Тіл және менталдылық» атты XII Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы. Аханов тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – Б. 35-46.
- 97 Қатранұлы Д. Монғолиядағы қазақтардың дәстүрлі тағамдар жүйесі (тарихи-этнографиялық зерттеу: тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1996. – 23 б.
- 98 Барминцев Ю.Н. Етті және сүтті жылқы шарушылығы. – Алматы, Қайнар, 1964. – 236 б.
- 99 Сарыев И.С., Песин Л.А., Сатинова Н.А., Вильданов Г.Х. Казахская кухня. – Алма-Ата: Қайнар, 1982. – 224 с.
- 100 Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1996. – 168 с.
- 101 Поляков П.П. О казахских ботанических терминах // Вестник АН КазССР. – Алма-Ата: Наука, 1950. – № 6. – С. 98-99.

- 102 Айдарова Р.А., Никитин Е.В. Ранневесенние растения Киргизии. – Фрунзе: Изд-во АН КирССР, 1960. – 112 с.
- 103 Рамазанов Е. Ботаника терминдері жөнінде // Қаз. ССР Ғылым Академиясының Хабаршысы. – 1961. – № 9. – Б. 34-39.
- 104 Қисықов Ө. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» өсімдік атауларының берілуі жөнінде // Қаз. ССР Ғылым Академиясының Хабаршысы. – 1963. – № 4. – С. 89-94.
- 105 Шамшатова А. Лексика злаковых культур в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1966. – 24 с.
- 106 Тажмуратов А. Термины технических культур в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1966. – 26 с.
- 107 Фролова В.А. Лексика обозначающая траву // Ученые записки Калинин. пед. института. – Калинин, 1969. – С. 129-139.
- 108 Айғабылов А. Профессиональные слова плодовоовощеводство в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1976. – 25 с.
- 109 Дмитриев Л.В. Некоторые итоги изучения названий растений в тюркских языках сопоставительно с другими языками алтайской семьи (однолексемные названия) // Советская тюркология. – Баку, 1975. – № 2. – С. 13-25.
- 110 Жаримбетов А. Некоторые вопросы этимологии и истории тюркских элементов в русских названиях растений // Этимология. – 1984. – М.: Наука, 1986. – С. 54-59.
- 111 Сейітова Ш.Б. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 282 б.
- 112 Жолтаева Т.У. Казахские названия животных и растений в русских текстах // Русский язык в Казахстане и проблемы казахско-русского двуязычия (АН КазССР, Институт языкознания): Тезисы 1 Республиканской конференции. – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 95-96.
- 113 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – СПб, 1899. – Т. 2, Ч.1 – 65 с.
- 114 Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. – Алма-Ата, 1957. – 196 с.
- 115 Якутско-русский словарь. – М., 1972. – 606 с.
- 116 Монгольско-русский словарь. – М., 1957. – 536 с.
- 117 Уәлиев Н. Халқымыздың байырға күн қайыруы // Ана тілі. – 1992, сәуір – 23. – № 11-17.
- 118 Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. – СПб., 1869. – Т. 1. – 813 с.
- 119 Ысқақов М. Халық календары. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 б.
- 120 Асқар Л. Қазақ тіліндегі «уақыт» лексико-семантикалық тобы // Мир языка. – Алматы, 1999. – С. 430-433.

- 121 Трубачев О.Н. Этногенез и культура древнейших славян. Лингвистические исследования. – М.: Наука, 1991. – 217 с.
- 122 Оразбекұлы К. Бір тәулік // Ұлан. – Алматы, 2001, қаңтар – 30. – № 5. – 8 б.
- 123 Шамсиев П., Ибрагимов С. Новайй асарлари луғати. – Тошкент, 1972. – 777 б.
- 124 Дүйсенов М. Бір аспанның астында. – Алматы: Жалын, 1986. – 432 б.
- 125 Миллер Б.В. Персидско-русский словарь. – М.: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1953. – 668 с.
- 126 Юдахин К. Киргизско-русский словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1965. – 973 с.
- 127 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
- 128 Ондасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы, 1974. – 384 б.
- 129 Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
- 130 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
- 131 Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1977. – 11 т. – 630 б.
- 132 Бекенов А. Ақбөкен // Саятшылық. – Алматы, 1974.
- 133 Мұқанов С. Қазақ қауымы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 304 б.
- 134 Шойбеков Р. Атадан мирас // Білім және еңбек. – Алматы, 1986. – №1. – Б. 36-37.
- 135 Қаралдина Д. Ас, дәм, тағам // Қазақстан әйелдері. – Алматы, 1988. – №6. – Б. 22-24.
- 136 Кеңесбаев І. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырықпен» байланысты ұғымдар //ҚазССР ҒА Хабарлары. Филологиялық серия. – 1946. – №4 (29). – Б. 3-14.
- 137 Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1860. – 172 с.
- 138 Қайдар Ә. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 б.
- 139 Гаджиева Н.З., Коклянова А.А. Глаголы речи в тюркских языках // Историческое развитие лексики в тюркских языках. – М., 1962. – С. 47-53.
- 140 Қордабаев Т.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. – Алматы, 1953. – 112 б.
- 141 Троянский А. Краткая грамматика татарского языка. – Казань, 1824. – 64 б.
- 142 Казем-Бек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – Казань: Типография университета, 1846. – 457 б.
- 143 Грамматика алтайского языка. – Казань: Типография университета, 1869. – 290 с.
- 144 Ястремский С.В. Грамматика якутского языка. – М.: Учпедгиз, 1938. – 227 с.

- 145 Алексеев З.А. Самоучитель сартовского языка. – Ташкент: Типо-лит. С.А. Лахтина, 1884. – 74 с.
- 146 Дмитриев М.К. Грамматика кумыкского языка. – М.; -Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 205 с.
- 147 Дыренкова Н.П. Грамматика ойротского языка. – М.; -Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 304 с.
- 148 Усманов А. Азизов В. Узбек тили грамматикасы. – Ташкент, 1941. – 184 б.
- 149 Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская, узбекская. – СПб, 1875. – 149 с.
- 150 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – СПб, 1897. – Ч. 2. – 92 с.
- 151 Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка. – Оренбург, 1906. – 221 с.
- 152 Созантов Н. Записи по грамматике киргизского языка. – Ташкент, 1912. – 70 с.
- 153 Аманжолов С. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы: Қазмембас, 1938. – 100 б.
- 154 Кеңесбаев І. Жиенбаев С. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы: Қазмембас, 1942. – 165 б.
- 155 Бегалиев Ғ., Сауранбаев Н. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы, 1948. – 258 б.
- 156 Жолшаева М. Аспектуалды семантика: форма және мазмұн: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009. – 280 б.
- 157 Жұбаева О.С. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 174 б.
- 158 Маманов Ы Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 482 б.
- 159 Кононов А.Н. Происхождение прошедшего категорического времени в тюркских языках // Тюркологический сборник. – М.; -Л., 1951. – Ч. 1. – С. 112-119.
- 160 Баскаков Н.А. Причастие на -ды, -ты в тюркских языках // Труды Московского ин-та востоковедения. – М., 1951. – №6. – С. 205-217.
- 161 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
- 162 Бондарко А.В. Теория морфологических категорий. – Л.: Наука, 1976. – 255 с.
- 163 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
- 164 Қазақ грамматикасы. – Алматы, 1967.
- 165 Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 212 б.
- 166 Тұймабаев Ж. Прошедшее время индикатива в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1987. – 27 с.

- 167 Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық категориялары. – Алматы, 1975. – 71 б.
- 168 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998. – 303 б.
- 169 Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы: Мектеп, 1980. – 174 б.
- 170 Абдуова Б. Осы шақ өрісінің мезгілдік аясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2009. – № 9. – Б. 97-103.
- 171 Жұбаева О. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі функционалды грамматика мәселелері // Жалын. – 2009. – №6. – Б. 34-36.
- 172 Кеменгерұлы Қ. Оқу құралы. – Ташкент, 1928. – 134 б.
- 173 Кеңесбаев І. Қазақ тілі. – Алматы, 1939. – 148 б.
- 174 Құлманов С. Морфологиялық рай категориясының функционалды сипаты // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – Б. 227-254.
- 175 Жұбаева О. Қ. Жұбановтың қазақ тіліндегі шақ категориясын танудағы ұстанымдары // «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – Б. 120-125.
- 176 Даниленко В.П. Ономонологическое направление в грамматике. – М.: Издательство ЛКИ, 2007. – 344 с.
- 177 Пауль Г. Принципы истории языка. – М., 1960. – 294 с.
- 178 Мещанинов И.И. Понятийные категории в языке // Гр. ВИИЯ. – М., 1945. – № 1. – С. 142-158.
- 179 Рысалды Қ. Тілді функционалды тұрғыдан зерттеудің қазіргі ұстанымдары // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – Б. 98-126.
- 180 Бондарко А.В. Функциональная грамматика. – Л.: Наука, 1984. – 135 с.
- 181 Қапалбеков Б. Тұлғалық және функционалды бағыттың ерекшеліктері // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – Б. 74-98.
- 182 Гак В.Г. Будагов Р.А. Сравнительно-семасиологические исследования (Рецензия) // ВЯ. – 1964. – № 6. – С. 125-130.
- 183 Гак В.Г. К проблеме соотношения языка и действительности // ВЯ. – 1972. – № 5. – С. 12-22.
- 184 Гак В.Г., Степанов Г.В. Типология языковых состояний и ситуаций в странах романской речи (Рецензия) // ВЯ. – 1977. – № 7. – С. 139-143.
- 185 Гак В.Г. Сравнительная типология французского и русского языков. – М.: Просвещение, 1983. – 287 с.
- 186 Ахметжанова З.К. Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков: автореф. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1989. – 46 с.

- 187 Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 б.
- 188 Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л., 1987. – 352 с.
- 189 Кунанбаева С.С. Темпоральные отношения в казахском художественном тексте: автореф. ... докт. филол. наук. – Алма-Ата, 1991. – 50 с.
- 190 Медетова Г.А. Модальность предположения и средства ее выражения в тюркских языках: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1982. – 19 с.
- 191 Дуйсембекова Л.С. Функционально-семантический аспект категории повелительного наклонения в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1993. – 24 б.
- 192 Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальдылығының функционалды-семантикалық өрісі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 30 б.
- 193 Құлманов С. Бұйрықтық модалдігінің семантикалық құрылымы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2007. – № 1 (161). – Б. 32-37.
- 194 Құлманов С. Бұйрықтық модалдігінің берілу жолдары // «Қазақ әдеби тілінің тарихы мен диалектологиясы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2007. – Б.101-108.
- 195 Шайрахметова Г.К. Система средств выражения категории таксиса в немецком и казахском языках: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 2002. – 26 с.
- 196 Нуртазина М.Б. Из опыта функционально-коммуникативного описания семантики таксиса // Функциональная лингвистика: состояние и перспективы. – Алматы, 2003. – С. 129-137.
- 197 Қапалбеков Б. Жұмсалымдық мағыналық өріс – ұғымдық категориялардың ұлт тіліндегі көрінісі // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. – 2004. – № 5. – Б. 101-105.
- 198 Қапалбеков Б. Мезгілдік (таксистік) қатынастағы құрылымдар // Тілтаным. – 2004. – № 1. – Б. 45-52.
- 199 Жолшаева М. Функционалды-семантикалық өріс ұғымы // Академик Р.Сыздықтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 147-149.
- 200 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантиканың берілуі жайында (жатыр көмекші етістігінің негізінде) // Тілтаным. – 2005. – № 1. – Б. 95-100.
- 201 Жолшаева М. Категориялық жағдаят – функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі // Академик Ә.Қайдардың 80 жылдық мерейтойына арналған жинақ. ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2004. – Б. 53-56.
- 202 Жұбаева О. Персоналдылық категориясының құрамы // ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 2003. – № 5. – Б. 47-51.

- 203 Жұбаева О. Персоналдылық өрісінің құрылымы // «С.Аманжолов және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 9-14.
- 204 Жұбаева О. Жақ категорияларының инвариант мәндері // ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2005. – № 5. – Б. 167-172.
- 205 Функция ұғымы // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2003. – № 4. – Б. 34-40.
- 206 Жаңабекова А. Құрылымдық және функционалды грамматиканың зерттеу бағыттары мен талдау әдістері // А.Байтұрсынұлының 130 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – Б.141-144.
- 207 Жаңабекова А. Грамматикалық және семантикалық шақ категорияларының арақатынасы // Академик Р.Сыздықтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 141-144.
- 208 Бодуэн де Куртене И.А. Количественность в языковом мышлении. – В кн.: Бодуэн де Куртене И.А. Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1963. – Т. 2. – 360 с.
- 209 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974. – 424 с.
- 210 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.
- 211 Гулыга Е.В. Шендельс Е.И. Грамматика-лексические поля в современном немецком языке. – М., 1969. – 184 с.
- 212 Теория функциональной грамматики. – М.: УРСС, 2003. – 348 с.
- 213 Жолшаева М. Лингвистикадағы өріс теориясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2007. – № 2. – Б. 49-55.
- 214 Адмони В.Г. Основы теории грамматики. – М.; -Л.: Наука, 1964. – 105 с.
- 215 Бондарко А.В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. – М., 2003. – 207 с.
- 216 Гак В.Г. Высказывание и ситуация // В кн.: Проблемы структурной лингвистики. – М., 1973. – С. 350-372.
- 217 Қапалбеков Б. Грамматикалық және семантикалық категориялардың тілдегі көрінісі. – ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2004. – №1. – Б. 59-62.
- 218 Кондаков Н.И. Логический словарь – справочник. – М.: Наука, 1975. – 720 с.
- 219 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 608 с.
- 220 Маслов Ю.С. Очерки по аспектологии. – Л., 1984. – 262 с.
- 221 Белич А. О природе языка и языковом развитии. – 1941. – Т. 1. – 421 с.
- 222 Салехова Н.Х. Грамматическая категория времени татарского глагола и темпоральность: автореф. ... канд. филол. наук. – Казань, 1975. – 24 с.

223 Шаймердинова Н.Г. Функционально-семантические микрополя прошедшего времени в русском и казахском языках: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1994. – 24 с.

224 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 247 б.

225 Жылқыбаева М.С. Қазақ сөйленістеріндегі етістіктің функционалды-семантикалық жүйесі: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 130 б.

226 Қапалбеков Б. Көсемше бағыныңқылардың дамып, қалыптасуы мен мағыналық түрлері: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2000. – 143 б.

227 Жакупов Ж.А. Қазақ тілі функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 225 б.

228 Абдуова Б.С. Келер шақтың темпоралдық сипаты // ҚР ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. – 2009. – № 5. – Б. 3-5.

229 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы, 1979. – 136 б.

230 Михневич Л. Модальность как информационный компонент смысла текста: автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1986. – 24 с.

231 Утенияз М.С. Вводно-вставные (парентезные) конструкции как средство выражения модальности в разносистемных языках (на материале английского и казахского языков): дис. ... канд. филол. наук.: 10.02.20. – Алматы, 2006. – 163 с.

232 Доскеева Б. Қалау райдың тұлғалық жүйесі мен семантикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 131 б.

233 Тумашева Д. Татарский глагол. – Казань: Изд-во Казанского университета, 1986. – 188 с.

234 Қияқова Р.Ж. Шартты рай формасындағы синкретизм // ҚарМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – № 2 (50). – Б. 36-39.

235 Барлыбаева Ә. Шақтық локалдылық/шақтық бейлокалдылықтың тілдік құрылымындағы аспектуалды семантикалық ерекшеліктері // «Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыт» атты филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.М.Есеновтің туғанына 75 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Тіл білімі институты, 2006. – Б. 119-123.

236 Якобсон Р.О. Шифтеры, глагольные категории и русский глагол // Принципы типологического анализа языков различного строя. – М., 1972. – С. 95-113.

237 Рябова М.Ю. Временная референция в английском языке: дис. ... докт. филол. наук. – СПб, 1995. – 459 с.

238 Берницкая Н.В. Средства выражения зависимого таксиса (на материале французского и русского языков: автореф. ... канд. филол. наук. – Кемерово, 1999. – 17 с.

239 Панин Е.И. Глаголы с таксисной семой в современном немецком языке: автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1992. – 17 с.

240 Харитонов И.Я. Вопросы взаимодействия лексики и грамматики (на материале немецкого языка). – Киев: Вита школа, 1982. – 159 с.

241 Сидинхе А.И. Семантика глаголов физического восприятия и таксисно-аспектуальный компонент организуемого ими предложения в современном английском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Одесса, 1991. – 17 с.

242 Ковалева Л.М. Некоторые вопросы теории полипредикативного предложения // Синтаксическая семантика конструкций с предикатными актантами. – Иркутск, 1998. – С. 5-37.

243 Ким Е.А. Анализ категории таксиса в предложениях с глаголами памяти // Синтаксическая семантика конструкций с предикатными актантами. – Иркутск, 1998. – С. 239-262.

244 Козинцева Н.А. Категория эвиденциальности (проблемы типологического анализа // Вопросы языкознания, 1994. – № 3. – С. 92-104.

245 Акимова Т.Г., Козинцева Н.А. Аспектуально-таксисные ситуации // Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л.: Наука, 1987. – С. 257-294.

246 Козинцева Н.А. Временная локализованность действия и ее связи с аспектуальными, модальными и таксисными значениями. – Л.: Наука, 1991. – 294 с.

247 Полянский С.М. Таксис – относительное время – эвиденциальность (к проблеме критериев разграничения) // Сибирский лингвистический семинар. – Новосибирск, 2001. – № 2. – С. 75-86.

248 Шалабаев Б. Қолданымдық грамматика туралы // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – Б. 54-74.